



Кәмел ЖҮНІСТЕГІ

Шырағдан

*Мақалалар,
деректер*



Алматы 2007
"Ел-шежіре"

ББК 84 Каз 7-44
Ж 81

Жүністегі К.
Ж 81 / Шырағдан. — Алматы: "Ел-шежіре" ҚҚҚ, 2007.
- 312 бет.


ISBN 9965-9997-8-3

Белгілі жазушы Кәмел Жүністегінің бұл жинағына қазіргі Қарағанды облысы Шет ауданының мәдени-рухани өміріне қатысты тарихи деректер мен материалдар топтастырылған.

4702250101
Ж- хабарландырусыз—2007 ББК 84 кзз 7-44
00(05)-07

ISBN 9965-9997-8-3

© Жүністегі К., 2007
© "Ел-шежіре", 2007





Өнерлі өрен, өскен өлке

ШОРТАНБАЙ ЖЫРАУ ҒҰМЫРНАМАСЫ

Өткен ғасырда-ақ өзінің терең философиялық көзқарасымен де, еркіндікті аңсаған асау жырымен де түркі әлеміне қатты әсер еткен Шортанбай жырау мұрасы бұл XX ғасырда сан дауға түсіп, бар ғұмырын жіктеп айтатын кешегі дуалы ауыз қариялардан өмір жолы жазылып та алынбады.

Жыраудың нағашы жұрты Есмағанбет қариядан оның өмір жолын Ғабиден Мұстафин жазып алғанын Ескең қария да, оның баласы Әбдісадықта үнемі айтып келді. Бұл түбегейлі ойды айтушы арамыздағы көзі тірі қарт ұстаз Жұматай Құтжантегі екенін де айта кетелік.

Жырау туралы алғаш мәліметті 17-18 жасында оның атқосшысы болған Әбеу ақсақал, Көпжан Бәйменұлы берсе, кейінде Ескей жыршыдан, жырау толғауларын айтқаны үшін жиырма жылға жуық ғұмырын саяси лагерде өткізген Анарбектен, тоқсанға келіп көз жұмған Қазі ақыннан алған едік.

Күні бүгінге дейін Шортанбай мұрасын жете зерттеуші болмағандықтан (әлі бірде-бір кандидаттық жұмыс оның шығармаларынан қорғалмаған) қожаның бәрі Қаратаудан деген сарынмен оның туған жері туралы да жаңсақ пікір калыптасқан.

XVIII ғасырда Шұбыртпалы руы Арқаға қоныстана алмай Сыр бойын мекен етіп жүргенде Шортекеңнің бабалары сол руымен қол алысып араласып бірге көшіп жүрген. Ақынның әкесі Қанай Арқадағы Айыртау (Ақадыр ауданы) мекен етіп, Сырым ішіндегі Нақып қожаның қызы Шүкіманға үйленеді. Нақып - осы фактілерді айтушы Есмағанбет қарияның үлкен әкесі.

Қанайдан Шүкіман төрт-бес жыл ішінде екі қыз туады. Сол шақта Қанайдың әкесі дүниеден қайтып, әлде бір себептермен інісі Қаратау жаққа көшіп кетеді де, жалғыз үй қалған Қанай қайын жұрты Нақыптың ауылына қоныс аударып, қалған ғұмырын Нұра бойында өткізеді.

Келер жылы, яғни 1818 жылы көктемде осы нағашысының ауылында, болашақ жазба әдебиеттің көшбасшысы Шортанбай ақын, Шортанбай жырау дүниеге келген. Бала жасынан ел ішіндегі ақын, шежіре-шешендерді естіп өскен Шортекеннің өнерге деген құмарлығы ерте оянған. Ол Бесатаның болашақ иелері Жанғұтты, Дүйсенбай билермен жастайынан араласып өссе, Абылай, Кенесары ағасы Саржанның ерлігі туралы ертегідей әңгімелермен көкірегі ашылып, орысқа қараған елінің мұңын ерте таныған.

Шортанбай жыраудың ата-бабасынан келе жатқан шежіресіне көз салсақ, ол былайша таратылады. Хазірет Әлі бабамыздың 31-ұрпағы болып келетін Мәді дуана қожадан төрт ұл: Қозжан, Қылышқожа, Бақмуххамед, Пірзада туады.

Қылыш қожадан Смайл, Жакып, Дәуіт, Көшен, Баба, Әуезбек тараған. Қылыштың үлкені Смайлдан Қанай, Қанайдан Шортанбай жырау дүниеге келген. Смайлдың інісі Көшеннен атақты Күдері қожа туған. Күдері қожа - Қарқаралыда аға сұлтандыққа сол заманның төре, болыс, би атанған атқамінерлері таласып, өзара келісе алмай жатқанда даудың шешімін тапқан, басқаларды Құнанбайға бас идірген тұлға. Күдерінің:

Атаңнан артық тусан, ту ұстарсың,
Ез болсаң, тезегінді уыстарсың.
Біріңді бірің түртіп не қыласың,
Түбің бір, исі қазақ туысқансың.
Құнанбай - орта жүздің тұзы емес пе,
Көнеден арнасы бар ізі емес пе,
Қарадан хан болса да реті бар,
Салмандар құр кеңірдек, қыл өнешке.
Су екеш су да ағар жүйесімен,
Жарасар көштің сәні түйесімен.
Кімің бар Құнанбайдан озып туған,
Айырма елді нағыз иесінен,-

деп басталатын ұзақ жырынан кейін даукес үміткерлер ақынның сөзіне тоқтаған.

Атақты жазушы Қалтай Мұхамеджантегі - осы Күдері қожаның шөбересі.

Болашақ ақын бала кезінен бірер шумақ өлең тастап жіберуге шебер болған. Есмағанбет қарияның айтуына қарағанда Шортанбай бозбала шағында Жанғұтты ауылының жоғалған түйесін іздесіп Аюлының Ақсай атты жерінің бас жағында атын оттатып отырса, қолды болған түйені сол

ауылдың өз ұрылары байқамай үстіне айдап келеді. Сол жерде Шортекең алғаш рет "Бала зарын" айтқан екен. Бозбала ақынның ол "Бала зары" кейінде сан өзгеріске ұшырағаны даусыз.

Сауатын ауыл мектебінің молласы, нағашысы Ыбырайымнан ашқан Шортекең кейін Қарнақтағы медресені тәмамдап, онан Бұхар оқуын бітіріп 17 жасында шамасы 1835 жылы елге біржола оралады. Туған ауылында бір жылдай болғанда шешендігімен де, білімділігімен де көзге түскен Шортанбайды Жамантай, Құсбек төрелер шақыртып, Қарқаралыға барады. Міне осы жерде ол осы төрелер маңында үш-төрт жылдай тұрады. Арканың сөз өнерінің мектебіндей болған Қарқаралыда ол сан жүйрікпен кездесіп шыңдала түседі. Міне осы қалада жас Шортанбай ақынның тарлан ақын Орынбаймен айтысы өтеді.

Осы түс бала жасынан бірге өскен достары Дүйсенбай мен Жанғұттының Кенесары қолына біржола қосылып та кеткен шағы еді. Орыс ұлығы қалкитып "хансымақ" сайлап қойған Құсбек пен Жамантайдың қолында еш билік жоқ, халқына көмектесер дәрмені аз екеніне көзі жете түскен Шортекең Кенесарыға тілеулес болып, оны Айыртауда орта жүздің ханы сайлағанда барып қатынасқанын Анарбек жыршы бізге жеткізген.

Орыс империясының отаршыл саясатының негізгі бағыты қазақ жерін біржолата иемдене отырып қазақ халқын шөлге ығыстырып түп тамырымен жою екеніне көзі жете бастаған ақын Кенесары ханның ұлт-азаттық қозғалысына тілеулесі де жақтасы да болып шықты. Ұлы-тауда Кенесарыны бүкіл қазақ елінің ханы етіп ақ кигізге салып көтергенде бұл жолы Бесатаны бастап барған Керней Байсәйіттің тобының ішінде Шортекең Жанғұтты, Дүйсенбайлармен бірге екенін Қазі ақын 1980 жылы баса айтқан еді. Ақын осы жолы:

Ұлары шулап Ұлы-тау
Орыс қазақ қылған дау
Алаша хан, Жошы хан
Қазақтың басы қосылған.
Жалаңаш мінген ер жігіт
Қолдаса Құдай келер сау -

деп басталатын толғау айтқан екен, бұл жырды тоқсанға келген Қазі ақсақал бізге толық жеткізе алмады.

Тәуелсіздік үшін Кенесары бастаған ұлы шайқастың анық жактаушысы болса да Шортанбай да, Құнанбай да оның

колына анық қосылмай әлде бір себептермен, не сол қозғалыстың қажеті үшін Қарқаралыда қала берген. Оның Кенесарыға тілеулес екені әрине сезілмей қалған жоқ. Бұл жағдай Құсбек пен екеуінің сан рет кездесіп қалуына, араларының ашыла түсуіне себеп болған. Оның үстіне Кенесары қолының сарбазы түрмеден қашып шыққан. Керней Тықыны үйіне жасырғаны да білініп қалады. Ояздың қалада енді қалып мән шықпасына көзі жеткен 1846 жылы шамасында Нұра бойындағы елге біржола оралады.

Бұл уақыт жан-жақтан жау қыспағында қалған Кенесары ханның да Арқа жерінен еріксіз сырғып түстік жаққа ауған шағы еді. Кенесарымен тілеулес Байсейіт те, Дүйсенбай да осы тұста елге қайтқан еді. Кенесары ханның соңғы шайқасына дейін бұл Арқа жұртынан ханмен бірге Ағыбай батыр, Жанғұтты би, Шөмішбай батырлардың соңынан ерген ауылдар болатын.

Арқасын орыстың оязына сүйеген Құсбекпен араздасып келген Шортекенді нағашы жұртымен бірге әуелде Байсейіт пен Дүйсенбай қамқорлығына алған. Байсейіт Құнанбай қатарлас та, Дүйсенбай Жанғұттыдан 3-4 жас үлкен екен. Кенесары хан дүниеден өткен соң Арқаға ақынның бала кезден бірге өскен досы Жанғұтты да оралады.

Бұл кезде дін оқуын тауыса тәмамдаған бірақ бала кезінен өлеңге аңсары ерекше ауып іргелі-ұсақты сан ақынмен қағысып қалып жүрген Шортанбай өнерге біржола бет бұрған еді. Бұл жөнінде Бәкірұлы Зекен қария қызықты жағдай айтады. Отызға жаңа іліккен Шортекең жолаушылап келе жатып Аюлының жалғасқан көлденең қырдағы оба басына ат шалдырып отырып қалғып кетсе, жарқырай киінген екі адам түстес кісі келіп, жыршылық етуіне аян беріп кеткен деседі екен бұрынғы өткен үлкендер.

Кенесары хан жеңіліп, елінің халі ауырлай түскен осы шақта Шортекеңнің замана зары туралы сан толғауларының осы тұста туғаны еш күмән келтірмейді.

Арқадан дәурен өткен соң
Қуғындап орыс жеткен соң
Тіпті амал жоқ қазағым
Түсті барып торына,-

деген шумақтардың көтерілістен кейінгі торығу кезеңінде тууы дау тудырмаса керек.

Ақынның өзі де Бесата ішіндегі Асан қожаның қызына үйленсе, баласы Аязбайды Жанғұттының Қасені қызына,

Алдабергенін Еспайдың немересіне үйлендіріп, қызы Бәтішті Берлібай Ақпанбайға тұрмысқа ұзатқан. Ал жалғыз қарындасы Қалаулыны кезінде Кәрсөн-Қозыбақ Бейсен дегенге берген еді. Онан туған Кәрібек күйші белсенділердің қолынан қаза тапты.

Қасен қызына үйленген Аязбай әкесінен бұрынырақ 70-жылдардың орта шенінде қаза болған. Онан қалған зұлмат заманнан өтіп бізге жеткен тұқым жоқ.

Қызы Бәтіште ер бала тұрмаған. Онан қалған жалғыз қыз Ұлбаланы Балта Әлікейдің інісі Тұяқ алған. Онан туған Кенже 1943 жылы осы Ақсу-Аюлыда Әлікеев Изатбектің үйінде дүниесалды. Ер бала тұрмаған Бәтіш Ақпанбайдың ағасы Ертісбайдың баласы Құлшықты нәрестесінен бауырына салып бала еткен. Құлшық ұрпағы бүгінгі күнде өзін Шортанбай жиені деп санайды. Шортекеңнің Алдабергені 1927жылдары шамасында белсенділердің зорлығына шыдай алмай түстік жаққа кетіп қалған да 1931 жылы нағашылары Есмағанбеттің үйіне келіп бір ай жатып, қоштасқан. Қиын қыстау кезеңде елден кетуге мәжбүр болған Шортекеңнің Алдабергеннен тараған ұрпағының бар-жоғынан еш хабар жоқ.

XIX ғасырдың екінші жартысы патшаның отаршылдық саясатының аса шығандаған кезі еді. Қазақ халқын жер бетінен көшірудің амалы - тек оның жерін тартып алып шөлге қуып тастау емес, оны мәдениетінен, дінінен жұрдай етіп, аузы түкті мұжықтың басыбайлы крепостнойы ету де еді. Міне осы саясатты жылдамдату үшін қазақғы алдау-арбау, күштеу-зорлау жолын қатар қолданып, шоқындыру саясатын тезірек жүзеге асыруға көшті.

Елдің келешегін ойлаған адамдар бұл саясатқа қарсы тұрды, халықты ата-бабасының дінінде ислам жылында сақтап қалу үшін күрес жүргізді. Тобықтыдан Құнанбай Қарқаралыда мешіт салдырса, Бесата Байсейіт, Көпбайлар осы іске мұрындық болды.

Шамасы 1855-57 жылдар шамасында Жанғұтты би Аюлы тауының батыс жағындағы Қойкөл өзеніне таяу тұстан мешіт салдырды. Бұл кезде ақындығымен де, діни философиялық көзқарасымен де елге әйгілі болған Шортекең досы Жанғұттының өтініші бойынша осы мешітте жыл жарымдай уақыт имамдық етіп бала оқытады.

Табиғатынан сөз өнерін қуған, жыраулық дәстүрді мықтап ұстанған Шортанбайды онан кейінгі уақытта имамдығын жалғастыра бермеді деп ешкім сөккен емес.

Міне осы тұста бір жағы Қуандықты екінші жағы Тарақ-

тыны аралап жүрген Шөже ақын сөз өнерін жарыстырып сынасып көрмекке Шортекеңді іздеп келеді. Шөженің осы сапарында Тарақты Сапаққа, Қара биге, Бөдеге айтқандарын біз "Заман" газетінде 1992 жылы жарияладық

Шөже мен Шортекеңнің ақындық өнер жарысы Жанғұтты бидің ауылында өтеді. Даланың көкжалындай адуын Шөже мірдің оғындай сөзін қадай айтса да Шортекең жеке бастың мүддесі, бақ таластығы емес, ел мұңын, туған халқының қамын көлденең тосып Шөжені сөзбен буа береді. Асау болса да аса ақылды Шөже де бұған ден қойып екі ақын рухани табысып тарайды. Бұған Шөженің:

Шортеке ел сыйлаған пірім едің,
Сенімен айтысуға тұрып едім
Басқадай қу соқыр деп кемсітпедің
Басқа ақын тап өзіңдей ірі ме еді.
Осымен мен сөзімді тоқт
Алланың сөзін айтып ғәділет жол
Алды-артты бірдей орап жібермедің.

Шортанбай Шөже, Орынбай сияқты айтысты нег мақсат тұтқан ақын емес, ол - жыраулық дәстүрді мықтап ұстай отырып, жазба әдебиеттің есігін ашқан алғашқының бірі, не нақ өзі. Бірақ Шортекең реті келген жерде айтыстан қашпаған өрі өзі тұстас ақындармен тең түсіп, өзінің терең пәлсапалы ойымен шоқтығы асып көрініп отырған.

Шортекеңнің Бесата ішінде Елемес ақынмен жұмбақ айтысы аса қызғылықты. Сол сияқты өзінің замандасы, әрі құрдасы Асан Бұғымен арасындағы айтысы бір ғана қақтығыс емес, құрбылардың арасындағы қалжың ретінде талай жылдарға созылған жағдай. Жыраудан кейін талай жыл өмір сүрген Асан Бұғы "әй қу сөз-ай жеңем деген далбасамен Шортанбайға тілім тиіп кетті-ау" деп сан өкінгені Қазі ақын да, Анарбек жыршы да ескертіп айтып отырды. Асан Бұғының немересі Әбукаринның осы өңірде 40-жылдарға дейін болуы да оның осы екіншісін ел құлағында қалдырған.

Кенесары хан қазаға ұшырағаннан кейін уақытша тыншыған Ұлы Даланы, кешегі асқақ Алтын Орданың елін көруге патша тұқымы құмар-ақ еді. Соның бірі ұлы князь Владимир 1867 жылы Омбыға жетіп, Қазақ даласына сапар шекті. Жоғарғы жақтың ерекше үкімімен оның алдына қазақ бар жақсысын жайып, жайсаң азаматтарын көрсетуге тиісті болды. Сол жақсы-жайсаңның бірі болып Құнанбай тобымен бірге Шортанбай да барған. Сол жолы қазақтың бар жақсы-

жайсаңын суретке де түсірген. Онан құралған альбомдардың 1917 жылы төңкеріске дейін сақталғаны белгілі.

Жуырда князь Владимирге барған сапарын бізге жеткізуші Қазі ақын "Шортанбай патшазадаға Құнанбаймен бірге барыпты. Сый-сияпат көріпті" дей келіп, Шортекең Ертістің бойына сыңсып мұжық қоныстанып жатқанын көріп:

Ертістің бойы - ең жайлау
Көшіме түсті бір байлау
Алғанын мұжық аз дейді
Жер қосып тағы жаз дейді.
Келіп те қапты төресі
Жоқ шығар бізге бересі -

деп налып та, түңіліп те оралған екен дейді. Осы сапарға Шортекең Құнанбай ауылынан аттанған. Шортекеңнің ойға толы жырын қатты сыйлаған Құнанбай оны өз ауылында жиі қонақ еткен. Міне бұл жағдай жыраудың бала Абайға қатты әсер еткеніне дау тудырмаса керек.

Шортекең 1868 жылы Ереже бойынша жерінен біржола айырылған қазақ халқының ендігі болашағының қатерлі екенін де жақсы түсініп ашына үн қатқан. Ақын:

Кетейін десе алды тар,
Тұрайын десе көпір бар
Қазақтың ұлы қамалды -

деп жерінен айырыла бастаған елінің барар жер, басар тауы қалмағанына қамықса:

Билік кетті басыңнан
Қорлық көрдің жасыңнан,-

деп елі үшін егіледі. Шортанбай жырау - ел мұңын жырлап қана қоймай, ол өмірді түзеу үшін өз жолын ұсынып күресе де білген қайраткер. Бір кезде отаршылдық саясатқа қарсы:

Жалаңаш мін де жауға шап
Қатын - бала қамы үшін -

деп тікелей көтеріліске шақырған ақын, енді елді сақтап қалу қазақы қоғамды сақтап қалумен тікелей байланысты екеніне көзі жетіп, хан билігі жойылса да жұртты бірлікке, бірлік арқылы қазақ мәдениеті мен қазақы өмірді қорғау үшін ақсақалдықты қорғауға үндеген.

Шортанбай жырау азаттығынан айырылған қазақ халқының басына түскен ауыртпалықты ашына айта отырып, азаттықа үндеп, азаматтың жүрегіне от сала отырып, көнеден келе жатқан асыл мұра ақындық дәстүрдің ұштала түсуіне де қатты әсер еткен тұлға. Сол заманда Арқаның осы өңірінен шыққан ақындардың Шортанбай жыраудың алдынан өтіп, үлгі алмағаны жоқ болса, қазақ елінің қай түкпіріне болса да жыраудың үні жетіп жатқан.

Осы өңірдің ірі ақындарының бірі соқыр Қакпан жас-өспірім шағынан бастап Шортанбай жыраудың алдын көріп, жырау оның кемелдене түсуіне әсер еткен. Жас ақындардың қай-қайсы болмасын жыраудың сөзін тыңдап, өз туындыларына деген Шортекеңнің пікірін назарға алып отырған. Тобықты Нармабет ақын, Тәшен, Төлеубек, Жуасбай, Исабек ақындар жыраудан тәлім алған. Замана сипатын, ащы шындықты айтулары Шортекеңнің шығармасымен үндесіп жатқаны көкірекке қонып жатыр.

Өткен заман туралы талай сырды ақтарған Қазі ақын Жуасбай ақынның:

Мен көрдім Шортекеңнің тәлім жолын,
Бір Алла айтқызыпты істің оңын,
Пайғамбар ұрпағы ғой, пәк әулие,
Таймасқа әділдіктен алдым қолын,-

деген өлеңін жеткізген.

Қазі, Сырымбеттің Қасымының айтуына қарағанда сол заманда Шортанбай жыраудың үйі ақындардың сөзін ұштайтын, өнердің қыр-сырына баулитын өнер ордасына айналған екен.

Бүкіл қазақ жұртының жерден ада қалуынан қауіптенген жырау елді отырықшы болып жерге иелік етіп қалуға үндей отырып, өз басы жеке үлгісін көрсеткен. 1873-74 жылдары Нұра өзенінің Қойкөлмен қиылысынан бірер шақырым төменгі (осы күнгі пионер лагерінің тұсы) жерден су диірмен салдырып, тоған бөгеп, егіншілікке елді баулыған.

Міне осы тұста алпысты алқымдап қалған Шортекең Ойыл, Қостанай, Қызылжар, Кереку, Семей, Жетісу, Шу өңірін аралап ел мұңын жырлап, насихатын айтудан бір танбаған.

Оның 1881 жылы Семей сапары да осының бірі еді. Барарында да, қайтарында да Қарқаралы соғып, Құнанбай ауылында болады. Ауылға күншілік жол қалғанда түнде далаға түнеген Шортекеңе дүниеден қайтуы туралы аян беріледі. Аязбай тоғанындағы өз үйіне жете алмаған жырау, әрі досы,

әрі құрдасы Жанғұттының үйінде болашақты болжаған жырын айтып отырып дүние кешеді.

Шортекең Жаксы Жәкеңе өзін нағашысы Ыбырайымның мазарының іргесіне жерлеуін тапсырып, ертең ертемен Жәкең қабір басына келсе рухының бұл маңнан кетіп бара жатқанының куәсі боларын да айтыпты.

Жырау қабір басына әзірше мазар салмауын, оны бүлдіріп тастар заман да болатынын, кейінгі ұрпақтың тұсында рухы көтерілетінін, сол ұрпақтың қабірін қамқорлыққа аларын ескертіп кеткен екен.

Жырау досының бар айтқанын көзі көрген Жаксы Жәкең келер жылы Меккеге қажылық сапарға шығып, Меккеде дүниеден қайтқан.

Елі мен жерінің мұңын жырлап қолынан келгенше қамқоры болған жыраудың рухы көтерілер заман да, оның ойға толы мол мұрасын дәріптер ұрпақ та дүниеге енді келгендей. Ұлы жыраудың арманы орындала бергей.

АҚТЕНТЕК СЕРІ

Әдебиет пен музыка, салдық-серілікті зерттеушілердің арасында аты күні бүгінге дейін даулы болып жүрген Ақтентек - Ақтентек сері. Мұның өзі Біржан салдың атақты Ақтентек әніне байланысты. Ең өкініштісі, Ақтентекті сері деп те түсініп жүргендер шамалы. Қазақ елінің белгілі композиторы марқұм Ахмет Жұбанұлы Ақтентекті кіші жүздің бір байы екен деген жаңсақ пікір айтады. Сал-серілікті, көне музыканы ыждаһатпен зерттеп, өткен дәуірдің әнші-композиторлары туралы құнды пікірлер айтқан Ілия Жаканов Ақтентекті Көкшетаудың байы екен деген тағы да бір қателікке ұрынған.

Әрине, кешегі бар жақсыны, көне мұраны жырдай айтатын кәриялардың аузы буылып, олардың өкшесін басқандар белсенділіктің желөкпе ауруына ұшыраған тұстан кейін өткенді зерттеу, өшкенді тұтату инемен құдық қазғандай жұмыс екенін көп біле де бермес. Сондықтан аты аталған екі ағамызға да жаңсақтық жібердің деп өкпе айтудан аулақпыз.

Ақтентек - заманында серілікпен атағы шыққан, сан жақсымен табақтас болып, ойын тойдың базарын қыздырған, өз жанынан ән-күй шығарған өнер саңлағы. Ол Құнанбай, Жанғұтты, Шортанбай, Ағыбайлармен замандас екен.

Қараменденің Құрақ есімді бір әйелінен Ақмырза, Молдыбай, Ақжігіт, Бозжігіт туған. Соның Малдыбайынан Бәйгідес, онан Ақтентек. Ақтентектің үлкен әкесі Молдыбай аса діндар адам екен, қайтыс боларында балаларына Түркістанға апаруын тапсырыпты. Ол кісінің мүрдесі Қожа Ахмет Иассаидың іргесіне жерленген.

Бізге Ақтентек туралы біраз мәліметті беруші серінің інісі Молдаштың немересі - Асқақ Есмағанбетұлының айтуына қарағанда, ол кісі 1903 жылға дейін өмір сүріп 96 жасында дүниеден өткен екен. Сонда сері 1807 жылы, бұрынғы Қарқаралы оязындағы, қазіргі Шет ауданында дүниеге келген болып шығады.

Ақтентек жастайынан әнші, шебер домбырашылығымен аты шығып, ел азуынан іліккен. Ол өз даусына лайықты домбыраны өзі жасап, ағаштан түйін түйген шеберлігімен де жұртты таң қалдырған.

Сері туралы күні бүгінге дейін айтылып жүрген бір уақиға Куандық ішіндегі атақты бір асқа байланысты. Қарқарал-Ақмола ояздығы бәсекелестеу болса керек. Мұндай асқа көзге түсетін бар азаматын ерте баратын Құнанбай Жанғұттыға "Ақтентекті ала барайық, жасы келіп қалған кісі ғой, әрі бізден үлкен, ауылдасың ғой сен көндірі" деп қолқа салса керек.

- Атасының аузын ұрайын, бүкіл Қаракесекте менен басқа адам құрып қалып па - десе де, ел намысы үшін асқа барған Ақтентекпен бірге туған інілері Алдаш, Молдаш, Байкөбектің үлкен екеуін ілестіре кетіпті. Алдаш атқосшысы, Молдаш қобыз тартады екен. Інісі Алдашқа екі қоржын басы қымбат мата алдырып, тек өзінің айтуымен жұмсауын тапсырған.

Жандарына ерген өнерден үміті бар жастар тобының ортасында тек қана жұқа ақ кигізден оюлап киім киген серінің сәні де бөлек. Қобызын інісі Молдау құйқылжытып, домбыраның жүрек тербеген үніне қосылып ән салған топтың соңын ала серінің өмір бойы мінген аты Құлынжалды билете жетектеп келе жатқан Алдашқа қарап аңырған топта шек болмаса керек.

Асқа жиналған елді қақ жарып өтіп, өнердің сан алуанын көрсеткен, жүрген жерінде етігін сұрткен болып шәйі лақтырып, серіден тәбәрік алуға ұмтылған жұртты таластырып, әбігер еткен оның мысы бәрінен асқан. Ас берушілер "Жалғыз өзі бар салымыздан асты" десіп, сал серіге беретін бас бәйгені - масаты кілем жапқан нар, желілі бие, қосақты қойды алдына салған.

- Менің өнөрім елім үшін, ендеше бәйгінің билігі де сендерде, - деген екен сері.

Серінің Шұға, Мақпал, Ажар, Айшікен, Нұрбала, Хадидиша, Жаңылған деген жеті қызы, Оспан атты ұлы бар екен. Осы бәйгіден сері қыздарыма деп кілем жапқан нарды ғана алыпты.

Ақтентек сері XIX ғасырдың 60 жылдарында /1864 жылы/ өткен Арқадағы ең үлкен ас - Есбайдың асына да қатынасқан. Үш жүздің баласынан басқа бұл асқа Қырғыздан Шәбден бастаған топ, Өзбектің Бегдербегі қатынасқан екен. Құлынжал атын таза жібекпен арқандап, ат тұсамысын ақ торғыннан жасаса керек. Тұсамысын шешіп әкелуге жұмсаған көрші рулардың жас жігіттерінен торғын тұсамысын қайтып сұрамай, неше мәрте болса да тәбәрік қып сыйлай беріпті. Бұл аста да шартараптан жиналған серілер өзара келісіп, бас бәйгіні Ақтентекке ұсынған.

Кешегі өткен үлкендердің арасында Ақтентекті Біржан салдың да аса құрмет тұтқаны айтылады. Қоянды жәрмеңкесіне жиі келіп, Арқаны әнге толтырған Біржан осы күнгі Шет ауданы жерін мекен еткен он жеті мың жылқының иесі Адамбай Тұрсынмен де мықты байланыста болған, жолында отырған Ақтентек серінің ауылын аттап кетпеген, әрі оны қатты құрметтеген. Міне, осы жөнінен Қарағандыда тұратын зейнеткер Сәкен Әбішұлы бір үзік сыр айтқан.

Тамылжыған жаздың ортасы. Күннің ыстығынан қашқан жұрт үйді-үйіне тығылып, ірге түріп, самалға төсін тосып, дамылдаған шақ екен. Ақтентек пен жұбайы көрші ауылға кетсе керек, үйде қалған үш қыздың үлкені Шұға ұршық иіріп, Мақпал түбіт түтіп, Ажар үй жиһаздарын сүртіп, көңілді әңгіме құрып, сыңғырлап күліп, өздерінше мәз. Балта сабындай белден шыға келіп, сау етіп түсе қалған бес-алты аттының жүрістері де, киім үлгілері де бөлек. Солардың алдында ерекше жасанған Біржан сал қамсыз отырған үйге кіріп-кіріп келген салдардан үш қыз жасқаншақтап қалғандай.

- Абыржымандар-дейді Біржан, - серіге сәлем берейік деп әдейі бұрылып едік.

Төрге жайғасқан топқа қыздар дастархан жасап, қымыз ұсынып, жақсы ілтифат білдіреді. Қыздардың тәрбиелігіне риза болған Біржан сал бал қымыздан біреу ұрттап қойып, ән салуға рұқсат сұрайды. Құрама домбырасын сәл-пәл күйлеп ән айтқан Біржанның салған әні сөзін сәл өзгерткен Ақтентектің өз әні еді. Бұл ән күні

бүгінге дейін Біржанның Ақтентегі аталып жүр. Белгілі акын, әрі әнші Ермек Мұстафин бұл әннің музыкасы да, сөзі де Ақтентектікі екенін сан ескертен.

- Серінің өзі жоқта ауылына ойын салғанымыз ұят болар, - деп Біржан тобы сусын ішіп қана аттанып кетіпті.

Ақтентек серінің інісі Молдаш та - өнер иесі. Ол кісіні қобызшы, қобызымен жын бағындырған, бақсы, қобызын бәйгіге қосқан деген сөз ел құлағында қалған. Ел ішіндегі сан науқасты емдеп те жүрген. Кенже інісі Бәйгебек қатты науқастанып, жатып қалғанда Молдаштың әйелі Ақатай қайнысын емдеуге оны еріксіз жіберген.

- Қоймадың ғой. Осы жолы өзіме қатер еді. Ендеше менің өлім төсегімді құрып қой, -деп үйінен шығыпты.

Қи жағып, шоғына шыжылдағанша табанын тосып, інісінің кеудесіне басып, жан дүниені сырқырата сарнатып қобыз тартқан екен. Молдаш үйіне келгенде қаза болған.

Ақтентек сері ұзақ жасаған, орта ғана дәулеті бар сері кәртайған шағында да жасынан машықтанған қол өнерін тастамаған. Ол кісінің басшылығымен осы маңның сан жақсысына сәулетті мазарлар тұрғызған екен. Соның бірі - Қояншы Кәдір батырдың Сырлытам бойындағы мазары күні бүгінге өзінің сәнін жоғалтпаған. Сол сияқты қамшыдай өрілген Есбай мазарын салуға да басшылық еткені елге аян.

Сері өмір бойы таңдаулы домбыра жасаумен шұғылданған. Оның домбырасының үлгісін атақты күйші Сембекке тарту еткен Қараменде Әбдірахманның домбырасын көруге болады. Кезінде Арқаның бұл өңірінің әнші-күйшілерінің сері қолынан домбыра алмағаны жоқ екен.

Ақтентек сері 96 жасқа келіп, ер құрап отырып дүниеден қайтқан. Оның мүрдесі Қазықұрт тауының баурайына жерленіп, басына сұпылап тас қаланған.

Ақтентектің жалғыз ұлы Оспаннан 4 ұл, 4 қыз туған. Ұлдарын Рахметолла, Нығметолла, Ахметолла, Әрін деп атапты.

XX ғасырдың басында басталып кеткен сұрапыл-сүргіннен серінің өз кіндігінен ешкім қалмаған. Отызыншы жылдары ағасының біраз мұрасын інісі Молдаш ұрпақтары сақтаған екен. Оның аяғы бүкіл ұрпақтарына келетін қатерге бет алған соң, сері шығарған өлендерін отқа жағып, ол ағаштан жасаған неше алуан бұйымдарын сындырып, лақтырып тастаған. "Ақтентектің өмір бойы ұстаған сегіз қырлы мылтығын күресінге лақтырып тастадық. Сол жерде жатып құрыды"-дейді Ысқақ ақсақал.

Есіміне қазақ елінің әр аймағы таласып жүрген Ақтентек сері туралы бір үзік әңгіме осындай. Оның әр жерге шашылып кеткен мұрасын жинау әуелі мұрагерлерінің, әдебиет-музыка сүйісі, зерттеуші қауымының, көкірегі ояу әр адамзаттың міндеті демекпіз.

Дегенмен бір әттең іште жатады. Біздің қазақ "е, дұрыс" дегеннен аспай жатырмыз. "Мынау атакты адам біздің тұқымнан (әлде рудан) деп көкірек қағамыз, онан арғысы сол адамның мұрасын зерттеу, не көмек етуге қол ұшын бермес бітеулік (не надандық).

Шет жұрты, бес ата елі, Құдайға шүкір, ақынсыз, батырсыз, күйшісіз болмаған. Әттең, мынау бүгінгілерге қарының ашады.

Атакты Жидебай батырдың басына қойылған көктасқа туған-қайтқан жылдары ойдан шығарып жазылған. Ол бойынша батыр үлкен әкесі Достан да бұрын туған боп шығады. Бұл жағдай ісі Әлтекеге сан айтылған, бірақ түзейік дегендер болсайшы.

Ақтентек сері Қазығұртта жатыр. Оның басына барып, ел жұртқа көрсету парыз. Досымыз Шәкенге соны сан айтып, осының әуелгі ізін алдыра алмадық.

Қармыста Ағыбай батырдың анасы Қойсанас жатыр. Мазарын белсенділер құлатып тастаған. Үстінен мал жүріп жүргенін айта, жаза жүріп, совхоз директоры Төлепбергенге жақсылап қоршаттық. Сол үшін оған мың рахмет. Енді сол анаға көктасты кім құяды.

Жақсы Жәкең (Жанғұтты) - елге ортақ Бірақ соның ұрпағымыз, жакынымыз дегендер көп. Осыдан біраз жыл бұрын сол Жәкеңнің ағаш табағы біреуде сақтаулы деп ес білер деген сан үлкеніне айттық, ең болмаса "қайда" деп сұраған біреуін көрмедік.

Бүгін сол Жәкеңнің мешіті болған деп жатырмыз, тағы да селт еткен табылсайшы.

Өткен ғасырдың атакты шешендерінің бірі, осы бес атаның ел ұстаған басшысы, кезінде Бөжең атанған Байсейіттің қайда жерленгенін ісі Керней, не осы бес ата неге білмейді. Бөжең бұл аймақтың бар берілген асын басқарған. Кенесарымен тілеулес болған ата емес пе еді. Қиналғанда Жанғұтты да ол кісінің көмегіне жүгірген. Сондай адамның мүрдесінің қайда жатқанын білмеу елге таңба емес пе.

ҚАҚПАН АҚЫН
/ 1859-1933/

Халыққа Қақпан ақын деген атпен мәлім болған ақынның шын аты Батырбек еді. Қақпан Жиренбайұлы Бесатаның Қояншытағай руынан. 1859 жылы дүние есігін ашқан жері - Тағылы Бұғылы таулары. Ол уақыт, Затаевичтің сөзімен айтқанда, бүкіл қазақ даласының ән салып, жыр төгіп тұрған заманы еді. Бесіктен белі шыққаннан бері естігені өлең болған, өзі де дарынды бала Қақпан төрт ағасынан ерекшелеу еді. Ән айтумен бала жасынан айналысып, келген-кеткеннің кемістігін айтып қалумен ертеден-ақ "Қақпан бала" атанған. Кейіннен ақындыққа біржола ден қойып, айтыса қалған үлкен-кішіні шақ келтірмей серппелі қақпандай қарпып түсетін от тілді, орақ ауыз ақынға Қақпан есімі біржола бекіген.

Қақпанның алты-жеті жас шамасында қарасан ауруынан екі көзі бірден кеткен. Есік алдына шығуы мұң болып қалған зарлауық баланы жеңгелері жақтырмаса керек. Сөйтіп жүргенде көрші Қуандық ауылындағы бір асқа ауыл аттанып кетеді. Әлдекімдерге ілескен Қақпан да асқа барған. Соқыр деп ешкім ескере қоймай, ас-судан да қағылып жүрген баланы ағалары да дүрелеп, кейін аламыз деп бір жерге тастап кетеді. Далада жар жағасында өлең айтып, зарлап отырған баланың үстінен жолаушылап келе жатқан Шортанбай жырау шығып, Баланы ағаларына алып келген. Осы уақыттан бастап Қақпан ақын Шортекеңнің назарына іліккен. Қақпан Шортанбай жырауды ұстаз тұтқан.

Жасынан зерек бала он екі он үш жасынан-ақ суырып-салма ақындық жолға түскен. Ол өзі жөнінен:

Жиренбай әкем аты, атым Қақпан,
Бір айда бес жүз теңге пайда тапқан.
Құдайым жастайымнан көзімді алып,
Он үште өлең айтып жұртқа жакқан,-

дейді

Кеншімбай ақын қарт журналист О.Орынтаевқа айтқан естелігінде Шаншар руынан шыққан ақын соқыр Ажарға барғанда Қақпанға кездескенін, кейін өзінің Қақпанды іздеп келіп, әуелі өлеңмен қағысып, сонан сыр шертісіп, достасып қайтқанын айтқан екен.

Көзі көрмесе де айналадағы уақиғаларды естіп - біліп

отырған акын зорлық еткендерді отты тілімен шенеп, халықтың әжуасына беріп отырған. Бір жолы Бөгес деген байдың қажылыққа бара салып, бір кедейдің жоғалған биесін таныса да бермегенін, кейін ерегiскен кедейдің оны ебін тауып сабап кеткенін естиді. Сол байды іздеп барып Қақпан акын:

Мырзалықтың орнына қулықты алдық,
Қажылықтың орнына ұрлықты алдық.
Ауыздыға сөз бермей лағып едің,
Жер ортаға жеткенде бір мықталдың,-

деп өлтіре мысқылдаған екен.

Барлығы мен билігіне мастанған Қареке Құсқонбас деген Қақпан акынды менсініңкіремей "Әй, соқыр, мен болып та, толып та тұрмын. Ал, осы маған кәне деші"- деген екен. Акын сонда жұлып алғандай:

Дегенде ала тактақ, ала тактақ,
Жүрсің ғой әр ағаштың басын боқтап.
Дуа жоқ, бәтуа жоқ сөзің тырқыл,
Құсқонбас қайғырасың нені жоқтап,-

деп салған.

Көшкінбай би қайтыс болғанда Қақпан елде жоқ екен. Талай уақыттан соң бидің үйіне сокса, отбасының қыры кеткендей. Сонда Қақпан акын:

Бағы тайса жігіттің қалмайды есі,
Игіліктің болмайды ерте-кеші.
Кірсем шыққым келмейтін қайран үйім,
Ит байласа тұрғысыз болған несі,-

деп шығып кеткен екен.

Қазақтың бірлігін кетіру үшін әуелі хандықты жойып, сонан соң аға сұлтандық, кейін болыс сайлауын енгізгеніне Қақпан акын қарсы талай пікір айтқан. Мұқатай қажының орыстың осы сайлауына барып, Асанбектің болыс етпекші болғанын сынап Қақпан акын:

Ақжанның күнде жейсің омыртқасын,
Ішесің шөлдегенде томыртқысын.
Қажыеке құдай жолын тастай беріп,
Орыстың қолыңа алдың жұмыртқасын,-

деп сынаса, аз уақыт болыс болып түсіп қалған -Майбасқа

Болғанда атаң Лекер, әкең Онбай,
Ерткен Тәбекенді сорың қандай.
Жақсылықты өз басынан аяп жүрме,
Келгенше жетпіс беске жүр ғой оңбай,-

деген.

Күн көрістің қамымен 1916-1917 жж Шу бойында жүргенде де Қақпан ақын сол жақтағы Бармақ, Қожас ақындармен айтысқа түсіп, үнемі жеңіп жүрген. Ақынның ащы тіліне шыдамаған олар ақыннан кек алуды ойлап, домбырасын тартып алып, өзіне қамшы жұмсап жатқанда даланың Көкжалы Кәрсөн Боранқұл жігіттерімен үстінен түсіп, олардың өзін сабап тастайды. Сонда Қақпанның ат үстінде айтқаны мынау екен:

Көкектен басқа құсың жоқ,
Көбектен басқа шөбің жоқ.
Көкнар ішкен адамдай,
Адамыңның түсі жоқ,-

деген екен Қақпан.

Өшіккендер ақыры Қақпанның үлкен ұлы Торғайбекке у беріп тынады. Сол тұста ақын:

Тағылы-Бұғылымен асқар белім,
Сарысу Нұраменен өскен жерім.
Қорлықпен қапияда ұзап кетіп,
Жете алмай жүрмін ақсап қайран елім,-

деген.

Қақпан ақын көнеден халық аузында келе жатқан талай қиссаны жатқа айтса, өзі де шығып халқының аңызының негізінде "Тәмәм мен Бакарам" атты қисса шығарған.

Қақпан өз өлендеріне ән шығарған да ақын. Оның "Ақ қайран" деген әні былай басталған:

Аққайран су ішінде тоңбайды екен,
Айырылған екі көзден оңбайды екен.
Күніне қанша пайда тапсаң-дағы,
Біріндей екі көздің болмайды екен.

Журналис О. Орыбеков 1944 жылы август айында өзі де қатынасқан Шет пен Қоңырат ауданы ақындарының

айтысы өткенін жазады. Сол айтысқа Майсар, Кеншімбай, Жәкен, Қайыптап қатынасып, сөз арасында Қақпанды еске алып, "Өте-мөте Майасар ақын бәрінен де жақсы біледі екен. Ол Қақпанның "Аққайнар" әнін асқақ зор даумсымен құбылта айтқанда қайран қалған едік деп жазады.

Қақпан ақын 1932 жылы ел басына түскен зұлматты да өз басынан кешірген. Сол аштық жылы Файзулин деген райкомның ІІ хатшысы зағип ақынның бес ешкісін тартып әкеткен. Сонда ақынның зорлықшыға айтқанын Жүніс Ыбышұлы бізге жеткізген еді.

Құрт жеген бетің анау шұбар-шұбар,
Жаксылық қай жеріңнің сенің туар.
Малын алып бұл жұртты қырдың аштан,
Бес ешкіме соншама болдың құмар.
Мен едім Қақпан деген зағип ақын,
Ешкімді тартып алдың, барма хақың.
Қос құлыным, нәпақасыз қалдық біздер,
Осыған жауап берер бар ма, халқым.

Күн керісінен айырылып қалған ақын бала-шағасын жетектеп Қызылжарға /Петропаул/жеткен. Сол жерде 1933 жылы Қақпан ақын дүние салған. Ақынның әйелі Ақбикеш /шын аты Қадияша Қарекееқызы/ Нұраталды совхозының бөлімшесінде Әбікей деген ақсақалдың үйінде бертінде қайтыс болды. Ақынның Сәулебегінен туған Қасымханы соғыста өлсе, Асылханы аурудан қайтқан.

Осы жолдардың авторы Қақпан ақынды көзі көргендердің айтуымен ақынның суретін салдыртқан еді. Суреттің қағаздағы нұсқасын көрген қарт Аманжан мола "Ой, мына Қақпанның суретін қайдан алғасыңдар" деп таң қалды. Суреттің майлы бояумен салынғаны Шет ауданының музейінде тұр.

ДИА ҚАЖЫ

Шет ауданын құраған бес атаның ішінде революция қарсаңында өмір сүрген 14 ақын болған екен. Солардың көшбасшысы, Арқа ақындарының сиынар пірі - Шортанбай жырау алыстан алып тұлға боп мұнартады. Оның сарыны бүгін ел боп тойлап жатқан Нарманбет, Шашубай, Қақпан, Болман т.б игілікті әсер еткені дау келтірмесі айғақ.

Сондай ірі тұлғаның бірі - заманында әділдік үшін күрескен, халқының нағыз төлі Диа қажы ақын. Диа қажы туралы кезінде ел арасында сөз көп еді. Оны білетіндердің таусылған шағына дәл келіп отырмыз. Зерттеусіз, атаусыз қалған бір тұлға. Әдебиет пәнінен нан жеп жүргендердің не істеп жүргеніне таңсың. Ал, журналистерге "зерттендер" десең шешесінің етегіне жармасқан баладай өзіңе тығылып, өзінді жұмсайтынына ыза боласың. Қағаз жазып, татқан дәмін ақтай алмады деген осы да.

Диа қажының ізін басқан енді бір ақын Сәрінжіпке биыл 120 жыл толып отыр. Қолдан келгені екі машинаға тиеліп, басына дұға қылып, Айтқын інімізге "осы туралы сен жаз" деп уәдесін алумен тыңдық. Бір өңірдің бар жоғын жалғыз іздеп табарсың ба, елдің қай жыртығына жетесің, қай мәңгүрттің миына сана боп қонарсың.

Диақажы "Кәрілік" атты өлеңінде:

Дәулет деген түс екен, қонған жалқы,
Құдайдың сол бергені дәл сол қалпы.
Жиырма жетіншінің перуай марты
Қонжидым жас беліне елу алты -

деп жазған екен. Сонымен Диа қажы 1871 ж. туған боп шығады. Ақынның биыл 120 жылдығы. Ол орта бойлы, сұлу, қызыл шырайлы, ат жақты, қыр мұрын, көзі үлкен мандайы жазық, иегі дөңгелек, еріні тым қалың емес, сұлу мұрт, шокша сақал, қою қасты, тік қабақ, шапшаң кісі екен.

Ақынның арғы тегі Түйте Жарылғап батыр екенін Меністің Нұржаны ақсақал жете таратып айтып берді. Қалмақ шапқан заманда елін қорғаған Жарылғап батырдың Жәнібегінен жеті ұл Бексейт, Хансейт, Төресейт, Мырзасейт, Ақсейт, Бисейт, Есенсейт туады екен. Соның Ақсейтінен Ахмет, онан үшеу, Шибан, Диа қажы, Мұқай туған. Диа қажы туралы біраз сөзді кезінде Қасым Сырымбетұлынан біраз өлеңін жазып алдық. Ол кісі Диа қажының 1916 ж осы төңіректе патшаның қазақтан солдат алуға қарсылық ұйымдастырғанын баса айтқан-тын. Тізімге ілігіп, кетеркетпесін білмей әрі-сәріде тұрған бұларға қасында жиырмадан аса жігіті барДиа қажы шауып келіп, "Бәрібір орыс сендерді шепке тартып өлтіреді, тыбыр етпендер. Әйтпесе тура өзім сендерді жоқ етемін" деген. Сонымен Диа қажы революциядан бұрын-ақ қазақ баласының амандығын, елінің бүтіндігін көксеген тұлға екенін танытқан.

Диа қажы жасында Шаяндағы медресені бітіріп, кейін Уфада білім жалғастырған. Патша үкіметінің қазақ баласына орнатып жатқан қияметінен құтылудың жолын іздеген ол басқа елдердің тұрмыс халімен, ерекшелігімен танысуды мақсат тұтып Түркияға барған, кейін Мекке барып, қажы атанып қайтқан.

Ғаббас, Түсетай, Сәрінжіп, Исабек сияқты бір топ ақын топтасқан. Олардың ішінде Оқа Диадан төрт-бесжас, Бабас бір-екі жас үлкен екен.

Бексейттің Сәтібайынан туған Оқа қараторы өңді,

қарасақал, мұртты, дөңгелек бет, қысық көздеу, құс тұмсық, маңдайы тарлау кісі екен. Сөйлегенде танауы қусырылып кететін еді дейді Нұржан ақсақал. Ол кісінің Ескей жыраудан жазып алынған 1929 ж. айтқан өлеңі қолда бар.

Сол заманның қарадүрсін дәстүрін, белсенділерді қырсық қылып әшкерлеп:

Жанның бәрі тәкәпәр,
Аямшылық еніпті
Шайшыл болды жарымес,
Саумалды ішпей көбінті.
Табылған соң не қылсын,
Енді басы кеміпті.
Дүниені ойлап қарасаң,
Осындай қырсық жаныпты...-

деп ашына айтқаны - құны жетпес мұра екені даусыз. Оқа кезінде "Абылай хан" атты дастан жазған. Бұл еңбегі қазір таптырмай отыр.

Бойы ортадан жоғары, толық, ақсұр, дөңгелек сақал, дөңгелек бет, қыр мұрын, қой көзді, әрі жанары кең, қара

қас Қоржынбайдың Түсетайының:
СарыАрқа, сағындым ғой жайлауыңды,
Болатын сайлау таста сайлауыңды.
Жаныған тас шарыққа өтпес пышақ,
Қойсаңшы зығырданым қайнауыңды.
Үзілген шуда жіптей шіркін жалған,

Дүние, таба алмадым байлауыңды,-

деп басталатын ұзақ өлеңін бізге Төкеннің Жұмабайы табыс еткен. Бұл өлең архивте де бар. Өлеңнің шығу тарихы да Голошекиннің зобалаңы басталар шаққа бай-

ланысты. Өзінше"кіші" революция жасамақ болған Голо-
шекин келе көшпенділікті тыйған. Бес атаның Кәрсөн
Кернейі сонау Ақмоладан әрі жайлап барып қайтатын еді.
Көшуді тыю малды құртудың басы. Міне, Түсетай ақын
осыған қарсы шыққан.

Жәнібектің төртінші ұлы Мырзасейт. Оның ұлы
Шораның бабасы Диа қажымен шөбере. Оның кейпі
Марске келетін еді дейді Нұржан ақсақал. Дөңгелек бет,
аққұба, көзі үлкен, сәл жынықтап отыратын. Қасқа мандай,
өзін сәнді ұстайды екен. Көп сөйлемейтін, маңғаз жан
деседі.

Бабас ақынның сонау1925ж белсенділердің қорлығын
айтып үкіметке өлеңмен жазған арызы архивте сақталған.

Жас шамаларында бірер жас қана айырма бар Диа
қажы мен Бабас қатты сыйлас та болған, әрі қатты
қылжақтасқан да.

Бабастың Диа туралы
Көкжал қасқыр мұрынды,
Жолы болғыш ырымды.
Үйде отырып болжайды,
Қытай менен Қырымды.
Бетіңе қарап біледі,
Ішіндегі сырынды.
Алғанына тоймайтын,
Бұл не деген жырынды,-

дегеніне Диа қажы: "Ой, Бабакең, Бабакең" деп күледі
екен.

Диа қажының қыстауы Бабас ауылының терістік
жағында еді. Осыны тілге тиек етіп, әрі Диа қажының
жұрт таныған тәуіптігін құрдастықпен қылжақтаған Бабас:

Бір тамаша мен көрдім,
Темірқазық жағынан.
Мінезі ғайып болжаусыз,
Жағы түскен сағымнан.
Он күн үйде отырса,
Келер кісі сағынған.
Ауру қатын көрінсе,
Астын сипап емдейді,
Бұл не деген қағынған,-

деп ілген..

Бабастың мұндай әр кездегі қалжыңына Диа қажы да:

Жирен ала сақалды,
Жылық көзім.
Өткен жылдан қалмады
Сенің сөзің.
Зылиымды қасыңа отырғызып,
Айнаменен қарашы өзіңе өзің,-

деп ретті жауабын Берген. Бұлардың арасындағы әзіл сөзге кейде Дианың келіні Батыма да ілініп кетіп, ол Диа қажының жұбайы Шәуенге де арыз еткен кездері болған. Шәуен "е, ол бұлардың ойыны, кезіккенде құшақтасып жататын сыйластығын көрмейсің бе" деп басу айтыпты. Сол Бабас Диаға сөзбен тиіскенде

Осы қажы түйте ме,
Түйте болса, бүйте ме,-дегені де болған. Шөбере туыс бола тұра білмейтін жат адамындай "түйте ме"- дегені қалжың. Осындайда кейбіреудің Шортанбай жырау мен Асан Бұғының қалжың қақтығысында:

Сенің түбің Сарт еді,
Менің түбім Қызылбас,-

дегенін сол қалпында түсініп жүргеніне таң қаласың. Бұл әдебиеттен, мәдениеттен хабары бар адамға ерсі, тіпті мектеп қабырғасын көрмеген бе дейсің. Әсіресе бұл интел-генциямын деп жүргендерге, галстугі барларға ұят-ау.

Белсенділіктің ұрда жық туы көтерілгеннен оның өрескел істеріне қарсы шыққан Диа қажы мен оның айналасы қуғынға түсті.

Егін-пішен уағында сияз келді,
Бұйра шаш, бұлтық тамақ княз келді.
Николай ұлығындай ызбарланып,
Сары пұшық, Көмекбай бас ояз келді.

Бәрі де қызметкердің жастан келді,
Қымыз ішіп қызуға мастан келді.
Айына бір тоқтының дауы бітпей,
Зияны пайдасынан асқан келді,-

деген Диа қажының сөзі шымбайына батқан ендігінің "жаксылары" оны 1927 ж. Қарқаралының түрмесіне тықты. Сонда түрмеде жатып Диа қажы:

Бауырым, туысқаным қайран ауыл,
Мінезі ендігінің соқпа дауыл.
Қарқарал қарағайын паналадым,
Бұрынғы сексеуілге боп қырғауыл,-

деген.

Жыл жатып түрмеден босап келген Диа қажы түбі
Алшын Аман деген ақын жігіттің белсенділер қолынан
атылып қалғанын естіп, Сапарғали сотқа:

Сапаржан би,
Алды-артыңды жи,
Бөлтірігің қойға шапты,
Қалтасын қи.

Атылды Аман,
Заман жаман,
Ендігінді тый,-

деген.

Сотқа әлде бір ісімен барса, есігіне қос милиция
күзет қойып ақынды кіргізбейді. Сонда Диа қажы:

Дударай шаш,
Қапас жолдас,
Қаны бірге қазақпыз,
Қамамай есігінді аш,-

деп кіріп кеткен.

Сот оның сәлеміне жауап бермей, кісімсіе керек. Бұған
ыза болған Диа қажы:

Есалаң әңгүдік,
Алдында мүлгідік.
Қадырды білмейтін,
Қайырымсыз қырық сідік.
Дегеннің қуысын,
Жазылды уысың,
Некесіз, белгісіз,
Арамнан туыпсың,-

деп салған.

Ашуға булыққан сот "Ой, төбет" деп аузына келгенін
көкісе керек.

Диа қажы:

Сен едің аптыққан,
Сайтандай шаптыққан.
Әкесін төбет деп,
Шешесін қаншық деп
Жасынан жаттыққан,-

деп одан әрі түйрей түскен.

Өр мінезді, әділетшіл ақын 20-30 жылдардың есерсоқ ғұрпына симады. Оның сөзі белсенді атаулының көзін шығарардай еді. Ақыры тағы түрмеге жатудың реті келді. Бұл жолы ол мықтап айыпталған еді. Тергеуші оның жолдастарын сұрап, әр кәімге жала жабуын талап етіп, көп мазаласа керек. Онда оның тергеушіге:

Ешкімді бәлендей деп түстемеймін,
Қолымнан келсе дағы істемеймін,
Болғанда Құдай біреу, кезек екеу,
Жеңе берем дейсің бе үшке дейін,-

деген сөзі елге жеткен. Ақын "жеңе берем дейсің бе үшке дейін"деп келер уақытта түбі әділдік орнайтынына сеніп өткен.

Түрмедегі Диа қажыны Бабас ақын іздеп барса, ақын әбден жүдепті. Іші удай ашыған Бабас Дианы сөзбен қайрап кету үшін:

Қалай екен "кепеуің",
Кетіпті ғой кетеуің,
Жұртқа маза бермеуші ең,
Ғаббас пенен екеуің,-

деген.

Диа қажымен бірге Жарылғап батырдың Қырбасының ұрпағы Нұрланның Ғаббасы ақын да жатқан екен. Диа сонда:

Қаба сақал Бабасым,
Өлең еді таласың,
Енді саған Диа жоқ,
Оны қайдан табасың,-

деп жауап Берген.

Біраздан соң сол түрмеде Бабас ақын да жаты.

Кезінде ГПУ қызметкері болған Меңістің Нұржаны қария 1931 ж Қарқаралыда оқуда болыпты. Сол жылы

июнь айында көшеге 150 тұтқынды айдап шыққан. Топ алдына пионерлер, соңына комсомолдар қойылып, Жан-жағын милиция қоршаған. Күні бүгін хабарланып, дайындалған қала халқы "жау" атанған тұтқындарды таспен атқылаған. Солардың ішінде өзінің де болғанына өкінеді Нүрекең. Айдалғандардың ішінде Диа қажы, Ғаббас, Бабас, Оқа, Түсетай бастаған Шеттің сан ақыны, күйшісі, сан жақсы жайсаңы болған. Оның бәрі де сол жолы репрессия құрбаны болды.

Диа қажы 1931 ж. атылып, сүйегі Үлкен көлге тасталған.

Диа қажы Ленин өлген соң "Алтын сақа ұмытылды" деген өлең жазыпты. Ол 1931 ж. С.Мұқанов құрастырған жинаққа енген. "Алтын сақа ұмытылды" деп Ленин өлген соң ел көксеген жолдан таюды меңзегендей екен ақын".

Ақынның ұлы Мұхамбеткәрім де " жау" болып ұсталып, түрмеде қайтыс болған.

Ағайын, бүгінгі тарих пен шежіре, әдеби мұрадан қалыс қалған меңреулігімізден арылайық десек, кешегі шейіт кеткен айтулы ақын жыраулардың мұрасына жабыла көңіл бөлейік. Ол жалғыз адамның қолынан келмейді. Бұл істің әсіресе жанашыры әдебиет, тарих пәні мұғалімдері, есі түзу интелегенттер болуға тиіс. Атамұра, елімізді жақсылыққа бастай көргей.

ТӘШЕН АҚЫН

Шаппады деп кемітпе,
Жолы кеткен атынды
Токтады деп кемітпе
Жолы жеткен батырды
Күтпеді деп кемітпе,
Көргені жоқ қатынды.
Қанша құрмет жасасаң,
Танымайды затыңды,-

деп өз заманында айналасына ой тастап, інжу - жырды кестелеп төге білген, кешегі советтік бұралаңы көп, қиын-қыстау заманынан аты бізге жеткен дарынды ақынның бірі Тәшен Иса ұлы. Шындықты сыбырлап айтқан заманда Тәшен ақынның аты жастар түгілі біздің өзімізге зорға жетті. Қазіргі орта буын саналып жүрген көбінің кешегі талай тарлан ақын шешендерден хабарсыз екені анық. Бір жиналыста елуден асқан азаматтың "осыларды біз неге

білмейміз" деп өзін емес, заманын емес, бізді кінәлағаны бар.

Бес атаның аты еміс-еміс болса құлағымызға жеткен дарын иелерінің есімі өшпесінші, зерттеусіз кетпесін, әруақ алдындағы борышты өтейік деген оймен Тәшен ақынның мұрасына бет бұрдық. Тәшен ақынның атақты Боранқұлға арналған жоктауын 1981 ж Қазі ақсақалдан магнитофонға түсіріп алған едім. Ол өз қорымда сақтаулы тұр. Енді Жәмшіден тұратын ақынның немересі Хамен ақсақалды іздеп бардық. Жасы келген қария кеште болса іздегенімізге разы. Өттең дүние, қуғын сүргіннен аман, хат танымақ түгілі "білгірмін" деп жүргендердің күні бүгінге дейін не істеп жүргеніне жауап жоқ.

Тәшен ақын атжақты, иегі сәл сүйір, аласа қыр мұрын, көзі өткір, басы кішіректеу, мандайы шалқақтау кара қас, қызыл шырайлы кісі екен. Заманында өзінен мүшелі жас үлкен Әмен қожаның баласы Мағзұмнан біраз оқып, онан өз бетімен талпыныс жасап, ілім-білімнен зор хабардар бопты.

Алғаш рет 13 жасында болыс өлгенде Ербекейге лебіз білдіріпті. Онан Әлтеке Әмірқұл биге айтқаны да болған. Кейпініректе Әлтекеден қыз алған Ақмоланың татар Уәли сауда жасап, Жетісуда қойма салған. Қоймашы Әлтеке, Әлмағанбет деген кісі екен. Соны жағалап барған Тәшен бозбала шағында Жәлменденің тойында қызбен айтысып, жүлдесіне нар алып қайтқан.

Тәшен ақын кезінде айналасына талай жақсы топтасқан Диа қажымен тығыз байланыста болған. Бұлардың жас шамасы да қарайлас екен. Қанша тату, дос болса да реті келгенде бұлар ақынның уытты тілімен қарпысып қалудан да кенде емес еді. Әділ Шәйкеннің қазасына хабарсыз қалып келе алмаған Диа қажы Тәшенге өкпелеп 1926жылы былай депті.

Тәшеке, заман жақсы, халық жайда,
Ыңғайлы шақыруға Бәшей қайда,
Есболай, Өтегеннің бірлігі бар,
Дейтұғын Әлтекенің сөзі қайда?

Екеуінің арасындағы қақтығыс қағаз жүзінде біраз созылса керек. Ең соңында Тәшеннің:

Домбырасының тілі жоқ,
Құлағын бұрап күймесе.
Қызыл тілде буын жоқ,

Қауасын тауып сөйлесе.
Қайтер едің, Қажы-еке,
Өзің өліп артыңда,
Бағай, Шибан, Әлібек,
Мұқай бәрін билесе,-

деген сөзі жетіпті. Сонда Диа қажы, "Ой, әттеген-ай, Тәжекене бекер тиіппіз ау" депті.

Ішіне Тәшен ақын қосылған бұл топ ел сөзін ұстаған, өткеннен мол хабары бар, келешектің қамын жеген зерделі топ еді.

Тәшен ақынның қолында қазақтың көне тарихын қозғаған үш түрлі шежіренің болғанын Хасен ақсақал бізге ұқтырып бакты. Мұның көнесі Арқар ханның шежіресі екен. Хасен ақсақал шежіреде бұл ханның Балтық жағалауын мекен еткені айтылатыны және баса айтты. Екіншісі, Алаша ханның шежіресі. Үшіншісі, Абылай хан жаздырған Тарих-шежіре. Сонымен, Абылай хан тарих жаздырыпты дегенді анда-санда естіп жүрсем де, дәл соны дәлелдей айтқан осы Тәшен ақынның немересі болып отыр.

Бұл шежіренің үшеуін де Хасен ақсақал кезінде қолымен ұстап, оқып танысқан. Арқар хан мен Алаша хан шежірелерін Тәшен ақын өз шығармаларымен қосып, зұлмат алдында белсенділердің зорлығынан қашып, көміп тастаған. Көмген жердің жобасы белгілі. Міне, бұл Академия үшін де, Университеттер үшін де шұғыл зерттеуді қажет ететін шаруа. Ал, Алаш ханның шежіресін Хасен ақсақал бүгінге дейін тығып ұстап келген. 1975 жылы кенеттен ақсақалдың үйі өртеніп, Алаша хан шежіресі қоса жанып кеткен.

Осы топтағы Оқа ақынның "Абылайхан" атты дастан жазуын да біз тегін дей алмаймыз. Бұл Абылайдың жаздырған тарих шежіресінің үлкен әсері болса керек.

Осы жерде Хасен ақсақал Абылайханның батыры Жидебайды да тілге тиек еткен. Жидебай батыр-тек кара күштің иесі емес, елінің болашағын, ілім білімнің жетілуін де ойлаған арыс. Ол Жоңғармен соғыс біткеннен кейін өзінің атақты жер үйінің маңында мешіт-медресе салдырып, Нақып, Нұрлы деген қожаларды көшіріп әкеліп, бала оқытқанын да бізге жеткізіп отыр. Жидебайдың жер үйінде болғаным бар еді, сондағы бір құрылыстың жобасына түсіне алмағанмын, оның сыры осында екенін көне көз кәрия таратып айтып берді.

Сөз ретінде 17 мың жылқы біткен Адамбай Тұрсынның Смағұлымен Біржан салдың дос болғаны да айтылды.

Біржан бір жолы Смағұлдың жылқысынан 40 жылқы алып, жәрмеңкеде қайтарам деп алып кеткен екен. Бұл факті Біржанның бұл маңға сан келгенінің айғағы, әрі атақты "Ақтентек" әнінің Ахмет Жұбанов жазғандай кіші жүз байы, не Ілия Жақанов жазғандай Көкшетаулық бай. Ақтентек емес, осы Бесатаның Қарамендесінің өнер иесі Ақтентек салға келуіне байланысты екенін дәлелдей түседі.

Тәшен ақын - өз заманының қилы-қилы оқиғаларына дер кезінде үн қосып, ел мұңын, ел қамын жұртына жария ете білген сөз тарланы. Ер қазақты орыстың қазағы етіп жіберуді ойлаған 1916 жылғы қазақтан солдат алу шараларына дала елі қарсы қарсылық еткені анық. Бұл уақиғадан ақын тысқары қала алмаған.

Қарқаралы дуанымыз қарап тұрған,
Қазақ ек әр шаруаға талап қылған.
Жонында Сарыарқаның шалқып өсіп,
Жау бар деп бір адам жоқ жарақ қылған.

Құдай-ау, өзің жалғыз, қаламың көп,
Кәпір тұр мұсылманды аламын деп,
Он тоғыз, отыз бірді желкілдеген,
Апарып қан майданға саламын деп.

Ақын ел басына түскен ауыртпалықты "біреудің жалғыз, біреудің шешені" кетер зорлық істі тізіп қана қоймайды, "Ақтуы пайғамбырдың көтеріліп" деп елді күреске ундеп, "Дәулет құсының қайта айналып келуін" азаттықтан күтеді. Міне, бұл жерде Тәшен ақын Диа қажы бастаған ашық көтерілістің анық жақтаушысы болып шыққанын көреміз.

1917 ж. төңкерісті, оның "теңдік, бақыт" деген ұрандарына оңай иланып, бұл өзгерісті ақын қуана қарсы алды десек шындыққа қиянат болар еді. Жоғарғының сан үнімен, бал деп у берген көп ісінен шошынған ел "аузы күйген үріп ішедінің" тәсілімен бұған да үрке қараған. Арты не болады деген уайым ақын көңілінен кетпеген. Ол 1922 ж бір өлеңінде

Сөз сөйлейін әуелі,
Халыққа келген жарадан.
Өзің оңла, я Алла,
Үмітім көп панадан.

Зарла көңілім зарлашы
Заманыңды барлашы

Аяқбасар жерінді,
Айтпай-ақ өзің аңлашы.
Өзгеден опа болмайды,
Келе жатыр тар заман,
Оқудан қапы қалмашы,-

деп әуелден-ақ шалт қимыл жасай бастаған, арамыздан шыққан "ақылдыларға", төңкерісті қазақ елін қаусатып салуға пайдалануды ниет еткен орыс шовинистеріне сескене қарайды. Ол бұған қарсы оқудан қапы қалмай, жауын тануға үндейді.

Төңкеріс пен азамат соғысы қазақ еліне аса ауыр тиді. Келген ауылын ағы ақтарып, қызылы қотарып, шайнағаньш жеп, айдағанын әкетіп жатты. Қарулы әскерге құр қол ел қауқарсыз еді. Бұл тонаушылық қазақты аса жұтатты, ат орнына ақ таяқ ұстап қалғандар көбейді. Елдің қайыр-шылануы ұрлықты өсірді.

1920 ж. Жүкен бастаған 31 ұры Тәшен ауылынан 41 жылқыны алып кеткен. Тонауға ұшыраған сан ауыл, ысансыз ру 1922 ж. Сарытамда бітіспек еді, келісімге қол жетпеді. Малың даулаған акын 1924 ж. Қарағанды маңында елді бітістірер жырға болады деп жолға шығады. Жолшыбай Боранқұл ауылына бара жатқан Ақбайдың Ыбырайына жолығады. Оны Боранқұл қонаққа шақырған екен, Ыбырайдың Тәшенді алғаш көруі. Сөзіне құмар Ыбырай ақынды қолқалап ақыры Боранқұл ауылына түсіреді. Құлын сойған Боранқұл үйінде Тәшен "мен жырғаға барамын ауылдастан 41, аталастан 200 мал кетіп отыр" деп асығыстық танытқан екен, Боранқұл түнде жырға иелеріне кісі аттандырыпты. Ертеңіне сәскеде қарсы жолыққан Боранқұл жігіті " түсетін үйлеріңіз дайын" деген хат әкелген. Екі үй бөлінген екен. Ақбоз үйге Боранқұл Тәшенді енгізіп, өзі шатыр тігіп, арнаулы малды ақынға жолдатқан Боранқұл батыр ақынның 41 жылқысын тегіс қайтартқан екен. Тәшен сыйлаған қара жорға атты Боранқұл алмаған, сонда Тәшен:

Бадан, Шадан туғанда жылан болды,
Андас, Жолдас туғанда ылаң болды,
41 жылқыны жау алып, төртеу қалып,
Екеу баран, екеуі қылаң болды,-

деген екен.

Боранқұлдың әр ісіне , әрі осы жасағанына аса риза
ақын ол қайтыс болғанда жоқтау шығарған.

Сасқанға сабыр болған,
Қорыққанға қорған болған.
Ашқа азық болған,
Ауғанға қазық болған.
Аузы қарыс болған,
Үш жүздің баласына,
Өнерімен таныс болған...,-

дейтін ұзақ жоқтау - қазақша көңіл айтудың жаңа бір
сатысы сияқты өнер туындысы.

20-жылдардың орта кезінен бастап ұлы төңкерістің
ізгі ұраны жақсы ниетті ұрда-жықтықпен, қасіретпен ауыса
бастады. Белсенділердің қолынан жас ақын Аман өлді.
Көпе-қорыс зорлық, ылаң басталды. Неғұрлым ноқай кылық
істесе, сол ғұрлы жоғарыға жакқан ниет анық танылды.
Сонан түршіккен Тәшен ақын:

Жиған мүлік, айдаған мал құлан болды,
Досына айтқан сөз ылаң болды.
Ағайын бір-біріне қарсы шығып,
Бәрі де шағатұғын жылан болды,-

деп басталатын ел басына төнген қатерді сипаттаған жыр
жазған.

Голощекиннің айғайшыл ұранымен қаруланып, есірік-
тенген белсенділер елге бүйідей тиді. Бұл қияметтен Тә-
шен ақын да аман қалмады. Ет, жүн деп, тауығы болмаса
да жұмыртқа деп, ақынның күн көрісі бар малын
тауысты. Сонда ақын Қасымхан төреге осы халін жұмбақ
өлең етіп айта келіп:

...Жанында талай бауыршын,
Заманыңды бидайдай қуырсын.
Жүрсем жаяулатпады,
Ақылды баяулатпады.
Бұған қайтып жуырсың,
Жанда жаза жоқ,
Халықта маза жоқ,
Қайран көңілім сонымен суырсың,-

деп өз халін де, ел мұңын да бір ауыз шумаққа сидырып
жіберген.

Ақынның қазағым деп қанына тартпас, елім деп еңі-
ремес қара жүректерге арнағаны да көп болғанға ұқсайды.
Оның Сәтек ауыл кеңеске айтқаны - бүкіл бір дәуірдің ел
белсенділеріне берген сипат.

Белсенді жаңа шықты Сәтек деген,
Әйелдер оны көрсе көтек деген.
Бес бұт бидай ақ ордер беред-дағы,
Әр ауылдан бір ешкі жетектеген.

Әділ Шәйкеннің қызын еріксіз зорлап алған Рашов Ақмар
белсендіге айтқаны әділдік - туын жамылып келіп, қорғансыз
қалған халыққа жасаған белсенділердің зомбылығына
халықтың ашуы тәрізді лағнат сөз.

Құлдар созды құлашты,
Әркім киді плашты,
Ісіне құдіреттің шара бар ма,
Шәйкен мен құда қылған Рашты.

Бүгінде біздің қолымызға ілігіп отырған ақынның мол
мұрасының азғантай ғана жұқанасы. Белсенділер титығына
жеткен ақын өзінің "Мың ғазел" атты қолжазба кітабын
Арқар хан, Абылай хан шежірелерімен косып жерге көмген.
Оны сол жерге Хасеннің інісі Қайырқұл бірге көміскен
екен, кейін дәл баса алмады ма, таба алмаған. Бұл мол
мұраны әлі де іздеу жоғарғы оқу орындарының, жергілікті
мұғалімдердің, интеллгенцияның жұмысы болуға тиіс.

Тағдырдың тәлкегіне түскен Тәшен ақын Балқашқа
ауып, сол жерде 1933 жылы 63 жасында дүниеден өткен.
Оның намазын өзінің ұстазы Мағзұм шығарған екен.

Бір тамашасы Мағзұм жазғытұрым алты-жеті адаммен
елге жаяу қайтады. Жолда Бектауатаның бергі етегіндегі
бір қарағанға келгенде жанындағы Қайырқұлға "Мен қазір
дүниеден кетемін, сен жүр бер" дейді. Абыржыған Қайырқұл
озыңқырап кеткендердің соңынан жүгіріп, дауыстап ша-
қырып, Мағзұм отырған жерге келсе, оның екі тізесі мен
аяғының ізі ғана жатыр, өзі жоқ. Мағзұмды жолай іздеп
таба алмаған. Хасен ақсақал "ол дүниеден тірідей кетті"
дегенді айтады.

Тәшен ақын Балқаш қаласындағы осы күнгі ет
комбинаты тұрған жерге жерленген. Қабірінің басына темір
шарбак орнатылған екен. Ақынның мүрдесі түгілі бүкіл елінің
тағдырына пысықырып қараған орден құмарлар оның қабірін
күреп тастап, орнына ет комбинатын салғанын айтып
Хасен ақсақал көзіне жас алады.

Ол заман да өтті, енді ақынның әруағы көтерілгей демекпіз.

СӘРІНЖІП АҚЫН

Бесатаның Кәрсөн руынан шыққан Сәрінжіп Өзбергенұлы 1871 жылы дүниеге келген. Әкесі Өзберген жастайынан зерек баласын Ақылбек қожаның ұрпағы Башардан оқытап, Өптие, Құран, Мұқтасарды бітіртіп, біраз сауатын ашқан. Сәрінжіп мұнан кейін де қолына түскен кітаптарды ақтарып, дүниеауы білім алуға тырысқан. Бозбала жігіт шағынан бастап ауыл арасында ақын ретінде де танылған. Сәрінжіптің сол кездегі ойын тойларда айтып тастаған қақтығыстары сақталмаған.

Сәрінжіп ақын өзінен бұрын өткен ақындардың мұрасын, діни қиссаларды жатқа біліп, оны халық арасында насихаттаушы да болған. Ақын ғасырлар бойы ауызша сақталып келе жатқан қазақ шежіресін де жатқа біліп,оны өзінің өлең ырларында, айтыстарында ұтымды пайдалана білген.

Сәрінжіп ақынның кейбір қақтығыстары ғана бізге жетіп отыр. Соның бірі атақты сері Сәкеннің Мақаштың қызы Бәһәрді көруге Шалтасқа келіп жатқанында туған екен. Сәкен Бәһәрді көре алмай Шалтасқа біраз аялдаса керек. Бір отырыста Сәкен "Осы Сәрінжіп те ақын ба?"деп қалжың айтыпты. Сонда Сәрінжіп:

Бүркіт боп қондың Шалтасқа,
Бұғы боп бұқтың жартасқа.
Опасыздау дейді ғой
Сені Сәкен жолдасқа,-

деп жіберіпті.

Сонда Сәкен күліп "болды Сәке, болды енді" деген екен.

Сәрінжіп ақынның Шу бойына барып Мәдіхан ақынмен айтысқаны белгілі. Сол сияқты ақ пен қызылдың шырпысуы кезінде елдің отырған орынынан безіп, үдіре қашқан кезінде туған жерімен қоштасуы бүгінде аты өзгеріп кеткен жер-су аттарының аталуымен күні бүгін бағалы мұра.

Сәрінжіп ақын 1931 жылы Найзакескенде "көтеріліс жасады" деп айыптап жаппай кісі атқанда шығарған өкініші жүректі өртейді.

Көрмейін де деп едім,
Соқыр көзім не көрдің.
Кайран қазақ баласы
Ажалыңнан өлмедің.
Біреуге себеп болар ма ем,
Ерте неге келмедім.
Осынша қазақ баласын,
Бір оқпенен атад деп,
Айтқандарға сенбедім,-

деп зарлаған Сәрінжіп ақын.

1930-31 жылдары аштық қаупі төнгенде мүмкіндігі келген талай отбасы тұрағын тастап босып кетті. Сәрінжіп ақын осылардың ішінен тірі қалғандарын іздеп тауып, елге оралтып 1933 ж. "Жас тілек". "Жас терек" атты екі колхозды ұйымдастырып, елге тұтқа да бола білді.

Ақын 1933 жылы дүниеден өтті. Сәрінжіп ақынның мәңгілік орыны Тағылы тауының ортасында. Кейіннен ұрпақтары басына көктас қойған.

РАХИМА АҚЫН ХАҚЫНДА

Өткен ХХІ ғасырдың орта шенінде өмір кешкен, түбі алшын Рахима ақын туралы дерек жоққа тән десек артық болмас. Ақынның туысқандары, бүгінгі ұрпақ інілері аумалы-төкпелі уақытта ақынның шығармалары түгілі өзін де ұмытып қалғандай жағдайға жеткен. Мен ақын апамыз туралы азды-көпті жөн нұсқаған Бұрнаев Қаппарға алғыс айтып, топырағы торқа болсын дегім келеді.

Рахима Күржібай қазы, Кәдір болыс, Қашқынбай қолбасы деген тұста өмір сүрген екен. Кәдірдің 1842 жылы бүкіл Қояншытағай еліне болыс болғаны белгілі. Кәдірдің болыстық билігі 12 жылға созылған. Айтыс Кәдір болыстықтан кетіп, Тоқсанбай билікке шыққан кезде өткен. Сол кезең жеті атаға жаңа іліккен. Қояншытағай іші әлі де өзара қыз алыспайтын түс. Есбайдың Бөдесінің серігі Мейірман мырзаның қарындасы Рысжанмен көңіл қосып, ағайын іші біраз бүлініп, екі жақ барымталасып , ояздық қала Қарқаралыға кезек шабысып жүрген шақ екен.

Қарқаралыға баратындар Саржалда отыған алшын ауылдарының үстін басып өтетін еді. Ағайынның осыншама ереуілдескені басқа жұртты да ығыр қылып, араздықтың қызуы ел арасының ұйытқыған бірлігін кетіре түскен.

Елдің ішіндегісін қабағынан танитын зерек Рахима халықтың берекесін алған осы істі тілге тиек ете отырып, бірлікке шақырған ниет танытқан. Онымен айтысқа түскен Аманкүлдың ақындық шеберлігі кем жатқаны көрініп-ақ тұр. 19-ға жаңа іліккен Рахиманы "кәрі қыз" деп табалауы онша біліктілікті танытып тұрмасы белгілі. Бізге жеткен бір ғана айтысымен шеберлігін танытқан Рахима ақынның онан арғы тағдыры белгісіз. Қай жаққа ұзатылып кетті, ұрпақ бар ма деген сауалға еріксіз тірелеміз. Осыны айта отырып, құлағы түрік, есті ағайыннан Рахима туралы білетіндер болса бізбен хабарласуыңызды өтінеміз.

Рахима мен Аманкүлдың айтысын Күмісбек молланың әкесі Ханбатыр кезінде хатқа түсірген екен. Бізге жеткен нұсқасы ел аузынан алынды.

Рахима:

Ит үреді, балалар шығып қара,
Нағашылар болмасын бұғып қара.
Ат-түйесін аулаға байлап тастап,
Кіріп қана келмесін жүзі қара.

Аманкүл:

Аз ауыл алшын қыстар Сарыжалды,
Қонақ таңдап қонады малы барды.
Осыншаға келгенше байға бермей,
Ет қорытып қойған ба кәрі қарды.

Рахима:

Болысы сіздің елдің - шал Токсанбай,
Бір жұмада шабады бес поштабай.
Кәрсөн, Керней, Сарыммен тыныш жатқанда,
Дамыл таппай жүреді Қояншытағай.

Аманкүл:

Біздің ел дуен жаққа жүріп тұрған,
Мейманға пейілді адам күліп тұрған.
Кәрі қыз, қабаған ит алшында екен,
Қонақты түсірместе іліп тұрған.

Біздің жақ дуан жаққа жүреді көп,
Кетеді мейман қонып, тамағын жеп.
Жұмысын көңіліне алған кім қояды,
Алшында бір кәрі қыз іледі деп.

Рахима:

Орыстың қыз бар ма қаласында
Бәрінде жақыннан қыз аласың ба.

Қарындасын алғанды кәпір дейміз,
Бар ма екен мұсылманның баласында.

Аманкүл:

Нәпсіге тоқтау болмас тыймаған сан,
Екі ғашық ізденіп жүр қимаған соң.
Ілгені сендей қыздың неге керек,
Мизам мен Шариғатқа сиғаннан соң.

Тысқа шыққан қыздың шешесі айтысты тоқтаттырып
қонақты үйге шақырған екен. Рахиманың жауап сөзі
айтылмай қалса да сол айтыстың куәлары "жігіт женді, сөз
орайын тапты" деген екен.

КҮМІСБЕК АҚЫН ТАҒДЫРЫ

Күмісбек атына бала жастан құлақ қанық. Бала-шағаның құлағын бітеп тастағандай етіп, еріксіз жатқызып, бүркеп тастап үйге келіп іштегі шерді актарысқан кешегі үлкендер "Қайран Күмісекең" деп күрсінгенін сан естігенбіз. Не екенін білмесек те бір сұмдықты жүрек сезіп, елегізіп ұйықтаған болсақта құлақ түретінбіз. Күмісбек молла. Күмісбек ақын. Бірде Күмісекеңе біреу "сақалдың әр талында бір-бір періште тұрады" дейді ғой десе, ол кісі "ендеше бар періште Бота Қараменен Шешен қараның мұжығынан артылмас" деп іліп түсіпті.

Ол кісі туралы үзік-үзік әңгімені естіген де едік, әттең пенденің басына түскен олқын-толқын заманда талайы ұмыт. Ал кешегі сүбелі әңгіме айтатын үлкендер запы боп, біле тұра білгенін айтуға қорқып, аузын басып, қаншама мол қазынаны өзімен бірге ала кетті.

Кейін біраз мәлметті Әбдіәкім молладан, баласы Ханбатыров Әшіраптан, Ескей жыраудан алуға тура келді. Ескей ақсақал да Күмісбектің өз атымен өлеңдерін жазып беруге жасқанып, 30-шы жылдары Күмісбектің өзі біраз жамылған "Адасбек" деген атпенен қағазға түсірді. Осылай сақтаута мен де келістім.

Майысқан нәзік сұлу бұтақ жайын,
Гүл жайып үлбіреген, қылғын пайым,
Көк бұлақ көкорайда тіліп ағып,
Сенделтті саясында сәнді сайын.

Жел шерткен домбырасын бұлбұл әнші,
Өзгермей өсер деуші ек осындайың,-

деп қасиетті мекен туған жер келбетін осыншама жылылықпен жырлаған екен ақын. "Жел шерткен домбырасын бұлбұл әнші" деген теңеу бейне осы күнгі ақындардың да аузына түспей жүр-ау.

Баласы Әшіраптың жазуына қарағанда 1925ж шамасында әкесі Күмісбек ақын Қызылорда жаққа барады. Сол шамада "Сыйлық" атты кітабы да шыққан. Ол кітапты Әшірап сонау қиын жылдары тығып тастап сақтап келгенде, бертінде 50-ж ортасында ашық ұстап үйіндегі кітап сөресінде сақтаған. Кітап сол жерден қолды болды дейді. Өкінішке орай ол кітаптың басқа данасы күні бүгін таптырмай отыр, кешегі "халық жауын" түп тамырымен жоюшы инквизиторлардың барлық архивтен алып өртеп жіберуі де ғажап емес. Кітап кезінде Ленинге арналған, "Ленинді таныдым" деген өлеңмен ашылатын болса керек.

Күмісбек ақын 1886 ж Семей губерниясының Қарқаралы уезіне қарасты 2 ауылда Ұста деген жерде дүниеге келген. Әкесі Ханбатырдың 3 ұл, 2 қызы болған екен. Дәулеті орта ғана адам екен. Дәрімбек атты ұлының ептеп ақындығы болса керек. Данабегі момын, қара шаруа. Күмісбек үш жасында әкесінен, оннан аса шешесінен жетім қалады. Жеңгелерінің мінезіне көңдіге алмаған бала Керней Сүлеймен деген жездесінде біраз болып, онан Сарым Мақажан жездесінің үйінде болады. Жасы он төртке келгенде Қоянды жәрмеңкесіне барып, Қарқаралыдан Ташкенге мал айдаған өзбекке жалданып, қой айдасып кетеді. Әрі сал өзбек жас Күмісбекті оқуға орналастыруға уәде еткен екен.

Ташкенде ер баласы жоқ мешіт имамының қолында тұрып, шаруашылығына көмектесе жүріп, медресені де оқып бітіреді. Медреседегі сынақ кезінде өз қатарластарының жауабын қайта-қайта түзеп айтып, мұфтидің көзіне түссе керек. Артынан іздеушісі жоқ, қаражатқа жарымаған баланы мұфти сол жылғы бітіргендердің ішінен тандап Бұхараға жолдайды.

Күмісбек Бұхарадағы оқды біраз тәмәмдап, сонан ол жакта оқитын қазақ жігіттеріне ілесіп Орынбар, Петербор барып, ел көріп, жер танып, орыс оқуынан да хабар алып, 1955 ж. туған жеріндегі ағайын туыскандарына қайтып оралады. Бұл жакта "мектеп-медресе салайық" деген Күмісбек сөзін "әрине, әрине" деп сөзбұйдаға салған ел жақсылары аса құп ала қоймайды. Еліне ең болмаса мектеп ашып,

дінмен де, дүниеауи біліммен де таныстыруға септігі тимеген ол жігері құм болып, ақыры руы Қара Нөкебай деген қызды алып, Нілдіге орналасады. Нілдіге барып медресе-мектеп ашуына Бәйменде деген кісі себеп болған екен. Бәйменде қызы Гүлзағира, Бимария осы кісіден дәріс алған. Гүлзағираның жолдасы 1937 жылы ұсталып кетіп, жас келіншек алданышы баласы болмаса да қайтып күйеуге тимей 1987 ж. дүниеден қайтты.

Күмісекең 1916 ж. халық басына келген ауыртпалықтан тысқары қала алмаған. Тығырыққа тірелген ел осы кездің өзінде-ақ аты шыққан ақынға ақыл сұрай келгенін қариялар күні бүгін айтады. С. Сейфуллин өзінің "Тар жол тайғақ кешу" атты кітабында Нілді бойының қазақтарын Күмісбек молланың патшаға қарсы көтеріп жүргенін сөз етеді.

Революция жеңгеннен кейін де әрі-бері өткен әр түрлі әскердің шапқыншылығына ұшырған елдің күн көрісі азая түскен. Онан кейінгі кезеңде кешегі молла ақынның соңына түсушылық байқалады. Әрі тұрмыстан тапшылық көрген, әрі сол заманда-ақ белсенділер соңына түсе бастаған ақын бір топ туысқанын ертіп Шу бойына көшіп барады.

Жаңа экономикалық саясат кезінде елдің халі біраз көтеріліп, ұрдажықтық азайып, адамның пейілі де түзелгендей еді. 1926 ж. жазында Шуға туыстарын іздеп Арқадан бес кісі (Тұрбек, Данышбек, Бақтың Оспаны, Ыдырыс, Бақтайдың Мұқашы) барады. Елдің тұрмыс жағдайының, пейілінің түзелгеніне сенген ақын көшіп келіп, ағайынды үшеуі Ұстадағы қыстауды қыстаған. Осыдан сәл бұрын Күмісбектің жұбайы қайтыс болып Қадияшаға үйленген екен. Ол кісінің күні бүгін көзі тірі, қазір 90 жаста.

Елге келгенімен Күмісбек мектеп-медресе ашып, бала оқыту жұмысымен айналыспайды, олай етуге мүмкіндік еместігіне көзі жетеді. Бұрынғыдай бұрқыратып өлең жазбаса да "Адасбек" деген атты пайдаланып, өзінің дүние танымын танытқан біраз жырлар туғызған. Оның бірен сараны ғана бізге жетіп отыр. 1928 ж елге төніп келе жатқан жаманшылықты сезген ақын елден жылжып кетуге мәжбүр болады. Ол Фрунзе (Пішпек) қаласының солтүстік жағындағы үлкен Шу каналын қазу жұмысына орналасады. Канал жұмысының басқарушысының бірі Майдабор деген кісі сауаты бар Күмісбекті есеп-қисап жұмыстарына ұстаған екен. Күмісекең астыртын елге келіп, бала-шағасымен жүздесіп кетіп тұрған, бірақ алып кетуге мүмкіншілігі болмаған.

Әуелі ірі байды, одан ортаншысын айдап салған белсенділер 1930 ж Күмісбектің де үйін кәмпескелейді. Сол

маңның шала сауатты белсенділері Аймағанбет, Сағынбек, Тәжібай, Жаман Жәмкей деген жеті кісі ақынның семьясы күн көріп отырған 1 түйе, 1 ат, оншақты қойын айдап, қоңырша үйін жығып алып кетеді. Қадиша шешей егіз балалы екен, сол себептен жер аударылмаған. Жер аудармағаны үшін басқа кісіге байға тиюге шарт қойған. Оның үстіне 'жау' ретінде Күмісбекті ұстауға "приговор" жасап, жоғарғы жаққа айдаған.

Қадиша шешей ішер ассыз, киімсіз, екі баланы етегіне салып жұртта қалған. Ең болмаса баланы орап шүберек тастамай кеткен белсенділер оған ешкімнің қарайласпауын да қатты қадағалаған. Сонан кеш түсе әлдекімнен бір қанат ескі ши сұрап алып, ғана еткен. Түн жарымында жасырынып келген әйел сүт пен ірімшік беріп кеткен.

Балаларын сүйретіп ескі қыстауға жеткен Қадиша ақынның кітаптарын әуелі үйге тыққан. Ертеңіне келген белсенділер әйелді қарқ-қарқ күліп, қамшылап айдап 30 шақырым жердегі ауданға әкеп, тексерген боп қоя берген. Баяғы қыстауға келсе кітаптары тегіс шашылып жатыр екен, оны сонадай жердегі Аймахан мазарына апарып жасырған. (1957 ж. ақынның ескі қыстауын бұзғанда қабырғамен қоса қалаған жалғыз кітап шыққан екен, оны Тұмсық фирмасында тұратын Жұмаш деген кісі алған. Қазір кітап із-түзсіз).

Қадиша шешей Күмісбектен бес бала тапқан екен, оның бәрі де қуғын-сүргін заманында о дүниелік боп кеткен.

Ел жақтағы қанқұйлы белсенділердің жоғарыға ақынды ' жау қашқан" деп қайта-қайта көрсетуі ізсіз кетпеді. 1930 ж жазында Қордай ауданынан милиция келіп ұстады да Алматы түрмесіне жөнелтті. Адамның ақ, қарасына жетер заман жоқ еді, қолға түскен торғайдай шырылдаған уақыт. Күмісекең түрмеде жатып:

Ағаш үй үсті тақтай, асты тақтай,
Жатамын ұзақ түнге кірпік қақпай,
Жаныма жаным құрбан деген досым,
Басыма іс түскенде бәрі қашты-ай.

Бұл күнде адам бар ма табыстырар,
Табыстырар деген дос шағыстырар.
Араз отын сөндіретін деген жаның,
Қолына шаланы алып қағыстырар,-

деген ұзақ өлеңін жазған екен, оны бізге Әбдәкім қарт

тегіс жеткізді. Дегенмен ел жақсысы, ескі оқығандар әлі де таусылып болған жоқ еді. Ақыры солардың шапағаты тиіп, Күмісбек жыл жарым жатып түрмеден босанып шығады. Сонан Қазақстан жерінен бас сауғалап Пішпекке өтіп кетіп, сонда мал дайындаушы боп біраз жұмыс істейді.

Қайда барса да аты белгілі ақынды жұрт қошеметтеп қарсы алған. Белгілі адамның халық арасында жүруі ГПУ-ге ұнамасы аян. Сол себепті ізіне түсе бастағанын сезген бетте Күмісбек ақын басқа жаққа кетуге мәжбүр болған. Ол Атбаши ауданындағы үлкен Атбаши өзеніне көпір салуға қатынасса, онан Пішпек қаласының жанындағы Таси-төбе деген жерге кеп біраз жұмыс істейді. 1938 ж. шамасында сол мандағы қант зауытында да істеген. Сол уақыттағы қашқылықты-қайғылықты боп жүрген ақынның өмір жолын толық айту мүмкін де емес боп отыр.

Тек 1931 ж. зұлматына ұшыраған, елін, жерін тастап босыған жұртқа сол кезеңде де қамқоршы, ақылшы болғаны анық. Тіпті бірде өзі қолынан келгенше жәрдем етіп жүрген Бадан ұлы Жақия деген босқын орныққан жерін тастап, басқа жерге ауысам дегенде қарсы болған. Сонан Жақия аяғын сындырып алған екен. Күмісекең:

Амансың ба ақсағым,
Көшпедеп қанша қақсадым.
Әм қарындас, әм келін,
Балбаладан аспадым,-

деп реніш білдірген.

Сол қысылшолаң шакта, біреуге біреу тіс көрсетіп, күш білдіріп, моральдық негізден ауып түсіп жатқан уақытта да ақын өз айналасына, барған жердегі кеңестерінде тар уақыттың өзінде әр пенде инабаттылықтан шығып кетпеуін уағыздап, сан өткір шумақтар тудырған екен. Сондай қиын шамада арақ ішу өзі есінен танған жұртты она әрмән аударып әкететінін сан айтқан. Бірде көз көріп жүрген ерлі-зайыпты Амантай-Аманкүл дегендер ақша алған сайын арақ ішіп, төбелесіп, көршілерге де маза бермейтініне ренжіген ақын:

Бір үйде бар екі Аман,
Қылықтары тым жаман.
Түзден қысып біреуі,
Үйден қысып біреуі,
Құтыртты ғой бұл заман, -

деген екен.

Белсенділер соңына шырақ алып түскен Күмісбек ақын 1940 ж. ұсталып, репресияға ұшырап, жоқ болып кеткен. Ел сыйлаған ақынның мұрасы тоз-тоз боп жұрт қолында кете берді. Оны жинау бүгінмен зиялымын дейтін ұрпақтың шаруасы.

Ақынның артында аңыз қалды.

Күмісекең кеседегі суды ұйытатын еді деген сенім қалды.

Ары таза, рухы биік ақсақалдың әруағы атын естіген жұртты бүгін де аялап жүргендей.

ТҮСЕТАЙ АҚЫН (1870-1931)

Сарыарқа сағындым ғой жайлауынды,
Өтетін сайлау таста сайлауынды
Жаныған тас шарыққа өтпес пышақ,
Қойсаңшы зығырданым қайнауынды,-

деп қазақтың жайлауын да, еркіндігін де аңсап жырлаған Түсетай ақын. Қазақты қайыршылыққа ұшырату үшін көш жолын тежеп, артынан тыйып тастаған саясат ақыры аштыққа ұрындырды. Түсетай жырға қосқан Сайлаутас алып нілдей өңкііп Қармыс өзенінің бойында тұр. Бұл жерде атакты билер жұртқа танылып, болыстар сайланып тұрған Түсетай ақын "Сары Арқа" жырына Бесата елінің жер суының әр пұшпағын атай отырып, бостандықта өмір сүрген халқының ғажайып суретін салады. Азаттықтың үніне тамсанасың.

Шортанбай өмір сүрген өңірдің, сол жыраудың үлгі мектебін бойына сіңірген Түсетай Қоржынбайұлы 1870 жылы Шет ауданының Ақшатау ауылында дүниеге келген. Ақынның "Кер заман", "Заманың қарсы тұрғанда", "Ортайған шара" өлеңдерінде келтірілген мәселелер ел берекесін кетірген алауыздықты, әділетсіздікті, заман кесепатын әшкерлеу. Түсекеңнің тілі де өткір, әрі көркем.

Түсетай ақын қай заманда болмасын билік құрғандардың шашпауын көтеріп, мақтау өлеңдер жазған емес. Әсіресе ақын Голощекиннің "Кіші қазан" саясаты тұсында бұл саясаттың астарын түсініп, халық басына төнген қара бұлтты айқын бейнелейді.

Ақынның мұндай ұстанымы айтаққа ерген шолақ белсенділерге жаққан емес. Олар Түсекеңнің соңынан қалмай

түсті. Ақын оған мойыған емес. Сонау 1916 жылы патша саясатына қарсы:

Шұбыртып қазақты айдап малын алды,
Сүйікті ел қорғаны ерін алды...
Баланы солдатқа алып, өлімге айдап,
Қанеки құрымаған неміз қалды, -

деп жырлаған ақын.

Ендігі заманда, белсенділердің қылығынан шошынып

Заманың қара тұрғанда,
Толықсытпай таңың атпайды.
Боршатпай түнің батпайды
Ағайын ала сырт тартқан,
Отың сөнбей жатпайды, -

деген.

Ақынның бір өндес өлеңдері молшылық. Керзаманның алдында халқының шарасыздығын, амалы жоқ елінің айдауға көніп бара жатқанына ақын жүрегі тебіреніп зар жылайды. Әрине, ақынның заманды әшкерелеуі билікке ұнаған емес. Ақыры ақын түрмеге түскен. Түрме азабын кеп тартқан, әрі денсаулығы кем ақын айықпас дертке ұшырайды. Ақынның енді қайтып бұл аурудан бас көтермесін таныған белсенділер оны босатқан. Түсетай ақын бір айдай ғана өмір сүріп, 1931 жылы дүние салған екен.

Қаппар ақсақал (1997 ж. 84 жаста еді) Түсекеңді жерлеуге қатысқан екен. Ақсақал табан жолын ғана зорға көреді. Ақынның мүрдесін іздеп Ақшатау ауылына келдім. Қапкең "Түсетайды бір жалғыз талдан бері жерлеп едік" дейді. Жалғыз тал не қиылып кетті, не орман боп өсті дейді көңіл. "Осы жердің тұрғыны Зейнеге барайықшы" дейді Қапкең. Зейне де көзі көрмейтінін алға тартты. Ауыл әкімі Кенбайды ерітіп, өзен жағалап кеттік. Қайран ақынның басына сонау 1931 ж бері ешкім бармаған. Машинадан түсе ақын қабірін іздеуге жаппай кіріскен. Көңілім арт жакта қалған бір шоқ тал мен үй орнындай шиге ауа берді. Адымдай басқан аяғым қабірдің беттасын баса бере тоқтаған. Бас жағына айналып шығып бақсам, қатар екі беттас жатыр. Бұл қалай деген күдік кіре берді. Дауыстап басқа жұртты шақырдым. Таяй берген Қапкең "шырағым қабір жалғыз болмауға тиіс еді ғой" дейді. Неге?". "Ақынның әйелін де көп ұзамай қатар жерлегенбіз".

Көңілде күдік калмады. Ұзағынан дұға оқылды. Бір Алла ақын қабірін талқан болудан сақтап қалыпты. Қабірдің шығыс жағынан бір жарым, батыс тұсынан бір метр жер ауыр машиналар қазып өткен терең сорап.

Сол жылы әкім Кенбайға ақын мүрдесі жатқан жерді темір шарбақпен қоршаттық.

ОҚА АҚЫН (1863-1929)

Шет өңірінің оныншы ауылында дүние есігін ашқан дарынды ақын. Суырыпсалмалықтың да қас шебері болған. Қазақтың серілік дәстүрін ерекше құрметтеп, жүрісті ат, алғыр тазы, қыран құс ұстаған. Қазақтың өткен өмірін, тарихын қатты аңсаған. Ол жазған "Абылай хан" дастанының бізге аты ғана жетіп отыр. Зорлығы көп жаңа құрылыстан қатты жиренген ақын сол заманның белсенділерін қатты сынаған:

Бұра-тара бөлініп,
Қу мен құлтан демікті.
Шайшыл болды жарымес,
Саумалды ішпей көбікті,
Табылған соң не қылсын,
Екі басы келікті.

Сойылды қойып ұрылар,
Қос ауыз мылтық асынды.
Бермесен зорлап алам деп,
Бар арлыны басынды.
Ізеттіде билік жоқ,
Қамауда қалып тосылды.

Оқа Сәттібайұлының бұл сарынды шығармалары, оның түбіне жетін тынды. Ол 1929 жылы атылды.

БАБАС АҚЫН (1868-1931)

Қоренұлы Бабас Шет өңірінің Ақшатау болыстығында дүниеге келген. Суырыпсалмалыққа машықтанған ақын. Ол өзінің туыстары Диа қажы, Түсетай ақындармен сан рет қағысқан. Әсіресе өзінің туысы Диа қажымен қақтығыстары-сөз өнерінің бір шыңы.

Осы қажы түйте ме,
Түйте болса бүйте ме, -

деп тиісетіні де бар Диа қажы Қарқаралының түрмесіне
қамағанда оны іздеп барып, қажыған Диа қажыны қайрап:

Қалай екен кепеуін,
Кетіпті ғой кетеуің.
Жұртқа маза бермеуші ен,
Ғаббас пенен екеуің, -

деген екен.

Ол қаба сақалды адам еді, Маркске ұқсайтын, - дейді
Нұржан Менісұлы. Бабас ақын да репрессияның құрбаны.

ЖУАСБАЙ АҚЫН (1854-1918)

Жуасбай ақын Тасболатұлы бұрынғы Қарқаралы уезінің Ақшатау болысына қарасты (қазіргі Шет ауданы) №10 ауылында "Аякши" деген жерде дүниеге келген. Ақын сол өзінің туып-өскен жерінде 1918 жылы қайтыс болған. Ақынның Сейітжан, Төлеужан, Күләнда деген балалары болған. Үлкені Сейітжан Қарқаралыда оқу бітіріп Мойынтыда мұғалім болып жүргенде 1940 жылы қайтыс болады. Төлеужан соғыста өлген. Сейітжанның торғауытынан ұрпақ бар.

Жуасбай ақынның өзі де әкесінен 14 жасында жетім қалған. Сауатын ауыл молласынан ашқан туа зерек бала кейін Қарқаралыда оқып, біраз білім алған. Дүниеге көз ашық Жуасекенді ел жиырма жылдан артық би етіп сайлаған. Ол әділдігімен, шешендігімен елді аузына қаратып, жұртқа жаққан. Жуасбай ақынға сол заманда өмір сүрген Шортанбай жырау қатты әсер еткен. Бұл жөнінде бізге Қазі ақын Жуасбайдан қалған мына сөзді жеткізген еді:

Мен көрдім Шортекеннің тәлім жолын,
Бір алла айтқызыпты істің оңын.
Пайғамбар ұрпағы ғой, пәк әулие,
Таймасқа әділдіктен алдым қолын.

Жуасбайдың жыл болыс болған, ел сыйлаған әділдігі Шортанбай жырауға берген осы серті ме екен деген ой келеді.

Ақын он сегіз мың жылқы біткен заманда да би екен. Адамбай өлгенде Жуасбай ақын:

Атағың кеткен аймаққа
Жүгін сыймас байлыққа

Ортадан жарып оқшиды,
Бұзылмай тұрған қаймаққа, -

деген.

Ондағы тайдағы жас Топатай, ол Адамбайдай болып, елді қаймақтай ұйыта ала ма дегені.

Бірде Қарқаралы - Ақмола уезінде бөлінген елдің дауын шешуге екі жақ Айғыржолда жиын өткізді. Дауды шешуге әділ төбе би керек. Әуелі көпшілік Қуандық Әшірбекке тоқтаған екен. Ол биікті қудандал Ақтайға ұсынады. Ақтай ел жақсыларымен ақылдаса келе қазақшаға да, орысшаға да жетік, әрі шешен, әділдігімен аты шыққан Жуасбайды ұсынады. Жуасекең сөйтіп төбе биге сайланған. Сонда жиендігі бар тобықты Нарманбет ақын:

Бір тапаны көріпсің өліп-талып,
Ел болмайды бұл балта әбүйір алып,
Есің барда Жуас-ау, ерте сақтан,
Біреу алып кетпесін жыға салып, -

деп әзілдейді. Нарманбеттің тапа дегені - төбе билік.

Сонда Жуасбай ақын:

Менде бар деп естіпсің жалғыз тапа,
Кім сонан айырылады келсе шама.
Өлі жетсе жыға сап кім алмайды,
Ана жылы жығылып па ең қасақана, -

деген екен.

Нарманбетті бір сайлауда Омаштың тілеші болыстықтан түсіріп, өзі болған екен. Жуасбай ақын соны тілге тиек етіп, іліп түскен. Нарманбет пен Жуасбай ақын кезек-кезек хат жазып айтысады екен. Тағы бір жолғы Нарманбеттің:

Білесіз арғы атаңыз Мейрам сопы,
Ыштансыз кедей өткен ашып жопы,
Қыз үшін Алтай ағаң жалға жүрген,
Алуға қалың беріп жетпей қоны -

деген хатына Жуасекең былай деп жауап берген:

Нарманның біздің елге келді хаты,
Хатқа жауап бермесе тұр ұяты.
Тобықты ат қосады "маябоз" деп,
Адам ба, хайуан ба арғы заты.

Бір тойда тобықты жағы бәйгеге ауылына келген орыстың

атын қосыпты. Басқа аттардан озып келе жатқан боз атын таныған орыс "мая боз" деп жүгірсе, оның соңынан жанындағы тобықтылар да "мая боз" деп ұрандаса жүгірген. Ат келгенде озған жақ ата-бабасын айтып, әруақ шақырады. Бұл жолы "мая боз"-дасып күлкіге ұшыраған екен. Жуасбай соны айтып отыр.

Қарқаралыдан келе жатқан Жуасбай ақын Қызылтауға болыстыққа сайланып, елге қайтып бара жатқан тоғыз үй тоқпан Нарымбекке жолығып калады да қайырлы болсын айтады. Сонда Нарымбек Жуасеке осыны өлеңмен айтыңызшы деген екен, Жуас-екең ойланбастан:

Қуға қу кез болады екіндіде,
Япырмау аяқ асты жетілді ме,
Қорада қиқым жейтін қотыр тай ең,
Жал бітіп, арғымақ боп секірдің бе, -

деп салған.

Жуасбай ақын "Ерназар-Бекет", "Есенгелді-Саржан" "Бай мен кедей" дастандарын өзінше жырлаған. Ақын туған халқын аса сүйген, өзінше қамқор болып, жақсылыққа үндей білген:

Сүйемін қазақ сені сүймесең де,
Қайғырам халінді ойлап білмесең де,
Сүйегім, қаным қазақ болғандықтан,
Қызады қаны құрғыр көрмесең де.
Айтамын жақсы бол деп болмасаң да,
Қал деймін дау-жанжалдан қалмасаң да.
Бар деймін бас қосатын жерің болса,
Тіл алып, пайданды ойлап бармасаң да,-

деп басталатын ұзақ өлеңінен ақынның туған халқына деген жаны күйген жанашырлығын ұғасын.

Қуғын-сүргіні мол XX ғасырда Жуасбай ақын аты аталмады. Оның ұзақ жылдар би болуы, халықты аузына қартуы Совет заманында кешірілмес күнә еді. Айтқандары баспасөз бетін көрмеді, қолжазбалары жоғалып кетті. Осы жолдардың авторы ақынның қызы Күләндаға адам жіберіп, дайындаған мақаланы қайта өңдеп газетке жариялатқан еді. Ақынның мол еңбегі әлі түбегейлі зерттеусіз жатыр.

ТӨЛЕУБЕК АҚЫН

Арқаның Бес ата елі жайлаған өңірінде өмір сүріп, өз

заманында белгілі қоғамның пікір тудырып, өзінен бұрын өткен Бұхар, Шортанбай, Дулаттардың ізін қуып, жұртты әділдікке бастай білген орақ тілді, от ауыз ақындардың бірі ақын Төлеубек Бейбітұлы еді. Аты ұмыт болуға айналған талай жампозды қысталаң заманнан көреміз. Кешегі қысталаң заман деп коммунизм идеясын қарақаттауға жанымыз құмар -ақ. Қысталаңдықты идея туғызған жоқ, көр соқыр белсенділер, желбуаздар алып келген. Әйтпесе қазақтан басқа жұрт ақынын да, шешенін де, дінін де біз сияқты аяқ асты еткен жоқ. Бірінің сыртынан бірі өсек айдайтын бүгінгінің "білгенінің" сол көрсоқырдан несі артық?

Төлеубек ақын қилы-қилы тағдыр ісімен зерттеусіз қала берді де, ақын туралы түбегейлі әңгіме айтып, жырын толғайтын көне көз қариялар таусыла берді. Көрсоқырлар қолымыздан қағып, аузынан басып тұңшықтырған тұста ақын әруағын көтере алмай, бүгін зорға оралып отырған жәйіміз бар. Ақынға туыстығы жақын ағайын сөзі мен ғұмынамасын ұстай алмай, көне шежірешілер өтіп біткен шаққа дәл келіппіз.

Ақынның қолға тиген аз-мұз мұрасын жинауға ат салысып, осы өңірдің тау-тасын кезіп, жасы келсе де жолсерік жолбасшы болған Жұматай Құтжантегіне, Мұқаш ақсақалдарға ерекше ілтипатымды айтқым келеді. Сол сияқты бірер шумақ өлеңін білген Әлімбекке де көп рахмет. Төлеубек мұрасы табылар ма деген үмітпен Абыздың Қараталында тұратын Шәмшінің үйіне ат басын тіредік. Өлгенде туысына 60 атан байлаған Тіләш бай болса, оның қобызшы ұлы Әбіштің қобызын сақтай, Шәмші 9 жасынан қобыз ұстапты. "Қобыз қылы бесті жүйріктің қылы болу керек" дейді Шәмші.

Шәмші Адамбайдың Еренбек 1961 ж. 95 жасында дүниеден өтіпті. Төлеубек ақын Еренбектен екі жас кіші екен. Сонымен ақын Төлеубек 1968 ж туған болып шықты. Міне осы тұста Жұматай ақсақал он жасында 1927 ж ақынның қайтыс болғанының куәсі екенін дәлелді айтып, көзімізді жеткізе түсті.

Жалғанда бала сүймей өткен ақынның әйелі Айғайша ері өлген соң Адамбайға тұрмысқа шыққан екен одан Шәмші дүниеге келген.

Ықсанұлы Мұқаш ақсақал "Төлеубек ақын ашаң, ат жактыдан сопақ бетке келінкірейтін, сақал мұрты сиректеу, қоңырқай өңді адам еді. Жанынан ер, сері деген жігіттерді тастамайтын. Кәнібай (қоян жылы туған) тәрізді ширақ, Өлтеке балуан Жұрын т.б ер көңілді азаматтар үнемі соңына еретін" - дегенді де құлаққа іліп жатыр.

Төлеубек ақын өзімен құрдас Ақбас домбырашымен қатты

сыйлас, әрі әзілдері жарасқан дос болыпты. Ақбастың шерткен күйлерден бір ауық уақытта екеуі тоғызқұмалақ, дойбы ойнап, айналаны өнерге баулыса керек. Ақбас досының қолынан шыққан домбыраны өмір бойы ұстап өтіпті.

Оба деген ауру тиылмай тұрған сол бір шақта үш азамат қаза болып, үш жас жесір әйел қалады. Жыл өтіп, қазақ жолымен әмеңгерлік те етпей үшеуі ағайынның бетіне жалтақтап отырса керек. Сонда ақын әйел болып Ақбасқа қалжың өлең шығарған екен. Соның бір шумағы ғана сақталыныпты:

Ақбас жолдас, малдымыз,
Төлеубала, Қалы қыз.
Ондырсынба құдайым,
Кемпір қылды-ау алдымыз.

Төкеңнің әйел болып досына жазған өлеңі оншақты шумақтай бопты. Жарынан айырылып, шиеттей балалармен қалған жас әйелдердің тағдырға налысы, ағайынға мұңға толы өлең болғанының ұзын-ырғасын бүгінгі айтушышар қара сөзбен ғана жеткізе алып отыр.

Төлеубек ақынның өз қолымен жазған жазба мұрасын кезінде Қарғалыда тұрған Сәден Оспанұлы алған екен. Сәден дүниеден өткен соң ол мұраға қол созған ағайын табылмаған сияқты. Сәден үйіндегі жеңгеміз "көргем жоқ, білмедімнен" арыға бара алмай діңкемізді құртты.

Ақын өзімен сыйлас, бір ауылды аузына қаратып, бір рудың биі болған Ақбота Тұрсынбекті қадір тұтыпты. Тұрсынбек — ел сөзіне тоқтаған, әділ де білікті адам ретінде аты шығыпты. Біліктіні сүріндіргенде мәз болатын аузы қисық қайдан болса да табыла кететіні және бар. Бір дауда ағайыны Тұрсынбектің тілін алмай кетсе керек. Сонан "Ел сыйлағанды туыс сен сыйламадың" деп өкпелеп Тұрсынбек шөлге ауа көшіп кеткен де, сол жақта қайтыс болыпты. Соған налыған Төлеубек:

Шіркін-ай? Тәуір еді Тұрсынбек те,
Басқадай емес еді-ау жуан өкпе.
Топырақ қолдан қойып сала алмадық,
Мұхамбет үмбетім де қияметте -

деп басталған өлеңін жолдаған.

- Төлеубек те, Тұрсынбек те елді имандылыққа қатты баулыған екен. Ел азбасын, тозбасын деген де, - дейді Жұматай ақсақал.

Ақын өз замандастарымен, құрдастарымен қатты қал-

жындасқан. Сөз түсіне білетін қазақ ондай қалжың қанша өткір болса да өкпелемеген. Төлеубек құрдасы Бейбітті түлкімен айтыстырып, түлкінің аузына мынадай сөз салған:

Қалмадың қыр соңымнан Бейбіт пұшық,
Шықпадым Қызылтастан к... қышып.
Иіскелеп санғырықты ере бердің,
Ізімен аңшы атанған пұшық-пысық.

Әрине, бұл келтіріп отырғанымыз да ұзақ айтыс-өлеңнің қолға түскені ғана. Білетін жұрт болса, бізбен хабарласса, дән риза екенімізді күні бұрын айтып қоялық.

Ақынның өзі де аңшылық өнерден құр алақан болмаған. Өзі тіккен сәнді саптама етіп, оқалы шапан, тоқымы көк-сауырланған күміс ер, аяңшыл ат, оған ерген қос ақ тазы ақын бейнесін көптің алдында сақтаған. Қос тазысы да аса сыпа екен. Тазылары иесінен тамақ сұрағанда аяғымен түртеді де, ұялып теріс қарайды деседі үлкендер. Төлеубек дүниеден өткен соң сол қос ақ тазы қабірін іздеп тауып, сол маңнан шықпай жатып қалыпты.

Кешегі жақсы Жәкеңнің кей ұрпағы ұрлыққа бет бұрып, көп мал алып, ел арасы бүлініп, үсті-үстіне қуғыншы жетіп, Жанғұттының Тәтибегі жер аударылады да, Қызылжарда өледі. Мұнан сәл кейін, 1916ж. Боқай болыс та қайтыс болады. "Тыямынға" тиылмай, ұрлық-қорлық өсіп, өсек-аяң өрбіген бір кез екен. Мезі болған ағайын Төлеубекке "Сарымның ендігі жақсыларына өлең шығаршы" деп тілек етсе керек. Сонда ақын табан астынан:

Ақ иық Боқай едің Нұрадағы,
Алысты жақындатқан қиядағы,
Орынына екі жасықталасып жүр,
Артында болмаған соң тиянағы.
Соңынан орыс мизам шығармаса
Айтуға бір-біріне мұра дағы.
Бітпейді бұзылған іс тіпті оңайдан.
Жыланның тумай жатып тілін біліп,
Уытын туа сала жұртқа жайған, -

деп басталған, елдің ендігі бет алысын қатты сынаған өлеңін айтып салған.

Міне, осы тұста ел арасын біріктіруге, ағайынды татулыққа шақырып, күш салған Әбіш көңіліне ұнаған Төлеубек:

Қояннан қасқыр туған батыр Әбіш - деп бастаған туын-

дысын шығарған. Ақын осы өлеңімен жатқа жем болып бара жатқан елін талауға түспей, ертеңін ойлауға үгіттейді.

Төлеубек ақын заманында Арқаның бұл өңіріндегі сан ақынмен айтысқа түскен. Төкеңнің Шашубаймен айтысы ел аузында ұзақ сақталған. Бұл Нарманбет ақынның көзі тірі түс екен. Ел танығыш, ел бірлігін қатты ұстанған Нар екең ағайын арасына сөз жүріп кетер деп, айтыстың алдын тосыпты. Нар екең Шашубайға "осы Төлеубектің тілі ашық болушы еді, ыңғайсыз жағдай болар, сен қой" десе, жұрт сөзіне еліріп алған Шашубай тиылмапты. Шашекең айтыстың бір тұсында:

Кереге жамбасына батқан,
Көк шалбар көтіне қатқан,
Көше алмай жұртында жатқан,
Несібін ағаштан тапқан, -

деп.

Төлеубектің елі табынның жұтандаулығын, кебінің кереге басып, үйшілікпен, ағаш шеберлігімен күнелтетінін бетіне басқысы келгендей сыңқай танытыпты. Сонда Төлеубек:

Ант атқан, құдай атқан, кері кеткен
Мойнына көк шолақтың ері кеткен,
Қыс қыстау, жаз жайлауын бөліп алмай,
Мен бе едім сені елден тентіреткен, -

деп Шашубайдың да бар байлығы көк шолақ екенін есіне салып, орыс заңымен жерге таласқан ағайынның зардабы оған да тиіп жатқанын, енді "тентіреудің" де көбейіп бара жатқанын тілге тиек етеді. Айтыс қызуына еніп алған Шашубай Төлеубекке "кірмесің" дегенді айтып қалады. Сонда Төлеубек:

Шашеке, мені Майқы демедін бе
Майқы десем шабады көмегіме.
Шашеке, неменеге мақтанасың,
Бір кезде сиынып ең "мая боздың" енегіне, -

деп түйреп түседі.

Айтысқа қатынасып отырған Нарманбет: "Тоқтат Шашубай! Сыбағанды алдың" деп тиып тастапты.

Төкеңнің "Мая боз" дегені бір аста ел ішін аралаған бір орыс боз атын бәйгіге қосыпты. Оны тобықты жағы орысты көндіріп "тобықтының аты" деп қостырады. Сол боз ат озып келе жатса уәдені ұмытқан орыс "Мая боз" деп есі шыға айқайлап, алдынан жүгірсе, тобықты жағы "мая боз" деп

шуылдасқан. Төкеңнің аузындағы бұл сөздің ар жағында мен қаным, дінім бір қазағыма келдім, жат емеспін, сен орысқа табындың" деген ащы мысқыл жатқан еді.

Ақбота Ілияс ақсақал Төлеубектің әрісі Асан қайғыдан, берісі Бұхар Шортанбайды ұзақ жырлайтынын көп айтып отырушы еді. Шортанбай туындыларының шығу себептерін де Төкен жақсы біледі екен, әрі Шортекеңнің айтқандары әлдеқайда толық болса керек. Оның бәрі бүгінде қолға түспес асыл қазына боп кетті ғой.

Төлеубек ақынның мүрдесі Көрпетаидың Қарағаш қыстағында екен. Бүгінгі ұрпақ басына белгі қойса еш артықтығы болмас еді.

ИСАБЕК АҚЫН

Кезінде дүкіреп аты шықса да тағдырдың тезіне түсіп аты аталмай бара жатқан ақынның бірі - Исабек Ескендірұлы 1869 жылы туып, 1933 жылы 64 жасында дүние салған. Мүрдесі Ақсу-Аюлы жанындағы көп бейітке жерленген. Оның заманында дарынды, төкпе ақын болғандығын жасынан-ақ беті қайтпай Құлтума сияқты ірі ақынмен айтысқа түсуі, Мәдіхан, Шашубай, Қақпан, Кеншімбай, сияқты жүйріктермен сайысқа түсуінен-ақ аңғаруға болады. Кезінде Бесата елі, оның ішінде Кәрсөн-Кернейлер Исабекті аса мақтан тұтқан.

Жастайынан ел аралап, өлең қуған ақын Құлтумамен Жанғұтты шешеннің ауылында кездеседі. Құлтума да Бесата ішін аралап, Жанғұттыға соққан беті екен. Құлтуманың келгенін естіп, сол маңның үлкен-кішісі ақынның жырын естіміз деп жиналған екен. Сегіз қанат үйге сыймаған жұрт керегені түріп тастап, далаға жайғасып, сөз тындаған. Бұл қызықтың үстіне шағын ғана домбырасын ұстаған 15-16 жастағы Исабек келеді. Мұны көрген жұрт Исабекке "жығылсаң нардан жығыл деген, мына Құлтумамен айтыс. Жеңілсең айыбың бізден. Құлтумамен айтысыпты деген аттың өзі әзірге саған жетеді" деп оны үйге кіргізіп жібереді.

Төменгі орынға отыра кеткен Исабек домбырасының құлақ күйін келтіре береді. Құлтума Қаракесек елінде кімдерге барғанын, қандай сый алғанын айтып отыр екен.

-Иманбай түк бермеді сараң екен, - деп бастаған Құлтума:

Жүз теңге, құр ат берді мырза Сарбас
Құдай қабат берген ғой мал менен бас, -

дей келіп,

Он бес теңге ат алдым Адамбайдан,
Кілем жапқан нар алдым Аманбайдан, -
деп,

Онан соң аттың басын сізге бұрдым,
Мираскор деп Атантай-Ботантайдан Жанғұттыны -

деп, мақтай бергенде Исабек Құлтуманың сөзін аяқтатпай
іліп әкеткен. *(Айтыстың нұскасы қолымызда барын айта
кеткен жөн).*

Өмір бойы ел аралап, жыр-жырлап өткен ақын 1933 жыл-
дың аласапыранына дейін ел ортасында болып, жақсылық-
жамандықты бірдей айтып жүрді. Бірақ төкпе ақынның хатқа
түскен, не баспа бетін көрген өлендері жоқтың қасы. Жалау
Балғабаев ағамыз Исабектің баласы Нақыпбек екеуі ақынның
мың жолға жуық өлеңін қағазға түсіргенін айтқан еді.

"Сөйле, Исеке", - деген өлеңінде:

Сөйле десең, сөйлейін сөз бергенде,
Өздеріңдей жақсылар кез-келгенде.
Кешегі бай-батшаның заманында,
Біз кедей ақынға сөз берген бе, -

деп төкпелесе "Оралу" деген өлеңінде:

Бір жылы Үйсін бардым дәмімауып,
Сұңқармын ұстағанға бабын тауып.
Жел сөздің Құдай берген арқасында,
Жиын-той жүрген жерім күнде сауық.
Ақынның қайта оралды сөзі майда,
Сөйлеп-сөйлеп алайын осындайда.
Жігіттер тіршілікте сыйласып өт,
Қаламыз өлгеннен соң бір-бір сайда.
Көз тоймас дүние малын жинап алса,
Не пайда ол дүние артта қалса.
Өлген соң жылағанмен не өнеді,
Тірлікте бірін-бірі сыйламаса, -

деп өз жөнінен де, тіршіліктің сәтіне де пікірін айта кетеді.

Исакең күлдіргі-сықақ өлендерді де шығарған. Жолшыбай
қойшылардың арасына түскен ақын мына өленді шығарған
екен:

Болғанда екі орамал, жалғыз бізін,
Қой шетінде жүрсең де қолың ұзын.
Өлі көтің көлікке бір тиген жоқ,

Құрыттың көн шоқаймен жердің.
Асан-Үсен туысқан екі нарсың,
Жамантай бұл өленде сен де барсың.
Жоқ болсаң да бәрінде жомарт жансың,
Қатарынан Қайырбек неге қалсын.
Мойныңа бір теңгелік салған торың,
Өзіңе құп жарасаң осы порым.
Түс мезгілі болғанда ешкі сауып,
Қатындардың қайнаттың әбден сорын.
Исекеңнің тәлімдік тақпақтары да мол болған.
Кәрілік ауру емес, тұр демейді,
Жат - дейді, ішіп же де, жүр демейді.
Дүние қартайғанда тарылады,
Елден ал да, қайырып бер демейді.
Ақының жүр әзірше өрге шауып,
Ежелгі кәсібімен өлең сауып.
Мал-мүлкі Қорабайдай болса-дағы,
Ақбұзауды қойындар жылы жауып.

Исабек акын Қазан төңкерісінен үміт күткен. Жарлы-жақыбайдан бірінші рет болыс болған Шалқарбеков Нұрахметке:

Қадамың құтты болсын Нұрахмет,
Өзім көрген кешегі құл Ахмет.
Ту ұстап, тұлпар мініп, шықтың міне,
Көрсетіп үстем тапқа қыр Ахмет, -

деген акын ақыры қолдан ұйымдастырылған аштықтың құрбаны болып кетті.

Акынның қырғын аштық кезінде айтқан талай зарлы өлеңдері терілемей кетті, күні кешегі тәуелсіздікке дейін партком-сартком, КГБ салпаңқұлақтарының теріс пиғыл, аңдуларының салдарынан жиналмай, ұмыт болған.

ШОЙЫНАҚЫН

Шойын Мырзасейітұлы 1886 жылы дүниеге келген. Айтыскер акын ретінде елге танылған Шойын акынның айтыстары сақталмаған. Тек Бабаспен сөз қағыстыруы ғана ел арасында сақталып қалған.

Шойын Мырзасейітұлы 1935 жылы Қызылшілік деген жерде қайтыс болған.

Шойын мен Бабастың сөз қағысуы /Бабас жас тоқал алғанда Шойынның айтқаны/

Шойын:

Ассалаумағалейкум, Бабас аға,
Биіктен неге түстің аласаға.
Байлапсың сүр бедеуді белдеуіңе,
Мініп кетіп жүрмесін бала-шаға.

Бабас:

Амансың ба, Шойыным,
Кәрілік жетіп, босаған ба мойының.

Шойын:

Жас тоқалды алған соң,
Келген екен ойының.

Бабас:

Алмағанда қайтейін,
Өзі ашқан соң қойынын.

Шойын:

Алғаныңыз дұрыс қой,
Мықты болса сойылың.

КҮЛТАЙ АҚЫН

XIX ғасырдың орта шенінде өмір сүрген Кәрсөн Танабай Нілдібай қызы Күлтай жастайынан сөзге жүйрік, табан астынан тауып айтқыштығымен көзге түседі. Домбыра шертіп, ән салып, ойын-тойдың көркі болады. 13-14 жасынан -ақ ауыл арасында қайым айтысқа қатынасып, төселе берген талапты қыз көп ұзамай ақын деген атағы шығып, берісі Куандық, әрісі Шу бойының үйсін жұртынан шыққан ақын жігіттерді шыдатпайды. Күлтаймен кездесіп, тіл алысуға құмартқандар саны көбейе түседі. Соның бірі Бозбай ақын келе Күлтайға:

Жыртық үй кейде болар баспаналы,
Бұл Күлтай ақынсынып мақтанады,
Тоты болып бүгінде сайрасаң да,
Бәрібір бір мал сені жастанады, -

деп тиіседі.

Күлтай:

Жақсының ел жұрты бар мақтанатын,
Бозбайда болып жүр ғой асқан ақын,
Кемпірге көзің түсіп жүр ме сенің,
Қатарың қабыл алмай жастанатын.

Бозбай:

Кеп кетті дейді ұрынға күйеу бала,
Болды ма сол бір ісі әлде шала,
Жайрандап күннен күнге бара жатсың,
Есігіне кетпес пе қадап тана.

Күлтай:

Бозбайыңа дегенде, бозбайыңа,
Бозбай неге жүрмейді өз жайына,
Біреудің үйде отырған қызын қорып
Сусын құйып ішпек пе борбайына, -

дегенде жұрт айтысты тоқтатқан екен. Заманында сан айтысқа қатынасқан Күлтайдың басқа айтқандары кер заманның әсерінен сақталмаған.

Күлтай Алтай еліне ұзатылған. Аты шулы ақын жас келінге ол жақта да тиісіп, үстем болуды ойлағандар көп болған. Бірақ ақын Күлтай ешқайсына дес бермеген. Күлтайды қайтсе де бір сүріндіруді ойлағандардың бірі жігіттерге "кешегі барымтада бір туысқанға оқ тиіп, сол оқ алынбай жатыр. Күнәдән пәк келін оқ тигеннің үстінен аттаса оқ түседі деген сенім бар. Үлкендер сол үшін сені шақыртып жатыр" - деп үйретеді.

Тап осыған айла таппас, жеңілер де, енді именер, - деседі.

Жігіттердің жұмысын естіген Күлтай бұлардың мазақ үшін келгендердің түсінген. Пәктігін күйеуі көрген, адалдығына ел сенген жас келін мазағына мазақпен жауап берген.

ХАЛЫҚ АҚЫНЫ МАЯСАР

Ауыз әдебиетінің дамуына өзіндік үлесін қосқан, шындықты қуаттап, өмірдің әр қадамына қуаныш лебізін білдіріп келген халық ақыны Маясар Жапақов Бұхар жыраудың, Кемпірбайдың, Шортанбайдың, Біржан салдың, Әсеттің мұрасын молынан игерген. Сол сияқты өзінен жасы үлкен Қарсыбектің Төлегені, Сәрінжіп ақынның айтыс өлендерін сақтап, біідің заманға жеткізуші. Ол өзіне от тілді Қақпан ақынды ұстаз тұтып, Шашубай ақынмен сан кездескен, Жамбылмені жүз көріскен ақын еді.

Маясар Жапақов 1879 жылы мамыр айында осы күнгі Қарағанды облысы, Шет совхозының Тағылы тауындағы Жоса бұлағында дүниеге келіп, 1965 жылы қайтыс болған. Ауыл молдасынан оқып, арабша хат таныған. Он үш жасынан бастап өлеңге айтысқа ден қоюына шешесі Сарқыт себепші

болған тәрізді. Анасы кезінде той-домалақта айтысқа түсіп, айналасына ақындығымен белгілі болған-ды.

Маякең он бес жасында Тілекбай дегеннің қызымен былайша қақтығысқан екен.

Тойыңыз құтты болсын той қылған қыз,
Қызыққа айналаны тойғызған қыз.
Қарамай ата-ананың көңіліне,
Жат елге барамын деп ой қылған қыз.

Жасынан пысық Маякең өмірге көзқарасын уытты өлеңдерімен білдіріп отырған.

Басқыншылық мына елге қатер төнді,
Ақыл айтып, болмады сілтеп жөнді.
Қарақшы боп біреулер тайға сіңіп,
Талайлардың ошағы босқа сөнді.

Немесе:

Қайтеді кедей сорлы көнбегенге
Айтса да жете алмайды жөндегенге.
Болыс деген ояздың итаршысы,
Бұрады әділдікті білмегенге.

Ақынның тым ертеректе шығарған өлеңдерінің көбі хатқа түспеуі себепті әрі кәрі құлақтың азаюы салдарынан бізге жетпеген. Ол төңкеріс заманынан кейін елді оқуға, білімге, еңбекке шақырып, соның жыршысы бола білген. Бұл жөнінде дербес пенсионер Сәулебек Сыздықов: "Ауылдық совет председателі болып тұрғанымда Маякең жеті жылдық мектеп салайық деп ұсыныс жасады. Нәтижесінде шотпен шауып, кірпіш құйып, мектеп үйін салдық" деп жазған аудандық "Ильич туы" газетіне.

Маекең 1924 жылы жанында ғалым Соколов пен екі жігіті бар О.Жаңдосов Төлеген ақыннан бір жеті бойы тарихи шежіре әңгімелерді жазып алуына қатысқан. Бұл жолы О. Жаңдосовтың болашаққа үміт арттыра сөйлеген сөздері ақынды онан әрі қанаттандыра түседі.

Ғасырлар бойы мал өсіріп күнелткен қазақ халқы 30 - жылдардың басында тігерге тұяқ қалмай айырылып, күштеп колхозға тоғытылып, кей басшының қасақана туғызған зұлматының салдарынан қатты қырғынға ұшырады. Бір ғана Шет ауданында 48311 адамнан 5021 адам қалған сұмдық хал ақын жүрегін қан жылатты. Болып жатқан қасіретке шамасы келмеген:

Жазғалы қарындашты қолыма алдым,
Қызығы болмады ғой жиған малдың.
Бір күндік азығы жоқ, үміт бұлдыр,
Не болды енді халің, қайран халқым, -

деп зарлай келіп:

Түтіні тұман болған, қайран елім,
Бір үйден қыстау басы қалмады ғой, -

деп жан түршігерлік шындықты айтып, өксіген үні құлақтан кетпейді. Ақынның бұл зарлы өлеңінің әнін де, мәтінін де жиені Жамау Бодықұлы бізге жеткізді.

Совет үкіметі алғашқы жылдардан бастап-ақ, халық ақындарын ауыз әдебиетінің таңдаулы үлгілерін сақтаушы ретінде қамқорлыққа алғаны белгілі. Соның бір көрінісі 1940 жылы өткен халық ақыны Доскей Әлімбаевтың тоқсан жасқа келуі мен шығармашылығының 75 жылдық мерекесі. Міне, осы мерекеге Маякең ақын да қатынасып толғау арнаған. Осы тойда Маякең Шашубаймен кездесіп:

Сәлемім кішілікпен, Шашу ағам,
Жасыңнан көп ақыннан асты баған.
Қарсы алып, бұл сөзімді құп тыңдаңыз,
Айттың деп өткен күнді ұрыспа маған, -

деп басталатын сәлемін жолдаған.

Маякең 1943 жылы желтоқсанда өткізілген республикалық ақындар айтысына қатысқан. Ақындар жырының көркемдігін, орындаушылық шеберлігін анықтау үшін 11 адамнан Мұхтар Әуезов бастаған комиссия құрылған. Бұл айтыс жөнінде

Лениншіл жас" газеті 1979 жылы 20 қазан күнгі нөмірінде былай деп жазады: "Айтыста бірінші орын алған Маясар Жапақов, алматылық Қуат Терібаев, қызылордалық Нартай Бекежанов, семейлік Нұрлыбек Беймұратовтар ат мініп қайтқанп. Екінші орынға ие болған Кенен Әзірбаев, Нұрхан Ахметбеков, Молдахмет Тырбиев, Қазанғап Байболатовтарға бір бір құнан сыйға беріліп, шапан жабылған".

Сөйтіп, бұл айтыста Маякеңнің барлық жағынан да абыройы үстем шығып, республика бойынша бірінші орынға ие болғанын көреміз. Соғыстың киын кезінде өткен бұл айтыс Маякеңнің жасының келіп қалғанына қарамастан шабытының қарқындай түсуіне, өнерінің дами түсуіне жаңа леп берген. М.Әуезовтің басшылығымен сол жолы түсірілген "Маясар Жапақов" деген деректі фильм архивте сақтаулы тұр. Маякеңнің аса бір шабытпен жырлаған тақырыбы ұлы Отан,

оның қарышты қадамы, ел үшін аянбай тер төккен азаматтар, гүлденген дала. Қарт акынның бұл тақырыпты жырлағанда теңеуі де өзгеше, шумак сайын түрлене түседі. 1953 жылы шыққан "Халық акындары" деген кітапта:

Отаным, алабыңа шықсам қарап,
Табысың арта түскен минут санап.
Кенді алқап Донбасс, Кузбасс, Қарағанды,
Жарысқа шақырады кел мұңдалап, -

десе, "Бірінші майға" деген өлеңінде:

Еңбегін бағалаймын еткен ердің,
Сауырын соқа тілген тегіс жердің.
Кеудесі желкілдеген сары даламен,
Бауырдай тіліп жонын бұйра белдің.
Қуанып арысыңа туған елім,
Құттықтап тойларыңа мен де келдім, -

Немесе "Бейбіт ел жемісі" деген өлеңінде:

Салынды сары далаға болаттан жол,
Дүние бетін бұрды қызығы мол.
Заводтар дүркіретіп шақырады,
Көрмеген иен дала мұндайды зор, -

деп жырлайды.

Маякеңнің соғыс жылдарында шығарған өлендері тыныш жатқан елге фашист басқыншыларының басып кіруіне деген ашу-ызасын, елдің жеңіске деген сенімін көрсететін, сол жолда аянбай тер төгуге шақырған ауыз әдебиеті өкілдерінің шығармаларының таңдаулы үлгілерінің бірі.

Маякең Ұлы Отан соғысына үш бірдей баласын аттандырған. Олардың екеуінен - Әбдіфазыл мен Дүйсенқұлдан қаралы хабар бір-ақ күнде жеткен. Бұған қабырғасы қайысқан қарт акын фашизмге өшпенділігін үдете түскен. "Біз жеңеміз" деген өлеңінде:

Шынжырлы иттей жұлқынып,
Фашистер шапты халқыма.
Салтанатты елімді
Көндірем деп салтына.
Ақ тілеулі адал ел
Қиыннан жол таппай ма,
Арам пиғыл сұм итті
Әділ ісім атпай ма, -

десе, "Біздің үлес" деген өлеңінде:

Замандас, күн туыпты алысатын,
Аянбай қаскөй жаумен шабысатын.
Жас жеткіншек қыз бенен келін балам,
Аға, жеңге, бәріде қалыспасын, -

деп, жеңіс туын тігуге шақырса, "Келді жыл" атты өлеңінде:

Ер ұлын алған жердің етпек ед құл,
Жынысын төмен етек қалдырып тұл.
Қаскөйдің бұл тілегін кестік,
Адамзат қуанышының қадамы бұл, -

деп, 1943 жылы еліміздің ауыр соғыстағы алғашқы жеңістерін мақтана жырлайды.

Маякең ауыз әдебиетінің озық үлгілерін жинап, сақтаушы ғана емес, оны уағыздаушы, таратушы да. Өзінен бұрынғы өткен ақын-жыршылардың мұрасын домбырамен жырлап қана қоймай, оны кімнен, қалай үйренгенін, қалай шыққанын тыңдаушы жұрттың құлағына құйып отырған. Сөйтіп, Маякең халқымыздың озық дәстүрін, яғни шежіре мен толғауларын ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші болған. Ол кісі Бұхар жыраудың, Дулат, Шортанбай, Кемпірбай, Шөже, Әсет, Біржан мен Сара, Соқыр Қақпанның, көптеген шығармаларын жатқа білген және білгенін үйретуден жалықпаған. Кезінде Маякеңнің айтуымен Әсет пен Рысжанның, Кемпірбай мен Шөженің айтысы, Шөженің 70 жасқа келгенде айтқаны, Әсеттің Кемпірбайдың көңілін сұрауы, Қақпанның өлендері, Төлеген ақынның шығармалары хатқа түсіріліп, Ғылым академиясына тапсырылған.

Мол мұраны сақтаушы ақын, жиналған жерде елдің елдігін, елігін, мәрттігін паш ететін "Қобыланды", "Ер тарғын", "Қамбар", "Зарқұм", "Қыз Жібек", "Қозы Көрпеш-Баян сұлу", "Төрт Дәруіш", "Мұңлық-Зарлық", "Ләйлі-Мәжнүн", "Дариға қыз", т.б. киссаларды оқиғаның желісі, кейіпкердің жан дүниесіне қарай неше түрлі дауысқа салып, батырлардың іс-әрекетін әсерлі орындай білген.

Маякеңнің мысал өлендері де ауыз толтырып айтарлықтай мол дүние. Шаруашылықты дұрыс жолға қоя білмеген берекесіз, бәтуасыздарды сынап, шаруасын кері кетірген қырсыздарды әжуаласа, екінші жағынан жақсылықпен жамандықты тілге тиек ете отырып, тыңдаушыны адамгершілік Принциптеріне баулиды, адам өмірінің өлшемі адамгершілік қасиетте деп соны ту етіп көтереді.

"Мүйізінді қағып алам" деген малшығыға шолақ сиыр:

Көзің көрмей бекерге кінә тақпа,
Өтірік ұнаспайды адамзатқа.
Мықтыға сөз айтуға қорыққандайсың,
Сүзеген бастап жүр ғой тарғыл бұқа, -

деп, шаруадағы берекесізді түйейді. "Ажалы қарақшының
момыннан" деген өлеңінде:

Қапыда бұғалыққа түскен қасқыр,
Буынды көзі аларып енді тақсыр.
Ажалы қарақшының момыннан деп,
Айтушы ед бұрынғылар түбі ақыр, -

деп түйін жасап, адал істің әр уақыт көші озық екеніне
иландырады.

Маякеңнің бұл сияқты мысал өлендеріне: "Қыран мен
Жылан", "Ұрлық-қорлық", "Шіркей мен маса", "Жолбарыс
пен ұры", "Қиянатшылдың ажалы", "Араздық-татулық", "Бір
адамға" т.б. жатқызуға болады. Акынның "Жігіт пен арақ"
атты өлеңі - бүгінде өзектілігін жоғалтпаған шығарма:

Бір жігіт есін жиып тұрды налып,
Мас ісін көңіл біліп, көзі шалып.
Елінің дәстүрінде жоққа үйір боп,
Тал түсте, есен-сауда тиіп шалық.

Маякең өз жанынан терме жырлар, нақыл сөздер, мақал-
мәтелдер де шығарған акын:

Амандықта қадір жоқ,
Аддырған соң білерсің.
Денсаулықта қадір жоқ,
Ауырғанда білерсің, -

("Қанатты сөздер", "Жазушы" баспасы, 1977).

деген жолдар соның дәлелі болса керек.

Биік таудың басы жакын, бөктері қашық,
Білімсіздің туысы бір, көңілі қашық, -

деген акын сөзі әрі қарай жүйесін тауып жалғаса береді.

Маякең шығармашылығында өмір туралы толғаныс, жеке
адам тағдыры туралы мәселе белгілі орын алады. Тіршілікте
кездесетін пендешілік пен адамгершіліктің кезек қауышуы,
құс тұмсығындай қысқа ғұмырда адам артында қалар мұра -
ізгі жол, қайырым, мейірім, шексіз арман — акын сөзінің

арқауы. Міне, осы тұста мұның өзі шығыс поэзиясына тән қасиет, бастауы Омар Хаям болған ұлы арнаның заңды жалғасы екеніне мойынсұнасың. Дала тарландары Қазтуған, Бұқар, Дулат, Шортанбайлардың жалаңда өскен жалғыз терек емес, шығыстың, қала берді әлем ойынан хабардар мәуелі орман екендігіне көз жетеді. Маякең де сол үлгіні жалғастырушының бірі.

Маякең 1949 жылы Мәскеу қаласының 800 жылдық мерекесі тойына қатысқан. Мұнда ол зор дауысты ақын екенін танытып, үлкен театр залында халық пейілін өзіне аударған еді. Ақынның сонда салған әні пластинкаға жазылып, бүкіл елге тарады.

Қарт ақын 1961 жылы 3-5 тамызда Алматыда өткен халық ақындарының республикалық мәслихатына қатысты. Ол туралы 1961 жылғы 11 тамыздағы “Қазақ әдебиеті” газеті былай деп жазды: “Онымен (Кененмен - К.Ж.) тізелес майталман ақын Маясар отыр. Тоқсаннан асса да дауысы әлі зор, түйғындай ширақ, қияқ мұрт, шокша сақалды, қадірменді ақсақал. Ол Қарағандының Шет ауданында тұрады. Мынау алқалы жиында сол өз ауданының, өз колхозының жайқалып өскен жасыл дәрия мол егінін жырға қосады Маякең. Жалпылама сыдыртпай, бет көбігін лепіртпей, шаруаны білетін, өмір талабын түсінетін, егінші тұрмысының егжей-тегжейін саралап ұғынған, қартайса да солардың нақ ортасында болған адамның тілімен сөйлесіп отыр. Қария ақынның ең үлкен қасиеті де осында. Өз елімен біте қайнасып, оның игі қасиетін жанымен сезінуі, Маясар сөзінің дәмді, салмақты болуы осында”.

Маякеңнің өлең-жырлары оның балалары, 86 жастан асып қайтыс болған Тұрабай мен 70-тен асқан Әбдіғұлда, Садық ақсақалда ауызша да, жазбаша түрде де мол сақталған. Ақын жырының күні бүгінге дейін орындаушысы, сақтаушысы ретінде Р.Жақановты, т.б. айтуға болады. Маякең артына өлмес із қалдырған адам.

Ақын мұрасы - өсіп келе жатқан ұрпақтың рухани-эстетикалық нәр алар сөз маржаны екеніне сеніміміз мол.

ХАСЕН АҚЫН (1891-1974)

Шет өңірінде өмір сүріп, дүниеден өткен отыздан аса ақын-жырау, жыршылардың ішінде замана тезіне түсіп, өнерінің жалыны басылса да сөндіруге сүбелі, шығармасын

тұшынып оқитын акынның бірі - Хасен Нарымбекұлы Бодықгегі.

Әкесі Нарымбет патша заманында іс қағазды орысша жүргізу үшін елден орыс оқуына бала жинаған. Балам шоқынып кетеді деп, көп ел онан қашқан екен де, осы Бес-атадан кедейдің үш баласын орыс оқуына берген екен. Соның бірі - осы Нарымбет оқуын тәмәмдаған соң Құлжанбек болыстың іс жүргізуші боп 7-8 жыл істеп, кейін өзі Қоян-шытағайға болыс болған. Тақыр кедейдің баласы Нарымбектің осы болыстағы баласы Хасенге тағдырдың таукыметіндей жабысты.

Кәмпесие дәуірінде Шуаш - Арыстанбек, Күржібай - Тоқпан, Адебайдың Кісебайы (Дайрабай) мен бірге Нарымбекте кетіп, Меркеде қаза болған. Бодықтың Төлеубегі жер ауған.

Кедейден шыққан болыс Нарымбек бертінде қай музейдің болса да көркіне айналар сегіз қанат әсем үй жасатқан екен, заман бұзыла бастағанда оны Қызылтаудың бір қуысына жасырған, кейін іздеуші де болмаған сияқты.

Хасен 1891 дүниеге келген екен. Шешесі Қарабек қызы Зылия, сүйегі Тоқа. Ауыл молласынан хат танып, Қарқаралыдағы орыс мектебін де бітірген Хасеннің көзі ашық, өнердің әр саласынан хабары мол кісі. Ол өмір жасын 1920 — 1922 жылдар арасында болыстық комитетінің жауапты хатшысынан бастап, 1922 — 24 жылдарда милицияда да аз-кем қызмет еткен. 1924 - 25 жылдарда Қызылтау болыстығының атқару комитетінің төрағасының орынбасарлығын атқарған.

1928 ж. Шет ауданы жеке шаңырақ көтеріп шыққанда аудандық атқару комитетінде жауапты хатшы қызметінде істеген. Төрағасы Жоңқаштың Қасені деген кісі екен.

Хасен акынның мұнан кейінгі тағдыры зобалаңға ұласып кетеді. Нарымбек болыстың ұрпағы болған соң ол түрмеге түсіп, арызданып жүріп босаса да, Қырғыз жеріне өтіп кетеді. Бұл оның елді жаппай жалмаған аштықтан да құтылуына себепші болған шығар. Жат жерде жүріп, көңілі орнықтаған акын 1934 жылы Қарағандыға орналасып, бухгалтерлік қызмет атқарды. Белсенділік жайлаған туған жері Шет топырағына оралса басына қарабұлт үйірілерін жақсы түсінген Хасен Қу (кәзіргі Қазыбек би) ауданына кетіп, почта бастығы болып істейді. 1945 ж. Ақтоғай ауданына жетіп, сонда 16 жыл заготскотта есепшілік етеді. 1958 жылы сол жерде зейнетке шыққан. Міне, сонан кейін ғана Хасен акын Бесата қоныс еткен Шет аймағына оралған.

Хасен - сұлу жырдың иесі. Айналасындағы жақсылық -

жамандықты тани білген, оған бейнелі өлеңмен тіл қатқан, замандастары сол үшін қатты құрметтеген акын. Заманында мұсылманша да, орысша да хат танып, 1916 ж. Сібір өтіп елге оралған, ел ішінде әділдігімен, шешендігімен аса беделді. Көпжан Бәйменұлына айтқан мына бір өлеңі күні бүгінге дейін халық аузында:

Сыбыры жоқ,
Сылдыры жоқ,
Сұлу Көпжан ауылнай.
Шоқты хатшы,
Бәлкім атшы,
Өліп қалмасын ауырмай.

Көпжекенді "сыбыры жоқ, сылдыры жоқ" дей отырып, бірді-бірге атыстырған шалақ белсенділердің ісін шенеп отыр. Бір ауыз сөз үшін бір кісі атылып жатқан тұста бұдан артық деуге де мүмкін бе еді.

Акынның мірдің оғындай тілін қызықтап құрдастары бір-біріне қалжың өлең де шығартады екен. Хаскең Шаянға хатшылық етіп жүрген тұста алыс жол жүріп бара жатқан салт атты құрдастар бастығына "өлең шығар" деп қалқалап, қажай берген соң акын:

Тудың балтыр,
Мұздан жылтыр,
Көгібак.
Бақпенен сор
Мінгесіп-ап бозшұбарға
Қалғаның ба кетіп-ақ-

дегенде қалжынды түсіне білетін Шаян "Уа, дегенің-ай" - деп, қамшымен жанай сипап, күліп жүре берген екен.

Билігі қолында, үкімі аузында жүрген ұрдажық "үкімет" адамдарының дауыс көтеруге жасқанған халыққа жасамаған зорлығы жоқ еді. Ішіп-жеуден артылған зорлығын қыз-келіншектерге көрсеткен бір мықтыны акын тұралата сынап, ел арасына жайып жіберген:

Боз тонда бозша үйректі тілді біреу,
Жарасып, жармен ойнап күлді біреу.
Атылса, ақ кіреуке шымылдыққа,
Атылып оқ жыландай кірді біреу.
Сұқсұрдың сыландаған ақ алмасын,
Аршынды ақ семсермен тілді біреу.

Қара үй ек, сырты кызыл орман түлкі,
Жаздырмай кол аяғын бүрді біреу.
Шыбын жан шығып кетпей қалды шыдап,
Сорғанда солқылдатып тілді біреу.
Шіркін-ай жаздың таңы қалай қысқа
Құшақтап ұстап тұрса күнді біреу.

Хаскеннің мұндай "мықтылардың" ісін әшкерлеген өлеңдері тегін кеткен жоқ. Белсенділер ақынның аңына ұлысқан қасқырдай мықтап түсті. "Бас кеспек болса да тіл кеспек жоқ" деп түсінетін қазаққа бұл жат қылық еді. "Боғыс би тұқымы" деп сөзге іліге бастаған тұста Жәкен ақын Битұлы Хасенге ауызға қаппақ қыла білмедің-ау деп бір ауыз өлең шығарған екен, оны:

Қайда Жәкен,
Өкіл әкең?
Заманы мынау құл-қудан.
Алды қалжың,
Албастысы кикудың.
Қой десем, Жәкен, қоймайсың.
Меніменен ойнайсың
Тырнағы қатқан Бесқара,
Тісіме сыздық болмайсың, -

деп қарпып тастаған.

Мұның арты оны 30 жылдардың басында түрмеге түсіп, қырғыз ауып, елден кетуге мәжбүр етті.

1932 жылы Қырғызстанды паналаған ақын елді, жерді сағынып, сан жыр шығарған екен. Соның бірі Сары Арқа өлеңін 1979 жылы Қасым ақсақалдан алған едік:

Сағынып сәлем жаздым Сары Арқама
Баркыттай қолда Балқаш ар Арқама,
Болғанда қырың киік, ойың балық,
Жалғасқан жалың көкке жер арқама
Аз туған асыл тектің нәсіліндей,
Ардақты шөгіп жатқан нар арқама
Секілді жер кіндігі жездей сұлу,
Айналаң ат шаптырым тар арқама
Сары Арқа сауық құрған жерім қайда
Орта жүз арғын-қыпшақ елім қайда
Кең өлке, кемер қияқ, кер қасқа тау,
Бейне ұжмақ бес қазылық белім қайда
Қор төгіп қаз бен үйрек мекендеген,
Көк жиек көлемі зор көлім қайда

Алтындай арасында қызыл, сары құм,
Тасқыны тас ағызған селім қайда
Сары арқа менің өсіп туған жерім,
Мекендеп шөптің басын бұған жерім
Жақтартып жалғыз шиден, жалаң аяқ,
Қозы-лақ жар жағалап қуған жерім
Оралып өмір бойы жібегіне,
Кіндік кесіп, кірімді жуған жерім
Салтанат, сауық-сайран думан жерім
Болғанда елім Арғын, жерім Арқа,
Ақ орда-алтын басқа дерім Арқа
Меңіреу шөгіп жатқан мең-зең оймен,
Шеменді шертіп-шертіп шерім тарқа
Ел Арғын ежелгісі данышпанның,
Рас қой деген сөзі "Арқа-Марқа"
Күлмеймін, күніренемін, күйінемін,
Сары Арқа күйігінді тарта-тарта.

Хаскең заманында Кеншімбаймен, Жылқыбаймен айтысқан екен, ол біздің қолымызға түспеді. Хасен акын 1943 жылы республикалық I - айтыста I - орын алған Маясарды қарсы алып былай деп құтықтаған екен:

Сөнбеген шамшырағың жүректегі,
Ақиық алпыс төртте түлектегі,
Абырой құтты болсын алапатың,
Кезеңнен асып келдің тілектегі.
Оздың да облыстан құрдың сауық,
Өлкеден өрлей шықтың өрлей шауып,
Алғанша астанадан хабарыңды,
Іс қой деп екі талай, қылдым хауіп.
Тарланым құтты болсын кәрі бағың,
Жайланған бақ көтеріп, істің ағын,
Өлім қашық, өмірің ұзақ болсын,
Сайрасын айыр көмей тіл мен жағың
Төгіпсің сөзбен өрнек, әннен шырай,
Барып ең домбыранды дуға бұрай,
Ауырып үш ай тоқсан азап шегіп,
Құттықтап інің келді сауға сұрай.

Хасен Бодықгегінің шығармашылық өнерінің шыңы "Көзбала" дастаны десе болады. "Көзбала" 900 тарта шумақтан тұратын, әлденеше бөлікті, аса ірі шығарма. Бұл дастанмен мені тағдыр оқушы бала кезімде кезіктірген еді. Сол жағдай "Көзбаланы" әлде бір пысақайдың басқа ақынның атынан

үзіндісін жырлайын деп жатқанда арашашы болуына тура келтірді. Іздене жүріп, "Көзбала" дастанының толық нұсқасын да қолға түсіре алдым.

Аса сұлу жазылған поэмадан өткен замандағы қазақ халқының тыныс-тірлігіне, шарына, қыз-бозбаланың таза ықыласына молынан кенелсін:

Арқаншы ертедегі сыры терең,
Меңіреу, әрі мылқау, әрі керең, -

деп басталған "Көзбала" дастанының:

Ел естіп, ел аузынан ну айтады,
Анықтай Көзбаланың суы айтады,
Қонақтап сол суатқа жылында бір,
Көзбенен көріп қайтқан қу айтады, -

деген соңғы жолдар арасында қаншама мол уақиға жатыр десейші. Мұны жармай алсақ жарар еді.

ҚАСЫМ СЫРЫМБЕТҰЛЫ (1902-1991)

Тар заманның тағдырына түсіп, көзінің тірісінде шығармашылық бейнесі ашылмай кеткен ақын Қасым Сырымбетұлы айналасына ұлттық реңікпен ерекше әсер еткен адам. Қасым ақын 1902 жылы Қызылтау болысының Қаракемер деген жерінде дүниеге келген. Дінасыл қожаның алдын көріп, мешітте оқып, арабша сауатын ашқан. Сол кездегі ақындар арасындағы үлгі бойынша "Сал-сал", "Зарқұм" сияқты қиссаларды жаттап өскен ақын келер заманның сан қилы сипатын айтып кеткен Шортанбай жыраудың жырларымен сусындап өскенін осы жолдардың авторына ерекше айтқан еді.

Ірі ақындық дарын біткен Қаскең Бесата елінің өткен-кеткен тарихын, кенеден бүгінге дейінгі шежіресін жатқа білсең, тарихқа аса құмар жан еді. Қасым ақынның айтуымен өткен XIX ғасыр мен XX ғ. басындағы қазақ халқының маңдайына біткен айрықша тұлғалар Шортанбай жыраудың, Нарманбет, Қакпан, Мағжан, Ахмет Байтұрсынұлының, Міржақыптың сан шығармаларымен таныстық Қаскең мұның бәрін де жатқа білетін еді де "аузы күйген үріп ішер" деген бар емес пе, тек сенетін адамдарына ғана жатқа айтатын еді.

Иә, Қасым ақын да репрессияға ұшыраған. 1932 жылы

Нұраталды совхозында завхоз екен. 6-ноябрь күні кешке (ертең 7-ноябрь тойы) қырылған жұрттан жаны шыдамай:

Келді кеңес,
Малмен егес,
Көрсө жинап алатын.
Совхоз құрды,
Кедейді ұрды,
Ішкізді жалғыз қазаннан.
Аштан өлдім,
Сенен көрдім,
Өлгенім жоқ амалдан.
Нені білдің,
Елді қырдың,
Жеткізем деп мұратқа
Жеткіздің,
Жерге тықтың,
Апардың айдап сыратқа
Колхоз ұйым,
Құрдың жиын,
Мал құртуға әдейі.
Бірік дедің,
Кірік дедің,
Ылғи ғана кедейді.
Қырылды кедей,
Нан тауып жемей,
Социализм деген осы ма?" -

деп өлең жазған.

Бұл өлеңді милиция Төлеген жаттаған да, елге тараған. Рабочком Аман Рақышев, Қасым Мұқанов, Семізов дегендер де білген. 1934 жылы Көкшетаудан Қапанов Жәңгірбек деген зоотехник келіп, осы өлеңді елден көшіріп жазып алып, қалтасына салып жүреді. 1935 жылы ГПУге "келген жаңа парторгті өлтірмек" деген домалақ арыз түседі. Тінту кезінде Ж. Қапановтың қалтасышан Қасым ақынның өлеңі шыға келеді де, ақынды 1935 ж 10 — июнь күні тұтқындайды.

Бір айта кетерлігі Қасым ақынның бұл өлеңін осы жолдардың авторы "Лениншіл жас" газетінде 1989 ж жариялатты Қаскеннің бұл баспа бетін көрген бірден-бір өлеңі десе болады.

Қаскен тұтқында, елде төрт баласы, шешесі, әйелі Ажар қалады. Халық жауы деп оларға продпомощ та берілмейді. Екі баласы аштан өлген. Қасым аштық жариялап 14 күн

жатып, округке арыз жазған. Ғ. Асылбеков "семьясына көмек етіндер" деп Шет ауданы басшыларына жолдаған. Бұл қағазды Ажардың қолынан алған Ауатком төрағасы Бекболатов:

- Бір Троукист екіншісіне көмектес, - деп жазыпты деп лақтырып тастаған. Сол сәтте Асылбеков та ұсталған екен. Сөйткен Бекболатов та 1937 ж. халық жауы болып ұсталып кетті.

Қасым ақын 1936 жылы 4 жылға кесіліп, Москва - Минск жолын салуға кейін Карелияға жіберіліп, жұмысты ынталы істегендер қатары ретінде 1938 ж. 20 октябрьде лагерден босаған.

Бұл жөнінде Қаскең "ертерек сотталғаным дұрыс болды, 37-ге іліксем атып тастайтын еді." деп отырушы еді.

Қасым репрессиядан елге оралған соң ақындық жолды біржола қуып, ізденіп кетпесе де құрбылары мен замандастарына, өмірде кездесетін қырсыздыққа, жалқаулық-еріншектікке арнап сан түрлі әзіл, сайқымазақ өлеңдер шығарған. Онысы ел арасына кеңінен тараған. Оның "Веттехник Боранбайға", "Соқыр өгіздің мұңы", "Қызбала", "Бұл қалай", "Көк өгіз" осы тәрізді әзіл қалжың, шақпа өлеңдер болса, "Толғау", "Қуаныш", "Бата", "Маясармен қоштасуы" өмірдің әр сәтіне арналған пікірлері еді.

Қаскең 1916 ж. тылдағы жұмысқа алынған Ержан Ерікбаевтың сол қасіретке арналған дастанын сақтап, бізге ұсынды. Осы жолдардың авторы кезінде бұл дастанды газет бетінде жария етті. Дастанның түпнұсқасы да қолымызда екенін айта кеткен жөн.

Осы жолдардың авторы 1989 жылы қасым ақынның өмір жолына арналған телефильм де түсіріп, жұртшылыққа әлденеше рет жария еткенін еді.

Қасым ақын естігені мен оқығанын естен еш шығармайтын ғажайып адам еді. Бір жылы Шет совхозына жұртшылықпен кездесуге келген Оспанхан Әубәкіров өлеңін оқып тұрып, орта кезіндегі бір шумағын тастап кетсе, Қаскең "Әй, Оспанхан, мына шумағын неге оқымадың" деп өзі жатқа айта жөнелген.

1990 жылы Қасым ақынмен тағы кездестім. "Кәмел, сен, Лениншіл жастағы Нарманбет ақынның ел-жұртымен қоштасуын оқыдың ба?" деп сұрады. Мен ол жырдың бір нұсқасы өзімде бар екенін айтқан едім, Қаскең ендеше толығын тыңда деп, Нарманбеттің қоштасуын жарты сағат бойы жатқа айтты. Мұндай естігенін жадында сақтау ерекше қайталанбас көрініс, адамның аса айрықшалығы екені даусыз.

Қасым ақын - ұлттық намыс, ұлттық патриотизм тұншықтырылған заманда Шортанбай жырларын, Алаштың ірі тұлғалары Мағжан, Ахмет, Міржақып бастаған топтың елдікті көксеген арманды өлендерін жұртшылық арасында жасырын болса да насихаттай біліп, түнектегі жұрттың санасына сәуле шаша білген тұлға.

ТҰҢҒЫШБЕК ДӘЛМАҒАНБЕТҰЛЫ (1895-1970)

Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы 1895 жылы дүниеге келген. Жастайынан жетімдікті, жоқшылықты көп көрген Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы Кәрсөн ішіндегі Дүзей деген атадан тарайды. Өзі ата тегі жөнінде ақын "Кедей ата" өлеңін жазса, жасында көрген қиыншылықтарын жырға қосқан "Жетім өлеңі де сол бір қиын заманның көрінісін алға тартады.

Есейе келе алдағы өмір жолы еріксіз ойландырған ақын білімсіз болмайтынын ерте сезініп, қалай да оқу оқуды армандайды. Ақынның арман қуған көңіл күйін "Арман", "Оқу іздеу" тағы басқада өлендерінен айқын аңғаруға болады.

Шөлтас деген жердегі Ысқақ молладан қара таныған Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы кейіннен Қарқаралы қаласындағы мұғалімдер даярлайтын оқу орнынан білім алып, ауыл жастарының жаңаша оқуына септігін тигізеді. Аудан алғаш құрыла бастағанда болашақ ауданының ірге тасын қалаушылардың бірі де осы ақын Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы. Аудан көлемінде белді қызметтер істесе де Тұқаң ел арасындағы ақындар айтысын ұйымдастырушылардың бірі болып, өзі де сол айтыстарға қатынасып жүрді. Ақынның ізгілік жолы ұрпаққа үлгі.

ЖЫЛҚЫБАЙ АҚЫН

Жылқыбай өмірден тым ерте аттанды. Жиырма тоғыз жасында жарық дүниемен қоштасты. Әңгіменің өзегі, шынтуайттап келгенде, оның жас кеткендігінде емес, артына қандай із қалдырып кетті? -деген тіршілік мәні қағидасымен сабақтасса керек. Жылқыбай ақын еді. Өнерге ілтипатпен қарайтын оқушы қауымды қарымды өлендерімен қуантушы еді.

Жылқыбай ақынды оқырмандарға таныстыру үшін әуелі оның өмірбаянына қысқаша тоқтала кетейік. Ж. Нұрбеков

Шет ауданындағы бірінші ауылда 1919 жылы туған. 1938 жылы Қарағанды қаласындағы Жамбыл атындағы мектепті, 1940 жылы мұғалімдер институтын бітіреді. Нұра, Шет аудандарында мектеп шәкірттеріне білім береді. Қырық бесінші жылы баспасөз қызметіне ауысады, облыстық "Советтік Қарағанды" газетінде қызмет етеді. Содан денсаулығының нашарлауына байланысты Роза Люксембург атындағы колхоздағы (Шет ауданы) жеті жылдық мектептің директоры болып ауысады да, осында 1948 жылы қайтыс болады.

Ақындық дарынымен көзге түскен Жылқыбай жас жазушылардың Бірінші Республикалық кеңесіне қатысып, 1947 жылы СССР Жазушылар одағының мүшелігіне қабылданады.

Ақынның көптеген өлеңдері "Әдебиет және өнер" журналында жарияланған. 1944 жылы "Отан махаббаты" атты көлемді поэмасы басылды. Біздің қолымызда қазір Жылқыбайдың коллективтік үш жинақта жарық көрген бір топ өлеңдері бар. Оның бірі - 1949 жылы баспадан шыққан "Жастар дауысы" кітабы. Бұл жинаққа "Нұра", "Қойшы", "Жаңбыр", "Ақборан", "Ұлытау", "Менің қалам", "Ақбидай" өлеңдері енген.

Ұлы Отан соғысы жылдары облысымызда бір топ жас қаламгерлер өсіп-жетіліп, әдебиет отауына енді. Олар: Жаппар Өмірбеков, Қабыкен Мұқышев, Бүркіт Ысқақов, Максұт Байсейітов тағы басқалар еді. Ж. Нұрбеков осындай жайнап шыққан жастардың ортасындағы алымдыларының бірі еді. Редакцияда еңбек етіп жүрген жолдастары да оның жұп-жұмыр өлеңдерді қолма-қол отыра қалып бұрқыратып жаза беретіндігін, табиғи дарындылығын, жүйрік қаламгерлігін сүйсіне әңгімелейтін.

Әсіресе Жылқыбай азаматтық лирикаға көбірек бой ұрған. Мархабатты Отан, жасампаз еңбек, өскен-өркендеген туған жер, гүлденген мерейлі ел тақырыбы- ақын өлеңдерінің асыл арқауы, алтын дінгегі. Кешегі кежегесі кейін тартып жатқан дала бүгін дархан далаға жайсаң далаға айналды. Ақын елді түлеткен, жерді түрленткен асқақ мақсатты адамдардың асыл ниетін, абзал ісін жырлайды. Желпіне-серпіле жырлайды. 1947 жылы жазылған "Нұра" атты өлеңінде Арқаның ұзын тамырлы өзенінің жаңа кәсібі — сом болат суаруға арналған кәдесін нақышты кестелейді:

Мандайдан тері тамшылап,
Шелектеп егін суарған.
Азаппен жанын қамшылап,
Мыңдаған жүрек су алған.

Өлкеңе бүгін қарасам,
Жадырап бойың құрысқан,
Орнапты алып орасан,
Іргесін қалап құрыштан.

Мұржасынан ойнақтай,
Көк түтін көкке бойлаған.
Қазаныңда каймақтай,
Көк болат балқып қайнаған... -

деп Арқадағы металлургия алыбын алғашқылардың бірі болып өлең кестесінде өрнектейді.

Қыркыншы жылдардың ішіндегі әдебиеттің қай жанрында болмасын өндірістік тақырып дегеніңіз басым болды ғой. Мұның өзі кей ретте жадағай, жалаң, сырттай сырдаң суреттеушілікке итермелегені жасырын сыр емес. Бұл - Жылқыбай творчествасына да әсер еткен сияқты. Дегенмен оның өз қатарластарынан бір ерекшелігі - поэзия мандайына басылған басты маркасы - образ, ой, сезім бесаспаптығына, жаңа теңеулер төлежітіп топшылы-толғамды толғаныстарға бой ұрушылығы байқалады. Әсіресе ол табиғат көріністерін суреттеуге шеберлік танытты. "Ұлытау" деген өлеңінде туған өлке табиғатын тамсана жырлады:

Көмкеріп көктің бұлты мұнарасын,
Салқын су сапсып өтсе сай-саласын,
Ұлытау жас сұлудай жадырайды,
Тараған күнге төсеп қолаң шашын.

Осындағы қыл қалам шебері салғандай әдемі сурет ақын дарындылығын, оның шабытты ізденістерін көрсетсе керек. Мұндай татымды талпыныс бірсыпыра нәрлі өлеңдер туғызған.

Жылқыбай сегіз-тоғыз жыл мөлшерінде ғана өлең жазумен айналысқанымен артына қомақты еңбек қалдырды. Ол 1945 жылы "Жиырма бес", 1947 жылы "Менің қалам" поэмаларын жазды. Рас, оның шығармалары өз алдына жеке кітап болып оқушы назарына ұсынылмады. Тек топтама жинақтарда ғана басылды. Мәселен, оның "Ақынға" деген жинақта (Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1954 жыл) басылған "Абай тірі" өлеңі ақынның өнерді, өлеңді қастерлеп - қасиеттеп құрметтегендігінің айғағындай.

Жылқыбай ақын соңғы демі таусылғанша қолынан қаламың тастамаған. Ол "Соңғы серпін" атты ақырғы өлеңін

жазып болып көз жұмған. Бұл оның туған, әрі 29 жасқа толып, өмірден өткен күні - 10 қазан еді. Жалынды жүрегі соғуын тоқтатқанға дейін ақын өзінің достарын ойлап, соларды бір керуді аңсап жатқан екен:

Уа, дариға, жастық шақ,
Сөнгелі тұрсың жалт етіп.
Көк аспан төніп тұрғандай,
Құлағалы жалп етіп.
Алдамшы өмір алдымнан
Дастарқаным сырғандай.
Санаулы күннің сарқыты
Тек таусылмай тұрғандай.
Алыста жатыр достарым,
Жанымда қазір бірі жоқ.
Арманым болмас бір көрсем,
Шын достарды кірі жоқ.
Жабығып жалғыз отырмын,
Жылауға көзде жасым жоқ.
Бір күндерде сүйікті,
Өмірлік заттар қасым боп.
Шерменде болмай шешен тіл,
Шешіліп кет өлерде.
Үнінді ертең өшірер,
Жер бесікке бөлерде.

Арманшыл ақынның өзі өлсе де, поэзиясы өлген жоқ. Оның шығармалары Қоңырат руднигіндегі Алтынсарин атындағы орта мектепте мұғалім болған ақынның қарындасы Айман Манабекованың қолында жинақталған. Ол кісі қазір зейнетер, Қарағанды қаласында тұрады.

ЗЕЙНОЛА ИГІЛІКҰЛЫ

Ақын Зейнола Игілікұлы 1937 жылы туған. 1955 жылы орта мектепті бітіріп, 1957 жылы әскер қатарына алынған Зейнола үш жылдық әскери борышын абыроймен атқарып, елге лейтенант атағын алып оралады. Тумысынан көпшіл азамат ақын пионер үйінде, мектепте әр түрлі қызметтер атқара жүріп, бос уақытында өлең, әңгіме жазумен айналысады.

1962 жылы Кәмел Жүністегімен бірге "ЕСЕП" партиясын құрғаны үшін саяси айыпталып, 1966 жылға дейін Сібірдің алыс түкпірінде жазасын етейді. Елге оралғаннан соң

педогогикалық институттың қазақ тілі мен әдебиеті бөлімін үздік бітіріп шықты. Ы. Алтынсарин, Кеншоқы мектептерінде мұғалім болып істеген З. Игілікұлының соңынан шырақ алып түсушілер қудалауын қоймайды, аудандық мәдениет үйінің меңгерушісі қызметінде жүргенінде микрофоны бар жерде "Халық жауына" істеуге болмайды деген желеумен жұмыстан қуылады. Аудандық музыка мектебін құрып, оның алғашқы директоры болған Зейнолланы қудалаушылар да ол жерде де "казактың зарлы күйлерін, ескі сарынын балаларға үйретеді" деп, ақыры одан да кетуге мәжбүр болды.

Аудандық оқу бөліміне инспектор болып бір жыл қызмет атқарған Зейнолла Ы. Алтынсарин мектебіне алғашқы әскери дайындықтан сабақ беретін болып орналасқан оны "мектепте соғыс қаруы бар, онда істеуге болмайды" деген желеумен жұмыстан тағы қудаланды. Мектепте стволы жоқ автомат пен шұрқ-тесік ескі винтовкалар ғана болатын. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен ғұмыр бойы оқушыларға сабақ бере алмай өткен Зейнолла Игілікұлы 1984 жылдан өмірінің соңына дейін аудандық оқу бөлімінде әдіскер болып істеді. Оқу бөлімінде К. Жүністегі де қызмет істейтін. Оқу-тәрбие жұмыстарындағы кейбір кемшіліктері мен орын алған олқылықтар аудандық оқу бөлімінің жұмысының нашарлауына байланысты. Оның себебі - аудандық оқу бөлімін алашордашылар басып алған деген мәселе бюрода қаралып, екеуін де жұмыстан қуу туралы шешім қабылдады. Міне осындай жөнсіз қудалаулар З.Игілікұлының денсаулығына әсер етіп, ақын 1988 жылдың 11-ші шілдесінде 51 жасында дүниеден өтті.

Зейнолла Игілікұлының қаламынан туған отты жырлары өзінің көзі тірісінде ешқандай басылым бетінде жарық көре алмады. Тек 1992 жылдан бастап қана аудандық, облыстық газеттерде, республикалық "Жұлдыз" журналында топтама өлеңдері жарық көрді.

ЖӘКЕН БАЙТУОВ (1891-1962)

Жәкен Байтуұлы Арқаның айтулы айтыс ақындарының бірі. Оның өмір сүрген кезеңін еске алсақ, кешегі ақындардың аузын аңдыған ПТУ-КГБ деген жаналғыш мекемелердің қаупі мен қатерінің астында жүріп, шығармашылықпен айналысудың қаншама қиындыққа түскенін түсінеміз.

Шет өңірін құраған Бесатаның ішінен бүгінде Абайға

дейінгі поэзияның шыңы аталып жүрген философ Шортанбай жырау өмір сүрсе, оның ізбасарлары да жеткілікті еді. Шортанбай жырау мал шашып, болыстыққа таласып, өлермен болғандарды өз жырында қатты сынап, Абайға жөн сілтеген екен. Сол Шортанбай жырау ізін тастаған сол топырақта, сол елде күні бүгін жөні түзу бағасын ала алмаған Қақпан ақын, Диа қажы, Нарманбет, Жуасбай, Тәшек тәрізді ондаған ақын өмір сүрген. Жәкен ақын солардан үлгі алған.

Отызыншы жылдардың сұмдығында құрып кетсе де Бабас, Түсетай, Ғаббас ақындардың ащы жыры, реалистік, өмір шындығын аяусыз да бояусыз көрсете алуы Жәкен ақынға қатты әсер еткеннің куәсіміз, солардың өлеңдерін өз үйіміздің төрінде отырып тебірене жырлағанын естідік.

Ақын Жәкен 1891 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданының Шаруатеңеу деген жерінде дүниесігін ашқан. Аспан асты өмір сүріп, жаздың тамашасын, қыстың қаһарлы болса да сұлу сырын біліп тіршілік еткен қазақ халқының ауыз әдебиеті сыр сандыққа, атадан балаға мирас болған шежірелі шығармаларға бай еді. Жәкен осынау байлықтан нәр алып, әуелі термелерді, келе-келе талай эпостық жырларды жатқа айтатын болып, сусындап өсті. Ел арасындағы той-думан, беташар, айтыс жас ақынсыз өтпейтін еді.

Октябрь төңкерісінен кейінгі болып жатқан күрт өзгерістер, сансыз уақиғалар ақын назарынан тыс қалған жоқ. Әрине, оның отызыншы жылдардың қанды уақиғаларына арналған өлеңдері көп құлағына жете қоймады. Сол қиын заманнан енді тіріле бастаған халқының рухын көтеріп, "Келіңіз тойымызға", "Қойшы мен қасқыр", "Коммунизм-өреніміз" т.б өлеңдерін шығарып, еңбек озаттарын, колхоз малын өсірудегі жұрттың еңбегін де, кемшілігін де тілге тиек етіп отырған. Оның осы өлеңдерінің өзі әдемі ой, жеңіл сықақ, тың теңеулерге толы десе де болады.

Ақынның "Наршөккен" атты өлеңі оның ақындық қарымының, талғамының аса жоғары екенін көрсетеді.

Наршөккен кербез сұу тау ордасы,
Бұлт құшып, күнді сүйген қыр арқасы.
Жас қайың, сұлу терек, мәуелі гүл,
Жұпардай иісі аңқыған таза ауасы.
Қырандар шың басына ұя салған,
Сайларын арқар, киік сая қылған
Тағы аңдар, қызыл түлкі, тағы қарсақ,
Жорытып жотасына ойын салған, -

деп кете берген жыры сөзбен таза сурет салып, тамсандыра түседі.

Жәкен айтыстың ақыны. Ақын өз заманының акындары Маясар, Жылқыбай, Тұңғышбек, Болмандармен айтысқа түскен. Бұл айтыстар Совет заманының идеологиясының негізінде өткені, Коммунистік партияны мақтағаны, болашақ коммунизм рухына үгіттеу, ауыл шаруашылығындағы жетістіктерді дәріптеу дәрежесінде өткені белгілі. Айтыс үстіндегі кейбір ұшқыр ойлардың өзі айтыс сөзі кейін газеттерге шыққанда сылынып тасталғанын да ел біледі. Дегенмен жұрт аузында Маясардың Жәкенге:

Жәкенім айтқан сөзің ұнап жатыр,
Үйімде пеш пен қораң құлап жатыр.
Колқабыс тигізетін еш пенде жоқ,
Бір ғана келін байғұс сылап жатыр.
Дүниенің жарығына биыл келген,
Бесікте егіз қозың жылап жатыр, -

дегенде Жәкеннің:

Маяке, барыспайық бала жакқа,
Жатыр деп пешің құлап жала жаппа.
Көргеміз біз де барып ауылыңды,
Өмірде өткел болмас өтірікке.
Кіруге үй түгілі үңгір таппай,
Далада жатты Қасым алты сөтке, -

деп іле жауап бергені сақталып, бізге жеткен. Айтыстың көркемдік дәрежесі де көңілге қонарлық, ізденістері де баршылық, өздерінен бұрын өткен ақындардың сөз кестесін де игергендіктері көзге түседі.

Жәкен - ақынның айтыстары соғыс және соғыстан кейінгі жылдары өткен. Қатыгез заманның ақыны болу да қиын. Жәкен ақын әскердегі інісі Кәріғұлға елдің амандығын айта отырып, "Маясар бар, Болман, Кеншімбай бар, бәріміз ақын боп жүріп жатырмыз" деп жазған екен, інісі Кәріғұл жауап хатында "Ақын да болма, ақынға жақын да болма, құрысың. Мен бірдемеден шатассам өзім ғана кетемін, сен шатассаң ағйың-туған, зәузатымызбен құртады" деп жазғанын Кәріғұлдың өз аузынан естіген едік.

Жәкен ақын ескінің, көненің көзіндей мұрасын да халыққа молынан жеткізушінің бірі. Оның орындауындағы "Сал-сал", "Наурызбай" кюссалары талай көкірегіне ұялаған. Көне шежірені құлаққа құйып, ертегі-жырын шексіз жырлаған осы

ақындардың көңілі ояу азаматқа беріп кеткені өлшеусіз. Осы күнгі ақындардың әдеби шығармашылықта көтерілген биіктігі, сол ақындардың өмір таукіметін тарта жүріп, кейінгі ұрпаққа жетсінші деп деп тосқан иығының арқасы.

Жәкен ақынның шығармашылығының бір саласы тарихи уақиғалар негізінде дастандар жазу. Ақын қаламынан туған "Көкжайдақ", "Бөрі батыр", "Саржан-Бодық" туындыларының кейіпкерлері өмірде болған, Арқаның осы тұсында ғұмыр кешкен тұлғалар. Жәкен ақынның шығармаларының бір шыңы "Саржан-Бодық" дастаны. Бұл дастанмен бала жасымыздан таныс болуға тура келді. Мұны 1951-52 жылдардың қысында аудандық газеттің редакторы әкем Жүніс Ыбышұлына сынатып алмақ болып, біздің үйде жырлаған еді. Қаһармандық ерлікке толы дастан қатты ұнады. Дегенмен әкей "Саржанды тым асыра мақтай берме" дей келіп, сол кездегі саясаттан бірақ хабар беріп Кенесары атына байланысты талай аяулы азаматтың қуғынға ұшырағанын ескертті. Әрине, мұнан кейін Саржанның талай ерліктері дастаннан алынып қалғаны, "талапқа" сай өзгергені белгілі. Саржан-Кенесары қазақ халқының азаттығы үшін жан пидә еткен, тендесі жоқ ұлт батырлары. Олар ауыл арасының дауы, рулық араздық, туысқаншылдықтан жоғары. Ауыл арасының мықтысынан гөрі алапатыныңда, көркем бейнесінің жоғары болуы ұлттық намысымыздың көрінісі. Олар атына күйе жағуға келмейтін жарқын да қасиетті бейнелер.

Жәкен ақынның орыс отаршылдарымен соғысқан Саржанды қалмақпен соғысты деп көрсетуі де қатерлі заманнан басын арашалау үшін жасаған тәсіл-айласы. Сөйте отырып Саржанды халық батыры етіп көрсету көзсіз ерлік. Саржан-Кенесары елі үшін айқасып жатқанда Назарбай мен Қоңырдың жаумен ымыраласуы, одан кек алу қажеттігі нанымды суреттеліп, оқырманды да ерлікке шақыра түседі. Опасыздан кек алып, олжалы қайтқан Саржаннан "олжа" алып қайтуға шыққан Бөртеңің ісіне дастанды оқушы іштей қынжылса, өлген Бөртеңің жалған кегін қуған Бодық батыр, оның ақылмен жеңген Саржанның ісі сүйсіндіреді. Бодықтың "бұзбандар ұйымынды қымбатты елім" дей келіп "мастанба елді шауып жылқы алғанға" деуі де Саржанның ерлік те, кісілік те тұлғасын айқындай түскендей.

"Бөрі батыр" дастаны да ру арасындағы араздық тәрізді көрінгенімен де қазақ халқының салт-дәстүрін, әдет-гұрпын, қыз ұзату, келін түсіру сияқты жайларды сипаттауда ерекше мәнге ие шығарма. Күндікке берілген қыздың кегін алу үшін Бөрінің аттанысы, Аксеркенің өлімі "әттеген-айлатса" да,

Деріпсалы ел бірлігін ойлаған кемеңгерлігі ақын шығармасында жақсы орын тапқан.

Жәкен ақынның "Көкжайдақ" дастаны ғасырлар бойы азаттық үшін күрескен қазақ елінің батырларының тірліктің сәні намыс деп түсінетіндігін көрсеткен айтулы шығарма. Шығарманың кейіпкері де тарихи тұлға - Сазанбай батыр. Қазақтың көне дастандарының қайсында болмасын батырдың аты өзіне сайлығы жырланады. Сазанбай батыр өзі үшін емес, келер ұрпақ үшін қам жейді. Келер ұрпақтың жарақтанған жауға лайықты қарсы шығуы үшін тұлпар іздейді. Сондай тұлпар Көкжайдақты табады да. Жау қолына өзі түсіп қалса да, оны қайтып әкеліп бермеуін, өзі өлсе де, сол өзі өмір сүрген елден батырлар туарын, тұлпардың соларға қажеттілігін айтып, сол үшін жанын пидә етеді.

Осы жолдардың авторы ақынның "Көкжайдақ" дастанын тауып, кезінде "Заман" газетіне жария етіп, 1991 жылы мерейтойын өткіздірді.

Жәкен ақынның қай мұрасы болмасын деңгейі биік, келер ұрпаққа үлгілі шығармалар екені даусыз.

ЕРМЕК МҰСТАФИН (1917-1990)

Ермек Мұстафин Бұғылы тауының баурайында 1917 жылдың 6 қаңтарында дүниеге келген. 1940 жылы драма коллективіне жұмысқа тұрған. Қазақстанның халық әртісі атанған Мүлік Сүртібаевпен "Қозы көрпеш Баян сұлудағы" - Қозының, "Қыз Жібектегі" Төлегеннің рольдерін кезек-кезек ойнап өз талантын шыңдайды.

Ермек Мұстафин Қарағанды қазақ драма театрында 1965 жылға дейін жемісті еңбек етті. Ол "Қозы Көрпештегі Қозы, Айман-Шолпанда" - Әлібек, "Еңлік-Кебекте" - Кебек, Исатай-Махамбетте" - Махамбет, "Ер Тарғында" - Сақан батыр рольдерін бейнелеп, көрермен қауымның алғысына бөленді. Оның орындауындағы Ақанның, Біржанның, Жаяу Мұсаның, Естайдың, Ыбырайдың, Балуан Шолақтың, Әсеттің және Абайдың әндері жаңа бір қырынан көрініп жүрекке жылы тиіп жатады.

Сондай-ақ Ерекең Мақтұмқұлұлы, Омарһаям, Бұхар жырау жырларымен халық ақындары Шортанбай, Кемпірбай, Шөже және Зейнеп, Қакпан, Маясар сияқты ақындардың артқа қалдырған мұраларын насихаттауда көп еңбек сіңірді.

Ерекең ауылға оралған сонау 1965 жылдан бастап аудандық

мәдениет үйінде методист, кейінде режиссер болып 1977 жылға дейін қызмет істеді. Сонымен бірге Ерекеннің әр жылдарда жазған өлендері жергілікті аудандық және облыстық газеттерде жарияланып келді.

Ермек Мұстафин сарша айының 28 жұлдызында 1990 жылы дүниеден өтті.

ӘРІН ҰЛЖАНБЕКҰЛЫ

Әрін жастайынан жақын ағайынның қозысын бағып өскен екен. 9 жасында қозы бағып жүргенде далада ұйықтап қалыпты. Сонда бір ақсақал "көген аласың ба, өлең аласың ба" депті деген аңыз бар.

Қыс ішінде бай оны су әкелуге жұмсапты. Бұлаққа кеткен Әрін бала жуық маңда орала қоймаса керек. Оны іздеп барған кісі баланың қардан қоян жасап, онымен өлеңдесіп айтып отырғанын көріп, қайта айналып, байға айтып келеді. Мұны қызық көрген бай мен қонақтары да бұлаққа барып көреді де, баланы қар қоянымен үйге әкеліп айтыстырып тамашалайды. Бұл ақын баланың жұртқа алғаш танылуы екен.

Бір жылы Майбас болыс елді жинап, Әрін балаға әркімге арнап өлең шығартады. Ең соңында "енді мен туралы не дейсің" деген екен. Майбаста бала болыңқырамай, жаңа қонысқа үй салдырған кезі болса керек. 11-12 жастағы Әрін:

Битабайым Майбасым,
Тақыр басым, таймасым.
Қатыны қысыр қалып,
Әр жерге үй салғанын қоймасын, -

деп бастап шұбырта жөнеліп, Майбасқа қараса оның жүзі қап-қара боп кеткен екен, Әрін бала есіктен шыға қашып, екі-үш күн ауылға жоламай қойыпты. Сонан Майбас оны жылқышысын беріп, атқа өңгертіп әкелдіріпті. Жылқышы Әрінді қыс жаппалы есіктен итере кіргізіп жіберсе, Майбас төрде отыр екен дейді.

- Қорықпа, балам, тимеймін. Сенің сөзіңді өзім сұрап алдым ғой. Пендеге пенде қылмасын, кісіге күнін салмасын, қайда жүрсең аман жүр, - деп батасын беріп, үстіне киім кигізіп, есіктің алдында байлаулы тұрған тайға мінгізіп жіберіпті.

Әрін сол тайға мініп нағашысының ауылына келеді. Оның босағасында бір нашар лақ байлаулы жатса керек. Әрін "осы

лақпен айтысайын, жеңсем лақты бересің, жеңілсем тайды аласың" дейді нағашысына. Сонымен лақпен өтірік айтысып,

Биік тауда ағады қайнар бұлақ,
Қой келгенде маңырап жетім лақ,
Құлағы шұнақ, жырық ерін, көзі соқыр,
Мен туғалы көрмедім мұндай лақ, - дейді.

Аға-еке, биік таудан ағар бұлақ,
Маңыраса маңырап жетім лақ.
Жарықтық бойдақ қойдай болмасақ та,
Жөнелтуге жарармыз бірер қонақ, -

деді деп, онан жеңілген боп, нағашысына тайын тастап кетеді.
Әрін Асанбек байдың үйіне барса, әйелі етін сылып алған жамбас асыпты. Сонда Әрін былай деп бата жасапты:

Асанбек, аман болсын мал мен басың,
Өзіңнің 65-ке келді жасың,
Алдыңнан ақыретте дайын болсын,
Еті жоқ маған берген қу жамбасың.

Әрін сонан Түсіп деген ағасының үйіне барып, тамаққа былай деп бата беріпті:

Бір мойын, бір омыртқа асқан етің,
Бір сирақ, бір буда шек қосқан етің,
Түбінде жақсылыққа апармас-ау,
Тарылып, жоқ-жоқ деген бұл ниетің.

Бұл екі жолы да отағалары "ақын келгенде тамақты жөндеп аспадың" деп әйелдерін сабап тастапты.

Бір жылы елде қорқау қасқыр пайда болып, қабірге жаңа қойылған мәйітгерді қазып жеп, елдің тынышын алады. Омар деген аңшы оның ізіне түсіп, 6 күшігін алып, өзін қақпанға түсіреді. Қақпандағы қасқыр өзінің аяғын шайнап тастап, безіп кетеді. Әрін "сол қасқыр маған кезікті, сонымен айтыстым. Қасқыр маған жеңілсем сыр бойына кетем, жеңсем жылқыдан ту бие жеп тұрам" деп серттесті. Сонан "қасеке, кезек сенікі деп едім, о неме соған малданып былай серпіді" депті:

Қасқыр:

Ей, бала, айтыссаң кел, кет демеймін,
Сыр бойында ботқа бар, ет жемеймін,

Омармен алыспысың, жақынбысың,
Дәнеңе одан басқа ет жемеймін.

Әрін:

Қасеке, айтысамын, кет демеймін,
Сыр бойында ботқа бар, ет жемейсің,
Омарда не әкеңнің көз құны бар,
Адамды неге сонша жек көресің.

Қасқыр:

Омардың қанды қара қақпаны бар,
Қақпанмен 6 күшік тапқаны бар.
Әйтпесе мен Омарды не қылайын,
Сондықтан ол Омардың көп міні бар.

Бұл айтыс та ұзақ болған болуы керек. Қазір есте қалғаны осы ғана. Айтыста Әрін "ұтады" да, қасқырға Аяқ ала, Сырла там, Айғырұшқан арқылы Сыр бойына кет деп жөн сілтейді. Мұны естіп отырған бір малшы "ойбай, жылкым Аяқалада жатыр еді" деп киіне бастапты деген де сөз бар.

Мектеп бетін көрмесе де көңілге тоқығаны көп Әрін қазақ жерінің қасиетін суреттеген өлендер де туғызған. Бірақ олар бүгінде үзінді түрінде ғана сақталып отыр.

Мысалы:

Ақшатау деген өнер тау,
Түбінде ел жиналар орда болар-ау

Әйтпесе;

Мұсылман көп қазанда,
Мұсылмандар жиналар,
Таңертегі азанда,
Ташкент деген бір қала,
Ел шулаған базарда, -

деген жолдар акынның өмір туралы түсінігінің мол екенінің айғағы.

Әрін акын 30-жылдардың бас кезінде белсенділердің ісін, сол кездің ноқай тәртібін ұнатпай біраз өлең шығарған екен. Сонан бүгінде есте қалғаны:

Жеріміз аудан,
Шапқанымыз қаудан,
Отыз үйлі Түркеде,
Тоғыз қатын, бес еркек,

Мұның көзі құрымай,
Құтылмаспыз даудан, -

деген ғана.

Мұны естісе пәлеге қаламыз деп, Әріннің бар өлеңін көшіріп жүрген Әбітай қолжазбаны бір жерге тыққан екен, кейін таба алмай қалған.

Әрін ақын 41-ден 42 жасқа қараған шағында 1932 жылы дүниеден өткен.

РЫМҚҰЛ СҮЛЕЙМЕНОВ

Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі Рымқұл Сүлейменов Қарағанды облысы, Шет ауданына қарасты Қызылтеңдік колхозында 1936 жылдың 7-маусымында дүниеге келген. Аудан орталығындағы орта мектепті бітіргеннен кейін әрі қарай оқуға мүмкіндігі болмай геологиялық - барлау партиясында бұрғышы, сонан кейін аудандық мәдениет үйінде көпшілік шараларды ұйымдастырушы болып еңбек етеді. Қарағандыдағы №4 техучилищесінде оқып, қазақ мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітірген.

Қаламгерлік жолын 1957 жылы Шет аудандық "Ильич туы" газетінде бастап, бірқалпай өлеңдерімен, тартымды очерктерімен көзге түседі. Ақтоғай аудандық "арқа еңбектері" газетінде жауапты хатшы, Ағадыр аудандық "Ағадыр таңы" газетінде редактор, Жезқазған облыстық "Жезқазған туы" газетінде редактордың орынбасары, "Социалистік Қазақстан" газетінің Қарағанды облысындағы меншікті тілшісі, Қарағанды облыстық "Орталық Қазақстан" газетінің жауапты хатшысы, бас редакторы, тәуелсіз "Компас" газетінің бас редакторы, Жазушылар одағының облыстық бөлімшесінің төрағасы болған. Қазір құрметті демалыста.

Рымқұлдың қаламынан өмірдің әр кезеңіне арналған "Көңіл шұғыласы", азаматтың ұрпақ алдындағы міндетін баяндайтын "Ар алдында", Тәуелсіздікті аңсаған "Алашым — аңсағаным", "Сағыныш" атты талай әңгімелер мен хикаяттарға толы кітаптары жарық көрген.

Рымқұл Сүлейменовке Шет ауданының "Құрметті азаматы" атағы берілген.

ЖҮСП АЛТАЙБАЕВ
(1900-1987)

Шет өңірінің бұрынғы Ақшатау болыстығында дүниеге келген. Зерек бала Диа қажы ашқан мектеп-медреседе оқып біраз білім алған соң, Қарқаралыда оқуын жалғастырған. 1931 жылы Шет ауданының орталығындағы мектепте ұстаздық еткен. Сол кезде басталған қуғын-сүргіннен сескеніп, елден жылыстап кеткен. Қаламгерлік жолы "Лениншіл жас" газетінен басталып, Қарағанды облысы бойынша меншікті тілші болған. Тілі өткір қаламгерді "Ара" журналына басшылыққа жіберген. Ол КазТАГ-тың директоры, радио - телевидениенің мем. комитетінің бастығының орынбасары болып істеген. Қарымды қаламгердің қаламынан талай фельетон, очерк, әңгімелер туындаған. Соның біразы "Нак-нак" атты тандамалысында топтастырылған. Ол - көркем аудармашы да еді.

Өмірінің соңғы кезеңінде Ағыбай батыр туралы шығармасын жазды. 1987 жылы бұл шығармасы ұлтшылдық деп танылып, баспадан алынып тасталды. Бұл жазушы үшін ауыр соққы болып тиді.

Жәмші ауылындағы орта мектеп жазушының есімімен аталды.

САМАТ МҰСАБЕКОВ
(1924-1981)

Самат ақын Ақшатау болыстығында дүниеге келген. Көзінің тірісінде шығармалары жеке жинақ болып шықпаса да ұымдық жинақтарға енген. Ақынның ауылдан қол үзіп кете алмауы оның әдеби ортада кеңінен танылуына кедергі болғандай. Дегенмен ол шығарған дастандар ел арасына кеңінен тараған. Самат ақын аудан, облыс көлемінде өткен айтыстарға да үнемі қатынасып, жүлделі орын алған.

Ақынның екінші қыры - сазгерлігі. Оның "Қарабұлақ", "Мен қазақпын" әндері белгілі. Сол сияқты Самат ақын бұрынырақ өмір сүріп кеткен Қыздарбек, Әбди, Сембек күйшілердің де күйлерін сақтап, бізге жеткізушінің бірі.

СЕРҒАЗЫ АҚЫН

Нұаның нәрлі топырағынан өсіп-өнген ұрпақтың туын құлатпай ұстап келе жатқан кейінгі толқын легінде қарымды

журналист - ақын Серғазы Қабылдаұлы да бар. Сонау 1954 жылы Ақсу ауылында дүниеге келген ол 1971 жылы Ы. Алғынсарин мектебін бітірді. ҚазМу-дің журналистика факультетінде білім алған Серғазы аудандық, бұрынғы "Ильич туы", қазіргі "Заман" газетінде бөлім меңгерушісі болып қызмет атқарып келеді.

1992 жылдан 2005 жылға дейін аудандық газетте бірге қызметтес болған кезімізде Серғазының талай қалжыңдарының, тауып айтқыштығының куәсі болдық. Ешкімнің жанына тимейтін, бірақ, астарлы, ойлы әзілге, ұтқыр сөзге шеберлігін талай жерде байқадық. Ол - лирик ақын. Ақын Серғазының өлеңдері тұнжырап жүрген көңілді сергітіп, желпінтіп тастайды. Өттең осындай ақындардың ауылдан аса алмай, баспаларға жете алмай қалатыны өкінішті. Мен ақынмын деген талайдың өлеңін оқысаң ұйқас бар, өлең техникасын да меңгерген, бірақ ақындық жоқ. Жүрек жылынбайды, мен-мен деп өзеуреген бірдеме. Әлемнің бар салмағын арқалап жүргендей теңселетінін қайтерсің. Неғып атылып кетпей, неғып жарылып кетпей жүр деп таңғаларсың.

Серғазыда ондай "мен" жоқ. Оның есесіне ақындық бар. "Дала" деген өлеңін қарашы:

Үкідей селеу үлбіреп,
Бұлақ сақ-сақ күлді кеп.
Сыңсытып сырлы әуенін,
Сыбызғы-құрай тұрды кеп.

Қалай дейді?! Үкідей селеу үлбіреп дегенінің өзі не тұрады. Қазақы ұғым ғой. Соны сағынып жүр емеспіз бе. Жүрегін елжірейді. "Жазғы таң" деген өлеңінде Серғазы:

Жұлдыз біткен көздерін ашып-жұмып,
Ұйқылы-ояу манаурап тұрды есінеп -

дейді. Тірі сурет қой. Таңды көрген, сүйсіне білген адам ғана осылай суреттейді. Жұлдыз ба? Даланың кигіз үйдегі аруы ма?

Серғазының "Қараша үйінде" қазақы баланың қоңыр тірлік кешкен өмірі, сағымға кеткен әжеміз салған ән, егіз шектің күйі - бәр-бәрісі бар-ау!

Қамшылатып арманыңның ақ атын,
Қақтыратын қиялыңның қанатын.
Төңкерілген аспандағы көп жұлдыз,
Қараша үйдің түндігінен таматын.

Иә, сонау соғыстан кейінгі бір жылдары қой баққан
атамның жыртық-тесік қараша үйінде жатып, елегізген
көңілмен сол туырлық-түндіктегі саңылаудан мөлт-мөлт еткен
жұлдызға еліктік қой. Серғазының көп жұлдызы, қараша
үйдің түндігінен таматын сол әлем ғой.

Мандайы тершіп манаурап жатқан қыраттың,
Сорғалап тұрып самайынан сал-сал су ақты.
Сыңғыр да сылдыр дариға мына дүние,
Салтанат құрған Арканың аруы сияқты -

дейді Серғазы ақын "Ару көктем" өлеңінде. Мына дала тірі
пенде дерсің, сол далаға ырыс бергісі келген азаматтың
төгілген тері дерсің. Жүрек осылай қабылдайды.

Тас-талқан болып өнбеске кейде бүлінсем,
Сабама мені түсірдің өзің бұрымдым -

дейді Серғазы "Шуағыңа сенің жылындым" деген өлеңінде.
Бар сеземін, ғашық сыйластығын "бұрымды" деген жалғыз
сөзбен бере білген. Осы жерде Ұлы Мұхтар Әуезовтің
Кәмилаға жазғаны еске түседі. Мен ғашықпын, сені өлердей
сүйемін демейді Мұқаң, "Тең көрдім орыныңды орыныма"
дейді-ау! Қазақ асыл сезімін шашпаған, жасыра білген. Қазір
ғой Батыстан үлгі алған ақынсымақтардың "күйдім, сүйдім,
өлдім, жандым" деп жататындары. Бұл ыштанынан айырылып
қалған еуропалықтардың сырты жылтыр, жалған сезімі. Ақын
- қазақ бола білуі керек.

Шаршап жүрмін,
Ақ отауын аша алмай,
Кәусәр жырдың -

депті Серғазы.

Өлең - киелі өнер. Ол қанмен жазылады. Кәусәр жырдың
ақ отауын аша алмай жүрген жоқ бұл ақын, ол сол киелі
көшенің ішінде жүр.

Серғазының жүзге таяп қайтыс болған үлкен әкесі Әбдібек
Жанғұтты шешеннің немересі Аманбекпен жақсы қарым-
қатынаста болған адам. Бұл достықтың соңы туыстыққа
айналып, Аманбектің Өзбек деген баласына Әбдібек Бикен
деген қызын қосып, жақындықты бекіте түскен. Жақсылардың
сарқындысындай Серғазының бойында да бір тектілік бар.
Оның ауызекі айта беретін әңгімелерінің өзі көркем туынды
тәрізді әсер ететіндігіне еріксіз тәнті боласың.

ӨМІР КӨРІПҮЛЫ

Қарағанды облысы, Жаңарқа ауданының Құмдауыт ауылында 1940 жылы 5 мамырда дүниеге келген. Қарағанды Педагогикалық институтының филология факультетін бітірген. Ауыл мектептерінде жиырма жылдай мұғалімдік қызмет атқарған. Тырнақалды өлендері аудандық, облыстық газеттерде басылып тұрған. 1980 жылдан Медыр станциясында тұрады. Аудандық "Ағадыр таңы" газетінде журналистік қызмет атқарып, 1997 жылдан 2003 жылға дейін Шет аудандық "Заман" газетінде қызмет атқарады.

Проза жанырында да талмай еңбек етіп келеді. Оның "Сарыбел сазын" жұртшылық аса жылы қабылдаған. Өмірдің қаламынан "Атасының баласы", "Есік тоған", "Бұрқақ", "Тайталас", "Серілер мен перілер" атты прозалық шығармалар туындап, жұртшылыққа ұсынылды.

ӨНЕР ИЕСІ ЗӘРУБАЙ

Зәрубай Сүйіндікұлы 1947 жылы осы Шет топырағында дүниеге есігін ашқан. Ы. Алтынсарин мектебін бітіріп, Қарағанды Педагогикалық Институтын тәмамдаған соң ұзақ жылдар аудандық оқу бөлімінде істеп, кейін партия комитетінде нұсқаушы, мәдениет бөлімін басқарды. 1980 жылы Жезқазған облыстық мәдениет бөлімінде халық творчествосы бөлімін басқарып, "Ұлытау" ән-би ансамбліне жетекшілік етті. Ауданға қайта оралып, оқу бөлімінде, 1992 жылы Нұраталды мектебінде директор болып істеді. 1995-2005 жылдар аралығында аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі, қазіргі тұста Шортанбай жырау атындағы музейді басқарады.

Зәрубай қандай қызмет атқарса да шығармашылықтан қол үзген емес. Оның шығармашылығының басты тақырыбы - туған жерге деген ерекше сүйіспеншілігі.

Бақыт деген байлық емес, ұғымым,
Жыр боп шашыл, күй боп төгіл ғұмырым.
Бұлағыңнан бастау алдым бұлқынып,
Қасиетті туған жерім - ғұмырым, -

деп төгіледі ақын өзінің "Өмір толғауы" атты өлең мен әндер жинағында.

Оның өмірі мәдениет саласымен астасып жатыр. Кезінде "Ақсу-Аюлы" ән-би ансамблімен Алматыда, Семей облысында

гастролмен болып, өнерлі өлкеміздің түлектерін үлкен сахнадан өткізді. Кезінде "Ұлытау" ансамбілімен Грузия жерінде де өнер көрсетіп қайтқан еді.

Әкесі Сүйіндік ақсақалдан домбырашылық өнердің қыр-сырын меңгере өскен Зәрубай ақын да, сазгер күйші. "Ақсу-Аюлы" жыр мекен, әнінен иесінің қырыққа жуық әндері, "Деріпсалы батыр" күйі бар. Ол атақты Қыздарбек күйшінің мұрагері - ізбасарларының бірі. Қыздарбектің "Ей, дүние", Сембектің "Сезбес" күйін бүгінде орындаушы осы Зәрубай.

Зәрубайдың өлендері, ән-күйлері мерзімді баспасөздер "Орталық Қазақстан", "Жас Алаш", "Қазақстан мектебі", "Заман" газеттерінде үнемі басылып жүр. Оның "Өмір толғауы", "Жан балам", "Балдәурен", "Туған жер", Астана аруы" әндері кеңінен танымал болса, "Ағыбай", "Домбыра" әнін орындаған Г. Қожабаева республикалық "Жас Қанат" байқауында бірінші орын алды.

Зәрубай Сүйіндікұлы "Қазақстан Республикасының білім беру ісінің үздігі" атағының да иегері.

ҚОҢЫР ШӘТЕКҰЛЫ

Қоңыр Шәтекұлы 1940 ж. Шет ауданы Қарабұлақ ауылында дүниеге келген. Өленді жасынан жазған. Мектеп қабырғасын аттаған балаға ауылдың үлкендері Алпамыс, Қобыланды, Ертарғын жырларын оқытып, өлеңге баулыған екен. Тұмсық ауылында тұратын жақын әпкесі балаға ылғи құрт-май береді екен. Бір жылы осы менің асымды мақташы, әкең домбырашы, анаң ақын еді депті. Сонда Қоңыр бала:

Апам менің қандай,
Бұлттан шыққан айдай.
Құрт береді маған,
Тәттілігі балдай,
Қылшықтары талдай, -

дейді табан асты.

Қоңыр бала жасынан ақын атанған. Оның өлеңдері жеке кітап болып шықпаса да аудандық, облыстық газеттерге жиі басылып жүр. Оның "Үш сері, бір бөрі" деген дастаны елге мәлім. Қоңыр, әсіресе, шымшыма өлеңдерге аса шебер.

Пайғамбар жасынан асқандығы болар, кейінгі кезде, достық, қариялық туралы көп жазып жүр.

Достарымды көргенде көркейемін,
Жан-жағымда тұрғандай көктеп егін,

Көргенде балаларын, сүйген жарын,
Қуанышпен толқиды ақын жаның, -
деп тебіренеді.

Алыстап кеткен өткен дәуренді,
Құрдас болған жастық шақ,
Шақырсаң келмес мың сұрап, -
деп еске алса, жеткіншек немерелер туралы:

Жүректің ортасынан орын алған,
Дүниенің бар байлығы сенсің маған.
Бір жакқа жолаушылап шыға қалсам,
Уыз даусың келеді аталаған, -
деп аталық мейірімін төгеді.

СОФЫ СМАТАЕВ

Жазушы, драматург Софы Сматаев 1942 жылдың 24 маусымында қазіргі Қарағанды облысы, Ақадыр ауданы, Киік стансасында дүниеге келген. Мәскеудің Болат және қорытпалар институтын бітірген. 1960 -62 ж. Мәскеудегі "Серп и молот" заводтында слесарь, құюшы, Қазақстан Ғылым Академиясының металлургия және кен байыту институтында инженер, аға инженер, 1967 - 84 ж. "Жұлдыз" журналында бөлім менгерушісі, 1984 — 87 ж. Қазақстан Компартиясы ОК-нің жауапты қызметкері болып жұмыс істеген. 1989 жылдан Қазақстан мемлекеттік Кітап палатасының директоры. "Астана оттары" атты тұңғыш өлендер жинағы 1968 ж. жарық көрді. "Елім-ай" трилогиясының, сондай-ақ "Ақжелен" және басқа да көптеген прозалық ірі шығармалардың авторы. Сматаевтың "Тағдырлар" (1976), "Сен кімсің" (1977), "Өзәзіл" (1978), "Жұлдызым менің жоғары" (1985) пьесалары республикалық, облыстық тиеатрларда қойылды. "Жұмбақ қыз", "Жаяу Мұса" операларының либереттосын жазды. В. Г. Короленко, В. В. Иванов, В. А. Солоухин, Х. Абдуллин, Ю. Мухлисов, сондай-ақ,, У. Шекспир, И. Добози шығармаларын қазақ тіліне аударды. Халықаралық "Алаш" сыйлығының лауреаты (1992). "Ққрмет" орденінің иегері (2000). Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарымен марапатталған.

Күмбірлеген күй төгілген далама

ТАРЛАНЫҢ СОҢҒЫ ТҰРАҒЫ

Арқада күй өнерін бүгін біз білетін Тәттімбет, Қыздарбектен де бұрын биік шыңға көтерген ел Икең атаған (дұрысы Итаяқ) күйші туралы жұрттың жадында қалғаны аз, зарлы, кертартпа күй деп бағаланып, зерттеушілердің жолын бөгеген теріс саясаттың тікенегі қадалған Арқаның шертпе күйлерінің сан мұрагерлерінің бірі осы Итаяқ күйші. Сонау 1980 жылы жетпістің жуан ортасына енген Бегімсал ақсақадан Икеңнің он екі тармақ "Зарының" бір үзіндісін ғана магнитофон таспасына түсіріп ала алған едік.

Қыздарбек күйшінің рухани ұстазы болған Икеңнің өмір жолы түгілі мәңгілік орыны мазары жоқтай көрінген. Дегенмен іздене бердік. Өткен жылдың күзінде ұлы күйшінің мәңгілік орынын білетін ақсақалды да кездестірдік.

Саршаның 7 - жұлдызында Нива машинасын осындай игілікті іске берген Болат Әлімбектегіне рахметімізді айтып, Қанатты рульге ие етіп, Ескермес ақсақалды жолбасшылыққа алып жолға шыққанбыз. Күн ми қайнар ыстық, жаздай жауған жаңбырдың тоқтағаны да осы шығар. Айсаның үстін басып өтіп, Босағадағы Бекеннің үйінен бір сусындап алып, Қызылтуға жеттік. Осы өңірдің арғы ғасырдағы тумасы Икең күйшінің мазарын көруге ауыл әкімі Баянды да ілескен.

Жолшыбай Ескермес ақсақалдан күйші туралы суыртпақтап сөз сұраймыз. Ескермес ақсақалдың әкесі Баймолда 1948 жылға дейін осы Шет ауданының орталығын да әр түрлі қызмет атқарған екен. Қартайған шағында Шолақ еспені мекендеген. 1968 жылдың мұғдарын да Ескермеске Икең күйшінің мазарын көрсетуге ниет етіпті.

- Заманның ығымен жүре берген жаспыз ғой. Әкей айтқан соң еріксіз барғаным да рас еді. Құлықсыздық танытқаным, талай әңгімеден құр қалғаным қазір қатты өкінемін, - дейді Ескең.

Бұл маңның қыпшақтары Өтен қара мен Қоңырбайдан тарайды екен. Қоңырбайдан Солтан, Солтаннан Қолқап, онан Өзден, Өзденнен Бөрі мен Кенже, Бөріден Байбол да, онан Ескермес.

Ескеңнің айтуына қарағанда Икең күйші Солтаннан туады екен. Күйшіден осы ғасырдың қырғынынан өтіп, бүгінгі күнге жеткен өз кіндігінен тараған тірі ұрпақ жоқ.

Қыздарбек күйші тоғыз-он жасқа келгенде домбырасын құшақтап ұйықтап, өзі естіген күйлерін өзінше шертіп, беймаза хал кешкен соң әкесі Төребай осы Икенді арнайы сый-қонаққа шақырып, жаз бойы ұстаған екен. Сонда Икең жетпістің ішіне мол кірген кісі екен деген сөзді тоқсанға келген Қазан ақын құлағымызға құйып кеткен. Қыздарбек күйші 1850 жылы дүниеге келгені белгілі. 9-10 жасында да жетпістен асқан Икең күйшіден тәлім алған болса, Икең 1775, немесе 1780 жылдары дүние есігін ашқан болып шығады.

Шолақ еспедегі Мұрат Қожабердиннің үйіне біраз аялдап, тағы жолға шықтық. Ескермес ақсақал қырық жылға жуық уақыт өткен жолымен канша бастап жүргісі келсе де көне сүрлеу тозып табан жол тантирар емес.

- Анау көк ашықты бойлап қайтқан едік, - дейді.

Биылғы мол судан қуаң даланың өзіне шыққан шөп белуардан. Кей жерде "Ниваның" терезесін жабады. Бір кезде Арқа мен Шу бойының малшылары екі-үш шақырымнан ұзамай қоныстанып, мыңғыраған мал бағатын дала бос жатыр. Олардан қалған белгі құдықтар ғана. Осыдан он жыл бұрын ор сайынан мың-мыңдап ере түрегелетін киіктің ізі де жоқ. Ең болмаса дала еркесі киіктің бірі көрінсейші. Оны да сағынып келеміз.

Бұралаңдаған сан сүрлеу мен бағытты сан өзгерте жүріп, Икең күйшінің мәңгі орынына да жеттік. Осы мазарды көсеткенде ризалықтан басқа не айтпақпын, - дейді Ескермес ақсақал.

Басын сарыбұлақтан алтын Батпақ су өзені де осы маңға келгенде жер астына сіңіп, ізім-қайым жоғалады екен. Кеш түсіп келе жатыр. Қазақтың қоңыр үйінен әр көш домбыра үні шығушы еді. Соны сағынамыз ба, көңіл елең-елең. Сонан соң Икеңнің Дайрабаймен тартысы еске түсті. Икеңді Дайрабай күйші іздеп келіп, күй жарысына шақырған екен. Ертемен басталған тартыс екі күйшінің алма кезек өнер жарысы, кеш батқанша бірпей қойыпты. Сонан өзі білетін бар күйі таусылған Дайрабай әлденені шертіп-шертіп, домбырасын сүйеген екен. Икең жаңа Дайрабай шерткен әуенді кеңінен толғап, жаңа бір сарынмен орындап шыққан.

- Ике, - депті Дайрабай, - мен шертпе күй таусылған соң біздің елдің Сарыңдама деген әуенін тартып едім. Сіз оны жаңа бір леппен өндеп, жеке бір күй етіп жібердіңіз. Осыны Дайрабайдың күйі деп елдің құлағына сіңіріңізші.

Осы қисынды айтқан Бегімсал домбырашының да дүниеден өткеніне талай-талай уақыт бопты.

Кеш қоюлана түскен. Батпақ судың бір иірімінде сары ала қаздың екі әтеші төбелесіп жатыр екен. Бізден үріккен балапан қамысқа оратылып қолға түсті. Мен оны домбырасына қаз әуенін салған Икеңнің бізге берген сыйы ма деп қалдым да, өнерлі болсын деп Мұрат Қожаберітегінің кішкене ұлының қолына ұстаттым.

Ертеңінде екі Тайатқанның арасындағы Аралбай қалиенің зиратын, Ағыбай батыр мазарын көріп, тағы да бір көне мұраларға назар сала жүріп, көліктің табанына темір тікен қадатып, отыз сегіз градус аптапта тәулікке жуық уақыт ең болмаса ауыз шаяр су таппай жатып, ел қарасын көрдік.

Жолаушы мұраты жету еді, ал біздің қуанышымыз даланы дүбірлетіп күй төккен елін өнерге бастаған. Қыздарбек және оның шәкірттеріне бас ұстаз болған Икеңнің мазарының табылуы болды.

ҚЫЗДАРБЕК КҮЙШІ ЖӘНЕ ОНЫҢ ШӘКІРТТЕРІ

Өткен ғасырдағы қазақ музыкасының дамуын зерттеушілер еңбектерінде анда-санда аты аталып, әдебиет бетінде жалт етіп көрініп, жоқ болып кетіп, қазақ музыка әлемінде зерттеуін ұзақ күтіп, лайықты орын ала алмай, әр жерде қана жүрген өнер иесі Қыздарбек күйші.

Уәли Бәкенов "Шертпе күй шеберлері" деген кітабында "...Арқа дәстүрінде шертілетін күйлерді дамытушы, Орталық Қазақстанда Саймақ, Тоқа, Дайрабай, Баубек, Қыздарбек, Әбди, Ақмолда, Мақаш сияқты бірқатар күйші домбырашылар өткен" дейді. Осында айтылып отырған Қыздарбек - қазір біз сөз етіп отырған Қыздарбек Төребайұлы да, аттары аталған Әбди, Ақмолда мен Мақаш оның ізбасар шәкірттері еді. Шертпе күй өнерін дамытуда еңбек еткен талай майталман күйшінің өмірі осы бір құнды кітапта сөз болса да өкінішке қарай Қыздарбек жөніндегі сөз осымен тоқталған.

Арқадағы шертпе күйдің атақты шебері Қыздарбек күйші 1850жылы туып, 1922 жылы қайтыс болған. Сол майталман күйшінің біраз күйлерінің табылғаны туралы "Қазақ әдебиеті" газеті 1980 жылы 26 декабріндегі номерінде жазған еді.

Өкінішке қарай сонан бері музыка зерттеушілер, консерватория, мәдениетке ие болып жүргендер сол күйлерді ел игілігіне айналдыру жөнінде ешбір шара қолданбай-ақ келеді.

Әкесі Төребай орта ғана шаруа. Өз басы өнер соңына түсіп, мал жимаған. Ел аралап, өзінен бұрын өмір кешкен шертпе күй шеберлерінің туындыларын орындап, өз жанынан да күйлер шығарып жүре берген. Өнер соңына түскен жігіт отыздың жуан ортасынан асқанша үйленбеген. Өз заманында Қыздарбек күй өнерін жаңа бір сатыға көтеруші, шебер орындаушы, парасатты күйші болды.

Қыздарбекке алғаш жөн сілтеп батасын берген қарт күйші Итаяқ- пірі есептес. Он екі тармақ зар тартқан Итаяқ өмірі де әлі зерттелмеген дүние. Біздің қолымызға ол кісінің бір-ақ шығармасы түсіп отыр.

Қыздарбек өзінен бұрынғы және өзі тұстас күйшілердің де шығармаларын толық меңгерген. Қыздарбекті көзі көрген ақсақалдардың айтуына қарағанда және сол ескі сарыннан домбыра өнерін үйренген қарттардың орындауын байқамағанымызға ол кісінің өзімізге таныс "Бестөре", "Саржайлау" т.б күйлерді өзіндік ерекшелікпен тартқандығын көреміз. " Қызкем осылай орындайды екен" деген еді Киікті станциясының тұрғыны бүгінде марқұм Бегімсал домбырашы.

Қыздарбекке еліту, Қыздарбекке өнер қуу ол кезде Арқаның сол тұсына дәстүр болып енген. Күйшінің айналасына біраз шәкірттер де топталған. Кейіннен аты шыққан Әбди, Сембек, Ақмолда, Кәрібек тамаша домбырашы Кенжеғара, Мақаштар Қыздарбектің маңында болған.

Әдебиетте сөз өнерін қуған Абайдың маңына тұрақты топ топтасса, музыкада Қыздарбек маңына тұрақты шоғырлану ерекше дүние. Мұның өзі Қыздарбектің музыкалық мектебі болды дегенге саяды.

Қыздарбектің домбырасы да ерекше болған. Ол кісі сол кездегі ағаш шебері Сағындық дегенге ағаштың сан атасынан домбыра ойдырып әрқайсысына көңілі толмаған. Ақыры домбырасын аршадан құрастыртқан. Тіпті домбыраның бетіне дейін аршадан жасаған. Күйшінің өзі дүние салғаннан кейін бұл домбырасына баласы Қажыкей ие болып қалған. Қажыкей атақты қобызшы болыпты. Әкесінің көптеген күйлерін қобыз әуеніне түсірген. Қажыкей 1934 жылы Балқаш көлінің Тасарал деген жерінде қайтыс болған. Қыздарбек домбырасының онан кейінгі тағдыры бізге беймәлім. Әлдебіреудің күні бүгінге дейін сақталуы мүмкін. Мұндай ерекше де қасиетті домбыраның қалған сынығын да тауып алу құнды болар еді.

Атақты күйші уақытында алыс-жақын домбырашы - күйшілермен күймен айтысқан.

Суырыпсалма ақындардың шаршы топ алдында өз өнерін сарапқа салып айтысқандары тәрізді саусағынан күй төгілген тарлан күйшілер де өз өнерінің шыңын, өрісін таныту үшін бір-бірімен айтысқа түскен. Бір-бірімен кездесерлік жағдай болмаса да алма кезек домбырашы жігіттерін жіберіп өнер жарыстырған. Бұл да бір Арқа күйінің ерекшелігі еді. Ұмыт болып бара жатқан осы дәстүрді жалғастырып дамытушыларды Қыздарбек пен оның шәкірттері болды.

Оның бозбала жігіт шағында Итаяқ пен қақтығысы, Тоқамен өнер жарыстыруы белгілі. Сол сияқты шәкірттерінің өнерін шыңдау мақсатында олардың да өзара күй жарыстыратын ұйымдастырып, қазылығын өзі шешіп отырған.

Қыздарбектің өз көкейкесті мәселелеріне шығарған күйлері де өзіндік мәнерімен, жеке сарынымен көзге түседі. "Сылқым қыз" атты күйі еркелеген самалдай желпіп, тәтті сезімге жетелей жөнелсе, "Өткінші өмір" күйі даланың сағымына сіңіп бара жатқан ақбөкенді қуғандай арманмен тамсандырады.

Қыздарбектің көңілді ұйытып, шалқыған шаттықпен өлшеусіз өкінішпен қатар сүйрей беретін күйі - "Сылқым қыз". Бұл дархан да нәзік күй аты ел есінен ұмыт болған Тоқа Тойымбек ауылының өнерпаз қызына арналған екен. Өмірін өнерге сарп етіп, күйді ғана көксеген ол өмірде басқа шаттық, қуаныш бар демесе керек ті. Тылсым үнді қуып, қырыққа жақындағанша үйленбеген. Ал мына өнерпаз қызға отыз жас мұғдарында кездесіп, екі күн домбырамен айтысып, ақыры ұстазы Итаяқтың он екі тармақ "Зарын" шертіп зорға жеңген екен. Қыз Қыздарбекке ғашық. Тылсым үнді ғана қуалаған Қыздарбек қыз махаббатын, періштедей жанның қасиетін кезінде түсіне алмаған. Араға жылдар салып барып өз көңілінен сол бейнені қайта іздеп тапқан да, оған мәңгі ғашық екенін түсінген. Күй өнерінің шыңына өрлей білген қыздың керемет дарынына деген бас июшілік сол қыздың нәзік махаббатына деген өкінішті бағыныш енді қолдан келмесе шарасыздық боп бармақ тістетеді. Күй лирикаға толы.

Қыздарбектің "Өкінішті өмір" атты күйі өмір пәлсапасымен еріксіз таңдай қақтырады. Айғыр ұшқан тауының бауырындағы Сарыбұлақты жағалай қонған ауылда дүрілдеген той болып жатыр. Бір сәт жұрттан аулақтаған күйші Айғыр ұшқан басына шығады. Оң жақта сәнге малынған тойлы ауыл, жасанған қыз келіншек, құлпырған жайлау, көкпар тартқан жігіт-желең. Таудың сол жақ бөктеріндегі топ киік әлденеден үркектеп, қарағай мүйіз қасқа теке аспанға секіріп-секіріп, табынын бастап, оқша зулап сағымға ене берді. Неден үрікті? Неден үрікті деп мазаланған күйшіге мына даланың

дархандығы, бейбіт елінің қуанышы өте шығардай сескеніп, жүрегі шаншыды. Қазақ жерін тартып ала бастаған орыс патшасы бастаған келімсектер елінің мына дархан қалпында ұйқы-тұйқысын шығарарын осы жерде жан тәнімен сезген. Сәнді тойға бұлдыр-бұлдыр сағымға сіңген дала еркесі киікке қарап елінің болашағына қамыққан күйші көңілі жас төгіп, осы бір күйді шерткен екен.

Қыздарбек жігіт-желең шағында көңілін бір селт еткізіп, мезгілсіз қаза тапқан Баршын қызға арнап "Мұң" атты күй шығарған. Қыз мазары Сырлы там деген атпен күні бүгін Қайрақты өзенінің бойында тұр.

Қыздарбек творчествасында ерекше бір көзге түсетіні - "Жұбату" күйі. Бұл күйді ол өзінің дарынды шәкірті Әбдидің жалғыз өліп, құлазып отырғанда көңіл айта келіп шығарған екен. Күй адамша сөйлеп кеткендей, "өмір осы ғой, мәңгі үміт, таусылмас өкініш. Қолдан не келеді, берік бол, берік бол" деп тұрғандай естіледі.

Міне, ұстазының осы жұбатуына жауап ретіндегі іштегі шерін таркатуға жол таппай отырған Әбди сол жерде өзінің атақты "Зар" қосбасарын тартқан екен. Күй оқтиген құландай шыр айналып, үш аяқтап басталады-дағы, құлындағы дауысы құраққа кетіп, шарықтап аспанның көгіне сұңгіп, жер жастана егіліп құлыным-ай, құлыным-айлап" бебеулей жан жүйені билей әкетеді. Осы күйді тындап отырып, консерватория деканы Тмат Мерғалиевтың "Ойпырмай, қайғыны күй тілімен осынша білдіруге болады екен ғой" деп аққан жасына ие бола алмағанын көзім көрді.

Әділетсіз өмірде әрнеден көңілі қалған, айнала толған пысықайлардың көңіл жерітер кәсібінен жеріп болған жастық шақтағы тәтті қиял арманның үгітіліп, торыққан шағында Қыздарбек "Ей, дүние бір қиял" атты күй шығарған дейді. Осы күйді бізге жеткізуші Бегімсал ақсақал.

Күйшінің "Теріс қақпай" күйінің шығу тарихы әзірге бізге мәлім емес. Бірақ күйдің ішкі музыкалық сюжеті тәтті қиялдай тамсандырып, әлдебір шексіздікке сүйрейді.

Өмір тірлігі малмен танылған қазақтың әнші, күйшілері адам түгілі қасиетті жануардың да психологиясын қас қабағынан таныған сол жануарды мейірлендіре де білген. Міне, Қыздарбектің "Нар иген" күйі осындай. Жетім қалған ботаны бір ана жабулап, емізікпен асырап мәпелеп өсірген екен. Сол бота інген болған шағында қарт ана дүние салған. Ендігі көнектің иесі жас келіншекке қарт ананы іздеген інген исінбегенде оны әсем әуенмен тербеп иіткен Қыздарбек еді дейді Бегімсал қарт. Әуелде баяу тербеп басталатын күй, бірте-

бірте жылдамдап сауылған сүттің көнекке құйылғанын бейнелейді.

Қыздарбектің өмір туралы түйгені баянсыз бақыт пенен бір сәттік қуаныштың сағымға сіңген белгісіз көштей із-түзсіз жоғалуы, сынғыраған өзен суындай күміс күлкінің "аһ" ұрған қайғымен астарлас жетуін ұзағынан толғап, жарқын дүниеге деген қапалығымен құштарлығын кезек суреттеген күйі өмірімнің қорытындысы тәрізді күйі "Толғауы". Қартайған шағында шығарған бұл шығармасы ұлы өнер иесінің жүріп өткен жолына көз жүгіртуі тәрізді күй, эпилог десе болғандай мұра.

Қыздарбектің мұнан басқа "Дүние-ай", "Бозайғыр", кобыз күйлері және үш түрлі қосбасары бар. Оларды Орал Исатаев, Дәулетбек Сәдуақасов, Бегімсал қарт біздерге жеткізіп, болашаққа табыс етті.

Арқадағы басқа да шертпе күй шеберлері сияқты Қыздарбектің де бірнеше қосбасары бар. Арқа күй шеберлерінің қосбасарлары бірін-бірі толықтырып, дамытып, ерекше мәнермен қайталайтын керемет симфониялық жүйе тәрізді. Заманадан заманаға әрбір күйші өзінің өмір туралы түйсігін, уақыттың қайғысымен бір серпілтер сәттерін, ел басына туған ауыр кезеңді күйменен толғап, бір-біріне жалғасқан қосбасар-эпопея жазған тәрізді. Бұл әр заман үні. Мұндай ерекшелікке Арқа күйлеріне тән дүние.

Қыздарбектің талантты шәкірттері Ақмолда, Сембек, Әбди, Мақаш, Кәрібек, Рысқұлбек, Бегімсалдар кейіннен өздері де күй шығарған. Бір-біріне ұқсамайтын, өмірдің қуанышымен қиянатын өзінше суреттейтін осы күйшілердің өз күйлерінде Қыздарбекке ғана тән бір өкініш қайталау жүреді. Мұның өзі сол күйшілердің ұстазынан алған мектептік дәстүрі сияқты.

Қыздарбек мектебінің тағы бір ерекшелігі Арқада көп тартылатын қосбасар тектес күйлер шығара тұра өз туындыларына атап-атап ат қойған. Әбди "Зар қосбасар", "Қарғыс" десе Сембек "Наз қосбасар Кәрібек "Шер қосбасар" деп өз шығармаларын атаған. Мақаштың күйі "Майда қосбасар", Ақмолда "Кер қосбасар" атаған.

Қыздарбек және оның шәкірттері ертеден келе жатқан күйлерді дәріптеуші келесі ұрпаққа жеткізуші екен. Қазір қолда бар Абылайдың "Дүние қалды", "Қайран елім" күйлері осы топтың шарапатымен бізге жеткізіп отыр.

Қыздарбек шәкірттерінің ішіндегі ең жасы үлкені - Ақмолда. Бұл кісінің өз күйі бізге жетпеді. Қыздарбек және оның шәкірттері жөнінен көптеген мәліметтер беруші - Қазі ақын. "Кер толғау" күйін тыңдай келіп "Апырмай", мынау

Ақмолданың "Кер қосбасары" тәрізді екен деп еді. Айта кетер бір жағдай 30 - жылдары Арқадан үдіре көшіп, Оңтүстікке ауған ел бұл жактың сан күйін ол жакқа сіңіргені анық. Ақмолда орта бойлы, салалы саусақты, қой көз, селді сақал, ашаң, қара сұр адам екен. Ашылып сөйлемейтін бұйығы мейірман жан еді деседі қариялар. Ол 1934 жылы 73 жасында дүниеден қайтып, Тағылыдағы Шайтантас деген жерде жерленген.

Әбди ақсары, жирен сақал, ұялы көз, толық кісі екен. Оның үш түрлі қосбасары бар. Екеуінің аты белгілі. "Қарғыс" және "Зар" қосбасарлар. Әбдидің "Зар" қосбасар күйі оқтиген құландай үш аяқтап басталып, шымырлаған қайғыға бойлатып әкете береді. Әбди "Қарғыс" атты күйін малынан тоналып ашыға бастаған ел енді қырыларға шақ қалғанда оған жаны ашып, қол ұшын бермеген сол дәуір басшыларына, қасіретті заманға арнаған. Әбди бұл кезде өзі де қатты қуғында еді. Осы күй оның түбіне жетті де, Жағыпар Асқаровтың орындауындағы бұл күйді Бегімсал танып, растап берді. Күй жалғыз ішектің ыңырына үн шығаруынан басталады. Ыңыранып жатқан ел, күрсініп жатқан дала. Сонан соң лек-лек қайғы төгіледі.

Қуғында жүрген Әбдиді алғашқы ұсталғанда Қызыл-еспеден Ж.Ыбышев босатып жібереді. Екінші рет тұткындалған күйшіні жұмыс істеп жатқан жерінен қарындасы алып қашып кеткен. Үшінші жолы Рыспек Ұлы Әбди 51 жасында 1931 жылы атылып кетті.

Қыздарбектің дарынды шәкірттерінің бірі - Айдостың Сембегі. Сембек дау-шары бітпеген ел арасында бітім айтып, Сары би атанған кісі. Ол кісінің "Аралбайды жықсам Ақсыннан, Танабайды жықсам Құдайдан кетем" деген сөзі ел арасына мәтел боп қалған. Сембектің жастықты аңсаған "Наз" қосбасар, егделегенде шығарған "Отбасы" күйлері бар. Сембек "Отбасы" атты күйін 1928 жылы жазғытұрым елге алғаш естірткен. Көзі ашық, құлағы түрткі күйші әуелгі кәмпеске болатыннан да күні бұрын хабардар еді. Оның артынан тағы да неше түрлі қитұрқының келерін сезген күйші "Отбасы" атты амандықты тілеген күй шерткен. Отбасы жалғыз өз шаңырағының қамы емес, бүкіл қазақ жұртының қара орманының шайқала бастаған ырысының мұны тәрізді. Оның "Отбасы" өз үйінің тыныштығы емес, тірлігінің көзі тек мал болған қазақ бір күнде малынан жүрдай боп, ұстаған асынам айырылып күні не болады деген қасірет.

Мол нокай тұстың нокай басшыларының жылыстап аулақтап жүрген Сембек күйшіні қаныпезерлер Шудың

бойында ұстаған. Атылар алдында оған "Сезбес" деген күй тарттырған. Оны Тмат Мерғалиев Ақмола жакта бір домбырашыдан жазып алған екен. Солкісі де сақтаулы тұр. 1931 жылы жаз ортасында Сембекті Жамбыл тауының Сарыбұлағында атқан. Атушылар саптама етігін, ұлтарақ астына салған ақшасын, домбырасын өзара бөліп алған. Күйші 1931 жылы 67 жасында шейіт болған.

Қыздарбектің шәкірті, Көпбайдың Сәдуақасының Мақашы "Майда қосбасардың" авторы. Мақаш - атақты домбырашы Әбікеннің әкесі Хасеннің ағасы. Әбікен домбыраны Мақаштан үйренген. Қыздарбек атақты Тоқа күйшімен өнер жарыстырғанда Қыздарбектің күйін Тоқаға жеткізуші жігіт осы Мақаш екен. Мақаш көселеу, бетінде шешекдағы бар, қызылшұбар кісі екен. 1930 жылы 45 жасында қайтыс болған. Сүйегі үлкен әкесі Көпбайдың бейітінде. Қыздарбектің шәкірттерінің ішінде ең жасы да дарындысы да Кәрібек екен. Ол атақты Шортанбай ақынның қарындасы Қалаулы деген кісіден туады. Ұстаз қайтыс болғаннан кейін үлкен-кіші домбырашылар бас қосқан жерде оның шеберлігін мойындап:

- Сен тартшы Кәрібек. Қызаға жоқ қой енді сені тыңдайық, - деседі екен.

Кәрібек домбыраны қазша қаңқылдатып, итше ұлытып, ұзатылған қыздай сыңсытады екен. Дарын иесі өз жанынан "Шер қосбасар" деген күй шығарған. Бегімсал күйші Т. Момбековтің "Салтанат" күйін осы Кәрібектің "Шер" қосбасарына өте ұқсас күй деп құлаққа сіңіріп кетті. Өз басы бұл күйді Кәрібектің трагедиялық өліміне байланысты үкіметтен қорыққанынан тартпай кеткен. Қазі ақын "Кәрібек белсеңділер қолынан өлді. Ол заманда оның осылай өлу себебін сұрауға да қорықтық, өзара күбірлестік те қойдық" дейді. Кәрібек домбырашы 1928 жылы 27 жасында дүние салған.

Қыздарбек күйшінің ізбасарларының бірі Әбікен Хасенов күй өнерін Мақаштан үйренген. Арқада өнер адамдарына қырғидай тиіп жатқан тұста Әбікен Оңтүстік жаққа сырғып кеткен. Қыздарбек шәкірттерінің қайғылы соңғы сәттерін естіген ол өзін тіпті осы жақтан шықтым деуге қорыққан, елге де келмеген. Қазақ өнерінің бір шыңы шертпе күйді бақтау үшін ол тіпті Наурызбайдың күйі "Бестөрені" Тәттімбеттікі деп тартқан. Әрине бұл білместік емес, өнерді сақтаудың айласы екен.

Әбікен 1938 жылдың февраль айында осы күні "Қоңыр" деп аталып жүрген күйді алғаш тартқанын Жүсіп Алтайбаевтан сан естідік. Күй Жүсекең үйінде шертіліпті. Аты "Қайран азаматтар-ай" екен. Заман ызғарынан қорыққан Әбікен күй атын өзгеріске ұшыратқан.

Қыздарбектің екінші буын шәкірттері туралы сөз қозғасақ оған Әбікен Хасенов, Рысқұлбек, Бегімсал, Әбдіғали, Илияс т.б жатады. Әбікен "Қоңыр" - деген күй шығарса, Бегімсалдың "Бес перне", "Мырза шертпек" - деген күйлері бар. Ұлы күйшінің бүгінгі таңда біраз күйлерін орындаушылар күйді Рысқұлбектен үйренген, мұғалім Орал Исатаев, Әбдіғалиді ұстаз тұтқан қызметкер Дәулетбек Сәдуақасов, есеп қызметкері Жағыпар Асқаров, Мұхамметқали Абдуов т.б. Қыздарбектің "Дүние-ай" деген тамаша күйін жазушы Акселеу Сейдімбеков орындай жүргенін атап өткен ләзім.

Күйшінің және оның шәкірттерінің әзірге табылмаған күйлерін іздестіре беру мәдениеттің әлі де борышы деп білгеніміз жөн.

БЕГІМСАЛ КҮЙШІ (1908-1984)

Қыздарбек күйшінің де, оның шәкірттерінің де күйлерінің негізін жеткізуші осы Бегімсал күйші. Бегімсал 5 (бес) жасында Қыздарбектің тізесінде отырып, әкесі Орынбектің жасатып берген кішкене домбырасыш шерткен адам. Арқаның сырға да, мұңға да толы, әрі өмірдің қуанышына, ұлы даланың мұнартқан келбетіне сүйсіндіре білген шертпе күйлері біржола бар кейпін билеп алған Бегімсал, қыспағы мол Совет заманының өзінде әр елдің шақырумен күй тартып, серілік дәуренді жалғастырумен өмірін өткізген.

Атақты Әбікен Хасенұлы мен Бегімсал Бесатаның Кәрсөні. Әбікен де Бегімсалдың күй өнерін қатты құрметтеп, оған Алматыға келуін сан өтінген. Бірақ елі мен сағым ойнаған даласын қимаған Бегімсал астанаға бармай қалған.

Бекен-күйші кәртайған шағында ғана үйленген әйелінен бала көрген екен. Біз іздеп Киіктіге барғанда өмірін күй насихаттаумен өткізген күйші пенсия алмағандықтан, бала-шағасын асырау үшін жазда мал бағып, қыста кочегарь болып жұмыс істейді екен. Домбыра шертуді де тастаған жағдайы бар. Бұл 1979 жыл еді.

Неге кеш келдің, мені іздеп? - деп өкіне үн қатты.

Менің де жағдайым...,- деп саяси қуғынымның шетін шығарып ем.

- Иә, иә,— деп басын изеп, үнсіз қалды.

Сырғауылға қыстыра салған домбырасын алып, шек тағып, Есен Орынбеков екеуіміз біраз әурелендік. Бекең үнсіз. Жүзінде өкініш. Сол қалпы отырып құс басқан қолдарын

жылы суға салып, қойдың майымен сылап, саусақтарын икемдеп, сағаттан аса уақыт өткізіп барып, домбыраға қол созған.

Бегімсал күйшіні алғаш рет 18-19 жасында осы Киіктіде көргем. Сонда Бекен Қалкен ақсақалдың үйінде отырып таңертеңнен бастаған күйлер легін түс ауғанша бітіре алмап еді. "Жүзден асады мұның білетін күйлері"- деген еді сонда отырғандар.

Бүкіл шәкіртгерін атып тастаған атын атауға тыйым салған Қыздарбек күйшінің көзін көрген Бегімсалдың алдында "енді қалай болар екен" деп, іштей дегбір қалмай біз отырмыз. Бекеннің ә дегенде пернеде қолы жүрің нірмеді. Қайта-қайта майлап, ысқылаған күйшінің өзі де әбігерге түсіп, қатуланып алды. Әлдене уақытта саусақ икемі келе түскендей болып, Бегмсал күйшінің өңіне қан жүгіре бастаған. Тағы бір жарты сағат уақыт өткенде домбырадан тылсым сыр төгіле бастады. Сол кезде ғана Бекен басын изеп, енді жазуларыңа болады деген ыңғай танытты. Дайын тұрған магнитофонымның (ол кездегі магнитофонның өзі бір жәшік еді) микрофонын домбыра шанағына төсдім.

Осы жолы Бегімсал күйшіден Қыздарбектің 14 күйін баспаға түсіріп алдым. Бекен Қыздарбектің ұстазы Итаяқтың да бір сарынын орындап берген. "Ұмыттым ғой, талайын" деп өкінген" оншақты жыл домбыра ұстамай кеткен Бекен. Мынау қосбасары, мынау Қыздарбектің "Боз айғыры", мынау Қызағаның "Саржайлауы, мынау..." деп атын атап, түсін түстеп отыр. Соның ішінде Қыздарбектің "Беу, дүние, бір қиял" деген күйі естен кетпеді. Не деген иірім, не деген өткінші өмірге өкініш, не деген өмірді қимастық, өмірді сүю. Кеудең бір сағыныш, бір қуанышқа толып, мен-зең боласың.

Бегімсал күйші өз жанынан да "Мырза шертпек", "Би перне" деген күй шығарған.

Бекеннің жанында отырып, тоғыз-ақ пернемен әлемді сиқырлы әуенге толтырып жібергеніне таңданбасқа шараң жоқ. Тоғыз пернеден көненің, тіпті ғасырлардың арғы-арғы жағының көне бір дыбыстары құлағыңа жетеді. Қазақтың домбыраға тоғыз перне тағуы тегін болмаса керек.

Өттең... Бегмсалды дер кезінде зерттегендерге не айтасың? Әлі де қолға алып жатқандары шамалы.

АЙДОСТЫҢ СЕМБЕГІ

Сембек Кәрсөн ішіндегі Қозыбас руынан. Ата-мекен жері Айыртаудан бергі Донғал деген жер. Ол 1864 жылы батыр

атанған Айдостың отбасында дүниеге келген. Жастайынан домбыраға құштар болып өскен жас ақыры Қыздарбек күйшінің жанынан сая тапқан екен. Қыздарбек күйшінің күйшілік мектебінен өткен шәкірттерінің бәрі де өзіндік нақыш, дүниетаным бола тұра бәріне ортақ бір қайталауда бар. Сембектің де өз жанынан шығарған күйлері мол болған екен, бізге жеткені "Наз" қосбасары мен "Отбасы", "Сезбес" күйлері. Сембектің "Назы" өмірге деген қуаныш пен үмітке де, шексіз арманға толы жігіт ағасы болған адамның сазы. Жүректі шымшып, алыс-алысқа сүйрейді-ау.

Заманында Сембек - "Сары би" атанған адам. Әділдігіне жұрт ұйып, ағайын арасының дау шарына билік айттырған екен. Бір жолы Сембек "Әділдігін айтпасам Алладан кетем, әділіне барсам ағайыннан кетем" деп деп өкінгені ел аузында қалған.

Елдің малын тартып ала бастаған, зобалаңның алғашқы уақытында елі үшін де, өзінің айналасы үшін де қам жеген, болашақтан үміт үзген Сембек 1928 жылы "Отбасы" атты күй шығарған.

Сембек 1929 жылдан бастап қудалауға түскен. Елден қашып жырақ жүруге мәжбүр болған. Сонау Шу өзені, Хан тауы маңында белсенділерден жылыстап жүргенде ол қолға түскен. Белсенділер оны 1931 жылы Жамбылдың Сарыбұлағы деген жерде атқан. Сембектің домбырасын Баяхмет алған екен, онан ағасы Нұрахмет, онан Тәйбектің Омары алған. Бұл домбыраны қартайған Омар 1985 жылы маған берді.

Сембекті атар алдында белсенділер оған "Сезбес" деген күй тарттырған екен. Сембек өмірінің осы соңғы сәттері "Құба белдер" романының II -кітабында толық жазылған.

ӘБДИ КҮЙШІ

Рысбекұлы Әбди 1881 жылы жаз айында Шөладыр маңында дүниеге келген. Әбди Қыздарбек күйшінің жақын туысы. Бұлардың қай-қайсысы болмасын дәулетсіз емес еді. Ру-ру болып өмір сүрген қазақы коперативте бар малын ағайынның бағуына беріп өсірген қолы бос қазақ өнерге ұмтылған. Бұл кез Қыздарбек күйшінің де атағы шығып дәуірлеп тұрған шақ. Бозбала шағынан Қыздарбектің маңында болған. Ұстазы арқылы Арқаның күйлерін бойына сіңіріп өскен Әбди келе-келе өзі де күй шығара бастаған. Бір әкеден үшеу інісі мен қарындасы бар еді. Елге келген оба ауруынан Әбдидің інісі мен жалғыз баласы қайтыс

болады. Қайғы үстіндегі Әбдиге Қыздарбек келіп домбырамен көңіл айтқан. Бұл - Қыздарбектің атақты "Жұбату" күйі. Көңілі қайғылы Әдби сол жерде атақты күйін төгеді. Бұл күй кейде "Зар" қосбасар, кейде "Тәуба" аталып жүр. Мұнан басқа Әпике Әбенованың орындауындағы тағы бір Әбдидің "Зары" бар.

Жиырмасыншы жылдардың соңында шертпе күй халықты мұңға бөлейтін керітартпа күй болып жарияланып, Арқаның домбырашылары қуғынға ілікті. Соның бірі Әбди 1929 жылы Қызылеспедегі түрмеге түсті. Бұл түрмеден оны ебін тауып Жүніс Ыбышев шығарып жіберді.

Белсенділер Әбдидің соңына тағы түсіп берді де, 1930 жылы ол Ақсу-Аюлыдағы түрмеге қамалды. Күз айы екен. Түрмедегілерді қыс отынын дайындауға Қызылтауға айдап апарып жүрген. Бұл жағдайды естіген Әбдидің қарындасы тығылып барып, ағасы ғана білетін құс дауысқа салып шақырып, Әбдиді алып қашып кеткен.

Сол босаған жылы ел басына түскен ауыртпалықты, ашыға бастаған жұртты көрген Әбди өзінің атақты "Қарғыс" атты күйін шығарған.

Мұны енді үкімет кешіре алмады. Жансыздарын салып жүріп, қонып жатқан жерінен тұтқынға алып, Қарқаралының түрмесіне апарып тықты да, 1931 жылы өлім жазасын берді.

Әбди дүниеден кеткенімен оның есімі жұрт жадында қалды. Оның күйлерін Рысқұлбек, Әбікен, Әбдіғали, Аман, Жағыпарлар халыққа жеткізген.

ӘБІКЕН ХАСЕНҰЛЫ

Көнеден келе жатқан шертпе күй өнерін өткен ғасырдың 30-50 жылдары арасында елге насихаттаушы да, өнерімен тәнті етуші де Әбікен Хасенұлы болды. Сол бір қиын кезеңде шертпе күй "мұң мен зарға толы, сол себептен жаңа қоғамның идеологиясына сай емес" деп танылған тұста Әбікеннің осы өнерді сақтап қалуы да, қисынын тауып дәріптеуі де асқан ерлік еді. Әбікен - Арқаның атақты күйшісі Қыздарбек мектебінің түлегі. Қыздарбек айналасына топталған күйшілерді қуғын-сүргінге салу сонау 1928 жылы басталған еді. 1928-32 жж аралығында Әбди, Сембек, Кәрібек, Ақмолда күйшілер атылып, не белсенділердің қолынан қаза тапты. Осы қияметтің бір шетін көре отырып, домбырасын құшақтай жүріп, халықты терең философиялы шертпе күймен суындату ерліктің төресі.

Әбікен текті тұқымнан. Оның үлкен әкесі Көпбай Бесата елінің Кәрсөн бұтағының болысы. Ол болыстықты алғашқы болыс Есбергеннен алған. Көпбай болыс жасы кіші болса да Құнанбаймен сырлас, дос адам болған. Көпбайдың мінезділігі, білгірлігі бұл Арқа ғана емес түстігі Шу, терістігі Көкше арасына кең тараған. Үйсін арасындағы Әжі төренің:

Көбекеңе сәлем айт бір ат берсін,
Құйрық жалы төгілген құр ат берсін.
Боздығы Бұхардың бөзіндей болсын,
Естілігі көненің көзіндей болсын.
Елшілдігі Шортанбайдың сөзіндей болсын,
Жорғалығы Жанғұттының тезіндей болсын.
Семіздігі Көпбайдың өзіндей болсын -

деп мақсатты оймен сауал тастауы осы сөзіміздің айғағы.

Көпбай болыстың Сәдуақасынан Мақаш пен Хасен туады.
Әбікен Хасеннің ұлы.

Көпбай болыс орыстың отарлау саясатына, қазақты орыстандыру ісіне қарсы әрекет жасаған адам. Қазақты діннен айыру үшін неше түрлі айламен шоқындыру басталған кезде Ақылбек қожаны Кәрсөн елінің ішінде ұстап, жастардың арабша сауатын ашып, мұсылмандықтың негізін сақтап қалуға күш салған. Бесін намазы кезінде ауыл-ауылды аралайды екен. Намаз кезінде сәждаға бас ұрмағандарды сабатып та тастаған кезі болған. "Көпбайдан қорқамыз деп көзіміз шығатын болды-ау" деген мәтел сол тұста шөп-шөңгенің үстіне құлай кетіп намаз оқығандардан қалған.

Міне, Әбікеннің тектілігінің төркіні осында жатыр. Сол тектілік заман қаншама қитұрқы, қиын болса да өнерінің сөнбесінің кепілі болған.

Қыздарбек күйшінің маңына топтасқан сегіз-тоғыз домбырашы, болашақ күйшілердің бірі - Мақаш. Қыздарбектің Тоқамен күй тартыс-айтысының арасында жүріп, ұстазының күй сәлемін жеткізуші де осы Мақаш. Мақаштың соңында қалған "Мақаштың майда қосбасары" біздің қолымызда бар. Әбікен домбырашы-күйшілердің арасында өсіп, көне әуенге ерте елітіп, балалық шағынан домбыра шертіп өскен. Күй өнеріне біржола бас қоюы бозбалалық дәуіріне дәл келеді. Өмірінің осы кезеңінде ағасы Мақаштың үйінде қыс бойы жатып, өмірдің қыр-сырын меңгерген күйші Бегімсал да, тоқсаннан асып көз жұмған Қазі ақын да үнемі айтып отырғанының куәсіміз.

Мақаштан қыс бойы тәлім алған Әбікен жаз бойы айлап

жатып Әбиден, Сембектен, Кенжеғарадан күй өнерін жетілдіре түскен. Мұрты жаңа тебіндеген жігіт өнерімен елді ұйытып, атағы да дабырайып шыға бастайды. Өнердің біраз шыңына жеттім-ау деген шамада Қыздарбектің де алдын көрген. Бұрын-соңды өткен күйшілердің туындыларын Әбікенге шерттіре отырып Қыздарбек қағыстың неше алуан сырына шәкіртін жетілдіре берген екен. Жас күйшіге ұлы ұстазы “Домбыраның шегін мейлінше бос ұста. Шек қатты тартылса шыңылдаған үн шығады. Бос ішектен даланың самалындай желпіген арман мен мұң, шексіз қиял төгіліп, жүрекке жетеді. Екіншіден әр шекті жеке-жеке ойнатып, бар дыбысын пайдаланған дұрыс. Қосымша шекті әредік қосып отырсаң дыбыс байыға түседі” деп тапсырған екен.

Әбікен тәрбиеленіп өскен Қыздарбек күйші туралы сөз қозғағанда қыпшақ Итаяқ күйші туралы айтпай кетуге болмайды. Қыздарбек Итаяқ күйшіден 12-13 жасында бата алған екен. Итаяқтың да біздің қолымызда бірер сарыны бар. Өз зерттеушісін күтіп тұрған Итаяқтың мазары Бетбақдаланың бергі шетінде әлі де өз қалпын сақтап тұр. Кезінде Тока, Тәттімбетте, Қыздарбекте көненің мұрасын жеткізуші Итаяқты ұстаз тұтқан.

Әбікен Хасенұлының өміріне күрт өзгеріс енгізген 1931 жылдың уақиғалары еді. Қазақтың малын әртүрлі сылтаумен жаппай тартып алу басталды. Ғасырлар бойы малмен өмір сүрген халық тірлігінің көзінен айырылды. Мұның жаппай аштыққа ұшырататынын, елдің біржола қырылып қалу қаупі төнгенін көкірегі ашық, көңілі ояулар жақсы түсінді. Қазақстанның әр жерінде болып жатқан толқулар Бесата жұртын да қамтыды. Бесатаның ішінде әуелгі болып көтерілген Кәрсендер еді. Халық жаппай жазаға ұшырады. Бір Көпбай ауылының маңында 18 адам атылды. Көпбай ауылы да қорлық-зорлыққа ұшырады. Осы қырғыннан Әбікенді сақтап қалған оның ауылда болмауы ғана еді. Қанды қырғынды сырттан естіген Әбікен бір түнде ғана ауылға соғып, елден біржолата жылыстап кетті.

1931 жылдың қанды оқиғаларынан кейін әр жерде жылыстап, бой тасалап жүрген Әбікен 1934 жылы Алматыға Сәкен Сейфуллинді сағалап келеді. Сәкен мен Әбікен бұрыннан дос-жар адамдар еді. Ол достық Сәкеннің жастықтың әуресімен Мақаштың қызы Бәһәрді көре келгенінен басталған-тын. Содан бері әр кездескенде жылы қабақ танытып, пейіл білдірісетін.

Сәкен Әбікенді бірден филармонияға жібере қоймайды. Сәкен Қыздарбек шәкірттерінің тұтастай қырғынға ұшыра-

ғанын білетін. Бой тасалап жүрген Әбікенді филармонияға жіберіп, күйшілік өнерін көрсетсе әлі де ушығып тұрған уақытта басына қатер үйілдіремін бе деген сақтықпен Қазақтың драма театрына баруды ұсынады. Әрине, Әбікен Сәкеннің атынан барған. Драма театрының басшысы да Әбікен ауылындағы оқиғалардың шет жағасын білетін. Ол да басқа жұрттың көзінше Әбікенді танымаған болып, қырыс кабак көрсеткендей көрініс жасаған. Осы жерде Әбікеннің сөз саптасын, тұр тұлғасын, мінезін байқаған, адамның жан дүниесін тани білетін ұлы Мұқаң (Өуезов):

- Осы жігіт бізді жаңылдырмас. Кейпінде келістілік бар екен. Актерлеріміздің қайсысы оқып келіп жатыр. Бұлардың мектебі даланың өзі ғой - деген демеуі іске асқан.

Әбікеннің ұлы Мұқаңмен достығы осы сәттен басталған екен. Үйренісе келе Әбікенді үйіне ертіп барып, оның екінші қыры, нағыз бітімі, домбырашылығын таныған. Мұнан кейінгі өмірде Мұқаң қандай бір отырыстарда Әбікенді жанынан тастамай, өнеріне ерекше сүйсініп өткен. Бірде Әбікеннің домбыра тиегін жиі ауыстыра беретінін байқап:

- Тиекте не кемшілік болып қалды,- деп сұраған.

- Ұстазым Қыздарбек әр күйге арнап әр түрлі тиек тағушы еді,- деп Әбікен бір күйге тиектің биіктеуі, екіншісіне аласалауы, шек арасының да не сәл тарылып, не кеңеюіне байланысты домбыра әуенінің де байи түсетінін айтқан.

Сөйтіп Қаздрама театрға актер ретінде қабылданған Әбікен туа біткен дарынының арқасында талай рөлдерді сомдап шығарды. Соның ішінде қазақ билері Қараменде мен Қазыбектің орны тіпті ерекше еді. Ширек ғасырдан аса уақыт театр сахнасында болып, көрермендердің көңілінен шыға алды.

Дегенмен де оның дарыны күйшілігінде еді. Отыз жетінің зардабы, соғыстың таңбасы өткеннен кейін ғана ол өз талантын еркін таныта алды. Сол жылдарға дейін ол өзінің Бесата елінен екенін де жасырып, Семей жақтың тумасымын деп келді. Қыздарбек күйшілік мектебінің тас-талқан етілуі, өз басының да қатерде болуы Әбікеннің Қыздарбек пен оның шәкірттерінің күйлерін ашық насихаттауға мүмкіндік бермеді. Өнерді сақтау үшін ұстаздарының күйін басқаға теліп тартуға тура келді. Сол себептен де Қыздарбек, Әбди, Сембектің бірталай күйлері Токаның, Сүгірдің, Тәттімбеттің атымен кетті.

Бұл жөнінде бес жасында Қыздарбектің алдына отырып домбыра шерткен Бегімсал күйші, Әбуғали, Қазі ақындар осы жолдардың иесіне сан рет айтқан. Тіпті, Кенесары

ханның інісі Наурызбайдың “Бестөре” күйін Тәттімбетке телігені де белгілі. Мұнын тағы бір дәлелі, Қыздарбек мектебінің өкілдері Абылайханның да “Дүние ғапыл”, “Қайран елім” күйлерін бізге өзгертпей жеткізуі болса керек.

Әбікеннің күй өнерінің ерекше саласы шертпе күйді орындаудағы асқан шеберлігі ісі қазақ түгілі қырғыз, өзбек, түрікпен тәрізді түрік жұртын тамсандырған. Оның атына осы елде тұратын қазақ, өнерді сүйетін басқа ұлт өкілдерінен хаттар үнемі түсіп тұрған.

Сондай өнер шыңына жеткен Әбікен Хасенұлы заманның зәрі сынғаннан кейін ғана 50-жылдары елге келіп, мұндағы жұртпен қатыса бастады. Бұл келгендерінде ол Бегімсал, Әбдіғали, Рысқұлбектерді ертіп жұртқа өнер көрсететін. Әсіресе ол Бегімсалды қатты құрметтеген. “Бегімсал-ай, елде отырып қалдың ғой. Әйтпесе менен күйшілігі” кем емес. Жұрт шілдеханада бір сәттік өнерінді ғана қызықтайды. Колхоз бастық, совхоз бастыққа онан артық керегі жоқ. “Қасиетіңе жетпейді-ау сенің” - деп қамыққан.

Үнердің хас шебері Әбікен Хасенұлына кезінде қамқорлық жасалмады. Биліктің басында отырған шала белсенді, дүмбілез басшылар шертпе күйді сақтау, дамыту дегенді еске алмағанның салдарынан Әбікенге шәкірт те берілмей, бойына біткен дарынын толық үйрете алмай кетті.

Әбікен туып өскен ІІІ Пет ауданы өңірінде Әбікен қалыптасқан Қыздарбек мектебінің өнерін жалғастырушылар республика көлемінде теледидардан өнер көрсетіп жүр. Дәулетбек Сәдуақасұлы Қыздарбек, Сембек, Әбдидің сүбелі күйлерімен танылса, Зәрубай Сүйіндікұлы Қыздарбектің “Ей, дүние бір қиял”, Сембектің соңғы күйі “Сезбесті” тамаша орындап өнер шыңына өрлеген.

ДӘУЛЕТБЕК КҮЙШІ

Күй күшті, тауды, тасты бұзатұғын,
Орнына өз өрнегін сызатұғын.
Талқандап тас керенді, үні оятып,
Дүкені дүниенің қызатұғын -

деп арқалы акын Ілияс айтқандай, күй құдіреті ғажап дүние. Бұрынғы бабаларымыз өздерінің мұнды, асыл армандарын, елге, жерге, табиғатқа деген іңкәрлік махаббатын домбыра шанағына сыйдырып, небір айтулы күйлер тудырған. Ол күйлер атадан балаға мирас болып, осы күнге дейін ұмытылмай көпшілік көкейінен орын алып келеді.

Міне, күй күдіретінің өзі де осындай ұмытылмастай әсер қалдыратындығында. Заман өзгерсе де, күй өз бойындағы асыл қасиетін жоғалтпай кейінгі ұрпаққа қаз-қалпында жетуінде.

Қазақстанның түкпір-түкпірінде небір саусағынан тамылжыған күй сорғалаған арқалы күйшілер бар екені мәлім. Осы күйді зерттеушілер күй табиғатын екіге бөліп, төкпе күй және шертпе күй деп атап жүр. Шынығында, өнер зерттеушілердің пікіріне қарағанда атақты күйші Құрманғазының күйлері мен Қазақстанның оңтүстік өлкесінде дүниеге келген күйлердің көбісі төкпе күйлер болса, Орталық Қазақстандағы атақты күйшілердің күйі негізінен шертпе күйлер болып келеді. Мәселен, шертпе күйдің шебері Итаяқты, Тәтімбетті, Қыздарбекті кім білмейді.

Кезінде арқалы домбырашы Әбікен Хасенов шертпе күйдің шебері атанған халқымыздың қалаулысы еді. Ол домбырада шертпе күйді шебер ғана орындап қоймай, шетел классик композиторларының шығармаларын домбырада шебер орындап, артына мол мұра қалдырған домбырашы екенін білеміз.

Сол атақты домбырашының дәстүрін жалғастырушы жерлесіміз бұл күнде шертпе күйдің шебері атанған, домбырашы Дәулетбек Сәдуақасовтың есімін құрметпен атауға болады.

Дәукең 1938 жылы Тағылы тауының баурайында дүниеге келген. Онжылдықты бітірген соң тікелей еңбекке араласады. Тракторшы, бригаданың бастығы болып жүрген оны Босаға кеңшарының, Қарабұлақ кеңшарының парткомы жұмыстарына көтереді. Ақадыр, Шет ауданында шикізат дайындау мекемесінің директоры болып істеп, сол жерден зейнетке шыққан.

Дәукең домбырашы ретінде, кезінде Шет өңірінде ұмыт болған күйшілердің асыл мұрасын насихаттаушы ретінде көзге түсіп жүр. Дәулетбек Сәдуақасов 1988 жылы “Ақсу-Аюлы” ән би ансамблінің құрамында Алматыға барып теледидардан концерт бергенде музыка зерттеушілердің назары осы Дәукең орындаған күйге ауды. Оның орындауындағы күйлер Шет өңірінде болған атақты күйшілер Қыздарбек, Әбди, Сембектің шертпе күйлері еді.

- Алматыға барған осы сапарда - деп еске алады Дәукең, - Қыздарбектің “Өткінші мұңын”, “Бірінші қосбасарын”, Сембектің “Наз қосбасарын” орындаған едім. Теледидардағы концерттен кейін осы жерлес күйшілердің шығармаларын Қазақ музыкасының “Алтын қорына” жаздырып қайттым.

Расында, Дәукең бұл жолы Алматыда көп шаруа бітіріп қайтады. Жаңағы жоғарыда айтқан күйлерді, Қазақ радиосына жаздырады және қазақ радиосында Тәттімбеттің «Көкейкесті», «Сарыжайлауын» және Тоқаның «Сарыжайлауын» орындайды. Кейінде Шет өңірінде өткен күйшілердің күйін насихаттауда жазушы Кәмел Жүністегі де бірегей ат салысып жүр. Ол қазақ радиосында жерлес күйшілер Қыздарбек пен Сембек жөнінде әңгімелесе, Дәукең, сол атақты күйшілердің асыл мұрасын домбыра шанағында шебер орындап, жаздырады.

Ол домбыра тартуды 7 жасынан бастаған екен.

- Ең алғаш шертпе күйді Шырын деген әкемнен үйрендім. Ол кезде домбыра жоқ, менің домбыраға деген әуестігімді байқаған шешем Дәнәпия Айғыржал колхозында тұратын Әбдіғали жездеме домбыра тауып бер, - деп сәлем айтады. Ол кісі өз домбырасын маған сыйға тартқан еді, - деп еске алады жастық шағын Дәукең.

Шындығында, Дәулетбек Сәдуақасов жастайынан домбырашы, күйшілердің ортасында жүріп, солардың орындаған күйлерін қағып алып, өзі домбырада тартады. Негізінен Дәулетбек арқалы күйші Қыздарбектің үшінші буыны. Ол Қыздарбектің күйлерін Әбдіғали жездесінен, Шырын деген домбырашыдан үйренеді. Соның нәтижесінде, бұрынғы бабаларымыздың ұмыт болған күйлерін жаңғыртып, көпшілікке жеткізуде Дәукең кейінгі кезде көп еңбек етіп келеді. Ол Жезқазған қаласында өткен “Байқоңыр дауысы” атты фестивалінде шертпе күйлерді орындап, көрермен қауымның ыстық ықыласына бөленген болатын. Ол, Ұлытау ауданында өткізілген Шет ауданының Ұлытаудағы мәдениет күніне қатысып, соған барған творчестволық топ құрамында тағы да шертпе күйді орындап, лайықты құрметке бөленеді.

- Шертпе күйдің бір ерекшелігі - жай, баппен шертіліп тартылуында. Оның жастарға ұнамауы да мүмкін. Бірақ шертпе күйдің ішкі мазмұны адамға ғажап әсер етеді, табиғаты бөлек дүние. Сондықтан да мен шертпе күйді өте қатты ұнатамын, - дейді Дәукең.

Дәукең Қыздарбек күйші мектебінің көне мұрасын жеткізуші де, шертпе күйді орындаудың ерекше мәнер-тәсілін сақтаушы да. Дәулетбекке бүгінгі таңда республиканың өнер зерттеуші қауымы ерекше ықылас танытуда. Қазақстан теледидары оның орындауындағы күйлерді қайта-қайта жұртшылыққа ұсынса, консерватория мамандары шәкірттеріне келіп, қағыс тәсілдерін үйретуге шақырып, ықылас білдіріп отыр.

Дәукең шертпе күйді насихаттауда тындырымды ісімен көзге түсіп жүр. Шертпе күйдің шеберіне айтар тілегіміз халқымыздың асыл мұрасын бұдан әрі насихаттауда шалқар шабытқа бөлене бер деген ниет еді.

БЕС ДОМБЫРА ЖӘНЕ КӨКЕЙКЕСТІ СЫР

Қазіргі адам баласының қолы жеткен ұлы мәдениеті мындаған жылдар бойы аталарымыздың ауыр тірлігіменен, солардың асқақ қиялының жемісі екенін бүгінгі өркені өскен мәдени қауым түсіне түскендей. Оның ішінде ісі қазақ үшін қобыз сарыны менен домбыра үні тіпті ерекше. Бізді қобыз үні тербеп, домбырада шертілген күй әлдилегендей. Бізге бұл әуен ана сүтіменен бірге қанымызға сіңіп, жан-дүниемізді әлемді қазақ боп түйсінуге әкелген. Домбырада ғасырлар бойы өмір үшін айқасып, көкейкесті арманы үшін жан беріскен еліміздің мұңы да, жарқ еткен сәулеге ұмтылған үміті де бар.

Қазақ өнерін зерттеушілер қазақ музыкасын сонау Қорқыт пенен Әл-Фарабиден бастаса несі сөкет. Қорқыттың күйі бізге жетпеді ме, ал Әл-Фарабидің домбыра деген аспап жасағанын әр жерде жазып жүрген жоқпыз ба. Әлемді тітіреткен хан Шыңғыстың басын Кетбұқа домбыра әуеніне идірген еді. Байжігіт заман зарын домбра шанағына сидырған. Онан бәріде Абылай, Наурызбайлар көксеген үмітін, өксіген өкінішін күй қып төккен. XIX ғасырда Құрманғазы, Тәттімбет, Дәулеткерей, Итаяқ, Тоқа бұл өнерді тағы бір биікке көтерсе, іле Қыздарбек, Сембек, Әбдилер әрмен қарай жалғастырған. Сүгір мен Әбікен Хасенов, Төлеген Момбековтар сол дәстүрдің нақты ізбасарлары.

Домбра қастерлі, домбра киелі. Сол қасиетті аспапты ардақтап басына көтерген бүгінгі ұрпаққа ризасың. Әсіресе, сол асыл мұраны бүгінгі күнде ел ішінде қолдан жасаушылар тобының үзілмей келе жатқанына көңіл сүйсінеді. Арқада шертпе күйге арналған жеті түрі домбыра болған екен. Міне, қолымызда бес түрлі домбра тұр. Бесеуінің жасау ерекшелігі де, үні де бөлек-бөлек бір әлем. Бәрі де Арқа елінің шертпе күйге арналған домбралары. Біреуінен шыққан наз қоңыр үн екіншісіне еріксіз қол создырады.

Міне, мына ұзын, шанағы мен сағағы тұтас ойылып, жиек-жиегіне әдіп жүргізілген домбраны 1960 жылы Смағұл Ғабдуллин деген қарт шебер жасаған. Домбыра шанағы кең де, әрі қағаздай жұп-жұқа. Үні де әсем. Бұл домбырамен Абылай, Қыздарбек, Сембек күйлерін шерттіріп, Дәулетбек Садуақасовтың орындауында радиодан бергізген едік.

Екінші қысқа домбыра Батыраш - Қотыраш немересі Тырыш ақсақалдың қол өнері. Тырыш қарттың қолынан сан домбыра шыққан, күйге әуес жастардың қолқасын қайтармай, ақысыз-пұлсыз талай аспапты жасап, ел ризашылығына бөленген. Біздің қолымыздағы аспап 1975 жылы жасалған екен.

Ал мына беті менен шанағының қос бүйіріне гүлден ою салған домбраның иесі бұрынғы Босаға совхозының бас экономисі Шәңгерей Манабаев. Домбыраның бітімі, көркі әркімнің төріне өзі сұранып тұрған, қолға сирек түсер аспап. Домбыраны Шәкен 1985 жылы жасады.

Төртінші домбраны көрген жұрт “қыз жаға” десті. Әсемдікті ел қыз сағақ деуші еді, міне мұндай теңеуді де құлақ естіді. Шынында шанағының жиегі менен ту сыртынан келтірілген әдіп сағақ пен шанақтың жалғанар тұсынан ерекше әсемдікпен үйлесім тауып, түрілген құндыз жағаны көзге елестете берген. Домбыра - ат үсті алып жүруге өте ыңғайлы, сағағы қысқа. Терең шанағымен сағағы тұтас ойылған. Пішімнің шағындығына қарамастан үні ерекше. Бұл атақты Сембек күйшінің домбрасы. Әрине, бізге ол сан қолдан өтіп, сөгіліп, жарылып жетті. Домбыраны қалпына келтіруде мұғалім А.Рақымжановтың зор еңбегі барын атап өткеніміз жөн. Сембектің бұл домбырасын 1926-1928 жылдары Қараменде Аббрахман деген шебер жасап берген екен. Сембек бұл домбыраны өмірінің соңғы күндеріне дейін ұстаған.

Көкейде жүрген сан ойды қоздырған бесінші домбра. Қас шебердің қолынан шығып, қасиетті адамға арналғаны танылып-ақ тұр. Домбыра бетіндегі өшекейлі өрнек өзінің симметриялық үйлесімімен де, эстетикалық талғамы менен де, нақышты бояуының кезек алмасуыменен де өзіне табындырған. Шынақ бетінде араб әрпімен жазылған жазу бар.

Тіпті осы домбыраның қолға түсуінің өзі бір хикая.

Бетбақтан келе жатып машинамыз сынып Кәмен Есімғалиевтің гаражына бас сұққанбыз. Сонау бұрышта ілулі тұрған көне аспап жоғалып табылған бауырымыздай жылы ұшырап, көзге оттай басыла берді. Сынған машина жайына қалған. Қолымда сынған домбра. Менің қолыма түскенде қасиетті аспаптың беті жарылып, түбі сөгіліп, бір бүйірі үнірейіп тұр. Шіркін-ай, мынадай асылды мұндай күйге душар еткен қай пәтшағар екен деген сауал көңілді тырнайды. Олжаға көңіл қуанса да, іш егіледі. Кәменнің айтуына қарағанда бұл домбраны әлде бір үйде сақал шаштары жалбырап, арақтан аузы қисайған әр әлдік бір топ ішкіштердің барабан қып сабап отырған жерінен алған. Арғы адресі белгісіз.

Тағы да қалпына келтіру жұмысын А. Рақымжанов жүргізді. Осы домбраны әуелі көрген қарт Ж. Ыбышев:

- Мынау Әбдидің домбырасы ғой, - деді тамсанып.

Әбди күйшіні Ж. Ыбышев 1929-1930 жылы көрген. Кезінде домбраны тарттырған. Уақыт шіркін дегенін қылып, сексенге іліккен қарт Жүкен тап басып, көзін сүрте берген, Әбди, Әбди - дегеннен аса алмады.

Домбыра бетіндегі жазуды оқу да бір қиямет болды. Арабша білетіндердің тісі батпады. Ақыры төсек тартып жатқан Ілияс қарт шешуін тапты. Араб әрпімен парсыша бір шумақ өлең жазыпты. Шанақ астындағы ірі әріптер Омар Хаям деген сөз екен. Тағы бір жұмбақ. Біздің кезімізде арабша танитындар жоққа тән екенін ескерсек, ал парсыша жетік біліп, ұлы Омар Хаямның өлеңін парсы тілінде жатқа айтатындардың сонау отызыншы жылдардың басында бұл маңайда таусылғанын есептесек домбыра жиырмасыншы жылдары жасалған боп шығады. Домбыра бетіне шумақ біз үшін күйдіріліп жазылған. Не дегенмен де бұл домбыра - көне мұра.

Қалпына келген домбра шанағынан ертеменен ботасын іздеп боздаған аруананың дауысындай қоңыр-салқын үн шығады. Сол үн осыны қайдан естідім дегізді. Тағы үніліп осыны қайдан көрдім дейсің. Я, бәсе қайдан?

Іздеген жетер мұратқа деген. Көңіл шарқ ұрып іздейді. Ақан сері, Біржан сал, Махамбеттің домбырасы табылғаны көңілге медеу боп, тағы бір жоққа сұрау саласын. Қыздарбек күйін радио беріп жатыр, Қыздарбек туралы повесть жазылды. Кеше өлген оның домбырасы қайда? Баласы Қажыкей қобызшы екен, әкесінің арша домбрасына сол ие бопты. Бірақ ғұмыры қысқа Қажыкей 1934 жылы Тасаралда дүние салған. Оның мұрасына ие ешкім бар ма? Әлде ол домбыра да бір жерде қаңсып жатыр ма?

Осы біз қайта құру, соны өрлеу дәуірін толық түсініп игере алып жүрміз ба деген ой мазалайды. Ерен уақытта өмір сүріп отырғанымыз санамызға сіңіп, жеке басымызда творчествоның құлшынысқа ауыса алды ма? Міне бұл сауал жеке басқа да, қоғамдық ұйымдарға да, белгілі мекемелерге де тікелей байланысты.

Біз бұрынғы стереотиптен әлі арыла алмай жүргендейміз. Қыздарбек, Сембек, Әбдилердің талай күйлерін алып барғанымызда кезінде консерватория басшылары күй зерттеуші Тмат Мерғалиевке “әуелі күймен қоса повеске арналған дерегін қоса берсін” - деп нотаға түсіріп алуына тиым салғанына да біраз жыл өтті. Қыздарбек пен оның шәкірттерінің күйлері бірнеше рет радиодан берілді. Ал, консерватория да, жеке

музыка зерттеушілері де осыған үңіліп көрейікші деп әлі селт етпейді. Орысша айтқанда олар “варится в собственном соку”.

Ал Қазақгелелидарынан осы күйшілердің творчествосын бізге жеткізушілерді халыққа көрсетелік деп айта-айта шаршағанбыз. Е, деген біреу болсайшы. Ақыры Қыздарбек күйшіні көзі көрген, соның ең соңғы шөкірті Бегімсал ақсақал да дүниеден өтті.

Міне біздің өнерді “сүйші” “дәріптеуші” оқ өтпес бронды қалқанның ар жағына отырып алған терісі қалың “азаматтарымыздың” бүгінгі деңгейінің түрі.

Кейде инабаттылық та өкіндіреді. Біреуден “мына бір затынды берші” -деп сұрау қандай қиын. Жақсы көзтаныс бір жігіттің үйінен ескі домбраны көріп жүруші едік. Керексіз боп жатқанын көрсе де “сұрамшақ” атанамыз ба деп әдеп сақтаған болдық. Сөйтіп жүріп бір жолы келсек домбыра шанағынан итіне итаяқ жасапты, сағағы шәй қайнатуға кеткен. Осындай қырсыздыққа мұқият болсақ екен.

Бала кезімізде Көпжан ақсақалдың қысқа домбырасы болушы еді. Оны сонау Қызыларай жақта жасалған деп отыратын. Кейін сан іздеп сол аспаптың ізіне түсе алмадық.

Бәрінен өкініштісі осындай немқұрайдылықтар, қырсыздықтар бүгінгі оқыған қауымның көз алдында өтіп жатыр. Ауылдық жерде бұл пасық бақталастықтың, бір күн басшы болған бәтшағардың зорсынғанынан, өнер мен өнер адамдарына деген менсінбегендіктің сипатын алған ауру.

Жә, сонымен Омар Хайям аты жазылған домбра шанағының пішінің қайдан көрдік деген ой көңілден кетпеген. Япырау, не нәрсеге ұқсас деп жүрсек кесік /усеченный/ пирамидаға ұқсас шанақ беті менен шанақтың жалпы бейнесінде Қозы-Баян мазарының кейпіне үндестік бар екен. Сонда домбыра шанағаның бұл бейнесі көнеден келе жатқан өнердегі бір желігі мегзеп жатқандай. Ендеше қазақ мәдениетінің сан-саласында өзіндік бір нақыш, тұтастық пішін, бәрін танытатын тірі өзек бар деген ой тумай ма?

Өнердің бір саласын тілге тиек етіп отырып, екіншісін сөз етпеу де күнә. Мың жылдан артық тұрған Қозы-Баян мазарының бүгінгі жұпыны күйі мазанды алады. Ғасырлар бойы махаббаттың пәктіктің символы болған мазарға табынушылар аз емес. Мазар маңында не қоршау жоқ, ішінде келушілерге тіркелетін журнал дегенді қоюды да ешкім ескермеген. Бір кездегі есік алдындағы мұңлық жандарды бейнелеген сын тастар бүгін жоқ. Оны тоған көмейіне тастадық деп, ауызды ку шөппен сүртіп отырмыз.

Шіркін-ай, үкімет семья негізін бекітуге аса зор көңіл қойып отырғанда бұл жерді жас семьяның тәуеп өтетін орнына айналдырсақ, теледидардан сондай жақсы хабарды көрсетіп жатсақ дегің келеді.

Орнына келтіріп істеп жатқан жұмысымыз әлі де шамалы. Көкшетау жеріндегі қоршауы мен мемориал тақтасы бір жакта, бейті екінші жакта қалған Біржан салдың қабірін көргенде не дерінді білмейсің.

Бетпақтың бір шетіндегі көше Жоңғармен өмір бойы соғысып өткен Алтыбай тамының ұшындағы шоқпарына қадалған жамбыны мылтықпен атып түсіріп алған белсенділер ісіне, іші қышпен әшекейленген Шалғынбай тамының ішіне әдепсіз сөз жазған “оқығанға” не дауа. Осы Арқаның түкпір-түкпіріндегі бар мазардың ішіндегі ішкі ою-нақышымен ерекше түсетіні, ел болып тіпті мақтан етуге тұратыны Нұрланның бейті. Міне бұл мазар қазір құлауға шақ тұр. Осындай да тарих пен мәдениет ескерткішгерін қорғау қоғамы не бітіріп жүр дегің келеді. Сірә, құлап бітуін күтіп жүрген сияқты.

Одақтас РСФСР жерінде талай ғасырлық шіріп бітуге айналған көне шіркеулерді қалпына келтіргенін оқып, көріп тамсанамыз. Біздегі хал қалай? Қаражаты сан бөлінген Қарқаралыдағы Құнанбай мешітіне әлі бір шеге қағылған жоқ. Ал, сол сияқты Шет ауданы территориясындағы ескі қоныстағы Қалпе мешіті құлап бітті, ал жанындағы өзіндік нақышы үлгі боларлық тұрғын үй құлауға жақын.

Жол салсақ көне мұра деп ескерту келе бермейді. Шет совхозынан шыға берген бұрылыстағы тастағы көне жазулар қопарылып жол табанына түскен. Сол жерден бірер шақырам жердегі ескі қорымдағы сынтастағы тостақан ұстаған адам бейнесі келер ұрпаққа ырыс тілегендей әсер қалдырады. Ал біз!!!

Біз сойқанды біреу сындырып кетпесе деп неге түршіге береміз. Көне мұраны сақтау, насихаттау жазушы, журналист не мектептің тарих мұғалімінің ісі деп түсіну “дипломированный” наданның ісі. Ол әрбір азаматтың арының, біліктіліктің, адамгершіліктің, кәсіпорнының басшысының кісілік дәрежесінің өлшемі болуға тиіс.

Мәдени мұраны ұрпақтан-ұрпаққа жеткізу, жас өркеннің қанына сіңіру өмір заңы. Өз халқының мәдениетіне сусындаған азамат қана соның дамуына көшбасшы болып, жалпы адамзат мәдениетіне өзіндік үлес қосып, өзге елдің асыл мұрасын құрметтеп білетін бола алады.

Домбыра сазы көкейкесті сыр толғайды. Домбыра үні

асқақ арман мен қиялға, тәтті назға толы, өміршендікке шақырады. Кейбір жастардың шетелдің даңғазашу музыкасына шаштарын жалбырап, желпілдеп билегенін көргенде “осы мұндарлардың туған жер топырағынан алған нөрі бар ма екен” деген ой келеді. Қобыз бен домбыра үніндегі пәлсапаны түсінуге шамасы жетпей, әйтеуір мода деп теледидардан басқаны іздей бастағанын көргенде өзімшілдігіне тәкапарлығына, бітеулігіне жүрегің ауырады. Ана сүтімен, ата сөзімен жас бойына жақсылықты сіңіре алмаған үлкендерге тағар кінәда шек жоқ.

Домбырадан төгілген қоныр үн қиялынды алысқа ұштап, қатпар-қатпар уақыттың ғасырлар боп қабаттасқан кез ұшы жетпесіне көңіліңді жетелейді. Сонан бір үзік үн жеткендей, елегізіп домбыра шанағына, сүйріктей мойнына арбала үңілесің. Сонан соң тағы бір ой билейді. Қазақ домбыраға тоғыз-ақ перне таққан екен. Неге? Осы тоғыз пернемен сай-сүйегінді сырқыратар егілген күй төгіп, басына күн туғанда дабылдатып, жігер қайрат, азаматты ұлы дүрбелеңге шақыра білген.

Домбыраға тоғыз перде тағып көрдік. Осы күнгінің пәленше пердесіне үйренген мұнлық басымыз күнде тартып жүрген не бір ән, күйді шерте алсақшы. Еріксіз домбырашы, Қыздарбек пен Сембектің сан күйін шертіп жүрген пенсионер Жағыпар Асқаровқа жүгіндік. Жақан тоғыз пернені өзінше тақты, өзінше күйледі де Әбдидің әлде бір зарына басқан.

Домбыра үні өзгеше, көрмек. Жоқ, мынау осы күнгі домбыралардан шығып жатқан дыбыс емес, басқаша үн, сиқырлы дыбыс. Құлаққа кейде қобыз үні шалынса, кейде шаңқобыз боп жүрек қылын шертіп-шертіп кетеді. Мынау көне үн, нағыз ғасырлар бойы қазақ елін тербеткен әуен. Сол көне дәуірге шомып кетіп бара жатқаныңды сезбейсің. Тоғыз-ақ перне. Қайталанбас көне үн.

Осы біз домбыраның осы қасиетті үнін жоғалтып алған жоқпыз ба деген ой көңілді мазалайды. Осыған музыка мамандары көңіл бөліп жүр ме екен деп тағы да мазаң кетеді.

Ескі домбыраның бірін қолына алған Жақан:

- Мынаның мойнының ерекшелігін көрдің бе? - деп сағағына қол жүгірткен. - Қазіргі домбырадай емес, бүкіл мойын беті жалпақтау боп әрі қарай үшкілденіп келген. Сонда ол әрі жіңішке, әрі саусақ талмайтындығы ескерілген.

Күнде көріп жүрген домбыраның мына ерекшелігіне енді ғана көз жеткендей, енді ғана шебердің ісін ұққандай тамсанасың.

- Сендер тиекті орнына қоя білесіңдер ме?

- Келтіріп жүрміз ғой.

Бір қолапайсыздықты сезгендей Жақан тағы сүзіле қараған. Бізде үн жоқ. Не сыры барын білгіміз кеп, іштей күтудеміз.

- Оны бізге ертеде Бестөренің күйімен үйрететін. Егер тиек орнында тұрмаса Бестөре күйі шықпайды, - деп Жақан қолма-қол көрсетіп, үйретіп жатыр.

Иә, біз күнде көріп жүрген домбырада біз білмеген әлі талай сыр бар. Соның қайсысына қанық, қайсысына кенжеміз.

БЕС ДОМБЫРА

Арқа жерінде шертпе күйге арналған жеті түрлі домбыра болған. Соның бес түрі Кәмел Жүністегінің үйінде сақтаулы тұр.


I- домбыра Сембек күйшінікі. Оны Әбдірахман деген шебер 1926 ж. жасаған. 1931 ж. Сембекті атқан бір белсендінің қолында кеткен аспапты К.Жүністегі 1978 ж. қолға түсірді.

II- домбыра 1960 ж. жасалған. Иесі де жасаушы да - Смағұл Ғабдолла деген ақсақал.

III- домбыраны жасаушы да иесі де - атақты Батырали-Кеторали ұрпағы Тырыш ақсақал. Домбыра 1970 ж. жасалған.

IV- домбраны 1985 ж. Шәнгерей Монабайұлы жасап берген.

V- домбыра 1991 ж. белсенділер қолынан қаза тапқан Әбди күйшінікі, шебері белгісіз. Домбыраның бетіне Омар найям деген сөз және ақынның бір шумақ парсы тіліндегі өлеңі жазылған. Әбди күйшіні 1929 ж. түрмеден қашырып жіберген Жүніс Ыбышұлы -домбыраның иесі.



Елімді ер ұланы қорғай білген

ЖАСЫЛ ТУЛЫ ЖАРЫЛҒАП БАТЫР
(1735-1786)

Қазақ-қалмақ арасында қақғығыстар қай заманда да болып тұрған. Бұл іргелес екі елдің аса бір тыныштық сақтап, сыйласқан тұсы ұлы Шыңғыс хан қағанаты, онан кейін Алтын Орда тұсы тарихқа Алтын Орда атымен енген қазақ мемлекетінің ыдырауы жан-жақтағы жаудың күшейуіне, әсіресе күнбатыстағы елдің мөлшерсіз мол байлыққа ие болсам деп тамсануын көбейте түскен Күнбатыс жұрты әлі арыстан Алтын Орданың мысынан әлі сескенетін еді. Ұлы далаға бірден басып кіруден сескенген олар көшпелі елді бір-біріне айдап салып, титықтатудан бастағанды жөн көрген. Сөйтіп орыс патшалығы қалмақ жұртын түрткілеп, қазақ еліне жорыққа шығарды.

Ақтабан шұбырынды. Алқа көл сұлама басталған кезенде қалмақ шапқыншылығынан біршама аман қалған Арқа жері еді. Қазақ Ордасының бостандығын көксеген батырлардың табан тіреген жері де, көбінің басын қосқан аймақ та осы. Осы жерден дамыл-дамыл аттанған қазақ қолдары өз жерінің шығысы мен түстігін жаудан тазартуға бар күшін салып баққан майдан қазақ жерінің шығысы мен түстігі болса, сол кездегі дастан, жазбалардан Арқа батырларының атын солтұстағы қанды ұрыстардан көреміз.

Жоңғарлармен соғыста атағы добырайып шыққан қазақ батырларының бірі - Керней-Жарылғап батыр. Ол кешегі Бұхар Жыраудың назарына іліккен Сенкібай, Жидебай, Байғазы, Тобышақ батырларымен үзенгі қағысып, сан қанды ұрыста қазақ қолының рухын көтеріп, жолын ашқан, Абылай ханның жекпе-жекке шығарар көзсіз ері болған, аты аңыз боп ұрпақтан-ұрпаққа жеткен аруақты тұлға.

Күні бүгінге дейін ата сөзін жаттаған /мансап қумаған, ішкіш емес/ ақсақалдар бұл батырлар туралы кезінде айтылған “Қара-Шор Сеңкібай, Өлтекеде Жидебай, Тобықтыда Қараменде, Кернейде Жарылғап” деген мәтелді көкірегі ояу жасқа жаттатып келеді осы тіркес тегін, айтыла салған емес. Бұл ел

қорғаған батырлар мен би-шешеннің ортасында жасы үлкені Сеңкібай, онан кейін Жидебай, өкшелерін басып келе жатқан Қараменде шешен, ең жастауы Жарылғап екенін, бәрін ашып айта беруге болмайтын заманның өзінде үлкендерден естіп қалғанбыз.

Қазақ шежіресі бойынша Кернейден Самырза, Дау, Шаң, Балапан есімді төрт ұл туған. Даудан Балта, Түйте. Даудың үлкені Балта сан жорыққа қатынасқан батыр. Кеше орыс ендеп ене бастаған кезде ол елінің тәуелсіздігін шекарада қорғаған, Башқұртстанда 1735-1750 жж. Болған көтерілістің айбынды қолбасшыларының бірі — ол көтеріліс жеңілгеннен кейін Кіші жүз Әжібай дақаның ауылында тұрақтап қалған. Балтаның соңынан ерген Деріпсалы інісі Қармыс пен екеуінің ұрпақтары күні бүгін ойыл ауданында тұрып жатыр /олармен осы жолдың авторы 1981 жылы кездескен/.

Балтаның інісі Түйте ағасы қайтпаған сон әрі дос, әрі туыс Қоңырбай екеуі жеңгелеріне кезек-кезек сөз салып, әмеңгерлікке көндіре алмаған да, Оразды әкесі Бегімбетке ілесіп, өкпелеп жер ауып кеткен екен. Сол Түйтеден Жарылғап, Қабыл туған. Жарылғаптың аты жер жарған батыр. Міне сол себептен бір ақын қызды:

Балта-Түйте мылтықты дүміндейсің
Шаң-Балапан атымның жүнін дейсін, -

деген өлеңі ұрпаққа тараған.

Көне көз қария, ескі мол қазынасы болған Нұреке ақсақалдың айтуынша Жарылғаптың шешесі Ғайша-Тарақты Байғазы батырдың қарындасы. Ғайшаның мазары осы күнгі Айса деген жерде. Теміржол салушы келімсектер жердің Ғайша атын Айса деп, қазаншының еркі бар, қайдан құлақ шығарасың керін келтірген. Ал Жарылғап Төмештен қыз алған.

Жарылғаптың аты шыға алғашқы көрінуі Абылай ханның Қалов жорығына байланысты екен. 1733 жылы Қалба өзені бойында жатқан жоңғарға Абылай хан “дайындалсын, барамыз” деп хабар жіберген. Кіші жүз Әсбембетті Әбілхайырдан сырттан жүрген кіші жүз руларынан қосымша қол жинауға жіберген. Қазақ қолы екіге бөлініп, бір туды Қаракерей Қабанбай, екіншісін Қанжығалы Бөгенбай батыр алған. Осы жолы жасы 18-ден жаңа асқан жас Жарылғап Қазыбекті танымайды екен. Дуалы ауыз Қазыбек жігіттің мән-жайын, жөнің білген соң “Алдыңнан жау таппасын ықтасып, артынан дұшпан шықпасын” деп бата берген. Қаз дауысты Қазыбек баба өз жылқысынан Қылыш қыр деген атақгы атты ұстатып, “жауға шабар бас атың болсын” деп аттандырып салған.

Бұрын көзге түспеген жас жігітті ешкім елей қоймады. Көптің бірі боп, “алып кел, барып келге” жұмсайтын жігіттің қатарында мінез танытпай жүре берді. Жолшыбай еру жасап жатқан жігіттерді аралап келе жатқан Абылай оңашарақ барып суға түсіп жатқан жігітке назары ауады. Денесі сом қара торы жігіттің жаурын ортасындағы түгі аттың жалындай ұйысып жатыр екен. Хан жанындағы Бөгенбайдан жігіттің жөнін сұраса, ол да танымайтын боп шығып, сол мандағы біреуден кім екеніне қанып, іштей ризалықпен кете берген.

Күні бұрын хабар алған қалмақ қолы да өзіне ұнамды жерінде Қазақ әскерін қарсы алады. Ол кездегі тәртіп бойынша майдандағы ұрыс жекпе-жекпен басталмақ Керектей кері ат мінген жоңғар батыры аса зор денелі, тым сүсті еді. Аты бізге жетпеген сол қалмақ батыры қазақтарға да тым таныс, алдына келгенді тірі жібермеген жан алғыштың нақ өзі-тін. Бірінші күні онымен шайқасуға ешкім шықпай, жоңғар жағы дауырға тойлап жатты. Екінші күні жекпе-жекке өзі шығамын деген Абылай ханды басқалары жібермей, жау тағы есірді. Егер үшінші күні ешкім шықпаса қазақ жеңілген есепті бар қаруын, малын тастап кетуге тиіс еді. Лепіріп келген қазақ жағы басылып, әскердің рухы түсе бастаған.

Үшінші күні тағы ат ойнатып, майданға шыққан жоңғар батырына жекеге шығуға Жарылғап тілек білдіреді. Жас жігітті таныса да “кім біледі” деп аңған Абылай.

- Шығасың ба - деп қайырып сұрады.

- Батаңызды беріңіз, хан ием.

- Алла жар болсын, әруақ қолдасын, - деген Абылай хан Дәлеку дегеннің атын бергізуді тапсырған. Дәлекудің кер атын көрген Жарылғап “ол аттың алды аласа, шоқтығы биік, өз атым жақсы” деп майданға өз атымен шыққан.

Жоңғар батырының денесін тегіс сауыт құрсаған, тек иегінің астында ғана танадай тесік бар екен. Сәлемге иек көтеріскенде басқа жерінен ала алмасын білген. Жарылғап орасан шапшандықпен тамақ астындағы тесіктен шаншып үлгерген. Әп-сәтте аты ойнап шыға келген қалмақ батырының үстінде қан майдан басталып кете берді.

Абылай хан ұрысқа “Машайда жас Жарылғапы” деп ұран көтеріп шыққан Батыры өліп, рухы түскен жоңғар әскері алғашқы бір қарсыластан кейін-ақ тез-тез боп қашқан Қазақ жағы мол олжаға кенеліп, қалмақтың Шаған атты сұлу қызын қолға түсірген олжа бөліс кезінде “Шағанды Жарылғап алсын” дескен екен. Ол “оған тимеймін, әкемнің қаны мойнында, мейірлене алмаспын” депті. Жарылғап та қызды алудан бас тартқан.

Жарылғап мұнан кейінгі жорықтарында Кернейдік дуалы ауыз, батагөй Жомарттан бата алып, аттанып жүрген. Бір қатерлі жорықтан аман оралғанда Жомарттың ақ тілегіне аса риза болған. Жарылғап оған Моншақ деген қыз әкеліп берген. Жомарттан Бәйтік-Тәйтік, тәйіктен атақты би, мал біткен Қара Шолақ туады.

Арқаның батырлары Жидебайды қатты силаған, әрі алдынан шықпайды екен. Ұзақ жорықта ерігіп келе жатқан топ батырлардың әруағын көрсетуін қолдапты. Жидебайдың әруағы айсыз қараңғыда, түк көрінбес тұманда жол көрсетер қызыл түлкі екен деседі. Жидекең жөнінен сол түлкіні шығарып қоя беріпті. Сонда Жарылғап өз аруағы бүркітті ұшырған дейді кәрі құлақ қариялар. Бүркіттен қаймыққан түлкі зап беріп Жидекеңнің қойнына кіріп кетсе керек. Риза болған Жидекең “Жарайсың Жарылғабым” деп, соңынан ерген батырдың алапаты асқанына қуанышын жасырмаған екен.

Жарылғап жасы үлкен Бөгенбаймен әлденеше кездескен Арқа жеріне жау келіп қалды дегенді естіп, Бөгенбай суыт жүріспен осы күнгі Шет ауданындағы Қызылтаудың күнбатыс жақ иығындағы асудан асады. Түн іші. Сол кезде алдынан жеке-дара шапқан аттылы шыға келсе керек. Түн болса да батырлар бірін-бірі танып үлгерілті. Жеке жортқан Жарылғап екен. Сонда Бөгенбай: Япыр-ай, тап осы жолы жүрегім сескенді-ау, - деп Жарылғаптың мысы басқанын жасырмаған.

Жарылғаптың ел ауызында жүрген ерлігінің бір сәтін жазушы Жүсіп Алтайбаев ағамыз кезінде жақсы жазып кеткен.

Жарылғап әмірі ерлік шайқастарға, қанды жорықтарға толы күндерде бір күн “Найзакескен дейтін жерде жасанған жау жатыр” - деген хабар жетеді. Жарылғап дереу қол жиып, жау бетіне қарай аттанады.

Жер ыңғайын жақсы білетін батыр әр тұстан барлау жүргізеді. Хабар шындық екен. Бұлар қалың қолдың үстінен шығады. Кімнің қолы мәлім емес. Сонан соң Жарылғап жаман атқа мінгізіп, жаман киім кигізіп өзінің оң қолы Жарқынбай батырды жұмсайды”. Бейсауат жүрген жолаушы боп барда ол кім екен. Сонан кейін жөніңе кет те, басқа жолмен айналып қайтып орал” - дейді.

Жарқынбай барып білсе, қанжығалы қарт Бөгенбайдың қолы болып шығады Жарылғап Сізге сәлем берем дейді-деген хабар салып. Бөгенбайға дереу кісі шаптырады. Келген соң ықыласпен қарсы алып, тай сойып қонас береді. Екі батыр өткен-кеткенді бастап кешкен. Ұтыстар мен жорықтар, тергеурінді батырлар жайында әңгіме дүкен құрып сыр шертеді. Осы жапсардан өтіп қалмақтар қолы ел шетіне енбек

деген хабармен Бөгенбай батырдың жасанып жол тоса шыққан беті екен әңгімеден соң, ертеңгі жақтан жүйрік ат, найзагер, сайысшы, мықты жігіттерді сынасуға келісіп, екі қол басшы дамылдап жатып қалады. Таң атады. Сарбаздар ұйқыдан оянып, таңертеңгі ас-сүтін ішуге отырады. Нақ сол мезетте желкедегі қисықтың асуынан аса, тура тартып келе жатқан қол көрінеді.

Сол-ақ екен бұларда жаушы-жалам атқа қонады. Сонша болмайды, бұлардың қарасын көрісімен жау да шабуылдап келіп қалады. Ұрыс басталып жүре береді. Айтқандай-ақ бұл келген қалмақтар екен.

Қосшысы Көкмойын атты көлдене тарта бергенде Жарылғап та орнынан атып түрегелген екен.

Бөгенбай:

- Отыр, отыр - депті, Жарылғапты етегінен басып.

- Қол бірер түйісіп шықсын, оған дейін мына дәмді аяқтап, дастархан жиғызалық. Сол шамада ұрыстың басталысы да мәлім болып қалады.

- Кеш соғып жүрмесін - деп Жарылғап тықырши беріпті. Сабыр - депті Бөгенбай тағы да. Ұрыс жақты көз қиығымен шола түсіп.

Әр жерде үйме-жүйме үздік-сөздік ұрыс ойнап шығып жатқан аттар сыртта-сұрт.

Бір заматта ұрыс жүріп жатқан кең алқаптан бергі босағасына дейін лықсып, ығыса бастағанын байқаған қарт Бөгенбай:

- Ал Жарылғап мін атыңа. Өз адамдарың орын тепкен соң оң канаттан “Жарылғаптап” сен кір мына шеттен “Бөгенбайлеп” мен тиейін - дейді.

Ұрыс көпке созылады. Ақыры, қалмақтар жеңіліп, бас сауғалау қамына кіріседі. Қашқан жауда береке бар ма. Бұлар қалмақты өкшелей қуып, көз байланғанша шабақтаумен болады.

Көптеген тон-тонауға ие болған Бөгенбай — Жарылғап қолы бас-аяғын жинап түнделетіп Қарабұлақ дейтін жерге кеп тоқтайды. Сол арада ес жинап ат белін суытып екі күн жатады. Үшінші күн дегенде Жарылғап Бөгенбайдан ұлықсат сұрайды.

- Рұқсат Жарылғап, қайратыңа ризамын. Қия шабар қыр ат қимылын көз алдымда. Сен болмасаң бұл қалмақты ала алмағандай екенбіз - дейді, сонда Бөгенбай Қайда жүрсен аман бол, алапатың арта берсін.

- Осыдан соң ол әлдене есіне түскендей күрмеліп барып: Әттен, алды-артыңа бірдей болар ма еді - депті. Ұрыстың барысында ол Жарылғаптың артынан келген жауды ұрып жаттықпағанның аңдап қалған болса керек.

Ал, Бөгенбайдың өзі онды-солды, алды-артымен бірдей ұрады екен - Рахмет. Бұдан былай есте болар - депті Жарылғап.

Қонағын көптеген олжамен шығарып салып тұрып Бөгенбай: - құп алсаң құда болайық, құдай айырмас дос болайық, Жарылғап - депті.

- Менде қыз жоқ еді төрт ұлым бар - дейді Жарылғап.

- Олай болса менде қыз бар. Сөзінді сөйле. - Құп - дейді Жарылғап. Ендеше осы алдағы күзде мен өзім келемін -дейді Бөгенбай. Бірақ саған қоятын шартым: төрт баланды біртіндеп алдымнан өткізесің күйеу боларлық баланы өзім тандаймын.

Жарылғап мұны да құп алады. Айтқандай-ақ күзде Бөгенбай келеді. Жарылғап оны сынамақ болып өз балалары емес, ауылдағы басқа төрт баланы жақсылап киіндіріп батырдың алдынан өткізеді. Бөгенбай олардың бірде-бірін ұнатпайды. Төртеудің қара бойынан Жарылғапқа ұқсар еш белгі көре алмай түңілгендей боп сәл отырады да, әлден соң “Мені әурелеп қайтесін Жарылғап енді өз балаларыңды көрсет” -дейді. Бөгенбай батырдың сыншылығына қайтан қалған Жарылғап сонда одан кешірім сұрап, өз балаларын келтіреді. Алдымен ортаншы баласы Жәнібекті салған екен: - Қотан аяқ, қолекпелеу екен. Менің қызыма күйеу бола алмас, -дейді Бөгенбай салған жерден. Бұдан кейін келген Сәдібекті от басынан ұзамай, мал ішіндегі малма өтектің өзі болар тірі жүрсе-деп оны да жаратпапты. Тәрізі әке балаға сыншы ғой, Жарылғапта өзінше тәуірін іркіп қалып, нашарларын алға салса керек. Ең кенжесі Бәубекті әкелгенде: - Көріп тұрмын Сауытымды киер, сағымды сындырмас - деп сенген балаң ғой, бұл рас қолы қанды, жолы шанды да болар, әттен ашуынан ақылы саяз, мінезі періпкетелеу болар мұны да қоя тұр, - депті. Жарылғап ең соңынан тұңғышы Қырбасты әкеп көрсеткенде Бөгенбай көз алмай тесіле қарап қалған екен дейді. Бала шығып кеткеннен кейін: Иә, Жарылғабым, қыран көзді Қырбасым ұнады маған. Еңсесі биік етек-жаңі кең екен, егескен дұшпанынаесе бермес апай төс, әріден тарта болжамды, ақылдың иесісі солғой - депті. Сөйтіп Бөгенбай қызын Қырбасқа айттырады. Одан Байсейітбай туған.

Жортуылы көп сол бір заманда 70-ке келген қарт Байғозы батырдың ауылын қапылыста жау шауып, өрістегі жылқысын алып кетеді. Қол жинауға үлгермеген Байғозы Жарылғапқа кісі шаптырып, өзі қалмақтың соңынан жалғыз қуып кеткен екен. Түс ауа Байғозының өкше ізінен шаң көрінеді. Ауыздығымен алысқан кер тұлпарды мінген Жарылғап ат

тұяғынан көтерілген шаң басылғанша жетіп үлгерген қуғыншыларға үдере қашқан қалмақ қолы да жеткізбеген. Жаурын көріп, өкшеден қуғыншы бәрін білген жау жөнкіле қашып, маңайлатпаған. Екі қуғыншы үнемі жұрты суымаған жау қосынаң орнына тап бөледі. Ақыры үшінші күні түстеніп жатқан жаудың дәл үстінен түсіп, екі бүйірден “Қапта, қапта, ұр, ұрлап ұран сала тиіп, аттарына жеткенін бұрын іліп тастап, бытшыт қылған да, есі кеткен жаудың азырағы ғана қашып құтылған. Дұшпанның көбін түсірген Жарылғаптың ерен қимылына Байғозы аса разы боп “тусаң ту, Жарылғабым сендей батырлар барда елдің туы жығылмас” деген екен кешегі талай шежірені жатқа айтқан Нұреке ақсақалдың айтуынша Жарылғап батырдың туы жасыл болған. Ол ту Баубекте қалса керек.

Кей уақытта Жарылғап пен тобықты Қараменде бидің арасында кикілжің болған екен. Қарекен Кернейдің нақ ортасынан ойып жер алып, Қара тоқты деген адырды келіп қыстаған қары жұқа, қарыс-қара көдесі қыс бойы желбіреп жататын бұл манда жұт болмақ түгілі наурызда малы төлдеп, қойдың қатығың ішіп отырса керек. Бір шаруасымен жол жүріп кеткен би бәйбішесіне.

- Үйге кім келсе де қатығынды берме. Мал сойып аттандыр, - деп тапсырып кетеді.

Қысырақтың үйірі жылқысынан шығып кеткен Жарылғап, малын іздеп Қаракеннің ауылына келіпті. Бидің жоғын естіп, бәйбіше қанша айтсада асқа қарамаған. Әбден амалы таусылған бәйбіше құр ауыз аттандырған жол таппай, бір шара қатық ұсыныпты. Қатыққа үңілген Жарылғап бір сәт отырып, ерінің ғана тигізіп, пышағымен қатықғың бетін айқыш тіліп, қайтып берген.

Үйіне келген Қаракен болған уәжіғаны естіп:

- Ә, бұл жер Сізге мекен болмайды екен. Қыстадың, малды өсірдің, енді жерімді босат депті ғой, - деп қар кете толықты ішіне қайта жылжыған. Баласы Сәрін әкесіне ілесе қоймаса керек - ол кернейдің тағы бір қонысы Қарабұлақты жайлап қалыпты. Жөнін білуге келген Жарылғапқа айбат көрсетіп, қолына қару алып шықса керек. Бірақ аты сүрініп құлап өзі де сол жерде мерт болған.

Жарылғап батыр 51 жасында Айыртауда қайтыс болып, денесін ұлы Жәнібек Әзірет Сұлтанға апарып жерлеген. Ел аңызында Жарылғаптың әруағы ұрпағын қорғап жүрді деген сөз бар. Бірде Жарылғаптың екінші әйелінен туған Мырзабек қарсы келе жатқан Бөріні танымай, өткелге таласып, қапылыста оны аттан түсіріп кетіпті. Бәрі Жарылғап тұқы-

мымен туған күйде оның қызын Жарылғаптың Сәдібегі алған. Жас Мырзабек құдасын кешкі алаң-пеленде танымаса керек. Ашу қысқан Бөрі Жарылғап ауылына сол сәтте барады. “Шығар, көргенсіз итті, қанын ішем” десе керек. Ел абыр-жиды. Бөрінің қайтпас мінезін бөрі де біледі. Сонан ел үлкендері Мырзабекке “әкеңнің керін мініп, сауытын киіп, жасыл туын ұстап, ол жорыққа аттанарда шығатын анау биікке шық. Батырдың аруағы қолдаса жаның сонда ғана қалады” деп ақыл беріпті.

Қолына ту ұстап, сауыт киіп, кер ат мінгеннің шоқыға шығып келе жатқан елдің бәрі көреді. “Әй, бұл кім?” деп бәрі де танданады. Сол екі ортада Қаракөк аспаннан құйылған қыран биікке шыққан жігіттің иығына кеп қонса керек. Сонда еріп бір ақсақал

- Бұл Мырзабек қой. Анау құс - Жарылғаптың әруағы ғой, - депті.

- Шақыр, анау итті, кінәсін кештім, - деп сол жерде бәрі де райынан қайтқан екен.

Ел намысын қорғаған Жарылғап батырды ұрпақтарынан атақты-атақты айтулы азаматтар шығып баққан. Жарылғаптың Қырбасынан атақты Нұрлан жомарт туралы жеке бір кітап жазса болар еді. Нұрланның немересі Ғаббас Кеңес үкіметінің алғашқы он жылдығында өмір сүрген ақын Жарылғаптың Жәнібегінің кейінгі ұрпақтарынан Диа қажы, Бабас, Оқа сынды ғажайып ақындар шықты, Ғаббас, Диа қажы, Бабас, Оқа, Түсетай ақындар 1931 жылы білгірлігі, шешендігі, елді сүйсені үшін атылып кетті.

Міне, төсін оққа төсеп, елін қорғаған Жарылғап батыр туралы бір үзік сыр осындай.

СЕҢКІБАЙ БАТЫР

Оразғұлұлы Сеңкібай батыр Қаракесектің Қараш-ордасынан. Сеңкең атақты Қожас батырдың шөбересі. 1707 жылы Арқаның осы өңірінде дүние есігін ашып, 1786 жылы Талды өзенінің бойында мәңгілікке аттанған. Халық аузында

Қарашорда Сеңкібай,
Әлтекеде Жидебай,
Тобықтыда Қараменде,
Кернейде Жарылғап, -

деген сөз қалған.

Осы батырдың ішінде жасы үлкені Сеңкібай екен. Ол Жидебай батырмен қатты сыйлас болған. Дүниеден өткенде де бір-бірімізді көріп жатайық деп Талды өзенінің биіктеу тұсына жерленсе, екіншісі Нұраның сағасындағы шоқыны мәңгі орны еткен екен.

Секең 17 жасында Қанжығалы Бөгенбай батырдың соңына ерген. Ол атақты Алакөл, Буланты, Аңырақай шайқастарында аса ерлік көрсеткен. Жоңғар қолының бетіне ұстап жүрген Нояны Коренмен жекпе-жекке шыққан деген сөз бар. Абылай хан “Ақиығым” деп мақтайды екен. Абылайдың көзін жоймақ болып, айсыз қараңғы түнде қоршаған жаудың арасынан ханды алып шығып та кеткен.

Жау қолы жеңіліп, ел есін жиған шақта ел бірлігін сақтау үшін еңбек етіп, әділдігіне сүйсінген халық Сеңкеңді “Би ата” атап кеткен.

Сеңкеңнің ерлік істері Бұхар жыраудың жырларында да айтылады. Халық күні бүгін Сеңкібай батырды әулие тұтып, басына тәуіп етеді. Батырдың Талды өзенінің бойындағы мазары 1986 жылы Талды совхозының басшысы Смайылұлы Дулаттың бастауымен қайта салынса, осы ғасырдың 06 жылы батыр ұрпақтары қайыра зәулім күмбез көтерді.

ЖИДЕБАЙ БАТЫР

1731 жылы туған Дос батырдың немересі. Жидебай Абылайхан қайтыс болғанда тура 50 жаста екен. Он жеті жасынан бастап Абылайханның бар жорықтарына қатынасқан хан қолының шолғыншы тобының басшысы, ту ұстаушысы болған. Әруағы түлкі екен деседі.

Жидебай атақты домбырашы да екен. Ол кісі Абылай қайтыс боларда шерткен “Қайран елім” деген күйінің шешуін айтып, ол күйді бізге жеткізген.

Мазары Ақсу-Аюлы селосының терістік жағында 20 шақырым шамасындай жерде.

Жидебай батырдың ерлік істері К.Жүністегінің “Құба белдер” романында толықтай айтылған.

БАЙҒАЗЫ БАТЫР (1705-1803)

Тарақты руындағы Найманбай батырдың баласы. Қазақ-қалмақ соғысы заманында әкелі-балалы екеуінің аты бірдей

шыққан. Әкесі Найманбай Тәуке ханның бас батырларының бірі болған. Байғазы - Абылай ханның қолын бастаған батырлардың бірі. Хан оны аса бір қауіпті де қиын жерлерге жұмсап отырған. Байғазы батыр шапқыншы қалмақтармен болған Аңырақай, Ыстықкөл, Хан тауы, Түркістан, Қарқаралы маңындағы ұрыстарда асқан ерлік көрсеткен. Байғазы - аты ғасырлырдан өтіп, елдің ұранына айналған батыр. Байғазының қызы Қойсанадан Ағыбай туса, немере қызы Шәкіден күйші Ықылас Дүкенұлы дүниеге келген.

Байғазы батырдың мазары Сарысу өзенінің бір саласы жаман Сарысуда тұр. Мазар қайтадан қалпына келтірілген. Осы ғасырдың 05-жылы батырға арналып үлкен ас берілді.

Кеш те болса Қаракерей Қабанбай батырдың дене топырағын іздеу басталғанына риза болғандайсың. Кешегі көнекөз шежіре қарттардың өмірден өтіп кеткен, олардың білгенін ала алмағанымызға өкінгеннен басқа не лаж? Әр ауылдың тұсында, әр жайлауда талай сұпы мазарлар тұр. Оны сол ауылдың, совхоздың бетке шығарлары, сұрай қалсаң, дәл айта алмай күмілжиді. Әлі де соларды біліп қалып, жергілікті картаға түсіріп қоюға кеш емес.

Қаракерей Қабанбай Ақмола жерінде ме, әлде Талдықорғанда ма, әлде Қытай жерінде ме деген сөз жұртты елендетіп-ақ отыр. Оның дүниеден өтер алдындағы өсиеті. Арқаға апарып бейіт соғып қойыңдар деуі іздеудің бетін өзгертуге тиіс.

Меніңше жергілікті елдің шежіресіне де сүйенген дұрыс.

Шет ауданы жерінде Қабанбай атты жер бар. Сол жерде кезінде қазақ-қалмақ ұрысы болғанын қариялар әлі сөз етеді. Сол жерден кезінде найза ұштарын, қылыш тауып алғандар әлі арамызда.

Ең бір көңілге түйіткілі сол маңның шежіресінде Қабанбай атты ешкім жоқ. Оны сұрастырып өз басым таба алмадым. /тауып бергендерге күні бұрын ризашылығымды айтам/. Жасы 80/сексен / дегі Қабыл ақсақал 1984 жылы күзде өзі іздеп келіп бұл бейіттің Қаракерей Қабанбайдікі екенін айтқан еді. Қазір мазардың орыны ғана жатыр. Ақсақалдың айтуына қарағанда мазар кірпіштерін колхоз заманында бұзып алған. Мазарды бұзып қора салу фактілері бұл жақта өте жиі болған жағдай.

Міне осыны ескеріп, Қабанбай мүрдесін Арқаның осы тұсынан іздеген де жөн бе деймін.

САЗАНБАЙ БАТЫР

Бесатаның Қояншытағай руынан шыққан Сазанбай батыр ХҮІІІ-ғасырдың екі Бесатаның Қояншытағай руынан шыққан Сазанбай батыр ХVІІІ-ғасырдың екінші жартысында өмірге келген. Қазақ-қалмақ соғысының әлі де біте қоймаған кезі. Жас Сазанбай Абылайханның белгілі батырлары Жидебай, Жарылғаптарға ілесіп Қалмақты түре қуған сан ұрыстарға қатынасады. Осы шайқастарда жау тобының ішіне жалғыз кіріп кете беретін жүрек сескенбес батырлығымен де, әрі алапат күшімен де көзге түседі. Өзіне кезелген сан найзаны шоқпарымен айналдыра сілтегенде, оның сермеуінің қаттылығынан жау қолындағы қаруы ұшып кете береді екен.

Сарыарқаның төрінде 1771 жылы болған соңғы ұрыста Сазанбай Дербісалы батырды ертіп, Бесатаның қолын бастап барған. Бұл Еділ бойынан Обашы хан бастаған қалмақтардың ата жұртына қайтқан көші мен қолы еді. Ұрыс Қалмақ Қырған деген биік шоқының жанында өткен. Осы соғыста Қалмақ өте жанталасты. Ұрыста Найман Қарабай батыр осы жерде қаза болғанын Әлихан Бөкейханұлы айтып кеткен. Осы ұрыста жекпе-жекке сұранып шыққан Қалмақ батырын Сазанбай жер жастандырған.

Денесі аса зор Сазанбайды ат көтере алмаған деген аңыз бар. Жауға мінер ат іздеп, сондай тұлпар Қоқанның ханында бар деп естіп, жанына серігін ертіп барған Сазанбай тұлпарды алып шығып, елдегі жылқыға қосқан. Тұлпардың таза тұқымын алу үшін екінші рет биені алуға барғанда қолға түседі. Хан тұлпарды әкеп берсе босатпаққа уәде береді. Жанындағы серігін сол үшін босаттырып, оған тұлпарды әкелді. Жауға мінер ат елге керек. Елдің бір қатыны “мендей бір ұл туар” деп тапсырған. Сазанбай сол жолдан қайтпады.

Бұл уақиға жөнінде ақын Жәкен Байтуов “Көкжайдақ” деген дастан жазған. Дастанды осы жолдардың автары “Заман” газетінде жариялаты.

Оның ұрпағының өзі қазір рулы ел. Сазанбайдың елге жаққан келіні Дәрі. Сол Дәрінің атында Дәрі (Дария) деген өзен бар.

ҚОЛ БАСТАҒАН АҒЫБАЙ БАТЫР

Премьер министрге хат жазып, шырылдап жатқанымыз ұлы даланың ұлы ұлдарың әлі танып болмай жатқан ұрпақтың ұлттық намыс-рухын ояту екені ежелден белгілі.

Кенесары - қазақтың намысы болса, Ағыбай ұранына айналған. Жауға шапқан жасағы “Ағыбайлап” кіргенде, батырдың өзі “а, Құдайлап” тұрады екен.

Ханның ержүректігі мен тапқыр талантына сенген қазақ жосағы Ақжолтай атанған батырдың жолы болғыштығына шүбәсі болмай сан көзсіз ерліктерге баған. Сол Ақжолтай Ағыбайдың өмір кезеңдері зерттелмегендіктен көп уақиға бізде назардан тыс қалды. Біздің мақсатымыз - жұрттың арасында сиректеу айтылып жүрген, қаламнан тысқары қалған оқырман қауымды таныстыру.

Ағыбайдың анасы Қойсана ананың қарулылығы туралы, көшіне шапқан алты бірдей жігітті бақанмен ұрып жыққаны жөнінде әңгіме бар. Сол Қойсана Ағыбай он үш жасқа келгенде елді әбден ығыр қылған бір жыртқышты жалғыз барып соғып әкелгенде:

- Мұндай ерлікті Ағыжаннан бұрынырақ күтіп едім. Күткен шамамнан кешікті, -депті.

- Неге? - деген жұртқа.

- Ағыжан бойға біткенде көкжаддың жүрегіне жерік болып едім, - деген екен.

Батырдың анасы Қойсана басын Тағылы-Бұғылыдан алатын Қармыс өзенінің бойына жерленіп, аса сәулетті күмбез орнатылған. Солақай заманның әпербақан содырлары осы жерге Колхоз орнаған тұста мазарды бұзып, құрылыс жұмыстарына пайдаланған. Қараусыз қалған мазар үйінтігінің үстінен мал да, көлік те жүріп, дуалы ақсақалсыз өскен елдің бейбастақтары ойына келгенің істегенін көз көрді. Заман сәл дүзеле бастаған 80-жылдары газетке қайта-қайта жазылып жүріп, совхоз басшысы Төлепберген Әбеубике мазар орының көңілге тұрарлықтай қоршатты.

Қойсанадай анадан дүние есігін ашқан Ағыбай батыр арымыздың көне жолымен өз ұрпағының да елге тұтқа болар азамат болуын ойлаған. Ағыбайдың Дулат есімді інісінен тарайтын Серім Смақұлы батырдың бәйібшесі Талшыбықтың сары барақты сойылқас батырдың қызы екенің бізге жеткізген. Талшыбық бәйібше дүниеден өтерінде балаларына “Мені қайда жерлейсіндер” - деген екен.

- Ағекемнің жаны бар емес пе, - депті Аманжол.

- Ой, шырағым-ай, менің әкем де Ағыбайдан кем батыр емес еді. Ең болмаса сол кісінің аты шығып жүрсін де. Мені бөлек жерлендер.

Талшыбық бәйібшесінің сұпыны 1973 жылы Қасен жыршы көрсеткен еді. Бәйібше өзі ұзатылғанда мініп келген бәсіре атының басын сақтап келіп, мазарының мандайшасына

койғызыпты. Сол сәйгүліктің басы әлі де сұпынан мандайшасына тұрғаны ендігі ұрпаққа ой салдырса керекті.

Қазақ шежіресіне Тарақтыны Арғынның ноқта ағасы дейді. Атақты ақын Маяса Жаңылұлының жаздырған шежіресінде Арғын Ақ желдің бәйбішесінен Тарақты, токалынан Ақапы, Қорасана, Аркана, Сарысы, Мейрамсана туды делінген. Сарысыдан Тобықты туатыны айтылған. Ал, Шуыртыұлы Мейрамсананың жеңгейдей алған әйелінен туатыны жазылыпты. Бұл жағдай Шортанбай жыраудың “Қаракесек” дастанында да айтылып өткен. Халық арасындағы шежірені зерттемейтін кейбір азаматтардың артық-кем айтар сөздеріне орай осыны да жазып кеткен де жөн бе.

Ағыбай батыр өз заманында белгілі дәрежеде білім де алған. Секен ақсақал “Серік Смақұлы” Ағыбайдың Күдері қожаның ағасы Смайылдан оқығаның айтады. Майыл Шортанбай жыраудың үлкен әкесі. Сол заманда Шуырпалы сыр бойы мен Арқаны кезек мекендеп кезіп жүргені де тарихтан белгілі. Күдері қожаның да, Шортанбайдың әкесі, Қоқайдың да Арқаға тұрақтап қалуын бұл жағдайлар да себепші болған. Ағыбайдың жастық шағында Түркістан медресесінде де біраз оқығаны да болашақ қол бастаған батырдың осы өңір жұртымен кенінен таныс болуына жол ашқан.

Жігерлі жастың алғаш жұрт көзіне көрініп, елге танылуы әдетте өтетін батырлар сайысында болса керек. Көнеден келе жатқан үрдіс бойынша елге ие хандар қиын-қыстау туды-ау деген шақта батырлардың күші мен әдіс айналасын, парасатын сынайтын сайыс өткізіп тұрған. Сондай бір сайысты Қасымхан Абылай алаңында өткізсе керек. Марқұм Серік ақсақал сол сайыста жан шақ келтірмеген Кенесарыға пара-пар адам тегі Ағыбай болған еді деген еді.

XIX ғасырдың бірінші ширегі қым-қиғаш уақиғаларға толы еді. Қазақ халқының қатерді Абылай ханнан кейін ерекше сезінген Қасым хан десе болады. Орайын мысық табандап жылжып, біртін-біртін, қазақ даласына суығына түсуіне қарсы қимыл осы Қасым хан тұсынан жаңа сатыға көтерілді. Әрідегі Бұхар жыраудың:

Түсі сары, көзі көк,
Молласының аты поп
Түбінде сонан татарсың, -

деген сәулелігі енді ашық шындыққа айнала бастады. Арқаның жүрегінен Қарқаралыдан бекініс салса, жерінді біржола алдым дегендей Бетпаққа жақындатып Ақтауға қамал орнатты. Қазақтың көш жолы шектелді, бекіністі линиялардан әрі қарай

өтпедің шаралары жасалды. Қазақты біржолата бағындыру үшін оны кедейлендіру керек, ол үшін қазақтың малын азайту қажет, малын азайту үшін қазақты отырықшы-жабық ету керек деген құпия саясат іске асып жатты. Көш жолын бөгеу малды азайту шарасы еді. Орыс мұнымен тынып қалған жоқ, ауыл-ауылға жиі-жиі шауып, отар-отар малды із-түссіз айдап әкетіп жатты.

Қазақ халқының басына халық ретінде жойылып кету қаупі төнді. Еддің ержүрек азаматтары атқа қонды. Саржанның маңына жиналған қазақ азаматтары Тағылы мен Бұғылы арайына топтасын, дұшпанға сес көрсете бастады. Қазақ қолының бұл жиналған жері күні бүгінге Саржан шоқысы атанады. Броневский өзінің жазған рапортына көтерілген қазақ саны 1000 адамға жетті деп көрсетеді.

Бекіністегі қазақ-орыстармен ірілі-ұсақты қақтығыстар үнемі өтіп тұратын еді. Солардың ішінде аса бір есте қаларлығы 1832 жылы қазақ қолының Қарқаралыға шабуылы сәтті аяқталды. Өне бойы қазақ ауылдарын шауып алып отырған қазақ-орыстар бұл жолы өз малдарынан айырылды. Бұл жорыққа Ағыбаймен бірге Бесата жұртының Қашқынбай, Бодық, Баубек сияқты батырлары да қатысты.

Төте өрлеген дұшпан қоқандықтардың қолымен Саржанды өлтіртті. Халық аңызы осы қанды қырғынның ішінде Кенесары да болған еді, бірақ ебін тапқан Ағыбай оны топбасқан ажалдан аман-есен шықты дейді. Сол кездегі уақиғалар дәл кезінде хатқа түспегендіктен ел аузындағы сөзге де сенуге тура келеді.

Қазақ халқының тәуелсіздігі үшін күресі Саржан өлімімен тоқталып қалмады. Халықтың болашағы үшін қозғалыстың басына Кенесары шықты. Ол әскердің қолбасшысы Ағыбайды бекітті. 1835-36 жж. Шамасында Кенесары өзіне әскери тірек ретінде орыстың Ақтау бекінісінен 50 шақырымдай жерден қамал тұрғызып, әскерін алдағы ұрыстарға, қамал алу әдістеріне дайындай бастады. Ағыбай батыр басшылық еткен қол орыстың Ақтау бекінісіне 1837 жылы шабуыл жасады. Көк майықпен қаруланған орыстың оғы өтпес үшін қараған-тобылғыдан буму-бума оқ қағар дайындап шабуылға шыққан қазақ қолы ашық далада айқас салып, садақ оғын жаңбырша жаудырып, бекініс ішінде өрт шығарды. Осы сәтте өзен бойын жағалай келген Наурызбайдың 50 шақты қолы қала ішіне басып кірді. Бұл ұрыста Мәнжі, Қашқынбай, Шәмшібай батырлардың ерекше ерлік көрсеткенің ел әлі де аңызға бөлей айтады.

Ақтау бекінісін талқан ету ұлы даланың халқын дүр-

сілкіндірді. Бейселіктерден қорлық көрген дала халқы Кенесарының туының астына ағылды. Тәуелсіздік жолында ерлікті аңсаған дала ұлдарының ержүректігі қанша өлшеусіз болса да сойыл, шоқпармен қаруланған олардың зеңбірек пен көк мылтық алдында сонша әлсіз еді. Осы жұрт 1837 жылы Айыртаудың баурайында Кенесарыны орта жүздің ханы деп танып ақ кигізге салып таққа отырғызды.

Сол жылы Ташкенге беттеп бара жатқан Ростов бастаған орыс отрядын Бетпақтың шөлінде адастырып, белгілі құдықтарды жауып тастап, судан қатырып талқан етті. Бұл жылы Қашқыншы батыр орыс жасағына жолбасшылық көрсеткен болып, тығырыққа тірегені күні бүгін ел ауызындағы аңыз.

1838 жылы Ағыбай батыр басшылық еткен Кенесары ханың қолы Ақмола қаласына шабуылдады. Қала төнірегіндегі бекіністерді талқан етіп өртке орады. Қала қолдан-қолға өткен қиян-кесті ұрыста қазақ жасағы табандылықпен ерліктің үлгісін көрсетті. Осы ұрыста Бесатаның Себет батыры оққа ұшқан. Бұл соғыста ерлік дастан боп ел арасында бертінге дейін айтылып келген. Дастанды соңғы жырлаушы Сұлтанбек қариядан естігеннен есте қалғаны Кәнішбай Аяпбергенев қағазға түсіріп берген еді.

Қапыда мың келген қалың жаумен,
Болыпты жанталасқан қырғын майдан,
“Қаш, Себет, жау қоршады” дегендерге
Ер Себет жауап тапты:
“Қашуға ұяламын Ағыбайдан”
Сол жолы Себет батыр оққа ұшқан, -

деген өлең жолдары - бізге жеткен нұсқасы. Себет батыр сол тұста 30 жас шамасында екен. Ағыбай үшін басын ажалға тіккен азаматтын бұл ісі Ағыбайдың халық арасында беделінің шексіз куәсінің айғағы.

1841 жылы Ұлытауда үш жүздің билері Кенесарыны қазақ Ордасының ханы сайлағанда да біз қосқан Ағыбай батыр ханың Торғай даласында, Мұғадыларға аттанарда да үзінгіш болып, оның Алатаудағы соңғы шайқасына да қатысқан “Қырғыз бізге шаппайтын еді, орыстың патшасы егер Кенесарыны құртуға жәрдем етсендер Шуға дейінгі жерді сендерге берем деп өтірік уәде етіп, қырғызды қазаққа айдап салды” дейді кешегі өткен үлкендер.

Ағыбайдың өкініші де болған екен дейді ел. Оның бірі сол ақырғы соқпағыс Наурызбайдың “Ағаке” леген дауысын ести тұра жәрдем ете алмағаны екен. Екіншісі, көтерілістің

алғашқы шамасында Кенесарыға оң қабағын білдіре қоймаған бір байдың малын алып келуге аттаныпты. Осы күнгі “жеңіс” кеңшарының малын мекен еткен байзақ жылқысын Таятқан - Шунаққа айдатып, қуғыншы болса басып алайын деп Қызыл сүйір шоқысында Ағыбай жалғыз қалыпты. Түске дейін қуғыншы келмеген соң жеделдетіп Шожағай өзеніне жетсе бір жалғыз атты жылқыны да, Наурызбайды да алдына салып қуып келе жатыр екен. Науанға сойыл сілтеген бұл кім деп түйілген Ағыбай ілік тастапты. Сонда Наурызбай “Ағеке-ай бекер істедіңіз-ау” деген екен. Ағыбай енді ғана үңіліп қараса шашы жайылып түскен қыз екен. Бұл батырдың екінші өкініші екен. Сол қыздың бейіті Шолақ еспе қыстағынан үш шақырымдай жерде әлі тұр. Сұрастыра жүріп қыздың әкесі Бастан бай екенін білдік. Қыздың есімі Зүпәк екенін Адембаев Кауке деген кісі бізге жеткізіп отыр.

Кенесары хан дүниеден өткен соң Арқаға оралған Ағыбай батырдың соңына ерген жұртын бір жерде мекендеп тұрақтап қалуы да оңайға түспеді. Батырдың ат басын тіреген Кежек деген жерге орналасу орыс ұлттарына жақпады. Қарқаралыдан тікелей тарта жүз шақырымға жететін жерде көтерілген елдің қолбасшысының тұруының Қарқаралдан қазақ-орыс шошынды. Сөйтіп ағайынды ажырастыру үшін бұл жерді Жанғұттыға берді.

Ағыбай батыр дұшпанның бұл саясатын түсініп, таятқан шунаққа маңына барып орналасып Шорманның Мұсасының көмегімен бұл манда Шуыртпала руының мекен-тұрағы етіп бекітіп алды. Бұл оқиғалар жөнінде осы жолдардың авторының “Құба белдер” романында жеткілікті суреттелген,

Ұзақ жылдар бойы батырдың соңына еріп, қиын-қыстау шақты бірге өткізген Қыпшақ руының бір атасына жер бекіттіріп беру де Ағекенің мойнымен көтеріп алған ісі болған. Ағыбайдың сөзін сөйлеп, осы мәселені шешуге ықпал етпеген Есберген, Жанғұтты Көпбайдың сөзін құлаққа ілмей, Ағыбайды “жау” деп қарақаттап отырған аға сұлтан Ыбырайдың үстіне батырдың өзі кірген. Үстіндегі тонымен кіріп келген енгезердей адамды жақтырмаған ыбыршы сәлемді де жөнді алмай мына тонды кім деп тыжырыныпты сонда батыр:

Ұнамаған тонды ма?
Тондыдан басқа онды ма?
Тонды қазақты бітеудей жеп,
Бүйрегіне май қонды ма?
Кісі танудан кеткен екенсің,
Жарып шегінді
Тесіп бүйрегіңді алайын ба? -

деп қанжарын суырып алған екен. Басқалар ара түсіпті. Тондының Ағыбай екенін жаңа таныған аға сұлтан Ыбырай сол жерде Қыпшаққа таянтқанын маңына жер бекітіп берген екен.

Орыс жер беріп батырды тыным тындырған болса да Ағыбай орын билігіне мойын сұнбай кеткен. Батыр ояз бекіткен салықтың бірде-бірін ұзақ жылдар бойы төлемей сол кезде болыс болған Көпбайды ұлықтар қысып Көпбай Ағыбайға ренжіп барса керек.

- Орысқа оның төлейтін сен мені кім деп отырсын деп батырдың зілінен қорқып есіктен шыға жөнелгенде алтеген қанжар жабықты тесіп өтіп, есік алдындағы тұмарға шан-шылған екен.

Дұшпан да Ағыбайды мазалауын қоймаған қазақтың жамандық еткісі келген Ресейлік ұлықтар батырдың ауылына басқаларды айдап салып отырған. Ойда жоқта ауылында, үйінде қаржы қалған дұшпан ниет танытқан ағайынға Көкбекінге міне шапқан батыр сан тойтарыс та берген. Бұл жағдайларда “Құба белдер” романында көрініс тапқан.

Дұшпанға мойын сұнбаған Ағыбай батыр 1856-60 жылдары Кенесарының ұлы Сыздық төре мен бірге Түркістанды қорғасса. Ақтау дуанына қайта орналасқан қазақ-орыстарға қарсы елді ұйымдастырып ұсақ-ұсаш шабуылдар жасайтын маза бермеді. Ақыры орыстар Ақтау дуанын тастап кетуге мәжбүр болды.

Патша үкіметі құлады Ресей империясының саясатын жалғастырушысы Советтік заманда да Ағыбай және оның ұрпақтарына деген дұшпандығын жалғастыра берді. 1922 жылы Қарқаралыдан шыққан 25 кісіні қарулы отряд батыр ұрпағының ауылына кіріп ойына келгенің істеп батырдан қалған жалғыз мұра кескен қылышты тартып алып кетті. Наркескен 1931 жылға дейін Шет ауданының ГПУ-дың қолында болуы онан кейін тағдыры белгісіз Ағыбай батыр ұрпағының Жанарқа ауданында аудандық атқару комитетінің төрағасы болып істеген Бидәулетті тек батырдың ұрпағы болғаны үшін жұмыстан шығарды. Бидәулет соңғы сөзінде “Ағекеме айтып едім орыспен соғыспа, ұрпағыңа жаман болады деп. Ол кісі тыңдамады” деп ашына айтқаны ел аузында.

Қандай заманда болмасын дұшпан Ақжолтай Ағыбай батыр атын ұмыттыруға тырысты оның есімі өзінің наркескеніндей жарқырап шыға берді, ел оны піртұтты-ақ. Тәуелсіздікті жұрт басына тіледі. Халық онан шапағат тіледі. Ағыбай есімін ту қылып көтергісі келген бірталай азаматтары 1984 жылы батыр

басына алғаш рет көк тас қойылды. Келер 1985 жылы осы жылдардың авторы мәдениет министрлігіне кіріп Әбіш Кекілбаевтің батырдың мазарын салу үшін 20-25 мың кірпіш сұрады.

Тағылының елі Манатай тауында “Ағыбай ағашы” деген терең шатқал бар. Сол жерге батыр сан түнеп сандық тастың басында сан отырғаны кешегі өткен үлкендер бізге жеткізген еді. Сол одақтастың басына бір барып Мөкен, Зәрубай, Қоңыр, Асқар деген азаматтардың “Ағыбай батыр осы жерде отырып тағдырын сан ойлады-ау. Сол аңсаулы күндер қашан келер екен” дейтін еді. Батыр аңсаған заман, тәуелсіздіктің туы желбіреген уақыт та жетті. Ақжолтай Ағыбайдың рухы елді жебей бергей.

ҚАЛМАҚ ҚЫРҒАН

Бір мың жеті жетпіс бірінші жылдың жазы. Еділ бойының мол жайылымына әбден үйренген қалмақ жұрты қақжарылған. Бұл жерде қалмаққа ата-мекендей боп қалған соң онан жарыла көшу де талайдың еңсесін басып, көз жасы төгілген. Жоңғарияның тас-талқаны шыққан соң орыстың қатын патшасы Еділ бойғы қалмақтарды шоқындыруға бет алған. Шоқынбағанның, бағынбағанның тағдыры белгілі. Еділ бойындағы қазақғың бір бұтағы ноғайлы елі қылыш пен оқғың астынада калып, жер бетінен жойылып кеткенін қалмақ елі де біледі.

Шоқынғанмен осы жұрт қалмақ боп қалақоя ма. Оның арты бар дәстүрінен, тілінен айырылып қара-орыс боп шыға келмесіне кім кепіл. Шығыстағы айдаһардың миллион қылышының турауын іліккен Ұлы Жоңғария жұрты ауыл-орманымен тып-типыл, даласы қан сасып жатыр. Ендеше қалмақ өзінен ұрпақ қалу керек пе, әлде қалай деген ой қалжыратқан қалмақ ханы Обашы өзіне бағынышты халқын алып Ұлы отанына қайта орналасуды жөн көрген.

Жұртты тік көтеріп әкету де оңайға соқпады. Шамасы елу мыңнан аса халық соңына ерсе де, он мыңға жуығы Еділ бойынада калып қойды. Жалпақ жатқан қазақ елінің арасынан тезірек кетіп, орынсыз қақтығыстарға жол бермес үшін Обашы хан бастаған қалмақтар үдіре көшкен. Еділ бойының бос қалуына мүдделі кіші жүздік Нұрлы хан үлкен қақтығысқа бара қоймай көшкен елдің соңына ілесе отырып кішігірім шабуылдар жасап, олжа түсіріп, қалмақ көшін итере сырғытып келе жатқан.

Үдіре көшкен қалмақ жайын Қазақтың ұлы ханы Абылай

да естіген. Жоңғар жұртын жер бетіне жоқ, еткен Шығыстың айдаһарынан сескенген Еділ қалмағы қазақтың бір шұрайлы жеріне қоныстанып қала ма деп қауіп те ойлап, Әділ сұлтанға да қол жинап келуін тапсырған.

Үдіре көшкен қалмақтар мен қазақ қолы Мойынты маңындағы Сарыбұлақ өзенінен өте кездескен. Тым жыраққа шығып кеткендіктен Нұралы хан қолының көбі кері қайтса, Әділ Сұлтан да асығыстау болып қомақты әскер жинай алмапты. Орта жүз қолын Бөгенбай бастаса да негізі Сары-Арқаның осы маңын мекен еткен рулардың Жидебай, Жарылғап, Байғозы, Деріпсалы, Сазанбай, Баймамыр батырлар бастаған қол ерекше көзге түскен. Сонау Ертіс-зайсан жағынан Көкжарлы найман қолын бастап Қаратай келген.

Қаратай ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де, қол бастаған батыр да еді. Бұдан бұрын да сан шайқасқа Абылаймен бірге қатынасқан Қаратайдың ерлігіне хан тәнті. Осы жолы өзі бастап келген қолының тап-тұйнақтай жинақылығы, бес қаруы сайлығы, не нәрсеге де дайындығы көзге ұрып тұрған. Қазақ жерінің сонау шығысынан дәл мерзімінде жеткен Қаратай батырға Абылайхан ризалығын білдіре алмай қалмады, баурына қысып, иығындағы шапанын батырдың арқасына жапқан.

Осы жерде Обашы қолы да қоршауға түсті. Әділ сұлтанға түстік жақтағы қиялы таулы жотаға бекініп, қалмақ қолын өткізбеу тапсырылса, терістіктегі биік жалғызтауға Нұрлы хан әскері, қалмақ көшінің өкше ізі, Сарыбұлақ өзені жағына өз қолы жайғасып, сол тұстағы кішірек шоқыға туын тіктірген.

Ал, қалмақ қолының бет түзеген шығыс жақтағы жазыққа Қаратай бастаған Көкжарлы қолы, Бесата елінің Жидебай, Жарылғап, Деріпсалы, Сазанбай, Қара балталы.

Таңай жасақтары, Сеңкібай, Тобықты Қараменде, бидің сонынан ерген елдің жігіттері орналасқан еді. Шайқастың ең ауыр тұсы да осы маң, не өзен суына ұмтылған Абылай қолы тұрған тұс болар деп күтілген.

Қалмақты біржола жойып жіберетіндей қол жинап келмеген Абылайдың ойында не барын ешкім болжай алмаған. Хан Бөгенбай, Қаратай, Жидебайлардың ойдағыдай келе қалғанына қатты ризалығын білдірсе де, жау қолын былайша талқан етейік деген нақтышешімін айтпаған. Қол бастаған батырлар ханның бұл жаймашуақтау халін түсіне алмаса да, әркім өз пікірін ішіне сақтаған.

Бірінші күнгі ұрыс екі жақтың қолынын әредік шайқасымен ғана тынған. Жараланып қолға түскен қалмақ жағының бір батырын хан алдына әкелген еді:

— Ә, Абылай, Қытаймен одақтасып Жоңғар жұртын тыптыпыл еттің, өз жұртыңа осының кейпі келмесіне кепілің бар ма? -деп салған.

Абылай сұрлана түссе де, тіс жармады. Сол күні қалмақ қолына қарай ағатын өзеннің бір сағасына бөгет салдырып өзен суын бұрып жіберткен.

Ертеңіне қалмақ қолы Сарыбұлақ өзеніне шығу үшін Абылай ту тіккен Шоқыға қарайлап қойған.Тегеурін де қатты еді. Алғашқы бетте шоқыны етегіне дейін жетіп, ту ұстаған жігіттің де, сүттей бозғы мінген Абылайды да оқтың астына алған. Қалқанын көлденең ұстаған Абылай селт етпеді. Жаудың сүр жебесі омырауын тіліп өткен ақ боз аспанға қарғып еді, сан жекпе-жекке шыққан Абылай батырдың әлеуетті қолы тұқыртып жібермеді.

Қаратай, Жидебай қолдары желкеден соғып, екі бүйірден Әділ сұлтан мен Нұралыжасағы қысқан қалмақ жағы кері шегінді.Қалмақ қолы жапырыла қашпай, қатарын бұзбай шегініс жасап, ұрыс салған. Абылай ұрысты тоқтату жөнінде дабыл салдырған соң қазақ жағы да шегініс жасап, аттан түскен.

Келесі күнгі ұрысты тағы қалмақ жағы бастап жібереді. Бұл жолы қалмақтың өтер жолын бөгеген Қаратай, Жидебай, Қараменде қолына қарай жойқын күшпен тап берген. Обашы ханның мақсаты қоршауды бұзып өту екені анық көрінген. Қолдың соңынан түйелерге артқан қостары, қатын баласына дейін ергені көзге анық түскен. Кескілескен ұрыста қалмақ жағын алғаш қарсы алған көкжарлы арғымақ мінген Қаратай батырдың күнмен жарқыраған дулығасы ең қиын тұстардан көрініп, жау бетін тойтарып жатты. Абылай қолы қанша шыдамсызданса да хан бала шаға соңына ерген жаудың көк желкесінен ұрып, дәрменсіз қатын-баланы шабуға әскерін жібермеді.Екі бүйірден ұрған Нұралы мен Әділ сұлтан жасақтары да жауға әсерлі соққы бере алмаған. Жау тіпті Нұралы қолын жапырып бара жатқан. Осы сәтті пайдаланған Қаратай ұрандап жау қолының ішіне сұғына еніп кеткен еді.

Кешеден бергі ұрыста ерекше көзге түскен Қаратай да жаудың аңдуына іліккен. Жау мергенінің оғы жауырын ортадан қадалған Каратайдың шалқалап бара жатқанын көрген Абылай Нұралы қолына көмекке тұра шапты. Нұралы қолын еңсеріп қалған қалмақ жағы қатты қырғынға ұшырап, кейін серпілген. Оқ тиген Қаратай ат жалын құшқан екен. Көкжарлы жігіттері оның атын шылбырынан жетектеп ұрыстай шыға берген еді, Абылай жаралы Қаратайды өзінің абылайшасыа алдырған.Бұл күнгі ұрыс та осымен тынды. Денесіне у жалатқан жебе кірген

Қаратай батыр да кеш түсе қаза болды. Қазақ жағы түнімен аза тұтты. Қалмақ жағы да жатпады, алаулатып от жағып, найзасын ұштап, сауыттарын түзеген балғаның шыңылы түні бойы сөмбеген.

Ертеңіне Қаратайдың мүрдесі мәңгі орынына берілді.

Ханның нұсқауымен Қаратай батыр хан туы тігілген шоқының басына жерленіп, алдына белгі ретінде екі тас шаншылған еді. Келер жылы осы жерде ас беріліп, басына мазар тұрғызылды.

Сол күні түнде Обашы ұрыс алаңына қалқанға әскерінің тандаулы бөлігін тастап, өзі ел-жұртын алып, әділ сұлтан бекінген таулардың арасынан жол тауып, сытылып шығып кеткені түс кезінде мәлім болды.

- Сонына түсейік, - дегендерге Абылай.

- Ол елін сақтау үшін кетті. Олар да кигіз туырлықты өзіміздей жұрт. Аман болсын, - деп рұқсат бармеген.

Түс мезгілінде қалмақтың қалған қолы атой салып, ұрысқа шақырған. Ұрыс ұзаққа бармады. Сусыз қалған қалмақ әскерінің аттары шалшық ішіп, шетінен аяқ артуға жарамай қалған. Жаяу да болса қатты шайқасқан жаудың негізгі бөлімі қырғынға ұшырап, қару тастағаны тұтқын етілген. Сол тұтқынның біразы қазақ арасына сіңіп, кейін рулы ел боп та кетті.

Абылай сол күні кешке Қаратай батырдың басына келіп, ұзақ ойланып тұрды. Діні басқа демесең кигіз туырлықты қазақ, қалмақ салт-дәстүрі бірдей екі жұрт еді. Шығыстан шүршітті, батыстан көк көзі бір-біріне айдап салып, бірін-біріне жегізді. Шығыстың да Батыстың да ойлағаны осы көшпелі екі жұрт бірігіп кетіп, кешегі Шыңғыс тұсындағыдай шүршіттің Қытай қорғанының ар жағына қуып тастап, көк көзіне Алтын Орда заманындай иелік ете ме деген қауіп еді. Енді ол жоқ. Шығыстан иерелендеп, жолындағысын жайпап айдаһар келеді. Жолы - Жоңғар жері бос жатыр. Мынау кеткен Обашы сол жерге аман-есен жұртын жеткізе ме. Жоңғар қайта тірілсе, екі елді сүзістірген қателікті ешкім қайталамаса, шүршіт пен қазақтың арасындағы бір кедергі болар еді-ау.

Аман қай арманына жеткен.

Ұлтшыл деген “атақ” тағылып, Сібірдегі “Қажылық” сапарымды бітіріп келген соң Қасен жыршы “Қалмақ қырғанға” апарып Шығыс Қазақстанның батырының мазарын көрсеткен еді.

70-жылдардың орта кезінде саяси айып тағылып, бәленбай жыл айдауда өткізген Анарбек жыршы осы оқиғаларды

кайталап айтып берген. 1980 жылы бүкіл шәкірті атылып кеткен Қыздарбек күйшінің өмір жолын зерттеп жүргенімде тоқсанға келген Қазі ақын осы әңгімені жадыма құйып отырып, Әлихан Бөкейханұлы Семейдегі Алаш Орданың бір жиынында Көкжарлы Әбдікәрімге / екеуі Петерборда бірге оқыған /:

- Сендер Қаратай бидің қайда жерленгенін білесіңдер ме, - дей отырып, - оның Тай атқан, Шұнақ маңында мәңгілік орын тапқанын айтқан екен, - дей келіп “ә, деші, шырағым, ә де” деп нақтылай түскен еді.

Биыл сол “Қалмақ қырғандағы” Қаратай батырдың мәңгілік орынын көруге ниет еткен ұрпақтары телефон шалған еді. Ел арасында әр түрлі сөз тудырмас үшін сол “Қалмақ қырған” маңындағы зираттарды білетін жұрттан қайта сұрастырып, сол маңда өмір кешіп келе жатқан Дулат Қожанбердин, Мағжан молланы ертіп, ескі мазарды тағы бір көріп едік.

Маусым айының 29-күні Қартай батыр ұрпақтары сонау Алтайдағы Қотан Қарағайдан Шаймардан ақсақал бастап Әлібек Асқаров, Қайырды Назарбаев, Әлібек Құмарқажин, Дидахмет Әшімханов т.б. қосылған үлкен топ “Қалмақ қырғанда” болып батырға тәуап етіп, басына көктас орнатып қайтты.

Заман қанша қиын болса да халық елі үшін жанын шүберекке түйген ұлдарын ешуақытта ұмытқан емес.

“НАРКЕСКЕН ” ТАҒДЫРЫ

Бесата елі мекен еткен бүгінгі Шет ауданы территориясындағы халық Ағыбай батырдың “Наркескен” атанған қылышы туралы аңызды кезінде жырдай қылып айтатын еді. Әлдебір жорықта шөгеріп тастаған түйенің тасасынан дұшпан мылтық атып, қарсылық көрестіпті. Батыр Ақауыз атпен шөккен түйенің үстінен орғытып өте бере қылыш сілтеген екен, жалт берген жауға тимеген оқ алмасы түйені екі өркеш арасынан қақ бөліп кетіпті десетін.

Сол “Наркескенді” қолына біраз уақыт ұстаған менің әкем Жүніс Ыбышұлы “Ұзындығы 70-80 см, жүзінен түсінді көретіндей жарқырап тұратын қару еді. Онымен кейбір милиция қызметкерлерінің жуандығы ортан қолдай сым темірді шауып көргенінің де куәсі болдым. Сонда да жүзі мұқалмайтын” дейтін.

Қазақ орысқа караған тұстан бастап-ақ Ресей дала елінің

қолында кдрудың кдй түрінінде болмауын қатгы қадағалаған. Патшаның стражниктері XIX ғасыр бойы ауыл-ауылдан каруды жинап алудың нәтижесінде казакгың сан батырының дулыға-сауыты, қылыш найзасы бізге жетпей-ақ құрыған. Ал, патшалық Ресейден соңғы заманда да XX ғасырда сол саясат мықтап жүргізіліп келді.

Сөзіміздің дәлелі 1922 жылдың 25 мусымында Дорошенко бастаған отрядтың Сарыбұлақ болысына (осы күнгі Шет ауданының Босаға, Киікті, Қызылтау ауылдық округі) келіп, Ағыбай батырдың келінінің үйінен батырдың “Наркескенін” тартып алып кетуі.

Дорошенко,Зайцевтер осы жылдың 12-шілдесі күні Қызылтау болыстығына (осы күнгі Шет, Нұраталды, Талды округі) келер жолында балалардың ойыншығының ішінен пілте мылтықтың шүрппесі табылғаны үшін Дүрмұхаммед қожаны атпен қуалап сабап, өлімші қылып кетсе, онан әрі Әлібек деген малшыны атып кеткен.

Қызыл отрядтың жамылғысын жамылған орыс казактардың Сарыбұлақ-Қызылтау болысындағы зорлық зомбылықтарын Алаш азаматы Мадияр Дулатов елге ара түсіп шырылдай жазғанының архивтен табылуы патшасы болсын, кызылы болсын, Ресейлықтердің иісі казакқа деген көзқарасының қай заманда да өзгермегенінің куәсі.

Дорошенко, Зайцевтер кім еді? Дорошенко осы күнгі Жарық стансасына жақын Бұрма маңының орысы. Ол патша заманында да әулетті шаруашылығы болып осы маңның қашағына зәбірі тиіп келсе, қызыл үкімет келген соң Қарқаралы округтік милицияның қарамағына енген кәззап. Зайцев Спаськіде тұрған горнизонның бастығы екен.

Қазак үшін жанын шүберекке түйген Міржақып (Мадияр) Дулатовтың жоғары жаққа осы қылмысты ашына жазуы тегін кеткен жоқ. Елді бұл зорлықтан құтқару үшін белгілі революционер, әрі қаламгер Бектің Орынбегі (ол кісі 1937 жылы атылып кетті) елге шыққан. Осы күнгі Жарық стансасының маңындағы Айғыржал деген ауылда Дорошенко тағы бір зорлық етіп жатқан жерінде О.Беков үстінен түскен. Дорошенконің кезенген мылтығын О.Беков қағып үлгерген соң сол елдің азаматы Солтанның Тұрабайы деген балуан жігіт Дорошенконі алып ұрып, байлап тастаған.

- Беков, я все равно тебе уничтожю,- деп айғайлаған байлаулы Дорошенко.

Қолға түскен Дорошенко әуелі Қарқаралы түрмесіне қамалып, онан кейін Ақмола түрмесіне жөнелтілген.

Жиырмадан жаңа асқан Ыбышев Жүніс 1929 жылы Шет

аудандық милиция бөлімінің бастығы етіп тағайындаған. Сол тұста Жүкен сол милиция бөлімінің кім көрінген қызметкері ұстап жүрген Ағыбай батырдың “Наркескенін” өзі алады да, сақтап қалу үшін үйге тығып қойған.

Ж. Ыбышев бас милиция болып ұзақ істемеген. Сол кезде ГПУ-ге бастық боп келген Шишов (дұрысы Сычев) деген екі кластық білімі бар орыс жазықсыз жұртты қамап, зорлық зомбылық көрсете бастаған. Ал, Ж.Ыбышев түрмеге түскен, еш жазығы жоқ Әбди күйшіні өз қолынан қашырып жіберген. ГПУ-дің қанкүйлі жұмысымен істес болғысы келмеген Жүкен сол 1929 ж аяғында Бас милиция (нач. Милиций) жұмысын тастап кеткен.

1931 жылы Шет ауданында ашыға бастаған халықтың дүмпуі болған. Мойынты-Сарыбұлақ жағында 27 адам, аудан басында 28 адам атылған. Осы тұста қару жинау тағы қолға алынып, әлдекімдердің көрсетуімен әкемнің үйіндегі қылышты ГПУ алып кеткен.

Мұнан кейінгі “Наркескен” тағыдыры белгісіз. Дегенмен оның із-түзсіз жоғалып кетуі мүмкін емес. Ол туралы деректі Дорошенконың тергеу материалдарынан, не Шет ауданының ГПУ Сычев (Шишов), өзін-өзі атқан ГПУ Қалабаевтың бас істерінен, Шет ГПУ-інің архивтік материалдарынан іздесе табылып қалуы әбден мүмкін.

Мен өз басым әкем Ж.Ыбышұлының айтып кеткен “Наркескенінің” кейбір ерекше белгілері бойынша оны танып бере де аламын.

КЕНЕСАРЫ ЖҰРТЫНДА

Әженің әңгімесін тындап өстік. Қылышынан қан тамған заманда жатарда қыңқылдап әңгіме сұраған бізге Ғазиза әжем өткеннің сұмдығын сыбырлап қана айтатын да жалғыз қабат терезеге “әлдекім тындап тұрған жоқ па” дегендей өңі қаша жалтақтайтын. Сонан соң ауылға жиі келетін кобызшы-домбырашы Аман әуелі кобызын сарнатып-сарнатың алып, жұртты босатып, домбырасын жайлап шертіп неше түрлі қыса айтушы еді. Үлкендер бізді қуып жібереді. Ит пен бала қорыған жерге өш деген емес пе, үзіп-жұлып біз де тындайтынбыз, біз де естігенімізді сыбырлап айтамыз. Сөйтіп жүріп Кенесары-Наурызбай қиссасының біразын естідік. Қос батырдың жүрегінде аттың қылындай қыл бар екен дегенді сан естіп, бірден бірге сан айттық. Сонау мектеп кезеңінен бастап Кенесарыны өшіге жамандағанда ел аузында әулиедей

дәріптеліп, елі үшін жанын пидә еткен қос батырға деген сүйіспеншілігі өшпеген сезім бізде де оянып, бізде өршелене ара түсуге даяр боп өстік. “Айт” дегенді ғана айтатын мұғаліммен сан ұстасқан кезендер де өтті.

Кенсарының орыс дуанын талқан еткенін тарихтан сан оқығанбыз. Сол дуанды көріп болашақтағы үмітті дүниемді жазсам деген оймен жүргенде көзі қарақты кәрі құлақты шалдарға сол сапарым жөнінде айта берген едім. Ойым “ойыма ой қосар ма” деген үміт. Қанша ауыз жаптырып келсе де шежіресін ауызша жеткізіп ғасырлар тарихын жаттап өскен жұрттың бәрін тия алмапты. Әбдіғұл ақсақал “оу, онда барсаң Кенесарынның қамалын көре кел” дегені. Тәптіштеп сұрап, мән жайына қанып алғанмын. Осы зерттеулермен шапқылап бір машинамыз құртып, ендігіге қол жетпей жүрген шақ. Үкіметтің УАЗ-іне мінгендердің елмен, тарихпен ісі қанша, көп болса арманы түстеніп кету, біз сияктанып дені дұрыс деп те есептемейтін кешегі тоқыраудың шағы.

Иә, тоқырауы да, басқасы да ел санасын жұтандыққа ұшыратып баққан екен. Дәл Кенесары қамалының іргесіне жеткенше “әне түр” дегенді кездестіре алмадық. Жолбасшымыз Қызылтау совхозындағы ақсақал Кәдіран Әбілжан ертеректе осы маңда мұғалім болып істеген, әрі көнекөз қариялар сырын жадында түйе білген екен. Елдің ұмытқаны жалғыз бұл қамал емес. Ұлы Әлкей Марғұлан Ортауда Жошы хан ғана бүркітін ұстаған “Жошы қиясы” бар дейді, оны көрсетер бүгінгі Ортаулық ешкімді таппадық. Сол Ортаудың басындағы “Жошының көлін” осы биыл С.Медеубаев қана тап биыл таба алды. Қазақ жерінің шоқтықты сұлуы Ортаудың бар сілемі мен сайын нөмерлеп хутор атағын бере берген. Тіпті Сәкен туған Қарашіліктің маңындағы жер оттары да әлдебір хутор атында. Кезінде елдің елдігін жою тәсілі жосылып баққан сияқты.

Кенесары-Наурызбай туралы бір дерекке “Қыздарбек күйшінің өмір жолын зерттеуді ойластырып, кешегі бір басқа түскен зобалаңнан кейін бұғып қалған ақыл енді-енді бас көтере бастаған шақта кезіккен едім. Кешегі сырлы көмей күйші Әбди, Сембектен күй үйренген Әбдіғали ақсақал мол сыр шерткен. Міне осы Қыздарбек шәкірттері бізге Абылайханның “Дүние ғапыл”, “Қайран елім” күйлерін жеткізген еді, соны осы күнгі қазақ радиосынан бергізу қаншама тартысқа, жүйкеге түскенін айтып жатпай-ақ та қоялық. Ал, біздің облыстық радио “құдайға шүкір” бұл күйлерге әлі бетін бұра қойған жоқ.

Сол Әбдіғали қария біз бүгін Тәттімбеттікі деп жүрген “Бес төре” күйін шығарушы Наурызбай екенін көңілге құйды. Манаптардың қолына түскен Науан елін сағынып отырып, осыны тартқан еді дейді. Сол күйде бес кісінің дауысы бар. Жайдары жарқын Наурызбай үні, байсалды-қоңыр Кенесары дауысын тындаған жұрт анық танығандай. Осы күйді бертінде тартып, елге таратушы Әбікен Хасенов Қыздарбек шәкірттері атылған соң өзге елден қашып жүрген “Бес төре” күйін Наурызбайдікі дей алмағанын қазір түсінуге болады. Әрі қазақ өнері сақталсын деген ниетпен Тәттімбет атына бұрып жібергенін сол Әбдіғалидан ұқтық.

Кенесары бастаған ұлт-азаттық қозғалысқа елінің болашағын сыйлаған игі жақсы азаматтың көбі қосылған. Солардың бірі - атақты Жанғұтты шешен. Жанғұтты Кене хан қазаға ұшыраған соң келер жылы елге оралған. Сол кезде шешен отыз жаста екен. Жанғұттының Ағыбайменен, Шортанбайменен, Құнанбайменен аса дос болғанын ескерсек бұл топтың ішкі арманынан көп сырды ұққандаймыз және бұл топтың патша үкіметінің еш уақытта сеніміне ие болмағанын түсінеміз. Бұған Құнанбайдың әлденеше рет тергеуге түсуі, Ағыбай ауылына ұзақ уақыт жер берілмей сергелдеңге ілігуі, Шортанбайдың соңына сөзін аңдытып пристовты салып қоюы куә. Осыны бүгінгі жұрттың біле бермейтініне, тарих пен әдебиеттен мешеу қалып, математик есебінен, зоотехник сиырынан аспаған жетесіз интеллигенцияның дүниеге келгеніне қынжыласың. Бір кездесуде бір мұғалімнің бірінші сұрағы “Шортанбайдың руы кім екен”? дегеннен басталса, күлесің бе, жылайсың ба? Европада Байронның руы түгілі ұлтын сұрамайды. Пушкин мен Лермонтовтың тегі швед екенінде ешкімнің жұмысы жоқ. Тек оларды ұлы деп қана түсінеді. Халқым-ау қайда келдік, мына интеллигентіңе не болған?

Міне бүгін біздің қолымызға өткен ғасырдағы қазақтың ұлттық намысын қорғаған, ұлт батыры Кенесарының суреті түсіп отыр. Тақта шіренген патша емес, елінің ар-намысын жоқтаушы жорық батыры. Мен елден естіген сурет қаз қалпында. Ат жақты, шықшытты жал мұрын, көзі өткір жауынгер ханның соңынан оны көргендер де, кейпіне риза болған кейінгі ұрпақ та ергендей. Суретті халыққа ұсынушы - Жайық Бектұрұлы. Кезінде саяси айыппен он жыл лагерде отырған, бүгінде жетпістің жуан ортасындағы ағаға қалай риза болмассың. Иә, кешегі бір күндерде осындай ел мұңын жоқтаушыларға халықты айдап салып, жаппай тас аттырғанына өкінесің де. Енді міне сол ел

тауқыметін көтеруге туған азаматтар әлі де болса елінің ұлылығын жырлаушы болып отыр.

Елім деп туған ерге тірісінде ұстасып өткен жауы өлгеннен соң да тыныштық бермейді екен. Кеше Романовтардың заманында дәстүрлі мерекелі тойларында хан Кененің суретін іліп қойып, алыстан атып, мергендік сынасады екен. Сол дәстүрін революциядан кейін де жалғастырып келді. Ұлы Отан соғысына алынғандардың Ақмола түбінде дайындық лагері болған. Сол дайындықтағылар Мишен ретінде тақтайға жапсырылған Кенесарының суретін атуы керек екен, сан қазақ жігітінің көкірегінде өзі қастерлі санаған батырының бейнесіне мылтық кезей алмай, далаға оқ атқанын елге айтып келген еді. Оқ атпаса да Кенені жамандап ағаш оғын аямай жатқан қазіргінің кей тарихшысының Романовтардан несі кем? Әттең оларға тапсырылатын темір кресіміз ғана жоқ.

Дүниеден өткеніне бір жарым ғасырға жуық уақыт өтсе де оның тарихи орны туралы дау-дамайы басылмаған, басынан сырық кетпеген Кенесары кім еді? Күні бүгін оны қарақшы деуге жүзіміз жанбай келді. Ол туралы “Вестник Европы” журналы 1870 жылы “Словом, Кенесары умел быть достойным повелителем своих дружин Дулу... позавидовал бы любой полководец европейских войск, таков был Кенесары” деп таңдана да, тамсана да жазған. Әрине, жауға қарсы аянбай ұрысқан ер жау түсінігінде қарақшы. Ол, бірақ, ұлт түсінігінде ұлт батыры. Қазақ халқын қырып жою саясатын ұстаған отаршыл Романовтар үшін Кенесарыдан жауыз ешкім жоқ. Бірақ біз дүниеге Романовтар көзқарасымен қарай береміз бе?

Өткен уақытта Ресеймен табандылықпен соғысқан Шамиль ұлт батырына айналып (кезінде Шамиль үшін түрмеде отырғандарды да кездестірген едік), оның атына қала беріп жатыр. Міне елі үшін туған елге құрмет осылай болуы керек. Ал, біз болсақ елі үшін еңіреген ердің атын әлі дұрыс атай алмай келеміз.

“Кенесары хандығын ғана көкседі”деп біздің құлағымызға әуел бастан сіңіруге тырысып келе жатыр. Шындығында Кенесары өз басының ғана қамын ойлады ма екен? Орыс патшалығы аса бай қазақ жеріне тұмсығы іліге ақжергілікті халықты қырып жою, байлықты басып қалу саясатын ашық ұстады. Тіпті адамзат ұрпағы цивилизацияланған XX ғ. кіргеннің өзінде жерім кетті деген қазаққа дала уалаятының жандаралы Шмидт “Сен иттерді шөлге куам” десе, Ұлы кеңесінің мүшесі Марков “Қазақ, қырғыз-

Шыңғыс хан мен Ақсақ Темір елі, бұларда Америкада қызыл терілерге қылғанды қылса...” деп ашық айтқан.

Ал, Кенесары заманында ше? “Уралец (орыс казагі.К.Ж) изстари смотрел на киргиза как на предмет,... человеческим прав его уралец никогда не признавал”. (Руский Вестник. 1860 ж). Генерал губернаторға жазған хатының бірінде Кенесары “Бізге ата-бабамыздан мұра жерлер... тартып алыңып, бекіністер салынды. Күн сайын жерімізді басып алып, бекіністер орнатып, енді халқымызды ашындыруда. Бұл біздің болашағымыз ғана емес, тіпті қазіргі тіршілігімізге қатер”-деп бар қазақтың мұңын жоқтайды. Америка үндістерінің басына төнген қырғын ажал қазаққа да төнгенін Кенесары жақсы білген. Кене хан қазақ ауылдарынша орыс отрядтарының үнемі шабул жасап, әр шабулында жүзден бес жүзге дейінгі адамды өлтіріп кетіп отырғанын, Өлтеке Сарым ішінде қырғынға ұшыратқанын нақтылы дәлелдеп патша өкілдеріне сан жазған. Князь Горчаковқа жазған хатында “Біздің адамдарды өлтіруге, тонауға, байлап әкетуге тиым салған патша заңына ешкім де пысқырмайды” дей келіп, кісі өлтірушілік жайлаған орыс отрядтарының қанды балақжортуылын ашына жазады.

Иә, осы тұста империяның мүддесі менен қазақ елінің мүддесі қайшы келді. Орыс патшасы қазақ хандығын жою қазақ халқын жоюдың тездестік құрал деп түсінсе, Кенесары қазақ хандығын қалпына келтіру, елдің бүтіндігін сақтау, іргесін бекіту, қазақты халық ретінде сақтау деп түсінді.

Соғыспай тынбайтынына көзі жеткен Кенесары стратегиялық жағынан аса қолайлы Бетбақтың терістік шетіне қамал салдырған екен. Қамал қабырғасы үш жоганы қуалай көтеріліп, оңтүстік жағы өзеннің жарына тіреліп, терең ор қазылған. Кезіндегі әскери-инженерлік талапқа сәйкес оқ атарлық он бес мұнара мүйістерге орнатылған.

Қамалдың шығыс жақ іргесіндегі Кенесарының өзі ғана су ішкен құдыққа Әбілжан ақсақал 12-ге 15 минут қалғанда алып келді,

- Жарықтықтың су ішкен жері осы екен ғой, - деп жолсеріктерім Сапар, Адамқұл, Ерғалы бүгінде таяздап кеткен құдық суынан тебірене ауыз тиіп жатты:

Азаттығы мен ұрпағының тірлігі үшін көтерілген халық осы қамалға үміт артқан екен. Бұл қамалдың терістігінде елу алпыс шақырым жерде сайын далаға үкімін жүргізу үшін орнатқан орыстың Ақтау ауданы тұр. Даланың тынысына шаншудай қадалған осы орыс бекінісін алуды Кене хан әуелден көздеген. Ақтау мен Ақмола арасында тығыз

байланыс бар еді. Таяғына шаң жұқтырмаған ақ боз атты шабарман әр аптада келіп кетіп тұратын. Бір кезде осы арқаның бір байының жүйрігі еді, енді бөтен жұрттың жорығына жараған сәйгүлік, қанша тоспадан қосылса да, шаңына ілестірмей адастырып кетіп жүрген.

Міне, сол Ақбозды қолға түсіру ұрысқа жиналған жұрт үшін жол ашар- серт сияқты боп көрінді. Ақмоланың тас қорғанының ішіне жасырылған атты әкелуге жіберілген жігітін күтіп Кенесары Саңғыру биігінің басына шығып, терістікті әлденеше күн көзбен шолған. Ақыры ат әкелінді. Батырдың да басқаның да атақты жүйріктен үміті бар еді. Ақбозды саптың алдына жетелеп жеткізген.

-Жау мінген жарақты тақымға басып жарқырамай-ақ қоялық. Ақжолға ақат құрбандыққа шалынады,-деп Кене хан атты орып жіберген екен.

Ақтау дуанының түстік жағындағы Қарашоқы бөлімшесінің тұрғыны Сағынжан дуанды қазақ қолының қалай алғанын қолмен қойғандай баяндаған. Бұдырсыз жазыққа салынған дуан бекінісіне жауған оқтан жету қиын. Кененің бұйрығымен әркім қараған-тобылғыдан құшақ-құшақ тен буып, алдына ұстап, сәскеде шабулға шыққан. Күркіреген зеңбірек, күрс-күрс атылған көп мылтық соған қарсы азаттық үшін ұмтылған көзсіз ерлер, арқыраған арғымақтардың дала төсін дүрілтете шапқаны көз алдына келгендей.

Қамал ішіне алғаш кірген Наурызбай екен. Іле Ағыбай, Мәжін, Қашқынбай, Шөмішбай батырлар да жау ішіне сұғына енген. Наурызбай батыр 1824 ж Қарқаралыға бекініс салдырмаймын деп, тар кезеңде соғысыпты. Наурызбайдың тар кезеңі аталған сол орынды көрсететін жанды Қарқаралыға барғанда таба алмадым.

Жау зеңбірегін сойылмен соққылауға сескенген, ажал сепкен көк мылтықты наркескенмен тураудан қайтпаған Кенесары батыр аш қасқырдай жан жағын қоршап, жалақтаған дұшпанынан соңына ергендерді сақтау үшін оңтүстікке ығысуына тура келді. Қалмақ шапқан ақтабан шұбырындыда қазақ туысқан өзбек жерін паналап, күш жиып, жауын ойсырата жеңген еді. Бұл жолы Кене хан туысқан қырғыз жерін паналап, қуатын жинауды ойлаған еді. Бірақ орыс патшасы орман сияқты Манапты күні бұрын сатып алған, қазақ жерінің түстігін саған берем деп құрғақ уәде берген. Осыған сенген Ормен жасырын орыс жасақтарын өзінде ұстаған. Пана іздеп арқа сүйемек болған туысқанға қаскөйлік танытып, елім деген қайран ер Кене сары батыр опат болды.

Кенесарының ту көтерген жерінде қамал салған жұрты жатыр. Қамал құлаған. Өткен ғасырда жау қиратқан қамалдың тасын бертінде өзіміздің жарыместілер өзеннен тоған байлауға тасып, мал қора салып, быт-шыт еткен. Сол қамалдың іргесінен қызыл күрең реңге боялған кішкентай ақ тасты алып, бой тұмардай сақтап жүрмін- Ақ тастағы қызыл күрең рең азаттық үшін арпалыста шейіт болғандардың тасқа айналған қаны тәрізді.

Асықпайтын тарих дөңгелегі шындыққа бет алған заманда елі мен жері үшін ажалға қарсы шапқан Кенесарының ұлт батыры атанатынына сенімім мол.

Ел тұтқасы - әділ би, ел ырысы — қайырымды бай

БАЙСЕЙІТ БИ

Ресей империясына қарағаннан бүгінгі күнге дейін аты аталмай келе жатқан, о заманда аузы түктіге, бұл заманда “қырағы” әпербақандарға жақпаған қазақтың көне жолын ұстаған билердің бірі - Байсейіт. Ел көзі тірісінде де, бүгінде де Бөжең атаған әруақты тұлға.

Бөжең Абылайханның жекпе-жекке шығарар атакты батыры Жарылғаптың немересі, дүйім қазақ жұртының қолын бастаған Бөгенбай батырдың жиені. Найзакескен маңында болған қалмақтармен шайқастан кейін Жарылғаптың ерлігіне риза болған Бөгенбай онымен құда болуды қалап, Қырғи есімді қызын Жарылғаптың Қырбасына берген. Денесінің молдығына, міндінің салмақтылығына қарай Борсылдақ (сүйгенін шұнағым деген осы) атанып кеткен осы кісі. Байсейіттің анасы. Бұл кісінің сұпысы Ақшатау жанындағы Борсылдақтың жоны атты жерде тұр.

Бөжең кешегі үлкендердің айтуына қарағанда, Жанғұтты шешеннен жасы үлкен. Нұреке ақсақал Жанғұтты мен Бөжең арасы мүшелге жақын десе, Сырымбеттің Қасымы “Бөжең мүшел жас үлкен” дегенді кесіп айтатын. 1864 жылы берілген Есбайдың асында болған Бөжең 60 жастың мұғдарында” еді дегенді көне көз қариялардан естігенбіз. Сонымен, Бөжең 1805 жылда туған болып шығады.

Бөжең өткен ғасырда билеушілерге Кенесары көтеріліске қатынасқаны үшін жақпай, үнемі қысымшылықта болса, XX ғасырда ұрпағы оның би болғаны үшін қуғынға түсті. Бабас ақынның Диа қажыны түрмеге іздеп барып:

Қалай екен кепеуің,
Кетіпті ғой кетеуің.
Жұртқа маза бермүші ең,
Ғаббас пенен екеуің,-

деген өлеңіндегі Ғаббас - Байсейіттің Нұрланының Тоқ-

сантайының Ғаббасы. Ғаббас ақын ақыры атылып кетті. Ел әруағын сыйлаған Бәжеңнің онан кейінгі ұрпақтары би аталарының атын атауға қорқып келді. Кісі көзінен қанды жас аққанға ырза болатын сұрқылтайлар тектінің тұқымын тоздырып жіберді.

Дұшпанның Бәжеңе соншама өшігетін реті де бар еді. Кенесарының ағасы Саржан тәуелсіздік үшін күресті бастап, Бұғылы тауының шығыс жақ баурайындағы күні бүгін Саржан шоқысы аталған жерде қол жинағанда осы Бесата жұрты бұған тегіс қатынасқан, адаммен де, малмен де, қаражат пен де барынша көмек еткен. Мұнан кейінгі Кенесары ханның орыстың Ақтау дуанын қиратуынан бастап бүкіл жорықтарына қатынасқан Бесата жұрты ішіндегі үлкен Бәйсейт бидің бастағаны, оған Жанғұтты, Дүйсенбай, Қараның ергені бүкіл елге аян. Кенесарының Айыртау-Ортауда орта жүздің, Ұлытауда қазақ елінің ханы сайланғанына да Бесатаның бар жақсылары қатынасқан. Бұл жөнінде Шортанбай жыраудың:

Ортауда Кенесары хан көтерген,
Орта жүз соңына ерген тым ертеден
Бесата баласынан Жанғұтты бар,
Бәйсейт, Дүйсенбай мен Есбай, Қара,
Бір қол боп көрінетін жеке дара,-

деген жыр шумақтарын Анарбек жыршы бізге жеткізген.

Тәуелсіздіктің туын көтерген, шоқпармен зеңбіректің добын қаққан көзсіз ерлердің Кенесары бастаған шайқасы жеңіліс тапты. Ұлы Кене хан сол жаудың қолы өзінің де өлерін болжай алмаған туысқан халықтың қолынан қаза тапты. Қансыраған ұлы дала жығылмаса да бір тізерледі.

Міне, осы тұста Кенесарының жақтарына қуғын басталған. Бәжеңнің басына үйірілген бұлт шыр айналып кетпей қойған ұзақ уақыт басталған. Түрмеден қашқан Кенесары қолыңың сарбазы Жәмеш Бәйсейт ауылында паналаған кез еді. Қашқынның ізін әлдебір жансызынан сезген қазақ-орыстар Бәжең ауылын қамап, қанша зорлық етсе де Бәжең қайыспаған. (Бұл жөнінде “Құбабелдер” романында жеткілікті жазылды).

Сол сияқты Кенесарының Шөмішбай батыры өз елінен ауып Бесата ішінде бой жасырған. Шөмішбай үшін талай ауылдың талкандаларына көзі жеткен Бәжең бастаған билер өзі мен отбасын қашырып жіберіп, үйнің сыртынан тең-тең қараған үйіп өртеген де, “Шөмішбайды үй мүлкімен өртеп жібердік”-деп, батырдың ізін біржолата суытқан.

Қанша айла жасаса да дұшпан торуын қоймады. Ақыры

Бәйсейт бидің жалғыз Нұрланды “Кенесары қарақшының адамдарымен байланыста бар” деген желеумен Қарқаралы түрмесіне жапты. Аз ғұмырында барлы жоғы 30 жас елінің сүйіктісіне айналып, “Нұрлан жомарт” атанған азаматтың басына қатер төнуі Бәжеңнен басқа елдің де қабырғасына қатты батқан. Нұрлан - ешкімнің тілегін жерге тастамаған, мейірлі де, мерейлі азамат еді. Үйі күйіп, көмек сұрап келген Қуандық жағының бір әйеліне басындағы үйін тастап жүре бергенін ел бүгінде аңыз қылып айтады. Баласының көңіл жықпастығын білетін Бөжең, артында сөз қалсын дей ме, кейде “саған Нұрлан береді, маған кім береді” деп, Нұрлан берген жетекті алып қалатын да көрінеді.

Елі ұнатқан жалғыз ұлы Нұрланнан Бәжең де үлкен үміт күткен. Бәжеңнің бәйбішесі Зылиха қайтыс болып (мазары Қабыл өзенінің бойында), ел жайлауға көшер тұста Бәжең баласы Нұрланға “Жайлауға жылжып қонбаймыз ба” десе, ол шешесіне бейіт көтермей көшетін сіз емеспін” депті.

Сол Нұрлан елдің еңсесін көтертпеген дұшпанның түрмесіне жатты. Мойынына тағылар оның кінәсы да, куәсі де болмаса да, ояздың оны тектен текке босатуға ниеті жоқ. Ел болып ұлықтардың кең жемсауын толтыруды ойлаған. Ұлық мал алмайды, іздейтіні - алтын-күміс. Бұл бір болса осы тұста қатты байыған Тарпанда болуға тиіс. Бәжеңнің бір қапы кетіп, Тарпанды өкпелетіп алған жағдайы бар еді. Соны ескерген Көпбай баласы Сәдуақасты Бәжеңе қосып Тарпаңға жіберген. Күздік сойып отырса да Тарпаң “арнаулы асы” деп екеуіне жабағы сойдырып қарсы алған. Өкпесі болса да намысын жауға бермеген Тарпаң табалдырықтың астындағы түйемойында (түйенің мойны терісінен жасалған қапшық) алдырып, ширатып төгіп отырып, “сал шеңгелді Бәкке” депті. Қос уыстап алған құм алтынның құны “елу қысырақ болар” деген екен.

Жалғыз ұлын босатып алу Бәжеңе оңай болмаған. “Осының қолынан келеді” деген соң Алшынбайдың жолын тосты. Жол бермей тұрған қазаққа “кімсің” деген Алшынбайға “арғы атам Жарылғап, өз атам Бәйсейт” деген. “Тағы,тағы” депті Алшекең. Бәйсейт үн қатпаған. Оның қалай дегендерге “ол білмей тұрған жоқ, тағы, тағы дегенде қаңғып кеткен Түйте мен Қоңырбайды, үсіп өлген Қырбасты айтқызғалы тұр” деген екен. Алшекең бірер күннен кейін Бәженді өзді іздеп келіп “Бәйсейт сені табалайтын ниетім жоқ. Жол тосқанда мені не жұмысқа жұмсарыңды да білдім. Нұрланжанның ісі ауыр екен, менің қолымнан келер іс емес” депті.

Ендігі үміт сонау генерал-губернатордың өкілі Мұсада қалған. Мұсаның қайтар жолын тосқан Бәжең көлденендей беріп, “Мұсажан жақсылығынды Баянауылға ала кетпе” деді де жүре берді. Жол тосушының кім екенін, жұмысының не екенін сұрап білген Мұса ат басын Қарқаралға қайта бұрып, ұлықтардың көмейін бітей жүріп, Нұрланды әуелі кепілге, сонан соң біржола босаттырған екен.

Еркіндігінен айырылған қазақ елін қанды шеңгелінен сығымдай түскен отаршылдар қазақты шұрайлы жерінен ығыстыруды да, діннен айырып шоқындыруды да, өз салт дәстүрінен жұрдай етуді де қатар жүргізген. Міне осы тұста бұған қарсы әрекет етушілердің, жаңадан билік басына іліккен қазақ азаматын елдің бірлігі мен намысына ұйытушылардың қатарында Бәйсейт би де бар еді. Көпбай болыс болып сайланғанда “аттың сауырында едің, енді жауырынына міндің, байқарсың” деуі де соның мысалы. Осындай бір ауыз сөзбен ата-баба алдындағы парызын да, ел алдындағы қарызын да түсіндіріп те, мойындата білу де Бәжеңнің бойынан табылып айналасына жақсылық нышанын шашқан.

Бәйсейт биді Кенесары ханның батыр қолбасшысы Ағыбай да қатты сыйлаған. Араларынан қыл өтпеген бұл екеуі әр кез бірінін ісіне бірі бас көз болып, қолдарынан келген жәрдемін де, ақыл-кеңесін де аямаған. Нұрлан абақтыға жабылып, ел болып оны құтқарудың қамына кіріскен тұста Тобықтыда Тілештің әкесінің асы өткен. Осы атағы бәйгіде Ағыбай батырдың екі аты да бірдей озып келді. Қиын тұста бәйгеңе көмектесуді ойлаған Ағекең екінші бәйгіні Бәжеңе бұл батырдың да жағдайының мәз емес екенін білетін ол алмапты. Батыр екінші деп бірінші бәйгені беріп жіберген екен, Бәжең “Япырмай, Ағекең кедейдің жомарты болды - ау, алмасам көңілі қалар” деп, Нұрлан ісіне жаратыпты.

Бәйсейт бидің Құнанбаймен арасы да кейде сынаса тіресіп, сөз сайысына түссе де бірін бірі сыйлаған жарастықта болған. Құнекең өз ортасының адамы, олардың кейде дұрыс, кейде бұрыс тілектерін орындаған, не ебін тауып орындамай кеткен тұстары болған. Соның бірі Тобықтының жуандары Құнекеңді Бесатадан шұрайлы жер алуға жұмсауы екен. Құнекең ағайынға өкпесі болмас үшін Бесата ортасына келуі келсе де (осы күнгі Құнанбай аталып отырған жер) бұл елдің де наласына қалғысы келмей іс аяғын соза беріпті. Құнекеңнің досы Жанғұтты шешен осыны пайдаланып Бәженді кісі шаптырып жіберген. Уақыт қыстың соңғы шамасы, қыс аяғы ұзаған тұс. Құнекеңе тігілген үйдің айналасының қарын күретіп, аққала соқтырып тастаған. Арғы атасы Жарылғап

батырдан бері үзілмей келе жатқан Кердің тұқымын тақымына басқан Байсейт би аққаладан қарғытып өтіп, үйге кірген бетте “ақырзаман боларда бір көзді дажал шығады, ол бір қауып көл мен жерді құртады деуші еді. Мына жерге тойымсыздыққа қарағанда дажал сіз болмасаңыз нетті, Күнеке” депті. Күнекеңе ере келген жер сұраған жуандар үндей алмай жерге қарапты. Күнекеңе де керегі осы еді, ағайынды да қыжылдатпай, басқаның жерін алып, қарғысына да қалмауды ойлаған ол табан асты жиналып, қайтып кеткен екен.

Батысынан орыс, Шығысынан Қытай қамалап, мысын талапайлап, жеріне жармасып жатқан тұста қазақтың бетке ұстар азаматтары халқының келешегін, діні мен тілінің сақталуын ойлап сан бас қосқан. Сондай бір кеңес Ұлы жүз бен Орта жүздің ендігі ел қамқоршыларының арасында, Ұлы жүз жерінде орыс ұлықтарынан жасырын, жер жесір дауына билік айту деген сылтаумен өтіп, оған Құнанбай бастаған топ барған. Күнекең осы жолы Бәйсейт биді “қиыннан қиыстырып сөз табарым” деп ертіп барғанын үлкендер айтып отыратын еді. Әрине қағазға түспеген бұл кеңестің сөз түйіні бізге жетпеді.

Өнер алды қызыл тіл деген қазақ аз айтып, көпті ұқтырып бірер ауыз сөзбен бір-бірінің білгірлігін, азаматтығын, елге тұтқа боларлық деңгейін танып отырған. Байсейт пен Арыстанбектің қақтығысы да осының көрінісі. Шығып кеткен байталдарын іздеп келген Арыстанбекке Байсейт “байтал іздегенге де сәлем берем бе” деп, қонакасын берсе де амандаспайды. Мұның есесіне Арыстанбек Бәжеңнің үнемі бәйгеден келетін Қарабурыл, Бопай деген екі жүйрігін алдыртады. Оны іздеп келетінін біліп, Байсейтті іліп тастауға бір сөздерін дайындаған екен, Бөжең онан бұрын “әй, былшылдамай қоя тұр. Мен Арыстанбекке ұқсап байтал іздеп келгем жоқ, әруақты атам Жарылғапты іздеп келдім” деген екен. Бәйгіден келе жатқан шабандоз баланың әруақты шақырып келетіні ертеден белгілі. Бесатаның керней тармағы атқа “Жарылғаптап” шабатын еді. Сөзге тоқтаған Арыстанбек жүйріктерге қоса ат мінгізіп шапан жауып Бәженді аттандырған екен.

Елі құрметтеп, сөзінге жұрт тоқтаған Байсейт би Бесатаның ішінде ең соңғы рет өткен Есбайдың асын да басқарған. (Бас табақшы-бастың бас иегерін осылай атаған). Оған көмекші Тәмебай мен Ескене болған. Осы Бәжеңнің ұйғаруымен қозы жайлым жердегі жүздеген жарықақтан ақ боз үйлерге бір лек шаңқай торы, не кара, не боз, не құла, шұбар мінген аспаз жігіттер жорғалатып табақ тартқан.

Сойылған малдың көптігінен Қармыс өзені қан қызыл түске еніп, тұншыққан балықтар шоршып ауамен дем алған деседі үлкендер. Қыруар малды соя білуді де “жау жағадан алғанда қазақтың ендігі ырысына таласқан не көргенсіздік” деп тоқтатқан Бәжең екен. Бесатаның қосқан аты озып келсе де “өз бәйгемізді өзіміз алмаймыз” деп бірінші бәйгіні Ұлы жүзге, екіншісін кіші жүзге бергізген де осы асты бас-қарушылар болған. Ол жөнінде Шортанбай жыраудың:

Байсейт бас төреші халқы сенген,
Тәбекең Ескенменен соңына ерген
Жанғұтты бас бәйгіні өзі берген
Екіншіні жетелеп Кәдір келген
Орта жүз “той біздікі алмаймыз” деп,
Үлгі еткен өнегені былайғы елге, -

дегені бізге жетті.

Ресей империясы қазақ елінде өзінің дегенін жүргізу үшін ел мен елдің арасындағы дау шарды қасақана ушықтырып, руларды жауластырып қойды. Әсіресе жер мәселесі шешімін таптырмады. Бұрынғы өткен заманда оңтүстіктен терістік бағытқа, мыңғыраған мал айдаған ел Қызылжар өтіп, Омбы-Томбының етегін сипап күз түсе кері қайтатын. Енді бұл көш жолы біржола бөгелді. Дуан-дуан бекіністерден, линиялардан өтуге рұқсат берілмеді. Жайылымы тарылған елдің жайлауы да күрт төмендеді. Жер үшін ағайынды ел арасында талас өршіді. Міне, осындай Қараскесек Қуаттың арасындағы жер мәселесін шешуге екі жақтың ел жақсылары жиналған. Бұл мәселені шешуде де Байсейт би басы-қасында боп, шекаралық белгі ата-бабадан қалған мазар бейіттердің негізінде өткізіліп, ағайынның араздығы біржола басылған.

Бәжекең 90 жасаған адам. Ұзақ өмір сүрген би жазғытұрым науқастанады. Бәжеңнің науқасқа ұшыраған жері күні бүгінге дейін “Бай ауырған” деп аталады екен. Дүниеден өткен Бәжеңнің мүрдесі де сол жерге қойылып, басына мазар тұрғызылған. 1997 жылдың күзінде Ақшатау кенішінен он шақты шақырым жердегі Бәжеңнің мазарына 87 жастағы Қаппар ақсақалды ертіп кештете жеттік. Ұзақ дұға оқылды. Менің есіме осы маңнан алтын іздеген орысқа Бәжеңнің “Іздегенің мынау ғой. Осыны ал да көмейінді біте. Жерімді бүлдірме, жерімді бүлдіргенің елімді бүлдіргенің” деп жүдырықтай алтын беріп, жер мен елін қорғап қалғаны түсті.

Алла Бәжеңнің ендігі ұрпақтарына бақ-дәулет бергей Әмин!

ЖАҚСЫ ЖӘКЕҢ

Заманында “Жақсы Жәкең” атанған Ботантайұлы Жанғұтты шешен қазақтың ұлттық кейпін тәуелсіздігін сақтау үшін арпалысып, артына із қалдырған тұлғалардың бірі. Елді әпербақан, надан белсенді билеп кеткен заманда, ең әттеңі, ол кісі туралы дерек жиналмай қалған. Тіпті мына 80-90 жылдары Жанғұтты шешеннің ас ішкен табағы бар, алатындарыңыз бар ма дегенде “біз жақынбыз” деп жүргендердің селт етпегенін айта кетуге болады. Оны айтассыз тап бүгінгі күнде Жанғұттының мешітінің орнын көруге жақын жуықтың баспауы олардың пеш алдындағы патриотизмнің көрінісі емес пе.

Жақсы Жәкеңнің туған, қайтыс болған жылдары жөнінде де көзге ұрып тұрған жаңсақтық бар. Шортанбай жырау 1881 жылы Жанғұттының үйінде Жәкеңнің көз алдында қайтыс болған. Соған қарамастан Жанғұттыны 1871 жылы өлді деп үсті-үстіне жазатынына таңсың. Жәкең өз ажалынан 10 жыл бұрын өлмесе керек.

Жәкеңнің туған жылы туралы деректі де мен кезінде Анарбек жыршыдан, көненің білгірі Қасым Сырымбетұлынан, Ақбота Ілияс молладан алған едім. Анарбек жыршы “Жанғұтты мен Шортанбай құрдас” десек, Қасым арасы бір жас болу керек деген еді. Ал, Ілияс молла “Жанғұтты Кенесары хан қайтыс болған соң бір жылдан соң елге оралғанда 30 жаста екен” деген деректі берген. Сонда бұл 1848 жылға дәл келеді, де Жанғұтты 1818 ж туған болып шығады.

Жанғұтты бала кезінде өз елінің пірі Ыбырайым қожадан дәріс алған. Болашақ ақын Шортанбай жыраумен достығы осы дәріс алған жылдарынан басталса керек. Ыбырайым қожа Сарым ішіндегі Кенжебайлар ұстаған қожа ұрпағы. Ал, Ыбырайым Шортанбайдың осы елде (Жалпақсазда) туып, біте қайнасып өсуінің негізі осында жатыр.

Жанғұтты мұнан әрі оқуын жалғастырды деген дерек жоқ. Жас жігіттің оқуға мұршасы болмай, Кенесары бастаған көтеріліске араласып кеткені анық. Ол қолына қару да ұстаған, қазақтың көне жолын жақсы білетіндігін де танытып, ханның бір кішігірім қолының биі де болған.

Жәкеңнің қазақтың көне жолын ұстануы ерте танылған екен. Мұны кезінде дәл таныған Шортанбай бидің:

Аллаға жағам десең - азалы бол,
Ағайынға жағам десең - назалы бол

Халқыңа - әділ бол,
Судай таза бол,
Жердей берік бол -

деп бата беруі тегін емес.

Бұл батаның әр жағында адамзат ұрпағының, мұсылман баласының, еркі өзінен өткен қазақ халқының қамын ойлау жатыр.

Жәкеңнің өмірінің бір кезеңі тәуелсіздік жолындағы Кенехан бастаған көтерілісшілердің қатарында өтті. Бесата елі кешегі Саржанға да қолдау көрсеткен, Қармыс өзенінің бойында Саржан орда тігіп жылдан аса мекен етіп, орыспен арбасқанын көне көз қария лар айтып отыратын еді. Кенесарының Ортауда орта жүздің, Ұлытауда бар қазақтың ханы сайланғанын Ескей жыршы да, Қасым Сырымбетұлы да бізге жеткізген. Ал, Анарбек Шортанбай жыраудың бұл туралы:

Ортауда Кенесары хан көтерген,
Орта жүз соңына ерген тым ертеден.
Бесата баласынан Жанғұтты бар,
Байсейт, Дүйсенбай мен Есбай Қара,
Бір қол боп көрінетін жеке дара-

деген сөзін айтып кетті.

Көк мылтықпен жасанған жаудың мысын сойылмен сан басқан көтеріліс жеңіліс тауып, Кенесары қапылыста қаза тапқан соң Жанғұтты елге оралған. Елге оралған Кенесарының жақтастарына орыс үкіметінің жылы қабат таытпағаны анық. Қайтып келе жатып Жанғұтты Құнанбай мен Алшынбайға Жаманқұлды жіберіп, “оларды қалай танимын” дегеніне “біреуінің көзінің ұрасы бар, екіншісінің Алла берген мұрасы бар” депті. Мұны естіген Алшынбай “Қотанаяқ неменің тілінің ащысын” деп қыжыртыпты.

Дегенмен де қайда жүрсе де өзара тіл алысып, азаматтың амандығын тілеген, іштей байланысты Құнанбай Жанғұттының елге ие боп, қазы сайлануына ықпал еткен. Бұл жөнінде Әбіш ақынның:

Әуелі сиынамын жаратқанға,
Медет берсін Құдайым тіл мен жаққа.
Ел ауып Қаратаудан келгенімде,
Құт қонып Жәкем мінген алтын таққа,-

деген өлеңі бар.

Елге ертелеу оралған Ағыбай батыр бұл кезде Ақши

маңына орналасқан екен. Бұл жерді енді Жанғұттыға беріп, екеуін араздастырып қоюды ойлаған орыс үкіметінің дегені болмады. Бұл жөнінде “Құба белдер” романында түбегейлі баяндалған.

Ұлт-азаттық соғысы басылғанмен де жекелеген ерлер отаршылыққа қарсы күресін тоқтатпаған еді. Соның бірі Құдайменде батыр Ақмола, Қарқаралы, Аягөз аралығында тынбай әрекет етіп, орыс үкіметінің бүйіріне сұр жебедей қадалған. Құдаймендені ұстау үшін жандарал Құнанбайға да сөз салды. Құдаймендемен іштей тілектес Құнанбай амалы қалмай бұл іске Мәнжолды жұмсаған да, астыртын Құдаймендеге де “сақтансын” дегенді жеткізген. “Сырлыжақ” атты жүйрікті мінген Мәнжол Құдаймендені қуып жеткенімен де, орысқа ұстап бермей, сырлыжақты батырға беріп, кері оралған. Құнанбай алдына кінәлі сезініп оның бетін көре алмай жүрген Мәнжолға Жанғұтты “алдына бар, ол діншіл еді, не десе де “Құдайдан да” дей бер” деп ақыл үйреткен.

Алдына келген Мәнжолға Қүнекең:

- Сырлыжақты міндің,-десе,
- Құдайдан да,-дейді Мәнжол
- Құдайменден кудың,
- Қууым да құдайдан да.
- Неге ұстап әкелмедің?
- Ұстамауым да құдайдан да.

Сонда Құнанбай, “әй, сенен мұндай сөз шықпаса керек еді, ана Жанғұтты үйретіп жіберген екен ғой”,- деп теріс айналған екен.

Елінің азаттығын аңсаған кайран ер Құдайменде соғысып жүріп Үш төбе деген жерде қайтыс болған.

“Халқыңа әділ бол” деген Шортанбай бидің батасын мәңгі сонда ұстаған Жанғұтты шешен туралығымен елге жаққан. Орыстың ызғары арқасын аяздай қарыған кіші жүздің біраз рулары бұл кезде орта жүз арасын паналағаны анық. Солардың алшын, табынынан шыққан азғантай тобы Жақсы Жәкеңнің қолтығына еніп, паналаған. Тіпті кей жағдайда басқа рудың да терезесі тең жүрсін деп өз руының да мүддесінен бас тартып отырған. Соның бірі қарақшы дауы. Бөрінің баласы Жаңабай Қарашоқы үшін дауласып, Жанғұттыға жүгінгенде, ол жерді басқаға беруге билік етеді. Сонда жерді бермей жүрген Жаңабайға өзі келіп жерді бергізген екен.

Жәкең Меккеге жүрер алдында онымен қоштасуға келген алшаң Құманбай деген кісі “Жәке, біз аз ауыл алшын едік, сіз келгенше аз үй алшын боп қалармыз”-деп өзіне зорлық

жасар қаупін айтқан екен, шешендігі билеуші Малыбайға “Құманбайдың сөзін естідің бе? Естісең бұдан бұлай аз ауылға ешкім өктемдік жасамасын” деп тапсырыпты.

Азаттық соғыс аяқталып, елді орыс патшалығы жаныштай бастаған шақ қазақ халқының болашағы үшін де де талас тұс еді. Патшалықның арманы қазақты шоқындырып, помещиктің крепостныйы етіп, ұлттық кейіптен біржола айырып жіберу болатын. Бұл жөнінде құпия нұсқауларда жасалып, ашық істер де жүргізіліп жатты. Міне, осы тұста қазақтың түтіні түзу шықсын деген дарынды тұлғалар жығылса да тізе бүкпей күресіп бақты. Елді шоқындықтан сақтау үшін Құнанбай 1850 жылы Қарқаралыда мешіт салса, Жанғұтты 1853-55 жылдары Қойкөл өзенінің орта ағысы тұсынан мешіт үйін көтерген. Жанғұтты мешітінің орнынан 1992 жылы 90 жасқа келген Мұқай Сыздықұлы бізге көрсеткен еді.

Міне, сол жылдары Тағылы тауының ішінде Жәнібектің, Ақбас Қалпенің мешіті бой көтерді. Жанғұттымен аса сыйлас болған Кәрсөн Көпбай туралы “Көпбайдан қорқамыз деп көзімз шығатын болды-ау” деген сөз осы тұста шыққан. Көпбай намаз уақытында сәждеге бас ұрмаған кісіні кім де болса дүрелетіп тастайды екен, онан сескенген жұрт Көпбай келе жатыр десе жайнамазы болмаса шидің, шөптің үстіне құлап, жерге бас ұра берсе керек. Әлтекеде Пендебай мешіті, Керней ішінде Айтбайлар ұстаған оқу орыны орыс ұлығының бар қысымына шыдап, жұмыс істеп тұрған.

Отаршылдармен шарпысып тұрған осы шақта да ел дархандығын танытып, той өткізіп ас беріп жатқан. Мүмкін мұның өзі де сол тұста қазақтың қазақы ғұмырын сақтап қалудан шыққан ойлы ата-бабалардың ісі болар. Сондай көне ғұрыптың бірі 1864 ж шамасында берілген Есбай асы. Бұл асқа бір ғана тамалар жүз үй тіккен екен. Сойылған малдың көптігінен Қармыс өзені қан боп ағып, тұншыққан балық шоршып ауамен дем алған екен. Сол аста Жақсы Жәкең Бәйсейт (Бөжек) бастаған топпен бірге болып, “сойысты тоқтату керек, мал елдің ырысы” деген тұжырыммен Кәдір, Ескенмен бірге қуып келген жылқыны кері айдап шыққан. Бәйгеден осы елдің аты озып келсе де, бас бәйгені ұлы жүзге, екіншіні кіші жүзге бергізген де осылар екен. Бұл жөнінде астағы айтыста алдына жан салмаған Шортанбай жыраудың:

Бәйсейт бас төреші халқы сенген,
Тәбекең Ескенменен соңына ерген.
Жанғұтты бас бәйгіні өзі берген,
Екіншіні жетелеп Кәдір келген,

Орта жүз “Той біздікі алмаймыз” деп
Үлгі еткен өнегені былайғы елге,-

деген шумағын кезінде Ескей жыршыдан алған едік.

Сол заманның атақтылары Жанғұттымен қатты сыйлас та, сырлас та, құда-жекжат та болған. Кенесары хан әскерінің көшбасшысы Ағыбай батырдың Аманжолына Жанғұттының қарындасы барса, Шортанбайдың Аязбайына Жәкеңнің Қасенінің қызы ұзатылған. Шортанбай жырау баласы Аязбайға тоған салдырып, су диірмен орнатқан тұста Жаксы Жәкеңнің елді отырықшылыққа шақырып, жерін мұжыққа бермей өз жеріне өзі ие болуға үндеген үлгілі ісін қатты құптаған. Сол тоған мен диірменді салдыруға осы айналаның Қояншытағай-Сарымын жұмылдырып, Қарқаралыдан бөрене тасытуға күш салған жақсы Жәкең мен Берлібай Ескене, Дүйсенбай би болған.

Бесата елінің бар жақсысы Бәйсейт, Жанғұтты, Дүйсенбай, Қара Кенесары бастаған азаттық соғысына қатынасқан. Жанғұтты мен Дүйсенбайдың арасы тым жақын, ара қатынастары ешқашан үзілмеген. Қансонарда аңға шыққан ел жақсылары Дүйсенбайдың жалғыз інісінің оқыстан қайтыс болғанын ебін тауып естіртпек боп, ат басын ауылға қарай бұра беріпті. Сонадайдан ауыл үстінде жиналған жұрт көзге түссе керек, әрі табан астынан жаңа жортқан түлкі ізі кезіккен. Ер көңілді Дүйсекең “атан өлсе сойылар, атаң өлсе қойылар, қансонар қайдан табылар” деп ізге түсе жөнелгенде, Кәдір оның атын бөгеп, Жанғұтты “Атан өлсе орын бар, атаң өлсе қорымы бар, ініңіз кетті дүниеден, жан бауыр қайдан табылар” деп естірткен екен.

Бесатаның бір баласы Семей жаққа жолы түсіп, кештетіп бір ауылға түстенуге рұқсат сұрапты. Жөн сұраған ақсақалға өзінің руын айтса, ол біле қоймапты. Ақыры ел жақсысын сұраған ақсақал “Күні бойы бос сөзді айтпай Жаксы Жәкең еліненмін демейсің бе” деген екен. Бұрынғының үлкені ел түтінінің түзу шығартып отырған ел жақсысын әрдайым білген, тілектесі боп отырған.

Сол кездегі ел ұстаған жақсы жайсаңның бір-бірімен кездесуі, сөзбен шарпысуы бүгінгінің кей жазғыштарының жазғанынан рулықталас, өз туын жоғары қою, кек алу емес, сынасу, білісу, түсінісу, деңгейін тану түрінде өткен. Жанғұтты мен дуанбасы Ыбырай бірін-бірі бұрын көрмесе керек. Сәлем бере кірген Жәкеңе карап жанындағы Мұсаға Ыбырай “басы жалпақ, бұты талтақ, бөстек кигенің кім?” десе керек. Сонда Жәкең “Бұл күнде тұлпарды мәстек дейді, елтірі бөрікті бөстек дейді, ел басқарсын деп пысық жігітті ұлық қойсақ-

өстек дейді. Сыңар езуді түзетіп болмас” деп жауап берген екен. Ыбырай сөзден тосылғанын мойындап, қасынан орын беріпті. Сол шарпысудан, сынасудан екеуі дос боп тараған. Ыбырай бір жолы Жанғұтты үйіне іздеп келіп, талай күн жатып, кетерінде Жәкеңнің құсын сұрап алған екен. Қоштасар тұста Ыбырай “Сыйласқан болып, жылаған болып, Құнанбайға бермеген құсыңды алып барамын” десе Жәкең, “Сыйласқан боп, сыңсыған боп, қонақты екі қанат, бір құйрықпен шығарып салу әділетсіз еді” депті.

Міне, осындай көненің жолын ұстаған, сөз түсінген адамдар бір-бірімен табысып, қазақ елін сақтап қалуға тырысқан. Жақсы Жәкеңнің Құнанбаймен кездесулері, Алшынбайға:

Жалғыз жұлдыз жалтылдайды ай батқан соң,
Қара қобыз сөйлейді таз тартқан соң.
Бұл күнде көңілдерің жай тапқандай,
Жігіттің жігітектің айдатқан соң,-

деуі оның астары “Құба белдер” романында жеткілікті жазылған.

Абайға дейінгі қазақ әдебиетінің шыңы деп орынды баға алған Шортанбай жырау мен Жанғұтты бала жасынан дос, өмір жолы бірге адамдар. Семейден қайтып келе жатып, айсыз қараңғы далаға қонып қалған жырауға Алланың әмірімен дүниеден қайтары баян етілген. Бір күнге мұрсат сұраған жырауға:

“Ажалың ертең кешке болады”- деп,

Бір күнге аял беріп жүре берді,- дейді Шортекең елмен қоштасу сөзінде.

Жырау досы, әрі құдасы Жанғұттының үйінде келер заман сипатын айтып отырып жан тапсырады. Дүниеден қайтар шағында Жанғұттыға “Басыма мазар салдырма, көпір сүйегімнің қайда жажанын білмесін. Таң алакеуім ата басыма кел, рухымды әкетіп бара жатқанын көресің” деген екен. Ертемен тұрып жыраудың басына таянған Жанғұтты аяғы жерге тимеген нарменен әлдекімдердің таңғы сағымға сіңіп бара жатқанын көргенін елге айтып кеткен.

Жанғұттының жыраудың үй ішіне досының қазасын:

Алланың бір мекені тұртағы еді,
Шортанбай әулиенің ұрпағы еді.
Мұндасқа бала жастан бірге өскен,
Жақсыға жол үстінде ажал келді,-

деп естіртуін Анарбек жыршы бізге жеткізген.

Міне, осы уақиғадан кейін келер жылы, яғни 1882 жылы, Жанғұтты Меккеге аттанады. Шешенге ауылдасы Жүніс Қожа ереді, Әбдібек орта жолға дейін шығарып салып қайтады. Жақсы Жәкеңнің сүйегі осы жолы Мекеде қалып, Жүніс қожа киімін алып, елге оралған. Жақсы Жәкеңнің қазасын естіртуде елге оңай болмаса керек. Дуалы ауыз Дүйсенбай бидің өзі налып, әрі абыржып:

Қос жақсының басынан заман өтті,
Кім қалды кешегіден көрген көпті.
Алланың жазуына шегің бар ма,
Жанғұтты Мекке барып құлай кетті,-

деп отырып калыпты.

30-жылдардағы сойқанды кезең Жақсы Жәкеңнің ұрпақтарына да оңай болмаған. Қатты қуғынға түсіп, алды атыла бастаған соң Жәкеңнің ұрпағы Қарғажан 1929 жылы-ақ елден қашқан. Қарғажан Жәкеңнің ас табағын бір түнде Көпжан Бәйменұлына “Ие боларсыз” деп тастап кеткен.

Ал, Жақсы Жәкенді Мекке жолына шығарып салған Әбдібекке төрт кісілік кебежеге салған шешеннен қалған бұйымдарды әкеліп, түн ішінде бір жерге көмген екен, кейін заман түзелген тұста кәрілік жеңген Әбдібек көмбені таба алмай қалған.

XIX ғасырда патшалық Ресейдің содыр саясатының тегеурініне шыдаған, XX ғасырда сойқанды белсенділердің ұрдажық ісінен аты аталмай келген Жанғұтты шешеннің өмір жолы міне осындай. Жақсының аты ұмытылмас, ісі ұрпаққа үлгі.

ДҮЙСЕНБАЙ БИ

Өткен ғасырда өмір сүрген Дүйсенбай би басқаларға ұқсап тапшадан би атағын алмаса да, көнеден келе жатқан қазақ жолымен туралығымен, әділдігімен билік еткен адам. Ол кісінің зираты Қойкөл өзенінің бас жағында, Аршалы қыстағынан 2-3 шақырым жерде. Отаршылар елді тоз-тоз етуді көздегенде елді бірлікке, тірлікке үндеген Дүйсекеңнің бір сөзін жариялауды жөн көріп отырмыз.

* * *

Кенесары хан жеңіліп, ел Арқаға қайта оралған. Орыс ұлығы әр тайпа-руға жер кесіп беруді қолына алған. Ұлық осы тұста қазақты тағы бір қорлап қалуды ұмытқан жоқ.

Кенсарыны жаппай колдаған Бесата түгелімен сенімсіздер қатарына жатқызылды. “Шын көңілдерімен бағынған бол-сандар патшаға ұйып, намаз оқисыңдар” деген талап қойған. Ел қатты абыржышы. Мұсылман Құдайға ұйып намаз оқиды, адамға оның ішінде кәпір патшасына ұйып намаз оқу ең асқан күнә. Ел толқыды. Ауа көшейік, соғысайық деген сөздер шығып жатты. Ел жақсылары Байсейт, Жанғұтты, Шортанбай, Кәдір, Бөделер жол таба алмай қиналған. Соңда Дүйсенбай:

- Бір ұсынысым бар. Көңілге жақса аларсыңдар, жақпаса қалар,-деген екен. Енді орыспен соғысып жеңбеспіз,ұрпақ тегіс қырылар. Осы далаға ие болар ұрпақты сақтайық. Сол үшін “ Дінім үшін емес күнім үшін, кінәлама мұным үшін” деп Алладан сұрап, бас ұрайық. Сонан соң үш күн ораза тұтайық. Әрі өйтіп,бүйтіп осы күпірлік намазды түс аударып жасайық.

- Дұрыс,- деп қостаған Бәйсейт. Ел осыған тоқтаған.

- Ендеше,- депті жас Жәнібек молла,- Мен имамдық етіп, “Жүсіп Рымханның” арабша қиссасын оқиын. Қай орыс арабшаны біліпті.

Дүйсенбай Жанғұттымен көңілдес екен. Дүйсекең Жанғұтты үйіне арнайы келіпті.

- Мына дауды орыс әдейі туғызып отыр. Қазылыққа сен ылайық едің, Бесатаны бөріктіріп қойғаны мынау. Менің айтарым:

Даудың басы Қызылтау,
Ұзақ жатқан ұзын тау,
Иілсек елі алады,
Әйтпесе бәрімізді жау алады,-

деген екен.

Сөйтіп Қызылтау Қояншытағайға қалып, Жақсы Жәкең Бесатаға қазы боп сайланған.

* * *

Дүйсекеңнің сөзі еліне аса өтімді болған. Ел бірлігін көздеген ақсақал болыстықтың өзін бір атаға байлап қоймай, әр ата ұлына ұсынып, дегенін өткізіп отырған. Бөденің Серігінің үйіне қонып, оның баласы жоқтығын көріп, “ең болмаса осыған алдансыншы” деп, оны алдағы сайлауда болыс етуге уәде беріп кетеді. Жолай көшіп жатқан ауылға кезігеді. Бақса Қапсолаң бидің ауылы. Жөн сұраған екен, Көжек бәйбіше:

- Ерім өлді, балам жас. Қарайласар ағайынды көре алмай төркінім Куандыққа кетейін деп жатырмын,- дейді.

Бесатаның ішінен бір ауыл көшіп кетсе сүйекке таңба емес пе. Соны ойлаған Дүйсекең:

- Түсір жүкті. Баланды болыс етемін,-деген.

Төбешіктің басында отырған Серік Дүйсекеңнің қайтып келе жатқанын көріп:

- Дүйсекең неге қайтты? Мен осы жолы болыс болмайды екенмін,- депті.

Сайлау өткен соң Дүйсенбай Байпакқа иесі Қапсалыңның Қара ала атын күміс ер тоқымымен Серікке көлденең тосқызып:

- Серікжанды қолтықтап аттандырып сал,-деген екен.

* * *

Ақмола-Қарқарал ояздығы бас қосқан бір жиында Таңжарық би әдепбасы Ыбырайдың кебісін ұрлатып алып, оны сұрай келген кісіге:

- Ыбырай, Ыбырай дейді, онысы сұмырай екен ғой. Ол алған жерден мен сатып алмасын деген облық жариялап па,- деп

Әрі кебісін ұрлатып,әрі сұмырай атанғанына Ыбырай елі де ашу шақырып, ел бүлінер бопты. Жағдай ұрандасқан қақтығысқа қарай ауысса керек. Сонда Дүйсенбай араға түсіп:

- Таңжарықтың бәрі таң жарық емес, кейісі қанжарық екен ғой. Қойды бөріктіргенді бөрі дейді, онсыз да жау аңдып тұрғанда елді бөріктіргенді не дейді?- деп сөгіп, ат шапан айыбын төлетіпті.

* * *

Қазақ орысқа караған тұста қазақты билеу үшін ұлық “қазылық” дегенді шығарған. Әуелде Бесатаға бір қазы сайланып қойылатын бопты. Орыс ұрлығы ел қамынан гөрі өз қамын көп ойлайтын біреудің болғанын қалайды. Сол себептен Бесатаның ішіне дау кіргізіп жіберген.Ол Қызылтау дауы. Қызылтауға Қояншытағай мен Сарымды таластырып қойған екен. Ел ішінде Дүйсенбай ондай билікті қаламайды, жалғыз Нұрлан Кенесарының жоқтаушысы деп түрмеде жатқан Байсейт қазылыққа баспайды. Енді ел қамын, жер қамын жер Жанғұттыны сүріндіру керек.

* * *

Дүйсенбай би аңшылықты өте тәуір көреді екен. Дүйсекеңнің жалғыз інісінің қайтыс болғанын естіртудің реті

келмей жанына бірге ерген Жанғұтты, Бөде, Кәдірлер аттын басын Дүйсенбай ауылына қарай бұра берсе керек. Бір қырдың үстіне шыкса Дүйсекеңнің ауылы көрінеді. Ауыл үсті ығы-жығы халық, тігілген үй. Сол екі ортада алдынан жаңа жорытқан түлкі ізі көрінген. Сонда Дүйсекең:

- Атан өлсе сойылар, атаң өлсе қойылар, қыз хатындай қызықты, қансонар қайдан табылар. Тарт, мына ізбен,-депті. Сол жерде Жанғұтты інісінің қазасын естірткен.

ҚАРА БИ

Қазақ “бай құт емес, би құт” деген. Елдің бірлігін ұстап, құт-берекені ұйытушы, елдің ырысы ортаймауды ойлаған Бесатаның биінің бірі Қара би. Шежіре жөніне келсек Қаракесек Керней Шоңның Сүйіндігі. Онан Жомарт, онан Бәйткі. Қара би осы Бәйткінің баласы. 17 мың жылқы біткен Шоңмен Қара аталас. Қара Бесатаның Кенесары заманындағы төрт биінің ең жасы. Үлкені Байсейт.

Қара би XIX ғасырдың бірінші ширегінде туып, ғасыр соңына дейін өмір сүрген. Ол Кененсары қозғалысына да қатынасқан. Совет заманында орыстың қылышынан қан тамып тұрған тұста бұл жайы айтылмай да, зерттелмей де қалды. Қараның оңтүстікке барып біраз жүруін осымен байланыстырған жөн. Кейбіреулердің “Қара күнкөріс үшін барыпты” дегені қисынға келіңкіремейді.

Сол жақта Қара бала би атанған. Жоғалып кеткен адамның ер тоқымын біреудің астынан көрген дау созылып, бітпеске бет алғанда жас Қара “құныкер мен ер неге алдыға тартылмайды, арғынның малы шөбіңді жапырып, суыңды лайласа шөп басы дауы неге кемімейді, ал басында жер-суға алым төленсін деген сөз жоқ еді, отырса мандайынан, көшсе арқасынан сипа деуші еді” дегенде дауды шешуші би Қараның сөзіне тоқтап, “Бұл жігіттің аты Бала би” болсын деген екен.

Қара би ұзақ мерзім үйленбей жүріп, шуыртпалы ішіндегі бір қараша үйге ат басын тіресе төрде шашы жалбыраған қызыл шырайлы қыз тостағаннан айран жалап ішіп отыр екен. Қара “осы қызды алам, шашып ішіп, шайқап төгетін, қыдыр даритын адам” деп Ағыбай батырдың қарындасы Ұлшаны айттырған.

Жер сұрай келіп, Байсейттен тауы қайтып отырған Құнанбайға қарап Жанғұтты Шортанбайға сөз тастапты. “Шортеке, ойшыл едің ғой, алдыңғы заман қандай, соны болжадың ба? Осы үшеумізден үш ауыз сөз қалсын. Соны айт”-депті.

- Кейінгінің адамы аласа туады, ақылды келеді, қасқырдан қорқау, түлкіден айлакер болады. Итерсең жығылып, тұра салып жағаңа жармасады, - депті Шортанбай жырау.

- Қырыққа келсе де не мұрт, не сақалы жоқ, алтайы түлкідей жылмандаған ку екен ғой, - депті Құнанбай.

- Ала қойы жоқ, бере-бер, бере-бер екен ғой, - депті Жанғұтты. Сонда Қара “сол заманның сұрқылтайларына осы сөздеріңіз құркұлтай болып тиеді” деген екен.

Байсейттің сөзін көңіліне ауыр алған Құнанбай Бәйсейтұлы Нұрланды айдатып жіберуге қимаса да, босатуға да бара қоймай әрі сері жүреді екен. Соңғы дау Ақмолада шешілмек. Дау мен Шоңның арасы араздау. Байсейт Қараның бетін білмекке адам жіберген. Сонда Қара би “Әй, ағайын-ай, басыңа бақ қонса Құдайды ұмытасың, басыңа бұлт төнсе кірерге тесік таппайсың. Мен ауыл арасы емес, Есілге бара жатқан жоқпын ба” - деген екен. Байсейт баласы Нұрланды Қараға қосып жібереді. Мұсадан Нұрлан туралы хат алып отырған Ыбырай мен Шоң “Қаракесек өз дауын өзі шешсін” деп Қара мен Құнанбайға мәселені итереді. Сонда Қара би “Байсейтке Қүнекең өкпелі еді, Нұрлан жоқта пана ел азаматы. Азаматты өкпеге қимас болар. Ал, Нұрлан, сен әкең үшін кішірей де, Қүнекеңнің қолын алып жығыл” деген. Шоң мен Ыбырай да осыны қостап, Құнанбай өкпесін тастап, Нұрланды біржола құтқарған.

Айтқанын орындамаған інісі мен Шоңның арасы ушығып, інісі ағасына қол жұмсауға да барып қалады. Сол дауды шешудің үстіне Қара би де келіп қалған. Төртұлының билері Шоң інісіне 100 шыбық дүре, итжеккенге айдауды қосады. Сонда Қара “мен қосылмаймын” деп, Шоңды шақыртып:

Өзіңнен шыққан қолаба,
Бар айтқаның бола ма?
Сабы біргенің, түбі бөлек болмайды
Баурыңның жесең еті-арам,
Сатсаң пұлы арам.

Осыншама жасқа келгенше не қатын әпермедің, не енші бермедің. Сондықтан 50 шыбық дүре Шоңға соғылсын. Бауырына қатын әперіп, еншісін берсін дейді.

Шығып кеткен Шоң әйелін жіберіп, өзінің Қараның билігіне риза екенін жеткізеді. Сонда Қара би, 50 шыбық сіздің әйелдік жолыңызға байланды, енді інісіне қатын, еншісіне мал берсін деп мәселені шешкен.

Қара би ел билігін тарылта ұстаған оязға да басын ие

бермеген. Ояз шақырған жиынға әдейі кешігіп келген Қара биге:

- Неге кешігесің, - деп тістенген ояз.
- Сағатымыз болмаса қайтеміз.
- Неге сатып алмайсың?
- Танымасақ қайтеміз.
- Танымасаң неге би боласың?
- Халқымыз сайласа қайтеміз,- деп Қара би ояздың місін

басып, артында қалың ел тұрғанын да ескерте білген.

Бір үлкен дауда билікті кім айтады дегенде Жанғұтты шешен “Бала би, Дана би, Қара би” айтады деп үш рет ескерткеніне жиналғандар ризалығын бермепті. Сонда Қара би “Билікті Жақсы Жанғұтты айтсын, болмаса Жаман Жанғұтты айтар, төрелігі ұнамаса Жанғұтты айтады”деп кейіп түскені де бар.

“Қарекен бермейді, жаны ашиды” деген де сөз қалған. Қолы тым ашық адам болса керек. Өзін мақтап өлең айтқан Шөжені нұсқап әйеліне “мынаны қақсатпай бір сөлкебай берші” дегені де бар.

Қара бидің мазары Қайрақты өзенінің бойында. Ертерекке бұл мазар Шығыстың мешіт, мазарларын еске түсіретіндей еді. Қараекеннің мазарының жанынан тілеухана салып, би атаның әруағын Күләй Төлеутай қызы көтеріп жүр.Ислам жолын берік ұстаған Күләй қажылық міндетін де атқарып келген. Сол Күләй қажы арнаулы қор ашып, бабасының мазарын қалпына келтіруді де ойластыруда.

ҚҰЛЖАНБЕК АҚСЕЙТТЕГІ

Заманында Бесатаның Кернейі ішінде әділ билігімен ерекшеленген тұлға. Қазақы жолмен билікті де, орыстың салған сүрлеуімен болыстықты да атқарған. Құлжанбектің сөзі Қаракесек-Қуандықтың арасында аса өтімді болған. Ел аңызына қарағанда жиырма жылға жуық болыстық еткен. Заманның күрт өзгерісін де түсініп, жастарға европаша да білім беруге де ұмтылған. Баласы Қапанды техникалық оқуға түсірсе, Уфада білім алып жатқан Айса Тоқтарбек ұлынада қаржылай көмек беріп тұрған.

Құлжанбек ел бірлігін сақтап, қазақтың мұжыққа жем болмауын көксеген. Жанғұттының Тәтибегі ұрлық үшін сотталатын болғанда “ендігі жастың қылмысын өзіміз тыйа алмай, орысқа көгендеп беретін болдық-ау” деп қатты күйзелген.

Құлжанбектің жас шамасы Шортанбай жырау, Жанғұтты

бимен қарайлас. Мазары Ақшатау маңындағы Жыланды-бұлақ деген жерде.

ӘДІЛ КӘДІР

Қайрақты өзенінің Тағылының түстік жағынан айналып өтер тұысына Сырлы там деп атайды. Өзенге иек сүйеген Әдемі төбешіктің басында халық аңыздай етіп жырлаған арудың бір кездері әсем мазары тұрған сол маңнан сәл жоғары, сол өзеннің бойында Кәдір пірәдардың, Кәдір батыр атанған, бір тайпа елді ұйытқан ақсақалдың мазары алыстан көзге түседі. Арқаға аты шыққан Ақтентек сері 1864 ж маңында атақты Есбай мазарын салуға қатынасқан, кейін тек бір өзі басшы болып осы Кәдір мазарын салдырғанын кешегі үлкендер бізге жеткізген.

- Кәдір пірәдардың бүгінгі ұрпақтары аталарының әруағын еске алып, кейінгіге үлгі болсын деген ниетпен Сырлы там бойында ас бермек екен. Ас берілмек болған соң кешегі ел жақсысының өнегелі жолын елге таныстыра кеткен де жөн.

Кәдір Құнанбаймен замандас, ұқсас адам. Кешегі Абылайханның заманында осы маңның біраз батырларымен бірге жауға шапқан ала тулы Баймамыр атанған батырдың немересі. Ата жолын қуып келсек Бозтайлақтан Қарағай, онан Мастку, онан Баймамыр батыр, Баймамырдан Айткел, Айткелден Кәдір туады.

Кәдір батыр атанып кеткенімен негізі ол батырлық жолды қумаған, әділдіктің, ізгіліктің тізгінін ұстаған, ел бірлігін сақтауға тырысқан қазақтың көне биінің бірі. Ол орыс берген болыстықты да осы мақсатқа пайдаланған.

Кәдірдің бұл жолды ұстағаны туралы Тұқаң (Тұңғышбек Кенжебеков) өзінің естелігінде былай деп жазады. “Бұл кісі аттаныс-ел шабар жорыққа шықпаған адам. Батыр деген атақты жылқыны аса көп жаудан айырып қайтқанына алған. Өмірінің көпшілігі адамгершілік пен бектіле болған”.

Кәдір 1801 жылы туған. Өмір жолына келсек ол әуелде Саржан, онан Кенесары бастаған азаттық көтерілісінің жақтаушысы болған. Саржан Қояншытағай жерінде Тағылы Бұғылыда ұзақ бекінген ұлт көсемі. Сол кезде Кәдір онымен қатты араласқан. Онан соңғы Кенесарының қозғалысы тұсында оған үнемі адам күшімен де, мал беріп те көмек беріп, әрі орыс әскерінің жағдайын хабарлап, үлкен міндет атқарған. Міне, осы арада ол Құнанбаймен табысқан.

Кәдірдің батыр атанып кетуіне аралас ағайынның ауылының малын жаттың қуып кетуіне байланысты. Бұл

жөнінде “Құба белдер” романында жеткілікті жазылған. Сонда жеке-жеке өзі шығып, қарсыласын түсірген. Тұра қашқан аламаннан көп олжа қалған. Аламан да ағайын, түбі қазақ осыны ойлаған Кәдір түскен олжаға тиістірмей, арашашы ара ағайын келгенше сақтап, елдің бүтіндігін, өзіне өзі жау болмауын сақтауға тырысқан.

Арқаны емін еркін аралаған Шөже ақын бұл жөнінде:

Елге қамқор, кемге пана Қадірім,
Алыс-жақын жұрт таныған Кадірін.
Арғы атасы Бозтайлақ пен ала тулы Баймамыр,
Мәрттігіне риза болған бұл өңір,-

деген екен.

XIX ғасырдың бұл тұсы аласапыран кез еді. Қазақтың тәуелсіздігінің белгісі хан билігін біржолата құртуды патша үкіметі ойластырып жатқан. Оның басы ретінде азаттық үшін арпалысқан Абылай тұқымы билеген орта жүз хандығын екіге бөліп, 1816 ж. Бөкей хандығын құрды. Бөкей 1819 ж. өлсе де, оның орнына хан сайламады. 1824 ж. хандық біржола жойылып, тәуелсіздіктің соңғы нышаны құртылды. Сөйтіп орысша билеу жүйесі құрылды. 50-70 үй бір ауыл, 10-12 ауыл бір болыс, 15-20 болыс бір округ болып бірікті. Болыстықты әуелі төре тұқымы алды. Аға сұлтан да төре тұқымынан болды. Бұл уақытша халықты “әне, өзінің ханының тұқымы” деп алдау еді. Округтегі төрт қазының екеуі қазақ, екеуі орыс болған. Сол екі қазының бірі Күржібай еді, кейіннен Жанғұтты болды.

Әуелде Бесата 1824 ж. санақ бойынша 18711 адамы бар жұрты бір болыстыққа бірігіп, Күржібай “төресіз ел, қожасыз жүр болмайды” деп, болыстыққа Бөкей тұқымы Есім ұлы Сығай-Саңқайды, қожалыққа Қарасай қожаларды шақырған.

Төре тұқымын біржолата биліктен айыруды ойлаған орыс ұлығы ел ішінде арыз-құрыз ұйымдастыра бастады. Бірін-бірі сырттай даттамайтын (мұсылманша бұл күнәнің ауыры) қазаққа арыз жазу өстіп сіңірілді. Көп кешікпей Сығай-Саңқай болыстықтан қуылды. Бес ата жұрты екі болыстыққа бөлінді. Қояншытағай-Сарым бір болыс, Кәрсән-Керней жеке болыстық боп кетті. Қояншытағай - Сарымға Кәдір, Кәрсән-Кернейге Есберген болыс болды.

Бұл жөнінде революционер, поляк жазушысы Янушкевич өзінің “Күнделіктер мен хаттар” кітабында “11 сентябрь. Қояншы-Сарымдар бір-бірінен бөлінбес бай” деп жазса, онан сәл бұрын “9 сентябрь. Біз Қаражалдан шығып 16 шақырым жердегі Қояншытағайларға бет алдық. Бұл елдің болысының

аты Қадыр...Есбергеннің кигіз үйіне жібек жіппен өрнек сызған ши ілінген”- деп жазады.

Біздің қолымызда Алматы архивінен алынған Ф-74. 01. 1200 деген тіремеде 1842 жылдан Қояншытағай болыстығын Қадыр Айткөлов басқарады” деген материал бар. Мұнда Сығай, Саңқай Есімовтердің, ауылбасы Қапсаланның, Қашқынбай Қожабергеновтің аттары да аталады. Осы кезеңді толық анықтау үшін архив материалдар зерттеу керектігі сұранып-ақ тұр.

Ел қамын ойлаған Кәдір айнала ағайынға көмек етуді өмірінің өзегі деп ұстаған. Оған жұтшылыққа ұшырал қалған Тәменбай ауылы Кәдірдің екі байталын сойып алғанда терісінен танып, бір ауыз қатты сөз айтпай бұрылып жүре бергені мысал бола алады.

XIX ғасырда-ақ орыс патшалығы қазақты орыстандыру саясатын ұстап оның басты жолы шоқындыруды қолға алды. Қазақ елінің көкейкесті арманын ұстанған Құнанбай, Жанғұтты, Бәйсейіт, Көпбай, Кәдір, Дүйсенбайлар бұған қарсы әрекет еткен. Қазақ арасында мұсылман дінін берік сақтауға бұлар күш салды. Мешіттер салдырды. Көпбай намаз кезінде әдейі ел аралап, намазға ұйымағандарға дүре соқтырды. Кәдір Құнанбайдың келгенін пайдаланып Асан қожаны інілерімен 30 түйе беріп, жігіттерін қосып көшіріп алдырды. Сонда, яғни 1839-40 жылдары Кәдірдің кенжесі Әшен 7 жаста екен.

Осы елге имам болған Асан қожаның келуі туралы ел арасында мынандай аңыз бар. Кәдірдің түсіне сәлделі, ақ сақалды бұл өңір бұрын көрмеген бір үлкен кісі кіріп аян берген екен. “Кәдір, ертең ұрпағы осы өңірге имам болатын адам жеріне келеді, дұрыстап қарсы ал” депті аян беруші. Ертемен тұрса Қызылесіктен бергі төбешіктің үстінде әлдебір адам намаз оқып отыр екен. Жылқысы сайда үйездеп, құлан-тайы асыр салып ойнап, жылқыны бағдарлаған көк айғыр тас басында жеке тұр. Кәдір шақырып кел деп жігітін жұмсайды. “Сізді шақырады” дегенге бейтаныс адам бұрылмай, намазын жалғастыра берсе керек. Қайтып келген жігітіне “намаздың артын тос, сонан соң ізетпен шақыр” десе керек Кәдір. Міне Асан мен Кәдір арасындағы жалғастық осылай басталған еді деседі ел.

Дін үшін талас,ел үшін күрес екенін түсініп Құнанбай бастап мешіт салдырса, іле Жанғұтты мешіті бой көрсетіп, жас ақын Шортанбай бір жыл сол мешітте имамдық етсе, Көпбай Асанның інісі Ақылбекті Кәрсөн арасында ұстап, бала оқытқан. Кәдір де осы жолдан табылып, елді ұйым-

дастырып, Тағылыда Асанның інісі Жәнібекке мешіт салуға көмектескен. Іле Жәнібектің шәкірті Батырбек Қалпе де Алланың үйін көтерген екен.

Кейіннен Сарым елі жеке болыс боп бөлініп шыққаннан соң да Кәдір Қояншытағайға болыстық ете берген. Орыс отарына айналған қазақ елінің өзін-өзі билеу тәртібі бұзылып, қазақы қоғамдық қатынастың зорлықпен ыдырай түсуіне байланысты көшпелі елдің малы да азайып, кәсіпсіздік өсіп, берекені алған ұрлық ұлғайған еді. Осы жамандыққа қарсы Кәдір күресіп бақты, бірақ ол патшалық Ресей билеп тұрған заманда дәрменсіз еді. Міне осы жамандықты тия алмаған Кәдір болыстықтан кетті. Бұл туралы ақын Шөже тағы да:

Өкпелеме көбіне,
Жаужан түсті шөбіңе.
Үргіш иттей шіңкілдеп,
Жаманың жетті түбіңе,-

деген екен.

Болыстықты тастағанмен де Кәдір ел ісінен бір жола кеткен жоқ. Ағайынның арасындағы дау-шардың, ұласып, ылғасып кетпеуіне, қазаққа тән жақсылықтың жойылып кетпеуіне ат салысып, ағайынға түзу сөзін айтып, үнемі Жанғұтты, Бөде, Дүйсенбай, Бәйсейттердің арасынан табылып отырған. Тайпалы елдің болысы болған, әділ де ізгілікті Кәдірдің есімін ұрпақ ұмытпай, әр уақыт еске алып келді.

Кәдір дүниеден өткеннен кейін Шортанбай жыраудың ел аузында сақталған мына бір шумақ өлеңі де соның дәлелі сияқты.

Ғаділ боп дүниеден Кәдір де өткен,
Алғысын алып жүрген талай көптің.
Дүние бір күншілік шолақ мезет,
Түбінде бар жақсыны ажал өпкен.

Әділ Кәдірден тараған Жәнібек, Мәлібек, Бәзілбек, Әшеннің ұрпақтары бүгінде бір қауым ел. Республика көлемінде белді қызмет атқарған Кенжебекұлы Қауымбекті ел ықыласпен еске алады. Бүгінде Хамитжон, Сәткен, Санаттар тағы басқалары Жезқазған, Қарағанды облысында бірталай белді қызметтер атқарып жүр. Әділ Кәдірдің арты әрқашан жақсы бола бергей деген тілектеміз.

АДАМБАЙ - ТҰРСЫН

Бесата жұртының ішінде елге ырыс болған аса ірі байдың бірі осы ағайынды Адамбай, Тұрсын. Шаңнан тараған Шолаққа тоғыз топ, немесе 18 мың жылқы біткен. Осы дәулетті шашыратпай ұстап келгендер Шолақтың балалары Адамбай, Тұрсын, Әбен.

Адамбай ел аман заманда Керней баласын жинап “Ағайын, Алла ортамызға мол ырыс берді. Мұны даланың бөрісі мен ауылдың ұрысы тауыса алмайды. Алла бөтен зұлматтан сақтасын. Мал менікі болғанмен ырыс керней балаларынікі. Алындар, жерлер. Қолдарынды қақпаймын. Тек ел болып осы ырыстың ортаймауын ойландар” деген екен.

Орыс-Герман соғысының екінші 1915 жылы орыс әскеріне жылқы керек болып, осы қалың малды айдап алған. Ере алмаған тай-жабағы Тағылының қалың бытқылында адасып қалып, ел оны жинап Адамбай-Тұрсынға қайтарғанын Бәйменұлы Көпжаннан т.б сан естідік. Айдаудан аман қалған жылқы ұлы кәмпеске алдында сол санға қайта жеткен екен.

Адамбай —Тұрсын балалары аққа да, қызылға да бағына қоймай, сан қарсылық жасаған. Оларға Ғаббастың жездесі дала көкжалы Боранқұл да көмек етіп отырған.

Тұрсынұлы Әбдіғали мандай терімен келмеген дәулетті арам санаған, өте адал адам болған. Кәріғұл ешкімнің қолын қақпаған қолы ашық адам екен. Бір жолы соғым сұрап келген ағайынға “жетелеп кет” десе, ол құр жаяу екен, оған да ат мінгізіп аттандырған.

Ұлы тәркілеуге алдын ала құлақтанғандары ілікпес үшін бой тасалап үлгерген. Төркіге Кәріғұл, Әбдіғали, Адамбай баласы Топатай ілігіп, Қостанайға жер аударылған. Сол айдаудан Кәріғұл қайта оралып, Жарықты паналап, сол жерде қайтыс болған.

Адамбайдың мазары Толағайда. Тұрсынның бейіті Қарабұлақта, басына көктас қойылған.

ЖӘҢГІР ТӨРЕ

XIX ғасырда Шет өңірінде халыққа ырыс болған, рухани өсіуіне ерекше еңбек сіңірген Жәңгір төре. Жәңгір төренің мекені Қарамұрын. Жәңгір төреге 17 мың жылқы біткен екен. Жылқыны бірінші аузына алатын қазақ төренің отарлы қойы мен түйесін есіне де алмаған.

Жәңгір төре мұсылмандық жолды қатты ұстаған, қарапайым, елге қайырымды аса мол болған адам. Жылына бір рет беретін зекеттің орындалуын қатты қадағалап, әр жүз жылқыдан біреуінің қол жайған ағайынның қолына тиуін қадағалаған. Жүзінші жылқы атақты айғыр, мама бие ме, онысына қаратпаған. Бір жылы жүзінші болып өзінің бас аты келе қалады. Жылқышылар оны бергісі келмей қақпайлаған екен. Жәңгір төре “Әй, Алланың бұйыртуы осы шығар, көне құрық салындар” деп кезегі келіп тұрған диуанаға ұстатып жіберген.

Дәмнің адал болуын да қатты қадағалайды екен. Әр келген қонаққа арнаулы ас дайындатқан. Асқа қол созған адам “бисмиллаһи” деп ұмсынбаса Жәңгір төре “бұл ас сізге бұйырмады, арамға кетті” деп дастарханды жинатып тастап, қайта дәм әзірлеткен. Мұның негізінде халықтың адал болуын, бірлік болуын, орыстың келуіне қарай азғындап ұрлықтың өршуіне наразылық, соған тиым салу жатыр.

Кенесары ханның азаттық соғысын жаныштап басқан орыс үкіметі енді халықты мұсылмандықтан кетіріп, шоқындыруды да ойластырған. Бұл жауыз саясатқа қарсылық танытып, елге мешіт-медресе салдырған тұлғалардың бірі Жәңгір төре. Медресеге жарлы-жалқыбайлардың баласын жинан, жатақханасынан тегін ас бергізген. Медреседе діни де, дүниеауы де сабақтар жүргізілгенін шәкірті болған Смағұл молладан естідік. Жәңгір аулы, мешіт-медресенің іргесі қазіргі Қр.Полянаның іргесінде жатыр.

Жәңгір төренің жылқысының басы Көкқасқа айғырды Әбен ұры алғанда

- Яапыр-ай, бұл қалай? Қазақтың ырысы ортаймаса игі еді,- депті Жәкен.

Бәке бақы төреге “Сен аштан өлесің” дегенде Жәңгірге өмірінде бірінші рет күпірлік кепті. “Малым жұртта қырылып қалса да, қазынам ұрпағыма жетерлік еді-ау” деп ойлапты. Арада бірнеше жыл өтіп, төре қылтамақ болып, ас өтпей дүниеден өткен екен.

Төрені осы күнгі Топар су қоймасының маңына жерлеп, мазар тұрғызған. Кешегі советтің шовинистік заманында су қоймасын салғанда су басып бара жатқан мазардан төренің мүрдесін алып қайта жерлеуге ешкімнің жүрегі дауламаған. Әрине, бұл бейшаралық.

Елге тұтқа болған осындай тұлғаның ауылы, ондағы үйдің орыны, мешіт медресе іргесі жұртты ойландыруға тиіс. Қайдағы бір ойдан шығарылған Красная поляна емес, бұл ауылдан Жәңгір төре ауылы болып аталатын уақыты келіп бақты.

БОТБАЙ БАЙ

Қояншытағай Ботбай байға 20 мың қой біткен екен. Қысы аса қатты, қарлы боранды Тағылы тауын мекен еткен Ботбайға осынша мал бітіп, оны бағып сақтау қазіргі жұрттың миына симас жұмыс.

Қазақ әр жақсылықты ырым көрген. Бірде тал түсте таудан ауылға қарай қашқан қара түлкі ауыл итінің абалап қарсы ұмтылғанына қарамай Ботбайдың үйіне кіріп, жасырынған. Құндыздай жылтыраған түлкіні Ботбай өлтіртпеген. “Бұл ырыс” деген екен. Сонан қаулап мал өсіп берген деседі үлкендер.

Ботбайдың малын санап, салық салуға ояз орыс өкілін жібереді. Қай сайға барса мал. Кімдікідесе, Ботбайдікі дейді. Бәрін қамайтын не шарбақ жоқ, не арқан жетпейді. Сонан санаушы орыс Ботбайға келіп, “қанша” деп сұраса, Ботекең таяғын көрсетіпті. Таяғында 18 кертік бар екен. Әр кертік мың бас мал.

Осыншама мал қыстайтын қора да болмаған. Мал үскірік аяз, боранда да талдың ығында, кигізден көтерген ықтырманы паналап жата берген. Сирақғы, тартпа құйрық, керқызыл қойлар еді. Боранға, желге қарсы жайылушы еді. Наурызда, отамалы кезінде туған арамзасын жалап-жалап ертіп кететін дейді көргендер.

Кейде малы аздау ағайынның бірі бірер тоқтыны жымқыра қалса:

- Жесін, ол соның ырысы. Қалғанының амандығын тілейік,-дейді екен, оны естіген Ботбай бай. Ботбай кеңпейілді, мол адам болған.

Баласы Кенелі енші алғанда оған 700 бас саулықты іріктеп бөліп беріпті. Сонда оған риза болмаған Кенелі:

-Азғантай мал қотанға жатпайды,- депті.

-Япырмай,мынау неткен ашкөз еді. Артының қайыры болса игі еді,- деп түңілген екен Ботбай бай.

Ботбай байдың мазары Үңірек ауылына жақын, Көшкімбай жұртының маңында.

ЕРШМАН БАЙ

Алматыдан Қарағандыға жол шекке адам Мойынтыға таяй бере мұнартқан сағымдай бой көтерген аса биік мазарға еріксіз көз тоқтатады. Бұл Арқаның атақты байының бірі Ершманның мәңгілік тұрағы.

Ершман байлығымен де, кісілігімен де, қайырымдылығыменде заманында жұрт аузына іліккен адам. “Бай бір жұттық” деген мақал бар. Көк қояны ма, мешіні ме атақты жұтта Ершманның жер жүзін алып жатқан мың сан жылқысы опат болады. Кісілік атағының молдығы, беделінің аса жоғарылығы ғой Егіндібұлақ жағының Бошандары “Ершман сауынсыз қалыпты” дегенді ұзынқұлақтан естіп, жер үй деген жерге 500 жылқы жинап беріпті. Соның 400-і бие екен. Бұл малды жинауға 7 ақ күн кеткен екен.

Ершман бай бай да орыстың дінге талас астыртын ойын жақсы түсініп, Ақылбек қажының ұрпағы елге пір қылып ұстап, қазақтың өз дінінде болуын қатты қадағалаған. Сол Башардың да кигіз үйдей дөңгелек төбесі ашық маза Ершман бейітінің жанында екеуінің мәңгі достығындай тұр.

Совет үкіметі орнар заманда Ершман ұрпақтарындағы жылқынының саны 8 мыңнан асқан. Ершманның немерелері Түсіп пен Әнбия кәмпескеге ілігіп, жер аударылған.



Тарих төріндегі аналар

ТАРИХ ТӨРІНДЕГІ АНАЛАР

Бүкіл мұсылман еліндегі аналар басына қиындық түскенде “Би Фатима - пірім” деп, Мұхаммед пайғамбардың қызына сиыну рәсімі көнеден келе жатқан үлгі.

Сол сияқты бүгінгі жұрттың көбі біле бермейтін, оқыса да халықтан аулақ қалған зиялысымақтардың папке қуғыш салтының зияны тиген, аттары аталмай келген тарих төрінен орын алған аналар Бесата жұртында да баршылық. Тайпалы елдің, не айтулы батырдың анасы, небір ақын, әнші күйші, сөзіне жұрт ұйыған шешеннің жары зерттей білсек өз жұртымыздан да табылып жатқандай.

Сол бір аналардың есімі мен ісі теледидар деген пәле азғындыққа сүйреп жатқанда келер ұрпаққа үлгі емес пе. Міне, сол аналар туралы бірер сөз қозғасак деп едік.

Қарқабат - Мейрам сопының жұбайы. Қарқабат анадан Қаракесек туады. Әнші-сазгер Мәдидің айтуымен “Қаракесек” атты әлемге әйгілі болған. Қаракесек тайпасы Арқа өңірінің небір шұрайлы тұсын алып жатыр. Қарқабат сөзіне жұрт тоқтаған ақылды бәйбіше болған.

Қарқабат өмірінің соңғы сәтінде туған-өскен жеріне барып, Арыстанбап әулиенің басына тәуеп етеді. Ол кісі сол жерде ауырып, өзін арғы атасы Арыстанбаптың мазарына жерлеуді тапсырған. Қарқабат ананың мүрдесі сол мазардың жанында. Бұл жағдайды Шәйкеннің әкесі Әлғожаға мазардың күтушілері 60-жылдары айтқан. Арыстан бап мазары Шөүілдір селосының жанында тұр.

Сұлу **Бике** - Қаракесектің бір бұтағы Бошанның баласы Машайдың жұбайы. Бұл кісіден Бораншы, Бәйімбет туады. Олардан Кәрсөн, Керней, Қояншытағай тараған. Мазары Қарамұрын мен Сұлу Мәдине бөлімшесінің аралығында.

Мәдине - Қояншытағайдың бір бұтағы Дайрабай-Жайықбайдың анасы. Мәдине мазарының орнына зобалаң жылдары лагер орнатылған. Мәдине мазары Совет Ахметовтың жол сілтеуімен табылды.

Апар-Жидебай батырдың тәрбиелеуші шешесі. Тағылы тауларынан әрі қарай асатын үш асудың біреуі Апар деп

аталады. Мазары да сол асуда болған. Жоғары Қайрақты руднигіне темір жол салғанда мазарды жол табанына күреп жіберген. Мазардың тұрған орнын Адамқұл Тұрсынұлы көрсете алады.

Қойсана - Ағыбай батырдың анасы. Ағыбай алғаш рет 14 жасында ерлік көрсеткенде “Кешікті, мен мұны 9 жаста күткен едім” деген екен. Анасына кезінде Ағыбай батыр аса сәулетті мазар тұрғызған екен. Оны 30 жылдары бұзып кірпішін пайдаланған. Мазар Қармыс орталығында. Қазір орны қоршаулы. Манатай тауының ішінде әр кез Ағыбай соғып, түнеп те кетіп жүрген қалың ағаш бар, оны халық күн бүгін “Ағыбай ағашы” деп атайды.

Дәрі - Дария кеңшарының жеріндегі кішігірім өзен Дәрі есімді анамыздың атымен аталған. Мазары белгісіз.

Сұрша қыз (Күнбөпе) - Есбайдың Бөдесінің қызы. Арап салған атақты Сұрша қыз әнімен әлемге әйгілі болған (“Заман” газетінің 1994 ж. 16.XI санын қараңыз).

Рахима ақын - XIX ғасырдың екінші жартысында өмір сүрген. Бізге жеткен бір ғана айтысы. Өмір жолын жақындары сақтамаған (“Заман” газетінің 30.XI.1994 ж. санын қараңыз).

Бақай - Жанғұтты шешеннің бәйбішесі. Мазары аудан орталығында тұр. Оның маңына 1932 жылы аштан қырылған жүздеген адам жерленген.

Талмойын - Көпбайдың бәйбішесі. Көпбайдың Сәдуақасы бұл маңда алғаш рет ағаш үй салған адам. Талмойын бәйбіше “өлгенде кірер тамыма тірімде кірер жәйім жоқ” деп кірмей, ғұмырын қысы жазы кигіз үйде өткізген.

Сыпайы - Қыздарбек күйшінің бәйбішесі. Күйшінің өмір бойы қас қабағына қарап, оның өнерінің өрістеуіне жағдай жасап отырған. Күйшінің маңына шәкірттердің топтасуына пейіл білдірген ақылды ана.

Сақай - 1931 жылы көтеріліс кезінде ері Ажарбекті құтқарып қалу үшін басын қатерге тігіп, соңынан қуып келген жас ана. Ақыры осы жолда бір жасар баласымен бірге атылып кеткен.

Аққыз - Атақты бай Құбылтайдың Ахметінің қызы. Жастайынан өнер қуған адам. Халық күйлерінің көпшілігін сақтап, бізге жеткізген. Өз жанынан ондаған күй шығарған өнерпаз. Өзін Қыздарбектің шәкіртімін деп есептеген. Мұнды халықтың көңілін күймен жебей білген аяулы ана.

“СҰРША ҚЫЗ” КІМ ЕДІ?

“Сұрша қыз” өнінің шығу тегі, оны шығарған кісі туралы қаншама даулы мақала жазылса да, бір әнмен қазақ музыка тарихына еніп, есі түзу қазақтың жадында мықтап тоятталған армандай болған ару қыз кім дегенге күні бүгін ешкімнің тісі батпапты.

Оған заман да, осы бесата жұртынан шыққан қолына қалам ұстаған азаматтардың қуғын-сүргінмен жойылуы да, сөз білетін ақсақалдардың аузын бағып, үнсіз өмірден өтуі де себепші болған шығар. Дегенмен де сол үлкендерден жинаған азды көпті материалды елге ұсынып, “Сұрша қыз” кім еді дегенді айтып, олқылықтың орнын аздап та болса толтырғанды жөн көрдік. Бұған “Халық кеңесі” газетінің 19. x. 1994 ж. санында Сұрша қыз туралы көтерген мәселе де себепші болып отыр.

Сұрша қыз өткен ғасырдың 60- жылдары Арқада өткен аса үлкен астың иесі Сазанбай Есбай пірадардың немересі. Есбайдың асы Қармыс бойында басталып, Үш Қарасуға жалғасқан. Сойылған малдың көптігінен өзен суы қанға боялып, тұншыққан балықтар шоршып ауамен дем алғанын кешегі үлкендер жыр қылып айтатын асқа үш жүздің баласынан өзге Қырғыздан Шәбден, өзбектен Бегдербек келген екен.

Шуыртпалы Сәтқазы серінің бесті қымызға қызып, жорға емес атын шідерлеп қойып қамшылап, “Есбайдың асында жорғаламағанда, атаңның басында жорғалайсың ба” дегені елге мәтел болып қалған. Есбай асында ат бәйгесінің бірінші жүлдесіне 50 жылқы, тайтұяқ, жамбы, сегіз қанат үй тігілген екен. Сол астың алдында көтерілген, қамшыдай өріліп қаланған, сәулет өнерінің бір көрінісіндей Есбайдың мазары Саржан ту тіккен жонының үстінде әлі өз бейнесін сақтап тұр.

“Сұрша қыз” атанған Күнбөпенің атасы Бөде, мырза, пірадар, бай атанған елге аса сыйлы адам болған. Міне осындай текті де, инабатты, мәдениетті ортадан шығып, тәрбие көрген Күнбөпе сұлу да тек ажарымен емес, мінез қылығымен тамсандырған ару екен.

Есбайдың Бөдесі төрт әйел алған адам. Қуанышқұл Жәмиұлы Бөденің бәйбішесі Қалдыдан Серік пен Күнбөпе туды деген мәлімет берген еді. Ал, 1987 жылы 77 жастағы Ақтай қызы Ажар Күнбөпе Бөденің екінші әйелі Әжімкеннен туады. Әжімкен онан басқа Дуанбек, Туғанбек, Молдабек, Тәттібек, Ақтай туған дегенді айтты. Қалай болған күнде де Күнбөпе Бөденің қызы, атақты Серіктің қарындасы.

Бұл жөнінде “Халық кеңесінде” Бөде деген кісінің Күнбөпе деген қызы деп дұрыс жазған. Тек осы айтылып отырған елдің мекен-тұрағы жөнінде жаңсақтық бар. Бұл ел газеттегідей “Ақмола уезі, Бұғылы болысына” ешуақытта қарамаған. Бесатаның Қояншытағай руы қай заманнан Қарқаралы уезіне бағынышты ел. Әрі “Бұғылы болысы” емес, Бұғылы тауы Есбай ұрпағының күні бүгін мекен етіп отырған жерінің аты, қазіргі Шет ауданының Шет кеңшары.

“Сұрша қыз” әні туралы дерек беруші Н. Мағзұмұлы анығын білмесе де Серіктің атын атап кетеді. Серік —Бөденің бәйбішесінен туған тұңғыш баласы. Заманында ер де, сері де болған адам. Жиі жорытушылығы болғанымен атасы Есбайдың қазасынан кейін түн қатқан жүрісті біржола қойып кеткен. Ел арасында қадірлі болған. Ел сыйлаған адам патшаның ұлықтары мен жандайшаптарына жақпайтын кезең Серікті сан рет түрмеген отырғызып, айдап жіберуге тырысқан фактілер бар. Ал, Серіктің өзі досы Қараның Өскені “Кенесарының қашқын адамдарын жасырын ұстайды деген айып тағылып, жер аууға айналғанда приговор жинаған орыстың приставигі Қарқаралыға кіре берісте қарағай ішінде аттан аударып тастап, бар документті қолша өртеткен. Бұл уақиға 18721-72 жж. болған.

Күнбөпені алып қашушы Байдалыұлы Араб пен Серік дос болған. Арабтың осы Бесата жұртына сүйек шатыс жақындығы да бартын. Әрі жақындығын пайдаланып, әрі Серікпен дос болған соң Араб Есбай ауылының адамындай сіңісіп кеткен екен. Оның үстіне Арабтың өзі де елге жағымды, сері көңіл, әнші, думаншы жігіт екен.

Міне, ел мақтаған жігітті қыз жақтаған дегендей осындай айтулы жігітпен Күнбөпе сұлуда көңіл қосқан. Күнбөпенің бұрыннан айтырып қойған жері болуына байланысты екі жастың қол ұстасып қашуынан басқа жол қалмаған екен.

Айттырыш қойған қалыңдығынан айырылған ел Арабтың соңына мықтап түскен. Араб “Халық кеңесінде” жазылғандай борышталған малын Серікке әкеліп бермек түгілі бұл елдің бетін қайтып көре алмай кеткен. Бұл жөнінде менің “Құба белдер” атты романында біраз жазылған. Араб Шорманның құдасы Шыңғыс төренің Жақыбын паналайды. Жақып Күнбөпе сұлуға қызығып, Арабты ұры деп қаматады.

Неше қилы жала жабылған Араб түрмеге түсіп, ақыры айдалып кете береді. (Қаз.Академиясының кітапханасының қалған қоры. Фонд № 331). “Сұрша қыз” әні Араптың шығарғаны дегенді үлкендерден бізге де жеткен сөз. Тіпті бұл әннің текстісінің өзі тек Араптың көңілінен шыққан екеніне еш дау туғызбаса керек.

“Ер жігіт кейде малды, кейде малсыз” - деп Арап өз жағдайынан хабар берсе, Қайырмасында:

Ішімді оттай жандырды-ай,
Ғашық болып қосылған.
Құмарымды қандырды-ай,
Сөйтіп жүрген Сұрша қыз,
Көңілімді қандырды-ай,-

дейді.

Сұрша қызға қосылмақ түгілі маңайлап көрмеген Жаяу Мұса, атын естігені болмаса, таныстығы шамалы Балуан Шолақ жағдайын ашық айтқан өлең шығарды деуі қисынсыз емес пе? Тіпті әрі тексте:

Неше жыл жүрсем дағы мен айдауда,
Шыдаймын, қажымаймын денім сауда -

деп Араб басына түскен тауқыметті аян ете отырып,

“Дәм жазып, осы жолдан аман қайтсам,
Сұрша қыз кездесрміз Баян тауда”

деп, үмітті уәдесін де білдіреді.

Міне, осы әнді бірде Балуан Шолақ, бірде Жаяу Мұсаға апарып телу моды болып жүр. Басына осындай қиындық түскен азаматтың әнін Балуан Шолақ та, Жаяу Мұса да орындап, елге жеткізуші болса керек. Әр әншінің орындауында әлі қалыптасып үлгермеген әннің ырғағы өңделіп, сол орындаушының мәнеріне жақындайтыны айқын дүние. Ендеше “Сұрша қыз” әнін бұлталаққа сала бермей негізгі авторы Арабтың өзіне берген ләзім.

Сұрша қыз - Күнбөпе ұзақ жасап, 1932 жылы 92 жасында дүние салған екен. Төңкерістен бұрын Күнбөпеден туған жиені нағашы жұртына қатынасып та тұрған. Кейінгі аласапыран уақыт тұсында бұл байланыс үзіліп қалғанын үлкендер әлі де айтып отырады.

Араб айдалып кеткен соң да Күнбөпе Жақыпқа көнбей Көкшетау жақта тұратын Өскеннің Нұрқан деген баласына қосылады. Оның Сейтқали, Жанәбіл деген балалары болған.

ТӘУМІШ

Қазан төңкерісінен кейін тым ұзаққа созылып кеткен патшалық Ресей езгісінен құтылдық па деп дала да, кең жазираның халқы ешкімнің көзі жетпес де”әйтеуір ел болармыз, өз тізгініміз өзімізде болар” деген үміт талайды алға жетелеген.Тек бұл үкімет байларға қарсы екен деген жағдай көңілге еркін қона қоймаған. Байдан орысшалап кеткені, солардың салтымен ағайынға азу көрсеткен бар болар, дегенмен қаладан алыс жатқан ауылдағы бай осы жұрттың ырысы еді.

Осы ауылға келін боп түскен Тәміш Асанбек бай үйінде күбі пісіп тұрған. Бүгін осы ауылға қызыл деген өкілі келеді екен дегенді құлағы шалған. Ауыл абыржулы. Байларға тиіседі екен деседі. Қазақ салтын тастай беріп, кісі өлгендей ауылға шауып кірген үшеу ортадағы ақ үйдің алдында ат тізгінін бір-ақ тартқан. Төрге жайғасып, сусындап барып, күбі піскен Тәумішке көзі түсті.

- Сен кімсің?

- Күбіні неге пісесің?

- Жалшымын десем нанар ма едіңдер?

- Е, іздегеніміз сендей адам. Аты-жөнінді айт, кәні.

- Кәрсөн,- Аралбай Ахметтің қызымын,атым Тәуміш, 1902 жылы туғанмын.

Қазына тіркеп, шанқалап кеткендердің соңынан Нілді мен Спаскеде ағылшын қарамағында жұмыс істеп,болшевиктер қатарына өткен Алтыбай, Тұңғышбек, Сыдандар жетті.

- Жалшұымын дедің, ә- деп Тұңғышбек күлді.

- Сенің әкенің ағасы Әлжан Кәрсон Аралбайдың белді билерінің бірі еді-ау.

- Келіні емеспе, Асанбектің деді содан.Алтыбай желкесін қасып, и бопты, осы да жетеді бізге деген, Сонымен Тәуіш осы мандағы ауылдардың жаңа үкіметті қолдаған адамы болып шыға келген. Старшын, болыс дегендер “не айтады” деп мұның бетіне қарайды.

Әуелде бұл маңайдың жиналысы Тәумішсіз өтпейтін еді, келе-келе ауданға сүйреді. Құдай берген тілі, табиғи өткірлігі талай іске жетеледі. Біреудің біреуге зорлығы, екінші, үшінші тоқалдардың арызы дегендерді шешуге қойып кеткен. Мұндай адам бізге аса қажет деп 1928 жылы партия қатарына алынды. /1978жылы партия қатарында 50 жыл болғандарға арналған медаль алған/.

Жаңа үкіметтің жер-жердегі кадрларының тапшылығы да болар ұлы тәркілеудің тұсында Тәумішті осы шараға қатысу

алдында Ақғоғай ауданына жіберген. Нендей шараны жүзеге асыру екенін түсінген және Шет ауданы коммунисттерінің ішінде аса белдісі Көпжан Бәйіненұлының бұл жағдай қазақ үшін аса қатерлі екенін айтқанын да сан естіген Тәуміш іштей қатты қиналды. Кейбір сенуте болады-ау деген адамдарға “байлар малын ағайынға, бөліп біразын тығып тастағаны дұрыс” дегенді де емеурінмен жеткізген.

Осы жылдар Тәуміш Ахметқызы астанада Елтай Ерназаровтың қабылдауында болып, Қаз ЦИКтің мүшелігіне сайланып, Қаз ЦИКтің жиналыстарына қатынасып, пікір білдіріп, көзге түседі.

Кәмпескеге ұшыраған байларға да қолынан келгенше көмек етеді. Осы Бесатаның бір топ байы Қарқаралының түрмесінде жатқанда, өзінің Қаз ЦИКтің мүшелігін пайдаланып, оларға тамақ жеткіздіріп өзі күбісін піскен Асанбек, Қасенбек, Жәңгірлерді түрмеден алып шығып жуындырып, киіндіріп жібереді. Соңынан олар айдалып кеткен.

1931-32 жылдары Тәуміш сол кезде Шет ауданына қараған /6-Қорғانتас ауылдық кеңесінің төрағасы болып сайланған. Бұл аудандық кеңеске Ақши, Қызылтас, Жалаңаш, Чапай колхоздары қараған екен. Төрағаның орынбасары болып Әкімбек Жақанов, онан кейін Жақынбеков Сүлеймен істеген. Сүлеймен ақсақал өзінің бір жолы ауыл кеңесінің ақшасын жоғалтып алып, ит қылып кете жаздағанын, оған Тәуміш ара түскенін айтады. Сол кезде Тәуміш жас босанып отырса керек, “мен кінәлімін, нәрестелі болып, ақшаға ие бола алмай қалдым” деп істі тоқтатып тастағанын еске алады.

Жиырма сегізінші жылы ірі байларды жаппай тәркілеу кезінде бар қазаққа ырыс болған мал айналдырған екі-үш айдың ішінде із-түзсіз жоқ боп кетті. Енді кезек “құлақ” атанған орташа шаруаларға тиді. Орташаның есебіне бірер қарасы бар кедейлер де ілікті. Бұл саясат қазақтың малын алу емес, қазақты ұлт ретінде жер бетінен көшіріп жіберуді ойлаған ұлы орыстың шовинизмнің нақты көріністі жалғасы еді. 1931 жылы-ақ ел арасына ішнары аштық кіре бастады. Кешегі күннің не боларын ойлаған ел жаяу-жалпы көтеріле бастаған. Бұл кезде Тәуміш Ахметқызы Ақтоғайда қызметте еді. Көтерілген халық аудан орталығына іліккенде ГПУ Шишов терезеден қашып шығып Тәуміштің атқосшысы Сәуледе тұратын Жәмшібайдың арбасына мініп, Шет ауданына қарай зытқан.

Осы кезде қызметін Шет ауданында қайта жалғастырған Тәуміш отыз екінің қырғыны кезінде аштарға қолынан келгенше көмек ұйымдастырды. Қатпар, Айғыржал колхоздарына

асажақсы Тоқырауынның ақбидайын әкеліп, соны ектірудің басы-қасында болды. Келер жылдары ақ бидайдың бұл тұқымы ауданның барлық колхоздарына тарады.

Осы халқымызға аса ауыр кезеңде панасыз қалған жетім балаларды жинап, оларды интернаттарға орналастыруға қатынасты. Солардың бірі бүгінде Тасаралда тұратын Бокай ақсақал аштан бұратылып жатқан өзін Тәуміш апайдың тауып алып, Спас зауытының мектеп-интернатына өз қолымен орналастырғанын күні бүгін еске алып айтып отырады.

Ерекше білімі болмаса да жігерлі ісімен көзге түскен Тәуміш Ахметқызы отанымызда болып жатқан көптеген жиын, саяси шараларға қатынасқан. Соның бірі 1933жылдары Семейде бүкіл Ресейлік староста Калининнің қатынасуымен өткен әйелдер съезіне делегат болып, сол съезде әйелдер проблемасына өз пікірін білдірген.

Арнаулы білімнің жоқтығына қарамай Тәуміш Мырзабекованы жұмысқа аса қабілеттілігіне байланысты сол кездегі аудан басшылары аудан көлеміндегі жақсы жұмыстарға пайдаланған. Ол кісі 1934-35 жылдары аудандық атқару комитетінің төрағасының орынбасары болып қызмет атқарса, 1938-41 жылдары Шет аудандық Партия комитетінде әйелдер бөлімінің меңгерушісі міндетін атқарған.

Соғыс жылдары Тәуміш Мырзабекова, жаңадан келген басшылар қырынан келді ме, әлде не себеп, ол арасы белгісіз қызмет бабында төмендейді. Ол соғыс біткенше Қарасаз колхозында ферма меңгерушісі, онан кейін Айғыржал колхозына ауысып түрлі шаруашылық жұмыстардың басында болды.

Тәуміш апайдың қызы Тиыштық Шет ауданы бойынша Маясар ақынның демеуімен ең алғаш ашылған мектептің бірі Айғыржалдағы жеті жылдық мектепке Қозы деген жерден келіп оқығанын еске алады.

Өмірінің соңғы шағында ол кісі Айранда мұғалімдік қызмет атқарған баласы Қойшыбайдың қолында ғұмыр кешіп, 1986 жылы осы өмірден озған. Ол кісінің Ықыш, Қойшыбай, Тиыштық есімді балалары заманына орай тәуір қызмет істеген жандар.

ДӘРІ-ДӘРИЯ

Қарағанды-Жарық жолында бір кезде паравозды да жөндеген депосы болған Дария станциясы түрі “Дария” дейтіндей атақты өзені болмаған соң да атауының жөнін

сұрай-сұрай, оның түбі Сазанбай батырдың баласы Атамбайдың бәйбішесі Дәріге тірелген. Мұны айтушы көне көздер. Дәрінің мазары туралы мәлімет бере алмаған. Ойда жоқта Дәрия тұрғаны Мәшкен ақсақал “Дәрі” бейітінің орыны бар деген “Осы, сіз, іздеуден шаршаған жоқсыз ба”-дегенді сан естігем. Шаршар едім, қолымнан қаламымды, көкейдегі жүрегімді алып кетер әлі азамат шықпай жатыр.

Дәріге жол түсті. Мәжікен ақсақал биыл сексеннің жетеуіне шығып отырған Райымкүл қарияны ертті. Рекең осы маңның көнекөз тұрғыны екен. Рекең Дәрі бекетінде өткен ғасырдың соңғы ширегі мен осы ғасырдың ортасына дейін өмір сүрген Жұмақ ақсақалдың/80жасында 1950ж қайтыс болып-ты/ тұрғанын айтады.

Керілік жеңе бастаған Рекең Дәрі деген бір білікті әйелдің өзінен бұрынғылар айтатынын сөз еткен. Әттең, мазарының қай тұста екені есінде қалмаған. Жалғыз үйлі бекет үйін, ауыз-су ішер құдығын көрсетіп жүр. 100-150 метр жердегі аумақты атқора орына жатыр. Онда 40-50 ат болған екен. Атқора ішінде де құдық. Өспеннен кіре тартқан жұрт мұнда соғып, Спаськ өтсе, екінші жағы Балқаш жағалап кетсе керек.

Бекеттің алды ат бойы қалың қараған, мал қыс бойы сонда жататын еді,- дейді ақсақал.

Біздің айналып сұрай беретініміз Дәрі, Дәрінің мазары. Оның жөнін енді ешкім тап басып айта алар ма. “Бай қызының мазары бар” деседі ғой ақсақал, көңілдерінде “сол болмаса ”деген сауал тұрғаны да анық оны тағы бізге кім дәлелдеп берер. Кешегі карлаг адастырып кеткен атауларды енді кім жөндер.

Хасен ақынның “Көзбала” дастанындағы Көзбаланың шешесі Меруерттің мазары Шортандының төменгі ағысында деген дерек бар. Сол жерді бүгінде “Бейсен қатын”деп атайды дейді ақын.Үңірек ауылының дәл іргесінде тұрған сол мазарды, не “Бейсен атанған” жерді көрсетіп үлкен-кіші таппай қор болғаным бар. Ақыры оны Ақой тұрғыны Бораш Майтанның сызуымен нақтыланған едім.

Өткенімізді білейік дегенге әлі салқынбыз. Біз, бүгінгі үлкендер, осыны айтып, зерделеп қалмасақ келер ұрпаққа атабаба жақсылығын кім жеткізеді. Бүкіл Қаракесектің ұраны болған Қарқабат ананың мүрдесі Арыстанбап әулиенің мазарында екенін, ол ананың әулиеге туыстық қатынасы барын біреу білер, көбі білмейді.

Бір тайпа елдің анасы болған Құрақ бәйбішенің есімін сонан тараған ұрпақтың көбі білмейтіні таң қалдырды. Атақты Бөгенбай батырдың қызын ел мінезінің ауырлығына, денесі-

нің молдығына орай Борсылдақ атап кеткен екен. Шын есімінің Қырғи екенін білеміз бе? Сол ананың мүрдесі Ақшатау Маңындағы “Борсылдақтың жоны” дегенге үстіртте екенің тағы да ұрпақтарының білмейтіні, оны әзірге көзі тірі Қаппар сияқты көнеден бір сұрамағандары қынжылтады.

Есті әйел елдің сәні, ақылды әйел ауыл сәні, сұлу әйел жарының сәні дейді екен. Ғасырлардан өтті, есімі бізге жеткен аналар жан сұлулығымен, ғажайыш ес, ақылымен әйгілі аналар емес пе.

Сондай аналарды ұмытпағанымыз - құрметтегеніміз болар.



Азаматы Алаштың. Дін тірегім: мешіттер, қажылар

ШЕТ ӨҢІРІНДЕ АЛАШ ПАРТИЯСЫНА МҮШЕ БОЛҒАНДАР

1. Ахмет Әбдірайымұлы
2. Рахымбай Сапақұлы
3. Асылбек Сүлейменұлы
4. Диа қажы-ақын
5. Оспан қожа
6. Күмісбек молла-ақын Ханбатырұлы
7. Ахметжан Талпақұлы
8. Ысқақмолла
9. Тұрысбек қажы Игілікұлы
10. Айса Токтарбекұлы
11. Бодаубек Райымбекұлы
12. Орынбек Бекұлы


ШЕТ ӨҢІРІНДЕГІ МЕШІТТЕР

Жидебай мешіті - Кеншоқы
Жанғұтты мешіті - Ақсу-Аюлы
Жәңгір төре мешіті - Красная поляна
Жәнібек қожа мешіті - 401 жылдық ауылы
Асқазандағы мектеп - Шет, Бұрма
Ыбырайым қожа мешіті - Ақшоқы ауылы
Жүніс қажы мешіті - Ақсу-Аюлы ауылы
Ахмет қажы мешіті - Қызылтау ауылы
Ақ мешіт - Дінасыл қожа мешіті
Көшім қажы мешіті - Босаға ауылы
Шаққан қажы мешіті - Қызылтау ауылы
Ақмұстафа мешіті - Қызылтау ауылы

ШЕТ ӨңІРІНЕН ҚАЗЫЛЫҚҚА БАРҒАН ЕЛ ЖАҚСЫЛАРЫ

1. Жанғұтты шешен - Нұра бойы
2. Жәнібек қожа - Тағылы
3. Аманбек Бүркітұлы - Тағылы
4. Әмет қажы - Тағылы
5. Ыбырай Күзенбайұлы - Талды
6. Ақболат Жанышұлы - Талды
7. Баймен Тәңірбергенұлы - Талды
8. Сәтемір қажы - Бұғылы
9. Мұқатай қажы - Тағылы
10. Жексенбай қажы - Тағылы
11. Ақбас Қалпе - Тағылы
12. Жүніс қожа - Нұра бойы
13. Көшім Тарпанұлы - Босаға
14. Үсен Кенжеғараұлы - Босаға
15. Тышқанбай қажы - Босаға
16. Жылдыбай қажы - Жаумен
17. Кенжебек қажы - Жаумен
18. Тұрысбек қажы - Нұра бойы
19. Шыныбек қажы - Нұра бойы
20. Тәти Тоғайұлы - Ақшатау
21. Диа қажы - Ақшатау
22. Хасен Ботайұлы - Ақшатау
23. Оспан Өтебайұлы - Ақшоқы
24. Түсіп Өтетілеуұлы - Ақшоқы
25. Құтпан қажы - Қызылтау
26. Сәрсенбай қажы - Мойынты
27. Елшінбек қажы - Мойынты
28. Әкімбек қажы - Мойынты
29. Ақбұзау қажы - Мойынты
30. Құли қажы - Мойынты
31. Әйеш Шолақұлы - Мойынты
32. Жексенбі Дауылбайұлы - 10 ауыл
33. Қаман Есенқұлұлы - 10 ауыл
34. Мұса Бейсенбіұлы - 10 ауыл
35. Тикен Қошанұлы - 10 ауыл
36. Өскенбай Қонақұлы - 10 ауыл
37. Жолды Биенұлы - 10 ауыл
38. Ахмадияр Дуанбекұлы - 10 ауыл
39. Оңбай Аманжолұлы - 10 ауыл
40. Алтын Байғожаұлы - 06 жыл

41. Гүлбадан Қасымтегі - 06 ж
42. Рашид Жүнісұлы - 06 ж
43. Дүйсен қажы - 06 ж
44. Шәкәрім Мұхамеджанұлы - 06 ж
45. Болат Әбдірахымұлы - 06 ж



Дәрісі дәру, шипасы ем

ШЕТ ӨҢІРІНДЕ ӨМІР СҮРГЕН БАҚСЫ-ТӘУІПТЕР

1. Бөдес бақсы XIX ғасырда өмір сүрген. 18 мың жылқы біткен Жәңгір төреге “сен аштан өлесің” деп, ажалынан бес жыл бұрын “Қылтамақтан” өлетінін айтқан жауырыншы. Жауырынын бәйгеге қосқан. Зираты Кеңшоқы ауылында.

2. Мергенбай Тәуіп XIX ғасырда өмір сүрген. Шептен алуан түрлі дәрі жасаған. Ем қонбайдың делінетін “Көкала” ауруын түйенің қу басымен емдеп жазған. Жас қосылған жұбайлардың бетіне карап отырып “бірін-бірі қимайды екен. Келіншегінің бергі жағы сызық болғанмен арғы жағы бітеуге жақын екен” деп кішігірім операция жасаған деседі үлкендер.

3. Мұқай Текмұхаммед - жын оқыған. Алты адамға әл бермей байлап әкелген ауруға жеке үй тіктіріп, қол-аяғын шештіріп, кітаппен екі-ақ жасқап бағындырған. Алдына келген ауру үш не жеті күнде құлан-таза жазылған. Жын оқыған кітабы ұрпақтарының қолында сақтаулы. Дүниеден 1932 жылы қайтты.

4. Беласар тәуіп. Жарылғап батырдың баласы Бәзілбектің мұрынына жегі түскен. Оны алмас қолданып жазған. Кешубай Жолданның “жігітшіліктен” тапқан ауруын сынап түтетіп емдеп жіберген. ХҮІІІ-ХІХ ғасырда өмір сүрген.

5. Мырзақожа тәуіп-1932 жылы қайтыс болған. Шөптен неше алуан дәрі жасаған. Алмас, сынапты ретімен пайдаланған. Құлғана-мерез ауруларына операция жасаған. 1926 жылы шамасында К. Әукебай деген кісі қауіпті жыныс ауруына ұшырағанда өзі жасаған дәрімен укол салып, сынап түтетіп үш күнде жазып жібергеніне Әбдіғали ақсақал куәгер болған.

6. Мұсабай тәуіп Бұхар барып, дін оқуын бітірген. Ауру адамды үйінде отырып қандай науқас екенін айтып отырған. Көне бақсылық жолды да меңгерген. Қатерлі ауруға ұшырап бет-аузы қисайған Нарымбек болысты бақсылық жолмен емдеген.

ТӘУІП

Жасым 78-де. Халық емшісінің аты ұмытылмасын деп, ел кешегі заманда қалай емделгенін білсін деп жазып отырмын. Өзім көрген Мырзақожа тәуіпті Қояншытағай, Сарым, Кәрсөн-Керней, Әлтекенің бұрынғы өткенінің білмейтіні жоқ. Сол кісінің өзім көрген емшілігін айтайын.

1928 жылдар шамасы еді. Анамның жамбасынан жара шығып, күнді-күнге, танды-таңға ұрып зарлап, үй іші ұйқыдан айырылды. Әкей Мырзекең тәуіпті шақыруға кетті. Ауыл арасы алыс емес. Саржал тауының күнгей бетінде біздің қыстақ “Қотан ағаш” деген жерде тәуіптің ауылы. Бірақ Мырзақожа тәуіпті табу киын. Қай ауылда ауру шықса, қос атпен келіп алып кетеді. Әкей екі-үш күнде Мырзекеңді тауып әкелді.

Үйге кіре Мырзекең “Әкіжан-ай, танымай қалдым ғой, өлуге айналыпсың ғой” деп шала шешініп, шешейді қарауға кірісті. Жарасын көріп, әкейдің ағасына “балаларды үйден шығарып, екеуін маған көмектес” деген. Мен жылап, анамның қолынан ұстап шықпаған соң, “жарайды отыра берсін” деді. Әкейлерге анамды қимылдатпай ұстап отыруын тапсырып, қандауырын суырып алғанда, мен бетімді басып қалдым. Жанағы жарадаң тәуіп бір шәйнекке жуық қанды ірің алып, “енді болмаса ішке кетуі мүмкін екен, бұл сан жара, қатерден қалдың Әкіжан” дегені әлі есімде.

Екінші оқиға 1930 жылдары болды. Тағы да анам басынан ауырып, зарлайды да жатады. Қыс айы. Тағы да сәті түсіп Мырзекең тәуіп келді. Анамыздың мойнына орамал салып, екі иығынан бастырып отырып, дәл төбесінен қан алды. Артынан “Әкіжан, енді көп жасарсың, мына ауруың өте қауіпті еді, адам тез жүріп өліп кетеді. Тамырды жарып қан алдым” дегені есімде. Сонда тәуіптің сол жасағаны осы күнгі қан қысымына қарсы жасаған ем емес пе екен деп қазір ойлаймын.

Көзім көрген үшінші бір оқиға да біздің ауылда болған, еді. Жаз мезгілі. Жайлау, кигіз үйдеміз. Мырзекең келді деп ауыл адамдары бір үйге барып жатты. Сол үйде бір қыз бала ауру екенін білетін едік. Әлденеден ұшынып, сол қыз құлақ ауруына ұшырап, тамағы іріндеп кетті деп естиміз. Сол ауруға тағы Мырзекеңді алдырған екен.

Тәуіп далаға шығып, үйдің маңынан бізді алыстаттырып тастады. Тәуіп үйге кірген. Бір мезгілде баланың шыңғырған дауысы шыққан еді, біз қорқып далаға бездік. Кейін әкейден “Қыздың мойнына әлдене дәрі жағып, орамал салып сыртынан сықырлатып шайнағанда зорға отырдық” дегенін естідік. Сол қыз сонан құлан-таза жазылып кетті.

Айғыржал тұрғыны Әбдіғали марқұм да Мырзекеннің бір емшілігін айтатын. Тағылының осы жағын мекен еткен ауылдар ертеден егіншілікпен шұғылданатын. Бір жыл тұқым аздау болып, мұжықтардан қосымша бидай алуға Мырзекен Әбдіғалиды ертіп шығады. Мезгіл көктем. Күн жаңбырлы. Түн ішінде бір ауылға келіп рұқсат сұрайды. Мырзекеннің атын естіген үй ішінен “Е, Құдай өзі келтірді, сәтін сала көр” деген дауыс естіледі. Үй иелері аса жақсы қарсы алып, ертемен ауру жігітті қарауын өтінеді. Ауруды қараған тәуіп «Үш күнде жазуға болады “ дейді. Сонан үй иелері тәуіптің бара жатқан жұмысына басқаларды жұмсап, өзін ем етуге алып қалады. Жігіт /бұл Кенжин Әукебай екен/ астана жақтан ауырып келсе керек. Мырзекен әуелі сынап түтетіп, сонан кейін дәрі жіберетін түтікпен қуығына өзі жасаған дәріні құйып емдеген. Үш күннен соң жігіттің келіншегіне “шырағым, енді өзің көрсен” деген екен. Үй иелері аса риза болып, ат мінгізіп, шапан жауып Мырзекенді аттандырған екен.

Мырзекен ажалдың нағыз арашасы еді. Бүгінше айтсақ “профессор”, халықтың түсінуінде “емшілік қонған адам”.

Жай отырғанда ол кісінің қолы дірілдеп, дамыл таппайтын, қолына зат ұстаса діріл басылатын. Ол жағдайы да бойына біткен қасиетке байланысты сияқты еді.

ЖАУЫРЫН АШУ

Қазақта көне дәуірден келе жатқан, әрі тылсым сыр ретінде танылған мұраның бірі - жауырынмен бал ашу. Қойлыбай бақсы бәйгіге қобызы қосыпты дегенді ерекше айтады. Бала бақсы қобызын тартып, жауырын ашып, “Сарсудың бойы сынсып тұрған көк көз, сары бала, өкіріп кара бұқа кетіп бара жатыр” деп өзі тұра кашады екен. Қара бұқасы паравоз деседі бүгінгі үлкендер.

- “Қара мес” деген киелі иесі бар Дембі бақсы туралы да талай аңыз елдің құлағында. Кешегі қазақ-қалмақ соғысын да жауды жаяу өкшелей қуған Есей мен Жидебай қалмақ жауырыншысын алдап, бөркі мен шапанын теріс киіп, ұлтарағын теріс салып жүргенін ел жыр қып айтады./Бұл жөнінде “Құба белдер” романында толық жазылған/.

Атақты Бөкес бақсы 17 мың жылқы айдаған пірәдер, жомарт бай Жәңгір төреге ажалынан бес жыл бұрын “сен аштан өлесің” деген екен.

- Малым жұттан қырылса да, басқа қазынам өзім түгілі үрім-бұтағыма жетеді, мен қалай аштан өлем,- деп Жәңгір күпіршілік еткен екен.

Айтулы мерзімде Жәңгір төре қылтамақ болып ауырып, ас өтпей қалып қымыздың лебімен ғана отырып:

- Бақсы дұрыс айтқан екен. Аштан өлді деген осы,-деп шұрқыраған малымен керегенің көзінен қош айтысып көз жұмған.

Кешегі өткен көне көз қарияларды көріп, тәлім алған Сәкен Көпжанқызы кезінде тәуір домбырашы да, айтқаны келген құмалақшы да болған екен. Ол кісімен қазақтың бүгінде ұмыт жауырыншылық туралы, өзіміз біле бермейтін көне мұра тегінде сөйлесудің реті түскен еді. Енді соны, көне балгерлікті зерттеуші, не соның жолын қуушы болса кәдесіне асырсын деп тасқа басқанды жөн көрдік.

Үміт күтер баласына әкесі ол дүниеге келе жауырын арнайды екен. Бала жасынан елендеп өскендіктен мұны сан естідік. Бақсылық жолға арналған жаурын кез-келген қойдікі бола бермейді. Біріншіден ол қойдың жасы төрттен кем болмауы керек. Екіншіден ол қой жұма күні туып, тек жұма күні ғана сойылуы қажет. Міне осындай қондың жаурынына пышақ та, тісте тигізбей етінен айырады. Болашақ бақсы болады деген сәби алғаш рет анасының сүті мен емес, осы жаурынмен ауызданады екен /тілімен жалатады/.

Сол жаурынды бала 10 жастан асқанша көрсетпейді. Бала жаурынға түскен суреттен қорқып, шошымас үшін оны андасанда баланың алдына бірер сәтке ғана көрсетіп, қайта жасырып, жеткіншектің бойын үйретеді екен. Әйтпесе жаурындағы көрінісімен шошыған бала елден қашып кетуі де мүмкін.

Өзіне арналған жауырыннан бала көремін деген көріністі айнадағыдай көретін болса керек. Осылай өзіне арналған жаурынмен бақсы жаурынды отқа қақтамай-ақ бал ашып, көргенін баяндай береді екен.

Сәкен апайға міне осы туралы кезінде жаурыншылық еткен еткен үлкендер мағлұмат берген.

Жаурынды отқа ұстарда шимен үш жерден сызып белгі салып, қақтау да бар. Егер жауырын сол сызықтың бойымен жарылып сынса жақсылық, болмаса қатер деп жорамалдайды деседі. Сойылған қойдың жаурын етегі кең болса бал аштырушының айналасы, ұрпақты болады дескен. Жауырынның қазандығының тереңдігі, көлеміне, оған жұққан түгін датына қарап та болжам айтқан.

Сәкен апай “қазақ жауырыннан басқа мал сүйегін отқа

қақтамайды” дейді. Мал сүйегін отқа жақса, онда тірі мал ауырып, қасірет тартады деген қазақта ұғым болған.

Әрине, біз осымен атадан балаға мирас боп, ел сеніміне ие болған жауырыншылық туралы соңғы сөз айтылды дегеннен аулақпыз. Ұмыт болуға айналған осы бір мұра туралы білетіндеріңіз болса жазсаңыздар көненің қайта түлеріне үлес болар еді.



Қазақы қалпы

ЕСБАЙДЫҢ АСЫ

Орта жүздің Бесата жұртында 1864 жылдары берілген ең соңғы да, ең үлкен де ас. Есбай халыққа сөзін өткізе білген білікті адам, Есбай бай, Есбай пірадар атанған адам. Орыстың отарлау саясатына қарсы, Саржан төремен жақын, пікірлес болған. Кенесарының ағасы Саржан Бұғылының күншығыс жақбергі баурайын екі жылға жуық мекен етіп, Бесатаның қолдауымен Қарқаралыға жорық жасап, орыстың үрейін алып тұрған. Осы кезде Есбай Саржан төреге барынша көмек еткен.

Есбайдың асына үш жүздің өкілдерінен басқа Қырғыздан Шәбден келген. Шәбденнің осы елге жиендігі бар екен. Өзбектен Бегдербек қатынасқан. Асты Бәсейіт би басқарған. Өзен жағасына таяу қазылған жерошақтарда піскен асты ыңғай торы, не боз, не қара, не шұбар атқа мініп, топ-топқа бөлінген жігіттер, ат үстінен табақтасып, жұртқа құрмет еткен.

Асқа жиналған елде шек жоқтай екен. Асқа келген Ағыбай батыр найзасының үстінен қарап “тек мына тұста 10 мың адам тұр-ау” депті. Ас қамы үшін он шақты үйір жылқыдан басқа екі мыңнан аса қой сойылған. Сойылған малдың көптігінен Қармыс өзені “қанға боялып, тұншыққан балықтар шоршып ауамен дем алған” деседі үлкендер. Асқа қатынасқан Сәтқазы сері қымызға қызып, атын өрелеп айдап “Есбайдың асында жорғаламағанда атаңның басында жорғалайсың ба” деген.

Астағы аламан бәйгеден Бесатаның өз аты озып келсе де бәйгіні ұлы жүзге, II-жүлдені кіші жүзге бергізген. Бұл туралы Шортанбай жыраудың:

Байсейіт бас төреші халқы сенген,
Тәбекең, Ескене мен соңына ерген.
Жанғұтты бас бәйгені өзі берген,
Екіншіні жетелеп Кәдір келген
Орта жүз “той біздікі, алмаймыз” деп,
Үлгі еткен өнегені былайғы елге -

дегені сақталған.

Озған қояншытағай Шылтанбектің торы аты, оқ бойы алда келген. Астың бас жүлдесіне 50 жылқы, 8 қанат үй, тай тұяқ жамбы тігілген. Осы аста айтыс та өткен екен. Көненің білгірі, құйма құлақ Сырымбеттің Қасымы Сарым Әбіш дегеннің осы аста елін мақтап:

Байсейіт, Жанғұтты мен Шортанбайым,
Дүйсенбай, Қара жүрсе бар ма уайым.
Бірі құт, бірі ділмар, жырау мен би,
Орысқа сес көрсеткен Ағыбайым,-

детенін жеткізген.

Ас берілген Саржанның жотасында Есбайдың мазары тұр. Мазар қамшыдай өрілген, аса сәулетті құрылыс. Оны салуға шеберді Алтай жағынан алдыртыпты. Бесатадан Ақтентек сері басшылыққа қойылған екен.

ӘЖІ ТӨРЕНІҢ КӨПБАЙДАН АТ СҰРАТЫП АЛУЫ

Қазақтың қаймағы бұзылмаған заманда сөз шеберлері өз пікірін тұспалдап, мысалдап жеткізудің шыңына шықты десе болады. Оны үйсін Әли төренің Көпбайға айтқан сәлемінен де көруге болады. Әли төре:

Сәлем айт, Көбекене бір ат берсін,
Құйрық жалы төгілген құр ат берсін.
Боздығы Бұхардың бөзіндей болсын,
Естілігі көненің көзінбей болсын.
Қимастығы Қара менен Бәжендей болсын,
Әділдігі Дүйсенбайдың жеңіндегі бізіндей болсын,
Көрегендігі Шортанбайдың көзіндей болсын,
Жорғалығы Жанғұттының сөзіндей болсын,
Семіздігі Көпбайдың өзіндей болсын,-

деп Бесатаның бар атын атап бір ат сұратқан екен.

Жолдан жығылуға болмайды. Көпбай болыс та, басқалар да сабылады. Көп әуреде түсіп жүріп, ақыры Мәті-Дәулен дегеннің жылқысынан сүттен де әппақ ақ шаңқан ат табылады. /Дәуленнің мазары Қайрақты өзенінің бойында, аяқала қыстағына жақын/ Жүген-құрықтимегеніне әлденеше жыл болған аттың жал құйрығы да төгілген, шекесінен бұрыла қараған кейпі де аса сұлу екен. Дәуленде 3 мың қара көк жылқы бар екен.

Әжі төренің жігіті де ат табылғанша елге қонақ болып жатқан. Оның жанына осы елдің екі жігітін қосып, ат аса семіз болғандықтан түнгі,кешкі салқын мезгілде ғана аялдатып баруды тапсырып,жетектетіп жібереді. Атты апарушылар ылғи салқында жүріп Хан тауына да жеткен. “Елге келіп қалдық қой, осыны бар жорғасына салып көрейік” десіп, Шуға қарай айдай жөнеледі.Біраз жүрген соң қабырғасына табан май жиналған ат қабырғасынан сөгіліп өледі. Мұны естіген Әжі төре қатты қапа болып, “Әттеген-ай, сұрағаным ат емес, қыз еді ғой. Сүйек жаңғыртсақ деп едім” деп өкінген екен.

Құр ат берсін дегені бесік көрсе де есік көрмеген қыз болсын, Бұхардың бөзіндей дегені сұлулығына пәктігі сай болсын,көненің ізіндей дегені ата-дәстүрді бойына жиған есті қыз болсын, қимастығы Бәжең мен Қарадай дегені Бәжең мен Қараның балалары елге берген малды жолдан тосып ұстап қалатынындай Алла берген ырысқа ұқыпты болсын, Дүйсенбайдың бізіндей дегені ауылдасының ұрлығынан жаны қысылып, жаман атқа қалмас үшін жеңіне тыққан бізін жерге шаншып серт беріп,ұрлық малды иесіне қайтарған әділдігіндей туысқанға әділ болсын, көрегендігі Шортанбайдың көзіндей дегені жақсы жаманды болжай білсін дегені, жорғалығы Жанғұттының сөзіндей дегені, өсек-аянға ермейтін сабырлы болсын, семіздігі Көпбайдай дегені, ырысты-берекелі болсын дегені екен.



Білімді елдің ертеңі ашық

АХМЕТ ӘБДІРАХИМОВ

1892 жылы туған. Әуелі Шаян медресесінде, онан кейін Бұхарда біраз оқыған. Оқуын “Ғалия” медресесінде жалғастырған. Т. Көкішевтің “Садақ” кітабының 128 бетіндегі белгісіз делінген түрегеп тұрған төртінші адам осы Ахмет. Медресені 1915-17 жылдары шамасында бітірген. 1916 жылы ол кісі Ахмет Байтұрсынұлы ауылында мұғалімдік еткен. Арқа елінің бұл өңіріне Ахмет, Айса мұғалім деп сол кезде аты шыққан. Алашорда көсемдерімен байланыста болған. Қарқаралы қаласында оқытушылық жұмыс атқарған. 1928 жылы Шет ауданы құрылған тұста осы ауданға келіп қызметін жалғастырған. 30 жылдардың басында аудан орталығындағы мектепте директор боп істеген.

1936-37 жылдары Ағадыр стансасында мұғалім болған. Баласы Сухибектің айтуынша сол жылдары үйінде “Садақ” журналының 5-6 данасы сақталған екен.

Ахмет мұғалім 1937 жылы халық жауы ретінде ұсталып, көп қағаздарын ГПУ алған. Қалған көп суреттермен журнал т.б. белсенділерден қорыққан інісі Оспан өртеп жіберген.

Ахмет мұғалім - репрессия құрбаны.

Ахмет мұғалім 1916 жылы қазақты тылдағы жұмысқа алған кезде, Алаш Орданың шешімімен, орысша тіл білмейтін қазақтарды қорлаудан, зорлаудан шепке тартып жіберу сияқты жауыздықтан қорғау үшін Гомельге аттандырылған қазақ жастарының ортасында болған.

АЙСА ТОҚТАРБЕКҰЛЫ (1889-1937)

Шет өңірінде төңкеріс уақыты мен онан кейінгі аз уақытта жұрт аузына іліккен ұстаз. Ауыл молласынан сауатын ашқан Айса ізденіп жүріп Қарқаралыда аздап оқып, онан кейін қазақ жастарының бір топтасқан орталығы Уфадағы

“Ғалия” медресесінде оқыған. Бұл туралы деректі Т. Кәкішев өзінің “Сандалған Садақ” деген кітабында келтіріп, Айсаның суретін де берген.

Айса осы жылдары ара-арасында елге келіп, көшпелі мектеп ашып, ауыл жастарын ілім-білімге тартып, заман өзгерістерімен таныстырып баққан. Айса Тоқтарбекұлы Алаш көсемдері Әлихан Бөкейханұлы, Жақып Ақбайұлдарымен жиі араласып, олардың саяси көзқарасын жақтаған.

Айса Тоқтарбекұлы жиырмасыншы жылдары аз уақыт Құнанбай мешітінде имамдық та еткен. Саяси жағдайдың өзгеруіне орай кеңес қызметінде де істеп, қайтадан ағарту саласындағы жұмысына біржола бет бұрған.

Айса мұғалім 1937 жылы Семей қаласында белгісіз жағдайда дүниеден өткен.

СӘКІТАЙ ШЫНЫҒҰЛҰЛЫ (1898-1956)

Шет өңірінің оныншы ауылында дүниеге келген. Алғашқы ұстаздардың бірі. Төңкеріс алдында Қарқаралы қалалық училищесінде оқыған. Соңынан Семейдегі мұғалімдер курсы бітіріп, Шет ауданы орталығында, ауданның 4, 7, 10-ауылдарында мұғалімдік еткен. Ұстаздық жолда еткен еңбегі жоғары бағаланып, оған 1936 жылы Ленин ордені берілген.

Сәкітай ұстаз өзі ерекше қадір тұтқан еңбегінен өмірінің соңына дейін қол үзбеген.

ЖҰМАТАЙ ҰСТАЗ

Қарт Жұматай Құтжанұлы 1917 жылы Спасскіде дүниеге келген. 1932 жылы Ақсу-Аюлы мекеніне көшіп келіп, әкесі колхозда істеген. Осы жерде 7 класты бітіріп, 1937-40 жылдары Ақмола педучилищесін тәмамдаған. 1940 жылы Ы. Алтынсарин мектебінде физика-математикадан сабақ беріп, мектепке басшылық, етеді. Жаяу-жалпы жүріп мектепке сабан тасып жағып жылытып, бар жетіспеушілікті басынан өткеріп, оқу-тәрбие жұмысын жүргізе берген. 1943 жылы соғысқа аттанған взвод командирі болып, Польша, Германия жеріндегі ұрыстарға қатынасып, “Б. Хмельницкий” орденімен марапатталды. 1945 жылы ауыр жарақаттан соң елге оралған.

1945 жылы Ы. Алтынсарин мектебіне директор, әрі интернатты қоса басқарған. Мектеп есік-терезесі сынған, отын

да жоқ ауыр жағдайда еді. Интернатта жылу да, тамақ та жеткіліксіз. Жарық жоқ, қол шамға керосиннің өзі таптырмайтын. Ата-аналармен дұрыс қарым-қатыс жасау арқылы мектептің жөнделуі ретке келтірілген. Сол кездегі облыстық газетке журналист Ж. Ыбышев көңілге қонар мақала жазған.

1949-52 жылдары арасында оқу бөлімін басқарып, 1952 жылдан 1977 жылға дейін Ы. Алтынсарин мектебінде ұстаздық етті. Осы мектепте үш рет директорлық жұмыс атқарды.

Жас ұрпаққа сапалы білім, саналы тәрбие беру ісінде үнемі методикалық ізденіс үстінде көрінген Жұматай ұстаздың ел арасындағы беделі де жоғары болған. Оқу-тәрбие ісіндегі мол жетістіктері мен қоғамдық жұмысқа белсене қатынасқаны кұр өтпей 1966 жылы “Құрмет белгісі” орденімен марапатталып, “Қазақстан ағарту ісінің үздігі” атағы берілді. 1987 жылы “Ауданның Құрметті азаматы” атағын алды.

Жұмекең “За отвагу”. “Ерлік” және т.б 20-дан астам медалдардың иегері болса, бейбіт өмірде аудан мен облыстың оннан аса мақтау грамоталарын алды. Жұмекеңнің шәкірттері бүгінгі күні өмірдің сан саласында ел басқарып, ерен еңбек етіп жүр.

ШӘУКЕЙ ЖҰҚАНҰЛЫ

Шәукей Жұқанұлы 1915 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Қарабұлақ совхозында туған. Әкесі кедей болған. Осы кеңшарда сауат ашып, білім алды. 1932-37 жылдар аралығында ақша бөлімінде есепші болып істеді.

1937 жылдың қыркүйегінде Ақмола педучилищесіне оқуға түсіп, оны өте жақсы деген бағамен 1941 жылы бітірді.

1941-1988 жылдары Ы. Алтынсарин атындағы орта мектепте бастауыш класс мұғалімі болып еңбек етті. Оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

1960 жылы Қазақ ССР халық ағарту ісінің озық қызметкері және 1966 жылы “Қазақ ССР-нің еңбек сіңірген мұғалімі” деген құрметті атақ алды.

1981 жылы “СССР халық ағарту ісінің үздігі” деген белгімен марапатталды. Республикалық дербес зейнеткер.

Өз өмірінің 42 жылын жас ұрпақтың жақсы оқып, тәлімді тәрбие алуына жұмсады. Қоғам жұмысына белсене қатысты. Іс-тәжірибесін аудан, облыс, Республикаға таратты. Ұлағатты ұстаздың ағартушылық еңбегі кеңінен насихатталып, республикалық теледидардан хабар ұйымдастырылды.

ҒАЛИЯ МЕДРЕСЕСІНДЕ ОҚЫҒАНДАР ТУРАЛЫ ТАҒЫ БІР ДЕРЕК

Тұрсынбек Көкішевтің “Садақ” атты кітабында 128-беттен кейінгі бермен суретте түргеп тұрған төртінші адамның аты-жөні белгісіз делініпті. Ол менің өкем Ахмет Абдрахимов еді. Суретін жазбай таныдым .

Ол кісі докумантте 1887 ж. туды делінген, дұрысы 1892 ж. еді. Ол кезде /ертеде/ елге өзбек жерінен Арқаға Ахмет атты саудагер келіп жүреді екен. Арқада Сарым елінен/Жанғұттының Аманбегінің апасын/қыз алған. Жылда сарт көп қой сатып жетеді. Оның бұл жұмысына үлкен өкем Әбдірайым көмек еткен. Бір жылы сол саудагер Ахметке өз баласы Ахметті ертіп жіберген. Ахмет сол жақта Шаянда, Бұхарда біраз оқып, оны тастап Ғалия медресесін оқыған. Өкем Ахмет Ғалияны 1915-17 ж. шамасында бітірген болу керек. 1916 ж. ӨкемАхметБайтұрсынов ауылында мұғалімдік етіпті.

Өкем Ахмет 1919-20 ж. партия мүшесі, ревкомитет мүшесі болған. Онан Қарқаралыда мұғалімдік етті. 1928 ж. Шет ауданы құрылғанда Шетке көштік. Сол жылы Жарлы бойындағы Қоныс деген жердегі шешем Шәрбанудың інісі Қанапия Нығметулының қолында біраз кітабы т.б қалды. 1936-87 ж. өкем Ағадырда мұғалімдік етті. Сонда өкемнің қағаздары ішінен “Садақ” журналының 4-5 данасын көрдім. Бізге өкем “бұлқағаздарғатиме” деп отырушы еді. Өкем 1937 ж. ұсталды. Біраз қағазын ГПУ Жетті. Қалғанын көптеген суреттерімен қоса белсенділерден қорыққан інісі Оспан өртеп жіберді. Осы суреттегі ең соңғы түрегеп тұрған Айса Тоқтарбеков болуы керек.

Осы дерекке қол қоюшы қарт ұстаз, 66 жастағы Сухибек Әбдірахимов.

*3 қараша 1988 жыл.
Шет ауданы, Жезқазған облысы*

ЖЕТІ ЖЫЛДЫҚ МЕКТЕП (1933-37 жж.) МҰҒАЛІМДЕРІНІҢ ТІЗІМІ

1. Ахмет - 1933 жылы үй-мектеп ішінде директор.
2. Сапаков Әкбар - 1934 жылы директор.
3. Түсіпбаев Сәрсен - 1935 жылы директор.
4. Жексенбин Қожабек-“халық жауы” ретінде ұсталды.
5. Беккер.
6. Смағұл - неміс тілінен сабақ бергендер.

7. Мұқаев Мұса - завуч.
8. Байыров Мұрат - бастауыш класта мұғалім.
9. Бөкеев Нұрбек - 1937 жылы келді.
10. Тұяқов Мұқамбедия.
11. Сариижипов Қасен - 1936 жылы “Еңбек Қызыл Ту” орденін алды.
12. Тоқғарбеков Айса.
13. Әскенов Рымқұл “халық жауы” ретінде кетті.
14. Қасенов Смағұл - тарихтан сабақ берді.
15. Орыс әйел мұғалім (күйеуі Талыбаев) орыс тілі мен қазақ тілінен сабақ берген.
16. Сұлу Қасым, Уақас деген оқушылар мұғалім Әкбарға өлең шығарған содан мұғалім қашып кеткен.

Директор Әкбар,
Сенде бір гәп бар.

Сәрсен директор тентек балаларды жазалағанда арт жағынан қағып қалады екен сонан “Сәрсен тебіс” деген сөз қалыпты.

1931 жылы Құмжондағы Сәтбақ үйі мектеп болған. Ондағы мұғалімдер:

1. Малыбаев Хамза.
2. Алтайбаев Жүсіп.
3. Ахатай Қожабаев.
4. Х.Сәрінжіпов.

1933-35 жылдардағы жеті жылдық мектеп оқушыларының тізімі

1. Тәжібай Ақселеуов
2. Қасым Жақсылықов
3. Зейне Әркеев - Ақшатау совхозы
4. Бикен Бәкірова - Қарағанды қаласы
5. Жұматай Құтжанов - Шет ауданы
6. Кентай Әбішев - Ақшатау совхозы
7. Бөкебаев Болтайбек - Еңбекшіл
8. Балапаш - Ағдыр ауылы
9. Жаңабеков Мәдіхан - Шет ауданы
10. [Ақашов Ахат]

П.Бәкіров Әбеуі

12. Шәукей Жұқанов - Шет ауданы
13. Бекмағанбетов Жұмаділда- жоқ
14. Сәрсенбеков Оспан
15. Мақажанова Зина

16. Шоқтының Уақысы
17. Текішев Аман
18. Шәбден Қырықжылдық
19. Ыбышев Қасым
20. Темірбеков Жамантай
21. Қалмағанбетов Әшім
22. Рысбеков Рахымжан
23. Ермолдин Тоқтыбай
24. Әлібаев Жабай
25. Әлібаева Елеукен
26. Құлшыкенов Жұмаш
27. Бесжанов Бескемпір
28. Ахметжанов Бөде
29. Тәкенов Ескендір
30. Сүйіндікова Ләззат
31. Шәрукенов Қапас
32. Аймбеков Ақмағанбет
33. Қасенов Кәрібай



Зұлмат жылдарында

ЗҰЛМАТ

XX ғасырда қазақ халқының басына төнген қатер, исі қазақтан ұрпақтың қалу қалмауы деген мәселе өткен тарихта осыншама күрт қойылмаған шығар. Қазақ халқының жерін бірте-бірте тартып алып, американдағы үндістер тәрізді тастақпен шөлге қамап, құртуды ойлаған шовистерлік саясат патша құлаған соң тоқталдыға санап, дала жұрты аз уақыт еркін демалып серпілгендей еді. Өз мұңын өзі жоқтап, мәдениетін көтеріп, ел болуға тырысып жатқан.

Оның ел болғанын көре алмады қаскөй жау. 1925 жылы қазақ даласын билеуге жіберілген Голощекин “Кіші октябрь” дегенді ойлап тапты. Компартияның билетін бүркенген қараниет патша жасай алмаған істі асқан зұлымдықпен ұйымдастыра білді. Ол адам баласын “Нұрлы болашақ” орнату идеясын жүзеге асырған болып, аңқау елді сендіріп, біртұтас елді өз ішінен бір-біріне қарсы қойды. “Кіші октябрь” тек қазақ елін қыруға шебер ұйымдастырылған шара еді.

Ауылға социализм негізін орнату үшін ғасырлар бойы қалыптасқан рулық, аталық ұсақ кооперативтік ұйымды қиратудың қажеті жоқ еді. Ол кооперативте жер мен бағын ортақ, мал әр түтіннің меншігі болатын. Кешегі Морган тамсана жазған бауырмалдық, мейірім, алаңсыз өмір, Маркс аңсаған коммунистік ячейка осындай-ақ емес пе. Сол қазақ қоғамның негізін талқандау, қазақты құрту жолындағы алғашқы қадам екені даусыз. Сондай кооперативке тап бүгін қолымыз жетпей отыр емес пе.

Казрайкомның кезінде аса “күпия” саналған 19 январь 1930 жыл қаулысында “что мероприятия”...в районах сплшной коллективизации..казахского населения не совсем достаточны и должна быть усилены” делініп, қазақты кооперативті, қазақ қоғамының негізін қиратуды тездетуді талап етеді. Осы қаулыда тас-талқан болған ауылды үлкен-үлкен колхоз жасау үшін қуып әкелу керектігі айтылған. Жүздеген шақырым жерден осы босуға ұшыраған жұртқа

көмек жоқтығын “что бюджетами как краевым, так и местным не предусмотрены специальные средства на оседание” деп ашық айтылып оны ұйымдастыру аты бар заты жоқ әлде бір мерекелерге тапсырылған, яғни “не болса ол болсын” дегенді анық ұғуға болады.

Қазақ жұртын мұндай талауға салуға қарсының бәрі халық жауы есептелді. Ахмет, Мағжан, Міржақып түгілі Голощекин саясаты момын қазақтың есі түзуінде тыныш қоймады. Қазақтың оқығаны түгілі есі барын да өз саясатын тезірек жүзеге асыру үшін о дүниеге аттандырып жіберуге тырысты.

“Көшпелі ел XX ғасырда өмір сүруге тиіс емес” деген теориямен қаруланған неше түрлі баскесерлер мылтығын шошандатып дала кезіп, елге зорлық-зомбылық жасаумен болды. Олардың тірегі тым мықты еді. 20-жылдардың екінші жартысында-ақ Голощекин келген соң бір-екі жылдан соң, момын елдің қаны судай төгіле бастады. “Ұрыларды атамыз” деген сылтаумен әрі “контралар ауыл-ауылды аралап жүр, солармен күресеміз” деп ел ішіне қарулы отрядтар шыға бастады. Соның бірі Шет ауданын мекен етуші іргелі рудың бірі Шуаш ауылын қамап, жеті кісісін атып кетті. Оққа ұшқандардың ішінде атақты Жанғұтты шешеннің немересі Тәгібек ұлы Шәкен, Сейітқали, Сейітқамал, Аққасқа дегендер бар. Бір ауылдың ер азаматын қырып кетуге Аққасқа жөнді қонақасын бермеді деу, “ұрыны атады екен” деген қорқыныштан Кәкіштің тұра қашуы сылтау болған. Қашып кеткен “контра”, ауыл сонымен сыбайлас деп есептелген. Сол жолы Үрпек Адайда 40 адамның атылғанын Ескей жырышы айтып, құлаққа сіңірген Әміржан Омаровтың айтуынша соның ішінде Сарымнан Жаманбек Мекібасов, Сейітбек, Сейітқазы дегендер бар.

Дала жұртын дүрелеп, асып-атып ойына келгенін қылған отряд кеше патша үкіметіне бағынбай кеткен дала Көкжалы Боранқұлға у бергізсе, Майшора-Тәжібай ауылын, таң ата қоршап, пулеметпен атқылаған. Ауылдан ақбозатқа мінген жалғыз-ақ адам қашып шыға алған да, қалғаны мерт болған.

Қырғынның лебін күні бұрын сезген Шәмшид пен Өскенбай бір қыз, бір келіншекті ерітіп сонау Көкшетау жақтан шығып, Абыздың қара талын мекен еткен. Соларға еріп осы елдің Шәріп деген жігіті де оңтүстік жаққа кетпек. Бұлардың сыбысын білген 40 солдат ауылды басып қалып, бір бозбаланы торғайдай шырылдатып сабап, жатағын

көрсетуге мәжбүр еткен. Солдаттар оққа ұшқан Шәріптің басын найзаға іліп әкеліп, момын елдің зәресін ұшырған.

1930 жылы Шет ауданында әр үйге 100-ден 500 басқа дейін мал салығы түскен. 1931 жылы халық басына түскен қасіреттен есінен танғандай еді. Шет ауданы халқының қолында қалған 80 мың бас ірі қараға 120 мың бас мал тапсыру жөнінде салық түсті. Әуелде салық мал басына түсіп, жұртты біржола сыпырса, кейін “тонна”мен түсетін болды. Айта кетерлік бір сөз бұл етті апарар жер, сақтар орын жоқ екенін біле тұра Голощекин тобы осыны істеді. 1932 жылы халық қырылып жатқанда бұрынғы Нілді руднигінде 100 (жүз) мың тонна ет өртелді. Сасып борсыған мындаған тонна етті жою Спасск, Бұрмада жүргізілді.

1931 жылы елге аштық кіре бастады. Тұқым-тұқымымен “нұрлы болашаққа” жетпейтініне, құритынына көзі жеткен ел ішінде толқу болғаны шындық. Мұндай қатер төнгенде үнсіз мүлгіген ұлттың жер бетінде өмір сүруге хақысы жоқ дер едім. Қасқыр да ұрпағын сақтау үшін жанталасып кісіге шабады, ал қазақ елі өзін сақтау үшін толқыса несі айып.

Міне, осы кезде Шет ауданының ГПУ бастығы боп, ел арасына Шишов деген атпен белгілі, Н. Сычев тағайындалды. Сол Шишовты Шетке аттандырып тұрып оперсектор бастығы Бак “билер мен дінбасылар, акындар сөзін тыңдаған, халқы бас имейтін” ауданға барғанда аяусыз болуын, ойланбауын талап еткенін архив сақтаған. Сонымен Шишов барған жерін қанға бояуға міндетті болған. Шала сауатты Шишовқа осы да жеткілікті еді. Ол қанды ісіне аяусыз кірісіп берді.

Қазрайкомның 1931 жылы 25 майдағы “Ерназаровтың баяндамасы бойынша аса құпия резолюциясында “в Абралинского и Шубартауском, Кубыском и Каркаралинском районах... напряженное положение... продолжает оставаться” деп көрсетілген.

“В дело мобилизации средств местные органы допускали грубые администрированные, пытаясь путем облажения населения наполнить финплан, при этом имея, в этих районах безтоварье и отсутствие продовольствие” деп ашық көрсетіп, халықтың аштық жалаңаштыққа ұшырағанын мойындай отырып, халықты толқытушы бай құлақ элементтер деп баяғыда қырылып біткен сорлы байға жабады. Ірі байларды 1928 жылдары құрттық, орташаны 30-жылдардан асырған жоқпыз, сонда халыққа іріткі салатын қай бай деген

сауал еріксіз келеді. Өлде қалған қайыршылар байи бастап па еді. Міне, мұны қазақ “ауру бастың сақинасын сау басқа жабу” дейді.

Резолюцияда белсенділердің биліктен айырылыш қалғанын жаза келіп, “фактический передел власти кулоком Шубартауский р-н” деп онан әрі “Коммунисты 6-аула Абралинского района совместно со своим родом принимали активтые участие в вступлениях” деп, дені қазақ, өз ұлтының тағдырынан бөліне алмаған коммунистерді сөгеді. Бұл жағдай қазақ коммунистеріне сол тұста тән сықылды. Шет ауданының алғашқы партия ячейкасын құрушы Дәлмағанбеттің Тұңғышбегі, Бәйменнің Көпжаны, Сыдан, Нақыптың Алтыбайы секілді азаматтар 1928 жылы ірі байды конфискулеуге, онан соң қаптаған салыққа қарсы болып, “бұл ашаршылыққа ұшыратады” деп сан рет жасырын кеңес өткізгені белгілі.

Ол құпия шешімге “еще поднять темпы скота заготовок” деген сөзін оқығанда аяушылықтың шегі болмайтынына көзі жетіп, Голошюкин бастаған билеушілердің зұлымдығынан біржола түңілесің. Оқпен айтып тауыса алмайтын қазақ халқын ақымақ үкіметке шын берілген белсендінің қолынан аштыққа айдап бара жатқанын көріп, тап бүгінде жаның шырқырайды.

Ашаршылық жаппай кіре бастаған, қырылатынына көзі жеткен ел резолюцияда көрсетілген аудандарда ғана емес, қазақ жерінің түкпір-түкпірінде толқу жасаған. Ондағы мақсат белсенді зорлығынан құтылу, тірі қалуға тырысу ғана еді. Көтерілген елдің бір орталығы Созақ болса, Арқа елі де қарап жатпады. Осы күнгі Жеңіс совхозының маңында құрылған бір аудан қазағы тік көтеріліп, оңтүстікке қашып кетті. Оның тірі қалғаны қазір Сарысу ауданын құрап отыр.

Арқадағы Боқты тауына бекініп, өзінше қарсылық көрсеткен ел ай бойы берілмей, үстінен ұшқан қос қанат “курузник самолети” атып түсірген.

Нұра ауданы жағында көтерілген жұрттың басында болған Әлсен қажы қолға түсіп, жендеттер іш құрылысын үзіп түсіру үшін қол аяғынан ұстап жерге ұрғылағанда да “иә, мен қазақтың ханымын” деген сөзінен танбай кеткен. Ел үшін азаппен өлсе де жанын қиған осындай ерлерге ұрпақ мәңгі бас иеді.

Ақтоғай ауданында тоқымына ат тигендер аудан орталығынан шауып өтіп, белсенділердің зәресін алған. Қалған топ жаяу-жалпы жақындай берген. ГПУ Маклошин қарулы отряды екіге бөліп, таяктан басқа қаруы жоқ топты оқпен қарсы алуға дайындалған. Жаяу-жалпы наразы топтың

алдында, осы топтағы жалғыз қару, шалғы ұстаған Көшкін рунан шыққан Керкей деген жігітті Моклошин табан асты атқан. Екінші отряд та оқ жаудырған. Оқтың бірі РайПО бастығы Омар Адамбайды жаралаған. Мұндайды күтпеген наразы жұрт бет-бетімен қашып, таяуы аяусыз жазаланған.

Толқудың аса бір ширыққан жері Жезді, Қарсақпай маңы. Осы жылдардың авторы Ұлытау ауданы, Ешкіөлмес ГРП-сінде болған кезінде Құрман-Дәулен деген жігіттердің әкесі Ысқақ қария осы уақиға туралы аса өкінішті әңгіме қозғаған еді. Бұл фактілер қазір архивте де бар. Толқудың басында әжептәуір оқыған Жұмағазы деген кісі болды. Ахмет ұста да басты рольдегі кісінің бірі. Көтерілген жұрттың “талабын орындаймыз” деп қолға түсіріп, Жұмағазы бастаған бес адамды атқан. Содан көтерілісті інісі Қабжан бастап, қыс бойы Бетбақтың бойында ұрысқан. Осы толқу барысында жүздеген адам атылып (сол ақсақалдың айтуы бойынша бес жүз адам) атылып, мындағаны сотталып кеткен.

Осындай оқиғалардың Жаңарқа жерінде болғанын 1961 жылы Қарағанды облыстық архивінен көрдім. Сол толқуларды басу үшін көршілес аудандардан отряд құрылған екен. Сонау Шыңғыстаудағы толқуды жазалау үшін Шет ауданынан он шақты адам жіберілген. Олардың үшеуі қазір бізге белгілі: Адабек, Мұқыжан дегендер.

Голощекиннің кіші октябрь идеясымен жігерленген сол кездегі крайком секретарының бірі Голюдов деген коллективизацияны қарқынды жүргізу үшін әр жерде топ-тобымен кісі атып тастау керек деген ұран да көтерген. Ашығып қырылудың азақ алдында тұрған ашынған халық Голюдовтар үшін енді мылтық сынайтын ермекке айналды.

Топ-тобымен кісі атудан Шет ауданы да құр алақан емес. Соның салдарынан халық санының қалай кемігенін мына цифрлардан көруге болады. 1926 жылы Шет жерінде 48311 қазақ болса, 1932 жылдың басында 36568 адам қалған, яғни халық саны сол екі ортада 11743 адамға азайған. Сонан 1933 жылы 5021 адам ғана тірі қалғанын архив документтерімен дәлелдеп шықтық.

Тобымен кісі ату Шет ауданының әуелгі орталығы Қызылеспе маңында болған. Созақ оқиғасын естіп отырған жұртқа Боқтыдағы жағдайды көрген Шәріпов Орман деген келіп, көзі көргенін айтқан екен. Ашығып та, ашынып та отырған ел 39 бөшке бензинді өртеп жіберіп мұратына жеткендей боп отырған. Онан соң қан құйлы белсенді Бабжанов Исаны ұстаған. Қаны бірге аяушылық ететін ел оны ұрып соқпаған да.

Көтерілген ел арасында Марғазы мұғалімнің беделі үстем екен. Ол кісі “зорлық-зомбылық, ашығуды белсенділердің ісі, мұны жоғарғы жақ білмейді, толқу жасап қиын жағдайымызды білдірейік” деген бағыт ұстаған. Сол кезде тап ретінде айдалып бара жатқан ішінде Тәсібек пен Ысқақ молла бар топтың соңынан келіні Сақай қуып жетіп, көтеріліс туралы хат берген. Айдалушылар екі милицияны байлап тастап, Ысқақ молладан басқасы кері қашқан. Ысқақ молла “жақсылық адамның алдынан келер болар, соңымнан жеткен хабар да бір шикілік болар” деп ілеспей қалыпты.

Осы оқиғаны көзімен көрген, өзі бізге куәлік қолхат берген Зекен Бәкіровтің айтуынша жазалаушы отряд Тоқтабек көңіндегі мал қораға жетпіске жақын адамды қамап қинаған. Соның бір тобын атуға алып шыққан. Ол кезде комсомол Зекен ақсақалды тау басына қарауылға қойған екен. Ажарбектің келіншегі Сақайды қайнысы Нұрлан екеуін тұтастай жалаңаш шешіндіріп, штыкпен түйрелеп, еріксіз құшақтастырып қойған. Сонан соң еріккен белсенділер “сендерге оқта шығын” деп тізіп қойып атқан. Белсенділер ішінде ауатком төрағасы Қарағанды Тойбеков, Көдебек, Сарымсақ, М. Әмірин деген райком, комсомол секретары Құсайын есімді селпо сатушысы бар еді.

Тізілген жұрттың алдында тұрған жігіт үңірейген мылтық аузына шыдай алмай есінен танып, қайта-қайта құлай берген. Сонда Тәсібақ:

- Мына шірік ажалды да жөндеп қарсы ала алмады ғой деп, оқ өтіне өзі келіп тұрған.

Оқиғаның бел ішіндегі қызыл отау соты Омар Тайбек бұл жөнінде өзіне ГПУ Шишов мылтық кезеп “ат аналарды, өйтпесең сен де жаусың дегенін, өзінің әдейі мылтықты далаға атқанын осы жолдар авторына айтқан еді. Иә, ол кезде кісі аттырып, қолын қанға бояп, әркімді өзінің сенімді адамы ету Шишовтардың ыңғайлы тәсілі болса керек.

Жалаңаш құшақтасқан Нұрлан мен Сақайды бір оқпен атып құлатып, қансырап әлі тірі жатқан келіншектің төсін кесіп алып, күйеуі Ажарбектің үстіне тастаған Бабжаровтың ісі жантүршігерлік.

Осы оқиғада қолға түскен Шойынбекті бір белсенді өзі жеке атпақ болып алып шығады. Винтовканың жеті оғының біреуі де атылмай, кешінде Тоқтабек көңіне қайта әкеп қамаған. Түнде ескі қораның түкпіріндегі бос кірпішті суырып Шойынбек жалаңаш, жалаң бас жалғыз штанмен жаяу қашып, ақыры Алматы жетіп, Қарсыбектің Ғайнолласына осы сұмдықты баяндаған. Ғайнолла астанада мәселе көтеріп, осы сұмдықты зорға тоқтатқан.

Осы жолдардың авторы 1989 жылы 11 октябрь күні зұлымдықты көзімен көрген Зекен ақсақалды алып Найза-кескендегі шейіт болғандардың жеткен жерін тауып, суретке түсіріп, тағзым етіп қайтты. Сол маңның есті азаматы Демесінге жазықсыз жапа шеккендердің бұл жалғандағы соңғы тұрағы, таспен бастырылған жалғыз апанға көз қырын сала жүруін, ел болып қамқорлық жасауын өтіндік. Тау арасындағы терең сайда мәйіттердің басына шыққан қурайды жел тербейді. Ал сенің көңілің қобалжып тамағынды өксік тіреп, не үшін деп еріксіз күбірлейсің.

Шет ауданының орталығы орналасқан маңдағы Қанды қара төбедегі топтасқан кісі ату 1931 жылдың август айының орта кезінде өтті. Атылған адамдардың саны жиырмадан асады. Негізі Иманжолбарыс ауылының азаматтарынан тұрған бұл жағдайды көрсетуші де, тау арасындағы әлде бір ту мен бір бет қағазды тауып беруші де Төлеубай белсенді. Түлкілінің бетіндегі аударылып жатқан тасты көрсетіп “Ішім сезіп тұр, ана тастың асты тегін емес” деп, өзі қолымен қойысқан қойманың үстінен Шишов бастаған ГПУ адамдарын түсірген.

Төлеубай сұмның жазықсыз көзі жойылған азаматтардың әйелдеріне жасаған қиянатыне, бала-шағасына көрсеткен зорлық зомбылығын ел күні бүгін түршігіп еске алады. Халық қарғысына ұшыраған онан тұқым жоғы да ел көз жасының тегін кетпегені сияқты.

Ымырт жабылған шақта тұтқындарды осы күнгі Ақсу бөлімшесінен түйеге мінгестіріп алып шыққан. Дәржібайдың Қасені деген кісі “түсе қашайық, бәрібір өлдік” депті. Сонда елге сыйлы Талпақтың Ахметжаны “ артымызды ойлайық, біз қашып құтылғанмен бала шағамызды қырады бұл иттер. Құдай не салса да өзіміз көрейік”- деп тоқтам айтқан. Ахметжанның соңғы тілегі намазын оқу екен. Сәждаға бас ұрып отырған Ақанды Семененко атқан. Жаралы ақсақал құдай қоймапты да осы елдің бір есалаңы қылышпен шауып өлтіріпті. Морозов деген “ вам пули жалко” деп талайын бір оқпен жайпаған.

Сол кезде қызметке жаңа ілініп жүрген жігітті ері те шыққан Шишов оның қолына мылтық беріп, шекесіне тапаншасын тіреп қойып, “ат әйтпесе” деп санай бастаған. Есі шыққан жігіт мылтық дауысымен бірге есінен тана құлаған. Әлдебіреулер “қан іш, есінді жиясың” деп аузына қан жаққан екен. Сол жігіт (ол да зорлықтың құрбаны сол себепті атын атамадық) соғысқа кетерде “Мен қан жаладым, қан майданнан қайтпаспын” деген екен, соғыста жоқ болып кетті.

Ермек іздеген белсенділердің бірі Ақбота Түсіпбекті қолын байлап, жалғыз өзін Аюлыға апарып атқан.

Жаралы Ақпанның Құдышы біраздан кейін есін жиып өзен жарын жағалай қашып шыққан. Жаралы Құдыш ұзай алмаған. Ертеңіне іздеушілер оны Данияр бейітінің қараған арасынан тауып, үркітіп жүріп қуалап атқан.

Қарт ұстаз, соғыс және еңбек ардагері Жұматай Құтжанов берген куәлік колхатында “Түнде дүрсілдеген мылтық дауысы естіліп жатты, “кісі атты” деп ертеңіне үлкендер біліп келуге жіберген. Өзеннің күнге қарап тұрған биік кемерінің астына атыпты. Су қызыл ала қан. Біз балық аулаған болып бардық. Бізді мылтықты аттылы адам “кетіндер” деп қуды. Оның милиция формасы бар еді” деп жазды Жүмекең. Жүмекең 1931 жылы 14 жаста екен.

Жүмекең сол оқиғаларды жақсы білетін Имағанбетов Төсбай деген ақсақалмен көп дәмдес болып, бұл жағдайды тәтпіштей сұраған. Төсбай ақсақал атылғандардың жатқан жерін жұрт біліп қалуы себепті, өзеннің атылғандардың үстіне құлатылған жары аршылып, біраз мәйітті осы күні біз ат шаптырып, той жасап жүрген Табан төбенің терістік жақ ішіне көмдіргенін, өзінің соған қатысқанын айтқан.

Жұматай ақсақал сол күні Дәржібайдың Қасені, Талпақтың Ахметжаны, Иман-Жолбарыстан, Елубай, Аманбек, Шүленбайдың Тиышбек, Жексенбегі атылғанын еске алса, Жұмабай Төкенов, Ақпанның Құдышы, Ақбота Түсіпбек, Сандыбай тұқымынан Сәдуақастың шейіт болғанын айтады. Ықсанов Мұқаш қария мәйіттер ішінде Тінекенің Қазанғабы, Қарақойлы Адайдың Ахметі, Шегірлі ұлы Қарсабек, Балта Құдайбергенұлы Қайырберлі, Бабас ақындар бар екенін құлаққа кұйды. Сол жылы Әбди күйшінің де опат болғанын Жүніс Ыбышұлынан сан мәрте естідік.

Күн өткен сайын тежеусіз уақыттың көлеңкесінде қалып бара жатқан 1932 жылдың қырғын аштығы “неге,неге” деген сауалды қайта-қайта туғызып, қолдан жасаған трагедияны түсіндіруді қажет етеді. Көз көргендерден жиналған естеліктерді оқығанда сол бір қайғыны бастан кешкендейсің,түршігесің.

Е. Мұхамеджанұлы белсенділердің бар малды сыпырып алғанын, шұбырған елдің жолшыбай қырылғанын, жүруге жарамай қалған бойжеткен қыз алдында жанып тұрған отқа құларман боп теңселіп отырғанын жазса, К. Жанасылов Бетқайындағы қорадан адам сүйегін кейін күреп шығаруға тура келгенін, Сарыөзекте шашылған мүрде талай жылдар шөп шаптырмағанын айтады.

Қарт ұстаз С. Әбдрайымов Бөгілінің 1930 жылдары 150

үйінен әр түтінде бірер адамы ғана бар 37 үй қалғанын. Қайша шешей екі тола қаттап жиналған өлікті ұраға көмдірген совхоздың директоры Соловьевтің тірі қалғандарды қапқа салып, суға лақтырытқанын айтқанда, жауыздықтың шегі жоғына еріксіз иланасың.

Қарт ұстаз Қ.Ыбырайтегі босыған елмен бірге Сібір асып кеткенін, Қ. Аяпбергенұлы адамзат басына бермес аштыққа кісінің кісіні жегенін жазғанда, сасқаныңнан өкіметі қайда, партиясы қайда деп қаңға сіңген әдетпен ойлап қаласың.

Өткеннің кегін қууға қарсымын. Біреу “Нұрлы болашақ” дегенге алданды. Кейбірін ГПУ-КГП өзіне еріксіз зорлап жұмыс істетті. Надандықтың баққұмар, дәреже құмарлығы да кенде қалған жоқ. Бірақ соның барлығы да түрлі-түрлі біздің де, Шет елдің де архивтерінде сақтаулы. Әркім бұл жалғандағы өзінің ісі мен сөзі үшін құдай мен келер ұрпақтың алдында жауапты. Ақырғы сарапшылар да осылар.

Тегінде Геноцид аталып жүрген бұл аштыққа бірден-бір кінәлі адам “Қу” жақ атанған Голощекин сияқты. Жарғыз әмірші осыны істегенде айналасы қайда деген сұрақ еріксіз келеді. Елінің қырылуға бет алғанын көрген бір азаматтың халқы үшін жанын шүберек түйіп, Голощекинді жалғыз оқпен жайғай салмағаны миға кірмейтін іс. Ендеше оның айналасы да қылмыскерлер. Сол тұстың өзінде коммунизмнің ұлы идеясын жамылған жауыздар ел билігін қолға түсірген. Голощекиннің айтқанына жұрттың бәрі көне берді десек әруақ алдында кінәлі болармыз. Сол кәмпеске басталған 1928 жылы Шет ауданының елдің бүтіндігін көксеген азаматтары Көпжан Бәйменұлы, Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы бастал Қойкел өзені жағасында коммунистердің жасырын жиналысын өткізіп, байларды тәркілеуге бермеске серт беріскен. “Қызылтуизм” деген айдар тағылған бұл азаматтар, кезінде қуғынға түскені анық.

Дегенменде осы тұстағы “Қу жақтың” бірер қадамын байқап көрейікші. Қазақ елінің тұрмысын түсінде де көрмеген, ең болмаса бір кигіз үйдің есігін ашпаған, мал баққан елдің ерекшелігі бары есіне де кірмеген Голощекин өткізген Қазақрайкомның қаулылары да пәле іздеп шапқылап жүрау. Жер жыртып егін салуға не соқасы, не тұқымы жоқ миллиондаған қазақты колхозға қуып тықпақ. Оның жолы малын тартып алу болса керек. Қазрайкомның 19. 01. 1930 жылға қаулысында “Тромадное количество кочевого и полу кочевого казахского населения” деп көрсетіліп онан әрі “коллективизации казахского население должны быть усилены” деп қорытындылайды. Ол үшін халыққа мынандай жағдай жасалу керек деген бір ауыз сөз болсайшы.

Осы қаулыда “потребует передвижу насления в хозяйственные центры” деп көрсетіліп, малы талауға түскен ұлы даланың қазағын қуып әкеліп, шоғырландырып, кигіз үйлі қалалар жасауға жол ашады. Сол ішінде тірі пенде қалмаған кигіз үйлі қалалар 1934 жылға дейін желмен теңселіп тұрған еді.

Сол қаулыда қуып әкелінген қазақтарға үй салынсын дейді де, оған қаржы “бюджетами, как краевым, так и местным не предусметрыны специальные средства” деп атап көрсетіп, қай-қайдағы бір көк тиыны жоқ мекемелерге сілтеме жасалады. Сонымен қуып әкелінген жұрт азып-тозуға, ауруға шырауға, суықтан бүрсектеуге үкім етіледі.

Ол аздай 1931 жылы 25 май күні Қазрайком бюросының қаулысы “еще поднять темпы выполнения скотозаготовок” деп сорлы халықты тұрса басқа, отырса аяққа ұрып, 1932 жыл аштығына қуалай түседі.

Бұл аштық қалай болды деген ой талайды мазалаған. Қанша едік? Қаншамыз қырылдык? Кешегі үлкендер білгенін айтуға батпай, жүзін жасыратын. Әкем Ыбыштың Жүнісі бұл мәселе туралы осы 1990 жылы ғана тіс жарды. Ол кісінің айтуына қарағанда Шет ауданында аштық алдында 54 мың адам болған. Біз сан жағынан Қарқаралыдан ілгері едік.”дейді. Ал, тек қана қой 700 мың, жылқы 60 мың шамасында болса керек.

60 жылдардың соңында саяси лагерге біраз жыл дәрігер көрмей жөндеуді тілеген денсаулығымды байқатып, Қарағанды аурухана кезегінде отырыш, Қарқаралдық Теміржан Қайыров деген кісімен кездестім. (Ұрпақтары болса менімен хабарласуын тілер едім). Ол кісі 1932-33 жылдары Шетте почта бастығы болып істеген екен. Әңгіме жүйесін 32 мәселесіне бұрып, суыртпақтап сұрай бастадым. Аштық өтіп, 1933 жылы үкімет тірі қалғанның есебін алуға жұмсапты. Сонда Шет ауданында екі не үш адамнан тұратын түтін саны 298 үй, жетім бала, жесір қатынды жеке отбасы деп санағанда 309 түндік болғанын айтқанда Темекең көзіне жас алды. Өмірден таяқ жеп қалған басым бұл фактіні өзім ғана оқи алатын етіп ұзақ жылдар тығып ұстауыма тура келді.

1988 жылы Шет ауданының құрылғанына 60 жылдығы қарсаңында баяндамада елдің басынан өткен қиындықты айтуға тырыстық. Сонда райкомның белді бір қызметкері 1930 жылы Шет ауданының халқының саны ері - 7116, әйелі - 6658 адамдегенді архивтен әкелді. Бұл барлығы 13772 ғана адам. Бұған сенбеуге тура келді. Себебі ғалым М.С.Мұқановтың “Этнический состав и расселения казахов среднего жуза” деген кітабында 1824жылғы санақта:

Қояншытағай: 1632 ер, 2176 әйел.
 Кәрсөн-Керней: 3243 ер, 4324 әйел.
 Әлтеке-Сарым: 3144 ер, 4192 әйел.

Барлығы: 18711 адам екені анық көрсетілген.

Қарағанды архивінің бастығы не іздеп келгенімді естісімен суық қабақ танытып, ондай материалдың жоқтығын айтып салған. Партархив, КРБ-нің архиві деген жабық. Сонда да Госархивтен жүзге жуық папканы алып, әлденеше күн сарсылғам. Ақыры іздегенімді өліп-талып таптым. Бұл мәлімет таблица толтырған адамның көз жасына жуылған. Әбден сарғайған қағаздың өртеніп кетуі де ықтимал еді. Сақталуына бірінші себеп “мал басы туралы мәлімет” делінуі, екіншісі латын әріпімен жазылуы сияқты. Әлденеше күн сарғая іздеп отырған менің өзім аттап өтіп кетіп барып “ең болмаса мал санын алайын” деп қайта оралдым. Жылаған баланың өксігіне, еңіреген үлкеннің көз жасына толы осы бір мәлімет-таблицаны жұртшылыққа толық ұсынып, таныстырғанды жөн санадым.

Мәлімет (Шет ауданының 1930-31-32 -33 жылдардағы

мал басы)

Жыл реті	Барлық үй саны	Барлық жан	Жылқы саны	Сиыр	Түйе	Қой-ешкі	Барлық саны
1930							
жай шаруа	6653	29066	15319	20751	10062	116192	162314
бай құлақ	76	387	5023	689	1196	28380	35458
барлығы:	6739	29456	20392	21640	11278	144572	197832
1931							
жай шаруа	6828	32837	20561	22746	11263	125171	179741
бай құлақ	325	1089	2196	254	520	11866	14836
бәрі:	7153	34646	22757	23000	11763	131687	194571
1932							
жай шаруа	5115	21460	10710	5780	4784	21167	42384
бай құлақ	400	1687	119	29	31	102	281
колхоз-да	2360	13421	5865	5247	1456	6170	18738
Бәрі:	7875	36568	16694	11056	6274	27379	61403
1933							
жай шаруа	108	358	45	15	21	11	92
серіктес-де	1336	4463	494	531	78	521	1642
Бәрі:	1444	5021	563	546	111	532	1752

Ал мұнан кейін табылған тағы бір деректе 1926 жылы Шет ауданының қазағы 48311 адам екені айтылған. Сонан 1930 жылға дейін кәмпескелеп қудалап 36568 адамға дейін азайтылған.

Сөйтіп 1932 жылдың басында Шеттегі 36568 қазақтан, 1933 жылы 5021 адамы ғана тірі қалған. 197832 бас малдан 1752 басы ғана бар. 1928 жылы кәмпескеден кейін мал басының 10-15 есе азайып кеткенін үлкендердің бәрі айтады. Сол азайған 197832 бастың енді 1933 жылы жұрнағы ғана қалыпты.

Адамды атуды да, айдауды да жоспарлаған үкімет жоспарын орындау үшін жер-жерде дәреже қуғандар аянбай еңбек етіпті. 1930 жылы бай-құлақ саны 76 болса, 1931 жылы 325, 1932 жылы 400 боп шыға келіп, тап жауын құрту жоспары асыра орындалып, елдің жаппай қуғын сүргінге түскені көзге ұрып тұр.

Әр үйге 150-ден 500 басқа дейін мал тапсыру салығы түсіп, барынан жұрдай боп, күзді күнгі шыбындай боп қырылып жатқанда аудан бойынша егін егуді 12 күнге бітіруді, бесжылдықты төрт жылда орындауды жоспарлап, ұрандап жатқанына сау адамның миы жетуі мүмкін емес.

1930 жыл документтерінде Шет ауданының халқының саны дұрыс есептелмей, кем көрсетіліп отырғаны өте жиі айтылады. Тіпті басшыларына сөгіс те берілген. Мұны фонд №1, опис №1, дело №10, көруге болады. Бұл жағдай әрі қарай зерттеуді қажет етті. Жойып жібермесе жазылғанынан жазылмайтын архив статикасы 1926 жылы Шет ауданында 48311 адам болғанын дәлелдеп отыр. Сонымен осыншама елдің 1933 жылы 5021 адам қалғаны шырқыраған шындық.

Осы күнгі Шетке көршілес аудандар халқының басына түскен қызыл дозаның тауқыметі де кем емес. Сол Қарағанды архивіндегі Р-2, оп 1:4 “материалы о работе 1-ого окружного съезда советов Каркаралинского округа, население Каркаралинского округа 1934 на 11” деген материалда мына факті көрсетілген:

Қу (Егіндібұлақ) ауданында	- 3545 адам
Шет ауданында	- 6467 адам
Жаңарқа ауданында	- 5960 адам
Қоңырат ауданында	- 8111 адам
Қарқаралы ауданында	- 10564 адам
Баянауыл ауданында	- 10504 адам

Зұлматтан кейінгі өткен жылда ауданда халқы бір, не екі мыңға өсіп қалған. Оның көбі иесіз жерге ие боп қалу үшін

қалған, орыс, шүршіт т.б сияқты келімсектер, совхоздарды нығайту үшін жіберілген европалықтар еді. Біразы аштықтан бас сауғалап тірі қалып, енді қайта оралғандар болатын. Шет халқы 5021 адамнан 6497 кісіге өскен. Қарқаралы, Баянауылда соның өзінде 10 жарым мың адам ғана.

Аштан қырылғандардың жаппай жерленген жерін табу бүгінгі ұрпақтың ісі. Шетте аудан орталығының төменгі тұсында, Бақай бәйбішенің зиратының жанына жерленген 400-ге тарта адамның мүддесі жатыр. 70-жылдары бұл зұлматты елдің есінен шығарып жіберу үшін сол жерге автобаза салып, жыпырлаған қабірдің үстінен машина жүргізіп қойды. Қазір ол жерді қоршап, қорғауға алған боп жатырмыз. Сол сияқты ГПУ-дің ескі үйінің артындағы сайға өте көп адам жерленген. Бұл жерде атылғандар да болса керек. 60 - жылдардың орта кезінде сол жерді егін екпесе де қасақана жыртып тастады. Осы күнгі көп бейіттің дәл ортасында бір шұңқырға 525 адамды көмгенін Ыбыштың Жүнісі, Құтжантегі Жұматай, Шәукей Жұқанұлы ақсақалдар бүгінде көрсетіп отыр. Осы күнгі сауда қоғамының (РайПО) кеңсесі 1932 жылы Детдом болған. Сол жердің іргесіндегі үй орнындай шұңқыр 1955-56 жылдарға дейін өлген балалардың сүйегіне толы болатын.

Просторный совхозының маңына осы ғасырдың басында келген Лакман деген неміс қазақтармен қатты достасып кеткен. Ол кісі 1933 жылы талай таныс адамның, не оның отбасының қай жерде аштан қырылғанын айтып, сүйектерін тауып, өзі жерлескен екен.

Осы күнгі Жарық станциясында темір жол тартамыз деп көп-көп қазақты жинаған. Жағдай ауырлағанда басшылар жұмыскерлерді тастап, тайып отырған. Осы жерде 200 ден аса адам өлгенін Ә.Маясарұлы айтып отыр.

М. Күзгібеков 30 жылдардың бас кезінде Жаңаарқада қызмет еткен. Сол кісі ауданның ескі орталығы тұрған Аппаз өзенінің бойындағы кірпіш күйген жерде М. Ағыбаевтың үйінен 200 қадамдай жерге 200-ге жуық адамды бір ұраға көмген айтады.

“Дружба” совхозындағы қарт ұстаз Зәрубай Тәжитов сол жиын деген жердегі мешіт манында қырылғандарды жазда қалай көмгендердің көзі тірі куәсі.

Қазақтың аштан қырылуы 1932жылмен біткен жоқ. Ол 50-ші жылға дейін созылып келді. Зейнеткер Нұрмұханов Төлеутай 1948 жылы Сәтбаев (Никольск) қаласында ФЗО-да болғанын, өзін еріксіз жетім деп салып жібергенін айта келіп, сол ФЗО-да қазақ жетімдерінің февраль, март, апрельде

60-тан астам баласының аштан өлгенін хабар етеді. Ол осы жерден Байқожаның Смағұлының қызы Күленмен бірге кеткенін, сол қыз асын Төлеутайға беріп асырап, өзі аштан өлгенін бізге жеткізген.

Ел ашығып жатқанда үкімет құлақ естімеген қылмыс істеді. Жылқыны маңқа деп жаппай атып, тартып алынған малдың етін тау-тау қылып үйді, белсенділер “ет планы” деп үй-үйді тінтіп, ең соңғы талшық азығын тартып алды. Тау-тау ет 1932 жылдың жазында сасыды. Тіпті сасыған еттерді де аштарға бермеді. Сөйтіп бір ғана Нілдеде 100 мың тонна ет өртелді. Мұндай жағдай Бұрма,Спаскіде болған еді.

Халық аштан қырылып жатқанда ел басына кездейсоқ келген көрсоқыр басшылар той тойлап жүрді. Шет ауданының ауатком төрағасы Қуанышев үкімет жәрдемін әкелуді де ұйымдастырмай күнде мас болып, детдомдағы орыс бикешімен әуей боп жүрді. Ауданның партия басшысы М. Байбоқышев жұмысын тастап қашып кетті. Сөйтіп, прокурор, милиция, бастық дегендер іс-түзсіз жоғалды.

Аштық тым ұзаққа созылды. Ол 1932 жылы шыңына жеткен астық 1933-34 жылдары ішінде де жалғасып жатты. Архив (фонд 5, опис №1) 1934 жылы Шет совхозының жұмыскері М.Мұқабаевтың нан сұрағаны үшін сабалғанын айтады. Өзінің өзегі талып, көзі аштықтан қарауытқан, балашағасы үшін нан сұрауға правосы болмаған.Қайран халқымның бейшара болған күндері есімізге келген күні бүгінде түнімен дөңбекшіп, жүрек сыздап шығады.

Архив /Р5,оп №3; 70/ 1934 жылы

Жылқы 840

Сиыр 1593

Қой 2186

Түйе 125

Райза Жексенбаев.

деп салқын мәлімет береді. Өзегі талған ел ес жия алмаса да (есін жию 1990 жылға дейін болмады ғой) тырбана бастағандай.

Осы күнгі өскен елдің көбі зұлмат қырғынын ұмытқандай, не шала білетіндей. Ол қалай деген занды сұрақ туады. Оның жауабы да архивте жатыр. Р2/1/211/ отчеты, а , я /советов перед избирателями за 1936 г/о.

Р/с	Ауыл аттары	Бар саны		Тәртіпке шақырылғаны	
		ер	әйел	ер	әйел
1.	Қызылтау	676	482	—	1

2.	Аққоян	489	314	—	2
3.	Тағылы	1301	804	1	1
4.	Ақшоқы	391	193	1	1
5.	Түлкілі	918	716	1	1
6.	Қорғантас	251	211	—	—
7.	Нұра	321	234	—	—
8.	Ақшатау	669	509	1	1

Сөйтіп еркін сайлау есін жиғызбай, басқа көзге төпелеп әр ауылдың естиярын Сібірге ала жөнелді. Бұл долы алдындағы репетиция еді. Халықты “кімдер тәртіпке шақыруға көмектесті, оны ел де, архив те біледі. Мұнан соңғы оқиғалардың “Геройларының” аты-жөні де жазулы, сақтаулы, тек тірі жүргендері кешірім сұрай білулері керек қой, “мешкей” деген жақсы ат емес дегендей, “стукач-салпаң құлақ” дегеннің несі онды.

Мінге осы сұрапылдар халықты “ұмыттырғандар” еді. Бірақ ел ұмытпапты.

1930 жылғы зұлмат кешегі Совет елінің талай жерінде болған-ақ шығар. Бірақ қазақ халқындай орасан ойранға ұшыраған, халқының 70-80 проценті құрыған жағдай ешбір республикада болған емес. Бұл геноцид еді. Бүгінгі тірі ұрпақ ажалдың аузынан қалғандар.

Ел басынан қаншама өкініш өтеді. Алла қазақ даласының халқының алдын оңдасын.



Газеттің шығу тарихынан

АУДАНДЫҚ ГАЗЕТТІҢ ШЫҒУ ТАРИХЫНАН

Дүрбелені мол XX ғасыр елдің саяси көзқарасының өсуімен де, Ресей сияқты артта қалған елдің сауаттылығының жетілуімен де, ұлттық сана-сезімнің өрістеуімен де астасып жатыр. Осы ғасырдың бір сыйы революция болса, соның бір көрінісі елді жаппай жаңа идеяға жұмылдырушы, насихатшы газет шығарушылықтың дамуы.

Сонау 30 жылдардың өзінде-ақ баспасөзге қатты көңіл бөлінген екен. Архив материалдарына қарап отырсақ 1936 жылдың №35 хаттамада газетке жазылуды жаппай жүргізу, оны оқырманға дер кезінде жеткізу қажеттігі айтылып, баспасөзді халыққа жеткізбеу “қылмыс” деп атап көрсетілген. Бұл қаһарлы 30 жылдардың қаһарлы қаулысы.

Сол 1936 жылдың 2 желтоқсанындағы №49 хаттамасында “жаңадан ұйымдасып жатқан аудандық газеттерге шрифт босату” керектігі, оны сақтау, немесе уақытша пайдалана тұру туралы мәселе қаралады. Бірақ аудандық газет барлық аудандарда бір мезгілде құрылды ма, әлде белгілі кезекке қойылды ма, ол арасы қаулыда ашық көрсетілмеген. Іргесі 1928 жылы құрылған Шет ауданы 1931 жылы

Петропавл облысына, 1932 жылы Алматы облысына қарап тұрған еді. Ал, 1936 жылы Қарағанды облысының жер көлемі жағынан аса ірі (оңтүстік шекарамыз Шу өзенімен шектелген) ауданы Шет өңірінде газет ұйымдасты ма деген сауал көңілге келе берген.

1937 жылдың 25 ұт айындағы №77 хаттамасында Тельман ауданының “Колхозды дала”, Ақмола аудандық газеттерінің редакторлары туралы мәселе қаралса да басқа аудандар туралы еш мәлімет кездестіре алмадық.

1937 жылдың 25 қыркүйегіндегі №34 хаттамасында қыркүйектің 25-жұлдызында аудандық газеттердің редакторларының мәжілісі өткізілсін делінген. Онан кейінгі хаттамада жасалған баяндамада газет алдында тұрған міндеттер

туралы айтылса да қай ауданнан, кімдер қатынасқаны анықталмай кетіпті. Сол жылдың 29 қыркүйегіндегі №36 хаттамада “аудандық газеттердің тапсырысын орындау үшін типография 1 қазаннан жұмыс істесін” делінген. Айтылғаны екі етілмейтін, екі етсе Сібірден бірақ шығатын тұста аудандық типографиялардың сол күннен жұмысқа кіріскеніне еш күмән болмаса керек.

1937 жылдың 5 қазанындағы хаттамада “Аудандық газеттердің қызметкерлерінің мәжілісінің қорытындысы” беріліпті. Басқа аудандардың өкілі ауызға ілінбесе де Шет аудандық газетінен келген Б.Сәрінжіпов біраз сынға алыныпты. Заты ақынжанды, сері көңілді Бәдекең көңілдеріне ұнамай қалса керек. Шет аудандық газетінен мәжіліске журналист Бәден Сәрінжіпов алғашқы уақыттан осы газеттің жауапты хатшысы болып істеген қатынасса да газет туралы әлі мәлімет жоқ.

1937 жылдың 16 декабрьдегі Қарағанды обкомының №37 отырысының хаттамасы да қолға тиді.

О Четской райгазете Т. Понкратов.

1. Разрешить выпуск Четскому РК КП/О/ К и Райисполкому райгазеты.

2. Утвердить формат газеты 14/21 с тиражом 1500 экз.

3. Название газеты утвердить “Социалистік табыс”.

4. Обязать облисполком выделить средство на содержание редакции райгазеты.

Секретарь обкома КП/о/К

Бейсенов.

Осы қаулымен Шет аудандық газетінің шыққан мерзімі анықталды. Аудандық газеттің 50 жылдық мерекесін 1987 жылы июль айында өткізген екен. Оның да еш қателігі жоқ екенін айта кеткенді жөн көрдік.



Шежірелі Шет

ШАҢЫРАҚ КӨТЕРГЕН ШАҚТА

Шет ауданының құрылуы туралы архив (Қарағанды облысының әкімшілік территориялық бөлінісінің анықтамасы).

“1928 жылдың 17 қаңтарында Қу, Қызылтау, Шет болыстықтарының бөлігінен Шет ауданы құрылған” деген мәлімет береді. Ауданның құрылуы туралы бұдан да анығырақ мәліметті Тайбектің Омарының естелігінен кездестіреміз. Ол кісі 1928 жылы 3 қаңтарда ЦК союздың Калинин қол қойған болыстықтарды таратып, аудандарды құру туралы қаулысы шыққанын, іле 17 қаңтарда КазЦИК-тіңде қаулысы жеткенін айтады. 1928 жылдың 10 мамырында 22 болыс Қарқаралы округіне таралды. Жаңа құрылған Шет ауданына Қызылтау, Нұра, Ақшатау. Шет, Сарыбұлақ болыстықтары кірген. Осы тұста бұрын Әулие атаға берілген Мойынқұмның бес старшын елі Шет ауданына қайтарылды. Сол кездегі ел жақсылары Бес ата елінің ешқайсына бұрмай, ру таласына салмай жаңа ауданның атын Шет деп атауға ұйғарым жасаған. Мұны ақын Бодықұлы Қасеннің аузынан елге естіртіп, 16- шы жылы Сібірді көріп келген Көпжар Байменұлы, жас жұмыскер Алтыбай Нақыпұлы, алғашқы партиячейка секретары Дәлмағанбетұлы, сол сияқты елге сөзі өтімді Қасқатай Ордабайұлы, Сыдан Өтенұлы, Жүніс Ыбышұлы, Сәулібек Сыздықұлы, Сақып Тәшенұлы, Медеубек, Ахмет, Айса мұғалімдер Изатбек Әлікейұлы, Шаян Қоянбаев, Қасен Бодықов т.б. қолдады. Аудан территориясы терістікте Спасскіден басталып, Оңтүстікте Шу өзені Ақсүйекпен шектелген: яғни ертедегі жүздік, тайпалық бөлік шекараларының негізі сақталған.

Шет ауданының алғашқы басшысы аудандық партия комитетінің 1-ші хатшысы болып Досмахов Сейілхан, атқару комитетінің төрағалығына Қасен Жанқашев, жауапты хатшылығына Қасен Бодықұлы сайланды.

Көшпелі елдің алғашқы көшпелі ауданы кигіз үйлі кеңсемен көшіп жүрген. Ауданның алғашқы құрылу рәсім-

беташары Қайрақты өзенінің бойындағы Балқаш жайлауында мамыр айының 5-10 шамасында өтіп, онан көшіп Кербетеге,

Толағайға жылжып қонған. Осы Толағай тауының баурайында ірі байларды кәмпескелеп тәркілеу жүргізілді. Аудан бойынша тәркілеуге 16 бай іліккен. Бұлардың ішінде 17 мың жылқы біткен Адамбай-Топатай бұзаудың Жәмлі Тоқсанбайдың Ғаббасы, Тұрсыннан: Кәріғұл, Әбдіғали, Абдолла, Құлатайдың Ахметі, Беркімбайдың Ақаны, Бөдестің Жарылқасы, Қыдырбайдың Жүсібі, Әбдірахманның Серігі, Сарбас тұқымы, Шекмардың Жаманбаласы т.б. бар. айырылып бара жатқан, бір елдің ырысы болған бай келіндері:

Күміс сулы, бал бұлақты жерім-ай,
Базар тойы бір басылмас елім-ай.
Жазығы жоқ Жәкемді айдап Оралға,
Тасбауыр, озбыр сеніме-ай,-

деп сай сүйекті сырқыратар әнмен елмен, жермен қоштасқан. Кәмпескеге атакты күйші және өнерді кейінгі ұрпаққа дәріптеп жеткізуші Аққыздың әкесі Құлтайдың Ахметі де іліккен. Адамбай-Тұрсын тұқымы тек қана Кәріғұлдан 12 мың жылқы айдап алынды. Сан мың жылқысын 300-ден бөліп, Бетбаққа шығарып жіберген Қыдырбайдың Түсібінің малын ұсақ-түйекке араздасқан ағайындары үкімет адамдарына көрсетіп берген. Ақбұзау байдың 10 мың қойы тәркіленіп, Шу бойына айдатып жіберген 300-ден аса түйесі алынған. Кәмпескелау науқаны ел ішіндегі коммунистердің ықтиярымен жүретін еді. Шет ауданының коммунистерінің көбі көршілес ағылшын кеніштерінде жұмыс істеген Қызылтау болысынан шыққандар болып, олар бай малын бүйтіп сыпыра беруге қарсы болған мұның арты аштыққа әкелуі мүмкін деген қауіп айтып, Дәлмағанбеттің Тұңғыштегі бастаған олар байларды тәркілеуге бермеуге тырысқан. Тәркілеу тізіміне іліккен Асанбек-Қарабектің малын кешегі малшы-коммунист Әйеш Иманбаев олардың өткен тұстағы жоққа жанашырлығын дәлелдеп, “300 жылқы үшін кәмпескелей берсек қазақта жан қалмайды” деп бермей қалған.

Осы тұста аудандық милиция бөлімінің бастығы болып уақытша командировкамен Қарқаралыдан Сапатаев Ысқақ деген азамат істеген. Осы жазда жаңа құрылған Шет ауданының түпкілікті қоныс тебер жерін іздеу басталды. Окруттен өкіл ретінде келген Әбдірахман Түсіпбековтің жанына Т. Дәлмағанбетұлы, С.Сыздықов, А. Нақышұлы, Ә. Иманбайұлы, Қ. Қордабайұлы еріп, аудан территориясын аралап

шығып, әзірге бірден-бір қолайлы орын ағылшындар тастап кеткен Қызылеспе кенішімен оған жақын Адамбай-Тұрсын ауылдарының қыстақтарын аудан екі жыл қыстап шыққан. 1929 жылдың жазында кигіз кеңселі аудан арқаға жылжып қонып Шет шоқы тауының терістігін жайлады. Бұл жер күні бүгін Аудан қонған аталады. Осы жерде тұңғыш рет аудандық той өткізіліп, ат бәйгесі, күрес, ән-күй, айтыс өткізілді. Бәйгеден Құсайын бастаған Түйтенің Көкшағыры жеке дара келген.

30-40 ЖЫЛДАР ТАУҚЫМЕТІ

1930 жылы аудандық партия комитетінің бірінші басшысы болып Шәріп Нұрмағанбетов келді. Ол кісі аудан орталығының осы Аюлы баурайына келіп қоныс тебуіне көп еңбек сіңірген. 1930 жылдың май айынан бастап аудан орталығы Аюлы тауының баурайына, Нұра өзенінің жағасы болып бекітіліп алғашқы құрылыстар жүргізіле бастады. Бұл жұмысқа жер аударылып келген байлар пайдаланылды. Ең алғашқы құрылыс НКВД үйінің фундаментіне тас үюден басталды. Құрылыс басшылығына Сақып Рақымбеков тағайындалған. Техника жоқ негізінен қол күшін пайдаланылған құрылыс жұмысы баяу жылжыды. Соны меңзеген Қасен ақын:

Сақыпты ие еттік құрылысына,
Қарайлап нашар ғой деп тұрмысына.
Түйе,өгіз қисық арба қарауында,
Қалқайып әне отыр жар басында -

деген екен.

Аз да болса істелген жұмыстың сапасы өте жақсы болған. 70 жылдары сонда салынған үйлердің кірпішін бұзғанда сол қалпы бүтін шығып, іске жарап жатты.

Осы жылдары белгілі революционерлер қырғынына қатынасқан Угарь Жаныбеков Шет ауданында қызмет етіп, аудандық тұтыну қоғамын басқарды.

Ұлы кәмпескеден кейін іле басталған жайлауға көшуге шектеу салу 1930 жылы малды елдің жаз шыға терістікке, сонау Ақмола аса көшуіне біржола тиым салуымен аяқталды. Мұның өзі онсыз да азайып бара жатқан мал басының күрт кемуі түсуіне себепкер болды. Әсіресе аса малды Керней елі бұдан қатты жаппа шекті. Белгілі ақын Түсетайдың “Сары Арқа сағындым ғой, жайлауыңды деген өлеңі осы тұста шықты.

1930 жылы әйел теңдігін желеу еткен Қызыл отау соты

құрылып, оның басшылығына Омар Тайбекұлы тағайындалды. Аудандық халық соты болып Нағызбаев Біләл деген Қарқаралы жігіті істеп жатты. ГПУ бастығы Чекмарев деген қарт жұмысшы болған.

Осы жылдың қысында аудандық партия комитеті мен атқару комитеті Құмжондағы Жанғұтты шешеннің үйін қыстап, аудандық мекемелердің біразы әлі де болса Қызыл-еспеде қалып қойды. Мекеме қызметкерлері Аюлы тауының баурайындағы көптеген қыстақтарға бөлініп-бөлініп орналасып, бір үйде бірнеше отбасы сиысып қыстап шықты.

20 жылдардың аяқ шенінде Қазақстанда қалыптасқан әкімшілік, үркіту-қорқыту аймақтық көсемдік тәсілі 30 жылдары шырқау шегіне жетті. Қазақстанды билеген Голощекин ұлы далада “Кіші октябрь” өткізу деп соғып, Сталинге “Қазақстанды қасықпен тамақ ішуге үйретіп жатырмын” деп мақтанды. Осы “Кіші октябрь” саясатының арқасында Қазақстандағы 1928 жылы 47 млн. бас малдан 1931 жылы 3 млн. ғана қалды.

Шет ауданында ең алғашқы 1923 жылы құрылған Бозшақөл қарапайым кооперативі 1928-29 жылдары Мойынсерікке ауыстырылып, іле колхозға ұласты. Міне, осы тұста құлаққа тарту шаралары да тездете жүргізілді. Құлаққа тарту ұлт аймақтарында 2-3 процент болып белгіленсе де іс жүзінде 10-15 процент сайлау құқығынан айырылғандар 15-20 процентке жетіп, халықтың 30-35 проценті зардап шекті. 1928 жылы аса ірі 16 бай тәркіленсе, енді құлаққа тартылғандарда шек болмады.

Жоғары орындар салықтың тұр-түрін ойлап тауып жатты. Егін салып көрмеген елге шамадан тыс астық салығы, құс ұстап көрмеген жұртқа жұмыртқа салығы түсіп оны өтеу үшін халық қолда бар малын су тегінге беруге мәжбүр болды. Шет ауданында әрбір үйге 150 ден 500 басқа дейін мал өткізетін салық түсті. Халық басына түскен қасіреттен есінен танды. Аудан халқының қолында 80 мың бас ірі қара болса, оған 120 мың мал тапсыру салығы енді. Етті тоннамен өткізетін ауыртпалық кірді.

“Көшпелі ел XX ғасырда өмір сүруге тиіс емес” деген теориямен қаруланған неше түрлі қарулы бас кесерлер дала кезіп, зорлық жасады. Момын елдің қаны судай төгілді. “Ұрыларды атамыз” деп шыққан қарулы отряд Шуаш ауылының Жанғұтты шешен тұқымы Шөкен, Сейтқалы, Сайткамал, Аққасқа бастаған жеті адамын атып кетті. Үрек Адайда, Жаманбек, Сейтбек, Сейтқазы бар 40 адам оққа ұшты.

Ел сөзін ұстаған, елге пана болар азаматтарды қуғындау

басталды. Бұл кезеңде жұрт қырғидай тиген белсенділерді шенеген, теріс ісін әшкере еткен де Диа қажы, Бабас ақын, Ғаббас кезінде Абылай хан туралы дастан жазған Оқа ақындар, әр түрлі жала жабылып, атылып кетті. 1916 жылы халықты патшаға солдат бермеуге шақырған молла Күмісбек ақын елден қашып ақыры атылып тынды.

Елді көне мәдениетінің үлгілерінен жұрдай ету көзделді. Белгілі ақындармен қатар Арқаның философиялық ойға толы, сезімге тәнті күй иелерінің өкілдері қарауылға ілікті. 1931 жылы атақты Қыздарбек күйшінің шәкірттері Әбди, Сембек күйшілер атылып, 1931-32 жылдары Ақмолада Мақаш, Кәрібек күйшілер дүниеден көшті. Күйді Мақаштан үйренген Әбікен Хасенов елден жырақ кетуге мәжбүр болып, өзін осы жақтың азаматы екенін жасырып жүруге тура келді.

“Кіші Октябрь” үшін ғасырлар бойы қалыптасқан рулық, аталық негізінде ұйымдасқан ұсақ кооперативі қазақы қоғамды қирату қажет еді, Жер мен мал бағыны ортақ, мал әр түгіннің иелігіндегі туысқандық, бауырмалдық негізінде құрылған қазақы қоғам Европа үлгісіне жат еді. Қазақы қоғамның негізі талқандау қазақты құрту жолындағы алғашқы қадам.

Қазақрайкомның аса құпия саналған 1930 жылы 19 қаңтардағы қаулысында “что мероприятия в районах сплошной коллективизации казахского населения на совсем достаточны и должен быть усилены” делініп, қазақы кооперативті қаратуды тездетуді талап етілді. Осы қаулыда тас-талқан болған ауылды колхоз жасау үшін қуып әкелу керектігі баса айтылған. Жүздеген шақырым жерден осы босуға ұшыраған жұртқа көмек жоқтығын “по бюджетами... не предусмотрены специальные средства на оседание” деп ашық айтылып, оны ұйымдастыру аты ғана бар. Мекемелерге жүктеліп, халық тағдырын тәлкекке айналдырған.

Колхозцентр төрағасы Г. Каминский “лучше перегнут, чем недогнуть” деп 1930 жылы коллективизация өткен аудандардың мәжілісінде сөз сөйлесе, біздің елдің басшылары “асыра сілтеу болмасын, белдеуде бұзау қалмасын” деген ұран туғызды. Бұл саясатты жүзеге асыру үшін билік басындағылар әпербақан надан белсенділер мен лауазымшыл атакқұмарларға, күні үшін қызмет ететіндерге сүйенді. Ел аралауға шыққан райкомның II хатшысы Файзуллин атақты Зағип ақын Қақпанның бес ешкісін тартып әкетті. Күн көрісінен біржола айырылған Қақпан ақын Қызылжар жаққа қаңғып кетуге мәжбүр болып, 1934 жылы сол қалада өмірден қайтты. Ақынның екі бірдей ұлы Ұлы Отан соғысына қатынасып,

сонда мерт болды.1931 жылы өлкелік партия комитетінің бюросында төніп келе жатқан апатты жағдайды ескерткені үшін Голощекин қазақ коммунистерінің бір тобын тәрбиеге көнбейтін оңшыл уклонистер қатарына жатқызды. Айдар тағудан Шет ауданы басшылары да кенде қалған жоқ Асыра сілтеуге қарсы шыққан Шеттің бір топ коммунистеріне “Қызылтауизмнің оңшыл ұйымы деген айып тағылды.

Казакрайкомның 1931 жылы 5 майдағы “Ерназаровтың баяндамасы бойынша резолюциясында Абралы, Шұбартау, Қу, Қарқаралы аудандарындағы дүмпулі жағдайды айта келіп, «коммуниста 6 аула Абралинского района совместно со своим родом принимают активное участие в выступлениях» деп дені қазақ, өз ұлтының тағдырынан бөліне алмаған коммунистерді айыптайды.Шет ауданының алғашқы партиячесын құрған Дәлмағанбеттің Тұңғышбегі,Байменнің Көжаны, Сыздықтың Сәулебегі, Нақыптың Алтыбайы, Ыбыштың Жүнісі, Ордабайдың Қасқатайы, Кенжебектің Тұңғышбегі, Токсанбайдың Әубәкірі сияқты азаматтар 1928 жылы кәмпескеге,онан соңғы қаптаған салыққа қарсы болып, “бұл ашаршылыққа ұшыратады”деп сан рет жасырын кеңес өткізгені белгілі.“Осы тұста содыр белсенділердің елге зобыры тиіп бақты. Бабжанның Исасы, Қанжырық, Сүмсекей дегендер болды. Олар 1931 жылы ауаткомның жаңа төрағасы Тайбеков Қарағандыдан қолдау тапты” деп жазады өз естелігінде қарт коммунист Ж.Ыбышев 1988 жылы.

Осы кезде өлкелік партия комитетінің секретары Т. Голу-дов колхоздастыру кезеңін тездету үшін әр жерде 15-20 адамды атып тастауға болады деген нұсқау берді.Сөйтіп, онсыз да барынан айырылып отырған халықты қанды қырғынға ұшыратуға жол ашты.

Шет ауданына ГПУ бастығы болып үш кластық білімі бар, ел арасына Шишов деген атпен белгілі, Н. Сычев тағайындалды.Сычевті Шетке аттандырып тұрып оперсектор бастығы Бак байлар мен дінбасылар,ақындар сөзі өтімді болған ауданға барғанда аяусыз болуын, ойланбауын талап еткенін архив сақтаған. Шала сауатты Сычевке осы сөз де жеткілікті еді, ол қанды аяусыз кірісіп кетті.

1931 жылы елге аштық кіре бастады. Тұқым тұқымымен “нұрлы болашаққа” жетпей құритынына көзі жеткен ел толқи бастады.

Алғашқы толқу ауданның алғашқы орталығы Қызылеспе маңында болды. Созақ уақиғасынан хабардар жұртқа Бақтыдағы жағдайды көрген Шәріпов Орман деген жеткізген. Оның үстіне Мажыра деген Семей жаққа барып келген. Ол

жақтағы елдің дүмпуін естіген халық “алаштың азаматы Ақбайдың Жақыбы Семейге ту тігіпті” дескен. Бәрінен бұрын аштық қаупі төнген кедейлер жағы көтеріліп, ең белсендірек кіріскені Шандырбас деген кісі болды.

Ашығып та, ашынып та отырған ел 80 бөшке бензинді өртеп, зобыры қатты тиген. И. Бабжановты тұтқындаған. Көтерілген елге Марғазы мұғалім де қосылған. Халық ел ішіндегі зорлық-зомбылық тек белсенділердің ісі, оны жоғары жақ білмейді. Толқу жасап қиын жағдайымызды білдірейік деген бағыт ұстаған. Тап ретінде айдалып бара жатқан Ысқақ молла, Тәйбек тобына келіні Сақай көтеріліс туралы хат жеткізген. Айдалушылар екі милицияны байлап тастап, Ысқақ молладан басқасы кері оралған.

Осы уақиғалардың бел ішінде болған Аманбек молла жазалаушы отрядтың да тез жеткенін, сол жерде көтерілісші ретінде 16 адамдытізімдеп, тұтқынға алғанын айтады. Тұтқынға алынғандар Бапы тауына дейін жаяу айдалып келіп, кигіз үйлі түрмеге қамалды. Сол жерде ГПУ бастығы Сычев, ауатком төрағасы Қарағанды Тайбеков бастаған басшылар келіп көтерілісшілер “атысты, қарсыласты, активті ұрып-соқты” деген жалған акті жасап, орысша хат танымайтын комсомолдарға қол қойдырып, ауыр жазаға кескен.

Сол түні алты адамды Тайлаққа мінгізіп, Қарқаралы жөнелтеміз деген желеумен алып шығып, атып, жаралыларын қайламен сокқылап өлтірген.

Ертеңіне қалғандарын айдап Бүркітті тауының етегіне жеткенде сол жерде атылып жатқан тағы 6 адамды көрген. Сол атылғандарың ішінен аман қалған Доман ақсақал /1994 жылы 95 жасты еді. К. Ж./ өзінің еріксізден жазалаушы отрядқа қолбасшы болғанын, жазғытұрымғы жолда аттарды батпақтатқаны үшін жазаға кесілгенін айтады.

Сол күндері Қосдоңғал-Күйгенсайда 9 адам атылған. Мұнан басқа Күйгенсайда жеке-жеке бір ақсақал, бір бозбала, бір қарт ана және Сақай атты жас келіншек оққа ұшты.

Сол маңда мұғалімдік етіп, кейін ГПУ қызметкері болған Нұржан Меңісов сол жерде Сақайдың бір жастағы баласын да атып кеткеніне куәлік береді.

1931 жылы сәуірде атылғандар:

Бапыда атылғандар:

1. Кәсен Нұрмағанбетұлы
2. Нұржан Нұрмағанбетұлы

3. Ақмағанбет Байсынбекұлы
4. Быжан Нарбайұлы
5. Қали Омарұлы
6. Бейсенбек

Бүркітгіде атылғандар:

1. Байтұрсын /Уақ руынан/
2. Бәтжан Қайранбекұлы
3. Бәкір Ноғайбайұлы
4. Мұқыжан Быжанұлы
5. Әбіш Бибатырұлы
6. Әбдібек Кішкенебалаұлы

Қосдоңғал-Күйгенбайда атылғандар:

1. Тәсібек
2. Ажарбек Тәсібекұлы
3. Әмен Ақыжанұлы
4. Сәт Ақыжанұлы
5. Ақыжан
6. Ұзақбай Бәденұлы
7. Жұмажан Софыұлы
8. Сарқытбек
9. /аты-жөні белгісіз/

Сол Күйгенсайда жеке атылғандар:

1. Ыбырай Аккүшікұлы
2. Сақай Тәсібек келіні
3. Еркеш
4. Нұрлан Тәсібекұлы

САҚАЙ КЕЛІНШЕКТІҢ БІР ЖАСАР БАЛАСЫ

С. Мұқанов өзінің “Өмір мектебі” атты естелік-романында сол кездегі үкімет биікке араласқандар сотсыз куәсіз кісі атуға рұқсат бергенін жазады. Қолына шексіз билік тигендердің не істеп, не қойғанын дәлелдейтін қағаз жоқ. Жалғыз куә ата-бабаның тарихын айтқан халық аузындағы сөз. Шет ауданындағы сойқанды белсенділердің жалғыз-жарым, бірді-екілі атып кеткендерін ауызға алмағанда, топтап кісі атудың бір жағдайы аудан орталығына жақын, ел аузында “Қанды қара төбе” деген жерде 1931 жылдың тамыз айының орта кезінде болды. Бұл уақиғаның куәгері қарт ұстаз, елдің сыйлы ақсақалы Жұматай Құтжанұлы. 1991 жылдың жазында /жазушы К. Жүністегі/ осының негізінде телефильм жасаттырды.

Оққа байланғандардың негізі Иман- Жолбарыс ауылының азаматтары. Ашынған халықтың әлдебір уәделескен қағазын тауып беруші де, олардың сандыққа салып, тауға жасырған туы мен ашынғаннан жазған өлеңін тас арасынан алып беруші де Төлебай белсенді. Қанды қол ГПУ бастығы Сычевке керегі де сол. /Төлеубай сұмның жазықсыз көзі жойылған азаматтардың әйелдеріне жасаған қиянатын, бала-шағасына да көрсеткен зорлық-зомбылығын ел күні бүгінге түршіге еске алады. Халық қарғысына ұшыраған онан тұқым жоғы да солардың көз жасының тегін кетпегенінен болар/.

Аузынды аштың-атылдың қағидасын өмірге енгізген жалғыз Голощекин Гомодовтар емес, өз арамыздан шыққан жынды сүрей, бір күннің тірлігі үшін арын сатқан белсенділер. /Колбиншілер арамызда әлі жүр емес пе/.

Бұл жолы тұтқынға түскен 29 адам еді. Қамалған түрмесі аудан іргесіндегі Ақсу колхозындағы түртіп қалсаң қалың сыртқа шығар шым үй. Тамыз айының бір күні ымырт жабыла сол түрмеден түйге мінгестіріп алып шыққан. Қанды қолдардың не жазаға бұйырғанын тұтқындар айтпаса да білді.

Тұтқынның бірі Дәржібайдың Қасені деген кісі “Түсе қашайық, бәрібір өлдік, мүмкін бірен-саранымыз тірі қалармыз” деген екен. Бірақ сөзіне ел тоқтаған Талпақтың Ахметжаны “артымызды ойлайық, біз қашып құтылармыз”, бірақ мынау иттер бала-шағамызды қынадай қырады ғой. “Тағдыр не салса да енді өзіміз көтеріп алайық” деп толқи бастаған жұртты басқан екен.

Ахметжанның соңғы тілегі ақырғы намазың оқу екен. Сәждаға бас ұрып отырған Аханды кеше патша заманында да қазаққа тізесі батқан, осы маңның бір шұрайлы жері Қызылтау иелігіне алған мұжық, орыс болған соң жаңа өкіметтің өкілі ГПУ Сычевтің сеніміне кірген Семененко атып салған. Жараланса да жығыла қоймай, намазын жалғастырған қасиетті ақсақалды осы елдің бір есалаңы қылышпен шауып жіберген.

Осы маңның бір мұжығы Морозов деген “сендерге оқ шығын етіп керегі жоқ” деп тұтқынның талайын бір оқпен жайпауға тырысқан. /Сол Морозовты Фельдегер боп жүргенде қасқырлар талап өлтірді/.

ГПУ Сычев сол кезде қызметке жаңа ілігіп жүрген бір жігіттің шекесіне тапаншасын тіреп, тұтқындарға оқ атқызған. Мылтық дауысымен есі шығып қоса құлаған оның аузына “қан іш, есінді жиясың” деп аузына қан жаққан. /Кейін соғысқа аттанған сол жігіт “қан жалап ем, қан майданнан қайтпаспын” деген екен, соғыста жоқ боп кетті/.

Ермек іздеген белсенділердің бірі Ақбота Түсібекті Аюлы тауына жалғыз өзін апарып, қинап отырып атқан.

29 тұтқынның бірі Ақпанның Құдышы жараланған, құлаған екен, біраздан соң есін жиып, қараңғы түнді пайдаланып, жар жағалай қашып шыққан. Жаралы азамат ұзай алмапты. Ертеңіне атылған өлікті санаған, біреуін жоқтаған сұмдар оны Данияр бейітінің маңындағы қараған арасынан тауып, ермек нретінде атқылап, қуалап жүріп оққа ұшырған.

Қарт ұстаз, соғыс және еңбек ардагері “Жұматай Құтжанұлы” түнде күрсілдеген мылтық дауысы естіліп жатты” “Кісі атты” деп ертеңіне үлкендер бізді біліп келуге жіберген. Өзеннің күнге қараған биік кемерінің астына атыпты. Су қызыл-ала қан. Біз балық аулаған болып бардық. Бізді бір мылтықты орыс “кетіндер, атам” деп қорқытып қуды. “Оның милиция формасы бар ед” деп жазды. Жұмекең сонда 14 жаста екен.

Шейіт кеткендердің жатқан жері белгілі боп қалуы себепті ЕПУ олардың ізін жасырған. Ел адамдарының бір тобын қорқытып, үркітіп жүріп ор қаздырған. Осы топтың ішінде Имағанбетов Төсбай ақсақал да болған екен. Сол кісінің Құтжанұлы Жұматайға айтуына қарағанда ор табан төбенің терістік жағындағы ши ішінен қазылған. Міне, осы жерге жар қабаққұлатып, астында қалған мәйіттер қазылып алынып, қайта көміліп, ор тып-типыл етіліп тегістеліп тасталған. /Біз Ж. Құтжанұлының бастауымен сол тұсты жобалап та қойдық, бірақ біздің мәйіттерді қайта жерлеу туралы ұсынысымыз аяқсыз қалып жатыр/.

Көпті көрген ақсақалдар Жұматай Құтжанұлы сол атылғандардың ішінде Дәржібайдың Хасені, Талпақтың Ахметжаны, Иман-Жолбарыстан Әлдубай, Аманбек, Шүленбайдың Тішдегі, Жексенбегі барын еске алса, Жұмабай Төкенұлы, Ақпанның Құдышы, Ақбота Түсіпбек, Сандыбай тұқымы Сәдуақастың шейіт болғанын айтады. Мұқаш Ықсанұлы ақсақал Тнекеннің Қанағабы, Адайдың Ахметі, Шегірші ұлы Қарсыбек, Құдайбергенұлы Қайырберлі, Үсен кажы сол 9 шейіт ішінде бар еді,- дейді.

1996 жылы ел аузына қараған Талпақтың Ахметжанының 80-нен асқан қызы Қадияша шешей әкесіне арнап осы Нұра өзенінің жағасына жазықсыз жандардың атылған жеріне үй тігіп, ас беріп, көктас қойып кетті.

Бұл жаны азалы жанның бір ғана ісі. Қалғанымыз ше. Біз әлі ішкен ас, киген киімге мәз боп “осы біздің парызымыз не” дегенді ойламай-ақжүріп жатырмыз.

1997 жылы декабрь айында Қарағанды облыстық ҰҚК-

не барып, 1914 жылы тамыз айында Нұра жағасында /Ақсу-Аюлы кенті/ атылған 9 адамның толық тізімін беруді сұраған едім. Ақыры олар ойға сілтеп, қырға жұмсап бермеудің бар амалын жасап бақты. Ең соңында “бізде ол тізім жоқ” дегенді де айтты. Топтап атқанда барлар тізімде жоқ болса сонда біз қайда келдік.

Базыл Мұқашев деген ақсақал 30 жылдардың ішінде әлдебір милиционерлердің қолы артына байланған адамдарды кеш қарая бұлақтан жоғары айдап бара жатқанын, сонан соң сол милиционерлердің жалғыз қайтқанын айтады.

Дүниеден өтіп кеткен Әбүйір ақсақал баласына сол бұлақтан жоғары ескі бейіттердің маңына атылғандардың жерленгенін түсіндіріп кеткен екен.

1930-31 жылдардағы зомбылық шығындау шегіне жетті. Өзі де малсыз қалған қазақты енді ешқайда ауып кетпесін дегендей қолда қалған бірен-саран жылқыны топ-тобымен айдап әкеліп “маңқа” деген сылтаумен атып жатты. Бұл қырылған жылқы етінен аштыққа ұшыраған елдің алуына қатаң тиым етіліп, ет бензин құйылып өртелді.

Ірі түгілі орташа байлар таусылып бітсе де, байшыкеш, құлақ деген желеумен жұрттың күн көрістік бірер қарасын тартып алу онан әрі жалғаса берді

Аты әлемге әйгілі композитор Сыдық Мұхамеджанов 1988 жылы Шет ауданының 60 жылдық мерекесіне шақырып барғанымызда / осы жолдардың авторы К.Ж./ “Мен Аюлы тауын 1931 жылдан бері көргенім жоқ. Жасөспірім бала едім, жанымның түршіккені сондай, есіме алсам әлі көзім қарауытады. Сонау Киікті маңынан “құлақсындар” деп аудан орталығына бүкіл отбасымызбен жаяу айдап әкелді. Ертеңіне біздің шаңырақтағы барлы-жоғы 8-9 үлкенді-кішілі малды алды да “Енді қайда барсаңдар да, онда барындар” деп қаңғытып қоя берді. Үлкен әкем тірі еді. Сол кісі “жеткеніміз Балқашқа жетейік, көл жағалағанның өзегі талмайды деген бар” деп бізді бастаған. Жолда отбасы мүшелерінің жартысы өліп, қу жаны қалғанымыз жаяулап көлге жеткенбіз. Тірлік сол болған” деген еді.

Ірі байлардан тәркіленіп, басқасынан бай құлақ, не соларды құйыршығы деп тартып алынған малға ие жоқ еді. Бұл туралы халық комиссарлар кеңесінің отырысында/5. III. 1932 ж. ф-18, тір 1,4 іс / “Конфискованные хозяйства нередко не принимаются аулсоветами и не передаются соответствующим организациям” деп ашық айтылады.

Бұл жағдай сан мындаған малдың аз уақыттың ішінде құрып кетуіне әкеліп соқты. Көз көрген үлкендер Орыс өлген,

Аршалы маңына тәркіленіп жинақталған малдың бір жаздың ішінде жоғалып тынғанын айтады.

Қырсыздықпен қоса шаруашылықты қайта құру жұмыстары да қоса жүргізілді. 1930 жылы кейін Нұраталды деп аталған Қошқарбай совхозы ұйымдастырылды. Шаруашылықтың қалыптасып кетуіне Т. Төлеуов, Ә. Шоланов, Ә. Саманов, Н. Шешенов, Б. Көсембаев, Ә. Үмбетбаев, Қ. Мұқановтар қатты еңбек сіңірді. Келер жылы Нұраталды совхозынан жеке шаңырақ көтеріп Шет совхозы бөлініп шықты. Мұнан басқа аудан көлемінде П. Ақшоқы, Қарғалы қосалқы шаруашылықтары пайда болды. Мұның өзі аз да болса біраз жұрттың аштықтан аман қалуына себепкер болды.

1932 жылы аудандық партия комитетінің І секретарлығын М. Байбоқышев, аудандық атқару комитетінің төрағасы қызметін Қуанышев атқарды.

Ел сөзіне ұйыған білікті азаматтардың атып-асып, мұндай сұмдықты көрмеген елдің есін жиғызбай малын тартып алып, тақымын басқан көлігінің де көзін құртып, “XX ғасырда өмір сүруге тиісті емес” көшпенді елді 1932 жылдың аштығына қойдай айдап келе жатты.

Қастандықпен жойылмаса жазғанынан жаңылмайтын архив статистикасы Шет ауданында 1926 жылы 48311 қазақ болғанын куәлайды. 1928 жылдың кәмпескесі, белсенділердің ұрда жық зорлық-зомбылығынан шошынған елдің ауа көшуінен, жынды сүрейлердің топтап та-жекелеп те кісі атуынан 1932 жылға дейін аудан көлемінде 36568 адам қалыпты. Сөйтіп бұл аралықта аудан қазағы 11743 адамға азайып шыға келген.

Әуелдегі /1926 жылғы/ халықтың санын білетін үкімет орындары Шет ауданының халқының елді дұрыс санамай отырғанын, кем көрсетілетінін айтып басшыларға сөгіс береді. Мұны архивтегі ф № 1, тіркеу № 1, № 10 істен көруге болады.

Архив сөгіп жатыр. Күн көрісінен біржола айырылған жалық қырылуға бет алған. 1930 жылы бар малдың саны 197832 бас. Малдың 1928 жылы кәмпескеден кейін 15-20есе азайып, құрып кеткенін сол кездегі елдің басқару жүйесінде болған А. Нақыпұлы, Т. Дәлмағанбетұлы, И. Әлікейұлы, С. Сыздықұлы, Ж. Медиұлы, О. Тайбекұлының айтуынан сан естідік.

Адамды атуды да, атпауды да жоспарлаған шовинистік геноцидтік саясат ұстаған үкімет жоспарын орындау үшін өз халқына өзі жау, надан, көрсоқыр белсенділер аянбай-ақ еңбек етіпті. Егер 1930 жылы бай-құлақ саны 76 адам болса, 1931 жылы олар 325-ке жетіп, 1932 жылы, яғни халықта дым қалмаған шақта 400 болып шыға келіпті. Дия қажы

ақынның “Ильичті түсімде көрдім ғой, ол маған пәленді ат, түгенді құрт деп нұсқау берді” деп көкітін Мұса ағаң белсендіге шығарған атакты өлеңі осы кездің алдында туған еді.

Сөйтіп архивтегі бұл цифрлар белсенділер тарапынан тап жауын құрту жоспары асыра орындалып, елді шексіз қуғын- сүргінге түскенін, бір жанын паналататын сая таппай қалғанын көрсетеді.

Үсті-үстіне түскен салық пен тартып алудан барынан жүрдай боп, алды күзді күнгі қырылып жатқанда аудан бойынша егін егуді 12 күнде бітіруді, бесжылдықты төрт жылда орындауды жоспарлап, ұрандаған документтерді архивтен көргенде сау адамның миы жетпес бұл іс дел-сал етеді. Даланың түкпір-түкпірінен қуып әкеліп,көше-көше қылып тіктіріп колхоз жасаған ақ ордалар мен қараша үйлер ішінде жан қалмай 1933-34 жылдар бойы түңілігі желмен желбіреп тұрғанын үлкендер қайғымен еске алатын.

1966 жылы Қарағандыда ауруханада кездескен / осы жолдардың авторына К. Ж. / Қарқаралдық Теміржан Қайыр деген кісі 1932-33 жылдары Шет ауданында аудандық пошта бастығы қызметін атқарғанын еске алып, 1933 жылы тірі қалғандардың санын алуға аудан көлеміне актив шыққанын айтты. Аудан бойынша екі не үш адамнан тұратын түгін саны 208 үй, жетім бала, жесір қатынды жеке үй деп санаса 309 ғана түңілік болғанын көзіне жас алып отырып бізге жеткізді.

р-5 Опись №1.55

Сведение по учету по головия скота Шетского района за 1934 год.

Мәлімет. Шет ауданының 1930-31-32 жылдардағы мал басы

Жыл	барлық үй саны	барлық жан саны	барлық ешкі басы	Жылқы	Сыыр	түйе	кой
1930							
жай							
шаруа	6663	29066	5319	20751	10082	116	92
бай-							
құлак	76	387	5023	689	1196	28380	35488
барлығы	6739	29456	20392	21640	11278	144572	197832
1931							
жай-							
шаруа	6828	32837	20561	22746	11263	125171	179741

бай- құлақ барлығы	325 7158	1089 34646	2196 22757	254' 23000	520 11783	11866 131687	14836 194577
1932 ай- шаруа бай- құлақ колхоз-да бәрі	5115 400 2360 7875	21460 1687 13421 36568	10710 119 5865 16694	5780 29 5247 11056	4784 31 1456 6274	21167 102 6170 27379	42384 281 18738 61403
1933 жай- шаруа серіктес-де бәрі	108 1336 1444	358 4463 5021	45 494/24 563	15 531 546	11 78/12 111	92 521 532	1642/32 1752
Бар мал реті: 162344							

Қарағанды мемлекеттік архивінен

Архивтің тілі сараң. Сараң тілдің айтары да көп. 1930 бен 1938 жылдардың арасын көрсетікен осы бір сараң мәліметтің бетінен соққан дауылдың да, қаңырап қалған жұрттың да дабы жатыр. мұндай деректің сақталуына “мал басының саны” делінуі, әрі латын әріпімен қазақша жазылуы себеп болса керек. Сарғая іздеп, жылғана баланың өксігіне, еңіреген үлкеннің көз жасына толы осы бір мәлімет таблицаның сарғая бастаған бетіне жолықтым.

Шет ауылында 1926 жылы 48311 қазақ болса, 1932 жылы оның саны 36568 адамға түсіп, 1938 жылы 5021 ақ адам тірі қалады.

1932 жылы бай-құлақ дегендердің саны 400 отбасы болса, олардың иелігіндегі бар малдың саны 281 ақ бас екен. Мұны өзі белсенділердің есі түзу деген ауылдағы азаматты құртып-жатқанының куәсі емес пе.

Өзінің естелігінде Е. Мұхамеджанұлы босыған ел соңында жүруге қарамай калған бойжеткен қыздың жанып тұрған отқа құларман боп теңселіп отырғанын, Қ.Жанасылов бір қорадан адамсүйегін күреп шығаруға тура келгенін, Сарыөзекте шашылған мүрде сүйектері талай жылдар шөп шаптырмағанын жазады. Қарт ұстаз Сухибек Әбдіраймов бөгілі ауылының

150 үйінен әр түтінде бір адамғы ғана бар 37 үй қалғанын, ал Қайша шешей екі үй тола әлікті ұраға көмдірген совхоздың директоры Соловьевтің тірі қалғандары қапқа салып, суға лақтырғанын айтады. К.Аяпбергенұлы кісі жеу уақиғаларын жазады.

Аудан орталығы Ақсу-Аюлыда толық тамақ іздеп қалған аштардың өлігі үйіліп жатты. Әуелгі кезде бұларды жерошақтай көр қазып, Бақай бейітінің маңына жерлеген екен. Бұл жерде 400 ге тарта адам жерленген. 70 жылдары бұл зұлыматтың ізін жасыру үшін сол жерге автобаза салдыртып, қабірлер үстінен машина жүргізіп қойды.

Сол сияқты ГПУ-дің ескі үйінің артындағы сайға көп адам жерленген екен. Бұл жерге атылғандар да көмілгенін үлкендер айтады. 1960 жылдардың орта кезінде сол жерге егін екпесе де қасақана жыртырып тастады.

Осы күнгі көп бейіттің ішіндегі бір шұңқырға 425 адам бір-ақ көмілгенін Жүніс Ыбышұлы, Жұматай Құтжанұлы, Шәукей Жұқанұлы елге көрсетіп, 1997 жылы құрбандардың басына көктас орнаттық.

Бұл күндердегі салық инспекциясының кеңсесі 1932 жылы Детдом болған. Сол Детдомның іргесіндегі үй орнындай шұңқыр. 1955-56 жылдарға дейін өлген баланың сүйегіне толы болатын. Сол Детдомның ащы дәмін татқан соғыс-еңбек ардагері Дүйсен Сәдуақасұлы осы шұңқырда 100-ден аса баланың сүйегі қалғанын жазады. Кейін бұл шұңқыр бітеліп, үсті асфальтанып тасталды.

Ақойға осы ғасырдың басында қалған Лакман деген немісі 1933 жылы талай таныс, тамыр Қазақтарының қай жерде аштар өлгенін айта жүріп, сүйектерін шауып, өзі жерлескен.

Осы күнгі Жарық стансасына теміржол құрылысын жүргізу үшін жиналған жұмыскердің негізі қазақ екен. Жағдай ауырлаған шақта басшылар жұмыскерлерді тастап, тайып отырған. Көліксіз, әрі ас-сусыз қалған 500-ден аса осы жерде қырылғанын Маясар ақынның баласы Әбдіғұл ақсақал бізге жеткізді.

Халық аштан қырылып жатқанда ауданның 1 басшысы М.Байбоқышев ноябрь айында жұмысты тастап, өз бетімен кетті. Сот, прокурор, милиция бастығы дегендер із-түзсіз жоғалды. Ауатком төрағасы Қуанышевтің арақ ішіп, серуендеуден қолы босмады. Аш халыққа үкімет кеште болса бастақан 150 тонна балықты тасып әкелуді де ұйымдастырмады. Ал, Нілдіде 1932 жылдың жазында тартып алған малдан жиналған 100 мың тонна ет шіріп кетті. Осы борысып бара жатқан етті үлестіруге де тиым салынып, қол созып барғандар күзетшілердің қарауылына ілікті.

Осы халық аса қиналған тұста аз да болса жоғарыдан жеткен азықты жұртқа жеткізе үлестіріп берген Рамазан Жекесенбайұлы, Монғолиядан мал айдап келіп, елге бөліп беруді ұйымдастырған Алтыбай Нақыпұлын ардагер ақсақалдардың мәңгі есінде.

Бұл кезеңдегі халық басына түскен ауыртпалық өнер адамдарының туындыларында ащы көрінісін тапты. Сол 1932 жылы белгілі ақын сазгер Маясар Жапақұлының “Көңіл қаяу” әні шыққан. Бұл туынды ұзақ жылдар бойы жасырын ғана орындалып келді. Әнді бізге жеткізуші ақынның жиені Жамау ақсақал.

1933 жылы жазда басшысыз қалған ауданға партия ұйымының бірінші секретары болып Мәді Мұстафин келді. Босып кеткен жұртты жинап, ел іргесін көтеру шарлары жүргізілді. Сол кезде бас сауғалап кеткен елді жинауда Сәрінжіп ақын аса еңбек сіңірді. Сол кісінің көмегімен теңіз бойына ауып кеткен 60-70 отбасы кері кешіріліп әкеліп, “Жас тілек”, “Жас терек” деген екі колхоз ұйымдастырылды.

Басшы азаматтар тарап кеткен елді қайта қоныстандырып, ендігі қиындықтан құтылу үшін бірлесе өмір сүруге шақырып, колхоздар ұйымдастырылды. Құрал-сайман жоқтықтан күрекпен, кетпенмен жер аударып, егін салып, тіршілікті сақтап қалуға ұмтылды. Еңсесі түскен елдің көңілін аулап, өміршендікке талпындыруда халық ақындары Маясар Жапақұлы, Жәкен Битуұлы, Қасен Бодықұлдары ерекше еңбек етіп, қамқөңілдерін сөзбен жебеп, әнмен демеді.

Халықты бірлікке, еңбекпен пен тірлікке үндеп, ендігі хал ауқатын жолға қоюда. Г. Кенжебеков, Қ. Әсірепов, Т. Дәлмағанбетов, С. Сыдықов, Ш. Қойшыбаев, К. Ордабаев, И. Әлікеев, Т. Смайылов, Е. Батырбеков, М. Түйтебаев, Ж. Ыбышев, М. Уәлиев, А. Қожыбаев, Қ. Бәйменов, М. Елеубеков, Н. Шалқарбеков, М. Жасұланов, Ш. Жонкин, Ә. Мырзағожин, Т. Отыншин, И. Омаров, Ж. Төкенов, Ә. Жақыпов, Ә. Омаровтар елеулі еңбек етті. Сол сияқты заң қызметкері Мұқаш Күзгібеков әділдіктен аумай ел мүддесін қорғай білді.

Аудан бойынша колхоздардың саны 45 -ке жетті. Одан 6 ауылға қарасты 4 колхоз Ақтоғай ауданының құрылуына байланысты соған берілді.

1- ауылға қарасты Ақтөбе, Шаруа теңау, Игілік, Жаңажұрт колхоздарында Ж. Төкенов, Қ. Бәкіров, Ә. Бекенов, С. Асылханов Т. Кішкентаевтар еңбек етіп, жұмыстың жанданып кетуін басқарды.

2- ауылдағы Окгярбь, Жастар, Ақбұлақ, Аққұдық Қайрақты колхоздарын С. Көрпешов, Ш. Жонкин, Р. Арыстанбеков, А. Туғанбаев, Б. Ахметовтер басқарды.

3-ауылдың Қатар, Айғыржал, Қызылтау, Қызылтендік, Гүлденсін, Жастерек, колхоздарын С. Өтенев, Т. Кенжебеков, А.Кенжеғожин Р. Үйсінбеков, Ә. Мырзағожин, Ә. Ақмағанбетовтер ұйымдастырды.

4-ауылдың Жұмыскер, Қарасаз, Шетшоқы, Егіндібұлақ, Ақжартас, үлкен бұлақ колхоздарын О.Манашев, Т.Ахметов, Ж.Бейнамазов, Ы.Ысқаков, А. Медеуовтер басқарды.

5-ауылдың Ақсу-Аюлы, Бәйшегір, Беталыс, Ақбауыр, Құрама колхоздарында Қ. Аққасқин, Қ. Мұсатаев, Қ. Қаратөбелев, Қ. Нығменов, Қ. Борнаев, Г. Әтімтаевтар басқару жұмыстарында еңбек етті.

7-ауылдың Алғабас, Еңбекшіл, Қарғалы колхоздары Б.Күлейменовтің, Ж.Төкішевтің, Қ.Ордабаевтың басқаруында болды. 10 ауылдың ұйымшыл, Қызылөркен, Жаксылық, Шетжарық, Жамбыл, К. Маркс, Екпінді, жалшы колхоздарын Т. Боқаев, Г. Анықбаев, Қ. Ердесов, Т. Сардаров, Сүлейменовтер басқарды.

Аудан алғаш құрылған кезеңнен бастап жас буынның да ересектердің де оқып білім алуы қатты ескертілді.

Ауданның алғашқы оқу бөлімінің меңгерушілері болып Қ.Сәрінжіпов, Малыбаев, Ә. Балғабаев, Жексенбіұлы, Ж. Ыбышұлы, Адамұлы т.б істеді. Сол кезде ел арасында сауатсыздықты жою бағытында жұмыстар жүргізіле бастады. Ауылдардағы бастауыш мектептердің М. Түсіпханұлы, Ж. Есенұлы, Х.Есмағанбетұлы, С.Шынығұлов, Мәрзия Әбдірахманкеліні, сияқты мұғалімдеріне ересектерді латын әрпіне үйрету де тапсырылып, сауатсыздықты жою мектептері де жұмыс істей бастады. Ұрдажық белсенділер мұғалімдерге де қысым жасағанын Ж. Ыбышұлы өз естелігінде жазады. Бір белсенді “Молоток” деген сөзді “Молотов” деп оқып, мұғалім түзетсе “Сен Молотовтың атын әдейі айтқызбайсың” деп жала жауып, ақыры оқытушы қашып құтылуға мәжбүр болған.

1934 жылы тұңғыш МТС Айғыржал колхозында ұйымдастырылды. Оның алғашқы басшысы Н. Жарқынбеков, алғашқы тракторисі Сары Туғанбаев болды. Алғашқы МТЗ тракторын Ш. Кәсембаев алып келген. Мұнан кейін “У-2” маркалы тракторлар келіп, колхоздардағы қол еңбегі біраз жеңілденіп, елдің көңіл күйі көтеріле түсті.

1934 жылы аудандық партия комитетінің секторы М. Есенжолов, ауатком төрағасы боп Т. Сүлейменов істеді. Елмен санаспай, жоғары келіспей 1934 жылы июнь айында аудан орталығын Айғыржалға көшірді. Өрескел қылығы үшін екеуі де орнынан алынып, аудан орталығы қазан айында Аюлы

баурайына келді. Аудан басшылығына Әбдірахман Тоқтаров, Қабыкен Бекболатовтар тағайындалды.

1933-34 жылдары егін жақсы шықты. Дегенмен елдің жағдайы өте ауыр еді. Архив /ф 5 оп. 1/ 1934 жылы Шет совхозының жұмыскері Ж. Мұқанбаевтың нан сұрағаны үшін таяқ жегенін растайды. Сол архив /р.5.оп №3,70/ 1934 жылы ауданда:

Жылқы-840

Сиыр-1598

Қой-2186

Түйе-125

Райзо Р.Жексенбаев - деп салқын мәлімет береді.

Қазақстанда аштық тым ұзаққа созылды. Зейнеткер мұғалім Нұрмұханов Төлеутай 1943 жылы өзін ФЗО-ға салып жібергенін, Сәтбаев қаласындағы ФЗО-да Үт, Наурыз, Сәуір айларында 60 тан астам қазақ баласының аштан қырылғанын, өзін Байқожаның Смағұлұлының Күлән деген қызының нанын беріп тірі қалғанын айтады. Күлән сонда аштан өлген.

1936 жылы алғашқы сайлау өтті. Ашынған ел бұл жолы қатты бақылауға алынып, жер-жерге өкілдер жіберілген. Өкілдердің талайы сан жазықсыз жанды ГПУ-ге тізіп берді, талайы тәртіпке шақырылды.

Архивтің Р 2/1/2Н/ ауыл кеңестерінің сайлаушыларға есебі атты документінде:

Жері	ері	әйелі	Тәртіпке шақырылған	
			ер	әйел
1.Қызылтау	676	482	–	1
2.Аққоян	489	314	–	–
3.Тағылы	1301	805	1	1
4.Ақшоқы	391	198	1	1
5.Түлкілі	918	716	1	1
6.Қорғантас	251	211	–	–
7.Нұра	321	234	–	–
8.Ақшатау	669	509	1	1

деген мәлімет бар. “Еркін сайлау” атып-асу, ашаршылықтан қалғанның есін жиғызбай еңіретіп, естіярын Сібірге ала жөнелді. /Салпаңқұлақтардың кім екені белгілі. Тіпті кейде осы қазіргі стукачтардың тізімін жариялағын келеді.

1937 жылы адам құрын бұзу әбден шыңына жетті. Қанқұы белсенділер тағы да бас көтеріп, нақақтан ұстатып жіберу тәртіпке айналды. 14 жасынан Спасск жұмыскері, жұмысшылардың “Жас жүрек” ұйымын құрған, 1917 жылы

Спасск Совдепі төрағасының орынбасары, Колчак тұтқыны, 1919-22 жылдары Спасск ревком председателі, республикалық, Еңбек қорғау халық комиссары, “Тілші” газетінің редакторы, Қазақ театрының директоры, жазушы жерлесіміз Бектің Орынбегі де оққа байланды.

Сол сияқты осы Шет ауданының азаматтары жоғарғы кеңестің депутаты Аманбай Қаспақбаев, жер комиссары Нығымет Сырғабеков, халық ағарту комиссариатының бөлім бастығы Илияс Ахметов, белгілі ақын молла, 1916 жылдары Нілді маңында патшаға қарсы халықты көтеруге ұмтылған Күмісбек Ханбатырұлы опат болды.

20 жылдар басындағы ең алғашқы мұғалім, Ғалия мед-ресесінің түлегі, ақтардың Қарқаралыдағы қанды қырғынынан қашып құтылған Ахмет Әбдірайымұлы да атылып кетті.

Аудан басшылары Ә.Токтаров, Қ. Бекболатов «халық жауларының тізіміне ілікті. Ұсталғандардың ішінде Ауадком хатшысы Р. Жексенбаев, мұғалім Жексенбин Қожабек, халық соты Жақыпов Смағұл, Жандығұлов Омар, Е. Сауранбаев, Т. Омаров, Ә. Тілегенов, Р. Өскенов, А. Талов т. б. толып жатқан азаматтар бар еді.

Керіліктен жүре алмай отырған Әкпе молланы керегеге салып әкеліп, түрмеге қамады. Әбдікәрім, Оспан Қожа діни адамдар құртылып жіберілді.

1937 ж. 16, XII күнгі Қарағанды обкомының №37 отырысының шешімімен Шет ауданынды 1500 тиражбен «Социалистік табыс» атты газет шығаруға рұқсат етілді. Газеттің алғашқы басшысы Б. Рсаев ұйымдастыру кезінде-ақ ұсталып кетіп, оның редакторлығына Жүніс Ыбышұлы тағайындалды. Аудандық газеттің 60 жылдық тарихында Н. Нұршинов, Қ. Түсіпов, Б. Атшабаров, І. Тәженов, З. Әлікеев, Е. Лұқпанов, Қ. Орынбетов, Б. Мекеев, Қ. Би-жановтар редакторлық жұмыс атқарып, заманның қиын тұсында ел мүддесін қорғай білді. Ауданымыздың отауы Ақадыр таңы газетінде М. Хасенов, Р. Сүлейменов, Т. Майбас жемісті еңбек етті.

1938 жылдың 21 мамыр күнгі обкомның шешімімен ауданның І хатшылығына Сәбит Хамитжанов, II хатшылығына Жағыпар Мұстайпов, III хатшылығына Жақсыбай Жүсіпов тағайындалды. Ауатком төрағасы Теміров. Аудандық оқу бөлімінің меңгерушісі Жұмажан Мүлкібаев, аудандық сот боп /Ф.І оп I, д 43 / Ағыбаев Боранқұл істеді. Шет аудандық НКДВ бастығы болып білімі бастауыштан төмен Қалабаев Байзақ тағайындалды. “Жау” іздеу жалғаса берді.

Аудандық партия комитетінің хатшысы Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы алашордалық “Батыр Баянды” орындағаны

үшін / Ф.І, оп.І, д.21/ орнынан алынды. “Жау” Тоқтаровпен байланысы дәлелденбей, тірі қалды.

Нақыпбек Шешенов “халық жауы” А. Қаспақбаевтың руласы болғаны үшін Нұраталды совхозының директоры орынбасарлығынан шығарылды.

Қызыкен Түсіпов “национал фашист” Қажымұқан палуанға көмек қаржы жинады делініп, партиядан шықты.

Нұраталды совхозында 1934 жылдан Байдуллин бастаған топ “халық жаулары” Нүрсейітов пен Асылбековке сүйеніп жұмыс істейді дейді архив / Ф.І 8 т.1.267 10/. Олар листовка таратып, сквозняк жасап малды өлтіріп, бұзауға арақ беріпті. 130 бас тайыншаны піштірмепті.

Қызылтау совхозына Байдуллин жіберген Қаппаров директор О. Оспановпен, партком Ордабаевпен бірігіп совхоз мүлкін талан-таражға салыпты. Тоқтаровқа сиыр, қой берген. 21 бас малға іш тастатқан, Қаппаровтың басшылығымен 200 л сүтті ішіп қойған. Өзен бойына қойған табындардың да реті жаулықпен жасалған.

НКВД бастығы Қалабаев бұрынғы Спасск жұмыскері Шәкен Сартықовты түрмеде қатты қинауға салды. Ж. Ыбышұлы өзінің естелігінде бастарына қатер төнген ел коммунистері Қалабаевтың зорлық-зомбылығын айтып ЦК-ға арыз жолдап, онан Севрюгин деген келгенін жазады. Қылмысы мойнына қойылар болған соң Қалабаев өзін-өзі атқан. Оның сейфінен халық жауы ретінде ұсталар 114 адамның тізімі шыққан. Оның бәріне де “бай”, “сал-сері”, “молла” т.б. айдар танылған, ауаткомның жалпы бөлімі мөр басқан документ дайындалған.

1938 жылы ауданды аз да болса мал басының өсуі байқалады.

	Сиыр	Қой	Жылқы	Түйе
Нұраталды	3118	716	39	92
Шет сзы	2624	541	30	16
Аудан бойынша:	7068			

Колхоздардағы мал саны нақты берілмеген.

1939 жылы аудандық партия комитетінің 1 басшылығына Р. Жантасов, 2 басшылығына Жаңабеков, атқару комитеті төрағалығына Ғали Жекеев кедді. Аупарткомның ұйымдастыру бөліміне Қали Сыздықбеков, парткабинетте Ж. Балғабаев, есеп секторына Ү. Әубәкіров бекіді. Аудан прокуроры Құрманалин Тохмет, әскери комиссариат бастығы М. А. Дихин еді. МТС-қа басшылыққа Семенбаев жіберілді. Соғыстың алдында 1941 жылдың басында “Үшбұлақ” колхозына Хамзи Спатаев, “Құрама” колхозына С.Тоқбергенов басшылыққа жіберілді. /Ф.І.Т.1.72 іс/.

Елді тігіреткен НКВД бастығы Қалабаевқа қарсы аудан азаматтарының ұйымдасуы ауданның жаңа басшысы Р. Жантасовқа ұнай қойған жоқ. Жұмысқа “қарсы келеді” деген сылтаумен ауданның көрнекі азаматтарын басқа аудандарға ауыстырып жіберуді облыс басшыларының алдына қойды. Бұл жағдай ішінара іске аса бастады. Қалабаевқа қарсылардың біреуі Елеубеков Мұқыжан Нұра ауданына жіберілді. Аудан халқын тағдырдың ойынына тастамау үшін коммунистер қайта біріккен. Келесі партия конференциясында сөз алған Алтыбай Нақыповтың ізімен жарыссөзге шыққандар тегіс Р. Жантасовты қатты сынға алып, тізімнен сызып тастады.

1940 жылы ауданның бірінші басшылығына Қоянбаев Сыздық, II хатшылығына Оразбеков Смағұл сайланды. /Ф. 1. Т 162/.

Аудандық партия комитетінің бюро мүшелігіне С.Қоянбаев, С.Оразбеков, С. Мусин, М. Уәлиев, Мендігерей Жұмағалиев . нач. НКВД/ Ж.Ыбышұлы сайланды. /№ хаттама/, / 7.05.1940 ж/.

Аудандық оқу бөлімінің бастығы болып Сәрінжіпов Хасен бекіді. Архив Қаратөбелов Қабидың Бәйшегір колхозына басқарма бастығы болып сайланғанын айтады.

Осы тұста ауданның білікті азаматтарының жаңа көріне бастаған жалған ақпар, орденшілік ауруына қарсы күресі басталған.

Ж. Ыбышұлы өз естелігінде “Қоянбаев пен Жекеев мал басын ақпармен көбейтіп, алда келер Қазақстанның 20 жылдығында орден алу үшін жанталасты. Айғыржал колхозында 120 қойды артық жаздырды. Кемшін малды шаруадан тартып алуға шешті. Бірақ колхоздарда жеке меншік малды ортаға салуға зорлады. Өткен уақыттан зәрезап болған ел өз малын жаз ортасында соя бастадындап жазады.

Елге жанашыр азаматтар мен билік басындағылардың арасындағы күрес басталып кеткен. Архив /Ф.1.П, 88 іс/ малдың сойылып кетуін жау элементтерге жабады. Сөйте тұра коммунистер мен комсомолдардың да бұл іске араласқанын, Айғыржал парторг Нұртазин биесін басқа бес коммунистің 2 бие, Зсиыр, 7 қой, ал колхозшылардың 6 жылқы, 7 сиырды сойып алғанын тіркеген. Аупартком секретары С. Қоянбаев 15 жылға, ауатком төрағасы Е. Жекеев 12 жылға сотталған.

1941-45 жылдар аралығындағы фашизмге қарсы соғысқа ауданның 18 бен 45 жас арасындағы азаматтары алынды. Соғысқа кеткендердің көпшілігі қайтып оралмады. Талайы кескілескен ұрыстарда ерлік танытты. “Бәйшегір” колхозы-

ның азаматы Аманбай Тілеулин Әди Шәріповтің партизан отрядында 800 күндей болып, барлаушы, взвод командирі болып, ерліктері үшін Ленин орденімен наградталды. Республикалық ДОСААФ комитетінің төрағасы, жерлесіміз Кемел Бошаев Ұлы Отан соғысына қатысып, генерал атағын алды.

Нұраталды совхозынан әскерге шақырылған Ботай Байзақов “Даңқ” орденінің толық иегері болып, елге оралып, осы совхозда өмірінің ақырғы күндеріне дейін еңбек етті.

Бүгінгі қарт ұстаз Жұматай Құтжанов “Б. Хмельницкий ордені”, “Ерлігі үшін” медалдарымен наградталып, елге оралған соң мектеп директоры, оқу бөлімінің меңгерушісі қызметтерін атқарды.

Ұлы Отан соғысына қатынасу туралы жұртшылық арасында пікір бірдей болды деу тарихқа қиянат. 1936 жылы патшаның әскер ауылына қарсы болған елдің 1932 жылы меп 1937 жыл сұмдықтары түңілткен азаматының талайы әскерге барудан қашты. Қашқындар топ құрып, елсіз мекендерді паналады. Соғысқа барудан бас тартқан Шәйкен, Ермекбайдың айналасына біраз адам жиналды. Кейде оларды қууға шыққан жазалаушы отрядпен арасында қақтығыс та болып тұрды. Бірақ белгілі бір мақсатты топ құра алмаған олар жеке жарым боп та, тобымен де қолға түсіп жазаланып, штрофбаттарға жіберіліп жатты. Соғыстың бүкіл барысында қолға түспеген Секербайды 27 жыл бойы үкіметтен жасырынса да елмен байланысын үзбеген Дауылбайды ел еріксіз еске алады.

Тылда қалған елдің жұмысы да, тұрмысы да тым ауыр болды. Бар жұмысты қарттар, әйелдер, балалар атқарып, арыған көлікпен соқа айдап, егін салды, масақ теріп, шөп шапты. /Әбден шарасы таусылған бір басқарманың/ / “нежолы 9 қошқар бір соқаны тартпасқа” деген осы тұста шыққан/. Сол кезде аудандық газет аудан жұртшылығы “танк колоннасы жасау қорына 499168 сом ақша берді, Жүздеген дана жылы киім, ондаған тонна азық-түлікті Қызыл Армия қорына жіберді” деп жазды.

1942 жылы ауданның I басшылығына С.Ержанов келді. Ауданда осының алдында болған мал басының сақталуы туралы мәселе облыстың ауданның тікелей назарында ұстауға әкелді. Шет ауданының мал шаруашылығы мәселесі облыстық деңгейде тексеріліп, қайта-қайта қаралып жатты. Облыстық партия комитеті 1943 жылдың алты айында Ақғоғайда малдың 1/3 жуығы 5497 бас әртүрлі мал басы талан-таражға түссе, Шетте 2573 бас малдың кемігенін нақтылайды.

Ауданның жаңа басшысы С.Ержанов облыстық комитетке

арнаулы баян-хатпен шығып, мал басын толықтыру шараларын ұсынады. Ол үшін колхозшылардың жеке меншігіндегі малдан 700 басты сатып алудың қажеттігін дәлелдеген.

Облыс Шет ауданындағы мал шаруашылығындағы жағдайды түзеу үшін кадр мәселесімен ерекше шұғылданған. /Ф.1 ті 102 іс/. Ауаткомның номенклатурасындағы 353 адамның 127 бекітілмегенін, 421 колхоз басшысының бірде-біреуінің әйел еместігіне тоқталып, кадрдың тұрақсыздығына назар аударған. 1942 жылы басқарманың 27 ауысса, 1943 жылы 5 айында 11 ауысты, оның ішінде “Ақтөбе” колхозының басқармасы 3 рет ауысты.

К. Маркс колхозының басқармасы Ердесов өз үйінде соғыстан қашқан туысқандарын жасырған әрі 197 бас әртүрлі малдың өлімін жіберген. “Ақбұлақ” колхозының басқармасы Үмбетбаев колхоздың 92 бас малын талан-таражға салды делінген.

1943 жыл соңында колхоздарды ірілендіру ойластырылды. Іріленген жаңа колхоздардың мал-жанының көрінісі мына таблицада көрсетілген.

А Н Ы Қ Т А М А
Шет ауданының біріктірілетін колхоздары

Колхоз аттары	Үй саны	Адам саны	егістік	Ірі қара	Қой	жылқы	түйе
Еңбек- шіл Аюлы	50 50	187 112	637 165	329 151	1226 569	43 29	і 2
Құрама РозаЛюк	51 75	135 460	105 1090	240 550	859 1245	42 83	13
Беталыс	20 22	74 96	140 180	166 162	748 560	11 23	—
Жаңажүр Шаруа теңеу	28 40	109 170	235 325	124 206	398 547	16 21	— —
Алғабас Қарғалы	18 23	69 76	165 235	198 133	503 789	15 19	— 2

Шет шок	33	115	745	135	564	21	3
Егінді Б.	33	119	259	912	794	–	1
Ақсу	40	127	225	207	551	28	1
Орджон.	37	150	399	246	801	37	43
Қайрақты	25	98	240	130	416	8	–
Ақ бұлақ	30	135	264	286	643	20	2
Ақ құдық	20	63	209	165	710	19	—
Жастар	32	103	390	270	687	17	—
Қызылту	43	124	360	157	590	22	1
Қызыл							
теңдік	35	136	706	282	1056	29	–
Қатпар	24	84	160	125	782	12	–
Айғыржал	45	209	645	213	789	31	1
Игілік	32	130	198	273	588	26	—
Ақтөбе	29	99	292	185	793	3	—

*Атқару комитетінің хатшысы Мажиденов
Архивпен жұмыс істеген Кәмел Жүністеги
9.06.1998 ж.*

1942жылы Ағадыр мен Ақшатау кеніші арасында көтерме жол салына бастады. Құрылыс жұмысының басшылығына Ергөбеков тағайындалды. “Ақшатау құрылыс” жұмысы облыс деңгейінде әлденеше рет қаралып, Ергөбеков жұмысын Лифшицке берсе, Лифицтің ұйымдастыру қабілетіне көңілі толмаған обком оны Зефиоровпен алмастырып ,нақты шаралар белгіледі. Соғыстың ауыртпалығына, елдегі жағдайдың ауырлығына қарамастан салынған жол уақытысында пайдалануға берілді. Ақшатау кеніші сол тұста халықтың тұрмыс жағдайына да біраз септігі тиді.

Соғыстың аса қиын кезеңі, алғашқы тұсының өзінде үкімет оқу-тәрбие ісіне қатты көңіл бөліп, обкомның бюросында қаралды. Мұса Мұхаев басқарған Ақбұлақ орталау мектебінде отынның жоқ екені, ремонттың нашарлығы, Сталин колхозындағы мектептің суықтығынан 5 күн сабақ болмағаны, Ақтөбе мектебінің едені сырланбағаны қатты сөз болып, тиісті шаралар белгіленді.

1943 жылы Ауаткомның төрағалығына Рақымбеков Мұқажан, ауарткомның әйелдер ісі жөніндегі секретар-

лығына Смағұлова Зейнекеш,аупарткомның ұйымдастыру бөліміне Бахи Мақажанов келді.

Жағдайдың аса күрделілігіне қарамастан обком облыс көлеміндегі акын-жазушылармен жұмысты жақсарту туралы, акындар Д. Әлімбаевты, М. Жапақовты, Ш. Қошқарбаевты қамқорлыққа алу шараларын бекітті. /протокол №228. 1. 1943/Осы жылы Қазақ Республикасында І рет акындар айтысы өтіп, жерлесіміз Маясар Жапақұлы бірінші орынды, Кенен Әзірбаев ІІ орын алды. М. Әуезовтің басшылығымен “М. Жапаков” деген деректі фильм түсірілді. /Алматы. мем. архив қорында бар/Маясар акынның сазгерлігіне көңіл бөлініп, оның өндері күйтабаққа түсірілді.

1944 жылы, соғыстың шешешуші кезеңінде, халықтың саяси өмірге ынтасын арттыру мақсатында Ақшатау кенішінде газет шығару мәселесі қолға алынды. 1944 жылдың Үт айының 17 күнгі обкомның шешіміне сәйкес Ақшатау кенішінен жұмыскерлерге арналған газет шыға бастады.

1944 жылдың шілде айында аудандық партия комитетінің І секретары Смақ Ержанов партиялық оқуға барамын деп өтініш беріп, тамыз айында “Науқастығы” себепті жұмыстан босады. Бірақ бұл мәселе жыл өткен соң “Советтік Қарағанды” газетіндегі “Ержанов партия линиясын бұзды” деген материалдан соң қайта қаралды. Оның І секретары болып тұрған кезінде “Үлкен бұлақ” колхозынан 1000 сом алғаны, «Шетжарық» колхозынан ат алып, оны “Қарасаз” колхозына әкеліп биеге айырбастағаны газет бетінде көтерілді. Сол сияқты “Жастар” колхозынан “саууға” -деп алған сиырын бермей кеткені де жазылды.

1944 жылдың аяғында ауданның І хатшылығына Н. Алпысбаев келді. Халықтың хал ауқатын жақсартудың бірден бір тетігі мал шаруашылығын дамыту күн тәртібінен түскен жоқ. Сол кезде Шет совхозында қысқы мал азығының дайындығы 63 процент, силос дайындау 6 процент еді. Барлығы 27 мал базының жөндеуден өтті дегені 18 ғана, жұмыскерлер тұратын үйлердің жағдайы төмен болатын.

Жаңа басшы Н. Алпысбаевтың “Мал шаруашылығының жағдайы” туралы баяндамасы жыл аяғында обкомда қаралды.

Ірі қара - 4,5 процент

қой, ешкі -11,1 процент азайған

10 айда 1881 бас әр түрлі мал өлді.

1847 бас әр түрлі мал жоғалып, талан-таражға салынды, сүт сауу 583 литрден әр сиырға 371 л түсті. Аудандағы 41 колхоздың 19 жоспарды орындамаған еді. Шет совхозының партия ұйымының хатшысы Абылқасов, совхоз директоры Арыстанбековтың үстінен совхоз шошқасын айырбастап

пальто алғанын т.б. фактілерді жазады. Бірақ бұл кезде партия өзінің номенклатурасына іліккен коммунистерді қорғау жолына түскен. Мұндай айғақты жазған Абылқасов өзі жазаланды, ал аудан бойынша біраз былыққа барған С.Ержанов ғана құтылды.

Шет ауданында құрылғанына 10 жыл болған МТС 1945 жылы Осакаровкаға ауыстырылды. Мұны мемлекетке астық өткізу атпен алмастырылды, 12203 га егістік соңғы кезде 6203 га дейін қысқартылды. Колхоздардың МТС-қа беретін натур төлемі 1059 центнерден 596 центр дейін азайып, тракторлардың өзін-өзі ақтап жұмыс істеуі төмендеп, әр трактордың жұмыс істеу шығыны 38 сомнан 44 сомға дейін көтеріліп кетті деп дәлелдеді. Оның үстіне егін салатын колхоздардың арақашықтығының алшақтығы дәмлеге келтірілді.

Жұмысқа жарамды еркек кіндікті тегіске жуық соғысқа алынған, күш-қуаты әлсіреген колхоздардың жағдайы аудан басшысы Н. Алпысбаевты жоғарғы жақтың алдына егістіктің міндетті жоспарын азайту туралы мәселе қоюға мәжбүр етті. Бірақ облыстық комитет мәселені бұлай шешуге рұқсат бермей аудан басшысына қатаң ескертті.

Халықты әбден титықтатқан соғыста 1945 жылдың 9 мамыры күні аяқталды. Соғыстан жарымжан болып оралғандары да, жалғыз боздағын сарғая күткен ана да, бес жыл хабарсыз болса да үмітін үзбеген келіншек те бар қайғы қасіретті ұмытып, мәре-сәре, ұлан-асыр шат көңілге бөленіп, әр ауылда әр үйге қазанға барын салған той болған.

Соғыс кезінде орныққан, бар күшті жинақтаған мобилизациялық қатаң тәртіп, соғыстан кейінгі дәуірде сақталды. Қираған шаруашылықты қалпына келтіріп, экономикасын дамыту үшін тек өз күшімен мүмкіндігіне сенген мемлекет үшін бұл қажеттілік те еді. Тәртіпті ширықтыру өндіріс саласында Ақшатау алтын өндірумен оның Байназар бөлімшесіндегі өндірістік және азық-түлігі товарларын талан-таражға салу, старатель артельіндегі ақшаны пайдаланып кету, вольфрам өндіруді қасақана артық көрсетуді ашып, жұмысты жолға қойды.

Ауыл шаруашылығы да қалыс қалмады. Облыстық ауыл шаруашылығын қамтамасыз ету мекемесі сеператорларға бөлшек сайман шығаруға міндеттелсе, аудандардағы өндіріс комбинаттары ремонттау мәселесін жолға қоюға тапсырыс алды.

Сол сияқты ауданның “Ақгөбе”, “Беталыс”, “Бәйшегір”, “Құрама” колхоздарындағы қоғамдық малды сақтаудағы орын алып отырған кемшіліктер қатал сыналды.

1945 жылы “Ақгөбе” колхозының басқармасы Нығыманов

97 бас әр түрлі малды жоқ қылып отыр, “Беталыс” колхозының басқармасы Шөмекбаев 13 бас қой алды, “Бәйшегір” колхозының басқармасы Қаратөбелов 11 сиырды бұзаутайыншаға айырбастады, “Құрама” колхозының бұрынғы басқармасы Жұмағұлов 9 бас жылқыны тайға, 7 бас сиырды тайыншаға айырбастады деп атап көрсетілді. Шығынның орнына келтірілгені де аян. Жоқ деп отырған малдың өлім-жітімге ұшырап орнын әйтеуір тұяқпен толтырғаны да шындық. Бірақ мұның өзі қатты сұрауын тапты.

“Ақжартас” колхозының басқармасы Жұмаділ Байнамазовтың мойнына 43 қой, 10 ірі қара, 57 пұт астық, одан 24 қой, 10 ірі қара орнына салынса да, 1947 жылы ол партиядан шығарылып, ісі сотқа берілді.

1946 жылы Сәрінжіпов Х. ауданның мал шаруашылығының бөлім маңгерушілігіне, Кенжин Еден партия комитетінің партстатистика секторының меңгерушілігіне бекіді.

1947жылы халықтың еңбекке деген зор ынтасы, болашаққа деген сенім колхозшылардың жаңа еңбек қарқынын туғызды. “Қызыл өркен”, “Шет жарық”, “Қарасаз” колхоздарының шопандары Бегім Беркімбаев, Әбду Қайқыбасов, Имаш Қуанышбаевтар жүз саулықтан 130-140 қозы алып, Социалистік Еңбек ері атағын алды.

1947 жылы Аупарткомның бірінші секретарлығына Дулатов Шахан, II секретарлығына Рахымжанов Кәкен келді. Ауатком төрағасы болып Ж. Асқаров бекіген. Колхоз басқармаларының ішінен “Шетшоқы” колхозына Бәкіров Зекең, “Қызылтеңдік” колхозына Мырзағожин Әуесхан, “Түлденсін” колхозына Смайылбеков Тәйім басқарма төрағасы болып сайланды.

Ауданның жаңа басшысы Ш. Дулатов шаруашылықпен мәдениетті біраз көтеру үшін ауданға көмек жасау керектігі туралы мәселе көтерді. Оның ұсынысы бойынша облыстық кеңес пен обкомның қаулысы шықты. /30.XII. 1947 жыш/.

Осы қаулыға сәйкес 1948 жылдың I тоқсанында Шет ауданына тұрақты жұмысқа 2 адам дәрігері мен 5 фельдшер жіберілетін болды. Облыстық ауылшаруашылық басқармасы 45 шөп машина, 34 тырма, 15 ат соқасын, 6 сеялка, 4 бидай үккіш, 1 сорттаушы, 10 желпуіш, 5 қайрақ аппаратын, 20 лобогрейка, 50 арба беруге міндеттелді. Облыстық тұтыну қоғамы 20 сеператор, 20 фляга беруге тапсырыс алды. Облыстық байланыс бөлімі аудан орталығына 50 номерлік телефон коммутаторын қойып, оны 40 абонентке көбейту жүктелді. Шет ауданының колхоздарының мал өсіру саласын нығайту үшін 1000 бас құнажын, 50 бас асыл бұқа, 6 текті айғыр беру

көзделді. Бұл үшін аудан колхоздарына облыстық ауыл шаруашылық банкісі ұзақ мерзімге қарыз беруге міндеттелді.

Аудан орталығына 1948 жылдың алғашқы айында электростанция салып, оны жабдықтауды аяқтау ұсынылды. Облыстық кинофикацияға “Р. Люксембург”, “Айғыржал” колхоздары мен Шет, Нұраталды совхоздарында стационарлы кино қондырғыларды қою жүктелді.

Облыстық атқару комитетінің қорынан Шет аудандық кеңесіне біржарым тонналық автомашина беріп, облыстық қаржы бөлімі жергілікті бюджеттен аудандық Домсовет ет пен бір қос пәтерлі үй салуға қаржы босатуға міндеттелді. 1948 жылдың жазында жарық пен телефон линиясын тартқызуға басшылық жасағанын еске алады. Сол кездегі байланыс бөлімшесінің басшысы Егінбай Смайылов. Телефонмен алғаш рет Ш. Дулатов обком хатшысы Абабаковпен сөйлесіп, оған ауданның бір топ азаматы қатынасқан екен.

1948-49 жылдары ауданда біраз кадрлар ауысты. Осы аудан азаматы Асамбек Туғанбеков Ауатком төрағасының секретарлығына тағайындалса, ертеден белгілі Алтыбай Нақыпов Ленин колхозына басқармалыққа бекіп, ТБ басына Шардарбеков Қабыш келді. 1949 жылы ауданның І басшылығына Уәли Елеусізов келді. МГБ басшылығына Қазит Қиясов тағайындалды. Аудандық комсомол комитетінің І хатшысы Есмағанбетов Хасен аудандық партия комитетінің әскер бөлімі бекіді “Ақжартас” колхозының басқарма төрағалығына Әкімбек Жақыпов, “Қызылту” колхозының басқаруға Бұлбан Ахметбеков, “Р. Люксембург” колхозының басшылығына Қаппар Бурнаев сайланды.

/Ф.І. Т.І 242 іс, ф. 1т. 1 1246 іс, Ф.І. Т.І. 279 І іс, 249 іс, ф..1т. 1 1303 іс/

Соғыстан кейінгі жылдары елді қинаған, әрі жетімсіз азық-түлік жағдайынан құтылу үшін ауылшаруашылығын дамытуға барынша көңіл бөлінді. Бүгін аудан емес, жекелеген шаруашылықтардың жағдайы облыстық деңгейде назарда ұсталды. Сол кездегі жұмысы жүріп тұрған шаруашылықтың бірі Нұраталдысовхозының мал өсіру жағдайын мына таблицадан көруге болады. /Ф.І.Т. 1.258 іс/

	Жоспар	нақты өсімі
Ірі қара	3705	3930 102 %
қой-ешкі	4966	5288 104 %
жылқы	258	299
доңыз	61	52

Мал басының негізгі өсуі біршама көңіл толтырарлық болса да совхоз директоры Төлеуов, парторг Әлдешов біраз сын айтылды.

1944 жылы облыстық, аудандық кей мекемелерге, шахтаға, басқа колхоздарға уақытша пайдалануға берілген 37 өгіздің 7 әлі қайтпауы, Қызылқой фермасын басқарып тұрған Аяпбеков пен “Комсомол” фермасын басқарып отырған Сәдуакасовтың қарамағындағы біріер бас мал кемшіндегі етке өткізетін малдың бордақылауындағы кемшілік атап көрсетілді.

Сонымен қатар колхоз өндірісінде ірі кемшіліктерге жол берген басшылар қылмысқа тартылды. “Р. Люксембург” колхозының басшысы Қ.Ордабаевтың астық дайындау пунктіне /заготзерно/ 1946-47 жылдардағы қарыз мөлшері 73 тоннаға жетті. Оны ол 1948 жылы астықпен жабуды ойластырған. Оның үстіне тұқымға алынған 12 тонна бидайды сатып, колхоздың “кара кассасы” арқылы жұмсалды делінеді. Сауын ретінде берілген 14 бие, колхозшыларға аванс ретінде еңбек күні үшін астық беруде қылмыс деп есептелді.

Бұл кезде Қазақстанның терістігі мен түстігін байланыстыратын, әрі ірі экономикалық маңызы бар Мойынты-Шу теміржолының жұмысын бақылауда болды. Теміржол құрылысына Шет, Ақгоғай, Жаңарка аудандарының колхоз, совхоздарынан мыңдаған адам жұмысқа шақырылып, олар өз көліктерімен, қажетті жұмыс құралдарымен келіп, еңбек етті. Құрылыста кететін азғантай да болса кемшілік дер кезінде жоғары деңгейде қаралып, тікелей шара қолданылды.

Мойынты-Шу жолының құрылысы 1949 жылы обком бюросында қаралды. /№17 хаттама/ Мойынты құрылысы бөлімінің бас инженері Нұждан мен бастықтың саяси бөлім орынбасары Мешков тыңдалып, мұнда барлық мүмкіндіктер мен ішкі ресурстарды толық пайдаланбау себепті І жарты жылдық жоспары 78 процент орындалғаны айтылды. Жұмыскерлердің квалификациясын көтеру уақытылы жүргізілмегендіктен жалақы да төмен. Жарты жылда келген 152 жұмыскердің 32 адамы өз бетімен жұмысты тастап кеткен. Жатақханада тұраптын 115 жұмыскер төсек-орынмен қамтамасыз етілмеген, есік-терезелері бүтін емес, ыстық су жетпейтіні қатты айтылды. Кемшіліктерге кезінде мән беру, оны уақытында жөндеп, бұл құрылыстың уақытысында бітуіне мүмкіндік жасады.

Қоғам мүлкін сақтау, мал басының мүмкіндігі мемлекет тарапынан қатты қадағалана берді. 1950 жылы Нұраталды совхозының басшыларын айыптайтын материал қаралып, оның директоры Асылбековтің бір биені сойып алғаны, совхоз

кассасынан жездесі Бейсенбаевтың бір рет 4000 сом, көшіп келуі үшін 1997 сом, оның жұмыс істемей тұрып 1303 сомды тағы алғаны анықталды. Директор Асылбековтың дүкеннен аса қымбат бағамен совхоз жұмыскерлеріне ет саттырғаны тіркелді. Бұл үшін Асылбеков партиядан қуылды. /№ 46 хаттама, 1950 ж/

1949-50 жылдар арасында аудан колхоздарында 376 бас мал жоғалса, оның 73 орыны толмаған, Ақбұлақ колхозында заңсыз Абдуллинге 318, Жанболатова 180, Әбілдинге 210 еңбеккүн жазылған. Бұл кезеңде 22 колхоз басқармасы, яғни 60 процент жұмыстан шығарылған.

Аудандық партия комитетінің хатшысы У. Елеусізовтің тарапынан сын айтқан адамдарға қысым көрсетілді. “Жалшы” колхозындағы жолсыздықтарға айтқаны үшін Сағынбеков партиядан шығарылып, түрмеге қамалды. Тұтыну қоғамының бастығы Ысқаковтың ішкен-жегенін дәлелдеген Серікбаев жұмыстан кетуге мәжбүр болды. Мәселесі обкомда қаралып, жөңсіз қысым жасағаны үшін Ү. Елесізовке сөгіс берілді.

Осы тұста аудандық партия комитетінің II хатшысы Бикен Бәкірова да жұмыстан алынды. Оның негізгі себебі 1942-45 жылдары арасында немістерде пленде болған туғаны Мансұровқа қамқорлық жасап, “Шетшоқы” мектебіне мұғалім етіп орналастыруы болды. Бұл Шетшоқы колхозының басқарма төрағасы Зекен Бәкіровтің де жұмыстан кетуіне әкеп соқты.

Осы тұста аудандық партия комитетінің бөлім бастығына М. Күлейменов, есеп секторының меңгерушілігіне Ә. Қатыков тағайындалды.

Аудандық сот жұмысы, заңдылықтың сақталуы да назардан тыс қалмады. Аудандық сот Жұмагелдиновтың 48 қылмыстық, 60 азаматтық істі қарамағаны, әр түрлі әрекеттермен 300 сом ақшаны, 10 метр матаны алып қойғаны, мекемедегі атшыны үй жұмыскері етіп пайдаланып отырғаны анықталды.

Соғыстан кейінгі қиындықтан енді есін жия бастаған ел мәдени шараларға да аса көңіл бөліп, ауданда ақындар айтысы өткізілсе, 1950 жылдың тамыз айының 15 күні облыстық ақын-жазушылардың кеңесі болып, онда жерлесіміз Әуезхан Көшімұлы баяндама жасады. Бұл кеңеске 1948 жылғы тұңғыш республикалық ақындар айтысында бірінші орын алған Маясар ақын, талдылық Жәкен Битуұлы қатынасты.

1950 жылы колхозадрда ірілендіру мәселесі қайта көтерілді. Бөл жөнінде 1 /Қарағанды облыстық совет атқару комитетінің председателі Ж. Базұзақовқа Шет аудандық атқару комитетінің төрағасы Бейсембаевтың жолдамасы. 2/ тізім. Ауылдық-

селолық Советтерді орналастыру жөнінде 1 октябрь 1950 жыл /қоса тіркелді/

Колхоздардың іріленуіне байланысты жер жағдайына қарай советтердің орналастырылған жағдайын хабарлаймыз.

1. Қызылтау ауылдық советі бойынша: Бұл советке қарасты Шаруа-Теңеу, Жаңа-жұрт колхоздарына Түлкілі ауылдық Советінің Р. Люксембург колхоздары бірігіп колхоз болды. Және бұған Қызылтау подхозы қосылып, Қызылтау ауыл Советі болып ұйғарылды. Ауыл совет орталығы Р. Люксембург колхозы болды.

2. Түлкілі ауыл советі бойынша: Бұл советке қарасты Беталыс колхозына Қызылтау ауыл советінің Орджоникидзе, Игілік, Ақтөбе колхоздары қосылып бір колхоз болды. Және Түлкілі ауыл советінің Ақсу, Бәйшегір колхозына Ақшоқы ауыл советі болып ұйғарылды. Сөйтіп бұл екі колхоз Түлкілі ауыл советіне қарасты колхоз болып ұйымдастырылды.

Түлкілі ауыл советінің орталығы Бәйшегір колхозының Манақа бөлімшесі болып белгіленді.

3. Аққоян ауыл советіне қарасты бұрынғы Октябрь, Ақбұлақ, Жастар колхоздары бірігіп Октябрь колхозы болып аталды. Сөйтіп Аққоян ауыл советі бұрынғыша қалдырылды. Ауыл совет орталығы Ақбұлақ мекенді пункті болды.

4. Жаңадан ұйымдастырылған Ленин атындағы ауыл советі. Бұл Совет бұрынғы Тағылы советіне қарасты Ленин атындағы, Айғыржал, Қатпар колхоздары бірігіп, Ленин атындағы колхоз болып аталды. Және бұл ауыл советті қамтуында Ақмая өндіріс қоса берілді. Ауыл совет орталығы Айғыржал елді мекені пункті болды. Жаңадан ұйымдастырылған Ленин атындағы Советтің Тағылы ауыл советінен бөлінді. Жайында толық жазба баяндама осы қатынаспен бірге жіберілді. Содан қараусыз сұралады.

5. Тағылы ауыл советінің бұрынғы Қызылту, Қызыл Тендік, Гүлденсін үш колхоздың бірігуі Қызылту колхозы болып аталды. Және тағылы ауыл советінің бұрынғы Жастерек колхозына, Ақшоқы ауыл советінің Қарасаз, Үлкен-бұлақ колхоздары бір қос болып Қарасаз колхозы болып аталды. Сондықтан бұл екі колхоз Тағылы ауыл советінің қамтуына беріліп бір Совет болды. Ауыл совет орталығы Қарасаз колхозы болып белгіленді.

6. Ақшоқы ауыл советі бойынша: Ақшоқы ауыл советінің бұрынғы Шет шоқы, Жұмыскер, Үлкен бұлақ колхоздары қосылып, Жұмыскер колхозы болып аталды. Және бұл советке қарайтын өндірісі беріліп бірігіп бір совет болып ұйғарылды. Ауыл Совет орталығы Қайрақты өндірісі болып белгіленді

7. Нұра ауыл советі бойынша: Нұра ауыл советінің бұрынғы Сталин атындағы, Қарғалы, Еңбекшіл колхоздары қосылып, Сталин атындағы колхоз болып аталды. Және бұл Советке Қарғалы. Жартас мен Кеншоқы өндіріс беріліп бір Совет болды. Ауыл совет орталығы Сталин атындағы колхоз болды.

8. Ақшатау ауыл советі бойынша: Ақшатау ауыл советінің бұрынғы Маркс атындағы Шет жарық, Екпінді, Жалшы, Жамбыл атындағы колхоздары бір қосылып Маркс атындағы колхоз болып аталды. Және Жакқсыл, Ұйымшыл, Қызыл өркен колхоздары бірігіп бір колхоз болып Жамбыл атындағы колхоз болып аталды. Сөйтіп бұл екі колхоз Ақшатау ауыл советінің қарауына берілді. Совет орталығы Қарасай болып белгіленді.

9. Аюлы селсоветі колхоздардың іріленуіне байланысты аудан орталығынан селсовет ұйымдастырылуы ұйғарылды. Селсоветтің қамтуына Байназар өндірісі қоса берілді. Селсовет ұйымдастыру жөнінде қажетті документтер жазба баяндама осымен қоса тіркелді.

10. Нұраталды селсоветі Байпаққара өндірісі қамтуына берілген бұрынғы қалпында қалдырылды.

11. Шет селсоветі бұрынғы қалпында қалды.

12. Ақшатау поссоветі - бұған Ақжал, Қызылеспе, Ақсоран өндірістері қосылып бұрынғы қалпында қалды.

Дегенменде колхоздарды қосып, ірілендіру процесі 1951 жылда ғана аяқталды. 1950 жылы жасалған біріктіру туралы кейбір жобаларға өзгерістер де енгізілді. Мына төмендегі таблица соның бір көрінісі /36 бет/

Ірілендірілген колхоздардың басшылығына өте тәжірибелі Асанбек Туғанбаев, Бақи Махажанов, Әкімбек Жақыпов, Исатай Омаров, Әбдіғали Ақмағанбетов, Орынбай Матаев, Сопыжан Әшіләлиев, Смағұл Оразбеков, Қаппар Борнаев, Төлеутай Қоңқабаев, Әміржан Омаров, Піспек Жұманов, Жұмабай Төкенов сияқты өмір сынынан өткен азаматтар жіберілді.

Тізім
Аудандық, селолық, поселкелік Советтерді колхоздардың
іріленуіне байланысты жер жағдайына қарсы орналастыру
және орталықтарын белгілеу туралы тізім
1 октябрь 1950 жыл

Советке қарасты колхоз-совхоз	Үй саны	жан саны	еңбекк жарай-тыны	Ірі кара	қой-жылқы	Түйе	Тауық	жер көлемі	Егіндік жері	Елді-меке-ні	Өнді-ріс
Роза-Люсембург	209	780	253	1354	4761	362	23	1591	115947	1642	19
Қызылтау	96	347	207	980	6262	87			70000	1517	14
Жиыны	305	1127	460	2334	11023	449	23	1591	185947	3159	33
Орджони-кидзе	120	489	163	1079	5232	245	50	982	63602	746	17
Аксу	146	546	212	881	4662	497	-	1185	85565	669	16
	266	1035	375	1960	9894	742	50	2167	149167	1415	33
Ок-тябрь	148	580	198	1473	7210	312		1640	60263	1026	23
Жиыны	148	580	198	1473	7210	312	-	1640	60263	1026	23
Ленин атын-дағы	198	744	261	987	8162	482		2125	48639	1365	14
Акмая өндірісі	100	360	260	·	·	·	·	·	2500	·	1
Жиыны	298	1104	521	987	8162	482	-	2125	51139	1365	15
Қарасаз	144	601	173	1384	9272	393	111	1215	65535	658	18
Қызыл ту	123	477	197	983	5397	296	9	972	41032	762	15
Жиыны	267	1078	367	2367	14668	589	120	2187	106567	1420	23
Жұмыс-кер	100	439	140	1265	8565	418	79	1145	45668	490	23
Қайрақ-ты өнді-рісі	170	611	385						158		1
Жиыны	270	1050	525	1265	8565	418	79	1145	45826	490	24
Сталин атын-дағы	133	540	162	1218	6787	333	39	1830	95325	900	12
Қарғалы	75	308	130	667	3312	134	-	-	55000	243	4

Жартас	55	201	103	383	3203	67	-	-	55000	124	3
Кеншо- кы өнді- рісі	30	150	100	-	-	-	-	-	-	-	1
Жиыны	293	1149	495	2268	13292	534	39	1830	204325	1317	20
Маркс											
атында- ғы	198	766	253	1372	16821	552	126	530	70247	315	16
Жамбыл	133	501	179	1214	11541	569	53	291	38596	310	6
Жиыны	331	1267	432	2586	38362	1121	179	821	108843	625	22
Аудан											
орталы- ғы	349	1326	564	351	269	334	3	-	200	-	2
Байназар											
өндірісі	79	349	260	129	110	40	2		7000		1
Жиыны	428	1675	824	480	379	374	5	-	7200	-	3
Нұра- тадды	321	1372	825	3426	5500	327	85	-	100000	3035	21
Байпак											
кара өн.	42	285	146	-	-	-	-	-	102	-	1
Жиыны	363	1657	971	3426	5500	327	85	-	100102	3035	22
Шет											
совхозы	366	1581	720	2554	3138	160	-	-	80000	3613	10
Жиыны	366	1581	720	2554	3138	160	-	-	80000	3613	10
Ақшатау											
өндірісі	254	8000	4200						333		14
Жиыны	2545	8000	4200	-	-	-	-	-	333	-	14
Аудан											
бой-ша	5880	21353	10088	21700	109923	5508	580	13500	1099716	17465	232

Е/Д Шет аудандық Совет атқару
комитетінің председателі
М.Бейсембаев

Е/д аудандық Совет атқару
комитетінің секретары
Р.Рысбеков.

Шет ауданына қарасты аулсельпосс\ советтердің іріленгеннен колхоз аттары және советтің председателінің әкесінің өзінің аттары көрсетілген

Т І З І М

1/XII 1951 жылы

Іріленгеннен кейінгі колхоз аттары және совхоз өндірістер	Сельаулпос совет аттары	Аулсельпоссовет председателінің, өз аты
1. Орджоникидзе	Қызылтау аул совет	Мұхамбетчин Ильяс
2. Октябрь	Аққоян аул совет	Ахметов Төлеген
3. им. Ленин	Тағылы аул совет	Абдыкамалова Айжамаш
4. Қызылту	- « -	- « -
5. им. Абай		
6. ХХХ жылдық Қазақстан	Ақшоқы ауыл совет	Боранбаева Нағима
7. Роза-Люксембург		
8. Ақсу	Түлкілі	Омаров Исатай
9. им. Сталин	Нұра	Тажибаева Калия
10. им. Карл Маркс	Ақшатау	Жақсылықов Қасым
11. Джамбул		
12. Шет совхозы	Шет с/с	Бекенов Әбеу
13. Нұраталды с/зы	Нұраталды	Кішкентаев Тәбәрік
14. Ақшатау өндірісі	Ақшатау поссовет	Томашев Қами

Е/І Шет аудандық. совет
атқару комитетінің председателі:

БЕЙСЕМБАЕВ.

Ф-18Т.1. 1385 іс

Ірілендірілген колхоздардың шаруашылығының әрі қарай дамуы, халықтың әл-ауқатының жақсара түсуі негізгі мәселе болып қала береді. Колхозшылардың әр еңбеккүніне 340 грамм бидай, 9 тиыннан төленсе, кейбір колхоздарда ақшалай еңбек төлеу іске аспай келді. 1950 жылы әр жүз сиырдан 81 бұзау алынса, 1951 жылы 72 басқа, қозы 96-дан 77 басқа түсті.

Ауыл шаруашылығындағы кемшіліктің орын алуының бір себебі тұрақты мал базасының болмауынан деп табылып, көпжылдық шөп өсіруге қатты көңіл бөлінді. Мал шаруашылығын арттырудың бірден-бір көзі ретінде мал тұқымын асылдандыру, ветеринарлық-зоотехникалық жұмыстың жолға қойылуына нақты көңіл бөлінді. /ф.І.т.1 369 іс.пр №18/

1950 жылдың декабрь айында аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы Ү.Елеусізов жұмыстан босады. Ауданның бірінші басшылық қызметін бір жолға жуық уақыт арасында І хатшы А.Сатанов атқарып келді. 1952 жылдың басында аупарткомның І хатшылығына М.Рамазанов, ауаткомның төрағалығына А.Тәлкенев, аудандық комсомол комитетінің басшылығына Е.Кенжин келді.

Аудандық, партия, комсомол, кеңес қызметкерлерінің еңбекшілер арасында үгіт-насихат жұмысын жүргізуге қатты көңіл бөлінді. Бұл мәселе аудандық партия комитетінің де, обкомның да бюро отырыстарында қаралып, үгіт-насихаттың жеткіліксіздігі атап көрсетілді.

Р. Люксембург колхозындағы үгіт-насихат жұмысын қарап онда партия үгітінен гөрі Бекқожин молланың халыққа әсері күшті, айтары мол деген қорытынды шығарылды. Коммунист Хасенов пен комсомол жетекшісі Омарбеков молланың жетегінде, айтқанын орындаушысы екені баса көрсетілді. Бұл халық діні үшін қаншама тауқыметке түссе де, өзінің ұлттық кейпін сақтауға ұмтылысының айғағы еді.

1953жылы 5 март күні партия мен мемлекет басшысы Сталиннің қайтыс болуы мемлекет бойынша бір ізге түсірілген шаруашылыққа да, қалыптасқан идеологияға да өзгеріс енгізген жоқ. Ауыл шаруашылығының техникаға зер екені сезіліп тұрды. 1952 жылы алынған астықты 958 жылдың март айына тдейін бастыру соның айғағы. МТС-та тракторлар да, трактористер де жетіспеді. Іріленген колхоздардың аудан бойынша 15 басқармасы ауыстырылды.

Облыс, аудан басшылығы халықтың тұрмыс жағдайына қатты көңіл бөле бастады. Әр колхозда моншаның болуына, ауыл мұғалімдерінің пәтер мәселесіне, сауда орындарының ауылды қажетгі товарлармен қамтамасыз етуіне, малшылардың газет-журналмен қамтамасыз етілуіне баса назар салынды.

1953 жылы ауданда екі орта, 7 жетіжылдық мектеп ашылып, институт пен педучилище бітіретіндерден 20 мұғалім жіберілетін болды.

Халыққа дәрігерлік көмекті жақсарту үшін әр колхозда медпунктер ашылып, ауданға жаңадан 6 дәрігер, 11 фельдшер

келуі қарастырылды. Мұғалімдер мен дәрігерлер пәтер, отын, азық-түлікпен қамтамасыз етілуі аудандық атқару комитетіне тікелей жүктелді.

1953 жылы мал басының өсу қарқыны да ерекше еді. Міне осыны негізге ала отырып ірі қараны 1480 басқа, қой-ешкіні 109000 басқа, жылқыны 5870 басқа, түйені 680 басқа жеткізу көзделді. ГАКО.Ф.І.Т. 1.458 іс, 136 бет/

1953 жылы ауданның бірінші басшылығына Кенжебаев Қауымбек, ауаткомның төрағалығына Ө.Құлмаханов, ау-парткомның ІІ секретарлығына А.Алшынбаев, секретарлығына Қуат Тұрлауов келді.

1953-54 жылы қыс аса ауыр болды. Қыс айында қатты жаңбыр жауып, артынан аяз соғып, жер бетін қалың мұз жапты. Тебінге түсер жылқы мен қой тұрып қалды, Аудан басшысы К.Кенжебеков аса сенімді адамдардан колхоздардың әр қыстағына көмек етер өкіл жіберіп, күндіз-түні өзі аралап, тікелей көмек ұйымдастырды. Тұрып қалған малды аман алып шығу үшін мұз оюға өндірістерден 13 трактор шығарды. Колхоздардың мал азығына көмекке Балқаш продснабынан 450 тонна жемазық, Каругольден 200 тонна шөп алынды. Қыстың аса қиыншылығына, әрі тым ұзақтығына ұшыраған Шет ауданына, облыс ірі кәсіпорындарды шефтік көмекке бөлді. Ауданның бірінші басшысының мұндай қажырлы ісі ауданның мал басын аса көп шығынсыз алып шығуға мүмкіндік туғызды.

1954 жыл тың игеру науқанының алғашқы жылы тың игеруге патриоттық сезіммен келген комсомолдардан басқа сот жазасынан жалтарған, не үкім шықса да орындауынан босатылған қылмыскерлер, шовинистік пиғыл арқалағандар ағылып келді.

Еуропа жұртшылығының ағылып келуі Қазақстандағы қазақтың 29 пайызға түсіп қалуына әкелсе, Шет ауданында да орыс халқының басым болып шығуына әкеліп соқты. Орыс тілін түсініп, ойын орысша жеткізе алса да орысша жазуға кешіндігі бар қызметкерлер жұмыстан кетуге мәжбүр болды. Аудан орталығының өзінде мәдени шаралар, даталы күндердегі концерттер тек орысша, тек орыс әндерін орындауымен өткізіліп жатты. Халықтың діліне, тіліне, дініне орасан зор нұқсан келтірілді. Жаппай жер жырту мал өрісін тарылтып, мал басының өсуіне тежеуге әкелсе, екінші жағынан табиғаттың тозуына әкеліп соқты.

Тың игерушілер мындап келіп, жүзден сөгіліп кетіп жатты. Бұл процесс он шақты жылға созылды. Бұл қазақ халқының арасында орыстану саясаты жүргізіліп жатыр деген түсінік

туғызды. Бұл жылдары прокурор Д. Тұрғанбаев, сот Б. Сейдахметов, банк басшылығын Д. Тәттімбетов, тұтыну қоғамын Т. Отыншин, өлеуметтік қамсыздандыру бөлімін Қ. Жанасылов, милиция бөлімін А.Санаубаров, әскери комиссариатты С. Хасенов басқарып, халыққа адал қызметімен ел құрметіне бөленді.

1955 жылдан аудан шаруашылығына бірінші хатшы Сейткали Оспанов басшылық етті. Бірі келіп, бірі кетіп жатқан келімсектер шаруашылықты бір қалыпты жұмыс істеуін бұзып, нұқсан келтірді. Бұл күнге дейін өрістеумен келе жатқан Нұраталды совхозында ірі қара 452, қой-ешкі 1909 басқа кеміп кетті. Мемлекетке 10633 центнер сүт кем берілсе, 214 центнер жүн кем өткізілді. Көктемгі егіске дайындықта кадрлардың тұрақсыздығынан көбіне тек жаңа техника сұраған келімсектердің жауапсыздығынан өте нашар жағдайға түсті. Егіс басталған шақта совхоздың 14 тракторы еш жөндеуден өтпей тұрды. Бұл совхоз директоры Түкебаевтың орнынан кетуіне мәжбүр етті.

Қысқы мал азығын дайындау да үлкен кедергілерге ұшырады. Шет ауданының колхоздары 45 күнге созылған науқан ішінде қажетті мал азығының 25 процентін ғана шауып үлгерсе, техникасы сай деген совхоздар 39 процентке зорға жетті.

1957-60 жылдар ішінде аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болып Тұрсын Төреғожин, Өтебай Құлмаханов, Мәлік Имашев істеді. Аупарткомның екінші хатшылық қызметін Ж.Темірбеков атқарды. Аудандық комсомол комитетін Нәби Бәкіров, Жұмабек Күлейменов, Кәшкін Амандықовтар басқарды. Атқару комитетінің орынбасары болып К. Жанпейісов, оқу бөлімінің меңгерушісі болып З. Әлікеев, бас дәрігер қызметін Р. Рысбеков, әскери комиссариатты Қ. Аймағанбетов, Қ.Тойымбеков, аудан прокуроры қызметін М.Нәженов атқарды.

Жиырма жылдың ішінде коммунизмнің негізін қалау жоспарын ұсынған мемлекет басшысы Н.С.Хрущев 1960-61 жылдары колхоздарды совхоздарға айналдырды. Совхоздардың басшылығында Ө.Балтин, Ө.Есмағанбетов, Ө.Ахметов, С.Тұңғышбеков, С.Рақышев, С.Өтегенов, М.С.Морозов, Ж.Куандықов, Т.Ысқақов, Қ.Сейілбеков, Е. Түсіпов, Ө. Шәйкенов, Д.Смайылов, А. Әбеуов, Р. Сейфуллин, Ш. Қасымов, Қ.Керімов, А.Түсіпханов, С.Жұрымбаев, Ә.Бәкіров, Қ.Мусин, Б.Қапасов, Б. Доскеев, В. Прокопенко, М. Ахметов, Н.Давыдовский, Е. Гусак, В. Кондраков, М.Шайкин, Н. Дворук, Н.Станин, Б. Еабдуллин, Ж. Әлімханов, З.Көкжалов,

Б.Оспанов, Ш.Әлиев, М.Сәдуақасов, М.Сатыбалдин, Ж.Қыстафин, Б. Маликов, А. Әбдірахманов, М. Сағымбеков, т.б. ысылған өмір тәжірибесі мол азамттар ұзақжылдар аянбай еңбек етіп шаруашылықты көтере білді.

Жиырма жылда коммунизм орнатушылар елдің жеке меншіктегі бірер қарасына қырғидай тиді. Көкөніспен айналыспайтын, айналысса да ойдағыдай өнім бермейтін қуаң даланы мекен еткен қазақ халқына бұл қосымша ауыртпалық әкелді. Малын тартып алып жатқан азаматтар арасында наразылық туындады. Өз малын өзі құртып жіберу, сойып тастау етек алды.

Міне, осы тұста тілінен, мәдениетінен, дінінен айырыла бастаған қазақтың енді күнкөрісі малынан да айырылғанын көрген жастар арасында үкімет саясатына қарсылықты ұшытады. Комсомол комитетінің қызметкерлерін К.Жүнісов, З.Игіліктер 1960 жылдан бастап Қазақстанның оннан аса қаласындағы студенттермен байланыс жасап, “Жас қазақ” ұйымын құрып ЕСЕГТ /Елін сүйген ерлер партиясы/ қайта туғызуға күш салды. Пратиялық Уставы мен программасын дайындады. 1963 жылдың декабрь айында бұл топ тұтқынға алынып, саяси айып тағылып, сотталып кетті.

1962 жылы партияның өндірістік сала бойынша бөлінуіне орай /бір Қарағанды облысында екі обком өмір сүрді/. Шет ауданы Ақтоғай ауданымен қосылды. 1964 жылдың ноябрь айында Н.Хрущевтің орнынан кетуіне байланысты мемлекетің жаңа басшылары қайтадан өзгерістер жасады. Соның нәтижесінде Шет ауданы қайтадан қалпына келтірілді.

Аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына Камали Дүйсенбеков, ДІ секретарлығына З.Исағұлов, атқару комитетінің төрағасына Перерва сайланды. 70 жылдары аупарткомның идеология жөніндегі секретары Шөкен Маясарова, ауаткомның мәдени жұмыстар жөніндегі орынбасары болып Ермек Хайруллина істеді.

Халықтың бейбіт те тыныш өмір кешіп, ел ырысы біршама толған шақосы 70 жылдар. Аудан орталығына жаңа көшелер түсті, тұрмыс комбинаты, универмаг, мектеп, ПБ ғимараты, райком үйі, Мейманхана, монша салынды. 1967 жылы аудан орталығына жоғары кернеулі электр жүйесі тартылды. Орталықтың бір жағынан КТУ ғимараттары бой түзеді.

Бұл жылдары оқу бөлімін Көшкінбай Әбілдин, кейініректе М.Түсіпов, Т. Мусин басқарды. Тұтыну қоғамында М.Өмірбаев, М.Пак төрағалық етсе, байланыс бөлімінде Ерғалы Есімғалиев, П.Шевбунов, II бөлімінде Д.Бекенов, бас дәрігер.

С. Еабдуллин, бас мал дәрігері Т.Туғанбаев, аудан проку-

рорлығына А.Сауқымбеков, М.Мұщанов, аудандық сот қызметін Ә.Бәкішев, Б.Әдісбеков, өскери комиссариатты Ш.Сапаров, Т. Жұмабеков, қаржы бөлімін М. Санаубаров, Ә. Сағындықов, банк меңгерушілігін Д.Омарова, әлеуметтік қамсыздандыру бөлімін С.Зәкірбеков, коммуналдық шаруашылықты Т. Жексембин басқарды.

Аудандағы шаруашылықтың ірі саласы-ауыш шаруашылық басқармасын Әбдіжәлел Ахметов, Егінбай Сембин, Боранбай Жұмкіндер жалғаса басқарып, совхоз шаруашылықтарын көтеруде көп еңбек сіңірді.

1972 жылы Шет ауданы шаруашылықтары астық тапсырудың торт жоспарын орындап, құрметке бөленді. Бір миллион пұт астық тапсырған Нұраталды совхозының директоры И. Морозов Ленин орденімен, партия комитетінің секретары Көрім Тілеубергенов Қызыл Ту орденімен наградталды. Озат механизаторлар С.Туғанбаев, Ә.Әрінов, Р. Құсайыновтар Ленин орденінің иегері болды.

Орджоникидзе совхозының “Береке” комсомол-жастар бригадасының жетекшісі Сәмбет Төлеукунов Ленин, Октябрь революциясы ордендерімен марапатталды. Аудан 70-80 жылдары мемлекетке жышына 21500 тонна астық, 3000 тонна картоп, 3850 тоннаға жуық овощ тапсырып тұрды”- деп жазады қарт ұстаз Ш. Жұқанов өз естелігінде.

1973 жылы Шет ауданынан Ағадыр жеке аудан болып бөлініп шықты. Ағадыр ауданының басшылығына Қасымбек Медиев, Иван Колбасин тағайындалды. 1981 жылы ауданның І секретары болып В. Карепов, онан кейінгі тұста А. Әбсәлімов, Б.Мұқышевтар аудан әкімі болып тағайындалды. Ағадыр ауданына Ақшатау, Ақжал кеніштері, 40 жылдық, Босаға, Ағадыр, Қарабұлақ, Ақшатау, Ақшағыл, Кеншоқы совхоздары берілді.

Осы тұста Шет ауданына Жаңа Арқа ауданынан “Просторный”, “Красная поляна”, “Бұрма” совхоздары қосылды.

Шет ауданы жаңадан құрылған Жезқазған облысының экономикасы дамыған ең ірі ауданға айналды. Ауданның құрамында 7 совхоз, 3 асыл текті мал заводы, 2 астық қорықталау пункті шаруашылықты өрістетуге жұмыс істеді.

Ауданның бүгінге дейін тарихи кезеңінде Д. Муталапова, Ө. Күлмаханов, Нұраталды совхозының сауыншысы И. Бәстенова, Д. Разақова, Орджоникидзе совхозының жылқышысы Шәкіш Бөлтекеев, осы совхоздың сауыншысы Бақыт Қасимова, Қазақ ССР Жоғарғы Советінің депутаты, аудан әкімі Қасымбек Медиев тәуелсіз еліміздің Парламент мүшесі болып сайланды.

Ауданның орта және сегізжылдық мектептері оқу-тәрбие ісі заман талабына сай жұмыс істеді. Сол мектептерде С. Әбдірайымов, Ж. Күлейменов, Қ. Жамиев, С. Жүнісов, И. Әбітаев, М. Туғанбеков, Р. Жотабаева, Р. Әмірханова, Н. Ықсанов, К. Жұмашев, М. Қосылбеков т.б. озық үлгілі оқытушылар жас ұрпақты жоғары білім мен адамгершілікке, ұлттық санаға баули білді.

Жастар арасында спорт өнерінің дамуына кдзакша күрестен Орта Азия мен Қазақстан чемпионы Серік Демесінұлы, Жәкен Ақыжанов, Қайрат Мусин, Аманкелді Қызылов, Сейсенбай Жанасьшовтар ерекше үлес қосты.

Аудан мәдениеті де өрістей түсті. Аудандық мәдениет бөлімін басқарған Төлеубай Әбдіғалиұлының ұйымдастыруымен аудандықхалықтеатры құрылып,оның жақсы бастамасы Алпыс Мұқашұлы, бүгінгі күнде Гүлшара Ахметтегі лайықты жалғастырып жүлделі орындарға ие болуда.

1980 жылы ауданның бірінші басшылығына М.Абақанов келді. Аудандық атқару комитетінің төрағалығына Н.Суворов, байланыс бөлімінің бастығы болып Мейрамбек Балтин, қаржыбөлімінің меңгерушілігін Балтабай Қапасов, милиция бөлімінің бастығы қызметін Мәлігаждар Даданбаев атқарды.

70 жылдардың соңы мен 80 жылдардың басы халықтың әл ауқатының көтерілуімен, екінші жағынан мемлекет көлемінде сыбайластық пен жемқорлықтың өсуімен де ерекшеленді. Мемлекет басшысы Л.И.Брежнев қайтыс болған соң билікке келген Ю.Андропов қатаң тәртіп орнату арқылы қордаланған проблемаларды шешеуді қолға алды. Бұл кезеңнің соңы “Путь к коммунизму” совхозында 1200 бас ірі қараның талан-таражға түскен фактісімен аяқалды. Аудандық партия комитетінің бірінші секретары М.Абақанов т.б. аудан басшыларының жұмыспен қоштасуына тура келді.

1986 жылы аудандық партия комитетінің бірінші секретарлығына Сағынбай Медеубаев келді. Ауатком төрағалығына Костин, Корбань деген азаматтар сайланған. Ауатком төрағасының орынбасары болып З. Избасаров, М.Шайкин, Т. Көріпбаев жұмыс атқарды.

Бұл тұста ауыл шаруашылық басқармасын А.Қасымов, ішкі істер бөлімін С.Адамбеков, аудандық прокурорлық қызметін У.Төттімбаев, аудандық банкті Қ.Жұмабекова, оқу бөлімін Р.Тәбәрікова, тұтыну қоғамын Н.Жазыбаев, бас дәрігерлікті Қ.Мәбиев атқарды. Бүгінгі аудан көлеміндегі совхоздарда Е.Қасымов, Д.Нүркеев, Б.Оспанов, К.Әлхамин, А.Әбдіханов, З.Көкжалов, Т.Әбеуов, Ж.Әлімханов, басшылық етті.

Аудан халқының ұлт мәдениетіне деген ұмтылысы өрістей түсті. 1937 жылы облыста 1 рет тоғызқұмалақ ойынынан жарыс Ақсу-Аюлыда өтті. Басқа аудандардан келген командалар тек ойыне үйрену үшін ғана қатынасты. Бұл ойында бұрын білетін И.Әбітаев пен З.Игілікұлын пайдаланып жазушы К.Жүністегі тоғызқұмалаққолдан ойдырыш жасаттырып келген командалар үшін семинар-ойын өткіздірді. Тоғызқұмалақ ойынынан әрі қарай Қ.Қаппаров жалғастырып, жүздеген тоғызқұмалақ ойыны шеберлерін дайындаса, Т.Майбас облыстан жүлделі орын алып келді.

1988 жылы Шет ауданының 60 жылдық мерекесі аталып өтті. 1989 жылы республика аудандары ішінде бірінші рет Наурыз мерекесі тойланса, сол жылы Маясар ақынның 110 жылдығын, 1990 жылы Қыздарбек күйшінің 140 жылдық мерекесі тойлары болды. 1989 жылы қараша айында Аюлы тауының басына телемұнара орнатылды.

Халықгың денсаулығын сақтау саласында ілгерілеу болды. Аудандық аурухананың жаңа ғимаратының іргесі көтерілді. Денсаулықсаласында М.Кернейбеков, Т.Мұсахметов, Ш.Бөлтекеев, Р. Жүнісов, А. Сырымбетова жемісті еңбек етті.

Сексенінші жылдар кдзак халқының саяси да, мәдени өрлеу жылдары. Жазушылардың, ғалымдардың ел тарихын, мәдениетін зерттеген еңбектері жаңа толқын туғызып, қазақ жастарының өз ұлтын тануға ұмтылысы күшейді. Осы шаққа 1986 жылдың Желтоқсан оқиғалары дәл келді. Кдзакелін қазақ билеуі керек деген ұран ту боп көтерілді. Кдзакстанның барлық қалаларында студенттердің, жастардың қозғалысы өрістеді. Алматы, Қарағанды, Жезқазған қалаларындағы шерулерге қатынасқан ҚАғзамов, С.Байкенов, А.Балтин, Ө.Мұқабаев, Н.Тәженов, С.Медиев, Н.Көрібеков, Е.Игісінов, Н.Жазықбеков, Р.Тұрсынбаева, А.Тайшықова, О.Куанышбаев, Ы.Амандыков, Б.Хамзина, О. Асылбеков, Қ.Биғожин, Ж.Сыздықова, Ж.Ыбыжанов, Е.Түсіпханов, Г.Қызылова, Г.Жазықбекова, Д.Аханова, Р.Қалдыбасва, А.Алиева, Ж.Мұқашева, Ж.Қасымов, С.Смайылова, Г.Қарабекова, Р.Мақабаева, Б.Нұрышев, Б.Жөмиев, М.Өмірбаев т.б. жазалау органдары ұстап, оқудан шығарды.

Жазалау шаралары жер-жерде, мекеме, кәсіпорындарда желтоқсан балаларын наркомандар деп айыптау, Колбинді қолдау түріндегі жиналыстарда өріс алды. Аудандық партия комитетінен келген әпербакандар әркімнің сөзін протоколдап, қиыс пікір білдіргендерге саяси айып тағып жатты. Қарсы пікір білдіргендердің көбі сол тұста бүкіл мемлекет көлемінде Әзербайжан, Грузин, Прибалтика елдерінде, Саха жұртында,

соңынан Қарабахта үлкен оқиғалар өтпесе Сібірге келетіні даусыз еді. Сол тұста жер-жерде өткен жиналыстарда Д.Қамытбаев, Қ.Жазыбаев, И.Жолғұттин, Қ.Мабиева, Х.Сәуақасов, Б.Тойшыбеков, Т.Майбас, К.Жүністегі, З.Игілікұлы, А.Махметов, т.б көптеген азаматтар желтоқсан уақиғасын айыптаудан бас тартып, өз пікірлерін ашық айтудан, ұлт намысын қорғаудан жасқанбады. Керісінше мына портфелькұмарлар елдің жер-жебіріне жетіп, жұрттың төбесін тесті.

Еліміз тәуелсіздік алған карсанда 1992 жылы ауданымыздың тумасы Қасымбек Медиев ауданға өкім болып тағайындалды. Аудан өкімінің орынбасары болып БЖұмкин, З.Ізбасаров, Ө. Жампозов, Ө. Смағұлов, А. Түсіпханов, Б.Исабеков жұмыс аткарды. Аппарат жетекшісі М. Төлеуқұлов болды. Оқу бөлімін З.Сүйіндіков, тұтыну қоғамын Қ.Қаракекілов, қаржы бөлімін М.Қуандықов, А.Құлшықов, ауылшаруашылық банкіге А.Есжанов, халықтық банкіге Б.Жүнісұлы, салық комитетін Б.Әкімбеков баскарды.

Аудандық Мәслихат хатшысы болып С.Еабдуллин сайланды. Өлі де сақталып отырған совхоздарға жанадан басшылыққа Ө.Бәкіров, В.Кондраков, Е.Түсіпов, А.Әбеуов, Ш.Кдсымов, Б.Хамзин, Е.Тілегенов, С.Тұңғышбеков, Қ.Дәрібаев, А.Шәріпов, Т. Шыныкеев, З. Көкжалов, Қ.Күзембаев, М. Сәдуақасовтар тағайындалды.

Осы тұста мемлекет көлемінде жекешелендіру процесі өрістеп жүре бастады. Алғашқышардың бірі болып Нұраталды совхозынан О.Қазанғапов бастаған Қызылқой бөлімшесі бөлініп шықты. Жанғұтты совхозынан Т.Есенбеков, Жоғары Қайрақты кенішінің қосымша шаруашышығынан Т.Смағұлов, Қызылтау совхозынан Д.Қожамбердин бөлініп, жеке шаруашылықтар құрды.

Қ.Медиев аудан орталығының сәніне ерекше көңіл бөлді. Су құбыры жүйесінің негізгі бөлігі қайта тартылды. Ұзақ жыл бітпеген аудандық аурухананы көзін тауып жүріп, қаржы тауып, пайдалануға бергізді. Жазушы К. Жүністегінің ұсынысымен неке сарайы мешітке айналдырылып, оны безендіру жұмысын Ж.Жұқанов қолына алды.

Аудан көлемінде ірі-ірі мәдени шаралар өткізідді. Қазақ тарихында ерекше орыны болса да аты аталмай келген Ағыбай батырдың, Шортанбай жыраудың мерейтойлары өткізіліп, олардың аттарына көше беріліп, Шортанбай жырауға ескерткіш орнатылып, музей ашылды.

Сол сияқты С.Сейфуллиннің мерейтойымен бастамасымен туған жері Кдрашілікке басталып, жалғасы Жаңаарқада тапса,

Қыздарбек күйшінің мұрагері Әбікен Хасеновтің мерейтойы өткізілді. Т.Есенбековтің шаруашылығының негізінде бүркітшілердің республикалық Салбуырыны ұйымдастырышып, оған алыс шет ел бүркітшілері де қатынасты.

1997 жылы Кдрағанды, Жезқазған облыстарының бірігуіне байланысты Шет ауданына Ақадыр ауданы қосылды. Осы жылдың июнь айында Шет ауданына өсім болып Кәкімжан Сарханов тағайындалды. Әкімнің орынбасары болып Р. Әбдікеров, Б. Төлеукұлов, Б. Жұмкин, Р. Мақсұтов, Ж. Сүлейменов, аппарат жетекшілігіне Ә. Смағұлов тағайындалды.

Аудандық Мәслихаттың хатшылығына Рысбек Оразханов сайланды. Аудандық ауруханаға Т. Тоқбергенов, салық комитетіне Т. Уахитов, қаржы бөліміне Е. Жәнібеков, КТУ-ға С. Нүсіпов, электр энергиясы жүйесіне Қ. Әміров басшылық етті.

1997 жылы Шет ауданының презентациясы өтті. Аудан көлемінде біраз қордаланған проблемалар да бар еді. Соның бірі банкротқа ұшыраған Ақшатау комбинаты мен өндірісі тоқтап тұрған Жамбыл кеніші. Келіп қалған қыстан кеніш тұрғындарын алып шығу үшін айрықша шаралар жүргізілді, халықты ауыз сумен, электр энергиясымен қамтамасыз етудің мәселелері шешілді.

Аудан көлемінде жұмыс істеп тұрған жалғыз Ақжал кеніші. 1998 жылы кеніш басшылығына Мейрам Баданов тағайындалды.

Аудан халқын электр энергиясымен қамтамасыз ету миллиондап есептелетін қарыз проблемаларын шешудің жолын табуы қажет етті. Аудан басшысының дұрыс стратегия ұстай білуі халыққа электр энергиясын қалыпты берудің жолын ашты.

Аудан мектептерін жылумен қамтамасыз етудің күрделі проблемасы шешілуде. Балаларды мектепке тартудың проблемасын түпкілікті шешу мақсатында екі жерден интернат ашу жағдайы қолға алынды.

Әкімнің негізгі мақсаты - ауданды дотация алмайтын аудан қатарына жеткізу болып отыр.

Ауыл шаруашылығын дамытудың негізгі жолы егіншілік осы заман талабына сай жүргізу, егіс алқабын жөнсіз ұлғайта беру емес, аз жерден мол өнім алу екені көзделуде. 1998 жылы аудан 30 мың га жерге егін салды.

Шаруашылықты жүргізу еркіндігі қолына тиген фермерлер шаруашылықты тиімді тәсіліне бет бұруда. Шөкен Қасымұлы 1998 жылы мал шаруашылығы азығының проблемасын түпкілікті шешу үшін, әрі айналадағы қожалықтарға көмек

көрсету мақсатында әір гектарынан 300 тоннаға дейін өнім беретін саумалдық көпжылдық шөбін өсіруді қолға алды.

Бүгінде Шет ауданында 57853 адам тұрады.

1987 жылы 23590 сиыр, 18240 жылқы, 250380 қой ешкі бар еді.

1995 жылы 22272 сиыр, 20626 жылқы 134813 қой ешкі болды.

1997 жылы 18625 сиыр, 16969 жылқы, 73126 қой ешкі меншік иелерінің қарамағында болды.

Шет өңірі ертеден өнер ордасына айналған аймақ. Бастауын Шортанбай жыраудан алған ақын-жыршылар тобы үзілмеген. Бұл өңірде 30-дан аса ақын-жыршылар өтсе, XX ғасырда қазақтың тіл өнеріне, әдебиеті мен мәдениетіне үлес қосқан Маясар ақын, Жәкен, Қасен ақын, Жүсіп Алтайбаев. Жылқыбай Нұрбеков, Әуезхан Көшімұлы, Софы Сматаев, Рымқұл Сүлейменов, Кәмел Жүністегі, Өмір Көріпов шықса, олардың ізімен Айтақын Жексенбаев. Свет Оразаев, Тезекбай Амандығков, Серғазы Кдылдаұлы әдебиет ауышына өз іздерін салып келе жатыр.

Кезінде оқу министрі болған Ә.Сембаев, Я.Әубәкіров, академик Шәрбану Батғалова, техника ғылымының докторы Баян Рақышев, техника ғылымының докторы, академик Жамбыл Ақылбаев, ғылым кандидаттары Бану Әбдіқасова, Зекен Смағұлов, Мөуен Хамзин, Тұтай Сағытаев т.б аудан халқы мақтан етеді. Бастауын Қыздарбек күйшіден алған күйшілік, сазгерлік, өншілік өнері Сыщық Мұхамеджанов, Ләззат Сүйіндікова, Гүлбаршын Ақпанова болып жалғасса бүгінде киелі күй сазын Жағыпар Асқарұлы, Дәулетбек Сәдуақасов, Орал Исатайұлы, Ыбыжан Төлегенұлы жалғастырып келеді.

Ерте заманнан ата-бабасы осы өңірді мекен еткен шежірелі Шет жұртының соңғы 70 жылдығы қысқаша тарихы осындай.

Аудан халқының тарихы қазақ халқының тарихының бір бөлшегі. Аудан халқы қазақ халқының қуанышына шаттана біліп, қасіретіне ортақтасып, басына не тауқымет түссе де әділетті Алла берер шақтан үмітін үзбеген қасиетті де киелі ата-бабаның ұрпағы.

Келер шақ берекелі бақыт әкелгей.



Жауырының жерге тимеген

ӘЛІМШАЙҚЫ ПАЛУАН

XIY ғасырдан бізге есімі ғана жеткен Баймұрат Жаңабай, Кенжебай Әжібек палуандардың өнерін XX ғасырдың аса киын бірінші жартысында жалғастырған осы Әлімшайқы Сәлімбайұлы. 1940жылдардың аяғынан 1960 ж. басына дейін осы елді берісі Қазақстан, әрісі Орта Азия елдеріне қазақша күрес өнерімен айрықша танытты. Әлімшайқы палуан 1951-1955 жылдары еліміздің 5 дүркін чемпионы атағын жеңіп алды. Әлімшайқы Сәлімбайұлы Орта Азия елдерінің Орта Азия елдерінің чемпиондық тәжін де әлденеше рет басына киген айтулы күрескер.

1995 ж Алматыдағы “Рауан” баспасынан шыққан Е. Мұхиддинов пен П. Ф. Матушак авторлық еткен “Қазақша күрес” кітабында. “А. Сәлімбаев быш по истине настоящим батыром. Высокий с широкими плечами он обладал большой силой и завидной внешностью.... Особенно удавался ему бросок с обвивом с захватом пояса через одноименное плечо” деп жазады да, оның Қазақстан мен Орта Азияның қазақша күрестен тең келмес екенін айтып өтеді.

Атағы жер жарған Әлімшайқы палуан Шет ауданының 10 ауылында туып өскен. Қазақ жолымен Керней Түйте Сәдібек болады. Ұзақжылдар Ақжал кенішінде жұмыс істеп, осы жерде өмірінің соңына дейін тұрған.

СЕРІК ДЕМЕСІНҰЛЫ

Серік Демесінұлы 1986 жылы 25 қарашада Қарағанды облысы, Шет ауданы, Айғыржал колхозында дүниеге келген. Жасынан жетім қылып, ағайындарының қолында өсті. 7 класқа дейін аудан орталығындағы мектепте оқыды.

1996 жылы Қарағанды келесіндегі №2 мектепте орта білім алды. Мектептегі кезден бастап спортпен айналысты.

1960 жылы Шымкент, 1961 жылы Семей қаласында ауыл-село жастарының арасында өткен жарыста бірінші орын алды. Қазақ ССР-інің спорт шебері атағын алған Серік Демесінұлы Орта Азияның және Қазақстанның өлденше дүркін чемпионы.

Қазақстан Республикасына еңбегі сіңген жаттықтырушы 1961 жылы аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің негізін салып, өзі ұзақ жылдар сол мектепте жастарды тәрбиелеумен шұғылданды.

1966 жылдан үш жыл қатарынан Серіктің шөкірттері облыстық жарыстың жеңімпазы танылды.

1998 жылы Секең мезгілсіз дүниеден қайтты.

ЖАНАСЫЛОВ СЕЙСЕНБАЙ

1967 жылы Ақсу-Аюлыша туған. Ақадыр спорт мектебінің директоры. 1976 ж. Қазақстан Республикасының спорт шебері. 1980 ж. КСРО спорт шебері. ХУ-бүкіл Қазақстандық спартакиаданың чемпионы. 1978, 1979, 1980 ж. қазақша күрестен Қазақстан чемпионы. Самбодан 1970-77 жылғы Россия, Солтүстік батыс аймағының чемпионы. Бішкекте өткен И. Гришин атындағы бүкілодақтық турнирдің чемпионы. Қазақша күрестен Ы. Жақаев, Ж. Куанышбаев атындағы Республикалық турнирдің чемпионы. 1979-81 жылғы Қажымұқ атындағы Республикалық турнир чемпионы. Облыстық, Орталық Қазақстанның бірнеше дүркін чемпионы.

Тренерлері: Т. Төлепбеков, Д. Биткөзов.

1990 жылдан Қазақстанға еңбегі сіңген жаттықтырушы. 25 спорт шеберін дайындап шығарған.

АҚЫМЖАНОВ ЖӘКЕН

Ақыжанов Жәкен 10 қыркүйек 1942 жылы Қарағанды облысы, Шет ауданы, Ленин колхозында туды.

1960 жылы орта мектепті бітіргеннен кейін Қарқаралы “қазақша күрес” секциясына қатысты. Алғашқы жаттықтырушысы Кәмел Жансағимов болды. 1962 жылы техникумның 3 - курсына жүргенде әскерге шақырылды. Әскер қатарында жүргенде де күресті әрі қарай жалғастырып, Ленинград әскери округінде алғашқы “самбо” күресіне қатысып, сол округтің құрама командасының қатарында 1965 жылға дейін мүше болды. Осы үш жыл ішінде өз салмақ категориясында бірнеше дүркін жүлдегер және жеңімпаз

танылды. Соның нәтижесінде “самбо” күресінен шебер кандидаттық нормативін орындады. Құжаттары бар.

Әскери борышын өтеп келген соң Шет ауданының Б.І. Алтыңсарин атындағы орта мектебінде дене тәрбиесі пәнінен мұталім бола жүріп, күресті әрі қарай жалғастыра берді. 1973 жылы Торғай қаласында өткізілген бүкіл қазақстандық спартакиадасында жеңімпаз атанып, “қазақша күрестең” спорт шебері атанды. Кейіннен 1966-1972 жылдары Серік Демесінұлы жаттықтырушы болды.

1966-1983 жылдар аралығында Қарағанды, Жезқазған облыстарының құрама командасының мүшесі болып, бірнеше рет І республикалық және бұрынғы Советтер одағы көлемінде “қазақша”, “самбо” күрестеріне қатысып, жүлдегерлер қатарына көрінді. 1983 жылдың қараша айынан аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің басқарушысы болып осы уақытқа дейін жұмыс істейді. Осы мектепте күреске баулыған Сейсенбай Жанасьшов, Тұрар Төлепбеков, Қайрат Мусин, Талғат Сәдуақасов, Дәулет Есмағамбетов, Қыдырбай Әбішев, Нұрлан Ахметбеков, Қайдар Қанжанов, Самал Айнатаев және тағы басқалары күрес шеберлері атағына ие болды.



Ит жүгіртіп күс салған. Тұлпарлар тізгіні

ТІЛЕУКДЫЛ ЕСЕНБЕКҰЛЫ

1943 жылдың ақпан айының 10-шы жұлдызында Шет ауданы, Қарағанды облысының колхозшы-шаруаның отбасында туған.

1961 жылы орта мектепті бітіріп, сол жылы Қарағанды политехникалық институтқа түсіп, оны 1966 жылы құрылыс инженері мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1967-70 жылдары құрылыста прораб, инженер болып жұмыс істеді. 1970-73 жылдары Шет ауданында комсомол комитетінің бірінші хатшысы, 1973-75 жылдары аудандық, облыстық партия комитеттерінде жаупаты қызметтер атқарды.

Сондай-ақ, 1976-91 жылдары мемелкеттік қауіпсіздік комитетінде әр түрлі жұмыс істеді. 1991 жылы еліміздің егемендік алғаннан кейін, шаруа қожалығы жөнінде республика заңына байланысты меншік жер алып, шаруашылық құрды. Содан бері ет, сүт өнімдерін өндіріп, өндеп сатып тапқан табысты сол өндірісті өркендетуге жұмсай білді. Бір бөлігін ұмығт бола бастаған құсбегілік өнерді жандандыруға жұмсады.

1995-97 жьпшары халықаралық “Салбуырын” құсбегілердің сайысыш өткізді. Оған алыс-жақын шет елдерден мәселен Австрия, Франция, Германия, Англия, Бельгия және т.б. жерлерден құсбегілер шақырылды. 1995 жылы еліміздегі бүркітшілердің басыш қосыш, саныш айқындады. Ол келешектегі жұмысты жоспарлауға мүмкіндік жасады.

1998 жылы Орталық және Солтүстік Қазақстанда құсбегілер дайындау мақсатында “Құсбегі” мектеп орталығын ашып, осы бағытта жүйелі жұмыстар жүргізуде. Бүгінде Т. Есенбекұлының тәлім-тәрбиесінің арқасында құсбегіліктің қыр-сырымен жете танысқан “Салбуырын” /салбурын/ ертеден келе жатқан, қазақ еліне тән спорт өнері. Сөнуге айналған көне өнер ғасыр аяғында жандана бастады.

1995 жылғы қараша айында Жезқазған облысы, Шет ауданы, “Азат” шаруа қожалығының иегері Т. Есенбековтің ұйытқы болуымен құсбегілердің халықаралық жарысы өткізілді. Осы жарысқа республикамыздағы бүркітшілеріміздің

барлығының дерлік /14 адам/ және Австрия мен Германиядан келген 5 адамның басын қоса алдық. Үш күнге созылған жарыс көрермендердің үлкен қызығушылығын тудырды. Көршілес Қарағанды облысы, оның Қарағанды, Балқаш қалаларынан, Молодежный аудандарынан және өз облысымыздың барлық аудандарынан көрермендер ұмыт қалып бара жатқан саяткерлік өнерінің куәсі болды. Құс баулу мен оны күтіп ұстау жұмыстары әзірге өз дәрежесінде деп айтуға болады.

- Республикамыздағы құсбегілер саны 15-20 адам. Бұл құсбегілікті өнер ретінде сақтап қалуға тым аз.

- Республикамызда қаршыға баулитын саяткер жоқ. Сұңқарлармен шұғылданатын құсбегілер саны 2-і ғана.

А.Тұрлыбаев, С. Дәулетбахов және басқа да бүркітшілердің кәсіби шеберліктері Францияда таңцаныс пен құмариушылықтудырған. Олар туралы осы елде тамаша альбомдар мен видеофильмдер шығарылды. Бұл құсбегілердің Еуропа және Америка табиғат құмарлары да жақсы біледі.

- Құсбегілікті өнер, спорт түрінде анықтап, бір министрлікке тапсырып, дамыту үшін мәдени шаралар ұйымдастырылуын қадағалау туып отыр.

- Республикамыздың ірі кәсіпкерлеріне, бүркітшілерге материалдық жағынан көмектессе, олардың өнімдерін жарнамалауда бүркітшілер де көп игі еңбек ете алар еді.

ЖЕТІ ҚАЗЫНАНЫҢ БІРІ

Мәскеуден ДОСААФ баспасынан 1979 жылы шыққан “Клуб служебный собаководство” деген кітапта Мәскеу университетінің профессоры И.Духновскийдің “Иттерге қандай лақап аттар қоюға болады” деген мақаласы орыс алған. Ол профессор мырза “Әкбар, Асқар, Әлішер, Әнуар, Батыр, Бек, Мұхтар, Надира, Омар, Садыр, Сұлтан, Тайыр...” т.б. бөріміздің мұсылманша есімдерімізді иттерге тағуға кеңес берген. Бұл - Шовинистік пиғылдан туып жатқан жағдай.

Жеті қазынаның бірі саналған итіне қазақ атау таба алған. Иттерімізді “Маруся”, “Ванка” деп есімдеп, өзін ұлымыз деп жүрген халықтың жүйкесіне тимей-ақ, атадан балаға мұра боп келе жатқан атаулар тағуға болатынын жариялау дұрыс шығар.

Ит атаулары :

Иесінің тілегіне орай :

1. Құттыаяқ

Мінез құлқына орай:

1. Алыпсоқ

2. Майлыаяқ
3. Жолдыаяқ

Түсіне карай:

1. Актырнак
2. Актұмсық
3. Төрткөз
4. Ақ қасқа
5. Сарқасқа
6. Көкқасқа
7. Көкдауыл
8. Мойнақ
9. Ақтөс
10. Сарқұс
11. Аққұс
12. Жезтырнак
13. Сарыала
14. Көктүтін
15. Ақжелке
16. Ақиық
17. Қарауыз

2. Табар
3. Жетер
4. Серпер

5. Ілесер
6. Бөгер
7. Басар
8. Бассал
9. Тырналақ
10. Барс
11. Ожырай
12. Қырғи
13. Жолбарыс
14. Желқұйын
15. Марғау
16. Салпау
17. Құмай
18. Сырттан
19. Тұйғын
20. Лашын
21. Таймас
22. Дауылпаз
23. Шаңтимес
24. Қыран
25. Аңқоймас
26. Алқұйын
27. Сылдыр

АРҚАНЫҢ СЫРТТАН ТАЗЫЛАРЫ

Арқа тазылары аңшы иггерінің ішіндегі ерекше тұқым. Оңгүстік жақтазылары қағілездеу, жеңіл, тықыр жүнді, үшкір тұмсықтау болып келсе, Арқа тазыларының сипаты басқа. Арқа аңшылары иттің бұл тұқымын қыстың аязы мен боранында да ертіп жүріп, қарлы қыстың не қиынына салса жеңіп шығатындай етіп, сұрыптап шығарған. Бұл тазылар жүндестеу, ірі, басы үлкен, азулы, тұмсығы жуандау салпаң құлақ, балақ жүнді больш келеді. Осы жолдардың авторының Таймас деген тазысының бойы 80 см, кеуде жуандығы 90 см, мойын жуандығы 58 см, алдыңғы аяғының жуандығы 17 см. Таймастың әкесі Тұйғынның бойы 83 см. Арқаның бұл сырттандары - ертеден үзілмей келе жатқан тұқым. Бұл тұқымды 1946 жылы “Қызыл тендік” колхозында Ақмағанбет

Кенжеқожаұлы деген кісіден кездестірдім. Аса ірі, көк қасқа, тазы жүндестеу еді. Сонда ертенің әнгімесін тере айтатын сексеннен асқан Әбеу, Көпжан, Қашпия ақсақалдар бұл тазылардың XIX ғасыр болыс, би болған Кдрабек, Жолданда, XX ғасыр басында Асанбек-Кәсенбене болғанын жырдай етіп айтқан еді. Тазының бұл тұқымы Шет ауданының Айғыржал, Қызылту маңынан үзілмей келсе, қазір аудан басында Тұмсық, Кеншоқы жағында тараған.

Бірімен-бірі айкасып, қасқыр алатын бұл сырттанның біреуін 37 жылы халық жауы болып уеталып кеткен аудан басшысы Әбдірахман Токтаров ұстаған Цігін аты Барқд екен.

Соғыстан кейінгі жылдары мұндай сырттандарды Тоқсанбайдың Әубәкірі, Қиымбектің Зейнелі асырап жүрді. 50-60-шы жылдары жоғалып бара жатқан сырттан тазылар негізінен Айғыржалда Әміржанның жанашырлығымен сақталып қалды. Онан Тұйғын туған. Тұйғыннан Таймас деген күшікті алып, сақтап қалдық. Қазір тарап жүрген сол Таймастың ұрпақтары. Бұл тазының бірер ,рғшы Ізтілеу Кеңес-ұлында, Әділ Маясартегінде, Қоңырақында, аңшы Жәкен, Асқарлар, Марат Жолдановтарда бар. Осы 2006 жылдың жазында сонау Павлодардан жазушы Мейрам Асылғазиннің баласы осы жолдардың авторынан бір көк қасқа күшікті қалап алып кетсе, сол сияқты әйгілі Мұхтар Қр-Мұхамет, Бекболат Тілеухановтарда сырттанның осы ұрпағы арнайы келіп алып асырап отыр.

КӨКПАҒЫР

Алтай мен Карпат (Қарбет) тің арасын жайлаған сері халық, Орал мен Қытайдың ұлы қарғанының арасын дүбірлеткен ұлы халық қазақ ұлтының арғы бабасы. Даланың желіндей еркін ел кең жазырада бұла болып өсіп өніп, серілік те кұрып, көзін ағартқан жаумен де жағаласып ғұмыр кешкен. Серілікке де, жауынгерлікке де желмен жарысқан жүйрік, билеген құйыннан озған жорға керек. Ғасырлар бойы ұлы даланы мекенеткен көшпенді ел қолында бар сәйгүлігін баптап, жүйрігінсұрыптап, тұлпардан тұлпар шығарған. Европа жұрты жүйрікті сұрыптауды ХҮІІІ ғасырдан бастаса, қазақелі оіккөне ғасырданбері жүргізген.

Қазақ осы күні біз таза қанды деп жүргенді Арғымақ дейді. Кдзақы малдан шыққан алдына кара салмас жүйрік, күнұзын шапсаң талмайтын сәйгүлік іұлпар деген. Тұлпар арғымақтан емес,қазақтың қазанатынаН шыққан. Сондай

тұлпардың бірі Апақтың құласы туралы әңгімем бұрында “Жұлдыз” журналына шыққан еді.

Көшпенді сері халықтың жансерігі, қимасы Көкшағыр туралы басы аңыздан басталатын әңгіменің соңы шындық болып Көкшағырдың ұрпағы көз алдымыздан сан өтті.

Кешегі өткен көзі қарақты, санасы ойлы, ғасырлар әңгімесін магнитофонға жазып алғандай айтатын қариялар тамсана отырып, “беу, өткен дәурен-ай” деп бастап толғана сыр шертетін. Мен көрген Көкшағырдың иесі тоқсаннан аса дүние салған Құсайын ақсақал, атақты атбегі Серікбектер “оу бұл көкшағырдың негізі алыста жатыр ғой” деп бас-тайтын.

Есімі аңызға айналған даланың философ жыршысы, еліне мәңгілік мекен іздеген Асан қайғы бабамыз жел-маясына мініп, ұлы даланы аралағанда масатыдай құлпырған жазира мен көксеңгір таулардың бірін жайлап, бірін күзеулеп, қыстап, көктемдеп қоныстанып өткен. Сол бабамыз Балқаш маңына келгенде:

Көкектен басқа құсы жоқ,
Көкпектен басқа шөбіжоқ.
Қатыны семіз, байы арық,
Балығы семіз, тайы арық,
Қазынаға толы қойнауы ,
Мекен де болар жайлауы,-

деген екен.

Асан қайғы Алатау маңынан бері өткенде жылқысынан шағыр құнан бастаған тай жабағы бөлініп қалған екен. “Жарайды жерсінейін деген екен, ұнаған ғой бұл аймақ” деп бабамыз іздемей тастап жүре берсек керек. Сол жылқы өніп-өсіп, ұрпағы Балқаштың батыс жағалауын кезек жайлап отырған Қаракесек- Қуандық елінің қолына түскен. Бұл Көкшағыр тұқымы ХҮІІІ ғасырдың соңымен ХІХ ғасырдың басында өмір сүрген Қуандық Алшағыр батырдың қолында үйірлі жылқы болып өскен екен.

Қуандық Алшағыр мен Абылайханның жекпе-жекке шығарған батыры Жарылғаптың кенжесі Баубек батыр кейде достасып, кейде түс шайысып, ғұмыр кешкен. Баубек дүниеден өтерде оның Кер аты жылқыдан бөлініп шауып келіп, үйді үш айналып, иесі жатқан іргеке күрсініп құлай кеткен. Сол Баубек дүние салғанда күңіреніп, бауырымдап шауып келген тағы сол Алшағыр батыр. Қайран қазақтың дұшпандығынан гөрі қимастығы басым екені осы емес пе.

Абай қайтыс болғанда онымен ұстасып өткен Оразбайдың қайғыруы да елдіктің үлкен көрінісіғой.

Алшағыр батыр Қызбек есімді қызын Баубектің баласы Данярбекке ұзатқан. (Данярбектің мазары Ақсу-Аюлы мен Қайрақты бөлімшесінің арасында). Данярбектің келіншегі келер жылы төркіндеп барғанда Жышанкөз атанған шағыр кок құнанды бәсіресіне қалап алған. Көк құнан суық қабақты, көзі жыланның көзіндей ызғарлы, түймебастау жылқы екен. Міне, осы Жыланкөзден Керней ішіне Кокшағырдың тұқымы тараған. Мұнан басқа осы тұста Жарылғап батыр тақымына басқан Кер айғырдан осы маңға Қазанаттың тағы бір жүйріктің тұқымы тараптұрған еді.

Қазақ “шапқанда боз озады буырлыдан” деп мәтеддейді. Кокшаі ырдың ұрпағы енесіне қарай боз, не каракөктей болып келсе де көзі шағыр болады. Атағы жер жарған Күреңбай сыншы орта жүздің бір үлкен асында бәйгіге қатынасына жүздеген атты аралап келе жатып, Көкшағырдың тұсына келгенде көзін ала алмай сілейіп тұрып қалыпты.

Әй, мынау кді жұрттікі? Әй мынау қайдан келе кдлған? Мынадан ат озбайды, кдлған жұрттікі бекершілік,-дей беріпті.

Неге олай дейсіз?-депті қызғаныш білдіргендер.

- Кдрасандаршы мүшесіне. Айбақ-сайбақ қой мынауың. Үш биігі бірдей көрініп тұр. Қанаты бар мұның,- деген екен атақты сыншы.

Қанат деп қазақ сыншылары басқа жылқыдан гөрі аргық біткен бір қабырғаны айтады екен. Ол қабырға, сірө тыныстың кендігін, омыртқа серпілісінің талмас мүмкіндігін кдмтамасыз етсе керек.

Көкшағырдың ұзақ уақыт ел есінен шықпай шапқан бәйгесі - Есбайдың асы. Есбай заманыңца мырза да, пірадар да болған адам. Кенесарының ағасы Саржанмен достық қатынаста болып, Саржан Қояншытағай руының Бұғылы тауының күншығыс жағындағы жонның үстіне ордасын құрып, Ақмола, Қаркдралыға бекінген орыстарға үнемі жортуыл жасап тұрған. Сол тұста Саржанға осы елден тірек болған осы Есбай мырза. Есекеңнің асы 1861 жылдар шамасында өткен. Аскдүш жүздің баласындн баскд өзбектің Бегдербегі, қырғыздан Шәбден қатысқан. Асқа екі мыңға жуық қой сойылып, үйір-үйір жылқы жұмсалған. Сойылған малдың көптігінен Кдрмыс өзені қанға боялып, тұншыққан балықтар судан шоршып, секіріп, ауамен дем алып тұрған екен.

Асқа қатынасқан Ағыбай батыр шолақ найзаның үстінен

қарап, “тек мына бетте он мың адам тұр ғой” деген екен. Аттың бәйгісіне 50 жылқы, 8 канат ақ үй, тай тұяқ жамбы тігілген. Бәйгіге қазақ елінің түкпір-түкпірінен келген 300 жүйрік қатынасқан. Осынашама жүйріктің ішінен алысқа төзгені ғана жетсін деп аттарды 60 (алпыс) шақырым қашықтықтан жіберген. Үш жүздің өр аймағынан келген аузымен құс тістеген сәйгүліктер “ө” дегеннен қатты желіскен. Намысқа тырысқан шабандоз балалар да әуел бастан оза шығып, атқа шаң қаптырмауға тырысқан. Орта жолдан аса бар атты артқа тастаған Көкшағырдың соңынан қалмаған Қояншығтағай Шылтынбайдың торысы ғана екен. Бұл жүйрік те жарылғап батырдың Кер айғырының тұқымы еді. Бұлардың соңынан оқ бойы ілескен Кіржібайдың құласы ғана болған. Тор ат пен Көкшағыр кезек озып, бірін-бірі қатты жесіп, қаракшыға таянған соңғы бес шақырымда торы оза шығып кеткен екен, Көкшағырды сәл тыныстатып алған шабандоз атты қайта қоя бергенде торыны артқа тастап, қаракшыдан өте шыққан.

Арқаның бұл өңірдегі ас пен тойдың қайсысына болмасын қатынасып, бәйгінің алдын бермеген Көкшағыр тұқымы XX ғасырға да ілікті. Төңкерістің ақ пен қызыл кезек қашып аласапыран заманында ақпын дегені де, қызылмын деп келгені де жақсы атты тартып мініп, Көкшағыл тұқымына талай зобалаң туғызды. Талай сәйгүлік, ұрпақ шашар айғыр мылтығын шошайтқан дүшпанның тақымында кетті.

Данярбекген тараған Құсайын Көкшағырдың бірін сақтап қалған еді. Ағы кетіп, қызылы бекіп, ел сәл тыншығандай дәуір басталған. Қайта кұрулар басталды. Патша бекіткен округтер тарап жатты. 1928 жылы Қарқаралы округінен Шет ауданы бөлініп шығып шаңырағын көтерді. Келер 1929 жылы ауданның құрылғанының бір жылдық мерекесі тойланды. Мерекелік шаралар Шетшоқы тауының терістік жақ баурайындағы, осы күні аудан қонған деп аталып жүрген кең жазықа өткізілді. Осының алдында ғана ірі байларды көмпескелеу жүргізіліп, сан мындаған мал құрып үлгерген еді. Дегенмен, той десе дембесі қозатын қазақ бұл жолы барын салды. Ат бәйгесіне көршілес Қарқаралы, Жаңарқа, Ақтоғай аудандарынан сәйгүліктер келген еді. Заман қиындап қалса да бәйгеге алпысқа жуық ат қатынасты. Мәре 40 (қырық) шақырым болып белгіленген. Құсайын осы жолы жабағысында қасқыр тартып кеткендіктен Тыртықдеп аталған көкшағырын салған еді. Әуелден оза шапқан Тыртық көк ұшқыр үйренбей жеке шыққан қаракшыдан жеке дара өткентін.

Отыз екінші жаппай қырылғанынан кейін (Шет ауданының 48311 қазағынан отыз үшінші жылы 5021 адам ғана қалған), отыз жетінші сұмдығынан соң Бөйге ұйымдасырмақ түгілі “байтал түгіл бас қайғы” болып кетті. 40-жылдардың соңындағы бірен-саран ұсақ бәйгеге Көкшағырлар қосылмады. Құсайын ақсақал “Көкшағырды ұстайды екен, ескілікті аңсайды екен” деген пәлдеден қашты.

Онан соң “Тың көтеру” деген тағы бір бәле шықты. Қазақ бәйге ұйымдасырмақ түгілі құмырсқадай қаптаған орыстың ортасығша, топан судың ортасындағы әр жерден қылтып көрінетін арал сияқты, өз жерінде қазақша ән салудан қалды. Халықтың еңсесі біржолата түсіп кетті. Бірақ...

Иә, бірақ жасы жетсе де Құсайын ақсақал Көкшағырдың бір ұрпағын ұстап отыр екен. Аты да көртайыңқырап қалыпты. Жетпісінші жылдардың соңы да таяп қалған. Көртайыңқыраған аттың сымбатына көз тоймады.

Жыланкөздің тұқымы ғой, қабағын түйе қарағанда болды. Ауыз омыртқа шығыңқы болғандықтан иегі көтеріліп, ұшқыр үйректей мойнын ілгері созғандай болып көрініп тұрды. Тандандық. Танданысымызды сезген Құсайын ақсақал

- Көрдің бе? Басын желге тосқандай ілгері ұмсынылып тұрғанын. Бітісі солай. Мұның өзі алдыңғы аяқтың қапысыз сілтелуіне ыңғайлы,- деп қалды.

Үңірсіген садағына жұдырық сиып кетердей екен. Мұның кең тынысты атқа тән екенін ептеп естіп те, көріп те жүрген шығармыз. Сауыры да кең екен. Ту жотасын сипап өткен едім, Күсекең

- Үш биігіне қара - деді. - Анау шоқтығы, онан басқа сауырынның екі жағында түйілген жұдырықтың ұшындай шығып тұрған екі сүйектің басын көрдің бе? Міне, бұл Көкшағырға тән.

Құйма тұяқ жануардың тұяғы қалың да екен. Іші киіккің тұяғындай қуыс. Қазтабан болса да ұзақ бәйгеде қызып кететінін де сан естігенбіз. Мынау қанша шапсаң шетілмейтін тұяқ қой. Кеудесі қырыннан қарағанда салыңқы көрінген, алдынан апайтөстігіне тағы көз жетті. Көкшағырдың арқасы қоянжондау, тіпті сәл бүкірлеу көрінді. Белі қысқалау сияқты.

Қысқа бел мал қатты шабыста алдыңғы аяғын тез шауып алады. Ал мынаның бүкістеу белі қызғанда жазыла түседі де, аяғына нұксан келтірмейді, - деп қалды мал иесі ақсақал. - Енді, мына артың аяқтың сіңіріне қараңдар.

Артқы аяқтың тілерсектен төмен қарай түскен сіңірдің

жуандығы екі еліге жуық. өз көзіңе өзін сенбегендейсің.
Тілерсек те ісіп кеткендей жұп-жуан.

- Серппе осы. Мынандай серппесі бар аттың аяғы талмайды, ат та шаршамайды. Тынысын да көріндер,- деген еді Құсайын ақсақал.

Көкшағырлардың бағын байлаған заман-ай, деп ішің өкседі. Сол бір жетпісінші жылдары малды асылдандырамыз деп совхоздың бар жылқысындағы бар қазанат айғырларды етке өткіздіртіп, жабыдан айғыр салғызған. Мен білетін жетім көкте сонда науқаншылықтың құрбаны болды. Сонан соң әлгі бір қан шелек прокуроры бас болып, май шелпек іздеген милициясы қостап, әумескер партком-рабочком дегендерді ертіп елдің қолындағы жылқысына қалмақтан жаман жаушы тиіп, талай көкшағырлар ізсіз құрыды. Бұл кезде қазақтан басқа әлемнің елі жүйріктерін бағттап, әлемнің аренасына шығарып жатқан. Мұны айтқан, мен қазақпын деген қазақ баласы “халық жауы” есебінде жүр. Неткен бейшара едік.???

Сонда да Көкшағырдың тұқымы құрыған жоқ еді. 1975 жылы Шалтастағы Мешіт деген жерде шопандар тойы өткен. Осы ауданның бар жүйрігінен басқд көрші ауылдардың үміт күткен сөйгіліктері де катынасты. Жұрттың аузында “Тай қасқа”. Тай қасқаның шабысын сан көргенбіз. Аяғының жерге тигеніне көз ілеспейтін, бейне бір ұшып келе жатқан құс сиякғы еді. Тай қасқа үш айналымда бар жүйріктің алдын бермеді. Кенет ортада келе жатқан көкала бесті ат суырыла шығып, бәйге аттарының бірінен соң бірін артқа тастап заулап берген.

- Мынау кімдікі ей? дескен таңданған жұрт.

- Қызылтудан. Серікбек қосып отыр. Айтулы көкшағыр тұқымы,- деді бір білгіш.

Осы сөз құлағына тиген Жұмаділ ақсақал, өңмендеп иірілген жұрттың алдына шығып, бас киімін жұлып алып, сілтеп бардауысымен

-Жарылғап! Жарылғап! -деп көне әруақты шақырған.

Өңмендеген Жұмаділді милиция өңменінен кейін итерді. Ақсақал да болар емес. Үмтыша берген Жұмкенді милиция өндірішегін ала итеріп еді, ақсақал буылығып барып

-...Әкеңнің,-деп қалды.

Енді милиция жағадан алып, сүйрелеген еді, Жұмекеннің киімінің әр жерінен ұстаған ел де жіберер емес. Милиция алқынды. Осыны күткендей қу тілді Тілеке:

- Әй, шырағым, бұл кісі сенің әкеңнің атын ұмытып қалып, (әкең” дейді деп істі жұмсартты. “Жарылғаптың”

кім екенін де білмейтін, мына сөздің мәнісінде түсінбеген милиция жігіт “к шорту” деп жөніне кеткен.

Көкала Тайқасқаның жанышан сырғып өте шықты. Қдлған екі айналымда бар аттың алдын бермеген Көкала шағыр бәйге алды. Әттең, бұтындағы безін құнанында күртқан екен. Өзінің де ғұмыры қысқа болды.

Сырғып сексенінші жылдар да жеткен. Көкшағырдан көз жазып қдлғандай едік. Егіншілікпен айналысқан совхоздарға жылқы ұстатпай жатқан. Қылқұйрықтың біреуіне ие Жұмажан қайда барса Қорқыттың көрі болғандай жағдайда жалғыз атын сақтау үшін бір совхоздан екіншісіне, бір бөлімшесінен басқасына ауысып күнкешкен. Сүркөжегі бәйгеге қоспақ түгілі жүргізе қорсезуге қорқады. Қорадан шығарып, байқаусызда егістік жаққа бет түзесе сұр көжекті атып гастайтыны сан ескертілген. Сөйтіп жүргенде аттың жасы он екі-он үшке келіп қалды. Сөйтіп жүргенде байқаусызда бір бөйгеге қосышып, жануар бар аттан жарты шақырым бұрын келді. Бұған көніккен иесі көрші ауданның тойына барып, тағы да жүлде алған. Қорадан шығармаса да аттың бабына енді кіріскен. Аяқ жетер жердегі ат бәйгесінің бөріне қатынасқан Сүркөжекті жүрт мойындаған. Облыс орталығы Жезқазғанда үлкен мереке болып, оған әр аудан дайындықпен жетуге тиісті. Ат бәйгесі де хабарланған. Бөйгенің атын естігісі келмейтін аудан басшылары, ат десе десе төбе шашы тік тұратын директор, зав. ферме дегендер “Сүркөжек” деп шуылдасып шыға келді. Сонан жасы жиырмаға келгенше облыста ат басын ешкімге бермей келген Сүркөжек 1989 жылы ақырғы рет бәйгеге қосылды. Әуелден кететін жануар бұл жолы алдына озбай он төртінші болып отырған. Үшінші айналымның соңында алдыңғы топқа қосылды. Төртінші айналымның соңында бар сөйгілктің алдына шығып, қарақшыдан заулатып өте шықты. Бесінші соңғы айналымның орта тұсына жақындағанда оқ бойы озықеді. Кенет шоқалақтап тұрды да қалды. Осы жолдардың авторы М.Мағауин, С.Жансүгіровтермен бірге машинамен іштей қоса жарысып көріп отырған еді. Ат үстіндегі баланың Сүркөжекті жөңсіз қысып, қамшы көтеріп қалғаны да назарға іліккен. Мұндайды күтпеген жануар аяғын шалыс басып, аяғын кесе шауып, шашасымен жер басып қалған екен. “Көрдінчерме” дегендей бізге жаутандай қдрай берді. Иә, бұл тұлпардың соңғы шабысы еді. Келер жылы басын музейге қойдырттым. (Сүркөжек туралы жеке өңімінің де барын ескерте кетейін. К.Ж)

Қазақтың қазанаты иесін қиындықта тастап кетпейтін

есті жылқы. Текебұрқылдың апталап соққан қалың боранында Әбдікүл Маясартегі бір қыстақтан үйіне жетуге асыға шыққан. Көз байланып барады. Әлгіндегі жаяу борасын аяқ астынан көтеріліп, айнала түк көрінбей ысқырып шыға келді. Ауыл осы бетте ау деп шоқытып шыға келсе, алдынан Тағылы тауының тағы бір жартасы жолын бөлеген. Әй, болмас деп астындағы осы ауылдағы жалғыз Көкшағыр атқа қамшы басып, екпіндей ұмтылған. Біраз шоқытқан ат бір кезде ысқына секірді. Алаңсыздау отырған Әбек аттан ұшып кетті. Атты секіруге мәжбүр еткен де қар басып қалған үлкен шұңқыр екен. Ат кетті. Шұңқырдың жиегіне зорға шығып отырған. Өлді деген осы екен деген ой келді. Не боранда үсиді, не топ қасқырға жем. Он бес-жиырма минуттай өткен. Қараңдап көрінген бір нәрсені көзі шалып, жүрегі тұрды. Қараңдаған әлгі неме өзін тұрткенде ғана атын танып, шылбырынан ұстаған. Адасқан Әбекенді де үйіне қайта алып келген сол Көкшағыры екен. Қазанаттың мұндай қасиеттері туралы ел арасындағы әңгіме аңызға ұласқандай жетерлік.

Қазанаттың XX ғасырда көрмеген қорлығы бар ма. Қазақты жер бетінен жоюдйойлаған жау өуелі қазанатын құртуға тырысты. Жаяу қалған қазақ енді қарсылық көрсете алмасын ойластырған. Малсыз-ассыз, өрі жаяу қазақ ауыл-ауылында, үйді-үйінде өлуге тиісті. Сол мақсат үшін бай-күлак деп айдап алғаннан қалған, кедей -кепшіктің қолындағы бірер мініс көлігін “маңқа” деген ауру шықты деген сылтаумен жаппай атып құртты.

Отыз екіде жаппай қырылдық. Бірақ та таза жойылып кетпей біразымыз тірі қалдық. Тірі қалған қазақтың қолында өрттен аман қалған жалғыз бұтадай бірен саран қазанаты, көкшағыры, кері, құласы қалды. Тірі қазақты мәңгүрттендіріп, есін тандырдық. Ол үшін “ақылды” қазақты таптық. Олар басқаға ескілікті көксетпейтін болды. Ендігі қазақ қазанаты Көкшағырын ұстаса да, оны ата бабаларындай сұрыптап жетілдіруді мүлдем ұмытты. Қазанаттың басынақара бұлтты біржолата орнатып қойғанеді.

Қырсыздық біржолата билеген еді. Соңғы көкшағыр айғырларды көз алдымызда жоя бастадық. Ақой (бұрынғы Просторный совхозы) ауылындағы Көкшағыр айғырды қайда келгеніне дейін іздетіп жүріп тауып едік. Осыдан тұқым алындар деп жалындық. Абай айтқан “керенау, кербез бір керім” әрине деп қостағаннан аспады. Бір еркек жабағысын қолға түсіріп, бір досыма сыйлағанмын. Бесті шыққанда жүрісіне қызыққан жылқышылар мертіктіріп өлтірді. Көп

кешікпей Ақойдың әкімі “ Көкшағырдың безін біреу сышып тастағанын” айта келген. Жәрместік деген осы да.

Ешкі өлместе екі көзі бірдей шағыр, төрт аяғы бірдей тайпалған соңғы Көкшағыр айғыр жүр. Құтқарсақ, өсірсек деп иесін көндіріп, малына мал қосатынымызды айтып, Балтабай әкім екеуміз әлек едік. Балтабай айғырды әкелуге екі мықты мен бозбаланы жіберіпті. Иесі байлап-ақ берген екен, былай шыға тұра ұмтылған. Айғырдан зәре қалмай үшеуі аттан түсе қашып, жаяулап жетіпті.

Соңғы Көкшағырдың иесі дүниеден өтіп кетті. Енді... Енді оның жылына жұмсалмасына кім кепіл?

Көкшағырлар ғасырлардың арғы жағынан кісінейді. Онымен бірге жеткен ата-баба үнін естір құлақ бар ма?



Аудан басшылары

АУДАН БАСШЫЛАРЫ

I-хатшылар

Төрағалар

- | | |
|----------------------------------|------------------------------|
| 1. Досмаков С. -1928-1929 | Қ. Жанқашев 1928-29 |
| 2. Нұрмағанбетов Ш. -1929-30 | Нұрша Бимағанбетов 1929- |
| 3. Байбоқышев М. -1931-32 | Байболатов |
| 4. Биекенов. II хатшы 1932 | |
| Сүлейменов. I хатшы 1932 | |
| 5. Сәлкенев. II хатшы 1932 | Тойбеков - Қарағанды-1931 |
| | Қуанышев -1932 |
| 6. Мұстафин М. -1933 | Әлімжанов /уақжігіті/ 1933 |
| 7. Есенжолов М.-1934 | Тайлаш Сүлейменов 1933-34 |
| 8. Тоқғаров. Ә. -1935-37 I-хатшы | Бекболатов Қ 1935-37 |
| 9. Дәлмағанбетов Т. II-хатшы | |
| 10. Хамитжанов С. -1938 | Теміров 1938-39 |
| 12. Жантасов Р. -1939-40 | |
| 13. Қоянбаев С. -1940-42 | Р. Жекеев 1940-42 |
| 14. Ержанов С. 1943-44 | Мұқажан Рахымбеков 1943-44 |
| 15. Алпысбаев Н. -1944-47 | Ағыбаев 1944-47 |
| 16. Дулатов Ш. 1947 - 49 | Асқаров Ж 1947-49 |
| 17. Елеусізов У. -1949-50 | Туғанбеков Ж 1949-50 |
| 18. Рамазанов М. 1952 | Бейсебаев /Шуаш болса керек/ |
| 19. Кенжебеков Қ 1953-54 | А.Тәлкенов 1952-53 |
| 20. Әспанов С 1955-57 | |
| 21. Төрегожин Т. 1957-58 | Ә.Күлмаханов 1953-58 |
| 22. Күлмаханов Ө. -1958-59 | Алшынбаев 1958-60 |
| 23. Имашев М. -1959-63 | Ахмедия Смағұлов 1961-62 |
| 24. Дүйсенбеков К. -1964-83 | |
| | Перерва, Крылов, |
| | Мажура, Кондраков |
| 25. Абақанов М. -1983-86 | Н.Суворов |
| 26. Медеубаев. 1986-91 | Костин, Корбан |
| 27. Медиев Қ. -1992-1997 | |
| 28. Сарханов К. -1997-2006 ж | |



Сырлы аспанның сырына қаныға білген ата-бабаң

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙ АМАЛДАРЫ

17-22 наурыз - Бес қонақ. Бес күн бұлың, кейде боран болады.

27-28 наурыз - Күс қанаты. Қалықтап қар жауады. Халықбұл ырымды “Қарды” басын қар алар, ханны” басын хан аларңдсседі. Осы қармен бірге жылжыл құсы ілесе келеді. Ксі жылдары жаңбырға да ұласады.

4-5 сәуір - От амалы. Қыстың бір күндік соңғы бораны. Мұнан кейін қыс малға отты біржолата береді.

18 19 сәуір - Қызыр иіміісы. Аспанда алғаш рет найзағай ойнап, жаңбыр жауады. /Кей жылдары бір күндік суық та түседі/. Отау-отау боп көкте жүзген жаздың бұлты шығады.

28- 29 сәуір - Бүршік жарған. Бір күндік суық. Тобылғы қараған бүршігін жарады.

9 мамыр — Қызыл жұмыртқа. Бір күндік салқын. Осы күні адал құстар қаз-үйрек жұмыртқасын жарып, қызыл-шақа балапанын шығарады.

17-24 мамыр - Күралай. Осы жаңбырмен қоса киік лағын өргізеді.

29- 31 мамыр - Үркердің батуы. Үркер шалшыққа батса, яши осы күндері жаңбыр болса, жаз жаңбырлы болады деген ырым бар. Осыдан бір аптадан кейін шілденің ыстығы басталады. Ол 40 күнге созылмақ.

15-17 сарыш - Үркердің толғағы. Арқаның табиғаты бұзылмай тұрғанда бұл шамада аптаға созылған жаңбыр болған. Шілденің аптабынан кейінгі осы жауынды халық асыға күткен.

14-15 тамыз - Таразыныңтууы. Халық арасында. Таразы туа “таң суыр” деген мәтел бар. Күз нышаны алғашқы суық білінеді. Бұлт қоюлана түседі.

21-22 қыркүйек - Сүмбіле жұлдызыныңтууы. Ел арасында “Сүмбүле туа су суыр” деген мәтел бар. Қабағын түйген күз жаңбырлатып өтеді.

4-5 қазан - Боқырау деп аталады. Алғашқы суық бой көрсетіп, бокқа қырау тұрады.

14-19 қызан - Ақыраптың алты күні деп аталады. Бұл күндері қазақ жұлдызшылары тезектің өте майда күлін сағат сайын ұшырып отырып, желдің бағытын, күшін, бұлттың жоғары-төмендігін, алғашқы ұшқын-қардың жобасын байқап, қыстың алты айындағы ауа райын болжаған.

18-19 қираиia - Қираиia қыздың қийтуы. Жаңбыр соңы көкғайғаққа ұласады.

4- 5 желтоқран /М. Әуезов аққан айы дейді/- Крірбастың қызылы. Алғашқы аяз. Кей жылдары аяз күрт көтеріліп, 30-35 жетеді.

17-22-ХІІ ай - Теке бүркіл. Арқаның атақғы бораны. Осы шамада аркар мен киік жұттғасады

1-2 қиңтар - Күн таласы. Күн бой көтереді дейді ел. Жапалақтап қар жауады /Кейде жаңбыр да сіркірейді/.

17-25 иңтар - Сары аяз. Қыс шілдесі деп те аталады. Аяздың шарықтау шегі.

3-5 Үт - Үркер ауған. Тас төбеге шарықтап шыққан үркер жұлдызы төбеден сәл батысқа қарай сырғиды. Осыдан кейін Арқада 30 асар аяз болмайды. Бұл күндер бірер күндік борасын жүріп өтеді.

5- 7 наурыз - Толқыма. Алғашқы жылымық, Үркер жамбасқд түсер.

17-19 наурыз - Май боран. Босаға жұлдызының тууына орай Босаға басы деп те аталады.

ҚАЗАҚТЫҢ ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙЫ

Қазақша календарымыздағы ай аттары күні бүгін сәл-пәл елінің тарихына көңіл бөлген азаматтар арасында пікір талас туғызып келеді. Әркім өзінше білгенін ортаға салғанның сөкегігі жоқ, айыптаудан аулақдыз.

1954 жылғы орысша-қазақша сөздікте профессор Н. Сауранбаев декабрді - ақпан, январьды - қаңтар депті. Міне бұл жұрт құлағына кіретін сөз.

Қдақ календарін зерттеушілер арасынан Н.А.Куфтин мен Шоқан Уалихановты ерекше атауға болады. Бұл мәселені Радлов та қарастырған. Міне бұл зерттеушілер тізбелерінде ай аттарының әр түрлілігі және айлардың ретті орналасуы әртүрлі екені көзге түседі. Куфтинде отамалы ай аты тіпті жоқал Шоқан ол айды мартқа такса, Радлов май айында әкелген. Зерттеушілердің бірінде ай атының болып, бірінде болмауының өзі біздің ұланғайыр даламызда халқымыздың ай аттарын әртүрлі атай бергендігін, күн райының амалына

қарай айлардың қосымша атауларының болғандығының дәлелі. Қазақ есептеушілері бұл аттардың бәрін де білген. Біздіңше отамалы айы Наурыздан кейінгі екінші ай. Ай атының өзі айтып тұрғандай, от яғни шығар көктің амалы. Тоңы жаңа жібіп жатқан далада көктің шыға қоюы да оңай іс емес, осы айдағы кәрасуыққа қысып, көктің қаулап кетуіне жібермей тұрады.

Сол сияқты қыркүйек айы да зерттеушілер еңбектерінде өртүрлі орын алып жүр. Қуфтин мен М.Искаков сентябрь айы десе, В. Радлов октябрь айына балайды. Бұл өзі қыркүйегі, яғни қырда /Арқа жерінде/ күйек алу, күйек байлау туралы болып отырған ұғым.

Балқаш көлінің оңтүстік жағындағы азғантай ғана жер болмаса Алтайдан Еділге дейін созылған ұлы даланың ауа райының құбылысы бірдей деуге болады. Қазақ айға ат таққанда көңілі келгенін қоя бермей ауа райының құбылысына, ерекшелігіне, тұрмыстық деңгейіне қарап атап, ретінде дұрыс қадағалаған. Соны біз бүлдіріп алып жүрмейік. Біз естіп, көңілге түйген ай аттары және олардың реті мынадай:

1. Наурыз - март-Жаңа жыл. Көне түркі аты ұмтылған. Мүмкін Шуак/Ұзынсары/болар.

2. Отамалы /апрель - /сәуір-көкті әлі суық жібермей тұрған шақ. Қарасуықтың кезі. Тырбиған көкке мал аузы жаңа іліге бастаған мезгіл. Қараөзек деп те атайды.

3. Кокск /май/- мамыр-Көкек шақырған, көк молайған түс. Мамыр деп те атаған. Жер бәйшешекке толып мамырлаған кез.

4. Шілде /июнь/- ыстық аса көтерілген уақыт. Үркер көрінбейді.

5. Сарша /июль/- маусым. Бұл айда жасыл желекті өңір құбақдн тарта бастайды. Саржағал белгі көрініс береді. Айдың соңғы шамаласында егін саржағал тартады.

6. Тамыз /август/- Далада жидек, тауда қарақат піскен, тамылжыған шақҚуырған ыстыққайтып, өте берген жазды көңіл де кимай, тыраулап қарқ айнала ұшқан тырналарға елегізі берген түс.

7. Қыркүйек /сентябрь/-Түн суии, яғни үркер көтеріле, Таразының таң сууы, түннің салқын тартуымен ұласып, арамза болмас үшін ел қошқарға 40 күн күйек байлаған.

8. Қазан /октябрь/- Қошқардың күйегі алынады, Көрікұртаң малды тауысып, қыстың қара қазанның қамын еске алған шақ. Кейде Бозқырау, боқырау деп те атайды. Алғашқы қырау.

9. Қараша /ноябрь/- Атының өзі айтып тұр. Жер әлі қараша,яғни тұна басқан аппақ қар жоқ. Бірақ биік шок талдың көлеңке түбінде ептеген қар болуы мүмкін. “Қарашадан қар қалса жұт болады” деген. “Қараша-қауыс, көрі құртаң тауыс” дейді.

Ол қысқа салар малынды ретте,қысқа шыдамасын сойып ал дегені. Бұл айды Жел тоқсан деп атайды. Себебі үш айдың басын шалған /тоқсан,тап тоқсан күн боламас да/күздіңжелді суықтарына байланысты.

10. Ақпан /декабрь/- Қарашаның қара жері көрінбейді. Әлемді аппақұлпа басқан. Төбе, таулар, ой-дала жұмыртқадай біркелкі. Қыстың қысқа күнің ел ат адымындай ғана деген. Ақпанды ат адымындай деген сөздің мәнісі осы.

11. Қаңтар - Қар әбден бекіген. Ұсақ мал қаңтарылып /өз бетімен жайыла алмай/ қолға қараған шақ. Жылқы да бір жеорге тебінге түскен. Қыстың қысқа күні қарға адым ұзаған шақ, яғни ақпандағы ат адымындай күнге қарға адымындай уақыт қосылады деген сөз.

12. Үт - басқаша аты сақталмаған. “Үт -малынды күт”, “үткелді-жұт келді” деседі. Мал ерекше күтімді керек етеді. Қар әбден қатқан. Мал ари бастаған. Оның үстіне Арқа жерінде тап осы айда /1953/ мұз қатады. Жұт жылдары ерекше қалың қар жауып,жер бетін екі-үш елі мұз басады. Жышқы тебіннен калып,жұт басталады. Үт-жұт дейтіні содан. Үт сөзінің түп мәнін осы күнгі көпшілік біле бермейді. Сондықтан біздің ай атауларын жасаушыларымыз жұртшылық сұрауынан қашып, көне сөз, көне ай атын еске алғысы келмейтін сияқты. Бұл айда терезеден түскен сәуле ерекше бір ақшыш реңге боялады да, сол сәуледе тап-таза үйдің өзіңге ұп-ұсақ зәредей тозаң жүреді. Міне осы көріністі қазақ үт деп атаған. Атауының өзі сүтке ұқсас соғағн үңілген бала қиялды да әрі қарай сүйрей жөнелетін көрініс.

Жазба календары болмаса да жыл он екі айды өзінше зерттеп, зердесіне түйген қазақ он екі ай ішіндегі әртүрлі амалдарды атадан балаға мирас кып үйретіп, сабақтай берген. Жыл басы Наурызды ел асыға күткен. Қиыншылығы көп қыстан мадды аман алып шығамын ба деп қардың тез кетерін не кетпесін білмеген.

Осы күнгі календерь бойынша 14 март күні қыс бойы аттылы кісіні көтеріп кететін қар бетінде жатқан құмалақ өз салмағымен батса, жаз тез шығады деген. “Қардың басын қар алар” деген қазақ. Бұл есебі 26-28 мартқа келген. Ол күндері жапалақтап қар жауып, іле еріп,не жаңбыр сіркіреген. Бұл қарды ел күс қанаты деп атаған. Наурызда / осы күнгіше 14 мартта/ жаз жұлдызы туған.

Отамалының ызғырық қара суығы өте жәйсіз. Осы айдың 4-5 шамасында күн кенет бұзылады. Кейде әжептәуір боран да болады. Сол себепті «Сөуір болмай-тәуір болмасң деген. Сөуірдің тууы 14 апрельге келеді. Алғаш рет күн күркіреді. Бөлек-бөлек жаз бұлты шығады. Онан соң бір-екі күнгі жылылық күн 17-19 апрель күндергі Қыдыр камшысы аталған жаңбырмен, не суықпен ауысады. Отамалының 25-27 күндері гобылғы жарғанның қара суығы өтеді. Тобылғы бүршіктейді.

Мамыр-көкек айның 8-9 шамасында күн сәл суытады. Мұны ел «Қызыл жұмыртқаң деп атаған. Бұл күнді адал күс жұмыртқасын жарып, балапан шығарған. Көкек айының 17-25 шамасында отетін Құралайды да ырым еткен. Құралайдың жаңбырлы болуы егін-шөптің молдығының көрініс деп те септеген.

Құралайдың жаңбырынан бір апта кейін Үркер жерге кіріп, 40 күн шілде басталады. Бұл Шілде айы.

Шілденің аптап ыстығынан кейін Сарша айының 15-17 шамасында туатын Үркер бір-екі күндік жүріп өткен жаңбырмен тынысты бір кеңітіп тастап отырған. Мұны ел “Үркер толғағы” деп атайды.

Қыркүйек айында Сүмбіленің суы жүрмек «Сүмбіленің суы жүріп не екенң деп сұраған қазақ Сүмбіле жаңбыры болып өткен жердің көдесінен түбі көк, малға от болады деп жылқыны қыста сол жерге тебіндеткен. Сол айдың 17-19 аралығында болатын салқын де есенікке, алынып отырған.

Сүмбіле туа су суыса, Таразы туып таң суыған. Қыркүйек айының 20-21 шамасында салқын да белгілі болған.

Қдзанның 3-5 шамасындағы суық бозқырау, не боқырау, не қыс амалы деп аталған. Бұл суыққа алғаш рет көкті үсік шалып, су бетіне мұз қаймақ тұрады. Осы айдың 20 не 25 шамасындағы қардың көрінуін Үшқын деп атаған.

Қыс ұзаққа созылатын жылдары қарашаның қары 4-5 інде түсіп жатып қалады. Осы айдың 17-19 шамасында қай жылы болмасын жылымық болып, кейде жаңбыр жауатынын есеншіелер күні бұрын ел құлағына салып отырған.

“Ақпан ақырып келеді” деңді ел. Осы айдың 5-7 шамасында аяз көтеріліп, 30 градусқа дейін жетеді. Мұны Арқа елі Қызыл, қырбас өлген Қызыл деп те атайды. Айдың 15-20 шамасында атақты Теке бұрқыш бораны соғып өтеді. Теке бұрқылдан соң айдан асаға созылған Сары аяз-Қыс шілдесі өтеді.

Қаңтар айының 3-5 шамасында кейде қатты аязды, не жапалақтап жауған қарлыңжұт жылдары жаңбырлы боп келеді. /Күн таласы/ 1978 жылы 2-3 январь күні қағғы жаңбыр

болды. Қыстың ең қиыны айы. “Күн көзі қыраулы, қыс күніне мәлім” деген қазақ. Осы айдың 29-30 шамасында Үркер тас төбеге шығады. Бұл сары аяздың бітуінің белгісі. Сол күндері күн де сәл жылып, белгі береді.

Үт айының 3-5 шамасында күн бұзылып, бұрқасын болады. Мұны ел “Үркердің ауысуы”-деп атаған. Бұл Саршадағы “Үркердің тууынан “ тура 6 айдан кейінгі құбылыс. Онан кейін аяз өрлей алмайды.

Біздің уақытымызда ұлы даланың табиғи тепе-теңдігі Аралдың тартылуына байланысты күрт өзгерді, жаз бойы бойына жылу жинап, қыс бойы соның шапағатын иен далаға беріп, аязын жұмсартқан Арал жоқ. Сол себепті кдзіргі аяздан март айында да 30 градус төмен болмай жүр. Үт айының 15-17 шамасында жылымық боп, кейде жаңбыр жауып кетеді. Осының ақыры 20-25 шамасында болып өтетін Бөрі сырғақ атты борасынға ұласады. Бұл Боранда ит-құс жұпталып, қаншығы жерік болады.

Наурыз айының 3-5 Үркер жамбасқа түсіп, шамасындағы жылымық бір-екі күндік қармен ауысып, мүйіз-кигіз болып тұрып, осы айдың орта тұсындағы борасынға ұласады. Жыл он екі ай дың амалдарын мал шаруашылығымен тұрмысымен байланыстырған ел келер күннің жауын-шашынын, бұрқасын боранын көңілге түйіл есептеп, жұлдызға қарап шамалап отырған.

“ҮТ” ПАРСЫНЫҢ ЕМЕС, КДЗАҚТЫҢ “ҮТІ”

Ұлтымыздың жанашыры “Ана тілі” газетінің осы жылғы 7 санында Қажығали Мұқанбетқалиұлының “Қателік кеш те болса түзетілуі тиіс” деген материалы жарияланған екен. Менің бұрнағы жылдары жарық көрген аспан әлемі, ай атаулары туралы мақаларыма не бір ғалым, не бір жазушының не оң, не теріс деп пікір айтпағанына қатты налушы едім. Қазақ елінің аспаны ең болмаса бір азаматқа керек болмағаны ма, әлде қазақы түсінікті “жерлеп болдық” па деген ой қатты мазалайтын.

Бар екен азамат. Бар екенсің, бауырым. Бар болғанына куанамын.

Аспан әлемі балалық шақтан қызықтыратын еді. Ал, мұнымен ерекше шұғылдануым 1962 жылы басталды. “ЕСЕП” партиясын құрды деген айыппен, сотталыш кете бердім. Саяси лагерде 33 жыл отырған Ақмолалық Құнанбай Бейсенұлымен

бірге болуға тағдыр жазды. Жасы жетпістен асқан сол ақсақал түнде тысқа шығуға қанша тиым салса да, кесілген ағаш арасынан жасырынып, талай түндерде аспан шырағының өзі білетінін көкейге құйып бақты. Елге келген соң мұндағы ақсақалдардан да мүмкіндігінше жинастырдым.

Қазақ-жады мықты халық. Кешегі өткен ақсақалдардың аңыз-жырларды, мың жылдықтарихты магнитофонға жазып алғандай жатқа айтатынының куәсіміз. Ұлтымыздың ғарыш іуралы түсінігі де тап осындай жүйемен ауыздан ауызға беріліп келген. Ал, жұлдызшы атаулының күні не болғанына 30 жылдар куә.

Қдақтың ай атаулары туралы, ондағы қателіктер жөнінде сонау НО жылдары жазғанымда “Қазақөдебиеті” газеті, “ойбай ғылым академиясыңағылар пөле қылады” деп баспай қойды /Дидахмет Әшімханұлы куә/

Ай атауларымызда қдтелік жетерлік. Менің “мемтеркомда” шаруам жоқ. Қателікті елді білмейтіндер, қазақ ұғымын кітаптан ғана іздейтіндер жасайды, Өйткені олар ұлттан алыс. Қажығали сөуірді көкек дегеніміз дұрыс шығар деген пікір айтқди екен. Кокекдеген атауды мен де білдім. Бірақ... Бірақ Алтайдан Еділге дейін созылып жатқан ұлы даланың оңтүстік оңірінен басқа жерде бұл айда көкек шақырмайды. Жоқ кокекке айдың атын бергеніміз жөн бола қояр ма екен. Бұл айды қыр қазағы “Отамалы” деп те атайды. Сәуірдің 5-6 күндері қыс қайырмасы-бұрқасын, суықөтеді. Осы амалды халық отамалы, яғни оттың /шығатын көктің/амалы деп атаған.

Екінші бір дау туғызып жүрген ай атауы европаша июнь айы. Мұны “мемтерком” маусым деп бекітіпті. Дұрысы шілде. Қазаққа “40 күн шілде” деген ұғым бар, яғни 40 күн ыстық аптап Шілде үркердің жерге түсуімен тікелей байланысты, Үркер Құралайдың салқыны өтсімен мамыр айының 29-30 күндері жерге түсіп, бір жарым ай бойы аспан өлемінде көрінбей кетеді, Мұны білмей Шілдені онан әрі откізіп жіберіп, келесі айға таға салу ұлттық ұғымымызға жат болдырған аттың ертоқымын жаурыннан сауырына сырғытып ерттеген тәрізді көрініс.

Шілде айының соңында /июннің/ Ұлы даланың көк майса көрініс рені де өзгере бастайды. Шөп сарғыш тартқан көрініс берді, сол себептен европаның ұғымындағы июль біздіңше халық арасында Сарша атанады.

“Мемтеркомның” да, газеттердің де тісі батпай жүрген ай атауы “Үт”. Парсы не дейді, онда жұмысымыз жоқ. Тіптен парсы осы атауды түркі жұртынан алды-ау деген ой келеді.н

Үт кірді-құт кірдің дейді қазақ. Сондағы үті не? Осы айда жабыққан, түндіктен, терезеден түсетін күн сәулесінде аппақ тозаң тәрізді ұшқын жүреді. Сол сәуледегі ұшқынды халық үт дейді. Бұл тек осы айда ғана болатын құбылыс. Осы айда аспан әлемінде көрініс беретін Балықтар атты шоқ жұлдыз да тап осындай тізбек, ендеше біз айтып отырған “Үт” жат жұрттық емес, тап қазақтың Үті. /Ақгы-сүт десе, ақ тозаңы-“Үт” деген/.

Қазан айын ел Ақыраб деп те атайды. Ақыраб атауының араб-парсыдан келгені де белгілі. Бүкіл шығыс еліне игі әсер еткен мұсылман мәдениеті өмір сүру тәсілі жуықтас қазақ елінің әдет-ғұрып, дүние танымымен араласып, сіңісіп кеткен. Міне, содан да болар, кешегі үлкендер Ақыраб атауынан қашпаған, тіпті Қазан айын осылай атап та келген. Осы айға байланысты қыстың алты айындағы ауа райының қандай боларын болжаған. “Ақыраптың алты күні” деген де бар. Бұл болжамның қалай жасалатыны туралы кезінде жазғанмын.

“Ана тілінің” бетінде жарық көрген “Жыл он екі айдың қауышуы” атты материал да біраз қысқартышышты. Сол себепті ойдың толық көрініс таппауы мүмкін. Қажығалидың мұны да ескергені жөн болар еді.

Қажығали “Қателік кеш те болса түзетілуі тиіс” деген екен. Ұрпағымыз қазақ болсын десек бізде онан басқа амал жоқ. Қазақы ұғымнан айырды, айырылып қалуға тырысқан тағы өзіміз, Енді мұны түзер де “Ана тілі” болса деген едік. Сын болған екен енді оны түзетін жұлдыз ретін беріп отырса дұрыс болар еді.

ҚАЗАҚТЫҢ ТОҒЫС АЙЫ

Көне заман жұлдызшы-есепшілерінен бүгінгі бізге там-тұмдап зорға жеткен есебінің бір түрі тоғыс айлары. Бұрынғы өткен жұлдызшылар өз білгенін хатқа түсірмеді деуге хақымыз жоқ, XX ғасырдағы ел шұбырған аумалы-төкпелі заманда сан қазынаның түбірімен құрып кеткені анық Аштыққан тірі қалып, сан белсендінің қитұрқысынан шошынған халық білгенін ұмытып қалған. Бір тайпа елдің бүгінгі тірі ақсақалдарынан тоғыс айлары туралы сұрағанымызда көбі естімеген, не “қарағым, естенге қалды дейсің” боп, мардымды ештеңе ести алмадық.

Өкіне отырып, халықтың өзі білген, өзі шығарған бұл жүйесін өзіне ұсынуды жөн көрдік. Өмір сүруінің негізгі тәсілі мал бағуға болған көшпелі ел ауа райын күні бұрын болжауды жақсы білген. Осы тұста айдың тууы, оның аспан

жөніндегі орыны, шок жұлдыздармен қиылыса өтуі қатты бақылауда болған.Осыдан кеяім ай тоғысуы туралы жүйе қалыптасқан. Ай жылдың өр мезгілінде үркер шокжұлдызымен қиылысып өтеді. Аспан әлемінде қозғалған жаңа айдың күн сайын біртіндеп үркерге қарай жылжып, ақыры “түйісіп” өтетіндей шағын тоғысу деп атаған.

Ал, Үркердің де жұлдызшылардың есебінде олар ролі өте зор болған. Мысалы жазда өтетін 40 күн шілде Үркердің Құралай /мамырдың 17-24 арасы/өткеннен кейін жерге кіруінен 10 күннен кейін басталған. Бұл 40 күнде Үркер аспан өлемінде көрінбейді.Шілде-Сарша /июль/ айының ортасында Үркердің тууымен бітеді.

Сол сияқты қ.т.с шілдесі-Сары аяз. Текебұрқыш өткен соң басталып, Үркердің қаңтар айында /27-29 шамасы/төбеден ауған шағымен бітеді. Айдың 5 тоғысуы Наурыз күніне дәл келетіні де тегіннен болмаса керек. Бұл қазақтың көне жұлдызшышарының космостық түсінігінің аса білгірлігін дәлелдей түсетін жағдай

Ай аттары	Ай туатың күп	Айдың Үркермен тоғысу күні
1. Қаңтар	20.1	9 тоғыс
2. Үт	19.11.	7 тоғыс
3. Наурыз	19.ІІІ.	5 тоғыс
4. Сәуір	18.ІҮ	3 тоғыс
5. Мамыр	17.Ү	1 тоғыс/айдың бір жаңасы/
6. Шілде /июнь/	16.ҮТ.	23 тоғыс
7. Сарша /июль/	15.ҮІІ.	21 тоғыс
8. Тамыз	14.ҮІІІ	19 тоғыс
9. Қыркүйек	13.ІХ.	17 тоғыс
10. Қдзан	12.Х.	15 тоғыс
11. Қараша	11.ХІ.	13 тоғыс
12. Декабрь/ақпан, желтоқсан/	Ю.ХІІ.	11 тоғыс

Кестеде көрсетілгеніндей,ай тууы біртіндеп ілгері қарай жылжып отырса, ай мен үркердің тоғысуықкерісінше, сағат тілінің бағытымен жүреді. Ертедегі жұлдызшы-есепшілер ауа райын болжағанда тоғыс есебін басшышыққа алып, І-тоғыс мамыр /май/ айын бірінші қойған.Әрі қарай жалғаса береді.

мамыр
сәуір

қараша
казан

наурыз	қыркүйек
Үт	тамыз
қаңтар	Сарша /июль/
декабрь	шілде/ июнь/

айларымен кзбысып, әр айда өтетін күн амалдары жуықгасады. Жыл онекі айда кездесетін амалдар туралы бұрын да жазған едік. Оны бұл жерде қайталаудың қажеті болмас. Сөз реті келгенце айта кететін бір жағдай, кей оқытушыларымыздың тым европашыл болғысы келіп, кддым заманнан бері аталып келе жатқан жұлдыздардың қазақша атауын шет тілден сөз бе сөз аударып, өдебиетке кірітіріп жіберді, Соның бірі Үркер шоқжұдцызы Бикеш боп шыға келген.Орысша “Дева” болған соң “Үркер” аузына түспегеннің /не оның білгісі келмеген/ қазақшасы солай болыпты.

Енді бір шоқжұлдыз Егіздер атына ие бопты.Орысшасы “Близнецы” ғой. Мал баққан қазақбұл жұлдызды “Қосақ” /кәдімгі сауатын қойды қосақғайтын “қосақ” жұлдыздардың айқасуы соны көрсетіп тұр/дейтін де, жанында ромбы тәрізді жұлдыз тобын “Шетен” атаған.Жұлдызды әлемге сүйсіне білген көшпелі мал баққан қазақжұлдыз әлемін өз тіршілік ыңғайына қарай атаған.

Ең бір қызығы кей әдебиетге осы «Близнецын жұлдызын “Босаға” деп атап жүр.Бұл қазақта әйтеуір бір жұлдыздың аты “босаға” еді дегеннен шыққан сөз. Иә, “Босаға” жұлдызы бар.Ол жаз жұлдызы шыға,яғни жаз шыға туып қара күздің соңын ала батып,қыс бойы көрінбейтін,шын мәнінде босаға тәрізді сегіз жұлдыз. Ол ең биік көтерілген шағы жаз ортасында оңгүсгік көк жиектен мандайға /зодиак/ жетпей,нық түсында тұрады. Сонымен “Босаға” жұлдызы жаздың кірер босағасы, жазбен келіп, жазбен кететін шоқжұлдыз.

Қазақта бөлек туып, бірге батқан үш жұлдыз деген сөз бар.Бұл зодиактан орын алған Үркер, Таразы, Үш Аркар шоқ жұдцыздары.Үркер Саршада /июльде/ Таразы-тамызда, Үш Аркар - Қыркүйекте туады да күз,онан қыс бойы аспан әлемінде бірінен соң бірі тізбектеле ауады.Бұл жұлдыздар майдың алғашқы он күндігінде күн батыс көкжиекте бір қатарға тізіле бастайды. Мұны жұлдыз тоғысуы деп те атайды.Сол шамада / мамырдың 8-10/ арасы күн бұзылады. Қыс бойы бірінен соң бірі тізбектелген шоқжұлдыздар енді қатер тізіліп, Құралай өткен соң біржола бірге батады.

Зодиактың сол үш жұлдызының біреуінің орысша атауы “Скорпион”. Оны біздің білгіштер “Бүйі” деп атай салыпты. Орыстан бұрын да бұл қазақ сол жұлдызды “Үш Аркар” деп

тамаша атау тапқан екен. Сонда бұл тілімізді шұбарлаған, өзіміздің әсем танымымызға бүйдей тиген қай «Бүйін. “Кдрақұртты” іздесе, оны өдебиетте Вега деп атайды. Ат, Лира шоқжұлдызын “Сұлу Жәннат” өрмекші дейтінін осы күнгінің қайсысы білетініне күмөнім бар.

Атауы қазақ таным-нанымына үйлеспей жүрген жұлдыз “Ешкі мүйіз” /козерог/. Ешкіні “кебенек” деп сілейтіп қазақ сиқырлы да сұлу аспан әлеміне ешкінің мүйізін шығара қойды ма екен. Сұлуға сөнді ат таға білген көшпенді “Лақ сүмбіле” деп бір жұлдызға әсем атау бере білген. “Ешкімүйізде” біздің шалағай оқымыстының шығарып жүргені де.

3.

Аспан әлемінің сан жұлдызының қазаққа атауы болған. Оны сол қылпына келтіру қажет. Қазақтың ақтандақ боп қалған тарихының, әдебиетінің, таным-нанымының беттеріне өз бетінше зерттеу жүргізіп, үлес қосқан азаматтарға бүгінде ғылыми атақ беруді мықтап қолға алу керек. Онсыз зерттеу, тану, білу ілгері баспайды. Архивтік қорларды ғана ақтарып, бір қағаздан екіншіге көшіріп, кандидат не доктор болу енді жеткіліксіз. Уақыт зерттеуді күттірмейді. Ол үшін бүгінгі таңда қанша қиын болса да бірен-саран жөн білетін қариялар таусылмай тұрғанда ел арасына шығу ғалымдардың парызы, “Айналайын” дегенді “кругом обхожу” деп жүре бергеніміз ендігі көшімізге лайықсыз екенін білсек керек.

ЖҰЛДЫЗДЫ ӘЛЕМНІҢ ҚАЗАҚЫ ҰҒЫМЫ

Қазақ баспасөздеріндегі жұлдызды әлем атауларының ғасырлар бойғы қалыптасқан қазақы ұғымнан аулақ жатқандығын айтпасақ лаж жоқ. Мәселе біреуді қаралауда емес, алған тәрбиеміздің, көзі ашқаннан бері санамызға сіңірілген ұғымның, Батыстың алдында орынсыз бас шұлғуымыздың әсерінен туған жағдайдың салдарында болып отыр. Бүгінде біз “лэббэйлап” әр сөзін қағып отырған батыс жұртының ғарыш туралы түсінігі Шығыс ілімінің арқасында туындағанын білсек те білмегендейміз.

Көшпелі жұрттың ғарыш туралы ілімге қосқан үлесі де ерекше, Көшпелі мал баққан тұрмыс әр айдың ерекшелігіне, онда туатын жұлдызға байланысты ауа райының кұбылуына айрықша мән беріп, аспан шырақтарына көшпелі ел өміріне байланысты ат таққан. Міне, осыны ескерместен орысша

календардан жұлдыз атауларын қазақша шала-пұла аударып салып, жосылтып жатқанымызға “жөн екен” деп айта алмай отырмыз. Мәселе, ұлттық өнегемізді, өзіндік дүниесі танымымызды қалпына келтіріп, қазақ деген халықты өзіндік асқақ түсінігімен ХХІ ғасыр табалдырығынан өрі өткізіп, өрі құбылысқа, затқа деген өз ұғымымызды ұрпаққа сіңіруде болып отыр.

Күн жолындағы он екі шоқжұлдызға да қазақ өз ұғымына тән, көшпелі шаруашылыққа байланыстыра ат таққан екен. Қазақша газеттер наурызда туатын жұлдызды “тоқты” деп жүрсе, Ж. Баласағұни өз кітабында оны қазақұғымына тән ерекше сүйкімділікпен қозы деп тапты. /Қазақ тоқтым-ай демейді, қозым-ай дейді/. Осы айда қазақтың назарына айрықша түскен жұлдыз Босаға. Бұл жұлдыз шоғының осылай аталуы маңдайына жалғыз, қос босағада да екі-екіден тұрған бұл шоқ жұлдыздың кигізүй босағасын еске түсіруінде емес, оның туу бату шағының жыл маусымына дәл келуінде. Босаға жұлдызы жаз шыға «жаз кірді» деп туады дап, қарашада “жаз кетті” деп батыс көкжиекке барып келер жазға дейін көрінбей кетеді. Төрт түлік малды қастерлеген көшпелі ел зеңгі бабаны да ұмытпай сәуір айындағы жұлдыз шоғын торпақдеп атапты.

Орыс календары келесі бір шоқжұлдызды “Близнецы” дейді. Оны біз тікелей аударып “Егіздер” деп жүрміз. Кейде мұны “Босаға” деп шатастыру да кездесіп қалады. Қосақтап қой сауған қазақ бұл жұлдыз шоғын “Қосақ” деп атаған. Шынында да екі қатар айкаса орналасқан бұл жұлдыздар қой қосағын еске түсіреді. Соның жанындағы ромбының еске түсіретін шоқжұлдызды қойлы еддің «қотанң, ншетенң дегенін біз бүгін біле қояр ма екенбіз.

Қазақ ұғымынан алыс қалған бейшаралығымыздың бір көрінісі “үркердің” атауы. Орыс оны “Дева” десе, біз “Бикеш” деп аударып жүрміз. Әйтеуір “Көрікыз” дегенімізге тәуба. Кезінде Ж. Баласағұни “Бұғдайбашы” атаған жұлдыз шоғына көшпелі ел “үркер” деп әдемі ат таға білген.

Табиғат құбылысында үркердің орыны ерекше екенін халық жақсы пайымдаған. Құралайдың салқыны біткен соң бір жетіден кейін Үркер жерге кіреді де 40 күн көрінбей тұрады. Бұл шамамен 29-30 мамыр кезінде дәл тұс. Үркер жерге кіре 40 күн шілде басталады. Шілде айы осы. Біз бұл айға маусым деп өтірік ат тағып жүрміз. Халық арасында “Үркер түсе жер қызады”, “Үркер туа сорпа ас болады”, “Үркер көтеріле шөп көтеріледі, бидай бас тартады” деген ұғым бар. Шілденің ыстығы жазда Үркердің жерге түсуімен басталса, қыс шілдесі сары аяздың бітуі Үркердің төбеден аууына дәл

келеді. Үркердің табиғаттағы орынын анықтау ерекше зерттеуді қажет етеді. Тіпті Американың көне халқы Ацтектердің жыл басын Үркер тууынан бастауы тегін емес. Үркердің тууына байланысты “Лақ сүмбіле туды, лақ пісті” деген ұғым бар. Лақ сүмбілені кіші сүмбіле деп те атайды, Ол Үркер мен таразының арасындағы кішірек бір жұлдыз.

Аты адасып жүрген бір жұлдыз шоғы “үш арқар”. Оны қазақ тілді бар газетіміз “Сары шаян” деп бұрмалап жүр. “Қосак” пен “Үркердің” арасында бір “шаян” бар еді. Қазақ бір әлемге екі атау бермеген халық. Араб “Ақраб” деп, орыс “Скорпион” дегені үшін қазақтың “Үш арқар” атауын бұра салғанымыз ұлттық намысқа тимей ме. Ал сол “Үш арқардың” қызысының соңына түскен бір жарықжұлдызды ел “мергеннің шақпағы” дейтінін білсек болар еді.

Қазақ ұғымыныңшағы қазан айындағы негізгі жұлдыз сүмбіле. “Сүмбіле туа су суыр” дейді ел. “Сүмбіленің суы жүрді мек екен” деп сұрайды мал баққан қазақ. Сүмбіленің суы жүрген жер қыста жышқы малын тебінге салуға қолайлы деп есептелген.

Кдрашада туған жұлдыз шоғын орыс “Стрелец” десе, Петр первыйдың стрелеці есімізден қалмайтынын біз бейбақ “Мерген” деп жармасып жүрміз. Бұл жұлдыз шоғын Әл-Фараби бабамыз “Қауыс /Садақ/” деп ашық көрсеткен. Жұлдыз шоғы садақша иіліп, жебесін тартып-ақ тұр. Ал, біз болсақжата қалып аспаннан мылтығын көздеген “стерелеңгі” іздеп өүреміз.

Желтоқсанға түн жарымда шығыс тұстан көрінетін жұлдыз шоғының да атауы мал баққан елге жат. Оны бар газетіміз орысша “Козерогтан” қазақшалап “Ешкімүйіз”, “Тауешкі” деп ақ жатыр, Ешкіні “кебенек” деп қарғайтын қазақ кебенегіне шоқ жұлдызды қоя қойды ма екен. Әрі соның сол атауы мал баққан қазақтың тұрмыс-тіршілігіне, ауа райына дұрыс келді ме екен деген ойдың ешкімнің санасына кірмегеніне қыжыласың.

Қазақ бұл жұлдыз шоғын “Қамбарң” деп атаған. Бұлай атау қазақ малының қасиеттісі жышқыға, оның пірі Қамбар атаға негізделген. Осы айда ұлы далада жылқы тебінге түседі. Осының алдында болатын мұздаққан бұрын жылқы малының ішіндегі төл көдценен түсуге тиіс. Боламас алғашқы мұздақғы жүтқан мал іш тастайды деп түйіндейді табиғат пен мал сырын көкірегіне түйген үлкендер.

Қаңтар жұлдызын “Су құюшы”, “Су құйғын” /орысшасы Водолейң дегеніміз де қазақ ұғымына қонымсыз. Білмеген жұрт қара көктен су құюшы кісіні, не қол жуғышты іздегендей жағдай. Ж. Баласағұни өз кітабында бұл шоқ жұлдызды

“Көнек” деп дала тұрмысына дәл атаған екен. Аттың тағасындай киілген шоқжұлдыз көн шелекгің “көнектін” аузын еске түсіріп-ақ тұрған жоқ па. Даланың иісі аңқыған осы атау бізге неге жат болған. Қатемізді неге түземеске деген ой келеді.

Келесі айда Үт жұлдызы туады екен. Европа оны “Балықтар” деседі. Біздің кей білгіштер Үт парсының “хұды” деседі. Дей берсін. Ол қазақтық ақ “үті”. Осы айда жабыққан, түндіктен, терезеден түсетін сәуледе бозамық ұшқын ұшып жүреді. Ақғы “сұт” дейтін біздің халық сәуледегі ақ ұшқынды “үт” дейді. “Балықтар” деп атап жүрген жұлдыз тізбегі де осы « үттің еске түсіргендей.

Қдсиетгі халқымыздың рухы биік ата бабаларының әруағы үшін көңілді мазалаған ойды қағазға түсірдік. Солар қалыптастырған ұғымды ұрпақ санасында сіңіре алсақ бізде арман жоқ. Жұлдызды әлемге көп қараймын. Сырлы әлемнің сан түрлі атаулары мен құпиясынан қапылыста айырылып қалғанымызға өкінемін.

АЛТЫ АЙДЫ БОЛЖАҒАН АЛТЫ КҮН

Бүкіл өмірі табиғат аясында өтетін, табиғаттың төл баласындай көшпенді ел көк аспанның жымындаған сансыз жұлдызына ат қоя білсе, сол тұңғыз көккті қай күні бұл торларын, не қар борап, не жаңбыр сіркіреріен дәл айта білген. Ауа райын болжар көріпкелдерге қарсы емеспін, оларда да бір иелік күш бар, дегенмен табиғаттың өз ықпалындағы кей күндер елге ертеден белгілі болған.

Қазақжұлдызшы-есешиілері әсіресе қысыштаяңы көп қыс айын болжауға аса күш салған екен. Сол алты ай қыстың қдхарлы бораны мен кэтгы аязыш Ақдірап айының алты күніне болжаған. Бұл жөнінде кезінде біраз ой қосқан Зекен Бәкірұлын, Төкеннің Жұмабайы, Балқаш ақсақалдардың есімін атап өткен жөн шығар. Туа білген ешкім жоқ, тек осылай зерделі жандардың сөзіне зерде салу бар.

Сонымен Ақырап айын есепшілер болжам үшін қатты ұстанған. Ақырап айының тууы қазіргіше Қазан-Октябрь айының 14 жұлдызы. Міне, бұл күн Ақыраптың бірінші күні. Сол күні таңсәріден бастап жүдцызшы-есепшілер әр сағатты қатты бақылауға алған. Сағат сайын күні бұрын дайындалған күлді ұшырып көріп, желдің бағытын, жылдамдығын есепке алған. Сол сияқты сол тәуліктің қай сағатында күннің ерекше құбылысы, суытуы, не жылынуы, не жауын-шашын болуы қатты ескерілген екен.

Бұл болжам алты күн бойы кезек-кезек күн-түнді күзеткен есепшілерімен жүргізілген. Сол алты күнде алты айлық қыраулы қыстың қас-қабағына анықтаған. Үлкендерден бізге жеткен Ақыраптың алты күні осы екен. Атақты Түлкен Сарының боран соғып тұрғанда ертең түстен кейін қар кетеді дегені, есімі бізге жетпей Есейдің есепшісі атанған кісінің Қарқдралыға мал айдап бармақболғандарға ақпанның /бұрын декабрь осьшай атаған К.Ж./ пәлені күні ат құлағы көрінбес боран болады деуі, соған карамай жолға шыққандардың бар малының қырылып қалуы осындай есепке негізделсе керек.

Мал баққан қазақ ақсақалдарына белгілі күндердің бірі-Қызыл жұмыртқа. Бала кезімізде үлкендер аузынан естіп қалатын осы бір атау елуінші жылдардың аяғында сирексіп, кейінгі жетпісінші, ссксенінші жылдарда ел есінен мүлде шығып кеткен еді. Елдің үлкен ақсақалы Тұңғышбек Долмағанбетұлының “орыста бар Қызылжұмыртқа күні қазақта жоқ деп пе едің “ дегенін естіген еді. Сол күнді нақтылап берген Қайрақты кенішінде тұратын Жаманқұл ақсақал болды.

Мамыр айының 8-не 9 күні суық болатыны белгілі. Осының қазақша атауы бар ма екен деп бүгінде таусылуға айналған ақсақалдардан сұрау салып жүргендей едік. Бұл күннің “Қызыл жұмыртқа” деп аталатынын Жөмекең ұмытылмастай есте қалдырды.

Сәуірдің 18-19 күндері Қыдыр қамшысы деп аталады. Сол күні адал құстар ұя басады екен. Құстардың балапан шығаруы мамырдың сегізі мен тоғызы күндеріне дәл келеді. Міне осы күнді қазақ Қызыл жұмыртқа деп атапты.

Қип етсе өулиесініп құдайдың күндерінің талайына орыс көршілеріміз қаптап жатқан, өздері де жаңылып қалатын святойлардың атын тағып келсе, табиғатпен біте қайнасып өсішөмір сүрген дала перзенті. Қазақ белгіші күндердің бәріне табиғаттың өзінен туындайтын атаулар берген. Мұның өзі қазақ халқының дүние танымының “біз кереметпіз” деп деп жүрген талай елден көш ілгері екенінің белгісі емес пе.

Қазақ жұлдызшылары айдың тууын, оның аспан әлеміндегі орынын үнемі бақылап, айдың тоғысуы туралы жүйені қалыптастырған. Ай жылдың өр мезгілінде әр түрлі күнде үркермен қиышысып, жанасып өткендей болады. Мұны қазақ “тоғысу” деп атаған.

Үркер есепшілердің болжауында ерекше орында Оның жерге кіруімен 40 күндік шілде басталып, қайта көтерілуімен шілде аяқталып отырған. Бұл күндер ұыс шілдесі-Сары аязға да дөп келеді. Қаңтардың аяғында Үркердің тас төбеден аууымен бітеді.

Бір ерекшелігі ай тууы біртіндеп ілгері қарай жылжып отырса, ай мен үркердің тууы керісінше, сағат тілінің бағытымен жүреді. Ертедегі жұлдызшылар ауа райын болжауда тоғыстың да сәйкес келуін қатты басшылыққа алып отырған.

Сонымен тоғыс кестесі мынадай:

Рет саны	Ай аттары	Ай туар күн	Айдың Үркермен тоғысу күні
1.	Қаңтар	20. I.	9 тоғыс
2.	Үт /февраль/	19.11.	7 тоғыс
4.	Сәуір	18. IV	3 тоғыс
5.	Мамыр	17. V	1 тоғыс/айдың бір жаңасы/
6.	Шілде/июнь/	16. VI	23 тоғыс
7.	Сарша/июль/	15. VII.	21 тоғыс
8.	Тамыз	4. VIII	19 тоғыс
9.	Қыркүйек	13. IX	17 тоғыс
10.	Қазан	12. X	15 тоғыс
11.	Қаратиа	11. XI	13 тоғыс
12.	Ақпан /декабрь/	Ю. XII	11 тоғыс

Орыс жұртының бірін Иван Кунале, бірін Ильин деп табиғаттың талай күніне айдар тақднынатамсана кдрап, шіркін бізде күн атаулары неге жоқ дегендердің сөзі жыш он екі айда өтетін амалдарды біраз зерттеп жазыш, зердесіне жеткізуге себепші болғандай еді.

Кдзакы жыш санауда жыл басы - наурыз. Қыстан қысыла шыққан ел қардың жуықта кетер-кетпесін наурыздың бірі күні /қазіргіше 14 март/ қар үстінде жатқан қойдың құмалағының қарға батары не батпасына да қарап болжаған. “Қардың басын қар алады” деген ел “Құс қанаты” атты жапа-лақтап жауар қарды асыға күткен. Бұл наурыздың 26-28 жұлдызына дәл келеді.

Келесі ай отамалы-Сәуір деп та аталады. Айдың басы осы күнгі 14 апрельге келеді. Бөлек-бөлек жаз бұлты шығады. Осы айдың 17-19 шамасында күн суытып, жаңбырлатып өтеді. Ел ертеден бұл күнді Қыдыр қамшысы деп атаған екен. Осы айдың 25-27 шамасында тобылғы бүршіктенер Тобылғы жарған атты суық өтеді.

Көкек айының 8-9 күндері Қызыл жұмыртқа салқыны, 17-25 арасында атакы Құралай өтеді.

Шілде Үркердің жерге кіруімен басталып, қырық күннене

соң Үркер қайта көтеріліп, Сарша айында Үркердің толғағы атты жаңбырлы күн туады.

Қыркүйек айында Сүмбіленің суы жүрмек. Сүмбіле жаңбырлы өткен жердің көдесінің түбі көк, малға қыстай жақсы от болады. Жылқыны сондай жерге салатынын саяси лагерде 33 жыл отырған Құнанбай Бейсенұлы ертеректе ұғындырған еді. Ол кісінің өзін екі жарым мың жылқы болғанын кезінде жазған едім.

Сүмбіле туа су суыса, келесі айда Таразы туып, таң суыған Қыркүйек айының 20-21 шамасындағы салқын да белгілі болған.

ЖҮЛДЫЗДАР ҚДЗАҚЫ ТАНЫМНАН НЕГЕ АЛЫС ЖАТЫР?

Құпия сырға толы аспан тұңғиығына үмітпен де, қауіппен де қарамаған адам болмаған шығар. Сол аспан әлеміне ерекше үңіле білген, тіршілігін сонымен байланыстырған халық-мыңғыраған мал өсірген көшпелі ел. Қыстаудағы қойдың күзеті,- ит-күстан амандау үшін түні бойы жылқы баққан азамат ғасырлар бойы өзінің аспан өлемі туралы танымын жырдай қылып келесі буынға жеткізіп отырған. Бір ғана Жеті қарақшы туралы аңыз, олардың Үркердің қызын ұрлап алып, енді Темірқазыққа арқандалған ақ боз ат пен көк боз атты жымқырып кету үшін андуыдаң атып қалып, аттарды қолға түсіре алмауы туралы әдемі ертегісі кімді ұйытпаған. Мұндай тамаша аңыз қазақтан басқа еш халықта жоқ. Осы жерде тағы бір айта кетерлік жай егер Жетіқарақшы арқандаулы екі атты “екі жұлдызды” үрласа ақыр заман болады деп түсінеді халық. Бұл да бір болашақты меңзеген терең түсінік болса керек.

Өттең, осындай аспан өлемі туралы ғажайып түсінік таным тудырған халықтың дүниетанымына аяусыз балта шауып жатырмыз, Жұлдыздардың қазақы атауы жөнінен қанша жазсақ та бір жағына қисайып алған неше түрлі газетте істейтіндер /оларды журналист деуге ауыз бармайды/ Үркерді орыстың Девасынан аударып Бикеш деуден бір танбайды. Бүлінген жалғыз бұл атау емес. Оу, бұларын қалай, біз тәуелсіз ел емес пе едік, жастардың санасын неге бүлдіріп жатырсындар дейтін, “әй дер әже жоқғай”.

Қолымызға түскен мектепте оқылатын Астрономия пәнінде берілген аспан әлемінің картасы осы уайымымызды күшейте түскен. Иісі қазақтың құлағына әбден сіңімді болған Жеті қарақшыдан басқасын әбден лайықтап бағыпты.

Темірказыққа байланған кіші қарақшыны орыстар Малая Медведица деуші еді, біз “озық” жұрттан қалмайық десе керек оны Кіші аю деп-ақжіберіпті. Дәл төбеде, осы Қарақшы жұлдыздары мен маңайлай оралатын, қазақ Қара құрт деп атаған жұлдыз Кассиопея делінсе, батыс елінің Лира шоғын қазақ Өрмекші деп атаушы еді. Жұлдыздар картасын жасағанда өздері білмесе,ең болмаса кім бар еді ау деп сұрау салмағаны ғой. Ендігінің ғалымының ісі осылай болар ма. Абылай хан қарғыстың жаманы “өзің білме, білгеннің тілін алма” деген екен.

Қазақ бір шоғыр жұлдызды “Үш арқар” деп атайды,оның соңына ерген жалғыз жұлдыз Сүмбіле деп бар газетке біз тіліміз жауыр болғанша жазып келеміз. Сөйтсек те кей газеттегілер Үш арқарды орыстың Скорпионынан алып Сары Шаян деуден бір танбайды. Ал, бұл жолы Үш арқар мен Таразы бір ақ жұлдыз деп көрсеткені аспанға қарап өскен ауыл қазағының езуін жыйдырмас күлкі ғой.

Зодиактың оні екі ай жұлдызының қазақы танымға сай атаулары осы оқушыларға арналған аспан әлемінің картасында орысшадан, әлгі “сенің арқанда күн көріп жүрмін-на твоём спине солнце вижу” деп орысшалағандай орысшадан қазақшаға аудары салғанмен жүр.Су құюшыны қазақ Көнек, Мергенді /Стрелец/ Садақ, Ешкімүйізді /Кошеров/ Қамбар, Бикеш /Дева/ Үркер, Егіздерді /Близницы/ Қосақ деп атайтынын, олардың солай аталуының табиғат құбылысына аса байланысты екенін сан жаздық. Сонда да осы біздің газеттегілердің, онан соң мына жұлдыздар картасын жасағандарды қырсық жанағандай қазақтың дүниетанымынан безе қашады. Ал, сонда қазақ баласын қазақ етуді біз көздейміз бе, мақсат тұтамыз ба деген сауиал еріксіз туады. Қазақ Республикасының оқу министрлігі, ондағы мүйізі қарағайдай білікті мамандар, ғалымдар ай қарап жүр ме екен. Әлде жыл сайын министр айырбасталып, бәрі соның әбігерімен пұшайман ба?

Осы жұлдыздар картасынан жаз бен қыстың ара жігін ашқандай болып көрініс беретін Босаға жұлдызын таппадық. Сол сияқты Қосақтың /жұлдыз аты Қой қосақтайтын Қосақтан шыққан/маңындағы ромбикті еске түсіргендей қазақ Шетен /қой қамайтын орын/ атаған жұлдыздар шоғы да ілікпей қалған. Картада тағы бір жұлдыздар шоғырын Вероника шашы деп атап-ақ жіберіпті. Мен білетін қазақ оны Құлын жал деп атайтын тәрізді еді.

Біз ұрпақты қазақ рухында тәрбиелегіміз келсе мұның бәрін ұсақ-түйек деп қарамай, жеткіншек санасын бөтен ұғыммен уламай, қазақы дүниетанымды көкірегіне қондыра білгеніміз жөн.

ВОДОЛЕЙ - КӨНЕК БОЛСА, ҮШ АРҚАР - ШАЯН ЕМЕС

“Егемен Қазақстан” газетінің бетінде /19.XI.03 ж/ филология ғылымының докторы А.Шәріптің аспан әлемінің шырағандары туралы біраз қазақты ойландыратын ізденісі жарық көрген екен. Құптарлық ізденіс. Құптайтнымыз да, қуанатынымыз да әйтеуір қазақтың бір азаматының “қаза-ғымның атауы осылай болса екен” деген ақ үміт тілегі. Аспан әлемі туралы біз де біраз қалам тартқан едік. Енді өз пікірімізді ортаға салайық.

Ауылда жатқан бұл қазақтың қай пікірі деген сөз тумасын. Тағдыр айдап, халық жауы болып ел шетінен тысқары шығып кеткен сонау 1962-66 жылдары саяси лагердің төрін бермес қонағына айналған /лагерде 33 жыл отырған/ Құнанбай Бейсенұлымен дәмдес болуға тура келген. Қүнекең ақсақал жиырмадан жаңа асқан бізге өзі білетін аспан сырын ұқтырып бақты. Қалғанын елге оралған соң көнекөз қариялардан көңілге тоқыдық. Сонымен А. Шәріп жазғандай “орысша шоқ-жұлдыз” аттарының көнелігі көзге басылады...

... ежелгі славян дәуірлерінен тамыр тартқызадың деген дей тандай қағатындай ештеме де жоқ, қайта сол мұжығыңыз Алтын Орда заманында ғаламның талай сырларын бізден алғанына еш күмән жоқ:

Алтайдан Карпатқа дейінгі Ұлы Даланы ендікпен де, байлықпен де кезген көшпендінің ұлын сан ғасырлар бойы мыңғыраған мал өсіріп, байлықпен ғұмыр кешкен. Мыңғыраған мал өсіру үшін де аспан әлемінің бар сырын, жұлдыздардың атауын, солардың тууы мен ауысуына орай болатын ауа райының құбыласын жете білген. Сол көне қазағыңыз орманнан шыға алмай, аспан әлеміне қарамақ түгілі биік ағаш арасынан басы айналып, әр жерге түртінектеп егін салғаннан аса алмаған мұжықтан гөрі еркін де болған, самал желмен тербеліп, бар әлемді әнге қоса білген.

М. Исақовтың да, Ж.Баласағұнның да, Әл Фарабидің де аспан әлемі туралы еңбектері маған да таныс. Ал, енді А.Шәріп ұсынған Зодиак жұлдыздарының тізбесін саралап көрейік. Ол Қозы /Овен/, Үді /Телец /, Ерентүз / Близнецы/, Қушық/Рак/. Арыстан /Лев/, Бидай басы /Дева/. Өлкі /Весы/, Шаян /Скорпион/, Сұрмерген / Стрелец/, Ұғылақ/ Козерог/, Көнек /Водолей/, Балық /Рыбы/ деген тізбені ұсынған.

Қозы /арабша хамал/ атауына ешкімнің жоқ таласы. “Үд” қалай болар екен. Қазақ ұғымында осы күнгі европа февраль деп атап жүрген ай аты “үт”. Қазақта екінші атауы бар, ол

“сүт”. Ал, осы февраль айында терезеден түсетін сәуледе аппақ шаң сияқты тозаң ақ сәуле болып жарқырап жүреді. Мұны қазақ сүттен айырып “үт” дейді. Анай “Балықтар” деп жүрген шашыранды жұлдыздар да ел ұғымында сол “үт”. Ендеше екінші ай С.Қожанов жазғандай “торпақ-тана” болғаны дұрыс.

“Близнецы” деген жұлдыз шоғырын мал баққан қазақ «қосақң дейді. Кәдімгі қойларды қарама-қарсы қойып матаған қосақ. Бұл жұлдыздың екі қатар болып қарсы тұру кейпі де қосақтан аумайды. Міне, осы тұста С.Қожановтың “Ай” менді қара қойң атауы ұғымға дұрыс келген. Солай десек те жұлдыз атауы “Қосақ” екені дала қазағына аян. Мақалада ұсынылған “Ерентұз” атауы еш жобаға келе қоймайды.

Европаның “Рак” дегенін “Қушық” деп берген екен. Нағыз “Шаян” осы жұлдыз. “Қушық” ел ұғымына жаттау екені көрініп тұр.

Арыстанға ешкім дауласа қоймас. Ал, орыс “Дева” деген жұлдызды біздің асфальтта өскен журналист қауым “Бикеш” деп елді күлкіге батырып жүр. Бұдан сорақы атау бола қоймас. Бұл жұлдызды Ж, Баласұғын “Бидай басы” атағанмен жалпақ қазақ “Үркер” дейді.

“Жеті қарақшын Үркердің қызын ұрлапты дегендегі Үркер осы. Үркердің қызы жеті қарақшының екінші жұлдызының үстінде тұр.

Қазақта “бөлек туып бірге батқан үш жұлдыз” деген тіркес бар. Ол осы Үркер, Таразы, Үш Арқар шоқ жұлдыздары. Үшеуі де жылдың әр мезгілінде туғанымен мамыр айының жиырма тоғыз, отызы шамасында бір күнде жерге кіріп, қырық күн бойы көрінбейді. Сонан соң Үркер Сарша айында /июль/, Таразы тамызда туады. Таразыны Өлкі деудің де қисыны жоқ. Таразы сөзі қазаққа ғасырлар бойы сіңісті ұғым. “Өлкі” деп тағы бір күлкіге ұшырау ретсіз болар. Ал, орыс “Скорпион” дегенді А. Шәріп орыстан дәл аударып “Шаян” депті. Қазақ қай заманнан бұл шоғырды Үш Арқар атап келген. Осы жұлдыздың соңындағы бір жұлдызды “Көгалдай мергеннің шақпақ тасы” дейді. Ал, онан арғы жалғыз жұлдызды “Сүмбіле” атаған. Ел ішінде “Сүмбіленің суы жүріп пе екен” деген ұғым бар. Ол Қыркүйек айының 23-25 шамасына келеді. Сүмбіленің суы жүрсе көде түбі көк болады, малға от мол болады дескен.

Ендігі шоқ жұлдызды Сұрмерген /Стрелец/ депті. Бұл да жасанды. Ел “Садақ” дескен жұлдызды Өл Фараби де “Садақ” деп жазыпты. Аспанға қанша үңілгенмен Петр Первыйдың Стрелецін көре алмаймыз. Керісінше аспанда Керулі Садақ

түр. Жасанды атау таққаннан гөрі аспандағы кейпіне де бір үңіліп қараған жөн сияқты.

Орыс “Козерог” деген жұлдызды “Ешкі мүйіз”, “Тау теке” деп сан құбылттық. А. Шәріп “Ұғылақ” депті. Сөйтіп, А. Шәріп те ешкі ұғымынан әрі кете алмапты. Көкте “Лақ сүмбіле” деген жұлдыз бар. Лақ сүмбіле тудылақ пісті, жеуге келедің дейді ел. Ол жұлдыз Үркер мен Таразының жалғыз жұлдыз екенін де білген дұрыс. Мал баққан көшпенді аталарымыз бұл шоғырды “Қамбар” атаған. “Қамбар” жылқының пірі. Бұл шоғыр қараша айының ортасында туады. Осы уаққа дейін жылқының ішіндегі төл көлденең түсуі керек. Кей жылдары осы жұлдыз туа жаңбыр жауып, шөп басына мұздан сырға тағады. Оны жеген жылқының ішіндегі төлі көлденең түспесе, мал іш тастайды. Міне, бұл жұлдыздың “Қамбар” атануы осы себептен. Сонымен бұл жұлдыздың атауы Козерогта, Ешкімүйізде емес, “Қамбар”.

Көнек /Водолей/ дұрыс атауын тауыпты Аспанға үңілсеңіз көнектің аузын көресіз. Ал, Балық /біздіңше “Үт” туралы пікірімізді жоғарыда айттық.

Сонымен Зодиак жұлдыздарының тізбесі былай болу керек. Қозы, Тана, Қосақ, Шаян, Арыстан, Үркер, Таразы, Үш Арқар, Садақ, Қамбар, Көнек, Үт.

Мақалада жазғандай “қазіргі қазақ тілін байытатынымызды былай қойғанда, біз көне мәдениетті ел болып” көрінеміз деп, жасандылыққа барудың қажеті жоқ. Біз қазақтың өзінде барын өзіне, адасып қалған ендігі ұрпаққа береміз. Біздің көне мәдениетімізді дұшпандар ғана көре алмайды. Мақала авторының осындай проблеманы көтерген ізгі ниеті қуантады. Оның мектептерге арналған “Астрономия” оқулығына Зодиак жұлдыздарының қазақша атауларын енгізейік деуі құптарлық ұсыныс.

ЖЫЛ ОН ЕКІ АЙДЫҢ ҚАУЫШУЫ

Ғасырлар бойы мал бағып, көшпелі өмір көшкен қазақ халқы туған өлкесі Ұлы Даланың табиғатының қалт еткен көрінісін байқаусыз жібермеген. Қазақ табиғаттың нағыз төл баласы. Қазақ ай аттарының өзін табиғаттың көрінісіне лайық, - тап қойса, сол айда қандай жұлдыздардың туып, алмасуын да жіті бақылап, аспан әлемінің шам-шырақтарына тағы да көшпелі өмір тұрмысынан туатын ат таққан.

Табиғаттың үнемі назарында ұстаған көшпелі ел жыл он екі айдың қысы мен жазында, күзі мен көктемінде қай айға қай айдың қауышып, табиғат құбылысы сай келетінін де қатты ескерген.

Ел ұғымында Самарқанның көк тасы еритін Наурыз жылдың басы, Бұл көктемгі түнмен күннің теңелу шағы болса күзгі теңелу тұсы Қыркүйектің 23 күніне дәл екен. Міне осыны негіздей отырып ата-бабаларымыз он екі айдың қауышуын былайша кеслеген.

Қыркүйек-Наурыз
Қараша-Сәуір
Мамыр-Қараша
Шілде-Желтоқсан
Сарша-Қаңтар
Тамыз-Үт

Айлардың бұлайша қауышуы да тегіннен тегін жасалмаған. Жыл басынан кейін келер сәуір айы қарашамен қауышса, қарашада қошқарға 90 күн бойы тағылған күйек біржола алынып, аналықұрықтанып сәуір айында жаппай төлдейді. Міне, осы жағдай қатты ескеріліп, сол айлардың табиғат құбылысындағы ұқсастықтар есептелсе керек.

Қазан айын ертеде ақраб деп те атаған. Қыстың алты айының болжамы Ақраб кірген алғашқы алты күнде шығарылған. Ол үшін жұлдызшы-есепші сол алты күннің әр сағатын қалт жібермей күл ұшырып отырып желдің бағытын, күшін, бұлттың шығу ерекшелігін күннің суық-жылысын анықтап отырған.

Егер Қыркүйек пен Қазан, Наурыз бен Сәуірдің ауа райын анықтайтын болса шілде /июнь/ желтоқсанға дәл келеді. Шілденің ыстығы қыста, қыс шілдесі-сары аяз. Сары аяздың бітуі де Үркердің төбеден аууына дәл келеді. Жаз шілдесі Үркердің жерге кіруімен мамыр айының соңғы күндерінен басталады. Июнь айын маусым деп, келесі айды шілде деу үлкен қателік. Маусым деген сөз “сезон” деген ұғымды беретінін білмеу де ұят.

Табиғат құбылысында Үркердің орны ерекше екенін халық жаксы пайымдаған. “Үркер түссе жер қызады”, “Үркер туа сорпа ас болады”, “Үркер көтеріле шөп көтеріліп, бидай бас тартады” деген ұғым қалыптасқан. Үркердің табиғаттағы орынын анықтау ерекше зерттеуді қажет етеді. Тіпті Американың көне халқы Ацтектердің жыл басын Үркерден бастауы тегін емес. Үркердің тууына байланысты “Лақ сүмбіле туды, лақ пісті” деген де бар. Лақ сүмбілені кіші сүмбіле деп та атайды. Ол Үркер мен Таразының арасындағы кішірек бір шоқ жұлдыз.

Сарша айы /июль/ григориан календары бойынша жыл басы боп тұрған қаңтарға сәйкес келсе, бұл айларда жазда күннің ұзару шегі бігіп, қыста кему шегі аяқталады, Әрі жазда

Үркер туса, қыста Үркер тас төбеден ауып, сары аяз тамамдалады. Тамыз айы Үт /февраль/ айына сәйкес деп есептеледі. Үтті-Балық, десіп те жүр. Қазақ ұғымында үт осы айда Терезеден түсетін күн сәулесі мен сол сәуледе көрінетін ақшыл тозаң. “Үт кірді, құт кірді” дейтіні де содан.

Жыл он екі айдың әр айында туатын жұлдыздар да бөлек. Күн жолындағы он екі шоқ жұлдызға да қазақ өз ұғымына тән көшпелі шаруашылығына байланыстыра ат тапқан екен. Біз Наурызда туатын жұлдызды “тоқты” деп жүрген. Ж. Баласағұни өз кітабында оны қазақ ұғымына тән ерекше сүйкімділікпен “қозы”деп атапты. Осы айда қазақтың назарына айрықша түскен жұлдыз Босаға.Оның аспан әлеміндегі көрінісі мынадай. Мандайшада біреу, қос босағада екі екіден тұр. Мәселе мұның тек кигіз үйдің босағасын еске түсіруде емес. Оны туу-бату шағында.Бұл шоқ жұлдыз күн жолынан сәл төменіректе орналасқан.“Жаз кірді” деп наурызда туады да “Жаз кетті” деп қарашада батыс көкжиекке барып келер жазға дейін көрінбей кетеді.

Төр түлікті қастерлеген ел Зеңгі бабаны да ұмытпай сәуір айындағы жұлдыз шоғын Торпак/біреуі жарық/деп атаған.

Мал бакқан қазақ бүгінде орысша «Близнецың дегеннен тікелей аударып, “Егіздер” деп атаған жұлдызды “Қосақ” деген.Шыныныда да екі қатар айкаса орналасқан жұлдыздар қойдың қосағын да еске түсіреді.

Қазақ ұғымынан алыс қалған бейшаралығымыздың бір көрінісі “Үркердің” атауы.Орыс оны “Дева” десе біз оны “Бикеш” деп жүрміз. Әйтеуір “Кәрі қыз” демегенімізге тәуба. Кезінде Әл-Фараби Сүнбіл, Баласағұни “Бұғдай башы” атаған жұлдыз шоғына көшпелі ел “Үркер” деп әдемі ат таға білген.

Біз ұлттық өнегемізді, өзіндік дүние танымымызды қалпына келтіріп,қазақ деген халықты өзінің асқақ оймен ХХІ ғасыр табалдырығынан әрі өткізгіміз келсе, әр құбылысқа, затқа деген өз ұғымымызды ұрпаққа сіңіре білуіміз қажет. Аты адашып жүрген бір жұлдыз шоғы “Үш арқар”.Оны бас газетіміз “Егемен” де ұлтқа жаны ашыр газетіміз “Ана тілі” де “Сары Шаян” деп бұрмалап жүр. Араб “Ақыраб” деп,орыс “Скорпион” дегені үшін қазақ атауын бұра салғанымыз ұлттық намысқа тимей ме, Ал, сол “Үш Арқарды” қозысының соңына түскен бір жарықтау жұлдызды ел “Мергеннің шақпағы” дейтінін білеміз бе.

Қарашада туатын жұлдыз шоғын «мергенң дейміз. Онымыз орыстың “Стрелец”. Әйтеуір Петр Первыйдың стрелеці бар еді-ау деп жармасамыз-ай кеп.Бұл жұлдыз шоғын Әл-Фараби “Қауыс” /садақ/деп ашық көрсеткен.

Іліп, жебесін тартып тұрған жоқ па. Ал, ел болса аспаннан жата қалып, мылтығын көздеген “стрелецті” іздеп әуре. Желтоқсанда түн жарымда шығыс тұстан анық көрінетін жұлдыз шоғының да атауы мал баққан елге жат. Оны бар гезітіміз орысшасын “Козерог” деп, қазақшасын “Ешкімүйіз”, “Тауешкің деп жатыр. Қазақ бұл жұлдыз шоғын “Қамбар” дейтін еді. Бұлай атау қазақ малының қасиеттісі жылқыға, оның пірі Қамбар-атаға негізделген. Осы айда Ұлы Далада жылқы тебінге түседі. Осының алдында болатын мұздақтан бұрын жылқы малының ішіндегі төл көлденең түсуге тиіс. Болмаса алғашқы мұздақты жұтқан мал іш тастайды деп түйіндейді. Табиғат пен мал сырын көкірегіне түйген үлкендер. Қамбар жұлдызының жалпы көрінісі мынадай.

- 3 -

Қаңтар жұлдызын “Су құюшы”, “Су құйғыш” /орысшасы Водолейң дегеніміз де қазақ ұғымына қонымсыз. Бірде су құюшы кісіні іздеп, бірде қол жуғышты іздеп әлекпіз. Ж, Баласағұни өз кітабында бұл жұлдыз шоғын “Көнек” деген екен. Осы атаудан даланың ісі аңқып тұрған жоқ па. Қатемізді неге түземеске деген ой келеді. Төрт түлік малының үшеуіне шоқ жұлдыздың атын берген қазақ “Ойсыл қараны” қалай ұмытты деген ой келеді. Мүмкін оны ұмытып, не адасып жүрген біз шығармыз.

Жаздың шығуын асыға күткен көшпелі ел қыстың ұзын қысқа болуына да жорамал жасаған, Жылма жыл әр айда айдың тууы да әр күнге келе береді. Қыс түсе жаңа айдың туу мен жұлдыздың арасы /күн санауымызбен/ алшақ болса, қыс созылады деп түйіндейді екен.

Көңілді мазалап жүрген ойды “қағазға түсірдік”, Әл Фараби бабамыз айтқандай қатесі болса кешіріп, оң сөзін айтқанға ризамыз.

АРҒЫ ДА, БЕРГІ ҰЛЫ ЖҰРТ!

Өмір үмітке толы. Соңғы біраз жылдан бері әлемге деген қазақы танымды білейік, маұрұм қалған жұртымызға қайта ұсынайық деген ұмтылыстың көбейе түсуі қуантады. Көшпенділердің әлемге деген өзіндік ерекше танымы болғаны аян. Ол болмаса көшпенді ұлы халық Еділ патшаның заманында европаны тізе бүктіріп онан да арғы заманда Чукот-

Аляскадан өтіп, Америка деп аталатын құрлыққа ие болып қалмас еді. Бұл қыр-сыры мол, арғы да-бергі жұрттың ұлы құбылысы.

Сондай бір қуантарлық мақала “Егемен Қазақстанның” 05.ж 28. XII 288-291 санында жарық көрген “Қазақ күнтізбесі немесе шатастырылған ай аттары” деген материал. Иә, біраз жайды қамтыпты. Авторы Сағатбек Мұғалімжанның қазақы ай атауларын өз орындарына тура қойып жүрміз бе деп үлкен проблемалық мәселені көтеруі өте орынды. Кешегі орыс империясының бодауында жүріп, елден осы дұрыспа-бұрыспа деп сұрай да салмай, мысықтың көзін ашпаған баласындай сииялап жүріп қоя салған ай атаулары әлі сол қалпында сіресіп тұр. Мен, өз басым, әлем тану жөнінде қазақы пікір айта алмаған ғалымдарды айыптаудан аулақпын. Қазақы пікір айтқанның қандай “айыптауға” ұшырағаны белгілі. Сөйтіп қазақы ай жөрегінде тұншықтырылды. Отырса басқа, тұрса аяққа ұрған ауыл ақсақалдары жұлдызбен айдың атын атап ұрпаққа үйретпек түгілі “пәледен машайық қашыптының” керінде жүрді. Сол жағдайдың сан куәгері болмақ.

Сағатбектің июль айын шілде деп жүргеніміз жаңылыс деуі әбден дұрыс. Сол сияқты желтоқсанды қаңтар деп атауы да көңілге қонымды. Июнь айын маусым деп атау өрескелдік екенін де білдіріпті. Маусым-маусымдық (сезондық) жұмыстар деген ұғым емес пе. Оны бір айдың атына таға салу танымның төмендігінің көрінісі. Ол айдың қазақы атауы туралы төменіректе тоқталармыз. Шілде де ай аты ретінде (июль) жаңылыс енгізілген дейді Сағатбек. Иә, июль-шілде емесі анық, Июльде қырық күн шілде бітеді.

Дегенімен де, осы материалда кеткен біраз қателіктер мен олқылықтарға тоқтала кетпесек қазақ танымды қалыптастырылған көшпенді бабалар алдында кінәлі боларымыз анық. Ондай күнәні арқалауға болмас.

Мақала авторы жаңа жылды наурыздың 22 күнінен бастаймын деп жұлдызды әлемнің бар құбылысын әр айдың 21-22-не келтіріп, зорлап тықпалағандай еткен. Пенденің тілегі барда, әлемнің күшке көнбес заңды табиғи құбылысы бар. Наурыз жыл басы, біз де соны мойындаушының біріміз. Бірақ сүйретіп қосқан тазы түлкі алмас деген халық даналығын да естен шығармайық.

Наурыз халықтың асыға күткен ұлы қонағы. Асыға күткен қонақтың келедісі бар, келе жатыры бар. Қазақ Наурыз айын Наурыз күнінен бұрын осы күнгі жыл санаудың 15 мартынан бастай берген. 15 нен 16 на қараған күні қой құмалағы қарға батып кетсе жақсылыққа санап, ырым еткен. Сол 15-і күні

халық қыс жұлдызы бітіп, жаз жұлдызы туды деп есептейді. Шынында да жұлдыз ауысады. Соның ертеңіне яғни осы күнгінің 17 мартынан “Бес қонақ” басталған. Міне Наурыздың келедісі мен келе жатыры осы. “Бес қонақ” бес күнге созыған ауа райының құбылысы. Ол бір күн боран, бір күн сырғыма, қатты жел болып бес күнге созылады да 21-і күні бітеді. Ертеңіне “Самарқанның көктасы еріген” Наурызды Наурыз көк деген құс ала келген. Сөйтіп, Наурыз бір күннің ғана атауы емес, толық ай аты екенін айта кеткен жөн. Қазақы күнтізбеде әр сайын осы күнгі григорианша санаудың 14-15 нен басталатынын білген дұрыс.

Сағатбек “Тоғыс есебіндегі қазақы күнтізбе” (календарь) болған деген пікір айтқан екен. Сәл жаңылыстау кеткен тұстарына амалжоқ, тоқталамыз. Көне заман жұлдызшы-есепшілерінен бүгінгі бізге там-тұмдап зорға жеткен есебінің бір түрі осы тоғыс.

XX ғасырда ел шұбырған аумалы-төкпелі заманда сан қазына түбірімен құрып кетті. Аштықтан тірі қалғандар белсенділердің китұрқысынан шошынып, білгенін ұмытуға, ұрпаққа естіртпеуге тырысты. Бір тайпа елдің ақсақалынан тоғыс есебін сұрағанда “қарағым, есте не қалды дейсің” деп мұңайғанының куәсі болдық, Сонда да сол есептің жұрнағына іліктік. Ай мен Үркердің қиылысып өтуін көшпелі жұрт тоғыс атаған. Жаңа ай мен Үркердің біртіндеп жылжып жақындасып тоғысуы әр айда әрқилы күндерде өткен. Тоғысу қаңтарда жаңа айдың тоғызында (9 тоғыс) Үт айында 7 тоғыс (жеті жаңасы), Наурызда 5 тоғыс, Сәуірде 3 тоғыс, Мамырда 1 тоғыс (бұл мамырдың 17 күніне шамалас), Шілдеде 23 тоғыс, Саршада 21, тамызда 19, Қыркүйекте 17 тоғыс келе берген. Көшпенділер тоғысты күнтізбе емес, ауа райын болжау үшін қатты пайдаланған. Әсіресе бұл қыс айлары үшін аса керекті болған да тоғыс, 7 тоғыс деп ерекше ескеріп отырса, жазда 23 тоғыс, 21 тоғыс деп атап та жатпағанын білген жоқ. Осы жерде ерекше атап өткен жағдай 1 тоғыс мамыр айына келуі. Есепшілердің бір жүйесі жаңа жыл есебін осы бір тоғыстан есептеуге бейім болған. Сөйтіп, мамырды қарашамен, сәуірді қазанмен, наурызды қыркүйекпен, үтті тамызбен қауыштырған. Тоғыс есебі, негізі ауа райын болжау есебі болғанын айта кеткенді жөн көрдік. Сағатбек дұрыс айтады “Сәуір болмай тәуір болмайды”. Ұлы Абай “Сәуірде көтерілер рахмет туы” деп аса ризалық білдірген ай осы сәуір. Оны көкекпен шатастырып қайтеміз. Алтай мен Еділдің арасындағы ұлы далада бұл уақытта көкек шақырмайды. Ол, әзірше келе қойған жоқ. Жоққа жүйрік жетпейді. Және де Сәуірдің осы күнгі

жыл санауындағы апрельдің 14-нен басталатынын мойындаған абзал. Мартта жаз жұлдызы туса, сәуірдің осы күнінде осы жаз бұлты шығып, бөлек-бөлек отау боп көк жүзін кезеді. Үш күннен кейін даланың адал құстары қаз-үйрек т.б. жұмыртқа салады. Көкектің шақыратын ай-негізінен мамыр. Автордың мамыр атауын өзін-өзі өлтірген қыздың атына байланыстырылуы (қазақ ондай сұмдықты құрметтемеген ел), Шәкәрімнің Қалқаман-Мамырындағы Мамырдың есіміне орайластырылуы ыңғайсыздау. Шәкәрім қажының Мамыры кешегі күн ғой, ал қазақтың ай атауы көне дәуірде жатыр.

Әр айдың басын 22 күніне тықпалаудың салдарынан май меп июнді қамтитын ау сарыатан-зауза болып шыға келіпті. Тағы да айтамыз, көшпенділер ай атауларын ертекке байланыстырмаған (орыста ғана ойдан шығарған Ильин день, Петров день, Рождество бар), керсінше қазақ ай атауын табиғатпен тікелей орайластырған. Көшпенді елде Шілде деген ай бар. Қырық күн шілде дегенді Сағатбек те айтады, Үркердің сол шамада көрінбейтіні де еске алады. Әттең сол 40 күннің Үркерімен тікелей байланысын аша алмаған. Тағы да шілде аптабының аяқталуын 22 санына зорлап апару бар. Үркердің жылдың қай мезгілі, қай күнінде “жататынын” айтпасақ тағы бір ертек туады.

Қырық күн шілде Үркердің жерге түсуінен басталады. Бұл осы күнгі жыл санаудағы Мамыр айының 30-ы күніне дәл келеді. Арада 4-5 күн өтеді. Бұл күндерді көшпенділер Үркер ұясына орнықты деп санаған. Сонан кейін Шілденің ыстығы басталады. Бұл айды ел Шілде айы деп атайды. Осы күнгі күнтізбедегі Маусым атауы түбірімен қате. Үркердің бату кезеңінде “Үркер шалшыққа батса (яғни жаңбырлы болса) жаз жаңбырлы болады” деген болжау бар. Шілденің ыстығы келесі айдың 15-16 -сы шамасында Үркердің қайта тууымен бітеді.

Көшпенділер ауа райының құбылысына Үркердің әсері барын қатты бақылаған. Үркердің шалшыққа батуы, Үркердің толғағы (қайта туғанда), қыста осы күнгі январь айындағы Сары аяз (қыс шілдесі)

Үркердің аууы (3-5 февраль. Бұл күнде ауа райы өзгереді) Үркердің жамбасқа түсуі (4-5 аярттағы жылымық), бәрі назардан тыс қалмаған. Тоғыс есебі де Үркермен жүргізілгенін еске алайық. Біздің туысқандарымыз Америка аңтектері жыл басын Үркердің жазда қайта тууынан бастауы да тегін емес. Мақала авторы Саратан-Зауза деген қателікке ұрынып, келесі айды “отамалы” дейді де, ар жағында Сарша-Тамыз деген қазақы ұғымдар қоса тіркейді. Әуелі, осы Отамалы

деген қазақы, ұғынықты сөзге тоқталайық. От, яғни малдың отауы, оның амалы жаздың ортасында, қиындықсыз кезде тумайды. Наурыз күні өткеннен кейінгі аптаның соңында Құс қанаты деген жапалақтап қар жауған амал өтеді. Ұлы далада қырқының жотасы қарайғанмен, айналаны жапқан қар сіресіп жатыр. Осы күнгі жыл санаудағы сәуірдің 4-5соңғы боран өтеді, Сонан соң қар күрт жібіп сала береді де малдың өрісі кеңейеді. Көшпелі ел тап осы соңғы боранды Отамалы деп атаған. Мұны жаздың ортасындағы бір айғы апару үлкен қателік. Сарша, Тамыз осы күнгі жыл санаудағы июль, август айларына келеді. Сарша сөзі ісі қазаққа түсінікті. Жаз ортасы ауып, жасыл желекті айнала сарғыш реңге ене бастайды. Тамыз сөзін үнді-парсыдан іздеудің қажеті шамалы, бұл айда жеміс-жидек, қарақат-бүлдірген тамылжып, мөлдіреп піседі. Тамыз сөзінің түбірі-тамылжу. Үнді мен гректің (сириус, сотиус) Сүмбілені қалай атағанында жұмысымыз жоқ. (біз қазақы танымды іздеп отырмыз), мәселен бұл айда Сүмбіленің тумайтынында. Көшпенділер “Таразы туа таң суыр” дейді. Бұл айда туар жұлдыз Таразы. Үш бұрышты шок жұлдызды жоғарыдағы жұлдызнан іліп қойған тәрізді, кешке бір басы төмен түсіп тұрса, түн ауа екінші басы басып тұрады. Таразыдан соң айға жуық уақытта Үш арқар көрінсе, Сүмбіле қыркүйектің 21-23-і аралығында туатын жалғыз жұлдыз. 23 қыркүйекте күн мен түннің теңелуін де ұмытпайық. Мал баққан көшпенді ел “Сүмбіленің суы жүріп пе?” деп сұраған. Сол күндері жаңбыр болып өткен жердің көдесінің түбі көк болады деп, қыста жылқыны сол жерге тебінге салған.

Бұл жерде айта кететін бір мәселе, аспан әлемі туралы жазуды ниет еткен талапкердің қай-қайсы болмасын көгілдір көктің қай жұлдызынан кейін қайсы, қай мезгілде туатынын анық білген жөн. Өзіміз шала біліп, онсызда аспанға үңілуден гөрі картаға қарауға машықтанған жұртты шатыстыруға болмас.

Тараздан соң туар ай Қыркүйек. Ұлы даланың қыр жағында өмір сүретін халықтың мал шаруашылығына байланысты, қырда алынатын күйекке орай ай аты да қойылған. Қойынан төл алуды көздеген. Талай ғасыр осы даланы мекен еткен халық, 22 февраль мен 22 март арасында малынан төл алуды ойластырмаған. (Егер Сыр бойы болса сөз жок). Қырда бұл уақытта атақты сан боран бар. Малына қора салмай, ықтырмада ғана ұстап, сан мыңға ие болған бай жетерлік. Арқаны Тағылы-Бұғылы сияқты қысы қатты өңірінде ғұмыр кешкен бір ғана Ботбай байда 20 мыңнан аса қой болған. Февраль түгілі марттың 20-нан кейін, Отамалына дейін

ықгырмада қоздаған қойдан ешкім төл ала алмас еді. Қошқарға күйекті түннің сууына байланысты байлаған. Түн суи қой қашатын шақ болады. Жобаға “Таразы туа таң суыр” деген август айының орта тұсы алынып, міне осы шамада ұрықтанған қой апрель (сөуір)-дің орта тұсында жаппай төлдей бастады.

Шаруашылықтың жиын-терін айын ел Қазан қойса, Сары күз, Қоңыр күзден соңғы айда Қараша атаған екен. Қарашадан қараған түбінде қар қалса тоқшылық қыс болады деп болжам жасаған. Қазан айының Ақырап деп те атаған. Ақыраптың алты күнінде (15 мен 25 арасы) қыстың алты айын болжаған ерекше ырым да бар. Қарашаның 17-18 қарашаның амалы бар. Ол кейде боранды, кейде жаңбырлы өтеді. Қарашаның амалы өте халық бүрме салған. Бүрме деп сойылған қойды жіліктеп, өз терісінеораи тастауды айтқан. Шаруашылық әліне қарай 20 дан 50-60 дейін бүрме жасалған. Бүрме бас тартылуы қажетті қонақ келген сайын ашылып отырған. Қараша айының соңында Қамбар жұлдызы туады. Орыстар Козерог атап жүрген бұл жұлдыз шоғын біздің білгіштер Ешкімүйіз атап жүр. Өткенде теледидарда “Алтын сақаны” жүргізуші Санжар Керімбай “Қамбар” дегенді атап қалды. Тек соның Ешкімүйіз атанып жүргенін біле ме екен.

Қаңтар атакты теке бұрқыл боранымен, Ақпан қыс шілдесі Сары аязымен белгілі. Онан кейінгі ай Үт. Әзірге біз оны ақпан деп шатасып жүрміз. Үт сөзін парсының “Худ” сөзінен іздеушілер де бар. Бұл енді, қазақы танымнан айырылып қалғанымыздың көрінісі. Осы айда күн жарығы молайып, терезеден түскен ақ сәуледе тозаң тәрізді ақ ұшқын ұшып жүргендей көрінеді. Осы ақ сәулені қазақ “үт” деп атаған. “Үт кірді, құт кірді” деп жұрттың ірі қарасы төлдеп, елдің ауызы аққа да жарай бастаған. Ұлы даланы мекен еткен әр аймақта әр айда болып өткен уақиғаға байланысты, сол айға қосымша ат таға салуы да болған. Ақпан-Тоқпан әңгімесі соның бірі ғана деп қарастырған жөн болар. Бұл айдағы бар қазаққа белгілі қыс амалы февралдің 17-23 арасында өтетін “Бөрі сырғақ” бораны. Осы боранда даланың көкжалдары жұптасып 62 күннен соң қасқыр белтірігін туады.

Өз атауын таппай жүрген тек ай мен жұлдыз атаулары емес, жыл атауларында да кездеседі. Мешін - деген жылды қазір маймылға апарып жүр. Біздің жас кезімізде көне көз қариялар “Мешін” адамның азғыны, кісі киік деп атаушы еді. Бүгінгі тілмен айтқанда бұл “Қар адамы”. Сол сияқты “доңыз” жылын жылы арамға бұйырмай “Қара киік” деп атаған. Осылай атасақ жастардың көңіліне адалдықтың сәулесін себе түспес пе едік.

Бекболат Тілеуханов теледидардан жүргізген ай, жұлдыздың атаулары туралы хабар да, ақын-жазушы деген біраз адамның дәл тауып, дәлелді сөз айта алмағанының куәгер-көрермені болдық. Қанша сүйресе де Бекболат діндегеніне жете алмады.

Жұрттың білгісі келеді, кешегі ұлы көшпенділердің бүгінгі ұрпағы нақты тоқтамға келгісі бар. Бірақ осыған тұжырым жасар бір билікті орын көрінбейді. Тоқтам сөз айта алма-дындар деп ғалымдарды сөгуден аулақпыз. Дегенмен осы мәселелер жөнінде пікір айтып жүрген, айтамыз деген ойы бар қазақты жинап, басымызды қосып, тұжырым сөз айтар уақыт жеткен сияқты.

Біз мемлекеттің идеологиясы жоқ дейміз. Мемлекеттік идеология халықтың ұлттық танымынан шығады. Ұлттық таным халықтың көкірегін ашады, ұрпақтың өз ұлтына деген мақғаныш сезімін арттырады. Ұлттық намыстан елін қорғайтын ерлер туындайды. Осы жағы бізде әлі жетпей жатыр.

Ұлттық танымның жоқтығынан, оны білгісі келмейтін, не осы туралы жазған газеттегі ой-пікірді шала оқитын(не мүлде оқымайтын) әйтпесе орысша танымға мүдделі болып отырған қазақ газеттерінің аты қазақ журналистері Үркерді-Бикеш, Үш арқарды-Сарышаян, Қамбарды-Ешкімүйіз деп әлі жазып жатыр. Біз осы Тәуелсіздіктің нешінші жылында өмір сүріп отырмыз.

**Военная коллегия
Верховного суда Союза СССР Справка
“12” сентября 1958 г.
№4в-3109/58
Москва, ул. Воровского, д. 15
Спарвка**

Дело по обвинению Абдрахимова Ахмета до ареста 15 октября 1937 г - учителя неполной средней школы на ст. Агадырь, пересмотрен Военной коллегией Верховного Суда СССР 29 июля 1958 года.

Приговор Военной коллегии от 13 марта 1938 года в отношении Абдрахимова Ахмета по вновь открывшимся обстоятельством отменен и дело за отсутствием состава преступления прекращено.

Абдрахимов Ахмет реабилитирован посмертно.

**Начальник секретариата
военной коллегии Верховного
суда СССР полковник юстиции И.Полюцкий.**

НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ ҰЛТТЫҚ ТАНЫМЫМЫЗҒА ТӘН БОЛСА

Бастауын Айса пайғамбардың туған күні дегеннен алатын Европаша жаңа жыл мерекесін тойлаудың қалыптасқан үлгісі бар. Ол безендірілген шыршаның, аяз атаның, қар қызының болуы дегендей. Күнбатыстың ұл рәсімі жастардың санасына батыстың салтын ұялатып, дүние танымымыздағы ұлттық кейіптен алыстатып, ұлттық тәлімге аса үлес қоса қоймайтыны анық. Осыған байланысты шығыс еліне тән, әсіресе өзіміз жеке меншіктегідей наурызды қарсы алудың көңілге қонар рәсімін ойластырған жөн. Ол европаша жаңа жылды қарсы алу рәсімінен кем болмауға тиіс. Біз ойластырған наурызды қарсы алу рәсімі қандай көрініс беретініне тоқталайық.

Биіктігі бір метрге жуық, жалпақтығы үстелдің бетіндей тұғырға түйенің бейнесі шөгерілген. Бұл қазақ ұғымында қасиетті жануар. Ол ғасырлар бойы қазақ көшін сүйреп келген, ұлы түліктің символы. Макет мүмкіндігіше ірі, өркештерінде, балағында, басында желбіреген шудасы болғаны дұрыс. Түйе әбзелдері ақық тастармен безендіріліп, көз тартып тұрса құба-құп.

Қос өркештің арасынан өткізіліп, бір ұшы жер тіреген бақан да безендірілген. Шөгерілген түйенің тұғырдан өркеш ұшына дейінгі биіктігі бір метрден кем болмаса ғана көрікті болады. Сол өркеш аралығынан өткізілген бақанның аша басына кішірек шаңырақ кигізілген. Шаңырақ күлдіреуіштеріне дейін боялған. Шаңырақтан жоғары мәңгіліктің көрінісіндей темірқазық, жетіқаракшы орналасқан

Шаңырақтан он екі түрлі-түсті бау /уық/ түсірілген. Ол баулар түйе шөккен тұғырды айналған шеңберге айнала бекітілген. Міне, осы бауларға мүшел жылдардағы он екі хайуанаттың қуыршақ бейнелері бекітілген.

Тұғырдың төменгі жағына кішірек дөңгелек орнатып, бақанның жерге қараған ұшын соның ұңғысынан өткізіп қоюға болады. Сол дөңгелекшені еппен айналдырып шаңырақты бүкіл он екі хайуанаттарымен шырқ айналдырып тұрса он екі мүшелдік цикл әлемді айналып тұрғандай көрініс береді.

Наурыздың туу мезгілі “Құс қанаты” атты жапалақтап жауған қармен тұспа-тұс келеді. Сол себепті залда жауған қар, сіркіреген жаңбыр көріністері де жасалғаны дұрыс. Мереке басталар тұста Қызыр атамен қатар тартылған сым арқылы әлденеше құс макеті ұшырылып, жылмен бірге келген қаздың қаңқылдаған үні естіледі.

Бұл күні ұлттық тағамның, ұлт киімдерінің, ат әбзелдері-

нің де көрмесін ұйымдастырып, той ән мерекесімен жалғасуға тиіс.

Жас ұрпақты ұлттық рухта тәрбиелеп, еліміздің іргесін берік еткіміз келсе жыл он екі айдың қай мезгілінде де өтетін мереке мейрамдарға ұлттық рең беруді мықтап қолға алған жөн дер едім. Тінті бұл жөнінде Президент жанында арнаулы комиссия жұмыс істесе артықшылығы болмас еді.

МАЗМҮНЫ

Өнерлі өрен өскен өлке

Шортанбай жырау ғұмырнамасы.....	3
Актентек сері.....	11
Қақпан ақын.....	16
Диа қажы.....	19
Тәшен ақын.....	26
Сәрінжіп ақын.....	33
Рахима ақын хақында.....	34
Күмісбек ақын тағдыры.....	36
Түсетай ақын.....	41
Оқа ақын.....	43
Бабас ақын.....	43
Жуасбай ақын.....	44
Төлеубек ақын.....	46
Исабек ақын.....	51
Шойын ақын.....	53
Күлтай ақын.....	54
Халықакыны Маясар.....	55
Хасен ақын.....	61
Қасым Сырымбетұлы.....	66
Тұңғышбек Дәлмағанбетұлы.....	69
Жылкыбай ақын.....	69
Зейнола Игілікұлы.....	72
Жәкен Байтуов.....	73
Ермек Мұстафин.....	77
Ұлжанбекұлы Өрін.....	78
Рымкүл Сүлейменов.....	81
Жүсіп Алтайбаев.....	82
Самат Мұсабеков.....	82
Серғазы ақын.....	82
Өмір Кәріпұлы.....	85
Өнер иесі Зәрубай.....	85
Қоңыр Шәтекұлы.....	86
Софы Сматаев.....	87

Күмбірлеген күй төгілген далама

Тарланның соңғы тұрағы.....	88
-----------------------------	----

Қыздарбек күйші және оның шәкірттері.....	90
Бегімсал күйші.....	97
Айдостың Сембегі.....	98
Әбді күйші.....	99
Әбікен Хасенұлы.....	100
Дәулетбек күйші.....	104
Бес домбыра және көкейтесті сыр.....	107
Бес домбыра.....	113

Елімді ер ұланы қорғай білген

Жасыл тулы - Жарылғап батыр.....	114
Сенкібай батыр.....	121
Жидебай батыр.....	122
Байғазы батыр.....	122
Сазанбай батыр.....	124
Қол бастаған Ағыбай батыр.....	124
Қалмақ қырған.....	131
“Наркескен” тағдыры.....	135
Кенесары жұртында.....	137

Ел тұтқасы әділ би, ел ырысы қайырымды бай

Байсейіт би.....	144
Жақсы Жәкен.....	150
Дүйсенбай би.....	156
Қара би.....	159
Құлжанбек Ақсейіттегі.....	161
Әділ Кәдір.....	162
Адамбай-Тұрсын.....	166
Жәңгір төре.....	166
Ботбай бай.....	168
Ершман бай....4.....	168

Тарих төріндегі аналар

Тарих төріндегі аналар.....	170
“Сұрша қыз” кім еді?.....	172
Тәуміш.....	175
Дәрі-Дария.....	177

Азаматы Алаштың. Дін тірегім: мешіттер, қажылар

Шет өңірінде алаш партиясына мүше болғандар.....	180
Шет өңіріндегі мешіттер.....	180
Шет өңірінен қажылыққа барған ел жақсылары.....	181

Дәрісі дәру, шипасы ем

Шет өңірінде өмір сүрген бақсы-тәуіптер.....	183
Тәуіп.....	184
Жаурын ашу.....	185

Қазақы қалпы

Есбайдың асы.....	188
Әжі Төренің Көпбайдан ат сұратып алуы.....	189

Білімді елдің ертеңі ашық,

Ахмет Абдрахимов.....	191
Айса Токтарбекұлы.....	191
Сәкітай Шынығұлұлы.....	192
Жұматай ұстаз.....	192
Шәукей Жұқанұлы.....	193
Ғалия медресесінде оқығандар туралы тағы бір дерек.....	194
Жеті жылдық мектеп (1933-37жж.) мұғалімдерінің тізімі.....	194
1933-35 жылдардағы жеті жылдық мектеп оқушыларының тізімі.....	195

Зұлмат жылдарында

Зұлмат.....	197
-------------	-----

Газеттің шығу тарихынан

Аудандық газеттің шығу тарихынан.....	212
---------------------------------------	-----

Шежірелі Шет

Шаңырақ көтерген шақта.....	214
30-40 жылдар тауқыметі.....	216
Сақдй келіншектің бір жасар баласы.....	221

Жауырыны жерге тимеген

Әлім шайқы палуан.....	259
Серік Демесінұлы.....	259
Жанасылов Сейсенбай.....	260
Ақымжанов Жәкен...../.....	260

Ит жүгіртпін, күс салған, тұлпарлар тізгіні

Тііеуқабыл Есенбекұлы.....	262
Жеті кдзынаның бірі.....	263
Арканың сырттан тазылары.....	264
Көкшағыр.....	265

Аудан басшылары

Аудан басшылары.....	274
----------------------	-----

Сырлы аспанның сырына қңныға білген ата-оабаң

Жыл он екі ай амалдары.....	275
Қазақтың жыл он екі айы.....	276
“Үт” парсының емес, казакгың “ Үті”.....	280
Қазактың тоғыс айы.....	282
Жұлдызды әлемнің кдзақы ұғымы.....	285
Алты айды болжаған алты күн.....	288
Жұлдыздар қазақы танымнан неге алыс жатыр?.....	291
Водолей - көнек болса, ұш аркар шаян емес.....	293
Жыл он екі айдың қауышуы.....	295
Арғы да, бергі ұлы жұрт!.....	298
Ғаурыз мерекесі ұлттық танымымызға түн болса.....	305

**Редакторы Ж. Шағатай
Техникалық редакторы А. Қасымова
Компьютерде беттеген М. Шаяхметұлы**

**Теруге 10. 07. 2007. берілді. Басуға 15. 09. 2007. қол қойылды.
Пішімі 84х108⁴/32. Көлемі 19.5 баспа табақ. Офсеттік қағаз.
Таралымы 1000 дана. Тапсырыс № 415**

“Ел-шежіре” қоғамдық қорының президенті
Дидахмет Әшімханұлы

Кәмел Жүністегі

Шырағдан

Мақалалар, деректер

**“Ел-шежіре” қоғамдық қоры. 050009. Алматы қаласы,
Абай даңғылы, 143-үй, 609-бөлме**

**ЖШС “Жедел басу баспаханасы”,
050053, Алматы қаласы Красногорская 71**

ISBN 9965-9997-8-3

